

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Р. ӘБСАТТАРОВ,
М. ДӘКЕНОВ
ӘЛЕУМЕТТАНУ
Оқу құралы

*Толықтырылып, жаңартылған
екінші басылымы*

АЛМАТЫ
«ҚАРАСАЙ»
2007

ББК 60.5

Ә 18

Пікір жазғандар:

әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор *А.Г. Биекенов*,

әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор *М. Садырова*

Әбсаттаров Р, Дәкенов М.

Ә18 Әлеуметтану: Оқу құралы. Толықт, 2-бас. Алматы: Қара сай, 2007. 384 б.

I8BK996597889-8

Әлеуметтану жөніндегі бұл оқу құралы осы бағдарлама бойынша студенттерге ана тілінде дәріс беретін алғашқы оқулықтың бірі. Ол білім берудің жаңа мемлекеттік қалыбына, ұсынымына сәйкес жасалды. Оқу құралында әлеуметтану ғылымының қалыптасуы мен өркендеуі, жалпы әлеуметтану теориялары және арнайы теориялардың негізгі бағыттары мен даму ерекшеліктері қарастырылады. Әлеуметтану зерттеулерінің методологиясы, әдістемесі мен техникасы сипатталады. Осылардың негізінде курстан өтетіндерге қоғамдық өмірдің күрделі құбылыстары мен үрдістерін ғылыми тұрғыда пайымдауларына, соған өздерін санапы түрде бағыттау алуларына көмек береді.

Студенттердің жан-жақты меңгеруі үшін оқу құралының материалдары қарапайым және жатық тілмен жазылып отыр. Оқу құрапы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде оқылған лекциялар негізінде жазылды.

Студенттерге, сондай-ақ әлеуметтану мәселелерімен айналысатын қалың оқырманға арналған.

0302000000

00(05)-07

ISBN 9965-9798-9-8

© Әбсаттаров Р, Дәкенов М., 2007

© «Қарасай» баспасы, 2007

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз

Бірінші тақырып. ӘЛЕУМЕТТАНУ - ҒЫЛЫМ

1. Әлеуметтанудың қалыптасуы, оның зерттеу объектісі мен пәні.
2. Әлеуметтану білімінің құрылымы мен деңгейлері.
3. Әлеуметтік ұғымы. Әлеуметтанудың категориялары мен заңдары.
4. Әлеуметтанудың атқаратын қызметтері және оның қоғамдық ғылымдар жүйесінде алатын орны.

Екінші тақырып. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ӘЛЕУМЕТТАНУ ДАМУЫНДАҒЫ КЛАССИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ (XIX ғасыр-XX ғасырдың басы).

1. Огюст Конт - позитивтік әлеуметтануды негіздеуші.
2. Герберт Спенсердің әлеуметтану жөніндегі ілімдері.
3. Маркстік әлеуметтанудың негізгі ілімдері.
4. Э. Дюркгейм мен М.Вебердің әлеуметтану жөніндегі тұжырымдамалары.

Үшінші тақырып. ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӨНІНДЕП ОЙДЫҢ РЕСЕЙДЕ ДАМУЫ (XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасыр).

1. Ресей әлеуметтануындағы негізгі бағыттар мен ағымдар
(XIX ғасырдың екінші жартысы).
2. XX ғасырдағы Ресей әлеуметтануының дамуы.

Төртінші тақырып. ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТАНУ ОЙ-ПІКІРІНІҢ ДАМУЫ (XIX ғасыр-XX ғасырдың бірінші жартысы).

1. Ш. Ш. Уәлихановтың әлеуметтану жөніндегі тұжырымдамалары.
2. Ыбырай Алтынсариннің әлеуметтік көзқарастары.
3. Абайдың әлеуметтанулық ой-пікірлері.
4. А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейхановтың әлеуметтану жөніндегі
көзқарастары.

Бесінші тақырып. XX ҒАСЫРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ.

1. XX ғасырдың бірінші жартысындағы әлеуметтанудағы эмпиризм мен
әлеуметтік теориялар және олардың дамуының негізгі бағыттары.
2. XX ғасырдың 70-жылдарынан 2000 жылға дейінгі кезеңдегі
әлеуметтанымдық теориялар мен негізгі ағымдар.

Алтыншы тақырып. ҚОҒАМ-ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ

1. Қоғамның жүйелілік ұғымдары мен принциптері.
Қоғамды жүйе ретінде қарастыру тұжырымдамалары.
2. Қоғамның типтері, белгілері және даму заңдары.

3. Қоғамдық прогресс өлшемдері және қарама-қайшылықтар.
Қоғамның қызметі.

Жетінші тақырып. ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК СТРАТИФИКАЦИЯСЫ.

1. Әлеуметтік құрылым және стратификация ұғымдары, олардың негізгі элементтері мен формалары.
2. Әлеуметтік мобильдік. Қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымы дамуының мәселелері.

Сегізінші тақырып. ЭТНОС ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.

1. Этнос қауымдастығы ұғымы. Этностың негізгі элементтері және даму кезеңдері.
2. Ұлттық-этникалық қатынастар.
3. Қазіргі жағдайдағы ұлт мәселелері.

Тоғызыншы тақырып. ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.

4. Отбасы әлеуметтануының пәні мен оның функциялары. Несенің мотивтері және ажырасудың себептері.
2. Отбасы құрылымының типтері мен оның жүріс-тұрыс түрлері.

Оныншы тақырып. ТҰЛҒА ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.

1. Адамның биологиялық және әлеуметтік жағдайы. Тұлға - әлеуметтік өмірдің субъектісі мен объектісі.
2. Тұлғаның әлеуметтік мәртебесі мен ролі және ол туралы тұжырымдамалар.
3. Тұлғаның әлеуметтенуі. Тұлғаның әлеуметтік құрылымы және түрлері.

Он бірінші тақырып. САЯСАТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.

1. Саясат әлеуметтануының мәні, заңдары, категориялары. Саясат және саяси қызмет. Саяси қатынастар, мүдделер, процестер мен институттар. Қоғамның саяси жүйесі және саяси сана, олардың негізгі элементтері, функциялары мен формалары.

Он екінші тақырып. МӘДЕНИЕТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.

1. Мәдениет әлеуметтануы ұғымы, құрылымы, мазмұны және функциялары. Мәдениеттің негізгі элементтері мен формалары.

Он үшінші тақырып. ҰЙЫМ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.

1. Ұйымның пайда болуы және оның құрылымы.
2. Ұйымның тыныс-тіршілігі мен типтері.
3. Әлеуметтік басқарудың мазмұны, заңдары мен принциптері.

Он төртінші тақырып. БІЛІМ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

1. Білім әлеуметтануының категориялары, объектісі мен тісі мен пәні.

2. Оқу социомәдени әрекет ретінде.

3. Орта оқу орнының қалыптасуы.

4. Білім жүйесінің құрылымы.

5. Білімнің әлеуметтік мақсаттары мен атқаратын міндеттері.

Он бесінші тақырып. ӘЛЕУМЕТТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ.

1. Әлеуметтік зерттеудің құрылымы, кезеңдері мен элементтері.

Әлеуметтану зерттеулерінің бағдарламасы.

2. Әлеуметтік ақпарат жинақ таудың әдістемесі мен техникасы.

АЛҒЫ СӨЗ

Әлеуметтану - теориялық және практикалық тұрғыдан алғанда аса қызықты да пайдалы ғылым. Ол маңызды әрі күрделі объектіні, яғни адамзат қоғамын, оның құрылымы мен даму заңдарын, адамдар мен қауымдастықтарда және әлеуметтік топтарда қандай әлеуметтік өзгерістердің жүріп жатқанын, әлеуметтік өмірдің әр түрлі бағытта өзгерістерге ұшырауының мазмұнын және нәтижесін түсіндіреді.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғандай, өзінің кәсіби қызметіне орай адамдармен, әлеуметтік топтармен жұмыс істейтіндердің бәрі әлеуметтану білімін қорытындыламай және ұсыныстар енгізбей қоғамдық қатынастарға ықпал жасай алмайды

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында әлеуметтану курсы оқу бағдарламасына енгізілді Білім беру саласындағы реформаға сәйкес, әлеуметтану пәні сапалы әрі білікті мамандар даярлауға, оқудың тиімділігін арттыруға, студент жастарға жан-жақты тәрбие беруге, олардың тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп келеді.

Бұл курс бойынша студенттер әлеуметтану ғылымы классиктерінің теориялары мен қазіргі әлеуметтанушылардың көзқарастарын, қоғамда орын алып отырған құбылыстар мен процестерді, солардан туындайтын заңдарды және олардың әрекет ету деңгейін, т.б. күрделі мәселелерді оқып біледі, өмірде оларды басшылыққа алып, жүзеге асыру жолдарын үйренеді.

Аталмыш міндеттерді іске асыруда оқулықтар мен оқу құралдарының атқаратын рөлі зор. Олар ең алдымен білім берудің көзі саналады. Білім әлеуметтану мазмұнының басты элементі. Сондықтан әлеуметтану жөніндегі оқу құралдары анық та түсінікті үлгіде жазылуы тиіс. Бұл ретте адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибені, ілімдерді, қолданбалы және басқа да үрдістерді мақсат етуіміз керек.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында пайдаланылып жүрген әлеуметтану оқулықтары мен оқу құралдары негізінен Ресей ғалымдарының еңбегі еді және оның санын орыс тілінде жазылған отандық авторлардың оқу құралдары көбейте түсті. Орыс тілінде шыққан әлеуметтану оқу құралдары көп болғанымен, қазақ тілінде басылған мұндай оқулықтар саны өте аз және олардың кейбіреулері мемлекеттік білім беру қалыбына сәйкес келмейді десек, бұл артық айтқандық емес. Ол - объективті себептерге байланысты. Осы оқу құралдарының

3

кейбіреуі Қазақстан Республикасында әлеуметтанудың бір үлгідегі курстық бағдарламасы дайындалғанға дейін басылып шықса, екіншілері қаражат, тағы да басқа тапшылықтарға байланысты баспаханаларда бірнеше жылдар бойы жатып қалып, ескі материалдар негізінде аталмыш бағдарламадан кейін шықты. Оқу құралдарының саны неғұрлым көбейген сайып, студенттердің өз бетінше оларды таңдап оқуына соғұрлым мүмкіндік туады.

Осы себептерге орай бүгінгі талап ана тілімізде әлеуметтану оқу құралын әлі де болса жазуды, оларды жетілдіруді қажет етеді. Біз осы оқу құралы жазуда курстық бағдарлама негізінде құрылған жұмыс бағдарламасының 15 тақырыбын таңдадық және ұзақ жылғы лекция мен семинар сабақтарындағы тәжірибені де басшылыққа алдық, атап айтқанда, студенттердің ұғынуына ауыр тиетін тақырыптарды, т.б. анықтап, олардың түсінікке жеңіл жолдарын қарастырдық. Соның негізінде студенттерге теориялық біліммен қатар қолданбалы құралдардың, тәсілдердің тиімділігін арттыратын, әдет-дағдыларды және іскерлікті қалыптастыратын әдістерді ұсынуды жөн көрдік.

4

БІРІНШІ ТАҚЫРЫП

ӘЛЕУМЕТТАНУ - ҒЫЛЫМ

Кез келген ғылымды оқу курсы ретінде оқып-білу оның зерттеу объектісі мен пәнін, құрылымын, категориялары мен заңдарын, ғылымдар жүйесіндегі және қоғамдық өмірдегі алатын орны мен рөлін анықтаудан басталатыны кездейсоқ нәрсе емес. Ғылымның пәндік мазмұны оқу курсы барынша баяндаудың нәтижесінің негізінде толық анықталатыны белгілі. Сонымен қатар бұл ғылымның өзіне тән мәнін және ерекшелігін курстың алғашқы тақырыбында анықтап, оқып-білу аса маңызды. Мұны жүзеге асырмайынша, оқу курсының әрбір жекелеген тақырыптарын қарастыру тіптен мүмкін емес. Сондықтан оқуды «Әлеуметтану ғылым» деп аталатын тақырыптан бастау қажеттігі туындап отыр. Енді соған тоқталайық.

1. Әлеуметтанудың қалыптасуы, оның зерттеу объектісі мен пәні

Әлеуметтану- қоғам жөніндегі ғылым. Оны өз алдына ғылым етіп, негізін қалған француз ғылымы Огюст Конт (1798- 1857) еді. Бұған дейін қоғамның өмір сүруі мен дамуы жөнінде түрлі ілімдер Шығыс және Батыс ойшылдарының жалпы философиялық көзқарастарының құрамдас бөлігі іспетті қарастырылып келген еді. Қоғамның дамуында ғасырлар бойы өзіндік ерекше, бірегей көзқарастар қалыптасып, ол туралы, әсіресе, саясат, мораль, ғылым, дін, өнер мәселелері көне Үнді, көне Қытай, көне грек философтарының, Еуразияның орта ғасырлық және жаңа заман ойшылдарының еңбектерінде баяндалған болатын.

Әлеуметтану философиядан бөлінгенімен, қоғамның біртұтастығын, оны дамытатын қозғаушы күштерді, тағы басқа да проблемаларды қарастырумен шектеліп қалмайды. Ол қоғам өмірінің барлық жақтарын қарастырады, соның ішінде мемлекет, саясат, құқық, экономика, мораль, өнер, дін және қоғамдық дамудың басқа да жақтарына қатысты проблемаларды шешумен айналысып, кейіннен олардың өздерін жекелеген ғылым салаларына, зерттеу пәніне айналдырады.

Алайда, қоғам дамуына байланысты оның жекелеген салалары жөніндегі білімнің жинақталуына орай, әлеуметтану бір ғана қоғамдық әмбебап теория ретіндегі рөлін біртіндеп жоғалтты. Оның құрамынан саясаттану, құқықтану, саяси экономия, этика, эстетика, т.б. бірнеше ғылымдар жеке бөлініп шықты. Содан, яғни ХІХ ғасырдың ортасынан бастап әлеуметтану дербес ғылым болып дами бастады, бұл жағдай, біріншіден,

5

өзінен бөлініп шыққан білім салаларына қатысты болса, екіншіден, бұған дейінгі әмбебап философиялық жүйелерге де байланысты еді.

Бірте-бірте, уақыт озған сайын қоғам дамуын тұтас әлеуметтік организм ретінде қарастыру, оның объективті және субъективті жақтарының өзара әрекеті, тарихи дамудағы материалдық пен руханилықтың диалектикасы, әлеуметтік прогрестің алғышарттары, азаматтық қоғам, гуманизм, әлеуметтік әділеттілік проблемалары, сайып келгенде, осының бәрі әлеуметтанудың назар аударатын және зерттеу пәнінің іргесін қалайтын бірден-бір жол болды. Соның нәтижесінде ХІХ ғасырда аталмыш мәселелерді шешу жолдарын ұсынған бірнеше жалпы әлеуметтану көзқарасы қалыптасты. Сол көзқарастардан көпшіліктің мойындағаны Георг Вильгельм, Фридрих Гегель, Огюст Конт, Герберт Спенсер, Карл Маркс, кейіннен Эмиль Дюркгейм, Макс Вебер, Габриель Тард, т.б. әлеуметтанушылардың әлеуметтік теориялары болатын.

Осы аталған ойшылдардың әрқайсысы тарихи процесті ғылыми түрде түсіндіруге аса құнды үлес қосты. Олардың қоғам дамуы жөніндегі тұжырымдамалары өмірдің және ғылымның алға қойған сауалдарына бірегей және мазмұны терең жауаптар қайтарды, сондықтан да олардың ілімдері қазіргі әлеуметтік проблемаларды шешуде де өздерінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Әлеуметтану әмбебап философия жүйесінен бөлініп, жеке ғылым болып дамығанына қарамастан, өзінің философиялық мазмұнын әлі де толық

жойған емес. Ол философиялық мәндегі қоғам дамуына талдау жасау және барынша терең зерттеу жүргізуде жалпы әлеуметтануды кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жалпы теориялық әлеуметтану өзінің іргелі ережелерімен және байыпты қорытындыларымен де, философиялық ғылым тұрғысында да көзге түсіп келеді.

Сөйтіп, философиялық алғышарттарға сәйкес жалпы теориялық әлеуметтану қалыптасты. Кейбір философиялық тұжырымдамаларға, жетекші рөл атқарып келген белгілі бір дүниетанымға жалпы теориялық әлеуметтану арқа сүйейді.

Бұл тұжырымдаманың ұстанымымен мына мәселелер: қоғам дамуының қозғаушы күштері проблемалары, әлеуметтік процестерді бағыттау мәселелері, тұлғалардың өзара әрекеті, әлеуметтік топтардың және қоғамның арақатынасы, тарихи дамудағы материалдық және рухани дүниенің өзара әрекеті, яғни қоғам өмірі мен дамуының аса іргелі проблемалары шешіледі. Оларды шешу методологиясы, дәлірек айтсақ, басқа да әлеуметтану проблемаларын жүзеге асыруды қажет етеді, соның ішінде жалпыламалыққа біршама қатысты болғанымен, жеке сипаттағы мәселелерді шеруді қолға алады.

6

Әлеуметтанушының осы саланы зерттеу кезінде басшылыққа алатын дүниетанымы мен методологиясы философия мен әлеуметтанудың әрдайым органикалық байланыста болатынын көрсету. Сонымен қатар, бұл ғылым салалары өз дербестіктерін де сақтап келеді. Әлеуметтанудың дербестігін кезінде француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм атап көрсеткен еді. Ол өзінің «Әлеуметтану әдісі» деген еңбегінде «Әлеуметтану ерекше және жеке-дара ғылым» екенін жазып, оның әлеуметтік фактілерді объективті зерттеуге бағытталғанын түсіндірді. Әлеуметтанудың ғылыми сипаты мен мазмұны жөніндегі осындай байыпты пікірді қазіргі көптеген белгілі әлеуметтанушылар ұстанып отыр, солардың арасында П. Лазарсфельд, Р. Мертон, Т. Парсонс, т.б. бар. Олар әлеуметтануды Философиялық ғылым деп сыңаржақғы пікір білдірген емес. Алайда, олар көптеген әлеуметтік құбылыстарды түсіндіруде философиялық дәлелдемелерге жүгінеді, соның ішінде позитивизм, прагматизм, интуитизм, т.б. солар сияқты ағымдарға сілтеме жасайды. Ол орынды нәрсе. Өйткені қайсыбір қоғамдық құбылысты әлеуметтік терең зерттеу логикасының өзі сол талдау мен сараптаудан туындайтын қорытындыларды философиялық ой елегінен өткізуге әкеліп соқтырады.

Түптеп келгенде, қазіргі әлеуметтану тұтас әлеуметтік жүйе күйіндегі, қоғам жөніндегі, оның жүйешелері (подсистема) мен жекелеген элементтері туралы өз алдына дербес ғылым. Кез келген қоғамдық құбылыс қоғамның әлеуметтік жүйесінің элементі болып саналады. Осы жүйенің шеңберінде бүкіл әлеуметтік құбылыстар мен процестер, олардың өзара бір-бірімен әрекеті ғылыми сараптаудан өтеді

Қоғам жүйесі түзілім ретінде өзінің элементтерімен және сол элементтердің кез келген жиынтығымен салыстырғанда ғана ерекше сапаға

ие болады. Ежелгі ойшылдардың пайымдауынша, тұтастық өзі қамтитын бөліктердің жиынтығынан әлдеқайда үлкен. Оның элементтері интегративтік тиімділікке жетіп, тұтастық жаңа сапаға ие болады. Бұл жаңа сапалар қоғамның жүйесі ретінде белгіленеді.

Қоғам осы сапаларға байланысты өзін қалыптастыратын субъектілерден, әлеуметтік институттардан, қоғамдық өмір салаларынан, т.б. сол сияқтылардан дербестігін сақтап қалады. Ең алдымен қоғамның өмір сүру механизмдерін зерттейтін, түрлі субъектілердің өзара әрекетін зерделейтін, ұйымдар мен әлеуметтік институттарды қарастыратын әлеуметтану ғылымы баяндалған жағдайды ерекше белгілеп, дәлелдейді. Әлеуметтану

Социология / Под ред. В. Н. Лавриненко. М.: Культура и спорт, ЮНИТИ, 1998. С. 8.

2. *Осинов Г. В.* и др. Социология. М.: Наука, 1990. С. 52.

7

сондай-ақ, қоғам дамуының заңдарын да ашады және оларды зерттейді. Осыған орай, әлеуметтануды - әлеуметтік жүйенің өмір сүруі мен дамуының заңдары жөніндегі, сол заңдардың субъектілерінің, яғни әлеуметтік үлкен және кіші топтардың, адамдар қауымдастықтарының, сонымен бірге жекелеген тұлғалардың қызметінен көрініс табатын ғылым ретінде сипаттауға болады. Сайып келгенде, мұның бәрі әлеуметтанудың өзіндік мәнін және ерекшеліктерін сипаттайды, оның зерттеу объектілерін де көрсетіп береді. Әлеуметтану - қоғамдық құбылыстардың беймәлім жақтарын зерделеп, социумда қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды адам факторымен ұштастырып қарастыратын ғылым.

Бірақ қоғамды бұл ғылымнан басқа да бірнеше қоғамдық ғылымдар: тарих, саясаттану, құқық, психология, т.б. өз ағымына сәйкес зерделеп, зерттейді. Бұдан: сонда әлеуметтану қоғамның несібін зерттейді? деген заңды сауалдың тууы ықтимал. Бұған жауап беретін болсақ, оның пәнін, яғни зерттеу тақырыптарын анықтайтын дәлел ретінде әр түрлі ой-пікірлерді ұсынар едік.

Ғалымдардың өз ішінде осы мәселе жөнінде әлі күнге дейін тұрақталған пікір жоқ. Бұл мәселеде әркім өз көзқарасын жөн санайды. Дегенмен, әлеуметтану пәні туралы негізгі ұстанымдарына сәйкес ғалымдарды екі топ пен бағытқа бөліп қарастыруға болады: 1) әлеуметтанудың зерттеу тақырыбын өз зерттеу қорытындыларымен байланыстырған оқымыстылар; 2) әлеуметтану пәнінен осығылымның ең басты ұғымын тауып, сол пәнге айналуы тиіс деп санайтын ғалымдар.

Демек, әлеуметтанудың пәні деп отырғанымыз - қоғам мен адамның беймәлім қырлары, құпия жақтары, яғни олардың арасындағы қатынастар, байланыс механизмі мен құрылымы, әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік институттар, әлеуметтік іс-әрекет пен адамдардың мінез-құлықтары, мүдделері мен мұқтаждықтары, құндылықтары, бұлардың өмірде байқалуы мен өзгеріске ұшырауын қалыптастырған себептер және олардың нәтижелері.

Әлеуметтанудың объектісі мен пәні оның білімдік құрылымы мен деңгейлерін анықтайды.

2. Әлеуметтану білімінің құрылымы мен деңгейлері

Әлеуметтанушы өз назарын қоғамдық өмірдің кез келген құбылыстарына аударады. Бұл - көпжақты әлеуметтік байланыстар мен адамдар арасындағы қатынастарды қамтыған тұтас қоғам болуы мүмкін немесе қоғамдық өмірдің бір ғана саласы, айталық, экономика, әлеуметтік, саяси, рухани жағы болуы да ықтимал. Бұл үлкенді-кішілі әлеуметтік топтар

8

және адамдардың ұлттық қауымдастығы, сонымен қатар таптар, ұлттық, ұлыстық, кәсіби және демографиялық топтар, бұларға қоса жастардың, әйелдердің, аға ұрпақ өкілдерінің топтары, өндірістік және басқа да ұжымдар, саяси партиялар, кәсіподақтар, шығармашылық ұйымдар болуы да мүмкін. Әлеуметтанудың пән ретінде көңіл аударатыны - жеке тұлға, оның қажетті мұқтажы, мүддесі, құнды бағдары, сонлай-ақ: қоғамның бастапқы ұясы ретінде отбасы және тұрақты яки тұрақсыз әлеуметтік-психологиялық байланысы бар кіші топтар, сонымен бірге алға қойған мүддесіне, қызығушылығына қарай құрылған топтар, көршілер, достар, т.б. болуы әбден мүмкін. Көріп отырғанымыздай, әлеуметтанудың ғылым ретіндегі объектісінің шеңбері өте ауқымды, көпқырлы және көпжақты. Бұл жағдай оның білімдік құрылымын анықтауға мейлінше көмектеседі.

Әлеуметтану білімінің құрылымы - қоғамдық құбылыстар мен процестер жөніндегі ақпараттардың және ғылыми түсініктер мен ұғымдардың жәй ғана жиынтығы емес. Бұл - ең алдымен әлеуметтік жүйеде пәрменді міндеттерін атқаратын және дамитын қоғам жөніндегі білімнің белгілі бір тәртіпке келтірілуі. Бұл құрылым - әлеуметтік түрлі деңгейдегі процестер, жеке адамдар, әлеуметтік топтар немесе тұтас қоғам жөніндегі өзара байланысқан түсініктер, ұғымдар, көзқарастар, теориялар жүйесі.

Әлеуметтанулық түсініктер мен ғылыми білім, әсіресе оның құрылымы көп жағдайда бірнеше факторларға байланысты қалыптасады, соның ішінде әлеуметтану зерттейтін объектілер шеңбері, ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың тереңдігі және ауқымдылығы ерекше болады.

Бастапқы алғышарт, негізінен алғанда, объектілерге байланысты қарастырылады, сондықтан зерттеуді қоғамды тұтас бір ауқымда қарастырудан бастау керек. Өйткені адам да, кез келген әлеуметтік топтар да, әлеуметтік ұйымдар мен институттар да, материалдық және рухани мәдениет те, бір сөзбен айтқанда, қоғамдағы дүниенің бәрі оның дамуының жемісі болып табылады және олардың өзіндік әлеуметтік табиғаты әрқилы. Тіптен жеке адамның азық-түлікке деген сұранысы немесе ұрпақ жалғастыру жөніндегі талап, ниеті таза табиғи қажеттілік - мұқтаждыққа жатпайды. Бұл - оның әлеуметтік мазмұны жағынан биоәлеуметтік қажеттілігі. Олардың биологиялық негіздері бар, алайда ол әлеуметтік формада көрінеді және материалдық өндірістің дамуы немесе отбасы деңгейіндегі

әлеуметтік тәсілдермен қанағаттандырылады. Кез келген әлеуметтік құбылысқа қоғамның элементі ретінде және жалпы сол қоғамның өзі арқылы қарау, оны дамушы және өмір сүруші әлеуметтік жүйенің бөлігі ретінде қарастыру - ғылыми әлеуметтанудың аса маңызды әдістерінің бірі.

Осы айтылғандарды саралайтын болсақ, қоғамға тұтас әлеуметтік организм ретінде қарау жөніндегі білім әлеуметтану ілімінің бастауы болып

9

саналады. Бұл — қоғамдық қатынастар жүйесі, олардың мазмұны және өзара байланыс механизмі туралы білім. Табиғатты және қоғамдық қатынастардың мәнін түсіну қоғамда қалыптасқан әлеуметтік субъектілердің өзара әрекетінің мәнін терең пайымдауға мүмкіндік береді. Қоғам туралы білім оның дамуының объективті заңдарын, қоғам өмірінің негізгі салалары жөніндегі түсінікті және олардың өзара әрекетін, материалдық, саяси және рухани мәдениеттің өзара ықпалы жөніндегі білімді өз бойына жинап, сіңірген.

Жекелеген қоғамдық өмір салаларының, соның ішінде экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани салалардың тіршілік етуі мен дамуы жөніндегі түсініктердің өзара байланысы әлеуметтану білімі құрылымының екінші саласы болып саналады. Бұл жерде әлеуметтанушы экономисті, саясаттанушыны, құқықтанушыны немесе этикті, өнертанушыны алмастыра алмайды. Қоғамның белгілі бір өмір салаларында болып жатқан процестерге оның өз көзқарасы болуы тиіс. Ең алдымен ол осы салаларда тұлғаның немесе әлеуметтік топтардың, сонымен қатар жастардың, жұмысшы табының, шаруалардың, интеллигенцияның, қызметкерлердің, кәсіпкерлердің түрлі топтарының өмірлік қызметін және әлеуметтік тұрғыда өзін-өзі танытуының мүмкіндіктерін зерттейді.

Ел ішінде тұрып жатқан халықтың әлеуметтік құрамы мен қоғамның әлеуметтік құрылымы жөніндегі білім де әлеуметтану білімінің маңызды бөлігі болып саналады. Бұл жерде әңгіме таптар, әлеуметтік үлкен және кіші, кәсіби және демографиялық топтар, олардың экономикалық және саяси қатынастар жүйесіндегі орындары мен өзара іс-әрекеттері, сонымен қатар ұлттар, ұлыстар, басқа да этникалық топтар және олардың арасындағы бір-бірімен қатынастары жөнінде болып отыр.

Әлеуметтану білімінің келесі бір құрылымы – ол саясат әлеуметтануына жататын ғылыми түсініктер, көзқарастар, теориялар. Мұнда әлеуметтану саяси қатынастар, әсіресе өкімет билігі төңірегіндегі қатынастар жүйесіндегі қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының нақты жағдайын анықтауға назар аударады. Азаматтық қоғам субъектілерінің саяси-әлеуметтік құқықтары мен еркіндігін жүзеге асыру жолдары мен тәсілдерін таба білуі де әлеуметтану үшін аса маңызды. Сол арқылы олар қоғамда жүріп жатқан саяси процестерге нақты ықпал жасай алады. Осы тұрғыдан қарастырғанда түрлі саяси партиялардың және қозғалыстардың қызметі, қоғамның бүкіл саяси жүйесінің өмір сүруі қарастырылады.

Қоғамдағы әлеуметтік институттардың, атап айтқанда, мемлекеттің, құқықтың, шіркеудің, ғылымның, мәдениеттің, неке мен отбасының,

т.б. атқаратын қызметі жөніндегі әлеуметтанушының ғылыми түсінігін және қорытындыларын жүйелеу әлеуметтану білімінің келесі құрылымы болып

10
есептеледі. «Әлеуметтануда әлеуметтік институт дегеніміз бұл белгілі бір уақыт кезеңінде тұрақтылықты сақтайтын және бүкіл әлеуметтік жүйе тұрақтылығын қамтамасыз ететін адамдар қызметінің торабы. Әрбір ерекше «торап» қоғамның өмір сүруінде маңызды рөл атқарады» Әрине, аталмыш институттардың әрқайсысының пайда болуы мен өмір сүруінің объективті алғышарттары бар. Олардың арасында өздеріне сәйкес іштей ұйымдасу қалыптасқан және қоғамдық өмірде өз орнын сақтаған, соған орай ерекше функциялар атқарады. Өзара әрекет ету арқылы байланыса отырып, олар қоғамның алға басуын, өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Әлеуметтанудың зерттеу объектілеріне орай, әлеуметтану білімі құрылымының тағы да бірнеше салаларын атап өткен жөн. Мысалы, өндіріс ұжымының, формалды емес топтар мен ұйымдардың, сонымен қатар жеке тұлғааралық қатынастардың кіші топтары мен жекелеген тұлғалардың тіршілік әрекетіне байланысты ғылыми түсініктер, көзқарастар, теориялар қалыптасқан.

Жоғарыда келтірілген әр түрлі әлеуметтік құбылыстар мен процестер төңірегіндегі барлық ғылыми түсініктер, ұғымдар, көзқарастар мен теориялар өзара байланысып, тұтас және күрделі әлеуметтану білімінің құрылымын қалыптастырады. Ол қоғамдық өмірдің бүкіл жақтарын, оның салаларының өзара байланысын және өзара әрекетін қамтып көрсетеді, түптеп келгенде, қоғамды тұтас әлеуметтік жүйе ретінде ғылыми тұрғыда бейнелейді. Осының бәрі ғылым және оқу курсы ретінде әлеуметтанудың құрылымын құрайды.

Әлеуметтану білімінің құрылымында әлеуметтанулық теориялар мен көзқарастар ашып көрсететін қоғамдық құбылыстардың ауқымына орай жекелеген деңгейлерді ажыратып айтуға болады.

Әлеуметтанулық білімнің деңгейлері мыналар:

- жалпы әлеуметтанулық теориялар, немесе жалпы теориялық әлеуметтану;

- арнайы әлеуметтанулық теориялар, бұларды кейде жеке теориялар деп те сипаттайды;

- нақты әлеуметтанулық зерттеулер.

Әлеуметтану білімінің осы үш деңгейінің өзгешеліктері қоғамдық құбылыстардағы әлеуметтанулық талдаудың терендігін және бұдан шығатын қорытындылардың маңыздылығын байқатады.

Жалпы әлеуметтанулық теориялар макроәлеуметтанулық зерттеу ретінде, әдетте, тым терендетілген немесе әлеуметтанушылар айтқандай, қоғамның және жалпы тарихи процесс дамуының мәңгілік кезеңін қарас-

1. Левада Ю, Л. Лекции по социологии. М.: Изд. АН СССР, 1969. С. 47.

11

тырады. Жалпы әлеуметтанулық теориялар деңгейінде кез келген әлеу-

меттік құбылыстардың пайда болуы мен одан әрі жалғасуының аса түбегейлі себептері, қоғам дамуының қозғаушы күштері, т.б. жөнінде ғылыми тұжырымдар жасалады. Жалпытеориялық деңгейде адамдардың қоғамдық, соның ішінде өндірістік қызметінің теориясы қалыптасады, қоғам дамуындағы еңбектің рөлі ерекшеленеді.

Қоғамдық қатынастар теориясы - әлеуметтік субъектілердің экономикалық, саяси, құқықтық, адамгершілік, эстетикалық, діни, т.б. арақатынастарының табиғатын және мазмұнын ашатын жалпытеориялық әлеуметтанудың маңызды тарауы болып табылады.

Жалпы теориялық деңгейдегі әлеуметтанулық сараптауда қоғамдық қатынастардың мәні, олардың ерекше рөлі және өзара әрекет ету механизмі анықталады, сонымен қатар қоғамдық қатынастар өз субъектілеріне байланысты (әлеуметтік-таптық және ұлттық қатынастар, қоғам мен тұлға арасындағы қатынастар, т.б.) сипатталады. Жоғарыда аталған барлық қатынастардың жиынтығы белгілі бір қоғамды қалыптастырады. Қоғам бұл қатынастардың жүйесі ретінде алға шығады. Ал оларды толығырақ қамтып, оған терең ғылыми талдау жасау жалпы әлеуметтану теориялары деңгейінде ғана мүмкін болатын нәрсе.

Осы деңгейде қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани және тағы басқа да салаларының өзара әрекеті зерттеледі, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі (мысалы, қазіргі ғылыми - техникалық революцияның қоғамның әлеуметтік құрылымына, ғылым мен мәдениет салаларына ықпалы) ашылады. Қоғамдық өмір салаларының, экономика мен саясаттың, саясат пен құқықтың, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің, т.б. өзара әрекеті сарапталады.

Жалпы әлеуметтану теориялары деңгейінде әрбір әлеуметтік құбылыс, оның қоғамдағы орны және рөлі, оның басқа да құбылыстармен көпжақты байланыстары тұтастай көзқарастар, кең көлемді әлеуметтік алғышарттардың өзара әрекет ету жүйесі тұрғысында қарастырылады. Бұған жоғарыда келтірілген қоғамдық қатынастар мен қоғамдық өмір салалары, сонымен қатар қоғам дамуының объективті заңдары жатады. Жалпы теориялық әлеуметтану, жалпыәлеуметтану теориялары жүйесіндегі қоғамдық құбылыстар мен процестерді зерттеудің мәні мен негізгі ерекшелігі, міне, осында.

Арнайы немесе жеке әлеуметтанулық қағидалар - социум өмірінің жеке бағыттарын, жеке әлеуметтік топтар мен институттарды қарастырады. Бұл теорияның танымдық мөлшері, көлемі жалпыәлеуметтанулық теорияларға қарағанда қысқа, әдетте қоғамның жүйешелірімен ғана шектелген. Осы ретте, қоғамдық өмірдің экономикалық және әлеуметтік

12

салаларын мысалға алуға болады. Мұндай жағдайда әлеуметтік-экономикалық қатынастар, адамдардың өндірістік қызметі, әсіресе оның әлеуметтік аспектілері, сонымен қатар халықтың әр түрлі категорияларының еңбек жағдайы мен әлеуметтік қорғанысының проблемалары, халыққа білім беру, денсаулық сақтау, тұрмыс пен адамдардың демалысы, әлеу-

меттік қамсыздандыру, т.б. мәселелері зерттеледі.

Зерттеудің мақсаттары- статистикалық материалдардың, әлеуметтану зерттеулерінің мәліметтерін және басқа да ақпараттарды пайдалану негізінде аталмыш қоғамдық өмір салаларына немесе олардың жекелеген жақтарына қатысты толық түсінік алу, сонымен қатар орын алып отырған проблемаларды тиімді шешуге, әлеуметтік-экономикалық процестерді ұтымды басқаруды жақсартуға байланысты ғылыми дәлелденген қорытындылар жасау. Дәл сондай мақсаттар әлеуметтанулық зерттеулердің объектілері ретінде, қоғамдық өмірдің саяси және рухани салалары қарастырылғанда да басшылыққа алынады. Әлбетте, әрбір осындай жағдайда қоғамдық өмірдің кейбір салаларында болып жататын процестердің ерекшеліктеріне байланысты әр алуан мақсаттар алға қойылады.

Арнайы әлеуметтанулық теорияларды қолдану барысында көбіне-көп жалпы әлеуметтанулық теорияларға да жүгініп отыру қажет. Сол арқылы қоғамның тұтастығы мен кең ауқым тұрғысында белгілі бір әлеуметтік құбылыстарды немесе оқиғаларды пайымдауға болады, Алайда, осы тұрғыдан келгеннің өзінде де зерттеуші сол оқиға болып жатқан қоғамның өмір сүру қалпына, ең алдымен, осы саланың, яғни қалыптасқан дәстүрдің механизміне, ондағы жүріп жатқан процестерді талдауға, сонымен қатар осында қалыптасқан ерекше әлеуметтік проблемаларды шешуге назар аударады; Өзінің табиғатына сәйкес арнайы әлеуметтанулық теориялар, теориялық және эмпирикалық (яғни ағымдағы практикалық мәліметтерге талдау жасауға бағытталған) зерттеу деңгейлері органикалық үйлесімде қолданылады. Бұл теориялар адамдар өмірінің қайсыбір жақтарына, өндірістік, саяси, басқа да қызметіне, олардың қоғамдық, отбасылық және жеке басының тұрмысына тікелей практикалық ықпал ету тәсілдеріне негізделеді. Сонымен қатар, олар әр түрлі әлеуметтік институттардың қызметін жақсарту жолдарың да дәлелдеп көрсетеді. Басқаша айтар болсақ, арнайы әлеуметтанулық теориялар бүгінгі күннің және жақын болашақтың практикалық проблемаларын шешуге бағытталған.

Арнайы әлеуметтанулық теориялардың кейбір негізгі өлшемдері арқылы олардың қолданылу аясын да санамалап шығаруға болады. Біріншіден, бұл - бастапқы теориялық және методологиялық ережелер, солардың негізінде теориялар құрылады және олар жүргізілетін зерттеулер мен оның қорытындыларын шығарудың негізін құрайды; екіншіден, ұғымдар

13

жүйесі оны арнайы әлеуметтанулық теориялар қолданады; үшіншіден, теориялық қорытындылар жасау; төртіншіден, шеңбері кең проблемаларға, сонымен қатар түрлі әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани процестерді басқарудың тиімділігін арттыруға қатысты зерттеулерден және пайымдаулардан туындайтын арнайы әлеуметтанулық теориялар деңгейінде ғылыми және практикалық ұсыныстар. Бұл теориялар практика тұрғысында органикалық байланыста болатындығымен ерекшеленеді.

Арнайы әлеуметтану теорияларының негізгі мазмұнын құрастыратын

білім салаларының арасынан мыналарды атап көрсетуге болады: еңбек әлеуметтануы, әлеуметтік-таптық қатынастар, жастар әлеуметтануы және отбасы әлеуметтануы, этнос әлеуметтануы немесе ұлт қатынастары әлеуметтануы, қала және село әлеуметтануы, саяси қатынастар әлеуметтануы, дін әлеуметтануы, мәдениет әлеуметтануы, тұлға әлеуметтануы. Осының ішінен әлеуметтанулық бір-бірінен мазмұнына қарай өзгешеленеді, сондай-ақ әрекет етуші субъектілеріне қарай да таптар, ұлттар; жастар топтары, қала мен село тұрғындары, саяси партиялар мен қозғалыстар, т.б. бүкіл қоғамдық қатынастардың әлеуметтанулық салалары болып танылады.

Арнайы әлеуметтанулық теориялардың дамуы негізінде зерттеушілер қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларына, адамдардың қызметіне және әлеуметтік институттардың тіршілік етуіне қажетті тақырыптық сараптау жаसाуға мүмкіндік алады. Сөйтіп, осының нәтижесінде теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары мәліметтер жинастырады.

Әлеуметтану білімінің келесі деңгейіне нақты әлеуметтанулық зерттеулерді жатқызуға болады. Олар - анкеталық сауалнама, сұхбатнама (интервью), арқылау, т.б. түрлерінде іске асырылады. Зерттеулер әлеуметтік ақиқаттың жан-жақты салалары жөніндегі шынайы мәліметтер алу мақсатында әлеуметтану, экономика, құқық, т.б. ғылымдар шеңберінде, сонымен қатар қоғамдық өмірдегі белгілі бір оқиғаларға халықтың көзқарасы туралы мағлұмат алу үшін (сонымен бірге жекелеген әлеуметтік топтар), қоғамдық пікірді білу мақсатында, адамдардың қайсыбір әлеуметтік проблемаларға, оларды шешудің тәсілдеріне және т.б. қатысты пікірлерін анықтау үшін жүргізіледі. Мұндай зерттеулерден алынған мәліметтер қоғамның және мемлекет өмірінің, әр түрлі әлеуметтік топтардың, еңбек және басқа да ұжымдардың, саяси партиялар мен қозғалыстардың қызметтерінің ағымдағы және болашақтағы міндеттерін шешуге ұсыныстар дайындау үшін негіз бола алады. Олар арнайы және жалпы әлеуметтанулық теориялар деңгейінде пайымдаудан өтіп, қоғам дамуының аса мәнді, өзекті проблемаларын шешу үшін қолданылады.

14

Қоғамдық өмірдің кез келген саласы жөнінде нақтылы, шынайы ақпарат берілген тұжырымды әлеуметтанулық зерттеулер өмірде орын алған карама-қайшылықтарды анықтауға, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік құбылыстар мен ағымдық үрдістердің даму бағыттары мен барыстарын айқындауға көмектеседі. Бұлардың екеуі де әлеуметтік проблемаларды, қоғамдық процестерді басқару мәселелерін ғылыми тұрғыда түсініп, шешу үшін өте маңызды.

Нақты әлеуметтанулық зерттеудегі ең маңызды нәрсе - ол қоғамда, оның бір саласында не болып жатқаны және оларды адамдар қалай қабылдап отырғаны жөнінде айқын ақпарат алу.

Нақты әлеуметтанулық зерттеулер эмпирикалық әлеуметтанудың маңызды саласы болып табылады. Бұл бағыт адамдардың күнделікті практикалық қызметін, оның объективті және субъективті жақтарын зерттеу-

ге бағыпталған.

Бұл бағыт әлеуметтік шындықты зерттеумен айналысады және оларды пайымдау жөнінде фактілер мен мартериалдар жинаудың, бақылау мен тәжірибе жасаудың, басқа да мәліметтер алудың тәсілдерін қамтиды. Осының бәрі шындықты танудың эмпирикалық мәні болып саналады.

Қазіргі кезде білім мен мәдениет ықпалының артуы, ғылым мен техникалық таным құралдарының дамуы адамдардың әлеуметтік ақиқаттың сан алуан салаларына орай тәжірибелік, эмпирикалық білімін тұрақты түрде жетілдіруде. Теориялық ой қорытуға орай эмпирикалық білімнің теориялық компоненттері тығыз байланысып, көбеюде және күшеюде.

Қоғамдық өмір құбылыстарын эмпирикалық тану ерекше ғылымды - эмпирикалық әлеуметтануды қалыптастырды. Ғылымның бұл саласы АҚШ пен Еуропа елдерінде қарқынды дамып келеді.

Жоғары сипатталған әлеуметтану білімінің деңгейлері – жалпы-әлеуметтанулық, арнайы әлеуметтанулық теориялар және нақты әлеуметтанулық зерттеулер бір-бірінен алыстаған емес, олар өзара органикалық түрде әрекет етеді, сөйтіп бірдей және тұтастай әлеуметтану білімінің құрылымын құрайды. Бірақ бұл құрылымда олардың рөлі бірдей емес. Нақты әлеуметтанулық зерттеу барысында қазіргі өмірдің ағымдағы процестері жөніндегі әр түрлі ақпараттар алынғанымен, олар кейін арнайы және жалпыәлеуметтанулық теориялар деңгейінде пайымдалады. Бұл қоғамдық өмірдің жекелеген салаларында және тұтас қоғамда болатын процестерді ғылыми негізде ой елегінен өткізіп, мойындауға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, жалпыәлеуметтанулық теориялар арнайы әлеуметтанулық теория мен нақты әлеуметтанулық зерттеулер деңгейінде проблемаларды шешу үшін де қолданылады.

Әлеуметтанудың қалыптасуында теориялармен қатар категориялар мен заңдар маңызды рөл атқарады.

15

3. Әлеуметтік ұғымы.

Әлеуметтанудың категориялары мен заңдары

Әр ғылымның өзіне тән категориялары мен заңдары бар. Әлеуметтану ғылымының категориялары әлеуметтану білімінің пәндік ерекшеліктерін нақты түсіну үшін бастапқы ұғым болып саналса, ал әлеуметтік заңдылықтар оның мәнін ашатын қажетті ұғым болып табылады.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің ғылыми еңбектерінде қоғамға, ондағы процестер мен қатынастарға ғылыми талдау жасалғанда екі ұғым қолданылған. Оның бірі — қоғамдық, екіншісі - әлеуметтік ұғымдары.

К. Маркс пен Ф. Энгельс жалпы қоғам туралы мәселе қозғағанда және қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси, идеологиялық салаларының өзара байланысы жөнінде айтқанда «қоғамдық», «қоғамдық қатынастар» ұғымдарын қолданды, ал адамның адамға, адамдардың бір-біріне қарым-қатынастарының табиғаты туралы, орлардың тіршілік әрекетінің алғышарттары жөнінде, социумда адамдардың алатын орны мен атқаратын міндеттері туралы, жалпы қоғамдағы қарым-қатынастар жөнінде қарастырғанда

К. Маркс пен Ф. Энгельс «әлеуметтік» ұғымын пайдаланды және соған сәйкес «әлеуметтік қатынастар» туралы әңгіме де көтерді.

К.Маркс пен Ф. Энгельс шығармаларында кеңде «әлеуметтік» ұғымы «азаматтық» ұғымымен бір мағынада қолданылған. «Азаматтық» ұғымы адамдардың нақты әлеуметтік қауымдастық, атап айтқанда, отбасы, тап, т.б. шеңберіндегі және жалпы қоғаммен өзара әрекет етуімен байланыстырылды,

Қоғам туралы теорияны жасай отырып, К. Маркс пен Ф. Энгельс қоғамның тіршілік әрекеттерінің, қоғамдық қатынастардың бүкіл жақтарының өзара әрекеттеріне баса көңіл аударды, ал кейбір маркстіл ғалымдар «қоғамдық» және «әлеуметтік» ұғымдарың бір мағынада қолданатын болды, ғылыми айналымнан «азаматтық қоғам» ұғымы бірте-бірте шығып қалды.

Тәжірибелік әлеуметтану біршама дамыған Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-та жағдай басқаша қалыптасты. Осыған орай француз және ағылшын тілдерінде «әлеуметтік» ұғымы «қоғам» ұғымынан бөлініп алынып, дәстүрлі тар мағынада, яғни тәжірибелік түсінігінде қолданыады. Бұның өзі жалпы қоғамға қатысты құбылыстар мен процестерді белгілеуде қиындықтар туғызды. Сондықтан әлеуметтану дамуының белгілі бір сатысында «социентальды» ұғымы енгізілді, бұл ұғым жалпы қоғамды және экономикалық, әлеуметтік-саяси және т.б. тұратын бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесін сипаттау үшін қолданылды.

Отандық ғылымда «қоғамдық» және «әлеуметтік» ұғымдарының арасында нақты шектеудің болмауы - қалыптасқан кейбір тілдік дәстүрмен байланысты «әлеуметтік» ұғымы «қоғамдық» ұғымының синонимі ретінде 16

қарастырылды. Әлеуметтанудың бірте-бірте дамуымен байланысты «әлеуметтік» ұғымы өз алдына жеке маңыздылыққа ие болды.

Әлеуметтік - бұл нақты уақыт пен белгілі орында жеке адамдардың немесе жеке адамдар топтарының бірлесе еткен қызметінің процесі барысында ықпалдасқан сол қоғамның қоғамдық қатынастарының жиынтығы. Кез келген қоғамдық қатынастар (экономикалық, саяси, т.б.) жүйесі адамдардың бір-біріне және қоғамға қатынастарына қатысты болды. Сондықтан бұл жүйелердің әрқайсысының өзіндік нақты әлеуметтік аспектісі бар.

Әлеуметтік - бұл индивидтердің қарым-қатынасы мен өзара әрекетінен көрінетін әр түрлі жеке адамдардың біріккен қызметінің нәтижесі.

Әлеуметтік - бұл адамдардың өзара әрекетінің барысында пайда болады, нақты, қоғамдық құрылымда олардың алатын орны мен рөлін анықтайды. Бұл өз кезегінде, жеке адамдар мен жеке адамдар топтарының қоғамдық өмір құбылыстары мен процестеріндегі әр түрлі қатынастарынан көрінеді.

«Әлеуметтік қауымдастық» — әлеуметтанудың негізгі категорияларының бірі. Әлеуметтік қауымдастық -бұл, индивидтер мен кез келген адам топтарының жәй ғана қосындысы емес, керісінше, ол тұрақты және тұтас әлеуметтік түзілім, оның субъектілері ортақ мүддемен біріккен және өзара бір-бірімен араласа әрекет етеді.

Осындай өзара әрекеттің нәтижесінде әлеуметтік қатынастар қалыптасады, қоғамда әлеуметтік сала ерекшеленіп, әрбір адам өзінің әлеуметтік сапасын өз бойына сіңіреді. Әлеуметтік қауымдастық әдетте түрлі әлеуметтік қауымдастыққа кіретін және соның ішінде әр түрлі әлеуметтік рөл атқаратын жеке адамның әлеуметтік болмысының (тұрмысының) сан алуан түрлері мен формаларын қамтиды. Сол тұлға мен қоғамның өзара байланысы мен әрекетін жанама түрде көрсетіп береді. Әлеуметтанудың мәні мен ерекшелігін түсіну үшін әлеуметтік қауымдастық категориясы өте маңызды құбылыстар мен процестердің субъективтік қызмет жағын ерекшелеп, бөліп көрсетеді.

Өзінің түрі жағынан әлеуметтік қауымдастықтар соның кеңістік-мезгілдік көлемдегі түрі (мысалы, адамдардың әлемдік қауымдастығы және олардың мемлекеттік қауымдастығы әр түрлі көлемдегі қоныстық қауымдастықтар: социодемографиялық қауымдастықтар) және олардың мүдделерінің мазмұнымен бірігетін түрі (мысалы, әлеуметтік-таптық, әлеуметтік-кәсіби, ұлттық, т.б. қауымдастықтар) болып бөлінеді.

Әлеуметтанудың мазмұны жағынан терең, әрі кең мынадай категориялары бар: жүйе, әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институт, әлеуметтік ұйым, әлеуметтік топ, әлеуметтік әрекет, әлеуметтік

17

мінез-құлық, т.б. Бұлардың әрқайсысы, өз кезегінде өте маңызды, алайда жалпыламалығы төмен категорияларды да осы айтылғандардан бөліп шығарады. Айталық, әлеуметтік топ категориясы мынадай жеке ұғымдарды: тап, әлеуметтік топ, халық, ұлт, отбасы, т.б., ал әлеуметтік әрекет категориясы - әлеуметтік мүдде, әлеуметтік мақсат, әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық және т.б. ұғымдарды қамтиды. Әлеуметтанудың маңызды категорияларының қатарына әлеуметтік теңдік (немесе теңсіздік), әлеуметтік әділеттілік, әлеуметтік еркіндік, тағы басқа да ұғымдарды жатқызуға болады. Сөйтіп, әлеуметтанудың категориялары осы ғылым объектісінің мәнді жақтарын, белгілерін, қасиеттерін көрсетеді.

Әлеуметтануда өз категорияларымен қатар басқа ғылымдардан енген категориялар да қолданылады. Мысалы, философиядан әлеуметтануға «қоғам, адам, құқық, индивид, прогресс, даму», т.б. категориялар ауысты, ал театр өнерінен - «рөл», заң ғылымынан - «статус» ұғымдары енген. Бұндай ұғымдарды әлеуметтану аясында қолдану ол ұғымдарды жаңа мазмұнмен байыта түседі.

Егер әлеуметтану категориялары объектінің мәнді жақтарын, белгілерін, қасиеттерін анықтайтын болса, әлеуметтанудың заңдары солардан туындайтын тұрақты қарым-қатынастар мен байланыстарды ашып көрсетеді.

Әлеуметтік заңдар адам қызметінің барлық саласын қамтиды және таралу аясына сәйкес өзіндік өзгешеліктері де болады. Айталық, шағын топқа, белгілі әлеуметтік жікке немесе тапқа, жалпы қоғамға әрекет ететін заңдар бар. Басқаша айтсақ, заңдар жалпы қоғам немесе оның бөлімдері арасында қолданылып, осыларды қамтиды.

Барлық ғылыми заңдар сияқты әлеуметтік заңдардың мынандай негізгі белгілері бар: 1. Белгілі бір жағдай болғанда, яғни сол уақытта ғана әрекет ететін заң; 2. Осы жағдайларға орай әрдайым әрекет ететін заң; 3. Толығымен емес, жартылай және шамамен жүзеге асатын жағдайда әрекет ететін заң. Бұл белгілердің зерттеушілер үшін маңызы өте зор. Заңның әрекетіне талдау жасағанда және оның мазмұнын тұжырымдағанда зерттеуші сол әрекетті іске асыратын шарттарды мүмкіндігінше ескеруі керек. Сондықтан «индивидтер әр кезде әлеуметтік топтар құруға тырысады» деген тұрғыдағы тұжырымдар әлеуметтік заң болып саналмайды, өйткені онда заңның әрекет ететін шарты айтылмаған. Керісінше, «ұйымдағы істер, конструктивтік әлеуметтік шиеленіс, егер де оған сыртқы факторлар әсер етпесе және ұйым ішінде ресурстарды қайта бөлу жүргізілмесе», оның пайда болу себептерін жойғаннан соң кез келген

Фролов С. С. Основы социологии. М.: Юрист, 1997. С. 28.

18

уақытта шешіледі, деген үлгідегі әлеуметтік заңның әрекеті баяндалған, өйткені оның шарты нақты ескертілген. Әрине, ұйым сыртқы факторлардың ықпалынан біржола айырыла алмауы мүмкін және материалдық ресурстардың, ақпараттың ұйымның ішінде ірге теуіп, қозғалысқа түсуін тоқтатуға да қол жеткізу оңайға соқпас. Алайда, қайсыбір ұйымдарда заңның әрекет ету жағдайының мүлде тоқтатылуы кездеседі. Егер ұйымдағы шиеленіскен жағдай өзін тудырған себептерді жойғаннан кейін де шешілмесе, онда бұл заңның шартын тұжырымдаудағы ескертудің орындалмағанын білдіреді. Тағы бір мысал келтірейік. Егер бір мекемеде, адамға екінші мекемеге қарағанда сондай көлемдегі жұмысына артық жалақы төлесе, онда ол адам соның біріншісіне жұмысқа тұрады, тек жалақы айырмашылығы болмаса, оған бұл мекемедегі жұмыс ештеңесімен өзгешеленбейді. Мұнда әлеуметтік заң келесі бір түрде байқалып тұр. Кейде қызметкер жалақыны аз төлейтін мекемені тандауы мүмкін, оның себебі мекеме үйіне жақын орналасқан немесе еңбек жағдайы жақсы болуы ықтимал. Бұл жағдайда заң әрекетінің шарты орындалмай отыр. Жалақыдан басқа, абсолютті жұмыс жағдайы бірдей мекеме болуы мүмкін емес, бірақ оларды бір-біріне жақындатуға әбден болады.

Әлеуметтік заңдар мен адамдар арасында тұрақты түрде байланыс орнатылады және ол талаптарға не бағынады, немесе олардан қашқаттайды, болмаса өзінің мінез-құлқын әлеуметтік заңдарға бейімдейді, немесе оларға қарсылық көрсетеді. Әлеуметтанушы әлеуметтік заңды ашқанымен, әлі ешкім білмейтін құбылыстардың, белгісіздіктердің бет пердесін аша алған жоқ. Керісінше, адамдар әлеуметтік заңдардан өздерінің күнделікті өмірдегі белгілерін көреді, әрқашан сол заңдардың көріністерін өз тәжірибелерімен салыстырып отырады.

Әлеуметтік заңдарды іздеп табу және зерттеу өте қиын. Бұл көптеген жағдайлардың болуымен, олардың күрделілігімен, бір-біріне жақындығымен, ұштасып жатуымен байланысты. Сондықтан да әлеуметтік топтарда адамдардың мінез-құлқы қайталанатын, ал өз кезегінде бұл деталь-

дардың көп болуына орай әлеуметтік заңдардың әрекетін жеке-дара бөліп алу өте қиын.

Әлеуметтік заңдарды зерттегенде есте ұстайтын ерекше жағдайлар бар. Олар бұл жұмысты мейлінше жеңілдетеді. Әлеуметтік заңдар адамдардың бір-біріне қатысты мінез-құлқын, жүріс-тұрысын зерттеп реттейтін, адам санасына тәуелсіз өмір сүретін объективті ережелер жиынтығы болып табылады және олардың негізін тарихи қалыптасқан мотивтер, мүдделер мен адамдардың тіршілік жағдайын қанағаттандыруға ұмтылыстары, қауіпсіздіктері, өзін-өзі көрсетулері және т.б. қалыптастырады. Сондықтан, әлеуметтік заңдарды зерттегенде ең алдымен әлеуметтік топтың,

19

жіктің, таптың немесе бүкіл қоғамды құрастыратын индивидтердің қажеттіліктерін (мұқтажын) анықтау керек және осы мұқтаждықтарды негізге ала отырып, индивидтердің мінез-құлқындағы қайталанатын әрекеттерді іздестіру қажет, осындай қайталанатын көріністерді тудыратын жағдайларды анықтау және қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік процестерді табысты басқару үшін қажетті білімділік, әлеуметтік заңдар тұжырымдалуы тиіс.

Әлеуметтік заңдардың қоғамдық құбылыстарды зерттеудегі, әлеуметтік процестерді басқарудағы маңызы өте зор. Әлеуметтік заңдардың қалыптасып, орнығуы мен әрекет етуі әлеуметтануда ғылыми тәсілдерді қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қоғамның өмір сүру процесі барысында орныққан әлеуметтік байланыстар белгілі бір заңдар мен заңдылықтардың негізінде пайда болып, әрекет етеді. Өз кезегінде бұл заңдар әлеуметтік құбылыстар мен процестердің ерекшелікті жақтарын да айқындап отырады. Әлеуметтануда әлеуметтік заңдарды анықтауда бірлестік қатынастар маңызды рөл атқарады. Жалпы бірлестік қатынастарға әлеуметтік топтар, қоғам мен ұйымдардың, т.б. арасында қалыптасқан қатынастар жатады.

Әлеуметтік заңдар оқиғаның барысында адамның ырқынан тыс қалыптасып, адам өміріне ықпал етеді. Бірақ адам сол әлеуметтік заңдарды басшылыққа алып, өзіне қажетті жағдайды жасай алады. Өйткені адам рухани және материалдық құндылықтарды өндіруге, өндірілген игіліктерді тұтыну мен бөлу, т.б. үрдістерге қатысады. Бұлар адамдардың қоғамдық бірлікте өмір сүруінде маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік заңдар адамдарды және олардың мінез-құлқын реттеп отырады, тұлғалардың арасындағы қатынастарды, олардың қауымдастықтарындағы қатынастарды анықтайды және адамдардың қызметі мен бірлестіктерінің көрініс табады. Әлеуметтік заңдардың қатарына, мысалы, әлеуметтік дифференциацияны және интеграцияны, әлеуметтік мобильділікті, қоғамдық өмірдің интернационализациялануын, индивидтің әлеуметтендірілуін (социализация), қоғам урбанизациясын, т.б. жатқызуға болады.

Әлеуметтанудың заңдарын классификациялау түрлі негіздерге сүйеніп жасалады. Заңдардың жалпылық (ортақтық) дәрежесіне сәйкес олар жалпы заңдар және ерекше заңдар болып бөлінеді. Жалпы заңдар қоғамның, социумның, тұтас әлеуметтік жүйенің дамуын анықтайды. Ал, ерекше

зандар- әлеуметтік жүйенің жеке элементтеріне, қоғамның бөлімдеріне тән.

Өзінің сипаты, көрініс табу тәсілі жағынан әлеуметтану заңдары динамикалық және статистикалық болып та бөлінеді. Динамикалық заңдар нақты жағдайдағы оқиғалардың желісі арасындағы қатаң да бір мағыналы байланысты көрсетеді. Ал, статистикалық заңдар әлеуметтік құбылыстарды қатаң белгілеп, анықтайды, әрі ықтимал дәрежеде де белгілейді;

20
бұлар әлеуметтік тұтастық шеңберінде болған әлеуметтік өзгерістердің негізгі бағыттары мен тенденцияларын көрсетеді.

Әлеуметтік заңдарды бүгінде бірнеше топтарға бөлеміз, атап айтсақ, біріншіден, инвариантты өмір сүретін әлеуметтік немесе сонымен байланысқан құбылыстарды байқататын заңдар. Бұл заңдар бойынша, егер де А деген құбылыс болатын болса, онда Б деген де құбылыс болуы тиіс. Екіншіден, даму тенденциясын көрсететін заңдар. Аталмыш заңдар әлеуметтік нысан құрылымының динамикасына себепші болатын өзара қарым-қатынастың бір түрінен келесісіне өту заңдары болып табылады. Қайсыбір әлеуметтік жүйе құрылымындағы элементтер мен тәсілдердің реттелген байланыстарының кеңістікте өзгеруі бұған дейінгі қалыпты жағдаймен анықталады. Құрылымның бұрынғы қалпының келесісіне осылай ықпал етуі даму заңының сипаты болып саналады. Үшіншіден, әлеуметтік құбылыстар арасында функционалдық тәуелділікті орнататын немесе ковариация қалыптастыратын заңдар. Даму заңдарымен салыстырғанда функционалдық заңдар қайсыбір әлеуметтік жүйенің салыстырмалы түрдегі тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз етеді. Мұнда жүйенің элементтері қозғалыста болғанымен, олар құрылымды мәнді өзгеріске түсіре алмайды. Егер де даму заңдары әлеуметтік объектінің бір сападан келесі сапаға өтуіне себепші болса, функционалдық заңдар осы өтулер үшін алғышарттар жасайды. Төртіншіден, әлеуметтік құбылыстар арасындағы байланыстарды белгілейтін заңдар. «Функционалды» және «себепті» байланыстарды белгілейтін әр түрлі заңдардың болуы функционалдық себептің түрі бола алмайды деген сөз емес. Функционалдық байланыс себепті көрсетуі де мүмкін, көрсетпеуі де мүмкін. Бұл ұғымдар жарым-жартылай сәйкес келеді. Функционалдық тәуелділіктің болуы әлі де болса мәнді себептік қатынастарды көрсетпейді. Бесіншіден, әлеуметтік құбылыстар арасындағы ықтимал байланыстарды орнататын заңдар. Адамдардың статусың белгілейтін де заңдар бар.

Әлеуметтік заңдар әлеуметтанудың қоғамда атқаратын міндеттерін жүзеге асыруға үлкен ықпал етеді.

4. Әлеуметтанудың атқаратын қызметтері

және оның қоғамдық ғылымдар жүйесінде алатын орны

Басқа да қоғамдық ғылымдар сияқты әлеуметтану ғылымының қоғам алдында орындайтын, атқаратын міндеттері бар. Оның танымдық қызметі - әлеуметтік құбылыстарды зерттеу арқылы олардың мәні мен мазмұны
Нашипбеков Т. Ж. Основы общей социологии. Алматы: Білім, 1996. С. 36-38.

жөніндегі тұжырымдардан, басқа құбылыстармен байланысынан, даму заңдары мен олардың сипаты жөнінде жаңа ғылыми түсінік алуға талпыну мақсатынан тұрады. Әлеумелтану әр түрлі субъектілер арасында қалыптасатын қоғамдық қатынастарға, олардың қызметінің объективті және субъективті жақтарын талдауға, сонымен қатар әлеуметтік институттардың өмір сүруін сараптауға басқаларға қарағанда аса жоғары маңыз береді.

Жоғарыда аталған әлеуметтану білімі деңгейлерінде әлеуметтік процестер жөніндегі түсініктер мен ұғымдар жүйесі белгіленіп, қалыптасады. Олардың әрқайсысында бұл процестер әрқилы деңгейлер дәрежесінде байқалады. Арнайы әлеуметтанулық теориялармен салыстырғанда, жалпыәлеуметтану теориялары деңгейінде ауқымы кең ғылыми қорығғындылар жасалады. Нақты әлеуметтанулық зерттеулер функциясына адамдардың күнделікті практикасы сипаттайтын бастапқы мәліметтерді жинау және оларға эмпирикалық талдау жасау жатады.

Әлеуметтанудың танымдық қызметі, сонымен қатар әлеуметтік процестерді талдау негізінде қоғам өмірінің материалдық, саяси немесе рухани салаларында олардың одан әрі дамуына ғылыми болжам жасауды қамтиды. Мұндай болжамдар ұзақ мерзімдік немесе ағымдық сипатта болады: мұндағы мақсат — жалпыәлеуметтанудың теориялар деңгейінде таяу және алыс болашаққағы қоғам дамуының тенденцияларын терең көре білу десек те, арнайы әлеуметтанулық теориялар шеңберінде пайдалы болжамдар жасалатын болады.

Қорыта айтқанда, әлеуметтанудың танымдық функциясы қоғамның мәні, оның құрылымы, өмір сүруі мен дамуының заңдылықтары, негізгі бағыттары мен тенденциялары, жолдары, формалары мен механизмдері туралы нақтылы және кең көлемді білім берумен анықталады.

Әлеуметтік құбылыстар мен процестерге эмпирикалық және теориялықталдау жасау негізінде, айталық, материалдық өндіріс саласында адамдардың қызметін ынталандыру мен тиімділігін арттыруды күшейту, экономикалық және саяси қатынастарды, әлеуметтік институттардың қызметтерін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеу әлеуметтанудың практикалық қызметіне жатады.

Түптеп келгенде, бұл ұсыныстар әлеуметтік басқару механизмін жақсартуға, оның тиімділігің ұтымды басқарудан бастап, қоғамдық істерді басқаруға дейінгі барлық деңгейде жетекшілік етудің сапасын арттыруға бағытталған. Бұны үлкенді-кішілі дәрежеде қазіргі бүкіл қоғам, әсіресе өркениетті елдер қолданады. Олардың бірде-біреуі экономиканың, әлеуметтік таптардың және ұлт қатынастарының, қоғамның саяси жүйесінің дамуын басқарусыз қалдырып, өз бетінше жалғасуына жол бермейді. Олардың дамуы белгілі бір басқару құрылымының ықпалымен жүзеге асады.

Ол құрылымның қызмет ғылыммен тығыз байланысып, соны жүзеге асырады. Қоғамның күрделенуі және олардың экономикалық, экологиялық, саяси және тағы басқа да дамуы, қазіргі тандағы жағдайлары әлеу-

меттік процестерге мақсатты, бағыпты түрде ықпал жасау қажеттілігін талап етеді. Дәл осы тұста әлеуметтану өзінің алдындағы міндеттерін ғылыми негізге сүйене отырып орындауы тиіс. Әлеуметтану қоғамның өмір сүруін жан-жақғы саралап өлшейді және бастапқы әлеуметтанулық ақпарат алғаннан бастап, ғылыми дәлелденген қорытындылар мен ұсыныстар жасауға дейінгі ауқымда сан қилы жұмыстар атқарады.

Қоғамның таяудағы және алыс болашағына қатысты әлеуметтанулық болжам жасаудың, қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани салаларының дамуын ғылыми тұрғыда алдын ала көре білудің мейлінше практикалық маңызы зор.

Әлеуметтанудың келесі бір атқаратын қызметі – идеологиялық міндеттер болып табылады. Өйткені әлеуметтану қайсыбір формада болмасын, белгілі бір әлеуметтік топтардың, таптардың, саяси партиялар мен қозғалыстардың мүдделерін білдіреді. Бұдан айналып өту тіптен де мүмкін емес. Нақты әлеуметтанулық зерттеулер мен арнайы әлеуметтанулық және жалпыәлеуметтанулық теориялардан туындаған ережелерді идеологиялық тұрғыдан талдауға ұшыратпай алып қалу өте қиын. Себебі әлеуметтанушының өзі белгілі бір әлеуметтік-таптықның құрамында, яғни көбінесе қайсыбір саяси партияға мүше де болады. Ол өзі зерттейтін әлеуметтік процестерді, қоғамдық қатынастарды және әр түрлі субъектілердің қызметін белгілі бір дүниетаным ұстанымымен пайымдайды. Ал, оның дүниетанымының қалыптасуы әлеуметтанушының шыққан ортасымен, әлеуметтік жағдайымен тікелей байланысты.

Қоғамдық өмірдің қайсыбір жақтарына қатысты әлеуметтанушы жасайтын қорытындылар тек өзі жататын әлеуметтік топтың мүддесіне тиесілі болып қана қоймай, басқа да әлеуметтік топтардың, соның ішінде таптардың мүдделерін де қамтитыны рас. Сөйтіп, осы қорытындылар қалыптаса келе идеологиялық мазмұнға, өзіндік реңге ие болады.

Сөз болып отырған мәселелерге ғылыми тұрғыдан қараудың идеологиямен алмастырылуы, әрине, дұрыс емес. Оған ешбір күмән жоқ. Қоғамдық құбылыстарға объективті талдау жасау зерттеуші үшін қашан да маңызды. Алайда, оның әлеуметтік статусы - сол талдаудың көрінісі, бұл жағдай зерттелетін қоғамдық процестер мен құбылыстарға орай жасайтын оның қорытындыларына сөзсіз әсер етеді. Бұл тұрғыдан алғанда әлеуметтану кез келген кезеңде де идеологиялық бағыт ұстайды. Ал, идеологиялық бұрмалаушылыққа жол бермеу үшін әлеуметтанулық зерттеудің барысын, сондай-ақ одан туындайтын қорытындыларды шектен тыс

23

идеологияландыру мен саясаттандыруға болмайды. Керісінше оларды жалпыадамзаттық құндылықтармен сәйкестендірген пайдалы.

К. Маркс «Фейербах туралы тезистерінде»: «философтар дүниені әр түрлі деңгейде түсіндіріп қана қойды, ал істің мәні оны өзгертуде жатыр», - деген еді. Ақиқатында дүниені өзгерту оны түсіндіру негізінде ғана жүзеге асуы тиіс. Алайда, мұндай өзгертулер қара бастың қамы үшін жасалмауы керек. Адамдардың өмір жағдайын жақсарту, мұқтаждықтар мен

құндылықтарға орай қалыптасу көрініс тапса, міне, сонда ғана ол қажеттілікті өтейді. Сөйтіп, мұндай әлеуметтанудан маңызды әлеуметтік қызмет - сыншылдық пайда болады. Бұл жерде әңгіме дүниеге жеке тұлғаның көзқарасымен баға берудің өзара байланыстылығында болып отыр. Осы қызметті жүзеге асыруда әлеуметтану ақиқатқа дифференциалдық тұрғыдан қарайды. Бір жағынан ол сақтаудың, нығайтудың, дамытудың қажеттігін немесе бәрін өзгертудің, қайта құрудың, т.б. керек еместігін көрсетеді. Ал екінші жағынан - шындығына көшсек, түбегейлі өзгертулерді керек ететіндерін анықтайды.

Әлеуметтану ғылымының қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар арасында алатын өзіндік орны бар. Ол осы ғылымның қоғамда атқаратын қызметімен және әлеуметтану білімінің құрылымымен айқындалады. Қоғамның әлеуметтік құрылымын, оның даму заңдылықтарын ашатын, тарихи процесте объективтік және субъективтік факторлардың өзара әрекетін көрсететін жалпыәлеуметтанулық теориялар, мысалы, тарих, саясаттану, құқықтану, әлеуметтік психология, этика және басқа да ғылымдардың проблемаларын түсіндіруде маңызды дүниетанымдық және методологиялық рөл атқарады. Жалпытеориялық әлеуметтану аталмыш ғылымдардың проблемаларын кең көлемдегі әлеуметтік контексте қарастыруға, олардың зерттейтін құбылыстарының қоғамдағы және тарихи процестегі орны мен ролін анықтауға мүмкіндік туғызады. Сөйтіп, сол құбылыстарды ғылыми тұрғыда талдау мен түсіндірудің жалпытеориялық бағытта қарастырылуы мен методологиясын жасайды.

Бірқатар ғылымдар үшін арнайы әлеуметтану теориялары деңгейінде қалыптасқан ережелер мен қорытындылар да маңызды болып саналады. Олар еңбек, тұрмыс, адамдардың қызмет түрлерінің проблемаларына қатысты болуы мүмкін. Бұл мәселелерді басқа да ғылымдар, соның ішінде экономика, экология, педагогика және тағы басқалар қарастырады. Бірақ, арнайы әлеуметтанулық теориялардың бұл мәселелерді қарастыруда өзіндік ракурсы бар. Осы тұрғыдан алып қарағанда олар басқа ғылым-

Маркс К., Энгельс Ф. 9 томдық тақтамалы шығармалары. 2-т. Алматы, 1988. 3-б.

24

дардың мәліметтерін толықтырады, өз қорытындыларымен қаруландырады және құбылыстарды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік жасайды.

Арнайы әлеуметтанулық теориялар адамдардың еңбек, саяси және өзге де қызметінің әлеуметтік аспектілерін ашады, олардың әлеуметтік жағдайларын (айталық, қалалық немесе селолық), отбасылық және жеке басының тұрмыстық жағдайларын ашып көрсетеді. Олар экономикалық, саяси, құқықтық және басқа да қоғамдық қатынастар жүйесінде жеке тұлғаның және әр түрлі әлеуметтік топтардың өзін-өзі әлеуметтік жағынан көрсету мүмкіндіктерің бейнелейді. Бұл жердегі әңгіме - осы қатынастардың ерекше аспектілері туралы, әсіресе ондағы адамдардың өмірі мен қызметінің мүмкіндіктері, олардың елеулі қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру дәрежесі жөнінде болып отыр. Арнайы әлеуметта-

ну теориялары деңгейінде жасалған дәлелді қорытындылардың әр түрлі қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар үшін маңыздылығы да әрқилы.

Нақгы әлеуметтанулық зерттеулер көптеген қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар шеңберінде қоғамдық өмірдің қайсыбір процестері туралы жедел мәліметтер алу немесе адамдардың бұл процестерге қатынасын анықтау мақсаттарында жүргізіледі. Соның арқасында бұл зерттеулер, қай ғылымның саласына сәйкестендіріле жүргізілсе де, зерттелген құбылыстар мен процестер жөнінде мейлінше дәл мәліметтер алуға мүмкіндік тудырады. Осы жедел ақпараттарды пайдалана отырып, қоғамдық өмірдің жекелеген құбылыстарын жан-жақты қарастырумен қатар, құбылыстардың қайсы бір әлеуметтік жүйедегі және жалпы қоғамдағы орны мен рөлін нақты ашуға мүмкіндік жасайды, қоғам өміріндегі макро және микро процестердің өзара әрекеттерін анықтайды.

Сайып келгенде, әлеуметтану - қоғамның өмір сүруінің және дамуының заңдылықтарының қалыптасуы жөніндегі ғылым. Ол әлеуметтік фактілерді, үрдістерді, қатынастарды, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың қызметін, олардың рөлін, статусын және әлеуметтік мінез-құлқын, бұлардың институттық формада ұйымдастырылуын зерттеумен айналысады. Әлеуметтанудың өз алдына жеке ғылым болып қалыптасуына О. Конт, Г. Спенсер, т.б. көрнекті әлеуметтанушылардың тұжырымдамалары мен ілімдері зор ықпал етті.

25

ЕКІНШІ ТАҚЫРЫП

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ӘЛЕУМЕТТАНУ ДАМУЫНДАҒЫ КЛАССИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ (XX ғасыр - XX ғасырдың басы)

Әлеуметтанудың ғылым ретінде пайда болғаннан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта аталмыш ғылымның көптеген теориялары, ілімдері мен тұжырымдамалары қалыптасып, мектептері мен бағыттары негізделді. Олар әлеуметтанудың ірге тасын қалап, оның ғылым ретінде дамуына серпіліс берді. Осы тұрғыдан алғанда дүниежүзілік әлеуметтану дамуында классикалық кезеңнің атқарған рөлі мен маңыздылығы ерекше. Сондықтан бұл кезең әлеуметтанудың атасы О. Конттың, Г. Спенсердің, К. Маркстың, Э. Дюркгейм мен М. Вебердің ілімдерін жете түсінудің негізгі кілті іспетті.

1. Огюст Конт - позитивтік әлеуметтануды негіздеуші

XIX ғасырдың басында адамзаттың қоғамдық санасы адам мен қоғамның, олардың өмірлік күштерінің өзара әрекет етуіне дәл талдау қажеттігін пайымдауға әзір болған еді. Осы мәселеге әділетгілік, өмірдің мәнісі, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету мәселелерінің шешілулеріне қанағаттанбаған XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропаның көптеген ойшылдары өз еңбектерін арнады. Солардың арасынан бірінші қатарға ғылым-

ның атын ойлап тауып, оның негізгі нұсқасын суреттеген, оны ғылыми білімдер жүйесіне қосқан, әлеуметтануда позитивтік бағытты негіздеген және оның дамуына ықпал еткен Огюст Конт (1798-1857) шықты.

Ол Францияда қаржы чиновнигінің отбасында дүниеге келген. 1814 жылы Жоғары политехникалық мектепке түсіп, антиклерикалдық және республикашыл көзқарастары үшін оқудан шығарылады. Отбасындағы оқытушылық жұмысын, кейінірек, яғни 1818 жылдан 1824 жылға дейін Сен-Симонның хатшысы қызметін атқарумен алмастырды. Бірақ Сен-Симонның ұстанған утопиялық социализм идеясын қабылдамай, хатшылықтан кетіп, таптар келісімі идеясын уағыздайды, жеке меншікті мейлінше қорғайды. Осы көзқарастары үшін К. Маркс және оның ізбасарлары оған салқын қарады. Сол тұста О. Конт өзінің позитивизмін тұжырымдайды. Позитивизм — әлеуметтанулық білімді жаратылыстану ғылымының методологиясын қолдану негізінде құрмақшы болған әлеуметтік ой мен қоғамдық ғылымдағы жаңа ағым болатын. Позитивизм ұғымы латынның «позитивюс» — дұрыс, жағымды деген мағына беретін сөздерінен шыққан. Ол позитивтік көзқарастарын өзінің еңбектерінде тұжырымдап, дәлелдеді.

26

Осыған орай Конт алты томдық «Позитивтік философия курсы» деген еңбегінде (1830-1842 жылдар аралығында жарияланды) ғылымды топтастырып, позитивтік философия мен әлеуметтану принциптерін жасаса, екінші бір еңбегін саясат негіздеріне және болашақтың дініне арнады. Ал төрт томдық кітабын «Позитивтік жүйе немесе адамзаттың дінін белгілейтін трактат» (1851-1854) деп атаған. Конттың тірі кезінде позитивизмді негіздеген бұлардан басқа да «Қарапайым астрономия туралы философиялық трактат» (1844), «Позитивтік катехизис» (1856) еңбектері жарияланып, ал қайтыс болғаннан кейін төрт томдық «Огюст Конттың өсиеттері» деген шығармасы жарық көрді. Конт әлеуметтану ғылымына «позитивтік синтез» ретінде қарап, оны ғылыми білімді жинақтаған энциклопедияға балады. Қоғамды зерттеуге жекелеген ғылымдар соншалықты қажет емес, қоғамды зерттеуге бір ғана әлеуметтану ғылымының көмегі жеткілікті деп, әлеуметтануға басымырақ маңыз берді.

Конт әлеуметтанудың объектісі мен пәнін анық айыра білмей, ғылымның осы атрибуттарын шатастырып алды. Оның пікірінше, әлеуметтану жалпы заңдарды зерттеуі тиіс: а) ерекше әлеуметтік организм ретіндегі қоғамның тұтастығы; б) адамзат (оның өткені, бүгінгісі және болашағы); в) бүкіл адамдар ұрпақтарының органикалық тұтастығы ретінде түсіндірілетін адамзат; г) қазіргі елдер, халықтар мен мемлекеттер жүйесі ретіндегі бүгінгі адамзат; д) адамзат қызметі нәтижесінің объективтілігі; ж) адамдар санасы мен психологиясын жетілдіру процестері; з) адамдар мінезқұлқы; и) адамдар идеялары мен ой-пікірлерінің дамуы; ж) отбасы, мемлекет және басқа да әлеуметтік институттардың құрылуы. Басқаша сөзбен айтқанда, Конт әлеуметтануды адамзаттың пайда болуы, өмір сүруі мен

өзгеріске түсуін анықтайтын жалпы заңдар деңгейінде, сонымен қатар олардың нақты қоғамдық құрылыстары мен формаларының заңдары деңгейінде қоғам туралы білімдерді біріктірген әмбебап теориялық ғылым ретінде түсінеді.

Конттың көзқарасына сәйкес әлеуметтану мынадай әдістерді қолдануы тиіс:

- қоғамдық процестердің барысын қадағалау үшін бақылау;
- эксперимент, яғни әдейі, арнайы жасалған өзгерістерге бақылау жасау;
- адамзат өмірін жануарлар дүниесімен салыстыру;
— әр түрлі елдер мен халықтардың өмірін белгілі бір көрсеткіштер бойынша салыстыру;
- тарихи талдау әдісі, әр түрлі тарихи кезеңде адамзаттың немесе жекелеген халықтардың әр түрлі қалпын салыстыру.

27

Алайда, әлеуметтік қалыптағы өзгерістерді анықтауда математикалық процедура мен өлшемдерді қолдануды талап ететін бақылау әдісін Конт негізгі әдіс деп санайды. Конт бақылаудың анықтығы мен дәлдігі, осы әдістің процедурасын жасау проблемаларын көтерді, алайда оларды сол тұстағы эмпирикалық әлеуметтік зерттеулер тәжірибесінің шектеулігіне байланысты шеше алмайды. Аталмыш әдістер, - деп үйретті Конт, іргелі әлеуметтану теориялары болған жағдайда ғана позитивтік білім алуды қамтамасыз етеді. Мұндай теориясыз олар тек көңілге қонбайтын толған фактілерді берген болар еді. Ал мұндай теорияны жасау үшін айтылған әдістермен алуға болатын қорытындылаушы материалдар қажет. Конт пікіріндегі қарама -қайшылықты былайша түсіндіреді: теория мен қорытындылаушы материал бірінсіз-бірі бола алмайды, теория әлеуметтану материалдарын тиісінше жинауға мүмкіндік берсе, ал қорытындыланған материалдар теорияның дамуына негіз болады.

О. Конттың ойынша, позитивтік ғылым дінді алмастырып, қоғамды ұйымдастырушы негізгі күшке айналуы тиіс болды. Ол өзінің тарихи миссиясын болашақтың «Ғылыми Библиясын» жасауға балап, ғылымды адамзат баласының өмір сүру формаларының шыңына көтермекші болды. Ғылымдарды біріктіру идеясы XVIII ғасырда етек алған еді. Сол тұста білімді біріктіру - қарапайым және түсінікті ережелерге сәйкес іске асырылды. О. Конт бұл мәселені жаңа қырынан көтерді. Ғылымдарды классификациялауда ол бірқатар негіздерге сүйенді: тарихи (ғылымның пайда болу уақыты және бір ізділігі), логикалық (абстрактіліктен нақтылыққа өту), зерттеу пәнінің күрделілігі бойынша (қарапайымнан күрделіге қарай), практикамен байланыс сипаты бойынша.

О. Конт өз шығармаларында өзіне белгілі ғылымдарды нағыз және жалған ғылымдарға бөлген. Жалған ғылымдар санатына ол шешілмейтін мәселелерді қарастырумен айналысатын және дәлелдеуге немесе жоққа шығаруға мүмкін емес ережелі ғылымдарды қосқан. Бұлардың қатарына теологияны, мистицизмді, спиритуализмді, алхимияны, утопизмді, соны-

мен қатар метафизиканы, яғни философияны жатқызған. Өзінің ұстазы Сен-Симонның пікірін қолдай отырып ол нағыз, шынайы ғылымдар деп позитивтік ғылымды атаған. Олардың арасынан абстрактілі (теориялық) және нақты ғылымдарды бөліп көрсетті. Абстрактілі ғылымдар жалпы заңдылықтарды қарастырады, ал нақты ғылымдар бұл заңдарды жеке салаларда (мысалы, биология, медицина) қолданады.

Конттың пікірі бойынша, абстрактілі позитивтік ғылымдар саны алтау: математика, астрономия, физика, химия, биология, әлеуметтану. Бұлардың осындай реттілікпен орналастырылуы оларда позитивизмнің көрінуі мөлшерімен байланысты. Неғұрлым материя қарапайым болса, 28

соғұрлым ол туралы позитивті пайымдау жеңіл болады. Әрбір позитивтік ғылым алдыңғыларға негізделеді, олардың өзіндік ойлау қалпындағы жақсыларды қабылдайды және дамытады.

Оның көзқарасы бойынша, математика басқа ғылымдарға айтарлықтай тәуелді емес, бірақ соншалықгы абстрактілі, қарапайым және практикадан аластатылған ғылым, сондықтан ол басқа ғылыми таным формаларынан ерте пайда болған. Әлеуметтану, керісінше, практикамен тікелей байланысқан, күрделі, нақты, өзгелерден кейін пайда болды, өйткені ол басқалардың жетістіктеріне арқа сүйейді. Әлеуметтанудың қалыптасуын қоғамның жаңа даму сатысымен байланыстырумен бірге, оны бүкіл ғылымдардың даму тарихымен де сабақтастырады. Ғылымды топтастыру барысында ғылым иерархиясы жасалып, оған жоғарыда аталған ғылымдар енгізілді. Сөйтіп, бұл жүйе білім дамуының қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға, жалпыдан ерекшеге өтуінің тарихи процесін көрсетті.

Әлеуметтануға біртабан жақын және біршама туысқан ғылым ретінде биологияны атайды. Бұл екеуін зерттеу пәнінің күрделілігі біріктіреді, тұтастық жүйе де соған дәлел бола алады, сондықтан биология мен әлеуметтануға талдау жасау жолын негізгі бағыт етіп ұстанбайды, яғни бөлімнен тұтастыққа қарай қозғалмау керек. Жануарлар әлемі мен адамзат қоғамы индивидтердің механикалық агрегаты емес, керісінше — тұтастық. Бұл тұтастық өз бетінше өмір сүреді және өзін құрайтын бөлімдердің қасиеттерін белгілейді. Сондай-ақ, жалпы схема бойынша әлеуметтанудың тікелей биологияның заңдарына сүйенетіндігін, тіптен онсыз мүмкін емес екендігін айтқанымызбен, алайда, екінші жағынан, әлеуметтанудың өзіндік ерекшелігінің бар екендігін, бұл заңдардың соның негізінде түрін өзгертетінін, ал осы заманғы өзгерістер индивидтердің өзара қимыл-әрекетінің арқасында туындайтынын тұжырымдайды. Конт жануарлардың біріне-бірін тартатын жыныстық инстинктін және олардың ұрпағына қамқорлық жасауын әлеуметтіліктің бастамасы етіп алады. Сурет пен бейнелеуді (иллюстрацияны) әлеуметтік пен биологияның өзара тығыз байланыстылығының қос көрінісінің мысалы деп алға тартады. Адамдарда өзін-өзі сақтау инстинктінің рөлі жоғарылығын, «индивидтік инстинктін» болатындығын мойындай отырып, Конт келе-келе адамдарда әлеу-

меттік эгоизмнің үстемдік алатынын жазды.

Әлеуметтану биологияға арқа сүйейді, әрі одан автономдығын да сақтайды, материяның күрделі формасымен байланысады, ең жоғарғы және күрделі теориялық ғылым болғандықтан позитивтік ғылыми білімдер жүйесін аяққаушы болып саналады. Сондай-ақ, оған қоғамдық білімдерде үстем еткен ойлау қалпы тән болуы тиіс.

29

Қоғам дамуын адамдардың танымдық қызметінің және олардың қоғамдық санасының бір сатысынан келесі сатысына өтуі арқылы түсіндіріп, «үш сатылы заңды» дәйектейді: теологиялық, метафизикалық және позитивтік (ғылыми).

Теологиялық сатыда адамзат ақыл-ойының, сонымен қатар қоғамның дамуы, Конттың пікірі бойынша, 1300 жылға созылған. Осы сатыда әрбір құбылыстар жоғары күдіретті күштердің тигізетін әсерінің нәтижесі ретінде қарастырылды. Бұл фетишистік діни сананың шыққанын көрсетті, кейін ол политеизммен, яғни көпқұдайшылықпен алмасып, қайсыбір құбылыстар түрлі құдайлардың ықпалы арқылы болады деп бейнеленді. Теологиялық сатының соңына таман бірқұдайлыққа (монотеизмге) өту қалыптаса бастады. Сөйтіп, барлық құбылыстарды адам дінінің негізінде жатқан күш деп түсінеді. Мұндай сана тайпа көсемдерінің, әскер басыларының, аристократтардың билігін күдіретті күшпен байланыстырды. Иерархиялы әлеуметтік ұйым қоғамда өмір сүріп отырған тәртіпті нығайтуға бағытталды. Теологиялық сатының ең жоғарғы кезеңі - католиктік феодалдық қоғам болды. Монотеизм гармониялық әлеуметтік тәртіп орнатуға ықпал жасады, бірақ ол өзінің тиімділігіне қарамастан консервативтік институттарды қалыптастырды. Алайда, адамзат ақыл-ойының жетілуі ерте ме, кеш пе, теологиялық түсініктің догматикалық жүйесімен қақтығысары анық еді. Себебі, ол әлеуметтік жүйенің бүкіл құрылымына бойлап енді, сөйтіп, бұл тәртіп прогреске кедергі жасады. Бірақ прогресті тоқтату мүмкін емес еді, даму заңдары ескі жүйені күйрете бастады. Ескіні бұзу тұтас дәуірді қамтыды, Конттың анықтауынша, бұл қоғам дамуының метафизикалық сатысы болды. Бұл сатыда бұрынғы қоғамдық тәртіп ыдырады, ол 13.00-1800 жылдар аралығындағы кезеңді қамтиды.

Бұл сатыда адам санасы жәй пайымдаудан гөрі, сыртқы дүниенің нақты процестерін білдіретін ұғымдарды көп қолданады. Алайда, ғылымның баяу дамуына байланысты бұл ұғымдар әлі де болса абстрактілі еді. Бұл сатыда ескі қоғамдық бастаулар қарайды (реформация, ағартушылық, революциялар, соғыстар, т.б.) тұтастық ыдырайды. Бұл күйреудің жағымды жақтары болғанымен (жаңа экономикалық және саяси идеялардың орнауы, т.б.), «метафизикалық рух» сенімсіздікті, эгоизмді, моральдық тозушылықты және саяси тәртіпсіздікті жоя алмады. Қоғамда тәртіп орнатып, әлеуметтік тұтастықты жөнге қоятын жаңа идеология қажет болды. Оны, Конттың пікірі бойынша, позитивизм, яғни ғылымның дамуы жүзеге асыра алады.

Позитивтік дәуір, Конттың тұжырымына сүйенсек, 1800 жылдан

басталады, оның мәні - ойлау бағдарының түбегейлі өзгеруімен, қайта құрылуымен сипатталады. Адам санасы өз пайымдауларында және қоры-

30
тындыларында көбіне-көп ғылыми бақылауға сүйенеді. Дүниеге теологиялық және абстрактілі — метафизикалық тұрғыдан қарауды оның заңдарын ашу мен зерттеу, құбылыстарды бақылау секілді тәсілдер алмастырады. Бұл заңдарды ұғыну үшін олардың әрекетін ескеру және көре білу қажет. Сол тұстағы жаңа қоғамға әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарасақ, онда ол эгоизмді альтуризмнің жеңуі, әлеуметтік сезімнің артуы, әлеуметтік тәртіп пен келісімнің орнауы, әскери қоғамнан өнеркәсібі дамыған қоғамға өтудің іске асуы арқылы сипатталады. Алайда, жаңа қоғамның да жақсы жақтарымен қатар, көлеңкелі, теріс тұстары да бар, сондықтан ғылым осы қоғамды келеңсіз қылықтардан тазалауға көмек көрсетуді өзіне мақсат етті.

Конттың көзқарасы бойынша, қоғамның дамуы заңды және прогрессивті сипатта болады. Ол қоғам өз дамуы барысында биологиялық заңдарға, сондай-ақ «астрономиялық» заңдарға, яғни ғарыштың, аспан денелері мен планеталардың қозғалыс заңдарына бағынады. Ол қоғам дамуына ауа райы мен халықтың нәсілдік құрамының ықпал ететіндігі туралы да жазды. Алайда, Конттың пікіріне сай ой тұжырымдасақ, онда адамзаттың интеллектуалдық эволюциясы қоғамның дамуына ерекше әсер етеді екен. Әлеуметтік мәселені шешуде адамдар санасының негізгі, бірінші рөл атқаратыны және оның қоғамның дамуына шешуші ықпал жасайтыны туралы О. Конт позитивтік қорытынды жасайды. Осыған байланысты позитивизмнің негізін қалаған интеллектуалдық эволюцияның жоғарғы көрінісі ретінде ғылымның осы саласына айрықша мән береді.

Конт өзінің қоғам дамуы жөніндегі көзқарастарын жүйелей келіп, әлеуметтануды үлкен әрі маңызды екі тарауға: әлеуметтік статика және әлеуметтік динамикаға бөлді. Әлеуметтік статика қоғам, құрылымының жұмыс істеу заңдарын қарастырады. Әлеуметтік динамика қоғам жүйесінің өмір сүру жағдайы мен оның жұмыс атқару заңдылықтарын зерттеуге тиісті болды. Әлеуметтік динамика ең алдымен негізгі қоғамдық институттардың, соның ішінде отбасының, мемлекеттің, діннің қоғамдағы атқаратын міндеттерін және олардың татулық пен ынтымақтастықты орнатудағы рөлін қарастырады. Сонымен қатар, әлеуметтік динамика әлеуметтік жүйенің дамуы мен өзгеру заңдарына да назар аударады. Осыған орай қоғамдық прогрестің позитивтік теориясын да О. Конт әлеуметтік динамика деп атап кеткен еді. Прогресс, оның пікірі бойынша, дамудың ең биік сатысына көтерілу болып табылады. Қоғамдық прогреске жетуде материалдық (өмірдің сыртқы жағдайын жақсарту), физикалық (адам

Қараңыз: История социологии / Под общ. ред. А. Н. Елсукова. Минск: Высшая школа, 1997. С. 38-39.

31

табиғатын дамыту), интеллектуалдық (ақыл-ой, діни және метафизикалық дүниетанымнан позитивизмге көшу) және моральдық (адамгершілік

пен ұжымдық сезімдердің артуы) секілді алғышарттар ең маңыздылары болып есептелінеді.

Конттың қоғам дамуын гармонизациялау және оның тұрақтылығының проблемалары жөніндегі көзқарастары да аса құнды. Қоғамдағы гармония «элеуметтік жүйенің» тұтастығы мен бөлімдерінің арасындағы гармония болып саналады, сонымен қатар оған қоғам өмірінің барлық жақтарының келісімді өзара әрекеті - саяси, экономикалық, рухани, биологиялық, т.б. жатады. Оның пікірі бойынша, элеуметтік гармонияға ғылымның көмегі арқылы жетуге болады. Ғылым қоғамның барлық бөлімдері арасындағы өзара әрекеттің қажетті механизмін тауып беруі тиіс.

Сондай-ақ, түрлі тұлғалар мен элеуметтік топтардың мүдделерін баяншы үйлестіре білуде қоғамдағы гармонияның ерекше рөл атқаратынын да жазды. Саяси өкімет билігінің маңыздылығы сонда, ол элеуметтік субъектілердің мүдделерін ақылмен дұрыс үйлестіріп отыруы тиіс. Бұдан Конт саясаткерлердің бедел алатынын пайымдады. Қоғам гармониясынан Конт оның тұрақтылығының негізгі жағдайын, әр сөзбенің, әр халықтың, әр адамның қалыпты дамуының мүмкіндігін байқады.

О. Конт элеуметтанудың негізін қалады, ал Г. Спенсер оны одан әрі дамытты.

2. Герберт Спенсердің элеуметтану жөніндегі ілімдері

Англияда элеуметтану ғылымының қалыптасуы Герберт Спенсердің (1820-1903) есімімен байланысты. Ол өзінің элеуметтік көзқарастарын «Бастаудың негіздері» (1862), «Биология негіздері» (1864-1867), «Психология негіздері» (1870-1872), «Элеуметтану негіздері» (1876-1896) деген еңбектерінде баяндады. Спенсердің элеуметтануының аса құнды жағы - «Әмбебап эволюция заңы». Бұл заң бойынша эволюция – дамудың бірден-бір қайнар көзі. «Элеуметтану принциптері» атты еңбегінде Г. Спенсер осы идеясын тереңдете келіп, қоғам организм іспетті немесе асқан органикалық агрегат сияқты деген басты тезисін негіздеді. Қоғам мен оны қоршаған сыртқы орта арасындағы қарым-қатынас энергияның реттеу принципі арқылы болады. Бұл заңдылық әр түрлі қоғамдар мен сол қоғамдарды құрайтын жеке адамдардың арасында өмір сүру үшін болатын күрестерде көрінеді. Күрес әмбебап және қоғамдық эволюцияның негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Спенсер қоғам мен биологиялық организм арасындағы ұқсастықты толық мойындағанымен, бұл мәселеде ол жалғыз емес еді. Оған дейін мұндай ұқсастықты Конт, Краузе, Ахренс айтқан болатын. Алайда, Спенсер осы бағытты бірінші болып бір жүйеге келтіре отырып жазып шықты. Бұл жүйенің қарастыратын екі мәселесі бар: эволюция принципі және қоғам мен биологиялық организмдердің ұқсастығы. Спенсердің аталмыш жүйесі элеуметтану теориясының дамуына қосқан басты үлесі болды. Осы принциптерді Спенсер элеуметтік саясатты белгілеудегі, элеуметтік реформаларды жасап жүргізудегі нақты ұсыныстарында қолдана білді.) Оның келесі бір тезисінде элеуметтік саясат - тәжірибелік зерттеудің

нәтижесінде қалыптасуы шарт делінген. Ал, әлеуметтік саясатқа аса қажетті принцип ол - әлеуметтік эволюция процесінің табиғи дамуына кедергі жасамай, оған жол ашу, бұл процесті жеке адамдар мен топтардың ойына не келсе соны істейміз деуінен құтқару.

Спенсер әлеуметтік заңдарды тұжырымдай отырып, әлеуметтік реформаларды белгілеуден бұрын қоғамның нақты әлеуметтік жағдайын жете, жан-жақты білу қажет екендігін атап көрсеткен. Оның пікірінше, еркін және ішкі себептерден пайда болған әлеуметтік эволюцияның жетістікке жетуінің бірден-бір шарты - мемлекет қызметіне қатаң шек қою болып табылады.

Спенсер «еркіндік теңдігі» заңын тұжырымдай келе, онда барлық жеке адамдардың «еркіндік теңдігі» басқа адамдардың еркіндігінің деңгейіне сәйкес пайдаланылуы тиіс дегенді айтады. Мемлекет те еркін, бірақ ол жеке адамдардың еркіндігін қорғайтын, соған кепілдік беретін ұйым. Мемлекет алыпсатарлыққа қатысты заңдар шығарумен, діни мекемелерді және қайырымдылық қоғамдарын басқарумен айналыспауы керек. Мемлекеттің негізгі міндеті - қоғамда құқықтың жүзеге асырылуын және еркіндік теңдігі заңының сақталуын қамтамасыз ету, сөйтіп, ол өз азаматтарын тонау мен зорлықтан және соғыстан қорғап отыруды іске асырады.

Қоғамды тірі организм іспетті қарауға болады, бірақ бұл жерде мына нәрсені есте ұстау керек, өзіндік өмір сүру заңдарын сақтаған әлеуметтікті құрайтындардың (ұлттар, мемлекеттер, таптар, басқа да әлеуметтік топтар) организмдік мәні бар.

Әлеуметтік организмдер биологиялық организмге ұқсас. Бұл ұқсастық барлық мүмкін жағынан емес, тек олардың алты жағынан ғана ұқсастықты белгілейді. Бүкіл организмдер:

- 1) өседі, көлемі жағынан ұлғаяды;
- 2) өзінің ішкі құрылымдары болады;
- 3) өсу деңгейіне сәйкес бұл құрылымдар күрделенеді;
- 4) құрылымның күрделенуі органдар функцияларының жіктелуінің күшеюімен қатар жүреді;

33

5) құрылым мен функциялардың күрделенуі жекелеген бөлімдер арасындағы өзара әрекеттің дамуына соқғырады;

6) жекелеген бөлімдер (органдар) тіптен тұтастықғың өмірінің берекесі кеткен жағдайдың өзінде де белгілі бір уақытқа дейін өмір сүре алады

Қоғамды толығымен биологиялық организмге ұқсастыру қате болған болар еді, өйткені олардың принциптік тұрғыдан өзгешеліктері бар, ол кем дегенде үш мәселеде көрінеді:

1) биологиялық организм - бұл нақты тұтастық, оның бүкіл органдары тығыз байланысқан. Қоғам - дискреттік тұтастық, оның тірі құрылымдары мен элементтері бір-бірінен азды-көпті еркін және уақыт пен кеңістікте бытыраңқы орналасқан;

2) ойлау және сезім функциялары биоорганизмнің белгілі бір бөлі-

мінде ғана шоғырланған, ал қоғамда ойлау мен көңіл-күй (эмоция) барлық құрылымдар мен элементтерге тән;

3) биологиялық организмде элементтер тұтастық үшін өмір сүреді, ал қоғамда бұл жағдай керісінше болады. Адамдар қоғамға қызмет етпейді, керісінше қоғам адамдарға қызмет етеді.

Спенсер организмнің ерекшелігін индивидтің автономиясын сақтап қалуға, жүйенің адамды жұтып қоюына жол бермеуге тырысқандығында деп түсіндірді.

Г. Спенсер қоғамдық өмірде мемлекеттің рөлін шектеуді, тіптен кейдерге көмек немесе балаларға тәрбие беру жөніндегі қамқорлығынан да бас тартуды ұсынды. Ол отаршылдық экспансияны сынады, өйткені бұл мемлекеттік бюрократияның күшеюіне әкеліп соғатын еді. Спенсердің пікірінше, кез келген қоғамның дамуы органдардың үш жүйесінің негізінде іске асады: 1) сүйемелдеуші жүйе. Бұл организмді қоректендіріп, оның дамуын қамтамасыз ететін болса, қоғам да оның дамуына қажетті өнімдерді шығаратын өндіріс бөлімдерінен құралады; 2) бөлуші жүйе - еңбек бөлінісінің негізінде қалыптасқан әлеуметтік организмнің әр түрлі бөлімдерінің байланысын қамтамасыз етеді; 3) реттеуші жүйе - қоғамның құрамды бөлімдерін біртұтас орталыққа бағындырып, мемлекет тарапынан оның дамуын реттеп отырады. Осы жүйелердің әрқайсысы әлеуметтік институттардан тұрады. Бұл ұғымдармен Спенсер «әлеуметтік әрекеттің тұрақты құрылымдарын» белгіледі. Реттеу жүйесін сипаттай келіп, ол адамдар мінез-құлқын қадағалайтын «әлеуметтік бақылау» институттарын бөліп көрсетеді және оның қатарына мемлекетті (саяси басқару), шіркеуді, отбасын, салт және дәстүрлерді жатқызады. Глеуметтік

Григорьев С. И., Растов, Начала современной социологии. Учебное пособие. М.; Изд-во Магистр, 1999. С. 50-51.

34

институттарды зерттеу, Спенсердің пікірі бойынша, әлеуметтанудың маңызды міндеті.

О. Конт, Г. Спенсермен қатар әлеуметтанудың ғылым болып дамуына зор үлес қосқан К. Маркс пен Ф. Энгельс болды.

3. Маркстік әлеуметтанудың негізгі ілімдері

К. Маркс (1818-1883) және Ф. Энгельс (1820-1895) әлеуметтану ғылымының үлкен бір ғылыми ілімдерінің арнасын қалыптастырды. Оларға дейінгі және қазіргі көптеген әлеуметтанулық теориялар адамзат қоғамының дамуын, түптеп келгенде, белгілі бір рухани бастаулардың - құдайдың, әлемдік еріктің, сонымен Қатар адамдар санасының ықпалымен болады деп түсіндірді. Адамдар құдайдың немесе ғарыштық ақыл-парасаттың еркін жүзеге асырушысы ретінде сипатталады, сонымен қатар адамдар мәдениетті жасаушы, оны олар өздерінің мүдделерінен, мақсаттарынан және идеяларынан шығара отырда жасайды. Оларды анықтаушы - сана, ал оның туындысы — адам болмысы, мәдениеті және өмір салты.

Әлеуметтануды қоғамдық ғылым деп танитын бұл ғылымның көптеген өкілдері қоршаған ортада өз түсінігіне орай, өз мақсаттарына және қызмет-қабілеттеріне қарай әрекет ететін жеке индивидтерді (жеке адамды) тарихи процестің негізгі субъектілері етіп алды. Маркстік әлеуметтану оған басқа тұрғыдан қарады. Маркс пен Энгельс тарихи процесті зерттеуді өмірдегі адамдарды, олардың қажеттіліктері мен мүдделерін, адамдардың өзара қарым-қатынастарын және өзара әрекеттерін алғышарттар етіп қарастырудан бастады. Бүкіл әлемдік субъектілердің қоғамдық байланыстары мен қатынастарының жиынтығы қайсыбір қоғамды құрайды. Қоғам өзіне тән қоғамдық қатынастар жүйесі, материалдық өндіріс, саясат және өзге де әлеуметтік институттар арқылы адамдар қызметінің мазмұнын дұрыс арнаға бағыттайды, белгілі дәрежеде оны анықтайды, әрбір адамның қалыптасуы мен дамуына ықпал жасайды. Индивидуалдықты әлеуметтікке жеткізу маркстік әлеуметтанудың маңызды принципіне айналды, сөйтіп, ол адамдардың қызметі мен мінез-құлқының объективтік әлеуметтік негіздерін анықтаудың және пайымдаудың алғашқы маңызды қадамына айналды. Бұдан тарихты материалистік тұрғыда түсіну келіп шықты.

Осы бағыпта жасалған келесі қадам - ол адамдар қызметіндегі материалдықтың рөлін дәлелдеу болды. Әділін айту керек, Маркс пен Энгельс өндірісте, саяси және басқа да қызмет түрлерінде болатын саналы мотивтердің рөлін ешқашан жоққа шығарған емес. Керісінше, олар бұл мотивтердің мазмұны мен бағытталуына үлкен маңыз берді. Қоғам

35

тарихында белгілі бір мақсатқа ұмтылған адамдар санамен, оймен әрекет етеді.

Бұл жерде бірде-бір іс санадан, ниеттен тыс, мақсатсыз жасалмайды. Бірақ марксизм тұрғысынан алып қарағанда адамдардың ниеттері және мақсаттары, экономика, саяси және басқа да қызмет салаларындағы ішкі мотивтерінің бүкіл жүйесі, түптеп келгенде, объективтік әлеуметтік заңдардың әрекетінен жинақталып, көрініс табатын тарихи процестің объективтік факторлары арқылы дәлелденеді. Бұдан шығатын қорытынды — адамдар қызметінің ішкі мотиві тарихи оқиғалардың соңғы себептері бола алмайды.

Материалдық қажеттілік (мұқтаждық) пен мүдделер адамдардың мінез-құлқына, қызметіне, олардың ниетіне, психологиялық көңіл-күйіне, идеялар мен теорияларға себепші болады. Маркс өзінің тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіруге субъектілердің әлеуметтік өмірі мен қызметіндегі материалдық мүдденің рөлі мен маңыздылығын пайымдау арқылы жеткенін жазды. Бұл жерде әңгіме олардың жеке басына қатысты және жалпы материалдық мүдделер жөнінде болып отыр. Мұның соңғысы үлкенді-кішілі әлеуметтік топтардың мүддесі бола отырып, Маркстің сөзімен айтқанда, еңбек бөлінісіндегі индивидтердің өзара тәуелділігін көрсетеді.

Басқаша айтсақ, қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіндегі әлеуметтік топ-

тардың түрлі жағдайы олардың әралуан материалдық мүдделеріне себепші болады, сөйтіп, ол өндірістік және басқа да қызметтің қуаты есебінде байқалады.

Тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге сәйкес материалдық игіліктерді өндірудің маңызы да арта түсті. Сол арқылы адамдар өздерінің алуан түрлі материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандырады. Сайып келгенде, материалдық өмірдің өндіріс тәсілдері өмірдің жалпы, әлеуметтік, саяси және рухани процестерін қамтамасыз етеді. Ол әр түрлі дәрежеде қоғам өмірінің аталмыш салаларының дамуына ықпал етеді. Бұл тұрғыдан алғанда өндіріс тәсілі қоғамның өмір сүруі мен дамуының материалдық негізі болады.

Өндіріс тәсілі өзінің негізі жағынан өндіргіш күштер мен өндіріс қатынастарын біріктіруші ретінде көрінеді. Өндіргіш күштерге ең алдымен білімі, дағдысы және өнеркәсіптік қызмет тәжірибесі бар адамдар, сонымен қатар олардың өндірісте қолданатын еңбек құралдары мен заттары, *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинения. 2 изд. М.: Политиздат, 1961. Т. 21. С. 306. *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинения. 2 изд. М.: Политиздат, 1955. Т. 3. С. 31. Сонда. 7-б.

36

өндірістік ғимарат, энергия көздері, транспорт және т.б. жатады. Өндірістік қатынастар — бұл адамдардың өндірістік қызмет процесі барысында қалыптасатын, ең алдымен олардың өндіріс құралдарымен қатынастары. Өндіріс құралдарының кімнің меншігінде болуына байланысты, өндіріс процесінде әрқилы адалдар әр түрлі орындарға ие болады, айталық, біреулер өндірістің иелері болса, басқалары - жалдамалы еңбеккерлер. Өндірістік қатынастар сондай-ақ, еңбек бөлінісі мен өндіріс құралдарына меншіктік қатынастардың негізінде болатын адамдардың қызметтерін өзгертулерінен де көрінеді, жүзеге асады. Тұжырымдай айтар болсақ, өндірістік қатынастар - бұл өндірілген қоғамдық өнімдерді бөлу, оларды айырбастау және тұтыну арқылы жүзеге асатын адамдардың қатынастары. Бұл қатынастардың мазмұнын, түптеп келгенде, өндіріс құралдарына меншіктік қатынастар анықтайды.

Маркстік әлеуметтану өндіргіш күштер мен өндіріс қатынастарының өзара диалектикалық әрекетте болатынын жан-жақты дәлелдеді. Адамдар саналы түрде және алдына белгілі бір мақсат қойып, өндірістік қатынастарға түскеніне қарамастан бұл қатынастар өндірістік қызметтің объективтік жағдайларының шешуші ықпал етуі арқылы қалыптасады. Мұның соңғысына адамдардың және өндірістің объективтік қажеттіліктері, сонымен қатар өндіргіш күштердің даму деңгейі мен сипаты жатады. Қоғамның өндіргіш күштерінің тікелей өндірістік қатынастардың мазмұнын анықтайтыны сөзсіз. Олар алдарына өндіргіш күштердің дамуына барынша ықпал жасайтын, оларды оңтайлы қолдануға және сонымен бірге өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруға септігін тигізетін, адамдардың қажеттілігін мейлінше толық қанағаттандыратын өндірістік қатынастарды орнататын объективті талаптар қояды.

Осы талаптарға қалыптаса бастаған өндірістік қатынастар сәйкес келуі тиіс. Егер өндірістік қатынастар өндіргіш күштердің дамуына және тиімді пайдаланылуына ықпал етсе, онда қоғам тығырыққа тіреледі, экономикалық дағдарыстық жағдай пайда болады, өндірістің құлдырауы басталады. Осының бәрі қоғам алдына ескі өндіріс қатынастарын жаңамен, прогрессивтілерімен алмастыру талабын қояды. Сонда ғана ол өндіргіш күштердің қазіргі дамуының талаптарына сай келетін болады. Осы объективті қажеттілікті адамдар ерте ме, кеш пе түсінеді де, оны практикада жүзеге асырады. Бұл неғұрлым ерте басталса — қоғам үшін соғұрлым тиімді. Егер басқаша болса, өндірістік қатынастарды жаңалау процесі ұзаққа созылыш кетсе, немесе оны тиімді іске асыра алмаса, онда қоғам үлкен экономикалық және әлеуметтік шығындарға ұрынады, ал оның азаматтарының көпшілігі ауыр халге түседі және қайыршылықты басына кешіруге мәжбүр болады.

37

Өндірістің өсуіне нақты ықпал ететін, сөйтіп халықтың өмір деңгейінің артуына жағдай тудыратын өндірістік қатынастардың формаларын енгізуге ықпал жасау қажет. Әрине, әлеуметтану үшін адамдардың өндірістік қызметінің неғұрлым күшті мотивтерін анықтау, сонымен қатар сол аталмыш жүйелердің бүкіл еңбекшілерінде құнды бағдарларды қалыптастыру маңызды міндеттер болып қалады.

Қоғам өміріндегі материалдық өндірістің рөлі мен маңыздылығын көрсете отырып, маркстік әлеуметтану тарихи прогреске ғылыми сараптама жасауға, оның объективті заңдарын талдауға көп мүмкіндік берді. Әңгіме материалдық өндірістің объективті даму заңдары және оның қоғамдық өмірдің басқа жақтарына, жалпы қоғамға ықпалы жөнінде болып отыр. Бұл заңдарды ашу және талдау тарихты идеалистік тұрғыда түсінуден материалистік ұғынуға өтуді мейлінше тездетті.

Маркстік әлеуметтану бойынша қоғам ең алдымен қоғамдық қатынастар жүйесі болып табылады. Бұл жүйе экономикалық, саяси, құқықтық, діни және басқа да қатынастардан құралады. Бұл жерде олардың әлеуметтік мазмұны – қоғамдық қатынастарды сұрыптаудың негізі етіліп алынған. Егер де оның субъектілерінен бастайтын болсақ, онда әлеуметтік топтардың арасындағы қатынастарды бөліп айтуға болады сонымен қатар таптық және ұлттық қатынастарды, қала мен ауыл адамдарының арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы қатынастарды, отбасылық қатынастарды, тұлға мен қоғам, тұлға мен әлеуметтік топ, ұжым арасындағы қатынастарды, тұлға аралық қатынастарды айтуға болады.

Барлық қоғамдық қатынастар өзара органикалық байланыста және бір-бірімен тікелей немесе жанама қарым-қатынаста болатын адамдардың өзара тәуелділігі мен өзара әрекетін көрсетеді. Бұл қатынастардың және олардың өзара байланысының объективтік негізі - ең алдымен қоғамдық еңбек бөлінісі және адамдар қызметінің әр түрінің дамуы. Өйткені марксизм қоғамды зерттеудің бастауы етіп тек индивидгерді ғана алып қоймайды, олардың түрлі қызметінен туындайтын әлеуметтік бай-

ланыстар мен қатынастарды алады. Маркстің сөзімен айтқанда, қоғам индивидтердің бір-бірімен болатын байланыстары мен қатынастарының жиынтығын көрсетеді. Қоғамның құрылымы өзіне тән қоғамдық қатынастардың құрылымы ретінде көзге түседі.

Барлық қоғамдық қатынастар, марксизм бойынша, материалдық және идеологиялық болып бөлінеді. Материалдық қатынастар адамдардың санасы мен еркінен тыс қалыптасып, көрінеді. Бұл олардың ең алдымен экономикалық, өндірістік-технологиялық қатынастары, сондай-ақ олардың

Маркс., Энгельс Ф. Сочинения. 2 изд. М., Политиздат, 1965. Т. 46. С. 214.
38

табиғатқа деген материалдық қатынастары, идеологиялық қатынастар, бұлар осылай болып қалыптасқанға дейін адамдардың санасы арқылы өтеді, яғни саналы түрде пайда болады. Оған адамдар арасындағы саяси, құқықтық, эстетикалық, адамгершілік, діни қатынастар жатады. Әрине, бұл қатынастардың да объективтік негізі бар және адамдардың оған деген объективтік қажетінен пайда болады. Бірақ олар өуел бастан-ақ адамдардың санасымен, айталық, қайсыбір идеологтардың, саяси немесе діни қайраткерлердің және т.б. саналы түрде қалыптастыруы арқылы саяси бағдарламалар, құқықтық және адамгершілік нормалары, діни идеялар негізінде құрылады.

Идеологиялық қатынастардың қалыптасуының объективтік негізіне келсек, онда оның өзінен тікелей көрінетін саясат, құқық, мораль, т.б. салаларымен қоса, қоғамдық өмірдің материалдық саласы да аңғарамыз.

Оның объективтік негізі болғандықтан, ол адамдар санасының тікелей әсерімен, олардың экономикалық қатынастарының ықпалымен қалыптасқан әлеуметтік шындық (ақиқаты) маңызды түрде құрушы ретінде өмір сүруге мүмкіндік алады. Олардың өмір сүруі саяси, құқықтық, діни және басқа да ұйымдар мен институттар арқылы жүзеге асады. Олардың рөлі мен маңыздылығы зор және әрдайым артып отырады.

Қоғамдық қатынастардың мазмұнын негізге ала отырып, қазіргі марксистік әлеуметтанушылар қоғамдық өмірді экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани деп бірнеше салаларға бөледі.

Қоғамдық өмірдің экономикалық саласы - материалдық игіліктерді өндіретін толық көлемдегі өндірісті, өнімді, айырбастауды және тұтынуды қамтиды. Бұл - өндіріс тәсілдерінің өмір сүруі, қазіргі ғылыми-техникалық прогресті өмірге тікелей енгізу, тауар-ақша қатынастары, адамдардың материалдық қажеттіліктерін (мұқаждықтарын) және мүдделерін қанағаттандыру саласы болып есептеледі. Дәл осы жерден экономикалық, қоғамдық сананың шындыққа тікелей айналуы және экономиканы басқару институттарының қызметі жүзеге асады. Экономиканың аталмыш объективтік және субъективтік факторларының тұтастықта өмір сүруін зерттеу қажеттілігі туады. Бұл оны қоғамдық өмірдің ерекше саласы етіп бөліп көрсетеді. Қазіргі көптеген әлеуметтанушылар өздерінің ғылыми бағыптағы еңбектерін қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-

экономикалық процестерді зерттеуге бағыттап отыр.

Әлеуметтік сала - бұл қоғамда бар үлкенді-кішілі әлеуметтік топтардың және ұлттық қауымдастықтардың өмірлік қызметінің әлеуметтік жағдайынан туындайтын өзара әрекет саласы. Мұнда: адамдардың өндірістік қызметі үшін керекті жағдайлар жасау; қоғамда жасалған материалдық және рухани игіліктерді тұтынуда әлеуметтік әділдікті сақтау; қоғамның

39
әлеуметтік жіктелуінен келіп шығатын қарама-қайшылықтарды шешу; әлеуметтік-таптық және ұлттық қатынастарды реттеу; түптеп келгенде, жоғарыда аталған субъектілердің әлеуметтік мүдделерінің өзара әрекет етуін реттеп отыру мәселелеріне көңіл бөлу негізгі тақырыпқа айналуға. Бұл осы саланы зерттеуші әлеуметтанушылардың негізгі объектісіне және мемлекеттің әлеуметтік саясаттағы басты объектісіне айналып отыр.

Саяси салаға ең алдымен қоғамда өмір сүріп отырған саяси қатынастардың бүкіл жиынтығы енеді. Оның шеңберінде әр түрлі саяси партиялар, ұйымдар, мемлекеттік және өзге де саяси институттар әрекет етеді. Олардың қызметі әр түрлі субъектілердің, яғни әлеуметтік топтар мен жіктердің, ұлттардың, тұлғалардың саяси мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған. Олардың бұл мүдделері өкімет билігінің іске асуымен, сонымен қатар саяси құқық пен еркіндіктің жүзеге асуымен байланысқан. Саяси сала - шын мәнінде қоғамдық саяси жүйенің өмір сүру саласы. Соның арқасында әр түрлі әлеуметтік субъектілер өздерінің саяси көзқарастары мен мақсаттарын өмірге енгізеді. Қазір жүріп жатқан әлеуметтік процестер адамдардың қоғамдық санасын мейлінше саясаттандыруда, олардың саяси белсенділігін арттыруда. Соның нәтижесінде қазіргі қоғам өмірінде саяси саланың рөлі мен маңыздылығы артып отыр.

Қоғамдық өмірдің рухани саласын ғылым, білім, тәрбие, мораль, өнер, дін құрайды. Бұлар әрбір адамның мінез-құлқы мен қызметіндегі рухани бастауларды нығайтады,

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін осының бәрі белгілі бір дәрежеде жастарға және өзге де қоғамдық жіктерге білім мен тәрбие беру міндеттерін, сонымен қатар ғылым мен мәдениеттің даму міндеттерін шешетін көптеген әлеуметтік институттардың қызметіне, құзырына бағындырылған. Қазіргі жағдайда адамдардың рухани дүниесін қалайша сақтап қалуға және байытуға болады дегенге келсек, әрбір адам өзінің мүддесімен бірге басқа адамдардың мүддесін қорғауы үшін олардың бойындағы жоғары және игі идеалдарды ояту керек. Негізгі проблема, міне, осы болып отыр. Сонда ғана қоғамдық өмірдің небір күрделі міндеттерін шешуге көмектесе алатындай қабілетті, әрбір тұлғаның абыройын жоғары ұстауды нығайтуға ықпал ететін, осы арқылы бүкіл халықтың, қоғамның және мемлекеттің абыройын нығайтуға қабілеті бар адам мен бүкіл қоғамды қалыптастырамыз, бұлардың рухани саулығының көрініс табуына әсер етеміз.

Қоғамдық өмірдің аса ірі салаларының өмір сүруі мен дамуын зерттеу - қоғамды тұтас әлеуметтік организм ретінде талдау мен сипаттау үшін аса маңызды. Қоғамның тұтастығы оның мызғымастығында ғана емес.

Қоғам тұтастықгығы өз ішінде бөлімдерге бөлінген, сондықтан қоғам-
ныңші өзіндік құрылымы бар. Қоғамдық өмірді аталмыш салаларға бөлу
40

бұл салалардың өмір сүру мазмұны мен ерекшеліктерін, олардың объек-
тивтік арақатынасын және өзара тәуелділігін анықтап, қоғамды құрылым-
дардың тұтастығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Олардың өзара
әрекетінің сипаты туралы ғылыми түсінік арқылы бүкіл қоғамның дамуы-
на саналы ықпал жасауға болады.

Марксизмнің қоғамды тұтас әлеуметтік организм ретінде қарау жөнін-
дегі ілімі оның қоғамдық-экономикалық формация ұғымынан көрініс
тапты. Бұл ұғым өзіндік экономикалық базисі, ерекше әлеуметтік құры-
лымы, саяси қондырмасы және рухани өмірі бар біртектес қоғамдарға
ортақ және мәнді ерекше белгілерді көрсетеді. Бірдей әлеуметтік-эконо-
микалық формация әр түрлі елдерде өзінше ерекше көрініс табады, бұл
олардың жанама белгілерімен, дәлірек айтқанда, сол елдердің тарихи даму
ерекшеліктерімен байланысты болады.

Қоғамдық-экономикалық формация өзіне тән өндіріс тәсілі, әлеумет-
тік құрылымы, саяси жүйесі және рухани өмірі бар нақты тарихи қоғам
типін ретінде көрінеді. Сол немесе басқа қоғамдық-экономикалық форма-
ция қоғамдық дамудың әр түрлі деңгейінде тұрған және оның белгілерін
әр түрлі дәрежеде белгілейтін қоғамдарды біріктіре алады. Бірақ бұл қоғам-
дардың ең мәнді белгілері бірдей, соның арқасында ортақ объективтік
заңдармен дамиды бір ғана қоғамдық-экономикалық формацияны
қалыптастырады.

Қоғамдық-экономикалық формация ілімі сынға алынғанымен, қоғам
өмірінде және тарихи процесті талдауда әлі де өз құндылығын жойған
жоқ. Марксизмнің тұтастай әлеуметтік организм ретіндегі қоғам жөнін-
дегі ілімі өте мұқият әзірленген және бұл туралы мейлінше нақты түсінік
береді.

Марксизм әлеуметтануының маңызды ережесінің бірі - қоғам дамуы-
ның объективтік заңдары туралы ереже. Бұған ең алдымен қоғам даму-
ындағы өндіріс тәсілінің рөлін анықтайтын заң, өндірістік қатынастар-
дың сипаты мен деңгейінің өндіргіш күштердің дамуына сәйкес келу
заңы, қондырмаға қарағанда экономикалық базистің анықтаушы рөлі
заңы, қоғамдық болмыстың біріншілігі және қоғамдық сананың екін-
шілік заңы енеді.

Қоғамдық-экономикалық формация мен қоғам дамуының объективті
заңдары туралы маркстік ілімдер - адамзат дамуын объективтік және
занды табиғи-тарихи процесс ретінде қарастырып, бір қоғамдық-эконо-
микалық формация екіншісімен, прогрессивтімен ауыстырылатынын
көрсетуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты К. Маркс пен Ф. Энгельс қоғамдық-экономика-
лық формациялардың архаикалық, экономикалық, коммунистік типтерін
41

атап көрсетті. (Алайда, әдебиеттерде бұрынғы бес формация пайдаланы-

лып келеді: алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және коммунистік). Бұлардың әрқайсысы өзіне тән өндіріс тәсілімен, әсіресе өндірістік-экономикалық қатынастар жүйесімен ерекшеленеді. Сайып келгенде, осылар әрбір формацияның әлеуметтік құрылымының, саяси жүйесінің және рухани өмірінің ерекшеліктерін анықтайды. Соның нәтижесінде олардың әрқайсысы белгілі сападағы қоғам типі ретінде көрінеді. Марксизм іліміне сәйкес қоғамдық-экономикалық формацияның алмасуы негізінен өндіріс тәсілдерінде ірге тепкен экономикалық алғышарттардың ықпалымен болады, онымен байланысқан осы процестердің басқа да факторлары, сонымен бірге әлеуметтік-саяси, идеологиялық және рухани мәдениет саласына қатысты алғышарттары да әсер етеді. Шындығында бұл революциялық процесс, оның барысында қоғамның бір типі екіншімен алмастырылады. Әлеуметтік революцияның материалдық алғышарты бар, ол шиеленісіп терендеген ескі экономикалық қатынастардың қоғамның прогрессивті дамуындағы өндіргіш күштерімен сәйкес келмеу шарты. Дамушы өндіргіш күштер үшін ескі өндіріс қатынастары шеңбері тарлық жасайды, олардың дамуы баяулайды, соның салдарынан өндіріс тәсілінде дағдарыстық жағдай қалыптасады. Өндіргіш күштердің кең қанат жайып дамуы, қоғамдық өндірістің көтерілуі және осыған байланысты қоғамдық дамудың басқа да проблемаларын шешуді қамтамасыз ететін ескі өндірістік қатынастарды жаңамен өзгертудің объективті қажеттілігі туады. Адамдардың қажеттіліктері мен мүдделерін барынша толық қанағаттандыратын, тарихи прогрессивті формацияға өтудің диалектикасы осы.

Әлеуметтанудың атасы атанған ойшылдар Э. Дюркгейм мен М. Вебер әлеуметтану ілімдерін өздерінің тың көзқарастары арқылы одан әрі дамытты.

4. Э. Дюркгейм мен М. Вебердің әлеуметтану жөніндегі тұжырымдамалары

Француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм (1858-1917) әлеуметтану ғылымын дамытуға елеулі үлес қосты. Ол көптеген ғылыми еңбектер жазды, соларың арасында оның негізгі туындыларына «Қоғамдық еңбек бөлінісі туралы» (1893), «Әлеуметтанулық әдістің ережелері» (1895), «Өзіне-өзі қол салу» (1897), «Діни өмірдің қарапайым формалары» (1912) жатады.

Маслов Н.Н. Политическая история СССР: предмет, содержание, задачи. М.: Знание, 1991. С. 23.

42

Э. Дюркгейм қоғамдық өмірде болатын құбылыстарды индивидуалдық және психологиялық тұрғыдан түсіндіруге қарсы шықты. Бұл көзқарастар бойышша адамның мінез-құлқы мен жалпы тарихи процесті саналы түрде ұғыну, психологиялық факторлар, яғни адамдардың әуестігі, талаптануы және мүдделері негізгі рөл атқарады. Ол өзінің әлеуметтік

реализм теориясында қоғамдық құбылыстардың табиғатыш әлеуметтік факторлармен түсіндіру керек деп пайымдап, индивидгердің, әлеуметтік топтардың және әлеуметтік институттардың өзара әрекет ету жүйесі ретіндегі қоғам адамдардың мінез-құлқына, олардың сан салалы қызметіне талдау жасаудың түп-төркіні, бастауы болады деп санады. Мұнда әлеуметтік орта үлкен рөл атқарады. Дюркгеймнің әлеуметтік реализм көзқарасының негізгі ережелері осылар.

Дюркгейм «социологизмінің» басты принципі мен ерекшелігі - оның әлеуметтікті әлеуметтікпен түсіндіруінде еді. Бұның мәні- құндылықтар мен идеялардың әлеуметтік нормаларда жүзеге асуы мен әлеуметтік реттеушіліктің тұтқасына айналуында. Қалыпты жағдайда сыртқы әлеуметтік детерминация адамның құнды бағдары арқылы іске асады. Нормалар мен құндылықтар әлеуметтік құбылыстың, жалпы эмпирикалық өмірдің екі жағына айналады. Әлеуметтік нормалар әлеуметтік факторлар сияқты мәжбүр ету сипатында болады, яғни адамды солардың мазмұнына сәйкес әрекет етуге күштейді. Дюркгеймнің ғылыми айналымға құндылықтар және құнды бағдарлар ұғымдарын енгізуіне байланысты оның әлеуметтануының жаңа қырлары көрінді: егер де сырттан әсер етілетін мәжбүр етуге сүйенбей, қоғамның адамгершілік беделіне, адамдардың адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге көңіл бөлінетін болса, әлеуметтік нормалар да соғұрлым тиімді болады.

Э. Дюркгейм әлеуметтанудың ғылыми әдістерін дайындауды қолдаушылардың бірі болды. Мұндай әдіс кезінде байыптылық, яғни қоғамдық өмірдегі құбылыстарды түсіндіруде қатаң логикалық әдіс сақталу керек, дейді ол. Өзіне дейінгілердің негізінен алғанда қоғам дамуы туралы ойша, дерексіз теориялар жасауға көп көңіл бөлгенін және олардың әлеуметтік факторларды зерттейтін ғылыми әдіс әзірлеумен аз айналысқанын айта келіп, әлеуметтанудың әдісін дайындауды қолға алады. Оның пікірінше, әлеуметтану - әлеуметтік факторлар туралы ғылым. Бұл дегеніміз - адамдардың ұжымдық санасы қалыптастырған саяси, құқық, мораль, діни және басқа да идеялар, нормалар мен құндылықтар және жекелеген индивидтерді осы идеялар, нормалар мен құндылықтарға сәйкес қалыптастыруға мәжбүр етушілік.

Адамдардың күнделікті өмірде іске асыратын идеялары мен рухани құндылықтарын әлеуметтік құбылыстардың соңғы себептері ретінде

43

қарастырады. Олардан кез келген әлеуметтік эволюцияның қайнар көзін көреді. Әңгіме ұжымдық сананың көрінісі ретіндегі идеялар мен рухани құндылықтар туралы болып отыр.

Жеке адамдарға қатысты әлеуметтік нормалар, құндылықтар және өзге де қоғамдық сананың көріністері объективті өмір сүреді. Әрбір адам қалыптасқан белгілі бір саяси, құқықтық, моральдық және басқа да нормаларға, құндылықтарға және әлеуметтік нұсқауларға кезігеді. Адам болса оларды меңгеруі қажет және күнделікті өмірде іске асыруы тиіс. Осыған байланысты Дюркгейм әлеуметтік фактілердің екі негізгі белгілерін көр-

сетеді: жеке индивидтерге қатысты олардың объективтік өмір сүруі және олардың адамдарға мәжбүр ету ықпалы. Осылар арқылы Дюркгейм адамға әлеуметтік тіршілік иесі деп қарайды, оның дамуы мен қызметі әлеуметтік нормалар жарлықтардың ықпалымен жүреді. Әлеуметтік фактілердің ортақ рухани табиғаты және мәні бар. Олардың бәрі топтық немесе бұқаралық сананың көрінісі. Олар адамдарға ұйымдасқан саналы ықпал етеді және әлеуметтік институттар, соның ішінде құқықтық, діни, т.б. арқылы жүзеге асады.

Дюркгейм қоғамдық болмыс формасы немесе қоғам құрылымы мен жеке «материалдық» бөлімінің формасын қарастыратын әлеуметтік морфология деп аталатын фактіні ұжымдық сана немесе түсінікке қарсы қойды,

Морфологиялық фактілер — «материалдықты» қоғамның сандық аспектісін, оның субстратын, ал ұжымдық сана рухани, саналы аспекті болып саналатын «ұжымдық түсінікті» құрайды.

Сөйтіп, Дюркгеймнің әлеуметтік фактілер жөніндегі ілімінде қоғам мен тұлғаның өзара әрекетін түсінуге мүмкіндік беретін қажетті, маңызды ережелер қалыптасқан, топтық, ұжымдық сананың рөлі көрсетілген. Осының бәрі әлеуметтанудың ғылым ретіндегі шынайы пәні болып саналады.

Дюркгеймнің қоғамда болатын Қалыптылық пен патологияның өзгешеліктері туралы, әлеуметтік аурулар және оларды жоюдың жолдары жөніндегі ілімдері аса маңызды. Қалыпты және патология қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды, соның ішінде қылмыстарды, дағдарыстарды, т.б. интерпретациялауда қолданылға. Дюркгеймнің пікірі бойынша, нормальды — бұл әлеуметтік организм ретіндегі қалыпты өмір сүру жағдайынан келіп шығады. Қылмыс және басқа да әлеуметтік аурулар қоғамға зиян келтіріп, жат қылыққа ұшыратса да, қалыпты болып саналады, өйткені олар белгілі бір қоғамдық жағдайда ірге тепкен және пайдалы да қажетті қоғамдық қатынастарды қолдап отырады.

Өзі кең түрде қолданып келген оның қалыпты түсінігі Дюркгеймді күтпеген қорытынды жасауға, кейде релятивизмге әкеп соқтырды.

44

Мысалы, кез келген қоғамда кездесетін қылмысты ол қалыпты құбылыс ретінде қарастырды. Керісінше, XIX ғасырдың соңында өзін-өзі өлтірушілердің санының артуы және экономикалық дағдарыстың кейбір типтері патологиялық деп сипатталды. Қоғамның қалыпты қалпын жоспарлы экономиканың дамуы және еңбек қатынастарын нормативпен реттеуден туады деп түсіндірді.

Сонымен қатар әлеуметтік саулық, Дюркгеймнің пікірі бойынша, индивидтің, ұжымның немесе қоғамның өмірлік күштерінің қалыпты дамуында, олардың орта жағдайларына бейімделу қабілеттерінде, оларды өз дамуларына қолдана білуінде. Қоғамның дамуына және адамдардың тұрмыс жағдайын жақсартуға ықпал ететіндердің бәрі пайдалы және қажетті деп танылуы керек. Қоғамның ауруы оның кез келген саласында пайда болуы мүмкін. Егер қоғам тұтастай ауру болса, оны әмбебап емдеу

кажет. Дюркгейм қоғамның моральдық және саяси сауығыуына үлкен маңыз береді.

Қоғамның қалыпты емес қалпына аномия жатады, бұл - индивидтердің мінез-құлқын нақты моральдық реттеу әдісінің болмауынан қалыптасатын қоғамдық жағдай. Дюркгейм аномияны түсіндіруді әлеуметтік функциялардың арасын реттеп отыратын ережелердің әзірленбеуінен іздестірді. Ол реттеуге көнбейтін бәсекелестіктің, таптық шиеленістердің, ескішіл еңбектің және жұмысшы күштерінің деградациясының болуын өндіріс пен еңбек бөлінісінің жедел түрде асқынатын сырқаты ретінде анықтады.

«Қалыпты емес формаларды» жоюда Дюркгейм шиеленістерді бейбіт жолмен шешуді, күрес пен бәсекелестікті көңілге сыйымды мөлшерде бәсендетуді, таптар қатынастарын қатаң реттеуші ережелер жинағын шығаруды, әділеттілікті және тендікті енгізуді ұсынды.

Дюркгейм қоғамдық құбылыстарды зерттеуде, әлеуметтік фактілерді түсіндіруде себептік және функционалдық талдауды әлеуметтанулық зерттеудің маңызды әдісі етіп қарастырады.

Себептік түсіндірудің мәні - әлеуметтік құбылыстың әлеуметтік ортаға тәуелділігіне талдау жасауда.

Функция ұғымын Дюркгейм биологиядан алады, ол бойынша физиологиялық процесс мәліметтері мен организм қажеттілігінің арасында сайма-сай келетін қатынастар бар. Осы ережені ол әлеуметтік терминге айналдырып, әлеуметтік құбылыстың немесе институттың функциясы — институт пен қоғамның кейбір қажеттіліктерінің арасындағы сәйкестіктерді жөнге салу, деп түсіндіреді.

Дюркгейм социологизмінің айқын көрінісінің бірі - оның, дін тұжырымдамасы. Діннің шығу көздерін ол қоғамнан іздеуді ұсынды. Австралия

45 тотемизмін зерттеген ол діннің шығуын алғашқы қауымдық құрылыммен, оның әлеуметтік ұйымымен байланыстырады. «Дін әлеуметтік ортаның жемісі» деген тұжырым жасап, қоғамның одан басымдылығын мойындайды. Алғашқы қауымдық дінді зерттеп, одан қазіргі «күрделі» қоғамның бейнесін көрген Дюркгейм тотемизмнің ерекшеліктерін қазіргі діндерге көшірді және діни жүйенің басты элементі ретінде құдай идеясын жоққа шығарды. Оның пікірінше, сенушілердің құдайы тек «қоғамның фигуральды көрінісі», ал бұған керісінше құдіретті принцип - «қоғам басқаларға қарағанда гипостазданған және басқа түрге айналғыш».

Осыдан келіп мәдениетке, тұлғаға, сонымен қатар адамзат ойлауының негізгі заңдылықтарына діннің шексіз ықпалы жасалады. Қоғам діни сенім мен догматтардың авторы және пәні, ол дінді жасайды және дінге табынуға итереді, қоғам - бір мезгілде құдай және табынушы. Дюркгейм дінге символдық жүйе ретінде де қарайды. Алғашқы қауымдық тотем алғашқы адамдардың қандай топқа жататынын анықтаушы символ ретінде түсіндірілді. Материалдық мәдениеттің өзге заттары белгілер ретінде қарастырылды, солардың көмегімен белгілі бір тарихи дәуірдегі ұжымдық санаға

үнілуге мүмкіндік туды. Әлеуметтанулық сараптама бұл жүйенің базисі қызметін атқаратын реалдықты, яғни қоғамды көруге тиісті еді. Дін символдық белгілер жиынтығы ретінде қарастырылды. Сол белгілердің көмегімен діннің қоғамдық интеграторлығы мәдениетті таратушы қызметтерді жүзеге асырып отырды.

Діннің басты компоненті, Дюркгеймнің пікірінше, оның догматтық бөлімі емес, жораларды атқарудағы ұжымдықтан көрінетін діннің практикалық қызметі. Белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді білдіре отырып, дін қажетті қоғамдық міндеттерді атқарады. Дюркгейм табыну практикасындағы негізгі әлеуметтік қызметтерді атап көрсетті: тәртіпке шақыру, немесе мәжбүр ету және бақылау қызметі, соның негізінде әлеуметтік бірлік нығайтып, бекиді; жаңадан өндіру міндеті, бұл жаңа ұрпаққа әлеуметтік-мәдени мұраларды берудің және оның жандануының көмегімен іске асады; эйфориялық міндет, бұл әлеуметтік аман-есендік қуаныш сезімін қалыптастырудан тұрады. Діни ырымдар, ғұрыштар маңызды әлеуметтік міндеттер атқарады, қоғамның әлеуметтік ынтымақтастығын қолдауға және нығайтуға қызмет етеді, ал индивидуалдық деңгейде адамның өз күшіне сенімін арттырады.

Дюркгейм дін ұғымын діннің басты компоненттерінен, яғни құдай, т.б. айырып, дінді кез келген әлеуметтік объектіге қатысы бар наным мен ырымдардың жүйесі ретінде кеңірек көлемде түсіндіреді. Түптеп келгенде, дінді уақыттан тыс тұрған, мәңгі сипатталған, кез-келген қоғамдық типте ұқсастығымен көрінетін абстрактілі идеологиямен теңестірді.

46

Дюркгеймнің маңызды зерттеулерінің бірі мораль болды. Оның табиғатын, шығуы мен атқаратын қызметтерін баяндауда Дюркгейм әлеуметтану тұжырымдамасын басшылыққа алды. Моральды өзінің ерекшелігіне орай, ол әлеуметтік жағдайдан, әлеуметтік ортадан, әлеуметтік құрылымнан туындайды.

Дюркгейм моральды мінез-құлықтың объективтік ережелерінің жүйесі ретінде қарастырып, жеке индивидтің мойындамасқа лажды қалмайтын олардың императивті, мәжбүр ету сияқты айрықша белгілерін де көрсетті. Моральдың басты белгісі ретінде борышты (парыз) атады, оны қолдау адамның моральдық қасиетін арттырады. Бұдан кейін Дюркгеймді қызықтырған моральдың еріктілік мәселесі, қажеттік, тартқыштық және моральдық құндылықтарға адамның мүдделі болу белгілері де оның назарынан тыс қалмады.

Моральдың әлеуметтік мәнін атап көрсеткен Дюркгейм, оның дін сияқты «құдіретті сипатын» ашып, индивидтен өзінің күшімен, беделімен асып тұратын қоғам моральдың қайнар көзі және объектісі екенін баяндады.

Моральды қоғамдық жағдаймен байланыстырса да, Дюркгейм әлеуметтік құрылымды түбегейлі өзгертетін қоғамдық идеалды қажет емес деп санады. Әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерге қоғамдық идеалды сәйкестендірсе жеткілікті деп есептеді. Сол кездегі қоғамдағы табиғаты жағы-

нан моральдық саналған дағдарыстың негізіне жалпы адамдар санасының сипаты мен мазмұнының өзгеруін алды. Нормалар мен құндылықтарды тез өзгерту қоғамда бұрын қалыптасқан тәртіпті жояды, соның салдарынан қоғамды моральдық жүгенсіздікке (хаосқа) әкеліп соқтырады. Дағдарыстан шығудың жолы - ол моральды ретке келтіруді күшейту.

Дюркгейм тұжырымдамаларында «ұжымдық ақыл» мен ұжымдық мүдделердің қорғаушысы міндетін қоғамның бұдан басқа да мәселелерін «ойлайтын және әрекет ететін» мемлекет атқарады. Либерализм рухында мемлекеттің рөлін баяндаған ол өкімет билігінің асыра күшеюі мүмкіндігін алдын ала көре білді. Мемлекеттің асыра бақылауынан тыс индивидті «екіншілік» немесе аралық әлеуметтік топтар - діни, өндірістік, т.б. қорғау қызметін атқаруға тиіс. Осыған байланысты Дюркгейм белгілі топтардың өкілдері ретінде индивидтердің мінез-құлқын реттеуші ерекше партикулярлық моральдық кодекстер идеясын ұсынды. Солай дегенмен де, Дюркгейм қоғамдық маңыздылығы дәрежесі бойынша моральдық ережелердің қатаң иерархиясын орнатуды талап етті. Отбасы, кәсіби және азаматтық мораль иерархиялық құрылымды құрады, оның биік шыңында мемлекеттен көрініс табатын жалпыадамзаттық құндылықтар мен идеалдар орналасты.

47

Мораль проблемаларын баян етуде Дюркгейм адамның екі жақты табиғатын пайымдаған антропологиялық теорияға сүйенді. Адамның биологиялық табиғаты (қабілеті, биологиялық функциясы, импульстері, құмарлығы) оның тәрбие жолымен (нормалар, құндылықтар, идеалдар) қалыптасқан әлеуметтік табиғатымен қарама-қайшылықта болады. Бұл қайшылықтарды тудыратын тоқтаусыз ішкі мазасыздық, шиеленіс сезімі мен үрейлену, бұлар тек қоғамның әрекетімен ғана шешіледі. Ол адамның биологиялық табиғатына бақылау жасайды, құмарлығын және тәбетін шектейді, оларды белгілі бір шеңберде ұстайды. Егер қоғам индивидтерге өзінің бақылауыш әлсіретсе, аномиялық жағдай қалыптасады, яғни қоғам мен индивид дезинтеграцияланады, теріс моральдық тәртіпке, ретсіздікке, бақылаусыздыққа әкеп соғады. Бұдан барыш өзіндік бір моральдық кеңістік пайда болады, соның салдарынан бұрынғы нормалар мен құндылықтар бұдан әрі өз рөлдерін орындамаңды, ал олардың жаңалары әлі нығайыш үлгермеген болатын.

Түптеп келгенде, Э. Дюркгейм қарастырған проблемалардың және оларды шешу тұжымдамаларының теориялық әлеуметтанудың іргелі проблемаларының қатарына жататыны даусыз, олар бүгінгі күнде де өз құндылығын жойған емес, әлі де пікір сайыстарын туғызып келеді.

Әлеуметтанудың дамуына он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмамыншы ғасырдың басында маңызды үлес қосқан неміс ойшылы Макс Вебер (1864-1920) болды. Оның әлеуметтануы қазіргі кезде қайта өркендеуде. М. Вебердің әлеуметтанулық көзқарастарының көптеген жақтары қайтадан ой елегінен өткізіліп, пайымдалуда. Оның дайындаған әлеуметтік таным методологиясы, түсіну тұжырымдамасы, идеалдық типтер тұжы-

рымдамасы, мәдениет, этика мен дін әлеуметтануы туралы ілімдері өмірде қолданылып отыр. М. Вебердің әлеуметтанулық көзқарастарының қалыптасуына түрлі бағыт ұстаған көрнекті ойшылдар ықпал етті. Солардың арасында Г. Риккерт, К. Маркс, Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Ф. Ницше және басқалары болды. Вебердің өзі көптеген ғылыми еңбектер жазды, солардың ішінде «Протестанттық этика және капитализм рухы», «Шаруашылық және қоғам», «Әлеуметтік-ғылымилық және әлеуметтік-саяси танымның объективтілігі», «Түсінуші әлеуметтанудың кейбір категориялары туралы», «Негізгі әлеуметтанулық ұғымдар» туындыларын атап айтуға болады.

М. Вебер көзқарасы тұрғысынан ой жүгіртіп, сараласақ, әлеуметтану ең алдымен адамның немесе адамдар топтарының мінез құлқын және әлеуметтік қызметін зерттеуі тиіс. Алайда, олардың кез келген мінезқұлқы мен қызметі әлеуметтанудың зерттеу пәні бола алмайды. Оның пәні, біріншіден, адамның және адам топтарының мақсаты және оған жетудің

48

құралдары, екіншіден, басқа субъектілерге бағытталған, яғни өз әрекеттерінің оларға тигізген ықпалын және олардың бұған жауап реакциясын есепке алуын қарастырады. Егер де әрекет өзге адамдар тарапынан жауап реакция алуға есептелмес айталық, машиналар немесе табиғат тарапынан болатын жауапты Вебер әлеуметтік деп санауға болмайды дейді. Сонымен бірге еліктеу әрекеті де әлеуметтік әрекет қатарына жатпайды. Әлеуметтік әрекетті М. Вебер типтерге бөледі: 1) ұтымды-мақсатты әрекет. Бұл әрекет субъектінің саналы түрде алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылуымен сипатталады. Осы әрекетті іске асыру барысында басқа адамдар мен заттар құралдар ретінде қолданылады; 2) құнды-ұтымды әрекет - белгілі бір абсолюттік құндылыққа (этикалық, эстетикалық, діни, т.б.) саналы түрде жетуге бағытталған әрекет; 3) аффектілі әрекет, ол субъектінің көңіл-күйі мен сезімінен туындайды; 4) дәстүрлі әрекет, бұл қалыптасқан әдет-дағдымен іске асатын әрекеттің түрі. Әйтсе де, М. Вебер осы типтердің шартты екенін мойындаған, әлеуметтік әрекеттерді зерттегенде көп жағдайда аралас мотивтерді басшылыққа алған, себебі кез келген адамның әрекеті мотивтен туындайды. Нәтижесінде әрекет субъективтік мағынаға ие болады. Сөйтіп, М. Вебер әрекеттің мотивін, мақсатын ұғынуды әлеуметтік зерттеудің бірден-бір міндеті деп түсіндіреді. Өйткені қоғамдық қатынастар жеке адамдардың өзара әрекетінің нәтижесінен құралады. Әлеуметтік әрекеттер, Вебердің айтуынша, адамның немесе адам топтарының саналы пайымдалған өзара әрекет жүйесін, осыдан келіп олар түсінуші әлеуметтану деп аталатын түсіну пәнін құрайды. Мәселенің мәні мынада: егер де адамның әрекеті ойластырылған және іштей бірдемеге бағытталған болса, онда әлеуметтанушы бұл әрекеттердің мазмұнымен қатар, олардың басқа адамдар үшін қандай салдарлары болуы мүмкін екендігін көре білуі тиіс. Субъектінің осы қызметтегі мотиві, басшылыққа алған рухани құндылықтары есепке алынады. Басқаша сөзбен айтқанда, әлеуметтік әрекет субъектісінің рухани дүниесінің мазмұнын пайымдап,

түсіну қажет. Осы рөлде әлеуметтану түсінуші ретінде қарастырылады.

М. Вебер түсінуші әлеуметтану тұжырымдамасын жасап дамытты, оның міндеттеріне: біріншіден, адамдардың өз талаптарына ұмтылуы қандай ойластырылған әрекеттер арқылы іске асатынын және қандай дәрежеде, қандай себептермен бұларды олардың жүзеге асыра алатынын немесе асыра алмауын ұғынып, түсіндіру; екіншіден, әлеуметтанушыға түсінікті болған олардың талаптарының салдарлары басқа адамдардың мінез-құлқына қалай әсер ететінін ұғындыру негізге алынды.

Гайденко П. П., Давыдов Ю. Н. История и рациональность. М.: Политиздат, 1991. С. 72.

49

Субъектілерінің әлеуметтік әрекеттерін және олардың ішкі жан дүниесін түсіндіру түсінуші әлеуметтануда логикалық тұрғыдан болуы мүмкін, яғни ұғымдардың көмегімен пайымдалған және таза эмоционалды болуы ықтимал. Бұл жағдайда әлеуметтанушының түсінуіне «сезімдік», әлеуметтік әрекет субъектісінің ішкі жан-дүниесіне «төселу» арқылы қол жетеді. М. Вебер бұл процесті өз бойынан өткізу деп атаған. Адамдардың қоғамдық өмірі қалыптасатын әлеуметтік әрекеттерді қайсыбір деңгейде түсіну өз рөлін атқарады. Бірақ, Вебердің ойынша, әлеуметтік процестерді логикалық түсіну, оларды ғылыми деңгейде пайымдау өте маңызды. Олардың «сезімдік» деңгейде қол жеткен табысын М. Вебер зерттеудің қосымша әдісі ретінде сипаттады.

М. Вебер өзінің түсінуші әлеуметтануында құндылықтар проблемаларынан, соның ішінде мораль, саясат, эстетика, діни құндылықтар мәселелерінен айналып өте алмады. Бұл жерде әңгіме аталмыш құндылықтар жөніндегі субъектінің саналы түрдегі түсінігі туралы болып отыр. Өйткені олар субъектінің қызметі мен мінез-құлқының мазмұнын және бағытын анықтайды. Сонымен бірге әлеуметтанушы да белгілі бір құндылықтар жүйесін басшылыққа алады. Бұл оның зерттеуінің барысына және нәтижесіне сөзсіз әсер етеді. М. Вебер құндылықтар проблемасын шешудің жолдарын ұсынды. Неокантшылдар аталмыш құндылықтарды тарихтан да бұрын болды деп қарастырды. М. Вебер құндылықты қайсыбір тарихи дәуірдің қалыптасуы ретінде, дәуірге тән мүдделердің бағыттары ретінде қарастырды. Сөйтіп, тарихтан бұрынғы деп жүрген құндылықтар тарихқа қайтарылды. Құндылықтарды осылайша қарастыру адамдардың санасын, олардың мінез-құлқы мен қызметінің шындығын түсіндіру үшін аса маңызды. Бұл М. Вебердің әлеуметтік әрекет теориясын дамытуда маңызды рөл атқарады.

М. Вебердің келесі маңызды тұжырымдамасы идеалды типтер. Ол идеалды типке теориялық конструкция түрінде көрінген дәуірдің мүддесі ретінде қарады. Адамға аса пайдалы осы идеалды модель адамның өмір сүрген дәуіріндегі мүддесін объективті түрде көрсетеді. Осыған орай идеалдық типтер ретінде моральдық, саяси, діни және сол сияқты басқа да құндылықтар және олардан туындайтын адамдардың мінез-құлқы және қызмет көріністері, олардың мінез-құлық ережелері мен нормалары,

сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынас дәстүрлері болуы мүмкін.

Идеалды типтер қоғамдық күйдің бүкіл мәнін өкімет билігінің жағдайы, тұлға аралық қарым-қатынас, жеке адам және топтық сана және т.б. сипаттайды. Осының арқасында олар өзіндік ерекше критерийлерге айналады, соған сәйкес адамдардың рухани, саяси және материалдық өміріне өзгерістер енгізу қажет болады. Идеалды тип қоғамда орын алған дүние-

мен толық сәйкес келе бермейді, кейде өмір шындығымен қарама-қайшылыққа да түседі, сондықтан мұнда қиялдың да белгілері орын алған.

Қалай дегенмен де, идеалды типтер рухани және басқа да құндылықтар жүйесінің өзара байланысын көрсетумен қатар, маңызды әлеуметтік құбылыстар ретінде байқалады. Олар қоғамдық өмірде адамдардың ойлауы мен мінез-құлқына, ұйымдасушылығына мақсаттылықты енгізуге ықпал жасайды.

М. Вебер тарихи процесс барысында әлеуметтік әрекеттің ұтымдылық дәрежесі артады, бұл әсіресе капитализмнің дамуынан айқын көрінеді, ұтымдылықтың жүзеге асуы құқықтық мемлекет тұсында болады, құқықтық мемлекеттің өмір сүруі азаматтардың мүдделерінің өзара әрекеті, ол ұтымдылықпен толық байланысқан, олар заңға, сондай-ақ бәріне ортақ саяси және моральдық құндылықтарға бағынады, құқықтық мемлекет басқарушылар мен басқарылатындардың мақсатты-ұтымды және құнды-ұтымды әрекеттері негізінде дамиды, алайда, бұл әрекеттер тек мол пайда табу мотивінен туындап, қалған нәрсенің бәрін соған бағындырады, деп талдап көрсетті. Мұндай ұтымдылықты М. Вебер протестант дінін ұстаушылардың «шаруашылық этикасына» негізделген дей келіп, оны ерекше капиталистік рухпен байланыстырады. Діннің бәрі де белгілі бір «шаруашылық этикасын» ұстайды, әрі адамдар тіршілігіне қажетті мақсаттарды да белгілейді. Алайда, осыған қарамастан, діни аскетизмнің формалары әлі де әр түрлі болып келеді. Шығыс діндерінде — енжарлыққа еліктіру, о дүниелік аскетизм басым. Мұндай дін, әлбетте, капитализмге тән саналы да белсенді қызмет етуге мүмкіндік бермейді дей келіп, М. Вебер христиан, т.б. діндерге белсенділік, «ішкі дүние» аскетизмі тән, сондықтан олар құдайдың ырқына сәйкес адамдарды жерде тіршілік етуге бағыттайды деген тұжырымға келеді.

Капитализмдегі ұтымдылық идеясын М. Вебер ұтымды бюрократия тұжырымдамасымен ұштастырады. Бюрократия - капиталистік ұтымдылықты іске асырушы. Ұтымды бюрократияның болуының өзі капиталистік ұтымдылықтың ең жоғары көрінісі деп бағалайды М. Вебер.

Қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеуде М. Вебер таптарда болатын объективтік өзгешеліктерді мойындайды. Бірақ ол таптар ұғымын адамдардың экономикалық қауымдастығы тұрғысында қарап, өмір стиліне, жалпы намыс, бедел, т.с.с. жәйттерге негізделген статус, жай-жағдай ұғымына оны қарсы қояды. Дегенмен, қоғамда материалдық жағдайымен ғана ерекшеленіп қана қоймай, басқа да, айталық, өмір стилі, мәдениеті, санасы, т.б. белгілерімен ерекшеленетін әлеуметтік топтардың

өмір сүретіні мәлім. Осыған орай бұл өзгешеліктерді түбегейлі алып қарастырсақ, онда олардың экономикалық ерекшеліктермен салыстырғанда 51

екінші қатардағы ерекшеліктер екеніне көз жеткізуге болады. Вебер статус пен тапты бір-бірінен алшақ, ешқандай қатысы жоқ, тәуелсіз етіп көрсетеді. Нәтижесінде таптар мәселесі, күрделілігі мәз емес екінші қатарға қойылған. Жалпы бұл идея қазіргі батыс елдері әлеуметтануында кең тараған.

М. Вебер 83 еңбектерінде өкімет билігі жөніндегі көзқарасын анықтап тұжырымдады, негіздеді. Сөйтіп, ол өкімет билігін үш түрге бөлді: 1) заңды өкімет билігі; 2) дәстүрлі билік; 3) харизматикалық билік (харизматикалық ұғымы фектің «хориома», яғни құдай берген қабілет деген түсінігін білдіреді) Заңдастырылған өкімет билігі — қоғамда қалыптастып, өмірде басшылыққа алынып отырған тәртіптің заңдылығын мойындау негізінде құрылған биліктің түрі. Ал заңды биліктің таза түрі етіп бюрократиялық билікті алған. Бұл жағдайда чиновник жеке адам ретінде қарастырылмайды, керісінше, оны белгілі бір саяси функцияны атқарушы ғана ретінде қарастырады. Сондықтан адамдар чиновникке тұлға ретінде бағынбайды да, оны тек нормаларды іске асырушы ретінде ғана мойындайды. Дәстүрлі билік — ежелгі дәстүрлер, адамдардың заңды жәйттеріне, қасиетті деген сенімдерге сүйенген, сол дәстүрлердің негізінде іске асатын билік. Мысалы, патриархалдық билікте дәстүр бойынша билік ер адамның қолына шоғырланады. Харизматикалық билік — тұлғаның, көсемнің барлық адамдарда болмайтын ерекше сапаларына сенуден туындаған биліктің түрі. Бұған дәлел ретінде М. Вебер көріпкелдерді, балгерлерді, бақсыларды, соғыс батырларын, т.б. келтіреді. Міне, М. Вебердің қысқаша әлеуметтанулық көзқарастары осылар.

Классикалық кезеңнің әлеуметтанушыларының ілімдері мен тұжырымдамалары көптеген елдерге тарай бастады. Сондай елдердің бірі Ресей болды.

Громов И., Мацкевич А., Семенов В. Западная социология. СПб., 1997. С. 112-114.

52

ҮШІНШІ ТАҚЫРЫП

ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӨНІНДЕП ОЙДЫҢ РЕСЕЙДЕ ДАМУЫ (XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасыр)

Дүниежүзілік әлеуметтану ғылымының дамуына Рейсейлік әлеуметтанушылар да белгілі бір мөлшерде өз үлестерін қосты. Соның негізінде Ресейде Батыс әлеуметтанушыларыш бетке ұстап, қалыптасқан бірнеше мектептер мен бағыттар пайда болды. Олардың көзқарастары мен ілімдерінде ұқсастықтар мен айырмашылықтар баршылық. Үшінші тақырыпты соған арнап, екі мәселеге назар аударуды жөн көрдік: 1) XIX ғасырдың

екінші жартысындағы Ресей әлеуметтануында қалыптасып, дамыған әлеуметтанулық ілімдерге көңіл қойылды. 2) XX ғасырда осы елде әлеуметтанудың даму процесінің қалай жүргені сөз етілді. Мұндағы көзқарастарды осындай екі сұрақтың теңірегіне топтастырып қарастыру олардың даму эволюциясын жете қадағалауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

1. Ресей әлеуметтануындағы негізгі бағыттар мен ағымдар (XIX ғасырдың екінші жартысы)

Ресейдегі әлеуметтану ойының қалыптасуы мен дамуы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың үлесіне тиді. Ресейде әлеуметтану ғылымы саласында зерттеулер жүргізген көптеген ойшылдар шықты. Олар әр түрлі әлеуметтану бағыттары мен ағымдарын қалыптастырды. Географиялық идеядағы бағыт географ-ғалым әрі әлеуметтанушы Лев Ильич Мечниковтың (1838—1888) еңбектерінде анық байқалды. Л. И. Мечниковтың әлеуметтану теориясы тұрғысынан қарастырған мәселелері оның «Өркениет және ұлы тарихи өзендер» деген ірі еңбегінде баяндалды.

Социал-дарвинизмнің әлеуметтік заңдылықтарды механикалық тіршілік үшін күрес заңына ұқсастыру тұжырымдамасын жоққа шығарып, зерттеуші әлеуметтануды нақты ғылыми пәнге айналдыруды кездеді. Ол үшін, оның пікірі бойынша, қоғамдық өмірдің шынайы ерекшелікті заңдарын тұжырымдау, сонымен қатар әлеуметтік прогресс белгі-өлшемдерін барынша мұқияттылықпен анықтау қажет болды. Бірнеше тіршілік иелері ортақ мақсатқа бірлесе күш жұмсап жету үшін қай жерде жиналса, қоғам сол жерден басталады деп ойлап, Л. И. Мечников қоғамда кооперациялар, ынтымақтастық құруға тырысу анықтаушы болатынын атап керсетті.

Биологияның зерттейтін құбылысы жан-жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету жағдайынан тұратын болса, әлеуметтануды тек ынтымақтастық және күштерді біріктірудің көрінісі, яғни табиғаттағы кооперация факторлары қызықтырады.

53

Әлеуметтануды дүниедегі бір клеткалыдан бастап, адамдардың өндірістік кооперацияларына дейінгі ынтымақтастықтың бүкіл құбылыстарын қамтыған ғылым ретінде анықтап, Л. И. Мечников қоғам мен биологиялық организм арасындағы өнімдер ұқсастығын пайдалануға бағыт ұстады, сонымен қатар ол қарапайым биологиялық редуccionизмді жоққа шығарды.

Қоғамдық прогресс идеясы Л. И. Мечниковтың әлеуметтану тұжырымдамаларында маңызды орынға ие болды. Оның пікірінше, прогресс идеясы болмайынша адамзат тарихы тек оқиғалардың мағынасыз қоймасы болып қалады. Бұл тұрғыдан алғанда әлеуметтану міндеттеріне прогресс неден тұрады, қоғамның алға қарай дамуын қандай нақты белгі-өлшемдермен анықтап білуге болады деген мәселелерді қойды. Әлеуметтік прогресс жолындағы қоғамның эволюция дәрежесінің сандық индикаторы ретінде Л. И. Мечников адамдардың қол жеткізген ынтымақтастық деңгейіне көңіл аударды. Өйткені ол табиғатта болатын тіршілік үшін күресті ығыстырды. Ынтымақтастықтың адамдар арасындағы қарым-қаты-

нас ретінде ерікті түрде және күштеу арқылы айқындалғанына көңіл аударып, әлеуметтанушы бұл процестегі индивидтердің еркіндік дәрежесі сол өркениеттің прогрессивтілігінің басты өлшемі бола алады деп ойлады. Адамдардың ынтымақтастығы жүзеге асатын кооперациялардың тарихи типтері адамның ынтымақтастыққа қаншалықты қажеттілігін түсінуіне негізделеді. Тарих, Л. И. Мечниковтың пікірінше, кооперацияның еріксіз типіне (сырттан күш көрсетудің есебінен) бағынышты индивидтердің одағы арқылы, қоғамдық еңбек бөлінісі себеп болған, «мүдделерінің ортақтығының, өзінің бейімділігі және ынтымақтастыққа саналы тырысуының» арқасында қалыптасатын адамдардың ерікті ассоциацияларына бірте-бірте трансформациялану процесі. Әлеуметтік прогресс қоғамдық өмірде көрінетін күштеу, зорлау немесе билікке кері келетін болса, керісінше, еркіндік пен өзіндік сананың даму деңгейіне тікелей байланыста болатынын айта келіп, ойшыл бұл процестің механизмдерін, тарих кезеңдерінің ауысу кезеңдерін анықтауға тырысты.

Географиялық мектептерге тән тұжырымдама тұрғысынан қарастыруды басшылыққа алған Л. И. Мечников сыртқы орта мен сол ортаны мекендеген адамдардың кооперация және ынтымақтастыққа жеткізетін қабілетінің арасынан өркениет эволюциясының қайнар көзін іздестірді. Орта, Л. И. Мечниковтың пікірі бойынша, тек жәй қоршаған табиғат қана емес, ол адам еңбегі процесіне түскен және соның ықпалымен өзгеріске түскен оның бір бөлігі. Географиялық ортаның басты компоненті гидрологиялық фактор (адамдар қызметіне су ресурстарының ықпалы) болуы ықпал деп түсінген орыс әлеуметтанушысы дүниежүзілік тарихтан өзендік, теңіздік және мұхиттық (немесе жалпы тарихтық) үш негізгі дәуірді

54 немесе өркениетті бөліп көрсетті. Бұл факторды зерттеуші халықтың өндірістік қызмет барысында сыртқы жағдайға бейімделу қабілеті ретінде зерделеумен қатар, тарихтың қозғаушы күші ретінде де қарастырған.

Натурализмнің қалыптасуына және әлеуметтік процесс пен оның қайнар көздерін түсіндіруде біржақтылықтың орын алғанына қарамастан, Л.И.Мечников географиялық детерминизмнің дәстүрлі көзқарастарына тән ой-пікірлердің анық шектеулігін жеңіп қана қойған жоқ, сонымен қатар әлеуметтану зерттеулері үшін бірнеше проблемаларды белгілеп берді (әлеуметтік даму механизмінің элементтері ретіндегі халықтардың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері, еңбек дағдыларының социомәдени трансляциялары мен қоғамдық ұстанымдардың формалары және т.б.).

Ресей әлеуметтану дәстүрінде органикалық деп аталған бағыптың өкілдері Александр Иванович Стронин (1826-1889) және Павел Федорович Лилиенфельд (1829-1903) қызықты ережелерді қалыптастырды.

А. И. Стронин әлеуметтік білімді жаратылыстану ғылымына, ең алдымен биологияға ұқсас үлгіде қарау қажет деп есептеді. Ол қоғамды біртұтас организм ретінде қарастыра отырып, қоғамдық институттарды оның жекелеген фрагменттері деп есептеді. Сондықтан оның «әлеуметтану физи-

ологияға ұқсас болуы қажет» деп түйіндеуі түсінікті еді. Өзі өмір сүрген қоғамды пирамида тәріздес бейнелеу арқылы А. И. Стронин адамгершілік және интеллектуалды құндылықтарды жасайтын қоғамдағы жоғарғы құрылым тек саясатпен айналысу қажет деген ой қорығады. Оның пікірінше, әрбір социумның, кез келген биологиялық организм сияқты, белгілі бір жинақталған күш қорына сәйкес өмір сүруі шектеулі болады. Ол күш ерте ме, кеш пе бітеді. Адамгершіліктің құлдырауы мен әлеуметтік идеалдардың күйреу процесін биологиялық азу құбылыстарымен салыстыра келіп, А. И. Стронин Батыс Еуропаның «революциялық дәндері» Ресей шындығына жат және қауіпті деген сенімде болды.

А. И. Строниннің биологиялық редукционизмі механицизммен бірігіп, оның әлеуметтану тұжырымдамасының эвристик шектеулігін негіздеді. Соған қарамастан оның бірнеше теориялары Ресейдің интеллектуалдық ой-пікірінде белсенді пікір тартыстарын оятты, одан әрі әлеуметтанулық теориялардың дамуына әсер етті.

Әлеуметтануда органикалық бағытты пән ретінде жақтаушы «Болашақтың әлеуметтік ғылымы туралы ойлар» атты кітаптың авторы П. Ф. Лилиенфельд болды. Қоғамды табиғаттың барлық организмдері сияқты өмір сүретін шынайы организм іспетті қарастыра отырып, П. Ф. Лилиенфельд әлеуметтік заңдар әлеуметтік күштердің және табиғаттағы органикалық күштердің арасындағы әрекеттерді ұқсастыру жолымен шығарылуы мүмкін деген қорытынды жасады. Қоғамдық процестердің өздері, зерттеушінің 55

пікірі бойынша, теориялық тұрғыдан механикалық қозғалыстың көрінуіне алып барады. П. Ф. Лилиенфельдтің пікірі бойынша, барлық организмнің клеткалардан тұратыны іспетті қоғам да клеткалардан түзіледі. Бұл жерде зерттеушінің қоғамдық организмнің клеткалары деп отырғаны жекелеген адамдар.

П. Ф. Лилиенфельд қайсыбір жекелеген процестер (туу, өсу, өлім) мен жекелеген органдарды (ми үкімет ретінде, т.б.) баяндай келіп, биологиялық организм мен қоғамдық организмде дәлме-дәл келетін ұқсастық бар деп есептейді.

Экономикалық, саяси және заң қызметін орыс ойшылы физиологиялық, морфологиялық және тұтас организм ипостасиясымен теңестіреді. Сөйтіп, қоғамның басты институттарының мәңгіліктігі және өзгеріске түспейтіндігі туралы тезисті негіздеді, оларды күшпен трансформациялауды П. Ф. Лилиенфельд патология ретінде қарастырады.

Ресейде әлеуметтанулық ойдың дамуында субъективтік бағыт маңыздылардың бірі болды. Оның көрнекті өкілдері Петр Лаврович Лавров (1823-1900) және Николай Константинович Михайловский (1842-1904) еді. П. Л. Лавров «Тарихи хаттар» деп аталатын еңбегінде субъективизм туралы өз көзқарасын баяндады. Ол әлеуметтану ғылымына бірінші болып «антропология», «субъективтік әдіс», «субъективтік көзқарас» ұғымдарын енгізді. Оның пікірінше, басқа ғылымдардағы сияқты әлеуметтану мен тарихта өзгермейтін және абсолютті заттар бар. Олар объективті, белгілі бір

дәуірде жұрт оны білмеуі мүмкін, бірақ олар басқа бір дәуірде анықталады. Әлеуметтану мен тарих белгілі бір сәтке дейін анықталынбайтын ақиқаттарды құрайды. Олардың анықталынбау себебіне қоғамның мәселені түсінуге және оған жауап қайтаруына субъективті дайын болмауы жатады.

П. Л. Лавров әлеуметтануды нормативті ғылым деп есептеді. Оның көзқарасы бойынша, қоғамның бір ғана нақты қозғаушы күші тұлға бола алады. Оның мүддесін мойындамау деген сөз аса маңызды әлеуметтік құбылысты байқамаумен бірдей. Тарихтың барысы объективтік заңдармен анықталса да, тұлға тарихи процесті өзінше түсініп, өз алдына мақсаттар қояды және оған жетудің құралдарын таңдайды.

П. Л. Лавров әлеуметтануға анықтама беруге талпыныс жасады. Оның түсінігінде әлеуметтану өз бетінше өмір сүрушілердің арасындағы ынтымақтастықтың көріну, күшею және әлсіреу формаларын зерттейтін саналы органикалық ғылым. Сондықтан бұл ғылым өзінде дара сананы барынша қалыптастырған даралығы бар бүкіл жанды қоғамды, адам жүзеге асырсам-ау деген қоғамдық идеалдарды, сонымен қатар тұлғаның өзіндік қоғамдық идеалдарды жүзеге асыруға жақындатсам деген талпынысынан туындайтын практикалық міндеттерді қамтиды. Қоғам өмірін және ондағы процестердің негізгі мазмұнын ашудың өзіндік жолын айта келіп, П. Л. Лавров тұлғаның жеке адамгершілік идеалдарына сәйкес өмірдегі формаларды өзгертуге, сонымен қатар ол нені прогресс деп санаса сол үшін күресуге құқылы әрі міндетті екенін атап көрсетті. Сондықтан тұлға қоғамдық күштерге зор ықпал жасайды.

56

Қоғамның дамуына күшті әсер еткен тұлғаны П. Л. Лавров алға шыққан тұлғалардың қатарына жатқызады. Мұндай тұлғалар қоғамдық құбылыстарға сын көзбен қарайды, оларды түзетуге атсалысады.

Н. К. Михайловскийдің пікірінше, адамның адаммен қарым-қатынасы секілді, оның табиғатпен қарым-қатынасының арасында бір-бірімен жанаспайтын қарама-қарсы айырмашылық бар. Бірінші жағдайда бір жәй ғана құбылыс деген ой тумауы керек. Өйткені бұл құбылыстың алдына қойылатын нақты мақсаты бар. Екіншісінде мұндай мақсат болған емес. Бұл өзгешеліктер аса маңызды болғандықтан адамзат танымының екі ірі саласында әр түрлі әдістерді қолдану қажеттігін талап етеді. Қоғамдық құбылыстарды тек субъективтік деп бағалауымыз керек. Бұл жерде жоғары бақылауды субъективті әдіс жүзеге асыруы тиіс.

Н. К. Михайловский әлеуметтану басқа қоғамдық ғылымдармен байланыста болуы керек деп есептейді. Ол қоғамдық өмір фактілеріне әділ қарауға болады деген тұжырымды ұстайды. Тұлғаның әлеуметтік байланыстарына қарап, оның дүниеге көзқарасын анықтауға болатынын жазды. Н. К. Михайловский Ч. Дарвин мен Г. Спенсердің эволюциялық теориясын мойындамады, керісінше, тұлғаны әлеуметтік бақылаудың бүлдіргіш ықпалынан құтқару қажеттігі теориясын басшылыққа алды. Оның пікірінше, тұлға мен қоғам арасында үздіксіз соғыс жүріп жатады. Оның дәлелі ретінде Ресей тағдырын алға тартты. Әлеуметтік мінез-құлыққа,

жүріс-тұрысқа еліктеудің, өзін-өзі сендірудің, беделдің қаншалықты ықпал ететініне көңіл аударып, Н. К. Михайловский 3. Фрейд пен В. Адлердің психосараптамасына жоғары баға берді.

Анархизмнің теориялық мазмұны мен практикалық бағыты орыс ойшылдары және революционерлері Михаил Бакунин (1814—1876) мен Петр Кропоткин (1842-1921) шығармаларында жан-жақты дәлелденді. Олар Батыс Еуропа анархизмінің теоретиктері Ш. Фурье, М. Штирнер және П. Прудон еңбектеріне арқа сүйеді. М. Бакунин анархизмінің мәні - заттарды өздерінің табиғи ағымына жібергенмен бірдей... Осыдан келіп анархизмнің басты идеясы - ешбір мемлекеттік институттар бұза алмайтын тұлғаның еріктілік идеясы, табиғи күй ретіндегі оның еркіндік идеясы қалыптасты, дейді.

Тұлға еркін болуы керек, оған ештеңені таңуға болмайды дей келіп, Бакунин еркіндіктің әлеуметтік сипатта болатынын жазды. Өйткені

еркіндік тек қоғам арқылы жүзеге асуы мүмкін және еркіндік әркімнің барлық адамдармен қатаң теңдікте және ынтымақтастықта болуымен іске асады. Қоғам әр адамның толыққанды дамуы үшін жағдай жасауы тиіс, тек сол ғана оның әлеуметтік еркіндігінің нақты мүмкіндіктерін анықтайды. Адам еркіндігінің бұдан да басқа да көріністері бар, кез келген өкімет билігі, ол мейлі құдайдікі болса да, адамдікі болса да, егер ол тұлғаны қанаса, оның еркіндігі бүлікке соқтырады және содан көрініс табады.

М. Бакуниннің пікірі бойынша, адам өз еркін шектейтін қоғамдық институттармен қарама-қайшылыққа түседі. Ол әсіресе халықты басып, жаншитын және халықты қанау есебінен күнін көретін чиновниктер аппараты ретіндегі мемлекетпен күреседі.

Мемлекет қашан болмасын едің күш-қуатына қарсы тұрған азшылықтың өкімет билігі. Ол адамдардың еркін заң жолымен зорлаушы, олардың еркін тұрақты түрде жоққа шығарушы болып отыр. Түптеп келгенде, мемлекет қайсыбір азшылықтың жеңілдіктерін нығайтады және көпшіліктің нақтылы қаналуын бекітеді. Адамдар бұқарасы өздерінің надандығынан бұны түсінбейді. Шындығында олардың мүдделері өздерін қанап отырған мемлекетті жою болып табылады. Осыған олардың әділ саналатын еркіндік бүлігі бағыпталуы қажет.

Прудонның біраз социалистік идеяларын қабылдаған М. Бакунин оларды өзінің социализм және федерализм теорияларында дамытты. Осы идеяларының арасында ең негізгілеріне жататыны — социализм қоғамдық құбылыс ретінде өзіндік және ұжымдық еркіндікпен, еркін ассоциациялардың қызметімен құрылуы тиіс деген пікірлері. Онда адамдар қызметіне ешқандай үкімет шектеуі болмауы керек және мемлекет жағынан ешқандай қамқорлық болмауы тиіс, мемлекет қалай дегенмен де жойылуы керек. Бәрі де тұлғаның, өнеркәсіп ұжымдарының және өзге де ассоциациялардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағындырылуы керек. Сөйтіп, қоғам ерікті адамдардың жиынтығына айналады. Қоғамның бүкіл субъектілерінің арасындағы қатынастар федерализмді

орнатады, яғни ерікті және тең құқықты принциптер негізінде олардың одағы құрылады.

Социалист-анархист өзі үшін де өмір сүруі керек, сонымен бірге бүкіл қоғамға да қызмет етуі қажет. Ол шын мәніндегі нақты патриот, әрдайым адамгершілігі аса мол социалист-анархист болуы тиіс.

М. Бакунин қоғам дамуының бүкіл экономикалық, саяси, рухани процестерін мемлекет реттейтін «мемлекеттік социализмді» сынға алды. Оның пікірі бойынша, мұндай социализм өзінің негізсіздігін толығымен көрсетті. «Реттеушілік» және «деспоттық» болғандықтан социализм көпшілік халықтың қажеттерін және заңды талаптарын қанағаттандыру мұратынан шалғайда тұрды. Мемлекет социализм алдында өзінің банкрот болғанын көрсетті, ол социализмнің оған деген сенімін жойды. Бірақ социализм өлмейді. Социализм жекеше экономикалық ассоциациялар арқылы өзін көрсетеді және әр адамның еркін де жан-жақты дамуы үшін оларды материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз ете алатын болады.

Анархизм идеясын өз еңбектерінде П. Кропоткин одан әрі дамытып, мемлекет пен «мемлекеттік социализмге» үзілді-кесілді қарсы шықты, жеке және ұжымдық еркіндікке негізделген қоғамдық құрылысты қалыптастыруға еңбекшілердің өздерінің мүмкіндігі бар, анархияның теоретигі ауылшаруашылық қауымдастықтар одағы, өндірістік артельдер және адамдар мүддесіне орай құрылған ассоциациялар негізінде «мемлекетсіз коммунизм» құруға болады деп санады.

Осы адамдардың өзара тең дәрежелі қоғамы ретіндегі ерікшіл «анархиялық коммунизмнің» мемлекеттік авторитарлық коммунизмнен өзгешелігі — оның толығымен өзін-өзі басқаруға негізделгендігінде. Ол өнеркәсіп, жер шаруашылығы, ой еңбегі сияқты тағы басқа да алуан түрлі өндірістер үшін құрылған көптеген одақтардан тұруы керек. Практикада социалистік анархизм осындай болуы тиіс. Бұл жерде ең өзекті әңгіме — адамдардың ерікті ассоциацияларының өзін-өзі басқару жөніндегі федеративтік одағын құру болып отыр. Олардың арасындағы қатынастарынтымақгастық, әділеттілік және басшысыздық принциптері негізінде құрылады және негізінен моральдық нормалармен реттеледі.

Адамдар арасындағы қатынастарды адамгершілік жолымен реттеу проблемасына маңыз бере отырып, П. Кропоткин адамгершілік сезімдер — адамдардың биологиялық табиғатында деп санады. Қоғамдық тіршілік, әрекет ету процесінде олардың бұл сезімдері одан әрі дамиды және артады, әлеуметтік мән мен мазмұнға ие болады. Негізі мораль болып саналатын өзара бірін-бірі қолдау мен ынтымақгастықтың бастапқы адамгершілік сезімдері осындай. Кропоткин әділеттілікке ден қойып, оған адамдардың қызметі мен мінез-құлқының бағытын анықтаушы ретінде қарады. Әділеттілік идеясынан еріктілік пен теңдік ұғымдарын туындатты. Теңдік принципі тұлғаға құрметпен қарау, деп түсіндірілді. Тұлғаға адамгершіліктік ықпал жасай отырып, қандай да болмасын адамгершілік идеалы үшін адамдардың табиғатын бұзуға болмайды. Анархистер бұл құқықтың ешкімде болуыш мойындамайды, өздері үшін де мұндай құқық

болуып қаламайды. Олар тұлғаның толыққанды еріктілігін қалайды, оның тұтас және толық жүзеге асуып, бүкіл қабілетінің даму еркіндігін қалайды.

1. Кропоткин П. А. Этика. М.: Политиздат, 1997. С. 14.

2. Кропоткин П. А. Записки революционера. М.: Мысль, 1990. С. 378.
59

Анархизмнің теориялық және практикалық негіздері осылар. Тұлғаға толық еркіндік беру және мемлекет атаулыны жою идеялары дерексіздігін толық көрсеткенімен, анархизмнің тұлға әділеттігі, теңдігі және еркіндігі, өзін-өзі басқару идеялары, әр түрлі әлеуметтік ұйымдар мен одақтардың өзара қатынастарының федералдық сипаты туралы ой-пікірлері оның жақсы жақтары екені дау тудырмайды. Сондықтан анархизм қазір де өзінің жақпаушылары мен ізбасарларын тауып отыр.

Ресей әлеуметтануындағы психологиялық бағыт 1890 жылы қалыптасты. Сол тұста осы бағыттың көрнекті өкілдері Е. В. Де-Роберти мен Н. И. Кареевтің іргелі еңбектері жарық көрді. Е. В. Де-Роберти (1843-1915) мен Н. И. Кареевтің (1850-1931) басты шығармалары қоғамдық дамудың келесі проблемаларына, атап айтқанда, оның қалыптасу себептері мен қозғаушы күштері, қоғам дамуының негізгі мазмұны мен бағыттары, прогресс пен регресс, бұқара халық пен тұлғаның тарихтағы рөлі және т.б. арналды. Бүкіл осындай проблемаларды шешуде олар адамдардың мінез-құлқы мен қызметінде индивидуалдық және ұжымдық психологияның негізгі рөл атқаратынын атап көрсетті.

Де-Роберти қоғамдық құбылыстарды теориялық және методологиялық тұрғыдан зерттеуді өзінің «Социология», «Әлеуметтік психика», «Әлеуметтанудың негізгі мәселелерін жаңаша қою», «Философия және оның XX ғасырдағы міндеттері», т.б. еңбектерінде дамытып жазды. Оның теориялық әлеуметтану тақырыбына арналған туындылары әлеуметтік психологиямен және философиямен тығыз байланысып жатты.

Ол өзінің «Психологиялық әлеуметтануында» бүкіл қоғамдық құбылыстардың адамдар әрекетінің нәтижесі екендігін айта келіп, олардың өздеріне тән психологиялық алғышарттары болатынын, ең алдымен адамдардың ықыласы, көңіл-күйі, құмарлығы, ойлауы, еркі және т.б. осыған бағытталатынын жазды. Сөйтіп, қоғамдық құбылыстардың бәрі белгілі бір мөлшерде өзіндік психологиялық құбылыстармен сайма-сай келеді. Сондықтан қоғамдық ғылым ретіндегі әлеуметтану психологиямен тығыз байланысты болуы керек. Осы орайда оның пәні адамдардың әлеуметтік әрекетін анықтайтын психикалық әсер болуы қажет. Де-Роберти адамдардың психикалық әрекетін биологиялық алғышарттардың және адамдардың әлеуметтік әрекеттерінің ықпалы арқылы түсіндірді. Алайда, осы өзара әрекеттегі адамдарды психикалық әрекетін жетекші буын деп есептеді. Әлеуметтанудың негізгі мақсаты — психикалық өзара әрекет заңдарын танып білу, әлеуметтану өзінің қорытындыларын психологиялық әрекеттер мен адамдардың мінез-құлықтары механизмдерін және олардың психикалық өзара әрекет заңдарын түсіну негізінде қалыптас-

тырады, деп тұжырымдады.

60

Де-Роберти адамдардың психикалық өзара әрекеті жөнінде тұжырым жасағанда индивидуалдық және ұжымдық психиканың маңызына да тоқталды. Оның айтуынша, ұжымдық психика қайсыбір әлеуметтік топтардың, белгілі бір адамдар бұқарасының және ұлттық қауымдастықтардың ұжымдық таным, сезім, ойлау кейпі, көңіл-күйінің жиынтығы болып саналады. Батыс Еуропада ұжымдық психология проблемасын бірнеше ғалым зерттеген еді. Олардың көпшілігі ұжымдық психологияны халықтардың және бұқараның психологиясы ретінде сипаттаса, Де-Роберти адамдардың ұжымдық психикасының әр түрлі әлеуметтік топтар мен жіктердің, соның ішінде отбасының, тайпаның, қастаның, таптың, ұлттың және т.б. мінез-құлқы мен әрекетіне ықпал етуін терең сараптаудан өткізді. Оның пікірі бойынша, әлеуметтану өзінің мазмұны жағынан әлеуметтік психологияға дәл келеді. Де-Роберти адамдардың мінез-құлқынан байқалатын ұжымдық психика олардың моралінде іске асады, адамдардың тіршілік әрекетінің адамгершілік нормалары мен принциптерін анықтайды, сонымен қатар ұжымдық және индивидуалдық психика, олардың психикалық құрылымы адамдардың бүкіл рухани және материалдық мәдениетінен, қоғамның өмір сүруінің негізі болып саналатын экономикалық, саяси және басқа да институттар жүйесінен көрініс табады, деп тұжырымдады.

Н. И. Кареев қоғам дамуындағы психологиялық факторлардың рөлі мен маңызын дәлелдеуге үлкен үлес қосты. Осыған байланысты белгілі ғалым «Философия тарихының негізгі мәселелері», «Тарихи процестің мәні және тарихтағы тұлғаның рөлі», «Тарихи-философиялық және әлеуметтанулық этюдтер», «Әлеуметтанудың жалпы негіздері» деген еңбектер жазды. Әлеуметтанудағы психологиялық бағыптың өзге де өкілдері сияқты қоғамдық құбылыстарды түсіндіруде психологияның өте маңыздылығын атап көрсетіп, қоғамдық құбылыстардың әрдайым психологиялық негізі болатынын дәлелдеді. Қоғамдық құбылыстар адамдар әрекетінің жемісі ретінде қалыптасады да, соның нәтижесінде олардың сезімі, еркі, қайсыбір түсініктері, инстинктері, интуициялары және ойлау кейпі іске асады.

Адамның психологиялық өмірі, Кареевтің пікірінше, оның «психикалық табиғатынан» туындайды. Осы тәуелділік адамдардың әрекетінен және олардың өзара қарым-қатынасынан көрінеді. Психологиялық түсіндіру олардың пайдалы және зиянды мінез-құлықтарын пайымдауды талап етеді, сонымен қатар қоғамдық құбылыстардың «әділетгі» және «әділетсізін» айқындайды. Де-Роберти сияқты Н. Кареев адамдардың психологиялық өзара әрекеті олардың қоғамдық дамуының негізінде жатыр деп санайды, өйткені олардың экономикалық, саяси және басқа да өзара әрекеттерін

61

қамтамасыз етеді, соның нәтижесі болып қоғамдық өмірдің бүкіл саласының және оның әлеуметтік институттарының дамуы көрініс табады.

Адамдардың өзара психикалық әрекетінде олардың индивидуалдық және ұжымдық психикасы ерекше рөл атқарады. Бұл мәселеде Н. Кареевтің көзқарасы да Де-Робертидің тұжырымдамасымен бірдей болды. Белгілі бір психикалық негіз болмайынша, адамдар арасында практикалық қатынастардың да болуы мүмкін емес. Бұл жекелеген адамдар және әлеуметтік топтар арасында пайда болатын экономикалық, саяси, т.б. практикалық қатынастарға қатысты. Осы қатынастардың бәрі адамдардың индивидуалдық және ұжымдық өзара әрекетінен құрылған қатынастар.

Аталмыш ережелердің негізінде Н. И. Кареев қоғам теориясын жасады. Қоғам, оның ұғымында, адамдар арасындағы психологиялық жүйелер мен практикалық өзара әрекеттер ретінде көрініс табады. Осыны ескере отырып, тұлға мен қоғамның өзара қатынастарын пайымдау керек, сонымен қатар қоғамдық өмірдің басқа да проблемаларын, атап айтқанда, еңбек бөлінісін, адам әрекетінің жемістерін, айырбас, таптар күресін, саяси билік жүйесін ой елегінен өткізу керек, қоғамның бұл бөліктері осының тұтастығын құрайды. Осы және басқа да проблемаларды түсіну үшін психологиялық факторлардың адамдардың әрекеті мен мінез-құлқына әсер етуін және қоғам дамуындағы маңызын тереңірек пайымдауымыз керек. Орыстың психологиялық бағытты зерделеп, зерттеген өкілдерінің негізгі тұжырымдамалары осылар. Бұл көзқарастар Ресейде қоғамдық ойдың дамуына үлкен ықпал жасады.

Орыс социологиялық ойының дамуына үлес қосқандардың бірі Максим Максимович Ковалевский (1851—1916) болды. Оның әлеуметтанымдық көзқарасының қалыптасуына Батыс Еуропа социологтарының және орыс ойшылдарының шығармалары зор әсер етті. Ол өзінің «Социология» атты еңбегінде әлеуметтанудың қоғамды зерттейтін ғылым екенін айта келіп, әлеуметтануды екі негізге: қоғамды ұйымдастыру және оның эволюциясы бөлімдеріне бөледі. Конттың қоғам тұтас әлеуметтік организм деп тұжырымдаған және оның даму заңдылықтарының сипаттары жөніндегі ілімдерін қабылдап, қоғамдық құбылыстардың заңдылықтары туралы ілім болмайынша, қоғам жөнінде ғылымның пайда болуы тіптен неғайбыл, деп жазады.

Қоғам дамуының заңдылықтары туралы түсінікті тарихи процестің ілгерілеуі мен әлеуметтік сабақтастық жөніндегі түсінікпен органикалық байланыста қарастырады, себебі адамзаттың білімі, тәжірибесі, мәдениеті бір тарихи дәуірден келесісіне беріледі, дамиды. Қоғамның даму заңдылықтары, тарихи процестің ілгерілеу сипаты және әлеуметтік сабақтастық идеялары М. М. Ковалевскийдің қоғам эволюциясы жөніндегі

62 тұжырымдамасының маңыздысы болып саналады. Бұл концепция бойынша қоғамның бір күйден екінші күйге өтуі бір қалыпты жүреді. Соның нәтижесінде қоғамдық өмірдің жекелеген салалары мен әр түрлі әлеуметтік институттары дамиды.

- Қоғам дамуындағы экономикалық, демографиялық, саяси, психологиялық, адамгершілік, діни және т.б. көптеген факторлардың ролін

көрсеткенімен, бұл факторлардың бірде-біреуіне оларды тұрақты түрдегі шешуші алғышарт деп атап, оған жете маңыз берген емес. Әр алуан жағдайларға байланысты оларға әр түрлі рөл береді, осыдан барып, олардың кез келгені алдыңғы орынға шығуы мүмкін. М. Ковалевскийдің плюралистік әлеуметтануының дүниетанымдық және методологиялық мәнісі осында. Өзінің плюрализмі тұрғысынан ой түйіндей отырып, Спенсер, Дюркгейм, Тард сияқты басқа да әлеуметтанушылардың қоғам дамуындағы біржақты факторлар жөніндегі көзқарастарып сынады. Методологиялық тұрғыда маңызды факторлар деген болмайды, олардың әрқайсысы қоғамдағы жағдайға байланысты басты алғышарт рөлін атқара алады, деп жазды.

Әлеуметтанулық плюрализмді басшылыққа алған М. Ковалевский, соның негізінде қоғамдық прогресс теориясын жасады. Бұл теорияны оның әлеуметтануының өзегі деп санайды. Ол, әлеуметтанудың негізгі заңы дегеніміз - прогресс заңы деп тұжырым жасады. Әлеуметтанудың міндеті - прогресті туындатқан қоғамдық және саяси укладтағы өзгерістерді ашу және олардың пайда болу себептерін көрсету, деп санады.

Адамзат қоғамының дамуы заңды және прогрессивті құбылыс екенін дәлелдеумен қатар, М. Ковалевский қоғамда тоқыраудың, бір орында тұралап қалу немесе кері қозғалудың болуын жоққа шығармады. Бұлардың тарихта болатынын мойындады. Қалай дегенмен де, әлеуметтанудың жалпы заңының — прогресс заңының жеңетініне сенді.

Қоғамдық прогресс теориясында барлық халықтардың дамуы қоғамдық сатылаулардан өтеді, бірақ бір мезгілде емес, ол даму деңгейіне байланысты болады. Бұл М. М. Ковалевскийді салыстырмалы-тарихи әдісті қолдануға итермеледі. Осы әдісті тиімді қолдану нәтижесінде ол әлеуметтік құбылыстардың пайда болу себептері мен өзгешеліктерін белгіледі, қоғам дамуының әр кезеңіне сәйкес сипаты жағынан бірдей немесе қосарлана өмір сүретін алуан түрлі құбылыстардың болуына көз жеткізді. Әрқилы елдердегі және дәуірдегі халықтардың дамуын салыстырып, олардың тарихи эволюциясының кейбір жалпы заңдылықтарын табуға болады, деп тұжырым жасады.

Медушевский А.Н. История русской социологии. М.: Высшая школа, 1993. С. 147-148.

63

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы орыс әлеуметтанулық ойының дамуында жария түрдегі марксизм өзіндік орын алды. Бұл теориялық және идеологиялық ағым либералдық буржуазияның ой-санасының көрінісіне айналған еді. Либералдық буржуазия жария марксизм арқылы марксизмнің көптеген идеяларын пайдаланды, әсіресе капитализмнің дамуының тарихи қажеттіліктен туындағанын Маркстің экономикалық теорияларын Ресейде дәлелдеу үшін қолданды. Халықшылдардың идеологиясына қарсы күресте жария марксистер Ресейдегі капиталистік өндіріс тәсілдерінің дамуының осыларға байланыстылығын техникалық, экономикалық және рухани мәдениеттегі өркендеудің объективтік және

занды сипаты арқылы дәлелдеді. Бұлардың бәрін олар профессорлық процесс деп қарастырды, ал оны дәлелдеу үшін маркстік тарихи процесс теориясына және маркстік терминологияға әрдайым жүгініп отырды.

Жария марксизмнің көрнекті вкідцері П. Струве (1870-1944), М. Туган-Барановский (1865-1919), сондай-ақ Н. Бердяев (1874-1948), С. Булгаков (1871-1944) болды, олардың көзқарастары негізінде кейінірек идеалистік және діни бағыттар дами бастады.

П. Струве «Россиядағы экономикалық даму жөніндегі мәселелерге сын заметкалар» еңбегінде және М. Туган-Барановский «Орыс фабрикасының өткені мен бүгінгісі» шығармасында экономикалық заңдардың объективтік әрекетінің іргелілік сипаты туралы ережені дәлелдеді. Осымен байланысты капитализм дамуының дүние жүзінде, соның ішінде Ресейде сөзсіз жүзеге асатыны баяндалды. Ресейдегі капитализмнің дамуы жөнінде сөз еткенде, нарық, бәсеке, өнеркәсіпті техникалық қайта құру, жаңа әлеуметтік топтардың, соның ішінде таптардың, әсіресе буржуазия мен жұмысшы табының қоғамдағы рөлдері әңгімеге арқау болды. Маркстік әдістемелік негізінде аса мол фактілерді қамтыған материалдар талданып, қорытындыланды. Осы қос әлеуметтанушы әрі экономистер сол тұста әлеуметтанудағы субъективтік әдіске қарсы шығып, «объективтік ғылымды» қолдады.

П. Струве мен М. Туган-Барановскийдің бұдан кейінгі еңбектерінде капитализмді ақтау бағыты анық көрінді. Олар бұған дейін өздерінің қолдап келген марксизмнің капитализмнен социализмге өтудің сөзсіздігі туралы ережесінен бас тартты. Ғылыми көзқарастардың ұлы және бай мазмұнды жүйесі марксизм деген байламынан ат тондарын ала қашты. Керісінше енді олар марксизмге, соның ішінде оның тарихты материалистік тұрғыдан түсіну іліміне және экономикалық теориясына сын көзбен қарайтын болды.

Олар философиялық-социологиялық көзқарастарын идеалистік тұжырымдамалардың көмегімен дәлелдеуге бағыт ұстанды. Сол кездегі

64 жаңа кантшылдықтың адам өмірінің негізін қалаушы тарихтан бұрынғы рухани құндылықтар, ең алдымен моральдық мұралар деген пікірін мойындаған П. Струве мен М. Туган-Барановский қоғамдық прогресс толығымен адамзаттың мәдени құндылықтарының дамуымен анықталатынына сендірді.

Маркстің «экономикалық материализмін», әсіресе оның қоғам дамуындағы өндіріс тәсілінің шешуші рөлі туралы ілімін және адамдардың өндіріс қатынастарының, олардың өндіргіш күштерінің даму сипаты мен деңгейіне сәйкес келу жөніндегі заңын теріске шығарып, жария марксистіктер таптар күресі мен әлеуметтік революция туралы ілімдерін «лақтырып» тастады. Олар капитализмді бірте-бірте жетілдіретін эволюциялық көзқарасты қолданды. Капитализмнің дамуынан әлеуметтік қайта құрудың үздіксіз процесін көрді. Дамудың басқа жолдарын олар көргісі де келмеді. Сондықтан жария марксистіктер капитализмнің доктринерлері атанды.

Струве таптар мен саяси партиялардың өзара қатынастары проблемасын буржуазиялық эволюционизм тұрғысынан қарастырды. Олардың арасындағы қарама-қайшылықты шешудің әмбебап формасына компромисті жатқызды. Демократияның дамуы, - деп жазды ол, - компромистің жоғары мектебі болады. Конституциялық-демократиялық (кадет) партиясының бірден-бір лидері болатырып, Струве бұл партияны «тапғығы жоқ» партия ретінде сипаттады. Бұл жерде ол таптарды және таптар мүддесін жоққа шығармайды, партияның бағдарламасында, керісінше, оның қызметінде жалпы ұлттық және жалпы адамзаттық мүдделерге басымдық орын береді. Ол буржуазиялық мемлекеттің қызметіне ерекше маңыздылықпен қарады. Оның пікірінше, бұл мемлекет экономикалық және саяси өмірін дұрыс жөнге қоюға және әлеуметтік шиеленістерді шешуге қабілетті.

М. И. Туган-Барановский де социализм теориясы бойынша капиталистік өндірістің және әлеуметтік-саяси қатынастардың дамуына арналған бірнеше келелі еңбектер жазды. Оның «Қазіргі социализм өзінің тарихи дамуында», «Жаңа дүниені іздеуде», «Социализм жалпы ілім ретінде» және т.б. шығармаларында әр түрлі социалистік және коммунистік ілімдерге терең сараптау жасалып, олар топтастырыла берілді. «Мемлекеттік социализм» (Сен-Симон), «Сивдикалды социализм» (Луи Блан, Лассаль), «Коммуникалды», немесе «кооперативтік» социализм (Оуэн, Фурье), «Анархиялық социализм» (Прудон, Кропоткин) ілімдерін зерттеп, Туган-Барановский олардың ең құнды сипаттарын ашады, солардың негізінде құрылатын қоғамдық құрылыстың жағымды және ұнамсыз жақтары туралы терең ой-пікірлер айтты. Ол мемлекеттік және коммуналды социализм туралы ілімдегі тұлғаның өрекетіне артық реттеушілік орнату мен оның еркіне шек қоюшылықты теріске шығара отырып, бұл ілімдегі:

65

жекеше және топтық (кооперативтік) кәсіпкерлік; ірі және ұсақ өндірісті біріктіру; мемлекеттің шектен тыс қамқорлығынан өндірісті босату; еңбек ассоциацияларында, қауымдастықтарында, фалангаларында қоғамдық өзін-өзі басқару; «әркімнің қабілетіне қарай және әр қабілеттің еңбегіне қарай» өнімді бөлу сияқты жағымды идеяларына ерекше тоқталды.

Өзінің көптеген шығармаларында ол капиталистік құрылысқа объективті талдау жасауға тырысып бақты. Туган-Барановский адамды адамның капиталистік қанауына қарсы шықты. Өйткені мұндай қанау адамдар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті қалыптастырып, нығайтады және мүдделер қайшылықтарын күшейтеді. Ол қанауды тек экономикалық құбылыс, басқа адамдардың еңбегін қанау ғана деп қарамады. Тұлғаны әркімнің пайдалануы оның мүддесіне нұқсан келтіреді, деп санады. Сонымен бірге Туган-Барановский капитализмнің даму мүмкіндігінің аса зор екендігін айта келіп, ондағы өндіріс құралдарына жеке меншіктілік, еркін кәсіпкерлік және орынды бәсекелестік адамдарды өндіріс техникасы мен технологиясын жаңалауға және оны ұйымдастыруды жегілдіруге талаптандыратынын айтты. Бұл капиталистік өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруға апарады да, қоғамның көптеген мүшелерінің, со-

нымен бірге еңбекші таптардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін ұлғайтады. Бұлардың бәрі әлеуметтік топтардың экономикалық және әлеуметтік мүдделерін сәйкестендіру негізінде қоғамдағы әлеуметтік топтардың арасында үйлесімді қатынастарды орнатуға ықпал етеді. Түптеп келгенде, Туган-Барановский капиталистік қоғамның жан-жақта дамуы мен жетілдірілуін қолдап, соның негізінде адамдар өміріндегі бүкіл әлеуметтік және саяси проблемаларды шешуді ұсынады.

Осы көзқарастарын дәлелдей келіп, ол марксизмнің көптеген ережелерін сынға алды. Ең алдымен қоғам өмінде материалдық өндірісін шешуші рөл атқаратындығы туралы ережеге өзінің келіспейтінін білдірді. Шындығында бастапқы кезде шаруашылық қоғам өміріне үстемдік етті, бірақ қоғам өмірі келе-келе басқа да факторларға, әсіресе, ғылымға тәуелді болып қадды. Бұдан мынандай қорытынды жасаңды: тарих барысында шаруашылықтың әлеуметтік басымдығы құлдырайды, алдыңғы орынға ғылым мен рухани мәдениет шығады.

Адамдардың барлық мұқаждықтары және мүдделерінің мән-мазмұнын кең көлемде түсіндірмекші болған таптар күрес ілімін теріске шығарды. Оның түсінігінде таптар бұл тек экономика саласында қолданылатын ұғым ғана. Бұл ұғым — экономикалық мүдделері арқылы ортақтасқан адамдардың топтарын білдіреді, қоғамдық өмірдің басқа салаларындағы, әсіресе ғылым, мәдениет, рухани өмірдегі процестерді түсіндіруге жарамайды.

66

Туган-Барановский Маркстің жұмысшы табының қайыршылануы тенденциясы туралы тұжырымдамасына өзінің келіспейтінін білдірген болатын. Ол нақты фактілерге сүйене отырып, алдыңғы қатарлы капиталистік елдердегі жұмысшы табының өмір деңгейлері барған сайын артып келе жатқанын дәлелдеді. Еңбек өнімділігінің артуы жұмысшылардың әлауқатының өсуіне апаратынын жазды.

Туган-Барановскийдің ой-пікірлері мен тұжырымдары әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Оның ілімдерінің соншалықты құнды болғандығына орай қолдаушылары әлі де баршылық және соларды өмірде жүзеге асырмақшы болып жүргендер де жеткілікті.

XIX ғасырдың соңында маркстік бағыт Ресей әлеуметтануында кеңінен тарады. Оның көрнекті өкілдері Георгий Валентинович Плеханов (1856-1918) және Владимир Ильич Ленин (1870-1924) болды.

Г. В. Плеханов реформаға дейінгі Ресейдің қоғамдық дамуына баға берудегі орыс халықшылдарының субъективтік көзқарастарын сынға алды, марксизмнің тарихты материалистік тұрғыда түсіндіру идеясын дамытты, тұлға мен халық бұқарасының тарихтағы рөлінің арасалмағы туралы мәселені көтерді.

Ол халықшыл-субъективистердің Ресей дамуының өзіндік жолымен жүруі керек, капитализм сырттан таңылған, ол орыстың өзіндік экономикалық құрылысындағы кездейсоқ құбылыс, түбінде регреске соқғырады деген пікірлерін, капитализмнің дамуын тоқтатуды, орыс өмірінің ға-

сырлар бойы қалыптасқан бастауларын капитализмнің қиратуына жол бермеуге шақырған көзқарастарын сынады. Г. В. Плеханов Батыс пен Ресейде капитализмнің пайда болу жағдайларын және тарихи рөлін салыстырды, әр түрлі елдерде капитализм дамуының алғышарттарын анықтап, одан Ресейді Батыс елдеріне қарсы қоюдың қате екендігі туралы қорытынды шығарды. Ол капиталистік қатынастардың қалада да, деревнада да өзіне жол салып, қалыптасуда екенін дәлелдеді.

Г. Плеханов маркстік детерминизмді табанды қорғай отырып, тарихтағы волонтаризмге қарсы шықты. Ол адамзат қоғамының тарихын қажетгі заңды процесс ретінде және адамдардың қызметінің жемісі ретінде қарастырды. Ол қоғамдық өмірдің объективтік және субъективтік жақтарының арасында өзара тығыз байланыс бар, деп есептеді. Ол Лавров, Ткачев, Михайловскийдің әлеуметтанулық теорияларын және т.б. тарихтағы «геройлардың» рөлі туралы мәселені барынша сынады. Плехановтың пікірі бойынша, тарихи дамуда шешуші рөлді жеке адам емес, керісінше, бұқара халық «ойнайды». Бірақ ол тұлғаның тарихтағы рөлін біржола жокқа шығарудан алыс тұрды. Бұқара халықпен байланысқан, оның мұңмұқтажын қолдайтын көрнекті тұлға белгілі бір тарихи жағдайда үлкен

67

қоғамдық, рөл атқарады және өзінің професивті қызметімен қоғамдық қозғалысты жеделдетеді, көрнекті тұлғаның қоғамдық қызметінің маңыздылығы оның қоғамның даму жағдайын дұрыс түсіне білуіне байланысты, бірақ бірде-бір ұлы адам қоғамға күні өткен өндіріс қатынастарын таңа алмайды, деп қорытады ол. Г. Плеханов идеалистік тұлғаның жеке басқа табынуын қатты сынады. Әлеуметтанушы ретіндегі оның аса көлемді еңбегі осы еді.

В. И. Ленин де ертеректе жазған еңбектерінде халықшылдардың әлеуметтанулық көзқарастарына қарсы шықты. Буржуазиялық және халықшыл-әлеуметтанушылармен пікір таластыра отырып, маркстік қоғамдық формация жөніндегі ережені дамыпты. Бұл ереже бойынша қоғам белгілі бір тарихи даму сатысында өмір сүріп, дамитын тірі организм. Плехановтан кейін Ленин де тұлғаның тарихтағы рөлі жөніндегі субъективтік методологияның әлсіздігін көрсетеді. Плеханов халықшыл-әлеуметтанушылармен пікірталас, тартыстарда негізінен тұлғаның тарихтағы рөлі туралы мәселені алға тартса, Ленин таптардың, бұқара халықтың рөліне баса көңіл аударды. Ол өзіне дейінгі әлеуметтанушылардың бұқара халықтың тарихтағы рөлін жете түсінбеуі олардың басты кемшілігі, деп санады.

В. И. Ленин: «... мен шын қоғамдық қатынастарды және олардың шын дамуын зерттей келіп, нақ сол жігерлі адамдардың істерінің нәтижесін зерттеймін», — деп атап көрсетті.

В. И. Ленин өз еңбектерінде маркстік әлеуметтанудың басты ұстанымдарын тұжырымдап берді: нақты жағдайға нақты сараптама жасау; әлеуметтік құбылыстарды жан-жақты қарастыру; зерттеу объектісінде жанама және барлық байланыстарды есепке алу; зерттелетін байланыстардағы ең бастысын, жетекшісін бөліп алу; дамудың қозғаушы күштері мен тенденцияларын түсіндіру үшін қоғамдық процестердің терең меха-

низмдерін тану. Қоғамдық қозғалыстың бұқаралық үрдісін зерттей келіп, В. И. Ленин, Маркстің тарихи іс-әрекеттің негізділігінің шарты - бұқараның келемінің өсуінде деген ойын жалғастыра отырып, өзінің еңбектерінде адамдардың тарихи шығармашылығының кеңеюі мен терендеуіне орай саналы тарихи қайраткер болып табылатын бұқара халықтың мелшері де артуы тиіс деген мәнді түсініктемесін жазды.

В. И. Лениннің қызметінде теория мен саясат тығыз ұштасып жатты, сондықтан оның еңбектері Ресейдегі ұлттық қатынастарға, саяси партиялардың қызметтеріне, мемлекеттік ұйымдардың жұмысына, жұмысшы қозғалысының формаларына және т.б. қатысты бай материалдар мен қорығындылардан тұрады.

Ленин В. И. Шығ. толық жинағы. 1-т. Алматы: Қазақстан, 1973. 452-6. Сонда. 427-6.

68

Марксизмнің теоретигі және практигі ретінде ол таза әлеуметтанулық мазмұндағы еңбек қалдырмады. Бірақ оның көптеген еңбектері және сөйлеген сөздері мазмұны жағынан әлеуметтану мәселелерімен байланысқан және Ресей тарихының жаңа кезеңіндегі әлеуметтанудың пәні мен міндеттерін түсіндіруде үлкен қызығушылық тудырады. В. И. Лениннің еңбектерінде фабрика-заводтардың статистикалық материалдарына, жаппай халық санағының қорығындысына, басқа да әр түрлі құбылыстардың нақты сараптамаларының нәтижелеріне зор көңіл бөлінеді. Бұл материалдарды ол өзінің монографияларында, мақалаларында, баяндамаларында қолданды, олар қайсыбір процестердің, берілген бағалардың, болжамдардың бағыттарын анықтау, қорытындылау үшін түйінді қызмет атқарды.

В. И. Ленин еңбектерінде төңкеріске дейінгі Ресей қоғамының әлеуметтік құрылымы; нарық және қоғамдық еңбек бөлінісі; биліктің әлеуметтік құрылымы (оның саяси және экономикалық мәселелері, ішкі ұрылымы); дәуір ұғымы; бұқараның революциялық үрдістегі рөлі; әлеуметтік динамика мәселелері, әлеуметтік білім деңгейлері және т.б. мәселелері әлеуметтанулық білімнің көріністері ретінде қарастырылды. Қоғамды зерттегенде оны мәңгі қозғалыстағы, үздіксіз дамудағы тұтас түзілім ретінде қарастырып, қоғамның жекелеген элементтеріне өз бетінше еркін комбинация жасауға жол бермеу керек екенін атап көрсетеді.

В. И. Ленинді әлеуметтік көрегендік сипат ерекшеленді. Өзі өмір сүрген тұстағы Ресейдің күрделі әлеуметтік-экономикалық үрдістеріне (әсіресе оның ішкі рыногына) сараптама жасай отырып, оларды бүкіл жүйені құрайтын байланыстар ретінде (техника, жұртшылық, тұрмыс, отбасы, халықтың жекелеген жіктерінің әлеуметтік жағдайы, олардың саяси рөлі) өмір сүру тұрғысынан қарастырады немесе жүйенің өзін-өзі реттеушілік мүмкіндігі тұрғысынан зерделейді. Оның әлеуметтану жөніндегі түсінігі позитивистердің әлеуметтануды «таптан жоғары» тұрған ғылым деп түсіндіруіне толығымен қарама-қайшы еді. Осы орайда: «материализм өз мағынасына, былайша айтқанда, партиялықты енгізді, оқиғаға

кандай да болса баға бергенде белгілі бір қоғамдық топтың көзқарасын тікелей әрі ашық жақпауды міндегейді» - деп жазды.

Ресейде ғасырлар тоғысында үстемдік еткен әлеуметтануды түсіндіруді ол консервативтік деп есептеді, сондықтан бұл ғылымның өзіне сенімсіздікпен қарады. Ол орыстың ірі әлеуметтанушылары М. М. Ковалевский, П. Н. Миллюков және басқалары жасаған қорытындылар Ресей ақиқа-

Кукушкина Е. И. Русская социология XIX — начала XX века. М.: Изд-во МГУ, 1993. С. 64.

Ленин В. И. Шығ. толық жинағы. 1-т. Алматы: Қазақстан, 1973. 443—444-б. 69

тында болып жатқан маңызды өзгерістерді көрсете алмайды деп есептеді. В. И. Ленин батыс әлеуметтанушылары О. Конт, Г. Спенсер, М. Вебердің де көзқарастарын қабылдамады, ең алдымен әлеуметтік танымның құндылығын жоққа шығарғаны үшін, ғылыми ұсыныстар негізінде қоғамдық процестерді реттеудің құралы ретінде ұтымдылықты сциентистік тұрғыда түсіндіруді мойындамады. В. И. Ленин үшін қоғамның ұтымдылығы деген, ең алдымен бұқараның өз қызметінің нәтижесі. Ол әлеуметтандың абстрактілі схемалар жиынтығына айналдырылуына қарсы болды; рухани өмірдің күрделі құбылыстарын сараптауда қауіпті жалаң сөздерден сақтандырды.

Әлеуметтану зерттеулеріне ол өзінің қоятын талаптарын «Статистика және әлеуметтану» деген мақаласында баяндады. Қоғам туралы ғылымда ойша жорытушылыққа, дерексіздікке жол бермеудің қажеттілігін атап көрсетті: «дәлме-дәл және талассыз фактілерден туатын негізді — оған сүйенуге болатын, біздің заманымызда кейбір елдерде шектен асқан киянатпен қолданылып жүрген, «жалпы» немесе «шамамен алынған» пайымдаулардың кез келгенін онымен салыстыруға болатын негізді белгілеуге тырысу керек»!

XIX ғасырдағы Ресей әлеуметтануындағы тұжырымдамалар мен көзқарастарды XX ғасыр әлеуметтанушылары одан әрі сабақтастықпен байытуы керек еді. Алайда, бұл елде болған Қазан төңкерісі әлеуметтік ойдың дамуына түбегейлі өзгерістер жасады.

2. XX ғасырдағы Ресей әлеуметтануының дамуы

Қазан төңкерісінен кейін Ресейде әлеуметтану ғылымының дамуы шиеленіскен карама-қайшылықты жағдайда жүрді. Онда институттандыру процесі басталды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында әлеуметтану ғылымының өрлеуі байқалды. Әлеуметтанулық зерттеулер жүргізілді және әлеуметтану кафедралары құрылды. Жоғары оқу орнының осындай бөлімі Петроград пен Ярослав университеттерінде жұмыс істей бастады. 1919 жылы Социобиблиографиялық институт ашылды. Сол жылы осы институттың директоры К. М. Тахтарев бұл институтты Ресей әлеуметтану институтына өзгерту туралы мәселе көтерді.

М. М. Ковалевский атындағы Ресей әлеуметтану қоғамы өз жұмысын қайта жалғастырды. Оның төрағасына Н. И. Кареев тағайындалды. Петрофад университетінің маңызды буыны саналатын қоғамдық ғылымдар факультетінің қатарында елдегі алғашқы әлеуметтану бөлімі 1920 жылы

Ленин В. И. Шығ. толық жинағы. 30-т. Алматы: Қазақстан, 1973. 390-б. 70

ашылып, оқу процесіне орыстың ірі әлеуметтанушылары тартылды. Осы әлеуметтану бөлімін басқару ісі П. Сорокинге тапсырылды. Осы жылдары негізінен теориялық мәселелер қарастырылған көптеген әлеуметтанулық әдебиеттер баспалардан жарыққа шықты. Мысалы: П. А. Сорокиннің, Н. А. Бухариннің, М. С. Сальскийдің, В. М. Хвостовтың, т.б. шығармаларын айтуға болады.

Бұлардың еңбектерінде әлеуметтану білімінің пәні, теориясы және құрылымы жөнінде әр түрлі көзқарастар сарапталды және әлеуметтану мен маркстік қоғам теориясының арасалмағын ажырату мәселесі қойылды. Соңғының негізінде маркстік әлеуметтану ғылымын нақты калыптастырып, әлеуметтанудың марксизм іліміндегі орнын айқындау міндетін жүзеге асыру қарастырылды.

Алайда, беделге сүйенген тәртіптің орнауы, қоғамдық өмірдің барлық саласын басқаруда әкімшілік-әміршілдік жүйенің құрылуы жалпы қоғамдық ғылымдарға, соның ішінде әлеуметтану ғылымына кері әсер етті. 1922 жылы көрнекті ойшылдарі кәсіби философтар, әлеуметтанушылар, экономистер елден қуылды. Солардың арасында П. А. Сорокин, П. Б. Струве, Н. А. Бердяев, С. Н. Булгаков, т.б. болды. 20-шы жылдардың орта тұсында қалыптасқан идеологиялық және саяси бақылау жүйесі кез келген жаңа әлеуметтік ойдың басып-жаншылуына, тыйым салынуына әкеп соқырды, әлеуметтанулық пайымдаулар жоққа шығарылды.

П. А. Сорокин марксистерді қоғамның әлеуметтік құрылымының бүкіл проблемасын таптарға бөлумен шектелуін сынады, адамдар арасындағы жойылмайтын сапалы өзгешеліктерге байланысты тапсыз қоғам орнатудың «принципі мүмкін емес» екендігін де айтты. Марксизмге адал К. М. Тахтарев, С. И. Солнцев, т.б. әлеуметтанушылар қоғамның таптарға бөлінуі шешуші рөл атқаратындығын атап көрсетті, таптардың шығуы мен эволюциясын Спенсер мен Дюркгейм тұрғысынан түсіндірді. Бұлар таптық күреске қоғамдық прогрестің қозғаушы күші ретінде қарамады. Дамудың қайнар көзі, Тахтаревтің пікірінше, таптар емес, әлеуметтік ынтымақтастықтың және қоғамның іргетасын қалайтын ұлттық қатынастар.

А. А. Богданов пен Н. И. Бухариннің таптар тұжырымдамаларының негізіне қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымын қалыптастыратын техникалық-ұжымдық қатынастар қоғамдық еңбек бөлінісінде басқарушы және атқарушы болады деген түсініктер алынды. Мұндай бөліну тіптен әлеуметтік ұйымдардың нышаны көрініс берген жерлердің бәріңде болатын болды. Сондықтан таптар қоғамның табиғи және қажетті элементі, деп танылды.

Алайда, 20-жылдардағы таптарға дәстүрлі маркстік көзқарас шеңберінен шығуға жасалған талап маркстік әлеуметтанудың одан әрі дамуына 71

айтарлықтай ықпал жасай алмады. Көптеген маркстік зерттеулер бұрыннан қалыптасқан тұжырымдамаларды нақтылауға арналды, мынандай ұғымдарды тәптіштеді: негізгі және негізгі емес, аралық, өтпелі таптар; сонымен бірге таптар ішіндегі жіктелісті сипаттайтын ұғымдарды: «таптар типі», «отрадтар», т.б. нақтылады.

30-жылдардың басында тапсыз социалистік қоғам концепциясы да маркстік әлеуметтанушылардың арасында орын тепті. Олар қала мен деревнада капиталистік элементтерді жою тапсыз қоғамға өткізеді деп түсінді. Бұл көзқарас Маркстің пролетариат диктатурасы тапсыз қоғамға жеткізеді деген ережесін жалаң көшіре салу болды. Сондықтан 30-жылдардың ортасында қалыптасқан қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттағанда «жаңа таптар», «жаңа социалистік таптар» ұғымдары қолданылды, яғни бұлар классикалық марксизмде болмаған және оның доктринасына қарсы ұғымдар еді.

30-жылдардың ортасында маркстік оқулықтардан белгілі болып отырған социалистік қоғамның әлеуметтік құрылымының тұжырымдамасы толығымен қалыптасып болды. Ол тұжырымдама бойынша қоғам екі антагонистік емес таптардан: жұмысшы табы және колхозшы шаруалардан және тапаралық жік — еңбекші интеллигенциадан тұрды. Меншіктің екі формасының, яғни жалпы халықтық және колхоз-кооперативтік меншіктерінің біртіндеп жақындасуы әлеуметтік біртекті қоғамға өкеледі деген болжам жасаады. Бұл әлеуметтік утопия негізінен идеологиялық функция атқарды.

20-30-жылдары ұлт және ұлттық қатынастар проблемасына арналған теориялық жұмыстарда И. В. Сталиннің «Марксизм және ұлт мәселесі», «Ұлт мәселесі және ленинизм» еңбектерінде қалыптасқан көзқарастар етек алды. Проблеманы талқылау сталиндік пайымдауға түсініктеме берумен шектелді. Бұл проблемаға сталиндік тұрғыдан қарау кеңестік әлеуметтану әдебиеттерінде бұдан кейінгі жылдары әбден бекіп, пайымдау жөніндегі пікір сайысы мәселенің теориясын тұмшалап тастады. Сол тұстағы ұлт мәселесі бойынша жарық көрген жарияланымдарда орын алған ұлттық және этникалық қауымдастықты, ұлттық және этникалық процестерді бір-бірінен нақты ажырата алмау бірден-бір көшірілмес іргелі кемшілік болды. Этникалық және ұлттық қауымдастықтардың арақатынасы проблемасын қарастырған көптеген марксистер ұлт дайын этникалық қауымдастықтың негізінде пайда болады деп түсіндірді. Этникаға ұлттық процестің кері ықпал ету проблемасы зерттеуден тыс қалып қойды.

20—30-жылдары қоғамдық өмірдің барлық саласына көңіл бөлінді, соның ішінде отбасы мәселесі де болды. Отбасы мәселесі көптеген марксист теоретиктерді және партия мүшелерін қызықтырды. В. А. Быстренскийдің, А. В. Луначарскийдің, А. М. Коллонтайдың және т.б. еңбектері

жарыққа шықты. Бұлар отбасы мен неке генезисі, әртүрлі қоғамдық формациялардағы отбасы-неке қатынастарының даму заңдылықтары, отбасының әлеуметтік функциялары, социалистік қоғамдағы отбасы дамуының келешегі проблемаларын зерттеген тұңғыш еңбектер еді. Аталмыш маркстік әлеуметтанулық шығармалардың арасында біраз схоластикалық туындылар да болды. Оларда теориялық және эмпирикалық талдауды ұштастыруға алғашқы қадамдар жасалғанымен, идеологиялық нұсқаулар фактілерді бұрмалап түсіндіруге әкеп соқтырды. Кеңестік социалистік республикалар одағындағы ерлі-зайыптылардың ажырасуларының санының артуы отбасы институтының ыдырауының көрсеткіші ретінде ұғындырылды. Отбасын біржақты зерттеу, оның шағын топ ретіндегі сипатын мойындамау, сайып келгенде, экономикалық, құқықтық институттар мен нормалар жағынан қатаң детерминдендірілген формальды ұйымдар принципіне сәйкес отбасы моделін құруға әкелді.

Соған қарамастан маркстік әлеуметтанудың 20-30-жылдардағы теориялық ізденістері қуатты идеология қысымының аясында болды, ал социология саласында жаңа әлеуметтік қажеттіліктер елдегі болып жатқан әлеуметтік процестер жөнінде ақпарат жинау үшін қолайлы жағдай жасады. Бұл теориялық және эмпирикалық зерттеулер арасындағы алшақтықтың тым терендеуінің басты себебі еді. Эмпирикалық әлеуметтік зерттеулер саласындағы қарқынды жұмыс азамат соғысы жылдарында басталып кетті. Революцияның әлеуметтік салдары туралы ақпарат жинауға арналған бірнеше зерттеулерді Петрофад социобиологиялық институтының қызметкерлері жүргізді. 1920 жылы П. А. Сорокиннің жетекшілігімен Петрофадта кәсіби топтарға зерттеу жүргізілді. Бұл оның әлеуметтік стратификация теориясына арналған тұңғыш тәжірибесі болды. Алайда, 1920 жылдан бастап маркстік емес әлеуметтанушылар өз зерттеулерін тоқтатуға мәжбүр болды. Бірақ қоғамға әлеуметтік ақпараттың қажеттігі сақталып қалды.

20-жылы орталық және жергілікті өкімет органдары жүргізген «әлеуметтік зерттеулер» әлеуметтік ақпаратты жинауды ұйымдастырудың тиімді формасы болды. Мұндай зерттеулерге әдетте ұқыпты дайындықтар жасалды. Зерттеу бағдарламасы баспасөз беттерінде жарияланды. Олардың нәтижесі бойынша монографиялар, газеттер мен журналдарда көптеген мақалалар басылды. Анкеталық сауалнама жүргізу техникасы енді ғана қалыптасып жатты, оның бәрінде ашық сұрақтар қолданылды. Білім беру және тәрбие проблемаларын әлеуметтанулық зерттеулерде тестілерді қолдану тәжірибесі іске асырылды. Жиналған ақпарат өзінің мазмұнының байлығымен, қолданбалық тиімділігімен ерекшеленді. Көптеген

73

зерттеулердің бүгінгі нормалармен салыстырғанда біршама кемшіліктері болды, атап айтқанда, бағдарлама дайындаудағы олқылықтар, ұғымдық аппараттағы, алғашқы ақпарат жинау әдістемесіндегі кеткен көптеген қателіктер және т.б. осының айғағы. Бірақ сол жылдардағы кеңестік социология академиялық әлеуметтануға қарағанда саяси цензураға онша

тәуелді болмады. Соның нәтижесінде соғысқа дейінгі кеңес қоғамындағы әлеуметтік процестер туралы бай ақпараттар жиналды. Олар қазір де тарихи-әлеуметтанулық қызығушылық тудырып отыр.

Совет Одағы Коммунистік партиясы екі рет: 30-жылы және 60-жылдың басында әлеуметтануды марксизмге жау, жалған ғылым деп жариялады. Алайда, эмпирикалық зерттеулердің жүйесі қоғамға қажет болды, сондықтан әлеуметтануда ақтап алу қажеттілігі туды. Ол үшін идеологияның тыйым салуларын бұзбай, яғни тарихи материализмді әлеуметтануға балап, ал әлеуметтанудың өзін қолданбалы зерттеулердің деңгейіне дейін темендетуді жариялау әлеуметтануды марксизм аясына қайтарудың бір ғана жолы болды. Осыған орай әдеттен тыс жағдай калыптасты: әлеуметтанулық зерттеулер өмірде қолдану құқығына ие болды, ал әлеуметтану ондай құқықты ала алмады.

Кеңестік әлеуметтанудың «екінші рет дүниеге келуі» 60-жылдары болды. Шет елдердегі әлеуметтанудың қарқынды дамуы мен кейбір субъективтік жағдайлар бұған негізгі себеп болған еді. 30—60-жылдар аралығында Кеңес қоғамында әлеуметтанулық ойдың дамуында бірқатар үзіліс болды. Сол кезеңде тарихи материализмнен таратыла жарық керген монографияларда әлеуметтік құбылыстар мен процестер шектен тыс абстрактілі — теориялық деңгейде, мейлінше идеологияланған, нақты өмірмен байланыстырылмай талданды. Философиялық детерминизм, әлеуметтанулық ойлауды жоққа шығару қоғам туралы ғылымдарда догматизм мен схоластиканың елшеусіз үстемдік етуіне әкеп соқты. Әлеуметтанулық ойдың дамуы шындығында да 30-жылдардың аяғында тоқтаған еді. Әлеуметтанулық нақты зерттеу әдістері ғылыми айналымнан алынып тасталды және оны философиялық түрдегі әлеуметтік білімге қарсы қойды. Әлеуметтік өмірдегі құбылыстар мен процестерді нақты зерттеуге тыйым салынды.

Әлеуметтанудың жандана бастағаны, ғылыми пән ретінде алғашқы еске алынуы 1955 жылы басталды. Академик В. С. Немчинов зерттеу пәні — қоғамның дамуы дей отырып, әлеуметтануды философиялық білімнің бір саласы ретінде сипаттады. Бұдан кейін, 1965 жылы, әлеуметтану қоғам дамуының заңдары мен қозғаушы күштері туралы ғылым ретінде айқындалды. Оның пәніне бірін-бірі алмастыратын тарихи қоғамдық формациялар, қоғамдық заңдылықтар, соның ішінде адамдардың әлеуметтік

74 катынастарының қалыптасуы мен дамуы заңдылықтары, олардың әлеуметтік өзара әрекет етуінің әр түрлі формалары жатқызылды.

60-жылдары әлеуметтанудың пәні туралы пікірсайыстар өрбіді, алайда оның ғылым ретіндегі өзіндік пәнін анықтаудан гөрі, әлеуметтанудың философия мен маркстік дүниетанымға қарама-қарсы тұжырым емес екендігін дәлелдеуге көңіл бөлінді. Осыдан келіп әлеуметтануды тарихи материализм тұрғысында, ал оның әдістерін диалектикалық-материалистік әдістемелік екендігін анықтау етек алды. Бұл пікірсайыстарда идеологиялық жағы басым болды да, идеология мен қоғамдық ғылымдар бір ма-

ғынада қолданылды. Ал ақиқатында бұлар рухани қызметтің әр түрлі саласы еді. Идеологиямен байланысқан ғылым әдетге әлеуметтік мүдделердің пайдақорлығын көздеген ғылымсымаққа айналады. Жалпы әлеуметтануды тарихи материализммен ұқсастыру әлеуметтанулық зерттеудің өз алдына қалыптасып келе жатқан бағыттарына да кедергі жасады. Сондықтан бұл көптеген зерттеушілерді қанағаттандырмады. Әлеуметтанудың өзіндік ұғымдық аппараты болуы керек еді. Әлеуметтану қоғамды әлеуметтік философияға қарағанда өзінің ерекше категориялары мен ұғымдары арқылы қарастыруға тиіс болды. Сондай жалпы әлеуметтанулық теориялар ұғымдарына әлеуметтік құрылым және әлеуметтік институттар, мәдениет, әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік тап ретіндегі тұлға және индивидтерді әлеуметтендіру процестері, әлеуметтік өзара әрекет және әлеуметтік өзара байланыс категориялары жатқызылды.

Сонымен, 60-жылдары үш деңгейлік әлеуметтану тұжырымдамасы жасалды: тарихи материализмді жалпы әлеуметтанулық теория ретінде қарау деңгейі, одан жеке әлеуметтанулық теориялар құру деңгейі, бұдан әлеуметтік фактілерді қорытындылау деңгейі шықты. Аталмыш тұжырымдама кеңестік әлеуметтанудың қалыптасуында белгілі бір рөл атқарды. Ол нақты әлеуметтанулық зерттеулердің статусын бекітті, бірақ отандық ғылымның дүниежүзілік әлеуметтанудың даму процесіне енуі қиындықтарға шалдықты.

Батыс Еуропа мен Ресейдегі әлеуметтанушылардың идеялары қазақтың көзі ашық азаматтарына ықпалын тигізбей қоймады. Солардың арасында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, т.б. болды.

75

ТӨРТІНШІ ТАҚЫРЫП

ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТАНУ ОЙ-ПІКІРІНІҢ ДАМУЫ (XIX ғасыр—XX ғасырдың бірінші жартысы)

XIX ғасырдың 60-шы жылдарында патшалық Ресей қазақ даласын толығымен отарлауды іске асырған еді. Ол жүргізілген отарлау саясаты қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, мәдени-құқықтық және тағы да басқа өмір салаларына айтарлықтай ықпал етті. Сол тұста қазақ даласына демократиялық көзқарастағы орыс ойшылдары әр түрлі себептермен келе бастаған еді. Олардың көзқарастары белгілі бір деңгейде қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтарының әлеуметтанымдық көзқарастарына әсер етті. Солардың қатарында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев және т.б. болды. Қазақ ағартушылары өздері өмір сүрген тұстағы қоғамның тыныс-тіршілігін зерттеп, оның әлеуметтік мән-мазмұнын ашып тағы да басқа мәселелерін терең пайымдаулардан өткізді. Енді сол пайымдауларға тоқталамыз.

1. Ш. Ш. Уәлихановтың әлеуметтану жөніндегі тұжырымдамалары

Ш. Уәлихановтың (1835-1865) ғылыми еңбектерінің бәрінде, атап айтқанда, «Қазақтардың өрісі мен қонысы туралы», «Сот реформасы жайлы жазбалар», «Баянауыл округі туралы», «Өлкенің үкімет басқару жүйесі мен саяси жағдайы», «Сахарадағы мұсылмандық туралы» және т.б. шығармаларында қазақ қоғамындағы көкейтесті әлеуметтік мәселелер зерттеледі.

Қазақтардың өмір сүрген патриархалды-феодалдық қоғамы барлық халықтардың басынан өткізген эволюциялық даму жолы екенін атап көрсетеді. Қазақ қоғамының эволюциялық дамуы өзге елдердегі сияқты елді өркендеудің биік сатысына көтереді деп түсіндірді. Оның әлеуметтік-экономикалық негіздері бар екенін дәлелдеді. Ол Ресей державасының «құрамына еніп отырған барлық бұратана тайпалардың ішінде халқының санының көптігінен, байлығы жөнінен біз бірінші орын аламыз. Меніңше, алдағы өркендеу де біздің — қазақтардың үлесіне тиеді!», — деген қорытындыға келеді.

Қазақ қоғамында орын алған жағымсыз құбылыстар тоқыраудың мотиві болғанын, қоғам дамуында жаңа бетбұрыс алған еркін ағымды тоқтатқанын сынай отырып, қазақ елінің өркендеу болашағын реформамен

Уәлиханов Ш. Тандамалы. 2-басылымы. Алматы, 1985. 129-б.

76

тығыз байланыстырады, реформаға қалай өзірлену және оны қалай жүргізу қажеттігі жөнінде аса құнды ой-пікірлер тұжырымдады. Оның пікірінше, реформаға ғылыми тұрғыдан келу керек, нақты тарихи жағдайды есепке алу қажет. Сонда ғана реформа сәтті орындалады, соның негізінде қоғамдық организмнің дамуы іске асады. Мұндай реформаны аяғына дейін жеткізуді маңызды процесс деп санайды.

Егер де қоғам мұқтаждығы мен құралдары белгілі болса, қоғамның әлауқатын жақсарту мақсатын көздеген кез келген реформа алға қойған мақсатына сол уақытта ғана жетеді!

Басқаша сөзбен айтқанда, реформаны жемісті жүргізу үшін өзгерістердің ішкі қайнар көздерін көре білу қажет болды. Сонымен қатар Шоқан қоғамдағы өзгерістерді жасау қажеттілігі қоғамның даму деңгейінен және бұқара халықтың өмір салтынан туындауы тиіс деп түйді. Ал бұның өзі дифференциялау принципі тұрғысынан қаралуы керек. Қазақ қоғамында жүргізілетін реформалардың ішінде адамның тұрмысын жақсартуға ықпал етегін реформа ғана пайдалы, ал бұл мақсатқа жетуге кедергі келтіретін реформа «зиянды». Сондықтан ол бұл мақсатқа жете алмайтын кез келген реформаторлықты жоққа шығарды. Қазақ еліне қоғамдық өмірдің экономикалық және әлеуметтік жақтарын қамтитын реформа қажет деп санады. Ш. Уәлихановтың тұжырымдауынша, қоғамда жасалатын бетбұрыстардың халыққа ұнамдысы, пайдалысы экономикалық және әлеуметтік реформа, олар «халықтың маңызды мұқаждарына тікелей қатысы бар реформа деп саналады, ал саяси реформалар

қажетті экономикалық реформаларды іске асырудың құралы ретінде қолданылуы тиіс, өйткені жеке алынған әрбір адам және барлық адамзат ұжымдаса отырып өзінің дамуында бір ғана түпкі мақсатқа — өзінің материалдық әл-ауқатын оналтуға ұмтылады және осының өзі прогресс болып саналады».

Шоқанның пікірі бойынша, экономикалық және әлеуметтік реформалар шынайы қоғамдық прогреске жетуді мақсат етуі керек, ал қоғамдық прогресс өз кезегінде халықтың материалдық халін жақсартуға қызмет етуі тиіс. Саяси реформа белгіленген экономикалық мақсатқа жетудің құралы қызметін атқарып, соған бағындырылады. Сол халықтың пайдасы үшін іске асырылатын қоғамдағы өзгерістер «материалдық қажеттілігіне» және «ұлттық мазмұнына» орайластырылған бірнеше талаптарды қанағаттандыруы керек. Оның аталмыш мұқтаждықтар мен сипаттар деп

Валиханов Ч. Ч. Собр. соч.: В 5 т. Т. 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. С. 78.

77

отырғаны қазақтың ауылдық-рулық қауымдастығының жерді ұжымдасып пайдалануы, еңбекші жұрттың әлеуметтік қауымдастығы сияқты жақсы жақтары еді. Сонымен қатар оның өзара көмек, тұрмыста бір-біріне қол ұшын беру және өзін-өзі басқару белгілерін де назардан тыс қалдырмай, олардың маңызды жақтарын ашып көрсетті. Шоқанның пікірі бойынша, бұлар «оқыған еуропалықтардың еліктеуіне» тұрарлық құбылыстар.

Ғұлама ғалымның бұл пікірінің бүгінгі таңда біздің елімізде жүріп жатқан реформа үшін практикалық маңызы зор. Бірақ осы құнды пікірдің ескерілмеуі қоғамды келеңсіз жағдайларға да соқғыруда. Қоғамның күйін және халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын есепке алмай, өзге елдің тәжірибесін көзсіз енгізе салуды республика өз басынан кешірді. Бұның бәрі жүргізіліп жатқан реформаның барысына әсерін тигізбей қоймады.

Шоқан реформаны халыққа таңуға да қарсы болды. Оның көзқарасы бойынша, «еріксіз, күштеп іске асырылған реформа қазіргі таңға дейін адамзатты ауыр зардапқа соқтырып келеді». Ол қазақ елін басқарудың мұндай әдістерінен сақтандырды, өйткені олар халықты толқытуы мүмкін деп санады. Ойшылдың пікірі бойынша, реформа қайсыбір қоғамға тән терең қажеттіліктерден туындауы керек. Бұдан кері жағдайда қолданылған шаралар іске аспайды, тіптен қоғамдағы өзгертулерге жағымсыз ықпал ететін процестерді тудыруы мүмкін.

Оның пікірінше, мұндай апаттарды «жөнсіз теорияларға сүйенген немесе басқа халықтың өмірінен алынған» реформа қалыптастыруы мүмкін. Шоқан өлкеде жүргізілуге дайындалып жатқан сот реформасын осындай реформаның қатарына жатқызды. Үкімет шенеуніктерінің реформа жөнінде еңбекші халықтың пікірімен санаспай, «танымал қырғыздардың» пікірін білуге ұмтылуын қателікке есептеді. «... танымал және бай адамдардың мүдделері, тіптен жоғары өркениетті қоғамдардың өзінде, көбіне-көп бұқараның, көпшіліктің мүдделеріне қарсы болады».

Реформалардың сәтгі жүзеге асуын Шоқан олардың дұрыстығымен байланыстырып қарастырады. Олар прогресс заңдарына негізделсе ғана дұрыс болады. Оның пікірі бойынша, дәл осындай жағдайда ғана қоғамдық организмнің дамуы дұрыс, орынды жүреді. Осыдан келіп халықтар: өзін-өзі дамыту, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі басқару және өзін-өзі жазғыру іспетті саяси прерогативтерді жүзеге асыруы тиіс.

Шоқан қазақ қоғамын әлеуметтік организмнің күрделі объектісі ретінде қарастыра отырып, оның әлеуметтік-таптық құрамының қоғам дамуына сәйкес үлкен өзгерістерге ұшырап отыратынын көрсетті. Оның тұжырымын Валиханов Ч. Ч. Собр. соч.: В 5 т. Т. 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. С. 77-78.

78

рымдамаларында қазақ қоғамының ақ сүйек және қара сүйек деп аталатын екі топқа бөлінуі феодалдық қоғам кезінде орын алғандығы тұжырымдалады. Қоғамның мұндай екі ірі әлеуметтік топқа бөлінуінің себебін ол адамның шыққан ата-тегінен, мал-мүлкінен, билік ету деңгейінен көреді. Ақ сүйектер түрлі жеңілдіктерге ие болған индивидтердің жабық сословиесі еді. Бұған төрелер, яғни хан тұқымынан шыққандар енді. Шоқан қожаларды ақ сүйектердің қатарына жатқызбаған. Бірақ халық оларды білімі үшін құрметтейтін еді, деген ой айтады. Қара сүйектер қазақтың билері, байлары, батырлары, тархандары, ақсақалдарынан тұрды. Қоғамдық өмірдің әлеуметтік иерархиясының ең төменгі сатысының негізгі бөлігін шаруалар құраса, қапқан бөлігін төрелердің әртүрлі тапсырмаларын атқарған төлеңгіттері толтырды. Шоқан осы жікті құлға балайды. Өмірде олардың статусы құлдардан жоғары еді. Қазақстанның Ресейге бодан болуы, хандық институттың жойылуы, басқарудың жаңа жүйесінің енгізілуі және т.б. себептер қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына жаңа өзгерістер енгізді. Қоғамды ақ сүйек пен қара сүйекке бөлу бірте-бірте бәсеңдеп, тоқтады. Ендігі жерде қазақ халқының әлеуметтік-таптық құрылымының бай және кедейге бөлінгенін, кедейлердің «сахара пролетариаты» болғанын, олардың ауыр жағдайын ашып жазды. Бұл екі таптың әлеуметтік мүдделерінің тіптен үйлеспейтінін, соның салдарынан олардың арасында шиеленістік жағдайлардың болу мүмкіндігін ашады. Орыс қазақтарының қазақ жеріне қоныстандырылуы қоғамның әлеуметтік құрылымына өзгеше сипат беріп, ұлтаралық қарым-қатынастарды қалыптастырды.

Шоқан өз еңбектерінде таптар арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің мотивін зерттеп, соның негізінде адамдардың қоғамда иеленетін статусының анықталатынын және топтар арасындағы әлеуметтік шиеленістердің пайда болуының негізгі себептерін көрсете білді.

Шоқан ұлтаралық қатынастар мәселесінің өршуін қазақтардың өз жерінен ығыстырылып, материалдық жағдайының күрт құлдырауынан, керісінше, орыс казактарының қазақтардан тартып алынған құнарлы жерлерге орналасуынан, олардың тұрмыстық жағдайларының тез көтерілуінен деп есептейді. «Қазақтардың өрісі мен қонысы туралы» деген мақаласында Шоқан: «Қазақтар ұлан-байтақ жер кеңістігін иеленгенімен,

қазіргі уақытта тек шын шамалы ғана бөлігін пайдаланып отырса да жерге әрдайым зәру» — деп құнарлы жерлерден айырыла бастағанын жазады. Жерді ұлтаралық қарым-қатынастағы негізгі мәселе егіп қояды.

Уалиханов Ш. Тандамалы. 2-басылымы. 127-б.

Валиханов Ч. Ч. Собр. соч.: В 5 т. Т. 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. С. 107.

79

Шоқан орыс казактарының станицасына қазақтардың байырғы ата-коньсы Баянауылдың ету салдары мал жайып, мал қыстататын жерлерінен айрылуына, малдарының қырғынға ұшырауына, қазақтардың материалдық жағдайының нашарлауына соқтырғанын жазды. Өздері астық өндірумен шұғылданбаған казактар станица жерін жергілікті халыққа жалға таратып, одан түскен өнімнен салық жинап отырған. Бұл жағдайлар казактар мен орыс казактарының арасын шиеленістіре бастады. Қалыптасқан жағдайдан шығу жолын іздеген Шоқан 1864 жылы 26 наурызда Батыс Сібір әкімшілігіне хат жазып, бұл мәселе бойынша пікірін білдіреді.

Онда Баянауыл станицасының жерлерін қайта бөлуді ұсынып, ең алдымен қыстақтық мекендер мен орманды алқаптар казактарға, олардан артылса ғана казактарға жер таратып беруге болады деп есептейді.

Шоқан өркендеудің қай сатысында тұрғанына карамастан кез келген халықтың өзін-өзі дамытуын, өзін-өзі қорғауын, өзін-өзі басқаруын және өзін-өзі жазғыруын қоғамдық даму заңдылықтары ретінде қарастырып, олардың казак қоғамындағы әрекет ету көріністеріне тоқталады.

Ресей елемдік сот тәжірибесін қабылдап, оны шеткі аймақтарға, соның ішінде казак еліне таратпақшы болды. Шоқан патша үкіметінің осы әрекетіне қарсы шығып, оның негізсіздігін сынға алды. Оның пікірінше, «рулық тұрмыс пен рулық қатынастар үстем етіп тұрған шаққа, халықтың бұрынғы өмірінен туындап, оның даму жолдарынан және елінің ерекшеліктерінің ықпалынан қалыптасқан қазіргі әрекет етуші билер соты казактардың дамуың барынша қанағаттандырады».

Билер институты — казак қоғамындағы ерекше құбылыс. Оларды ешкім сайламайтын және тағайындамайтын. Ш. Уәлиханов талантымен көпшіліктің көзіне түсіп, сыннан сүрінбегені ғана осы құрметті би атағына ие болатынын айтып келіп, патша өкіметінің казактың билер институтын жоюға ұстаған бағытының жөнсіз екенін сынады. Билер институты ғасырлар бойы жетілдірілді. Соның негізінде қара қылды қақ жарып әділ де өткір шешім айтатын әйгілі билер шықты. Шоқан мұндай билердің би атағы балаларына мұрагершілікпен беріліп, әке жолын қуашылар да болғанын жазады. Орта жүздің қаракесек руынан шыққан әйгілі Қазыбек бидің құрметті би атағын Бекболат, Тіленші, Алшынбай сынды үш ұрпағы жалғастырған. Әрине, бұған қарап би болу бірыңғай тұқым қуалайтын мұрагерлік құбылыс екен деген ой тұмауы керек. Өзінің талантымен халық арасынан талай белгілі билер шықты. Орта жүздегі қалың қаржас ішінен шыққан Шорман 13 жасында, Есет Көтібарұлы 20 жасында халықты аузына

Валиханов Ч. Ч. Собр. соч.: В 5 т. Т. 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. С. 95.

80

қаратқан би атанған. Жоғарыда аталған объективтік себептер билер сотының қазақ қоғамында одан әрі өз функцияларын атқаруға тиістігін тұжырымдайды.

Билер сотының сақталуын Шоқан халықтың өзін-өзі басқаруының маңызды буыны деп қарай отырып, патша өкіметі ХІХ ғасырдың 60-жылдарында қазақтардың мүддесіне сәйкестендірілген өлкені басқару жүйесін орнатады деп күткен еді. Алайда, оның үміті орындалмады. Бюрократиялық басқару жүйесі қалыптасып, елдің жағдайын ауырлатып жіберді. Осыған байланысты Шоқан өзінің төл еңбектерінде бюрократиялық басқарудың алуан түрлі жымысқы әдістерін қолданып, қазақ халқын ауыр зардаптарға соқтырған патша әкімшілігінен қазақтардың өзін-өзі басқаруын талап етеді. Халықтың өзін-өзі басқаруын Шоқан елді демократияландырудың маңызды принципі ретінде зерделеді. Басқарудың осы жүйесіне өтудің жолдарын да қарастырды. Алайда, бұратана халықтарды билеп-төстеп тұрған патша үкіметі үшін Шоканның ұсыныстары тиімсіз еді. Сондықтан оларды мойындағысы келмеді.

Шоканның әлеуметтанулық көзқарастары О. Конт Г. Спенсер, т.б. Батыс әлеуметтанушыларының ой-пікірлерімен ұқсас. Шоқан олардың тұжырымдамаларының төңірегінде қалып қоймады. Қоғамның кейбір әлеуметтік мәселелері жөнінде олардан ілгері кетті. Сондықтан да Шоканның әлеуметтану саласындағы пайымдаулары қоғамдық ғылымдарға қосылған зор үлес.

Шоқан сияқты қазақ қоғамына назар аударып, оны тұңғыш зерттегендердің бірі Ы. Алтынсарин болды.

2. Ыбырай Алтынсариннің әлеуметтік көзқарастары

Әлеуметтік тұжырымдаманы дамытуда зор үлесі бар ірі тұлғалардың бірі Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин (1841-1889) болды.

Тарихи даму деңгейі феодалдық-рулық сатыны сақтаған қазақ қоғамын мейшінше жетік білетін ол: «Осы дарынды, ақыл иесі мол халыққа қазір, кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру, қалай дегенмен, аса қажет больш отыр» - деп, қазақтардың неге мұқтаж болып отырғанын дәл тауып жазды. Ыбырай Алтынсарин осы міндеттерді дұрыс шешу арқылы ғана қазақ қоғамының өркениетгі елдер қатарына қосылатынына кәміл сенді. Осымен байланысты қазақ-

Валиханов Ч. Ч. Собр. соч.: В 5-т. Т. 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. С. 95.

Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы, 1988. 159-б.

81

тарға білім беруді қолға алатын маңызды шаралардың біріне, дамудың

негізгі құралына балады. Білімсіздіктің етек алуынан қазақ қоғамын на-
дандық жайлап отырғанын айта келіп, жұртты білім алуға шақырды.
Сондықтан да ол өзінің жиырма бес жылдық өмірін жеткіншектерге білім
беруге арнады.

Ы. Алтынсарин жергілікті жерлерден мектеп ашу ісімен айналысады,
қазақ балаларына арнап оқулықтар, оқу құралдарын және әдістемелік
кітаптар жазды. Ол қазақ қыздары үшін мектеп-интернат, ауыл шаруа-
шылық және қолөнер училищелерін аштырды. Өйткені Ы. Алтынсарин
қазақ халқының жарқын болашағын тек оқу-ағарту ісімен, білім-ғылым-
мен байланыстырған. Сондықтан да ол: «Мектеп - қазақтарға білім
берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз - қазақ халқының келешегі
осында, тек осы мектептерде ғана» деп жазған болатын.

Ы. Алтынсарин қазақ балаларына арнап мектеп ашумен бірге, онда
қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, атап айт-
қанда, мұғалімдерге аса зор мән берген. Ол мектептегі ең басты тұлға -
мұғалім деп есептеген. Мектептің материалдық-техникалық базасы мық-
ты болғанымен, бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы, деп есептеген.
Сол үшін де ол: «Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы. Тама-
ша педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият
жүргізілген инспектор бақылауы да жақсы оқытушыға тең келе алмайды.
Сондықтан да жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат
көремін», деген болатын. Ол мектепке қажетті мұғалімдер даярлау мәсе-
лесін, олардың кәсіби білім деңгейінің заман талабына сай болуын, тұрмы-
стық жағдайларының жақсы болуып көкейкесті проблемалар қатарына
жатқызып, бұлардың онды шешілуін талап етті, олардан оқытушының бе-
делін, қоғамдағы рөлі мен статусын жоғары көтеретін факторларды көрді.
Мектепте оқушының бойында қоғамға керекті тұлғалық сапаларды
негізінен қалыптастыратып, тиянақғы білім беретін тек жақсы оқытушы
ғана қызмет істеу керек деген қорытынды жасайды. Ы. Алтынсарин осы
идеяларын жүзеге асыру үшін тынбай еңбек етті. Оның ұсынысы бойын-
ша Ор қаласында мұғалімдер даярлайтын тұңғыш мектеп ашылды. Ұлы
ағартушы қазақ жастарына кәсіптік білім беретін, қолөнер, ауылшаруа-
шылығы училищелерін ашуды қолға алып, оны бітірген мамандар қазақ
халқының экономикалық өркендеуіне зор үлес қосады деген сенімде
болды. Соның негізінде Торғайда қолөнер училищесін іске қосты.

Ы. Алтынсарин сол мектептердің шаруашылық істеріне де ерекше
көңіл бөліп отырған. Бұл жөнінде ол: «Мектептің шаруашылық жағ-
дайлары жаман болса, оның ісі еш уақытта да оңға баспайды, пайдалы
еш нәрсе бермейді, оның оқушылары да, оқытушылары да істен күдер

82
үзіп кетеді», — деп жазды. Бұдан жүз жыл бұрын жазған бұл сөздері осы
уақытқа дейін өзінің маңызын, актуалдылығын жоғалтпай келеді.

Өйткені қазірдің өзінде де халыққа білім беру, мектептердің материалдық-
техникалық базасын нығайту реформаның маңызды шараларының бірі
болып отыр.

Ыбырай қазақ даласында қазақ балалары үшін ашылған алғашқы мектептердің негізін қалаушылардың бірі болды. Осы өзі ашқан мектептер мен онда дәріс алатын шәкірттерге арнай оқу құралдары мен әдістемелік нұсқау-кеңес еңбектерін жазып, білім беру мен тәрбиені жүйелі жүргізетін мектепті маңызды қоғамдық институтқа балап, педагогикалық әлеуметтанудың іргетасын елімізде қалаған ағартушы. Оның жазған кітаптары білім беру тарихында алғашқы қазақ оқулықтары ретінде әділ бағасын алды. «Макгубат», «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты төл шығармалары — бүгінде қолға алынып, жарыққа шығып жатқан ұлттық оқулықтарды қалыптастырудың үлгісі болатын құнды туындылар.

Өзінің осы оқу кітаптарында танымдық, тәрбиелік мәні зор көптеген өлеңдер мен әңгімелер жазып қалдырды. Ы. Алтынсарин өз шығармаларында мектептегі білім беру ісі мен тәрбие жұмысын біртұтас процесс ретінде көрсетіп, олардың қоғамда атқаратын функцияларына тоқталды және мектептің проблемаларын жүйелі әрі кешенді шешіп отыруды үйретті.

Ол ағартушы-демократ ретінде патша өкіметінің отаршылдық саясатына, жергілікті өкімет орындарының озбырлық істеріне наразылық танытты. Қазақ халқының қамын жеп, мүддесін қорғады.

Көшпелі қазақ елін отырықшылық өмірге көшуге, тек мал шаруашылығымен ғана емес, егіншілікпен де айналысуға, бау-бақша отырғызуға, қолөнеріне үндеген. Дінді зерттеді.

Өзінің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінде ол ислам туралы объективтік түсінік беруге ұмтылыс жасады. Ол ислам негіздері жөніндегі қолда бар кітаптың «ешқандай да жүйесі» жоқлығын, тіпті «көпшілік жағдайда мән-мағынасын» сақтамайтындығын, «араб жазуы» мен «құран заңына» оқыту ісін көбінесе шала сауатты адамдар жүргізетіндігін айтып, мұның бәрі қазақтың жас ұрпағына «бүгінгі таңда жағымсыз ықпал етіп отыр, ал келешекте одан да бетер әсер етуі мүмкін» деп жазды. Осыған байланысты Ы. Алтынсарин мұсылмандық шарифатты оқиды да, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабын жазып шығарады. Бұл кітабында ол мұсылмандық құқық пен өсиетінің, діни жарлықтары мен салт-жораларының ережелерін объективті түрде баяндап берді.

Алтынсарин Ы. Шығармалар жинағы. 3-т. 78-79-б.

83

Ислам ережелері бойынша адам құдайға құлшылық етіп, құран ережелерін орындауы керек. «Байлық, кедейлік, білім, надандық құдайдан таралатынына сеніп керегі жоқ, - деп жазды ол, - еңбек етіп, оқу керек. Егер сен білім алсаң, дандайсыма, балаларды оқытып, оларды прогресс пен әділет жолына бағыттауға тырыс».

«Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабын жазғандағы келесі бір мақсаты қазақ оқу орындарында қазақ тілін татар тілінен қорғап қалу еді. Өз шығармаларында тілге сіңісіп кеткен діни «қыдыр», «дәуіт», «әулие», «алла», «жаратқан», т.б. сөздерді қолданған.

Ойшыл дін тарихын адамның әбден жетілген өнегелі дағдысынан алынған, өзіндік құндылығы бар исламның ғибратты өсиетгерін білу үшін ұсынды.

Ы. Алтынсарин қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын әлеуметтік-білімдік құрылымы арқылы ғана қарастырып қоймаған, оның әлеуметтік-таптық құрылымына да көңіл аударған. Қазақ қоғамының кесіндісі ретінде Торғай облысының халқын алып, оны әлеуметтік зерттеу объектісі етеді. Зерттеу нәтижесінде қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында мүліктік қатынасына қарай үш әлеуметтік топтың болғанын дәлелдейді. Ол жылқысының саны 300—400, қойы 400—500, түйесі 20—40, мүйізді ірі қарасы 50—60 басқа жеткен мал иелерін байлардың қатарына қоспай, оларға орташа шаруа деп қараған. Бай атану үшін, сондай статус алу үшін аталмыш түліктер бұл әлеуметтік топта жүздеп емес, мыңдап саналған дегенді мезгейді. Ал қарапайым шаруалардың, дәлірек айтқанда, кедейлердің (жатақтардың) санатына мүйізді ірі қара малы 10—15 бастан, жылқысы 4—5 және қойы 20—30 бастан аспаған адамдарды жатқызған. Солай дегенмен де, мал шаруашылығының тиімсіздігін дәлелдеп, жұттың халықтың әлеуметтік жағдайын төмендетіп жіберетінін жазды. Оның пікірінше, мал шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін отырықшылыққа көшу керек және бұл кезде егіншілік те дамиды. Шаруашылықтың отырықшылыққа көшірілуін қазақ халқын прогреске апаратын маңызды тәсіл деп қарады. Отырықшылыққа — қолөнерді дамытушы фактор, деп қарады. Қолөнердің дамытылуы үй тұрмысына, жалпы шаруашылыққа қажетті едеттегі бұйымдарды өндіру үшін керек, ал қазақтардың осындай заттарды іздеп алыстағы сауда орындарын жағалауы, малдан алынатын өнімдердің құнын кемітіп, еріксіз қажетті нерселерге айырбастауы немесе сатып алуы осы саланың дамымауының салдары еді.

Орыс, татар, Бұқар көпестеріне теріні 30 тиыннан 2-73 сомға, 1 пұт майды 2—3 сомға сататын. Осы шикізаттарды өнделгеннен кейін қазақ-

Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Қазақ... 1884. 55—57-6
Алтынсарин Ы. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы, 1976. 98-6.
84

тар қала базарынан етік былғарысын 6—10 сомға, майдан жасалған 1 пұт шырақты 6—7 сомға сатып алатын. Тіптен саз балшықтан құйылған кірпіштер үшін де башқұрт, татар, орыс қазақтарымен саудаласатын.

Отырықшылықтың тиімділігін Ы. Алтынсарин оқу процесімен де байланыстырады. Отырықшылық оқу процесінің үздіксіздігін, мектептердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді деп түсінді.

Қазақ қоғамында ертеден калыптасқан әдег-ғұрыптар көптеп саналады. Ы. Алтынсарин олардың адамдар арасындағы байланыс пен қарым-қатынастарын нығайтудағы рөлін зерттеп, оның нормалық маңызын ашып көрсетеді. Ол әсіресе қазақтардың құда болу салтына ерекше мән беріп, одан қоғамды нығайтудың бірден-бір маңызды факторын байқады.

Ы. Алтынсарин отбасының қазақ қоғамында ерекше міндеттер атқа-

ратындығына зор мән беріп, ата-аналардың ұл-қыздарын атастыру, некелестіру салт-дәстүрін отбасының тұрақтылығын сақтаудың, туыстық қатынастарды нығайтудың құралы ретінде сипаттайды. Сонымен қатар қазақ жұртында сегіз атаға дейін жақындарының бойжеткен қызына үйленбеу салты әлеуметтік нормаға айналғанын атап көрсетеді.

Ы. Алтынсарин айтып отырған әдет-ғұрып, дәстүр нормалары қоғамдық мүдделерден шыға білген.

Ыбырайдың әлеуметтану тұрғысынан қарастырған мәселелері, оның нәтижелері әлемдік әлеуметтану үшін аса маңызды. Ыбырайдың замандасы ұлы ойшыл Абайдың қазақ қоғамы туралы пайымдауларының да маңызы зор болды.

3. Абайдың әлеуметтанулық ой-пікірлері

Абайдың әлеуметтанулық көзқарастарының қалыптасуына орыстың революцияшыл-демократтары мен Батыс Еуропа әлеуметтанушыларының еңбектері ықпал етті. Абай Г. Спенсердің орыс тіліне аударылған әлеуметтанулық туындыларымен танысып, оның эволюциялық теориясын қабылдайды. Бүкіл тіршілік атаулының өзгермелілігі туралы ой Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде жиі ұшырасады. «Жиырмамыншы қара сөзінде»: «Дүние бірқалыпты тұрмайды» десе, өлеңінде: «адамзат күнде өзгерер» дей келіп, патриархалды-феодалдық құрылысты басынан өткізіп жатқан қазақтардың жаңа қоғамға өтеріне зор сеніммен қарайды.

Ресей бодандығынан босау қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы екенін білетін Абай, бұғаудағы қазақтардың жағдайын «Осы мен өзім - қазақпын» деп басталатын «Тоғызыншы қара сөзінде» баяндайды: «Мен

Алтынсарин Ы. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-т. 108-6.

Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. 174-6.

85

өзім тірі болсам да, анық тірі емеспін... Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам — ызалана алмаймын. Күлсем — қуана алмаймын. Сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін ...» Ол патриархалдық-рулық құрылыстың сақталуына қынжылды. Өйткені патша үкіметі ру басыларын бір-біріне айдап салып, өзінің отарлау саясатын тоқтаусыз жүргізіп жатқан еді. Бодандықтан құтылудың жолын надандыққа жоюдан көрді. Ол үшін халқын оқу, білім, ғылымды меңгеруге шақырды. Ғылымды үйренгенде қазақтарды бақастыққа жол беруден сақтандырады. Оның пікірінше, бақастық адамды түзмейтін, керісінше, оны бұзатын нәрсе, әсіресе ол адамгершілікті азайтатын құбылыс екенін ескертеді. Қазақ қоғамының әлеуметтік-таптық құрылымын қарастырып, оның байлар мен кедейлерге бөлінгенін, бұл бөлінудің мүліктік теңсіздіктен туындағанын, мүліктік теңсіздік бай мен кедей арасындағы мүдденің алшақлығын қалыптастырып, әлеуметтік қарама-қайшылыққа соқтыратынын былайша түсіндіреді:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы...
Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Андыстырған екеуін құдайым-ай!

Қазақ қоғамы тек байлар мен кедейлерден ғана тұрмады. Ел билеу жүйесінде жаңа әлеуметтік топтар пайда болып, халыққа әкімшілік жауап болыстардың, т.б. билігіне өтті. Аткамінерлер көбейді. Патша өкіметі осы топ арқылы еңбекші халықты қанап, тонап отырды, олар қоғамның әлеуметтік дамуына тұсау болды.

Абай ел билеушілерін сайлаудың оң құбылыс екенін түсінді. Алайда, оның да ел шырқып бұзатын келеңсіз жақтары бар екенін айта келіп, одан ел бірлігіне нұқсан келтіретін мотивті көре білді. Ғұлама Абай өзінің «Болды да партия», «Мәз болады болысың», «Болыс болдым, мінеки», «Бөтен елде бар болса» атты өлеңдерінде аталмыш мәселені үлкен әлеуметтік проблема ретінде көтереді.

Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп,
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп?

Абай. 2 томдық шығармалар жинағы. 1-т. Алматы, 1986. 69,70-б.

86

Сөйтіп, империялық «бөліп ал да, билей бер» саясатынан шыққан билікке сайлаудың себеп пен салдарын бағамдайды.

Абай өз шығармаларында әлеуметтік мобильдік, адам статусы мәселелеріне тоқталып, адамның қоғамдағы орнын: «Биік мансап - биік жарта...» дей келіп, оны билік, байлық, білім деңгейі, т.б. айқындайтынын түсіндірді. Оның пікірінше адам: «Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң тағы қайыршылыққа түседі!». Адамның қоғамдық баспалдақпен биікке өрлеуі мен кері қозғалуын көрсетіп, оны индивидтің әлеуметтік жағдайының өзгеруімен байланыстырады. Қазақ қоғамында байдың малы жұтта қырылып, кедейленуі жиі орын алғаны рас және еңбегімен кедейлердің орта шаруа, одан кейін байлардың қатарына қосылғандары да жоқ емес еді. Сөйтіп, олардың қоғамдық баспалдақта орнын ауыстыруы әлеуметтік заңды процесс болды.

Данышпан Абай қазақ халқының әлеуметтік дамуын еңбекпен байланыстырады. Еңбектің терең әлеуметтік мәнін түсіндіреді. Ғұламаның шығармаларында еңбек қоғамдық прогрестің негізі, материалдық құндылықтарды шығару көзі, халықтың тұрмыс деңгейін түзетудің басты құралы ретінде баяндалады. Сол кезде жұрт арасында еңбекке қатысты қалыпта-

сқан немқұрайлылық, еріншектік, жалқаулық сияқты келеңсіз құбылыстардың әлеуметтік мәнін ашып, олардың қоғамның алға басуына кедергі болып отырғанын, халықтың негізгі бөлігінің материалдық жағдайының төмендігін айта келіп, халықты аянбай жұмыс істеуге шақырды. Кедейліктің мотивін еңбексіздіктен іздеген Абай «Еңбек жоқ, қарекет жоқ қазақ кедей, тамақ аңдып қайтеді тентіремей?» деп қынжыла жазды. Еңбек етуші адамға шаруашылық жүргізгенде «жинақылық керек, әрбір жинақылық түбі кеніш болады» деп, еңбекті ұтымды жүргізуге насихаттайды, өйткені ұтымды еңбек ету әлеуметтік прогреске жеткізудің жолы, кедейліктен шығудың бірден-бір басты құралы еді. Кедейлікпен күресе алмаған, одан шыға алмаған кісі кер келеді. Еңбектің сипаты мен мазмұнына ерекше мән берген Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған,

деп, егін салу мен білім алудың баянды еңбек екенін қорытады. Баянды еңбекті ол материалдық игіліктерді өндірудің және адамның мұқажын қанағаттандырудың маңызды көзі деп түсінді.

1. Абай. 2 томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы, 1986. 107-6.

2. Бұл да сонда. 100-6.

3. Бұл да сонда. 157-6.

87

Қазақ қоғамында халықтың бәрі бірдей еңбекке тартылмай, оның белгілі бір бөлігі жұмыссыз болды. Абай оның жағымсыз әлеуметтік салдарын ашып көрсетті.

Жұмысы жоқтық қазақты жаманшылыққа үйір етеді деп ескертті.

«Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішуге малдын тапшылығы да, ағайынның араздығына да әр түрлі бәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе». Ұлы ойшыл жұмыссыздықтың материалдық жоқшылыққа әкеп соқтыратынын баяндай отырып, оның адам мінез-құлқын өзгертетінін айтып, адамды хайуандандырып жіберетінін ескертті. Адамның бәрінде жаманшылыққа қарсы тұра алатын күш-қуат, жігер табыла да бермейді. Сондықтан да Абай «Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады» деп жазды. Жұмыссыздықты ел ішінде тоқтату жолдарымен қатар, сырт елдерге барып жұмысқа орналасу арқылы жоюға болатынына үмітпен қарады. Ол «малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен?» деп армандады. Абайдың бұл пікірі бүгінгі қоғамда жұмыссыздықтың салдарынан қалыптасқан келеңсіз әлеуметтік жағдайларды: қылмыстың өршуін, қайыршылықтың, нашақорлықпен маскүнемдіктің, жезөкшеліктің, т.б. мәнін сол кезде-ақ көріп тұрғандай айтылғаны анық.

Абай қазақ қоғамын дамытудың құралы халыққа білім беру, оларды ғылымға тарту деп есептеді. Ғылымды ол әлеуметтік жағдайларды жақ-

сартудың ғана бірден-бір құралы, деп қарай отырып, ғылымды игеру бүкіл прогреске жеткізетін жол деп түсіндірді.

Ұлы ойшылдың пікірінше, ғылымды біз жанымыздан шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен білеміз.

Абай осы тұжырымын «Отыз сегізінші сөзінде» тереңдете келіп, ғылымның, білімнің пайда болып, қалыптасуын және оның әлеуметтік рөлін былайша пайымдайды: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады».

Абай ғылымда абстрактілі ойлаумен қатар нақты фактілерге сүйенудің маңыздылығын атап көрсетеді және ғылымда қолданылатын бақылау әдісінің рөлін мезгейді. Ғылымда әр нәрсенің өлшеуі бар, оның өлшеуін

1. *Абай*. 2 томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы, 1986. 158-6.

2. Бұлдас онда. 164-6.

88

білу - бір үлкен керек іс деп, ғылым танудың маңызды принципін негіздейді және жолын байқатады.

Ғылымның бірден-бір мақсаты — қоғамды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету: «Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпымен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі. Ақпаратты «көп жинағаны бар адам» сынап, орындысын, орынсызын - бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп харекетке түскен адамды ақылды дейміз».

Абай ғылыми зерттеулер кәсіби деңгейде жүргізілгенде ғана жақсы нәтиже береді деп түсінді. Абай статистикалық мәліметтердің ғылым үшін маңыздылығын жақсы білгендіктен, оны санақ мәліметгері қатты қызықтырған. 1878 жылы құрылған Семей облыстық санақ комитетіне өмірінің соңына дейін мүше болған. Статистикалық мәліметтер қоғамда жүріп жатқан процестер туралы анық, әділ, ғылыми деректер беретін болғандықтан, Абай Қоңыр-Көкше еліне болыстың управителі сайланып, өзі басқарып отырған болыстың жәй-күйін баяндайтын статистикалық мәліметтерді өз қолымен жазып, облыстық басқармаға жіберіп отырған: «1876 жылдың аяғында болыста 4163 еркек, 3393 әйел. Қыстайтын жерлер саны - 1004, оның 469-ы тастан, кірпіштен қаланған қыстауларда, 535-і киіз үйде қыстайды. Болыста 900 тұйе, 4500 жылқы, 1350 ірі қара мал, 30150 қой-ешкі», — деп жаза келіп, одан қанша төл алынды, қыста өлгені, тамақ үшін пайдаланғаны, т.б. көрсетеді де, болыстағы егін шаруашылығының жайын баяндайды: «19 шаңырақ егін шаруашылығымен шұғылданады. Суарылатын егіндік жерге қара бидай мен бидай 20 қап, тары мен сұлы 8 қап себіліп, одан 130 қап қара бидай мен бидай, 24 қап сұлы өнімі алынды. Суару жүйесі Мұқыр, Тақыр өзендеріне салынды, бір су тиірмен болды. Бұл болыстың адамдары өздеріне керекті 2104 қап астықты Семейден сатып алды». Абай елдің әлеуметтік-экономикалық хал-жайын: мал, егін шаруашылығын, елдің әлі де жартылай көшпелі, жартылай отырықшы

күйде қалып отырғанын терең сезінді. Мұндай жағдайда өркениетгі елдер дәрежесіне қосына алмайтынын білді, Ол ғылым мен білімнің маңызды функциясы адамда тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру деп санады. Қоғамның болашағы саналатын жастарға бағыптап жазған өлендері мен кара сөздерінде оларды жағымсыз жәйттерден сақандырып, жақсылыққа ұмтылу керектігін түсіндіріп, тұлғаны қалыптастыратын қасиеттерді белгілеп берді. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде Абай:

1. *Абай*. 2 томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы: Жазушы, 1986. 162-6.

2. Бұл да сонда. 160-6.

3. *Бейсенбаев М.* Абай және оның заманы. Алматы, 1988. 14-6.

89

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...
Өсек, егірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап кой -
Бес асыл іс, кенсеңіз, —

деп, адамды тұлға етерлік әлеуметтік қасиеттерді саралап көрсетеді. Ол тұлға мәселесін әлеуметтендіру процесімен ұштастырады. Әлеуметтендірудің негізгі агенттеріне Абай баланың ата-анасы, ағайын-туыстарын, білім мен ғылым орындарын, дін мекемелерін, т.б. жатқызады. Осы агенттер арқылы әлеуметтендіру процесі жүзеге асады, соның нәтижесінде тұлға қалыптасады.

Абай дінге қоғамның маңызды институты ретінде қарады. М. Әуезовтың пікірінше, Абай үшін дін адамның жеке басының моральдық жетілуінің құралы болған. Абай дін мәселесін өзінің өлендерінде, кара сөздерінде алға тартып, оның әлеуметтік мәнін, мазмұнын ашады. Дінге беріле сенеді. «Алланың сөзі де рас, өзі де рас» деп, құдайдың барлығына жұртты мойындатуды жөн санайды. Өйткейі сол тұста өмір сүрген қыр қазағы дінді жете қабылдай қоймаған-ды. Оның үстіне ана тілімізде шыққан діни кітаптар жоқтың қасы еді. Абай осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Отыз сегізінші сөзін» жазып, намаз ғибраттарына жеке-жеке тоқталып, әрқайсысының мән-мағынасын ұқтырды. Дін үнемі арлылық, әділеттілік пен имандылықты уағыздаушы деп түсінді. Абайдың пікірінше, имандылық - адамдық сапаның маңызды өлшемі. Ал иманның өзі бірнеше элементтерден тұрады, оның негізгісі ұят. Ұяты бар адам ұялғанда адамға қарай алмайды, тіптен көзі бұлдырап маңындағыны көре алмайды. Осылайша ұялған адамға өкпенді кешпеудің өзі ұят. Ұяттан қысылған адамды одан әрі ұялтатындай сөз айтудың өзі адамшылыққа жатпайтын қылық. Абай ұят түсінігі арқылы иманы бар адамның мінезін анық суреттейді.

Демек, Абай ислам дінінің тәрбиелік рөлін жоғары бағалаған. Абайды ислам дінімен қатар өзге де діндер қызықгырып, будда дінінің он пары-

зымен танысқан. Аталмыш парыздың да алға қойған мақсаты адамды түзу жолға салу болғандықтан, ұлы ойшыл оларды ерекше құндылық ретінде қабылдаса керек.

Қоғамдағы келеңсіз құбылыстармен, әлеуметтік әділетсіздікпен күрескен Абайға:

1. Абай. 2 томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы: Жазушы, 1986. 183-6. 90

- 1) Өмірді өлтірме, қор қылма, сыйла;
- 2) Ұрлама, тонама, еңбегіңнің пайдасын әркімге тигіз;
- 3) Арамдықтан сақтан, әйелден аулақ бол;
- 4) Өтірік айша, шындықты айтуға қорықпа, бірақ ақиқатпен айт;
- 5) Жаныңнан өсек шығарма, біреудің айтқанын біреуге айтпа;
- 6) Ант ішпе;
- 7) Бос сөзге уақыт бөлме, орынды сөйле, әйтпесе үндеме;
- 8) Мақтан кума, күндеме, жақыныңның жақсылығына қуан;
- 9) Жүрегінді ашудан тазарт, дұшпаныңды жек көрме;
- 10) Сенімсіздіктен құтыл, хақиқатты ұғуға тырыс - деген будда нормалары өз дүние танымындай болды. Бұл парыздар ойшылдың шығармаларынан айқын аңғарылады.

Сөйтіп, Абай діннің қоғамдық институт ретіндегі атқаратын функцияларының арасынан тәрбие функциясын жоғары қояды.

Абайдың шығармаларында демократиялық мемлекет құру идеясы негізделген. Оның демократиялық мемлекеті қазіргі қоғамдық ғылымдар тілімен айтқанда азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет. Абайдың пікірінше, азаматтық қоғамда әділеттілік принципі үстем болуы керек, тұлға құқығы мен бостандығы қорғалуы тиіс, биліктің көзі халық болуы қажет, билікке лауазымды адамдар сайлануы керек т.б. принциптер жүзеге асырылуы қажет.

Мемлекетте заңның бәрінен жоғары болуын, адамдардың бәрі бірдей заңға бағынуын талап етеді, азаматтардың бостандығы мен құқығының жүзеге асырылуын қолдайды, кім болса да заңды орындауы қажет деп санайды.

Демократиялық көзқарастарына сәйкес, Абай қоғамдық даму деңгейі артта қалған ұлтымыздың әдеттегі құқықтық институттарының кереғар тұстарын батыл сынға алып, олардың әлеуметтік мәні зор баптарын өмір талаптарына қарай бейімдеуді талап етті. Осы талапты іске асыруды өзі қолға алды.

Абайдың өзі жазған Ереженің мазмұны 74 баптан тұрады. Бұл — құқық әлеуметтануына елеулі үлес қосқан маңызды құжат. Абай орын алған ескі құқықтық жүйені өзгерту және ислам діні орнықтырған шарттарды қоғамдық өмірге сай бейімдеу арқылы азаматтық, қылмыстық, тұрмыстық, неке және басқа да шарттарды, көне заманнан бері пайдаланынып келген әдеттегі құқық нормаларын барынша толықтырды және дамытты.

Мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуіне, олардың атқаратын мін-

детгеріне назар аударады. Заң шығаратын органға ең жоғары биліктің
Абай. 1996. №2. 48-б.

91

формасы ретінде қарап, оның қабылдаған заңдарының әлеуметтік, т.б. салаларды дамытуда тиімді рөл атқаратынына үміттеніп қарайды. Қазіргі саясат әлеуметтануында қолданылып жүрген парламент ұғымы Абайдың түсінігінде — басалқа. Оның қабылдаған заңы халықты әлеуметтік-экономикалық және саяси қиыншылықтар мен тоқыраулардан алып шығатын аса маңызды құрал. Сондықтан ол «басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймейсің» деп түйеді. Абайдың түсінігінде оның шығарған заңдары қоғамдық өмірдің барлық саласында үстем болуы тиіс және заң алдында бәрі бірдей жауапты болады, соның негізінде демократия дамып, билік ету жүйесі жетілдіріледі. Абай осы идеяларын «Отыз жетінші сезінде»: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», — деп тұжырымдайды.

Абай қабылданар заңның ғылым мен халықтың пікіріне сүйенуі тиіс деп отырып, оның қоғамды өзгертудегі және мемлекеттің функциясын дамытудағы рөлін бағамдайды.

Саяси биліктің тармақтарға бөлініп, бірінің міндетін бірі қайталамай орындалуына көңіл аударады. Соттың басқа билік тармақтарынан дербестігін қолдады. Әсіресе соттың қабылданған заңның дұрыс орындалуын қадағалау функциясын мейлінше қолдады. Мемлекет тарапынан адам құқығының тиімді қорғалуына Абай ерекше назар аударып, «Күлімбайға» деген өлеңінде құқық нормаларын бұрмалаушылыққа, заңсыздыққа қарсы шықты.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды.
Өтірік берген қағаздың
Алды-артына қарайды.
Өз қағазы өз көзін
Жоғалтуға жарайды.
Тауып алып жалғанып,
Қылмысынды санайды.
Өзі залым зақұншік
Танып алды талайды.
Көрмей тұрып құсамын,
Темір көзді сарайды.

Сот өзіне жүктелген міндеттерді жақсы орындау үшін судьяларды сот қызметіне өмірлік етіп сайлауды жөн санады.

«... Әрбір ... елден толымды-білімді... кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендіктен түссе, әйтпесе түспесе» деп жазды ұлы ойшыл («Үшінші сөз»). Үкімнің әділ болуын жақ-

1. Абай. 2 томдық шығармалар жинағы. 2-т. Алматы: Жазушы, 1986. 155-б.

92

тады. Сот үкімі заңға үйенген, фактілермен дәлелденген болуы тиіс деп түсінді.

«Кез келген үкімнің яки жазықтылықты, яки жазықсыздықты анықтаудың негізінде өзінің бүкіл жиынтығымен фактілер жатуға тиіс» деп тұжырым жасап, сот қызметінің басты функциясын ерекшелейді.

Абай заң шығарушы орган, сотпен қатар биліктің маңызды бір тармағы саналатын атқарушы билікке де зер салып, оның өз міндетін тиімді атқаруы үшін: »жарлық қолында бар болуы керек» («Қырық бірінші сөз»), — деп түйіндейді.

Абайдың ойынша, мемлекет атқарушы билікті күшейтуі қажет. Ол үшін өзіне жүктелген функцияларды ұтымды атқара алатын, халқының сеніміне ие болған, арнайы басқару білімі, тәжірибесі мол тұлғалар атқарушы билікті жүргізуі керек. Ол: «Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған... биліктің ешбір қасиеті жоқ» («Жиырма екінші сөз») деп, билікке, басқару ісіне рулық туыстық-таныстық негізде тағайындауға үзілді-кесілді қарсы болғанын байқатын, оның жағымсыз, қоғамды тоқырататын құбылыс екенін мегзеді.

Абай саяси және құқықтық әлеуметтану көзқарасында бюрократтық көріністерге талдау жасап, бюрократияны қалыптастыратын мотивтердің негізіне надандықты, білімсіздікті, өркөкіректікті және менмендікті алып, бұлардың келеңсіз құбылысқа соқғыратынын жасырмады. Ел басшысы, мемлекет қызметкерлері халыққа тек жағымды қасиеттерімен ғана танылуы тиіс. Бұл қасиеттерді бюрократтық жағымсыздықтардан аман сақтайтын маңызды факторлар деп қарайды. Сондықтан Абай «Куанбаңдар жастыққа» деген өлеңінде саяси билік жүргізетін тұлғаларға:

Сыпайы жүр де, шаруа ойла,

Даңғайлатып қаптықпа, -

деп ақыл-кеңес береді. Атақ-дәрежеге, лауазымды қызметке тоқғауы бар құбылыс ретінде қараған. Оның бүгін бар да, ертең жоқ болатын нәрсе екенін, сондықтан қызметкердің өз кісілігін сақтауын ескертеді.

Әлеуметтік ортаны, жалпы қоғамды ғұлама Абай адамды жан-жақты етіп қалыптастыратын негізгі социум және басты фактор ретінде қарастырады. Сондықтан ол «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» деген ой түйіндейді. Бұл жерде Абай адамның (индивидтің) қоғаммен қарым-қатынасын, байланысын терең сараптай келіп, оны қоғамды құраушы элемент және белгілі бір рөлді атқарушы етіп көрсетеді. Бұл көзқарасын жалғыздық туралы ой-пікірмен тереңдете түседі. Оның тұжырымы бойынша, «Дүниеде жалғыз қалған

1 Өзбекұлы С. Абай және адам құқы. Алматы: Жеті жарғы, 1995. 17—18-б. 93

адам — адамның өлгені». Адам қоғамнан тыс бола алмайды, әрдайым қоғамды қажетсінеді. Сондықтан ол социумның мүшесі, оны дамытатын жасампаз жан. Ірі социум саналатын қоғамдық ортасыз адамның тыныс-тіршілігі болмайтыны анық. Адамсыз қоғам, қоғамсыз адам өмір сүрмейді.

Абай жеке адам мен қоғам арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынастың мазмұнына үңіліп, оған әлеуметтік процесс іспетті қарады.

Данышпан Абайдың шығармаларын жарыққа шығаруда А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейханов елеулі еңбек сіңірді.

4. А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейхановтың әлеуметтану жөніндегі көзқарастары

Ғасырлар тоғысында және ХХ ғасырдың бірінші жартысында ұлттық-демократиялық бағыт ұстанған қазақ зиялылары шықты. М. Дулатов, М. Шоқаев, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев, Ә. Ермеков, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Х. Гаппасов, т.б. қоғамдық ғылымда бірегей туындыларымен өшпес із қалдырды.

Олардың әлеуметтік-саяси көзқарастары Алаш қозғалысының көшбасшылары А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейхановтың тұжырымдамаларына ұқсас, сабақтас болғандықтан жоғарыда аталған зиялылардың еңбектеріне сараптама жасамай-ақ, А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейхановтың әлеуметтанулық көзқарастарына тоқталуды жөн көрдік.

Ахмет Байтұрсынов (1873—1937) — Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің даму тарихында өзіндік орны бар біртума алып тұлға.

Қазақ халқының, әсіресе «оқыған азаматтардың тұңғыш ... көсемі» болған А. Байтұрсыновтың саяси іске араласуы Ресей ішіндегі саяси-әлеуметтік құбылыстармен тікелей байланысты болды: түрлі саяси партиялар мен қозғалыстардың құрылып, олардың қызметтерінің жанданған кезеңіне, бірінші орыс революциясының өршіген тұсына сәйкес келді. Бұл кезеңде ол Қарқаралы қаласында қызмет істейтін еді. Өз халқының мүддесін, болашағын ойлаған А. Байтұрсынов осы кезеңде саясатқа белсене араласты. Осы мәселені М. Әуезов «Қарқаралыда тұрғандағы соңғы төрт жыл Ақаның саясат ісіне белсене кірісіп, жазумен де, ісімен де бой көрсеткен кезі, сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған. Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенттері, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендердің арасында өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын» деп атап көрсетті.

Әуезов М. Ақанның 50 жылдық тойы // Ақ жол. 1923. 4 ақпан.

94

М. Әуезовтің пікірінен А. Байтұрсыновтың саяси көзқарасының қалыптасуы Қарқаралы жерінен бастау алып, патша үкіметі кемсітіп бұратана атаған қазақтардың мұңын мұндап, жоғын жоқтауды өзінің негізгі мақсаты еткенін аңғаруға болады. Осы алға қойған мұратын іс жүзіне асыру үшін халық арасында саяси үгіт-насихат жұмысын жүргізуді қолға алады. Қоянды жәрмеңкесінде А. Байтұрсынов қазақтан шыққан бірнеше зиялылармен бірге өз халқының атынан патша өкіметіне петиция жолдап, онда қазақ депутаттарының сайлануы, даланы басқару ережесіне

өзгерістер жасау, орыс қоныс аударушыларын тоқтату, дінге қысым жасамау, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ балаларына арнап ана тілінде мектептер ашу іспетті тағы да басқа да мәселелерді халықтың маңызды мүддесі ретінде тиянақты шешуді талап етті. Қазақ зиялылары мұнымен шектеліп қалмады. Патша өкіметінің шет аймақтар жөнінде ұстаған саясатын әшкерелеп, сынаған көптеген мақалалар жазды.

А. Байтұрсынов өзінің әлеуметтік-саяси көзқарастарын бірнеше еңбектерінде баяндады, атап айтқанда, «Тағы да народный сот хақында», «Қазақтың өкпесі», «Қазақ һәм 4-ші Дума», «Қазақ жерін алу тұрғысындағы низам», «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Мектеп керектері», «Соғысушы патшалар», «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққай уақытша положение», «1891 жылы 25-ші мартта шыққан степной положение, яғни осы күнгі положение. Сайлау һәм партия пәлесі», «Осы күнгі соттың тәртібіндегі кемшіліктер» және т.б. Реформатор ретінде демократиялық ой-пікірлерін А. Байтұрсынов оқу ісі, мектеп жұмысымен байланыстырады. Оның пікірінше, мектептің жұмысына қатаң бақылау қою дұрыс емес. Мектеп автономия болып, өзін-өзі басқаруы тиіс. Мектеп басшылары мен ұстаздары жоғарыдан тағайындалмауы, олар дауысқа салу арқылы сайлануы керек. Сонда ғана оқыту мен тәрбие жұмысы демократиялық принциптер негізінде іске асады. Ол бастауыш мектептерде оқу процесін тек ана тілінде жүргізуді талап етті. Ана тілінде оқытуды патша үкіметінің қазақтарды орыстандыру саясатына қарсы қолданылатын құрал, жас буын ұрпақты орыстандырудан аман сақтап қалудың бірден-бір жолы деп бағалады. Мектепті діннен бөлуді ұсынды. Мектептің мемлекеттің идеялық қаруы болудан қалып, тек білім ордасы болуын талап еткен еді. А. Байтұрсынов діни оқулардың кемшіліктерін көрсете келіп, оны оқыған балалардың басым көпшілігі ұзақ оқығанына қарамастан хат танымай кететінін және діни оқудың ғылыми-техникалық прогреске үлес қоса алмайтындығын атап көрсетті.

Қазақ даласындағы оқу жайын зерттей отырып, оның әлеуметтік-білімдік құрылымын анықтады. Мысалы, бір ғана Қостанай уезінде 1909 жылы 12 657 қазақтың 6065 ер адамы қазақша оқығанын, ал 690-ы орысша

95 оқығандар екенін, ал әйелдердің 379-ы қазақша, 29-ы орысша хат танытындығын баяндайды. «Бұл есептен көрінеді: Қостанай уезінде қазақша хат танитын еркек әрбір жүз кісіден алтау, орысша хат танитын әрбір мың кісіден алтау. Қазақша хат танитын әйел үш жүз кісіден біреу, орысша хат танитын әрбір әйел төрт мыңнан біреу екен. Бұл цифрлар қазақша оқудың тіпті аздығын көрсетеді!». Ал Торғай облысында, 1912 жылдың 1 қаңтарына дейін 570109 қазақ тұрған, қазақ балалары оқитын 132 мектеп болған еді. Бұлай болғанда әрбір 3561 кісіге бір мектептен ғана келеді екен. Мектептердің аз болуы сауатты адамдардың, білімді балалардың қатарын да аз етті. Бұл орыстандыру саясатының қазақ мектептерін ашуға тигізген қырсығынан еді. А. Байтұрсынов үкіметтің қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болуы саясатын жүргізіп отырғанын ашы-

на жазды. Ана тіліндегі оқу кітаптарының жоқтығы мектептерді ашпауға сылтау болғандығын, балаларды бірден орысша оқытудың қате екендігін қынжыла жазды.

А. Байтұрсынов қазақ халқына білім мен ғылымның аса қажеттілігін әлеуметтік-экономикалық және техникалық даму мәселелерімен тығыз байланыстыра қарастырады. Ол былай деп жазды: «Неше түрлі ғылым, өнер - бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рахатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниеда бейнет кемімекші!». Алайда, қазақ сахарасында сол бейнеттен арылтатын ғылым, соның негізінде құрылған завод-фабрикалар жоқтың қасы еді. Бұларсыз, оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтың қолына көшеді", деп қатаң ескертті. Демек: «басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек». Жалпы ел ішіндегі барлық проблемаларды шешудің алғышарты және құралы оқу екендігін баяндай отырып: «Әуелі біз елді түзетуд бала оқыту ісінен бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Халықтың түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқыт, қалай тәрбиеленуі — бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс!» — деп қорытты.

1. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы: Жалын, 1998. 255-б.

2. Бұл да сонда. 254-б.

3. Бұл да сонда. 256-б.

4. Бұл да сонда. 253-б.

5. Бұл да сонда. 243-б.

6. Бұл да сонда. 252-б.

96

Оқу мәселесін А. Байтұрсынов 1913 жылғы наурыздан бастап, кейін өзі редактор болып шығара бастаған «Қазақ» газетінің бетінде көтеріп отырды. Ресейде қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайды терең сараптаған А. Байтұрсынов оны түнерген бұлттарға теңеп, өз халқын одан аман алып шығудың амалын іздестіретін, жұртқа мұрындық болатын газет ұйымдастыру қажет деген байламға келеді. Оның пікірінше: «Әуелі, газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі. ...Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр секілді. Екінші, газет — жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Төртінші, газет - халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады». Газеттің алғашқы санынан бастап-ақ бұл басылымда қазақ қоғамында орын алған саяси-әлеуметтік проблемалар

және оларды шешудің жолдарын баяндап отырды. Ол қоғам дамуын революциямен іске асыруды мойындамады; керісінше, эволюциялық, реформалық шараларды іске асырумен қоғамның дамуына жету жолдарын қолдады. Халықның саяси және әлеуметтік еркіндікке жетуі үшін отаршылдыққа қарсы аянбай күресу керектігін айтып, оның қуатты құралын оқу-білімнен көрді. Халықтың мүддесін қорғайтын саяси партия құру қажеттігін түсінді. Сипаты жағынан ұлттық-демократиялық бағыптағы «Алаш» партиясының құрылуына, оның күресінің түпкі мақсаттар мен күрес жолдарын анықтаған бағдарламасын дайындап қабылдануына белсене араласты. Құрылтай съезін (1917 ж. 21-26 шілде) ұйымдастыруға қатысты. Ұлт мәселесін жер проблемасымен ұштастырып, қазақтарға тартып алынған құнарлы жерлер қайтарылуы тиістігін дәлелдеді.

Съезде талқыланған мәселелер бойышша А. Байұрсыновтың ұстанымдары қазақ қоғамы үшін саяси маңызы зор, әлеуметтік мәні үлкен шешімдер қабылдауға ықпал етті. Съезде ол ұлттық-демократиялық сипаттағы қазақтың тәуелсіз мемлекетін орнату идеясын ұсынды. Бұл қазақ қоғамын дамытуда өркениетті елдердің даму тәжірибесіне негізделіп, эволюциялық өркендеуді басшылыққа алған балама жол болатын. Оның мақсаты қазақ халқының өзін-өзі билеуге, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени проблемаларды, тағы басқа мәселелерді өзінің шешуіне қол жеткізу еді. Алайда, Ә. Бөкейхановтың Ресей құрамында автономиялық

1. Қазақ газеті / Бас редакторы Ә. Нысанбаев. Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. 10-б.

97

мемлекет құру жөніндегі пікірі съезд шешіміне негіз болды. Бұл шешім «Алаш» партиясының бағдарламасының бірінші тарауында былайша тұжырымдалды: «Россия демократиялық республика болады. Демократия мағынасы — халықтық өкімет билігі; федерация мағынасы — тең мемлекеттер одағы. Федеративтік республикада әр мемлекет автономды, бірдей құқық пен мүддеде басқарылады». «Алаш» партиясының бағдарламасында Ахмет Байтұрсыновтың да әлеуметтанымдық көзқарасын айқындайтын тұжырымдамалар жарияланды. Онда: «Земство басқармалары мен милицияда қызмет істейтіндер туралы мәселелерді халық шешеді. Партия халық үшін игілік пен мәдениет орнатуға тырысады... Партия кедейлерге — жолдас, қанаушыларға — жау деп қарайды... Дін мемлекеттен бөлінуі қажет. Салық байлықтың дәрежесімен жалпы мүлктік жағдайға сәйкес алынуы тиіс: бай көп мөлшерде, кедей аз мөлшерде төлейді. Халыққа білім беру — баршаның игілігі болуы керек. Барлық оқу орындарында оқыту тегін жүргізіледі», — деген биік мақсаттар белгіленіп қойылды.

А. Байтұрсынов саяси лидер ретінде осы мұраттарды жүзеге асыруды қолға алды. Алайда, Ресейде қалыптасқан саяси ахуал оларды іске асыруда қиыншылықтар туғызды. Соған қарамастан ол саяси-әлеуметтік көзқа-

растарынан ешқашан бас тартпады. Оны билік басына келген большевиктер партиясының көсемі В. И. Ленинге жолдаған хатынан байқауға болады. Хатта қазақтың автономиялық мемлекетін құрудың өзіндік жолдарыш ұсынады. Оның тұжырымдамасы бойынша: 1) Қазақ өлкесін басқару басшылығына халық толық сенетін, идеялық тұрғыдан нағыз коммунистерді және қазақ интеллигенттерінен шыққан, сенімді ақтаған әділ идеялы қызметкерлерді қою керек; 2) аралас әр түрлі жұрттар тұратын аудандардағы барлық билік органдар құрамының 3/2 қаналған ұлт өкілдері болуы тиіс; 3) қазақ өлкелік шаруашылық-экономикалық ұйымдарды басқару орталықтандыру немесе орталықтандырмауға қарамастан қазақтардың қолында болуы керек. Түрлі экономикалық жақындықты сылтау етіп, өзге губерниялардың немесе облыстардың құрамыша қазақ жері бөлшектеніп берілмеуі керек және бағындырылмауы қажет; 4) қазақ коммунистері мен революцияшыл интеллигенцияның бүкіл саяси-мәдени жұмысы кеңестік социалистік шаруашылық саясатына негізделуі тиіс; 5) басқарылуы Орынбор қаласында болатын қазақтың әскери округін құру қажет; 6) қалалардағы гарнизондар міндетті түрде қазақтардан

1 Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. Алма-Ата: Айқап, 1992. С. 88.

Бұлда сонда С. 89-90.

98

құрылуы тиіс. Осы көзқарасы арқылы А. Байтұрсынов ұлт мәселесін, оның автономиясын дұрыс шешудің жолын мезгеді. Оның бұл ұстанымдары іске асырылмады. Тоталитарлық қоғам дамуындағы кереғар құбылыстарды ашық айтқаны үшін Ахмет Байтұрсынов тұтқындалып, 1937 жылы үштіктің шешімімен атылды.

Әлихан Бекейханов (1870-1937) Ресей империясында саяси-әлеуметтік қарама-қайшылықтар шиеленісіп тұрған тұста шыққан қоғамдық ойдағы ірі тұлға болды.

Ол Ресейді, оның құрамындағы қазақ қоғамын зерттеп, қоғамдық құбылыстар мен процестерді жан-жақғы терең талдап, әлеуметтік және саяси мәні зор тың тұжырымдар жасайды. Бұл мәселелер оның «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері», «Қазақтар», «Сұлтан Кенесары Қасымов тарихына материалдар», «Би хәм билік», «Далалық өлкенің ортасындағы орыс қоныстары», «Екі жол», «Төртінші Дума хәм қазақ» және т.б. монографиялары мен мақалаларында көкейкесті проблемалар ретінде қарастырылып зерттелді.

1896—1901 жылдары қазақ сахарасының Семей, Ақмола облыстары 12 уезінің жерді пайдалану тәсілдерін зерделеп, қазақ даласына орыс шаруаларының пәрменді түрде қоныс аударуына қажет ғылыми негіз жасап беруге тиіс болған Ф. А. Щербина бастаған экспедиция ұйымдастырылып, Ә. Бөкейханов бастапқыда статист қызметін атқарады, оның зерттеу тобына кейін жетекшілік жасайды.

Экспедиция барысында алуан түрлі деректі материалдар жинады. Үй

санын, қора, мал санын есепке алды. Экспедиция өзіне жүктелген міндеттерді біршама орындап шыққаннан соң сонда жиналған құнды материалдарды Ә. Бөкейханов топтастыруға, өндеуге, оның ғылыми нәтижесін жазуға атсалысады. Есеп беру құжатын дайындауға қатысады. Жер мен өзен-көлдерді картаға түсіреді. Қазақтардың тіршілік-тынысының негізгі тәсілі болған шаруашылық формаларына жан-жақты сипаттама береді. Бай мәліметтерге жүгіне отырып, ол Омбы, Қарқаралы, Семей, Павлодар өңірлеріндегі тарихи жерлерді картаға белгілейді. Шаруашылық түріне орай қалыптасқан қазақ қауымдастығын зерделей келіп, этностық қалыптасу процесін, тарихи шежіресін, ата қонысын анықтап жазады. Қазақтардың жүргізіп отырған шаруашылығының қаншалықты пайдалы екенін, сонымен бірге жоғарыда айтылған төрт уезге Ресейдің ішкі аймағынан қоныс аударған қара шекпенділердің тыныс-тіршілігін қарастырып, олардың негізгі кәсібі болып отырған егін шаруашылығының өнімсіздігіне

! Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егеменді Қазақстан. 1991. 26 қараша.

99

көңіл қояды. Экспедициядағы жұмыс Ә. Бөкейхановтың географиялық жағдайы әртүрлі аймақта тұратын қазақтардың әлеуметтік жағдайын жан-жақты, жете білуіне мүмкіндік жасап, патша үкіметінің бұл өлкеде жүргізіп отырған саясатының қазақ халқының мүддесіне сай еместігін әшкере релетеді, сөйтіп ол орыстың қоныстандыру саясатына табаңды түрде қарсы тұрады!

1910 жылы Санкт-Петербургдан шыққан «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыстардың түрлері» деген жинақта «Қазақтар» деп аталатын көлемді еңбегі жарияланды. Бұл еңбегінде қазақ қоғамында қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайдың себептері мен салдарларын, патша өкіметінің ұстаған отаршылдық, қоныс аудару саясатына қазақ халқының көзқарасын, олардың қоныс аударушы қара шекпенділермен арақатынасын, Алаш қозғалысының алға қойған мұрат-міндеттерін, т.б. маңызды мәселелерді талдап, сипатын, мазмұнын ашады.

Ә. Бөкейханов өзінің шығармаларында қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуының заңдылықтары мен тарихи кезеңдерін маңызды әлеуметтік-саяси процесс ретінде қарастырып, қазақтың үш жүзінің патшалық Ресейдің құрамына енуінің мотивтеріне назар аударады. Хан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының түпкі мақсатын, оның әлеуметтік-саяси маңызын, жеңілу себептерін қарастырып, одан тағылым алады. Кенесары хан көтерілісінің сәтсіздігі Әлиханды өз халқын еркіндік пен теңдікке жеткізетін күрестің жаңа жолдарын, әдіс-тәсілдерін іздестіруге септігін тигізді. Нәтижесінде ол күрестің екі жолын анықтайды: оның біріншісі - саяси күрестің бейбіт жолы саналатын парламенттік күрес әдісі еді. Екіншісі — дамыған халықтардың мәдениетін қабылдау жолы. Соның негізінде қазақ халқының өнері мен білімін дамыту, ұлттық және саяси санасын қалыптастыру еді. «Қазақтың ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі

үшін, - дейді ол, - ең алдымен, халықның сана-сезімін оятатып жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады»

Осы жаңа стратегиялық бағыт Алаш қозғалысының лидері Ә. Бөкейхановтың және де басқа да қазақ зиялыларының саяси тәуелсіздікке буржуазиялық-демократиялық деңгейде қол жеткізуге болады деген түсінігін қалыптастырды. Кейін бұл көзқарасты терендете келіп, ұлт-азаттық қозғалыс жеңіске жетер болса, онда қазақ қоғамының мемлекеттік-саяси құрылысы батыс елдеріндегідей буржуазиялық-демократиялық құрылыс болады деген қорытынды жасайды.

1. *Бөкейтн Ә.* Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 11-5.

2. *Бөкейхан Ә.* Таңдамалы. 16-6.

100

Қазақ халқының ұлттық және саяси санасын көтерудегі және қоғамдық пікірді қалыптастырудағы баспа сөздің рөлін жоғары бағалаған Ә. Бөкейханов ана тілінде газет басып шығару жұмысын ұйымдастырып, соның негізінде «Қазақ» газеті (1913) шықты. Газет өзінің төңірегіне қазақтың зиялыларын біріктіріп, олардың саясат, экономика, әлеуметтік және мәдениет туралы мақалаларын басып отырды. Ә. Бөкейхановтың 250 аса мақалалары, ғылыми зерттеулері осы басылымда жарық көрді. Еңбектерінде қазақ халқының әлеуметтік жағдайын қарастырумен қатар, патшалық отарлауға қарсы жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылық, ұйымдасқан сипат беру жолдарын қарастырды.

Ә. Бөкейханов Ресейдің заң шығарушы органы І Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған санаулы ұлт өкілдерінің бірі еді. Ол Дума мінбесін өз халқының түбегейлі мүдделерін қорғайтын орынға айналдыруды мақсат етті. Өйткені Дума қазақтардың маңызды проблемаларын шеше ме деген үмітте болды. Сондықтан Дума сайлануына үлкен мән берді, халыққа арнап оның мазмұнын ашатын еңбектер жазып, ақпарат құралдарында жариялап отырды. Мұның өзі халықтың саяси санасын көтеруде зор рөл атқарды.

Ресей патшалығы ішкі мекендерден жерсіз шаруаларды шет аймақтарға қоныстандыруды отарлау саясатын бейбіт жолмен жүзеге асырудың тиімді тәсілі ретінде қараған. Осы әрекеттерін сырт көзден жасыру үшін, оны заңды процесс ретінде көрсету үшін түрлі құжаттар қабылдаған. Мысалы, 1909 жылдың 9 маусымында Министрлер Кеңесі Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарындағы мемлекеттік жер қорын есепке алу жөніндегі нұсқау шығаруы және Түркістан өлкесін басқару туралы ережені күшейту үшін қосымша заң қабылдауы соның дәлелі. Көшікон мекемелеріндегі чиновниктер осы құжаттарды жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсап, орыс қоныстанушылары сияқты қазақ шаруаларына 15 десятина үлестік жер бөліп, оларды отырықшылыққа көшіру міндеттерін іске асыруға тырысты. Демек, қазақтарды отырықшылыққа тартудың өзі оларды өз жерлерінен айырудың және үкіметке бағынышты етудің

сүркия амалы болды.

Ә. Бөкейханов жер мәселесі төңірегінде жүргізіліп жатқан саясаттың әлеуметтік-экономикалық сырын ашып, қазақ халқына тигізетін оның ауыр салдарларын әшкерелеп отырды. Егіншілікке көшудің қазақтар үшін жағымды жақтарын жоққа шығармады. Бұл процестің эволюциялық жолмен жүруін қолдады. Ол өзінің осы көзқарасын былайша түсіндірді: «біздің ақылымызша, адам баласының шаруасы бірте-бірте қиыншылықпен, көп

1. *Бөкейхан Ә.* Тандамалы. 19-6.

101

жылдарға созылады. Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, патша 15-тен жер берді деп, егінші бола қоймады. Мал шаруасы тымақ емес, төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады. Біз қазақ-ау, 15-тен жер алмай тұрып жан-жағына қара дейтініміз содан, қазақ 15-ті алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды». Осы ой-пікірі арқылы Ә. Бөкейханов қазақтарға отырықшы норманың өздері үшін тиімсіз екенін ескертеді.

Ә. Бөкейханов К. Маркстің бірнеше еңбектерін оқып, қазақ тіліне аударған еді. Алайда, оның таптар күресі қоғамдық дамудың бірден-бір көзі деген ілімін, ондағы төңкерістің релі туралы қағидасын мойындамады. Демократиялық жағы басым болғандықтан Ақпан төңкерісі халқына тендік әпере ме деген үмітпен уақытша үкіметтің қызметіне зор қызығушылық танытты. Сондықтан ол жаңа биліктің Торғай облысы бойынша комиссары болуға келісімін берді.

Алайда, Ә. Бөкейхановтың Ақпан төңкерісінен күткен үміті ақталмады. Кадет партиясының лидері бұратана халықтарға, соның ішінде қазақтарға автономия бермейтінін, Ресей империясының тұтастығын сақтайтындығын ашық айтты. Осы себептен Ә. Бөкейханов аталмыш партияның қатарынан шығып, қазақтың мүддесін көздейтін өз алдына жеке саяси партия құру қажеттігін түсінді және бұл идеясын жүзеге асыру үшін жер-жерде съездер өткізуді қолға алды. Жалпы қазақ съезі шақырылыш, ол «Қазақ саяси партиясын» құру туралы шешім қабылдады. Сол шешімнің негізінде Алаш партиясының жергілікті комитеттерін құру процесі жүрді. Торғай, Ақмола, Семей, Орал және Жетісу облыстық партия комитеттері құрылып, халық арасында саяси жұмыстар жүргізді. Қоғамда қалыптасып отырған объективті жағдайларды ескере келе, Ә. Бөкейханов бастаған қазақ саяси қайаткерлері Орышбор қаласында жалпы қазақ съезін шақырып, онда қазақ мемлекетігі туралы мәселені қарады. Съездің шешімі бойынша Алашорда деп аталатын «Үлт кеңесі» құрылып, оның құрамына 15 адам сайланды. Ә. Бөкейханов көпшілік дауыспен осы өкіметтің төрағасы болып сайланды. Съезд қазақтардың шығу бір тектілігін және орналасу жағдайын есепке алып, Алаш автономиясының құрамына Бекей ордасының Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облысының Ферғана, Самарқан облысының Әмудария аймағының, Закаспий облысының қазақтар мекендеген уездерінің, Алтай губерния-

сының кейбір облыстарының енгенін мәлімдеді. Съезд мемлекеттік жүйені

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы: Қазақстан, 1994. 19-6.

2. Әбдіманов Ә. Қазақ газеті. Алматы, 1993. 106-6.

102

күруға, оның институттарының атқаратын функцияларына да тоқталды. Өйткені бұл мәселелерді анық шешпейінше өкімет билігін жүзеге асыру мүмкін емес еді. Сондықтан съезд аталмыш мәселеге зор маңыз берді. Мемлекеттік жүйені құруда алдыңғы қатарлы елдерде қалыптасқан мемлекеттік жүйенің озық тәжірибесін ескере отырып, кейбір мәселе бойынша жаңа озық шешім қабылдады. Съезде тек жер мәселесі қаралмады. Бірақ съезд делегаттарына бұл мәселе бойынша Алашорда өкіметінің ұстаған саясаты партия бағдарламасының жобасынан, оның лидерлерінің «Қазақ» газеті бетінде жариялаған мақалаларынан белгілі болатын. Аталмыш құжат пен туындыларда Алашорда өкіметінің жер саясатының мән-мазмұны, оның негізгі бағыптары тұжырымдалған еді:

— қазақ автономиясында жерсіз қазақ бұқарасы жер еншісін алыш болғанша қоныс аударушылар тоқтатылуы тиіс. Жер үлесін алдымен патша заманында ата қонысынан ығыстырылған жергілікті халық алуы керек;

— қазаққа жер кесілгенде ауылға, ұлысқа, руға, өздерінің тілегіне қарай бөлінсін. Жерді бірге алған ру, ауыл, болыс өз ішінде тәртіп орнатып, әділеттілікпен пайдалансын;

— жерді сатуға тыйым салынады. Үлестен артылған жер мемлекет қазынасы аталып, оның билігі жұрт мекемесі қолына етеді;

- Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі, суы, астындағы кені Алаш мүлкі болып табылады;

Алайда, Ақпан төңкерісінен кейін ел ішінде қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдайлар Алаш өкіметінің алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға кедергі болды. Тіптен Алашорда өкіметінің өмір сүруін тоқтатуға ықпал етті.

Сайып келгенде, Ә. Бөкейхановтың саяси-әлеуметтік көзқарастары Қазақстанда әлеуметтану ғылымының іргетасын қалауда үлкен рөл атқарды.

Алаштықтардың ұлттық сипатта жүзеге асырмақ болған бағдарламаларын кеңестік дәуірде іске асырмақшы болған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері: Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Садуақасов, Ж. Мыңбаев, Ы. Мұстамбаев, Н. Нұрмақов, М. Әуезов, т.б. шықты. Бұлардың әлеуметтанулық көзқарастары арнайы қарастыруды қажет етеді.

XIX ғасырда әлеуметтану ғылымын қалыптастырған ойшылдардың тұжырымдамаларын, ой-пікірлерін XX ғасыр әлеуметтанушылары одан әрі дамытып, жаңа теориялар мен ағымдар пайда болды.

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы: Қазақстан, 1994. 53—54-б.

103

БЕСІНШІ ТАҚЫРЫП

XX ҒАСЫРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Қазіргі кезде әлемнің барлық елдерінде әлеуметтанулық зерттеулер жүргізіледі, олар негізінен қолданбалық сипатта етеді, яғни әлеуметтік тапсырыспен жүзеге асады және адамдардың өмір тіршілігі үрдісінде пайда болған әлеуметтік проблемаларды шешуді ойластырады. Іргелі әлеуметтанулық зерттеулермен әдетте, университет ғалымдары шұғылданады, ал бірқатар елдерде ғылыми зерттеу институттары айналысады. Әлеуметтанушылардың мұндай еңбектерінің мамандануы зерттеулерді жүргізуге әлеуметтік тапсырыстардың пайда болуы мен кеңінен тарауына байланысты АҚШ-та ХХ ғасырдың 30-жылдарында пайда болған.

Қолданбалы әлеуметтанулық зерттеулер көптеген елдердегі әлеуметтанушылардың қызметінің басым түрі болды. Алайда 80-жылдары Батыс Еуропада, әсіресе АҚШ-та әлеуметтанушыларды бір-бірінен әлеуметтанудың объектісі мен пәнін талдау тұрғысынан, ғылым ретінде әлеуметтанудың әдістерін түсіндірумен ерекшеленген әлеуметтанудың бағыттарын ықпалдасу үрдісімен байланысты әлеуметтану теорияларын дамыту проблемаларын дайындау қызықтырды.

Өздері жасаған зерттеу дәстүрінің шеңберінде жұмыс істеуші әлеуметтанушылардың тобын әлеуметтанудағы кең мағынадағы қайсыбір мектеп ретінде қарастыруға болады. Әлеуметтанудағы тар мағынадағы мектеп дегеніміз ортақ дәстүрі бар және сәйкес институттың формасы бар зерттеу тобын айтамыз. Эмпириялық (эмпирия — тәжірибе деген мағынаны береді) әлеуметтанудың Чикаго мектебінде ертеректе қалыптасқан зерттеу қызметінің дәстүрі орныққан және сол елдің, кейін бүкіл дүниежүзі әлеуметтанушыларының қызметіне үлкен ықпал еткен ХХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген университеттің ерекшелікті бөлімі іспетті болды.

1. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы әлеуметтанудағы эмпиризм мен әлеуметтік теориялар және олардың дамуының негізгі бағыттары

ХХ ғасырдың әлеуметтануы 20—30-жылдардан бастап 2000 жылға дейінгі уақытты қамтиды, яғни қоғамның дамыған индустриализм дәуіріне аяқ басқан кезеңінен басталады. Сонымен қатар осы уақыттан бастап әлеуметтанудың теориялық және әдістемелік табыстары олардың одан әрі даму процесінде өздерінің өзектілігін жоймады. 20—30-жылдар тоғысында қазіргі әлеуметтанудың қарқынды дамуының маңызды кезеңдерінің

104
бірі басталды. Атап айтқанда, эмпириялық әлеуметтанудың әдістері мен техникалары, өлшем реттері мен сандық эквиваленттері жасақталды. 50-жылдардан бастап, қысқа мерзім ішінде қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен процестерге жауап беретін әлеуметтану теориясында үлкен эволюция болды.

Әлеуметтану ғылымында әр түрлі ілімдер дүниеге келді, оның бірін позитивтік-сциентикалық теориялар толтырса, екіншілерін позитивтік

танымға балама тенденцияны көрсететін сапалы стиль ілімдері бағытты. Олардың арасында қиыстырылған және аралас түсіндірме шеңберінде синтез орын алған.

Теориялық-методологиялық көп пікірлік батыс әлеуметтануында әр түрлі бағыттардың қалыптасуына себепші болды, олардың әрқайсысы әлеуметтанудың пәні жөнінде өз мағлұматын берді және керекті мәлімет пен нәтиже алу үшін қолданылатын зерттеу әдістерін жасақтады.

Әлеуметтанудың даму кезеңдеріне сәйкес сол кезеңдерді сипаттайтын және кеңінен танымал болған бағыттар қалыптасты, атап айтқанда, эмпиризм бағыты (20-40 жж.); теориялық-әдістемелік құрылымдарды күшейту бағыты (40 ж. екінші жартысы - 60 ж.); теориялық пен эмпириялық зерттеулерді біріктіру, теорияны жаңа деңгейге көтеріп, әлеуметтану дамуында түбірлі жаңа тенденцияларды табуға ұмтылған бағыт (қазіргі кезең, 1970-2000 жж.). Теориялық-методологиялық көп пікірлік жағдай сонымен қатар әлеуметтанушылардың кәсіби қызметінің ұлғаюымен қабаттаса жүрді және әлеуметтану зерттеулерінде жаңа тұрғыдағы әдістер мен техникалар көптеп пайда болды.

Осы тұрғыдан қарағанда ХХ ғасырдағы негізгі әлеуметтанымдық тенденциялардың бірі — ол эмпириялық әлеуметтанудың дамуы болып табылады. Бұл тенденцияның мәні — нақтылы әлеуметтік фактілерді жинауға және талдауға байланысты сауалнама, әлеуметтанымдық байқаулар, тәжірибелер жасау сияқты арнаулы әдістерді арнайы зерттеулерде қолдану. Мұндай зерттеулер 20—30-жылдарда әуелі АҚШ-та, содан кейін басқа да елдерде белсенді түрде жүргізіле бастады. Экономикалық жағынан дамып, тез әлеуметтік прогреске бағып алған қоғам көптеген нақтылы проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін эмпириялық әлеуметтанымның жетістіктеріне көңіл аударудан бас тарта алмады. Қоғамдық өмірдің нақтылы проблемалары жөніндегі әлеуметтанушылардың еңбектері қоғамның да және ғылым ретінде әлеуметтанудың да ашылғалы тұрған мүмкіндіктерін жаңа қырынан көрсетіп отырды. Сонымен бірге ХХ ғасырдың басында жүргізілген эмпириялық зерттеулер көп ретте жетілмеген, бытыраңқы болды, оларды дайындау мен өткізудің жасақталған методологиясы мен әдістемесінің болмағандығы да рас. Сол кездегі қалыптасқан әлеуметтанымдық теориялар мұндай зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік

105
бере алмады, себебі олар кең көлемдегі тарихи-эволюциялық схема сипатында ғана болған еді. Ал бұларды шағын деңгейде тексеру шын мәнінде мүмкін болмады. Дегенмен де, эмпириялық тенденцияның дамуына кедергі жасауға болмайтын еді. Ал, мұның негізгі себебі — әлеуметтану принципті түрде басқа қызметке — өндіріс аясына шығып, сол саланы да қамтитын ғылымға айналды. Ірі өнеркәсіптік әлеуметтанудың іргетасы қаланды. АҚШ оның орталығына айналды.

Басқа елдермен салыстырғанда әлеуметтану зерттеулерінің көбірек дамыған елі — АҚШ болды. Егер де ХІХ ғасырда әлеуметтанымдық ойдың орталығы Батыс Еуропа болды десек, ал ХХ ғасырдың 20-жылдарынан

бастап дүниежүзілік әлеуметтанудың орталығы АҚШ-қа ауысты. Ғылымтану ілімінің тұрғысынан қарастырсақ, кез келген ғылымның пайда болып, аяғынан нық басып кетуі ең алдымен оның ішкі және сыртқы институттандырылуына, яғни әлеуметтік институттардың барлық қасиеттеріне ие болуына байланысты.

Бұл процесте әрқайсысы дәйекті түрде институттандыру ісін тереңдететін бірнеше сәттерді атап көрсетуге болады:

1) белгілі бір ғылым саласы бойынша маманданатын ғалымдардың сана-сезімінің қалыптасуы, яғни ғалымдар бұл тұрғыдағы зерттеу жұмысында өзінің ерекше объектісі мен ерекше әдістері барлығын түсінеді;

2) арнаулы мерзімдік басылымдардың болуы;

3) ғылыми пәндердің мәліметтерін түрлі оқу орындарының оқу жоспарларына енгізу;

4) сөз болып отырған білім салалары бойынша арнаулы оқу орындарын ашу;

5) осы білім пәндері бойынша жұмыс жасайтын ғылымдар бірлестігінің ұйымдық түрлерін, яғни ұлттық және халықаралық ассоциациялар құру. Мінеки, бұл аталған процесс сатыларын әлеуметтану ғылымы Еуропа елдері мен АҚШ-та ХІХ ғасырдың 40-жылдарынан бастап бастан өткерді.

АҚШ-тағы әлеуметтанудың біркелкі жақсы дамуына бір-бірімен байланысқан екі жағдай:

1) жоғарыда келтірілген институттандырудың бес сатысынан АҚШ-тағы әлеуметтанудың тез өтуі;

2) нақтылы, эмпириялық әлеуметтік зерттеулердің үлкен аумағының болу жағдайлары шешуші ықпалын тигізді.

Бұл елдегі әлеуметтану әуел бастан-ақ беделді университеттік ғылым ретінде қалыптаса бастады. 1901 жылы әлеуметтану оқу курсы ретінде 169 университет пен қолледждерде оқытылды, ал 80-жылдардың аяғында бұлардың саны 250-ге жетті. АҚШ-тағы әлеуметтану әуел бастан қолданбалы эмпириялық ғылым ретінде орнықты. 1910 жылдың өзінде бұл

елде 3 мыңнан аса эмпириялық зерттеулер жүргізілсе, ал қазір бұл көрсеткіш екі еседен асты.

XX ғасырдың басынан бастап ірі өнеркәсіптік әлеуметтану АҚШ-та да пайда бола бастады. Бұл елдегі өнеркәсіптік әлеуметтанудың негізін қалаушылардың бірі — американ әлеуметтанушысы және психологы Элтон Мэйо (1880—1949). Оның тәжірибесі Чикаго маңында орналасқан қаланың атына байланысты Хоторн эксперименті деп аталады. Мэйо өзінің тәжірибелік зерттеулерін 1927—1932 жылдарда сол қала маңындағы «Вестерн Электрик Компани» кәсіпорнында жүргізді. Мэйо экспериментіне дейін сол кездердегі өндіріс саласында Фредрик Тэйлор тұжырымдамасы үстемдік етті. Ол өндірісті тыңғылықты саралап, өндіріс «жеткілікті тиімді емес» деген тұжырымға келді. Өйткені жұмысшылар енжарлық танытып, жеңіл жұмыс істегілері келеді. Жағдайды өзгерту үшін зерттеуші алғашқы болып Еңбекті Ғылыми Ұйымдастыру (ЕҒҰ) және

Өндірісті Парасатты Басқару (Менеджмент) жүйесін ойлап тапты.

ЕҒҮ жүйесі әдетте еңбектік операциялардың толық сараптамасын, артық және икемсіз қозғалыстарды аластату, еңбектің оңтайлы әдістерін анықтап, оларды автоматтандыруға дұрыс жеткізу, жұмыс айналымының қатаң тәртібін, еңбек және демалыс элементтерінің ауысуын, т.с.с. қарастырады. Өндірісті ұтымды басқару өз кезегінде мына шараларды жүзеге асыруды:

- өндірісте қатаң тәртіп орнату мен қадағалауды;
- кадрларды дұрыс тандау мен орналастыруды;
- жұмысшылардың біліктіліктерін арттыру және қызмет бабында көтерілуін;

-олардың өндірістегі материалдық мұқтандықтарын жіктеу негізінде (яғни әр түрлі деңгейде белгілеу), еңбек нәтижесіне байланысты жалақы беруді және т.б. жүзеге асыруды қарастырады.

Тэйлор өндірісті басқаруда ешқандай филантропия, яғни адамдарды сүюшілік, қайырымдылық, көмекке мұқтаждарға көмектесу болмауы тиіс деп санады. Әр адам өзінің сәттілігіне өзі жауап беруі тиіс. Еңбек процесі қажетті түрде тиімді, ал өнім шығару нормалары жоғары болуы керек. Кім нормаларды орындамаса, басқалардан жалақыны кем алады. Жұмысшының жалақысы оның жеке басының өндіріске қосқан үлесіне сәйкес болуы керек деп есептейді. Бұл тұжырымдама бойынша адам механизмнің тек қосағына айналды.

Конвейерлі тасымалдық деген қисын осыған негізделген. Адам мен оның өндірістегі орны жөніндегі мұндай ұғымды Э. Мэйо жоюға тырысты.

И.Радугина А.А., Радугин К.А. Социология. Курс лекций. М.: Владос, 1995. С. 28.

107

Мұның өзі адамға деген басқаша көзқарастың — «адамдық» деп Мэйо атаған жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болып, қалыптасуына негіз қалап қана қойған жоқ, сонымен бірге еңбек өнімділігінің өсуіне мүмкіндік тудырады, Мэйо осыны дәлелдеп бақты. Өндіріс процесіндегі адамдар арасындағы қатынастарды Мэйо бригада деп атады да, бригадалардың өз ішіндегі қатынастарды ол «адамдық қатынастар» деп бағалады, себебі бұл қатынастар адамдардың бірін-бірі ұғынуға деген ұмтылыстарына негізделген.

Хоторн қаласында қолданылған тәжірибесінің басты міндеті - өндірістің тиімділігін аштыру бағытындағы қосымша факторларды іздестіру болды. Еңбек өнімділігіне ықпал жасайтын көптеген факторлардың ішіндегі ең бастысы - еңбек процесінің психологиялық және әлеуметтік-психологиялық алғышарттары екендігін Мэйо тәжірибесі дәлелдеді. Өндірістің өнімділігін арттыру үшін тек материалдық қана емес, сонымен қатар психоәлеуметтік ынталандыру қажет, олар:

- жағымды моральдық ахуал;
- жұмысшының мүдделерімен санасу;

— оның жұмыспен қанағаттануы, т.б.

Осы тәжірибенің негізінде пайда болған «адамдар арасындағы қарым-қатынастар» теориясының методологиялық негізін мынандай принциптер құрайды:

— адам басқа адамдарға бағытталған және топтық жүріс-тұрыс тәртібі байланысына енгізілген әлеуметтік жан болып табылады;

— адам табиғаты қатал басқарушылық және бағынушылықтың бюрократтық тұрғыда ұйымдастырылуына сәйкес келмейді;

- өнеркәсіп басшылары өз қызметін көбінесе адамдардың қажеттерін қанағаттандыруға я болмаса еңбек өнімділігін арттырудың таза техникалық факторлары арқылы ең жоғары пайдаға жетуге бағыттауы тиіс;

— егер жеке адамдарды көтермелеуді топты, ұжымды көтермелеумен қатар жүргізсе, бұған қоса экономикалық тартымдарды әлеуметтік-психологиялық тартымдармен қосарлап отырса, сонда ғана еңбек өнімділігі неғұрлым тиімдірек болады.

Мэйоның зерттеулері бригада мүшелерінің топқа бірігуге тілек білдіретіндігін, солай ете тұра олар өздерін ерікті ұстағысы да келегіндігін көрсетті. Мэйо адамдардың белгілі бір қауымдастыққа бірігуге деген ұмтылысын «социабильность» («әлеуметтік орын ауысу») сезімі деп атады. Демек, өндірісте мұндай орын ауысушылық құрылымдарды жасауға, яғни қызметкерлердің маңызды шешімдерге өздерінің де қатысы барлығын сезіне білуіне ұмтылдырады. Мінеки, таза пайдалылық сипаты бар және біраз экономикалық әрі әлеуметтік тиімділік әкелген Мэйо қорытынды-
108

ларының бірі осындай. Сонымен, өнеркәсіптегі эмпириялық зерттеулер - әлеуметтік-психологиялық факторлардың үлкен рөл атқаратынын және олар әлеуметтанудың кең мүмкіндіктерін ашып, бұл ілімнің өндіріс орындарының қызметіне белсенді түрде енгізілуіне түрткі болғандығын көрсетті. Бірыңғай тәжірибелік зерттеулердің артуы теориялық әлеуметтануға бір жағынан зиянын да тигізді. Дегенмен, бұлай болу ұзақ уақытқа созылуы мүмкін емес еді.

Қоғамды зерттеу жұмысының ішінде методология мен теория проблемалары өздерінің лайықты орнын таба бастаған уақыт туды. Әлеуметтанудағы эмпириялық зерттеуді теориялық зерттеумен біріктіру идеясын Р. Мертон өзінің «Әлеуметтік теория және әлеуметтік құрылым» деген еңбегінде өзекті мәселелердің бірі етіп қойды. Оның пікірінше, бұларды біріктірудің «алтын ғасыры» басталды. Р. Мертонның идеялары эмпиризмнің баса-көктеуіне қарсы, зерттеушілерді теориялық ізденістерге қатыстыруға бағытталды. Теориялық зерттеулерге П.Сорокиннің 1889—1968 жж.) методологиялық және теориялық тұжырымдамалары да ықпал етті. Бұл белгілі әлеуметтанушы ғалым алғашқы маңызды еңбектерін Ресейде, кейін АҚШ-та жазды. Оның көптеген ғылыми еңбектері халықаралық деңгейде мойындалған еді. Солардың арасында «Революция әлеуметтануы», «Қазіргі әлеуметтанулық теориялар», «Әлеуметтік және мәдени мобильдік», төрт томдық іргелі шығарма: «Әлеуметтік және мәдени

динамика» және т.б. бар.

«Әлеуметтану жүйесі» атты туындысында П. Сорокин әлеуметтанудың ғылыми принциптерін жан-жақты, толық етіп баяндайды. Оның пікірінше, әлеуметтану ғылым ретінде жаратылыстану ғылымдарының типі сияқты құрылуы тиіс. «Табиғат туралы ғылым» мен «мәдениет жөніндегі ғылымды» бір-біріне қарама-қарсы қоюға болмайды. Өйткені басқа ғылымдардың зерттеу объектілері әр түрлі болғанымен олардың бұл объектілерді зерттеу әдістері бірдей. Әлеуметтану дүниені зерттегенде өзгеріссіз, сол қалпында қарастыруы қажет. Қез келген нормативизм, яғни ғылымға адамгершілік және басқа да субъективтік нормалар тұрғысынан қол сұғулар әлеуметтанудан біржола аластатылуы керек. Бұл тұрғыдан алғанда шындық, қайырымдылық, әділеттілік және т.б. сол сияқты принциптер мен нормалардан бөлінуі тиіс. Әлеуметтану «объективтік пән» болуы керек, яғни адамдардың объективтік өлшеуге және зерттеуіне қолайлы нақты өзара әрекеттерін қарастыруы қажет. Әлеуметтану тәжірибелік және нақты ғылым болғысы келетіндіктен кез келген философиялық, құрғақ ой түріндегі пайымдаулардан, ғылымда дәлелденбеген құрулардан бас тартуы тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда жақсы жасалған статистикалық диаграмма қандай да болсын әлеуметтік-философиялық

109

трактатқа тұрарлық. Философиялық пайымдаудан алшақтау — монизм идеясынан да, яғни кез келген құбылысты қайсыбір бастауға апарып қоса салудан да бас тарту болып саналады, Монизмнің орнына П. Сорокин табанды әлеуметтанулық плюрализмді ұсынды.

П. Сорокин әлеуметтануды теориялық және практикалық деп бөледі. Теориялық әлеуметтануды ол үш бөлімге: әлеуметтік аналитикаға, әлеуметтік механикаға, әлеуметтік генетикаға бөлді. Әлеуметтік аналитика әлеуметтік құбылыстың құрылымын және оның негізгі формаларын зерттейді. Әлеуметтік механиканың (немесе әлеуметтік физиологияның) пәні ~ адамдардың өзара әрекет ету процестері, басқаша сөзбен айтқанда, адамдардың басқа да күштердің мінез-құлығын анықтауы, тигізер өсері. Әлеуметтік генетика әлеуметтік өмірдің дамуын, оның жекелеген жақтары мен институттарын зерттейді. Әлеуметтік құбылыстың дамуы оның құрылымымен және өзге құбылыстармен өзара әрекет етуі арқылы анықталады, сондықтан да әлеуметтік генетика әлеуметтік аналитиканы және әлеуметтік механиканы өз құзырына біріктірген.

Практикалық әлеуметтану қолданбалы пән ретінде сипатталады. Теориялық әлеуметтану қалыптастырған заңдарға сүйене отырып, ол алға қойылған мақсатқа орай қоғам мен, адамға әлеуметтік күштерді басқаруға көмектесуі қажет. Практикалық әлеуметтану, түптеп келгенде, әлеуметтік саясат ретінде де көрінеді, өйткені ол әлеуметтік саясатты бағыттады және дәлелдейді.

«Әлеуметтану жүйесі» еңбегінде П. Сорокин ең алдымен әлеуметтік мінез-құлықты және адамдардың қызметін, әлеуметтік топтарды және қоғам құрылымын, сонымен қатар оларда жүріп жатқан әлеуметтік про-

цестерді неопозитивтік әлеуметтанудың зерттеу объектілері етіп алады. Бүкіл қоғамдық өмір және барлық әлеуметтік процестер құбылыстарға және екі немесе одан да көп индивидтердің өзара әрекет процесіне ажырайды. Міне, осы адамдардың өзара әрекеттері әлеуметтанудың тікелей зерттеу пәні болуы тиіс. Бұл жерде әңгіме индивидтердің мінез-құлқы мен қызметінен сырттай байқалатын «психорефлекторлық» өзара әрекет туралы болып отыр. Конттың позитивизмінен Сорокиннің неопозитивизмінің мәнді ерекшелігі осында. Конттың позитивтік әлеуметтануы қоғамды тұтас әлеуметтік организм ретінде зерттесе, Сорокиннің неопозитивтік әлеуметтануының тікелей зерттеу пәні болып екі немесе шағын топтар деп аталатындарды құрайтын бірнеше адамдардың өзара әрекеттері қарастырылады. Осындай қарапайым өзара әрекеттерден әр түрлі әлеу-

1. История социологии / Под общ. ред. А. Н. Елсукова. Минск: Высшая школа, 1997. С. 170.

110

меттік процестер қалыптасады. Екі индивидтің өзара әрекетін П. Сорокин қарапайым әлеуметтік құбылыс ретінде сипаттайды. Бір индивидтің психикалық әсерленушілігі немесе сыртқы әсерлердегі өзгерістер келесі бір индивидтің әсерленушілігі және сыртқы әсерлер арқылы пайда болады. Мұндай өзара әрекетті Сорокин «әлеуметтік клеткалар» деп атаған, сол клеткалардан барлық қалған жеңіл және күрделі қоғамдық құбылыстар қалыптасады.

П. Сорокин жоғарыда аталған шығармаларында «күрделі әлеуметтік агрегаттарды», алуан түрлі әлеуметтік топтарды, олардың құрылымдарын және өзара әрекетін зерттейді. Ол әлеуметтік топтарды топтастырудың біржақты және көпжақты критерийлерін ұсынды. Осы критерийлерге сәйкес әлеуметтік топтар бір ғана белгісімен, айталық, тіл, аумақ, жынысы немесе көптеген белгілеріне қарай бөлінеді. Көптеген белгілеріне орай таптар, ұлттар және басқа да күрделі, әсіресе әлеуметтік біртекті топтар бөлінді.

Қоғамның біртекті еместігі, оның түрлі әлеуметтік топтарға объективтік бөлінуі П. Сорокиннің әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобильдік теорияларынан көрініс тапты. Бұл теориялар бойынша бүкіл қоғам әр түрлі қабаттарға страттарға бөлінеді, олар өз арасында табыс деңгейлеріне, қызмет түрлеріне, саяси көзқарастарға, мәдени бағдарларына және т.б. қарай өзгешеленеді. Әлеуметтік стратификацияның негізгі формаларына П. Сорокин экономикалық, саяси жағдайды және кәсібилікті жатқызған. Оның пікіріне қарағанда, әлеуметтік стратификация қоғамның табиғи және әдеттегі жағдайы. Ол қоғамда орын алып отырған қоғамдық еңбек бөлінісі, мүлік теңсіздігі, түрлі саяси бағдарлар және тағы басқаларымен объективті түрде қамтамасыз етіледі.

Өзінің мамандығын немесе қызмет түрін, экономикалық жағдайын немесе саяси көзқарастарын өзгерткен кезде адам әлеуметтік топтың бірінен екіншісіне өтеді. Бұл процесс әлеуметтік мобильдік деген атқа ие

болды. П. Сорокин әлеуметтік мобильдікті горизонтальды және вертикальды деп ажыратады.

Горизонтальды мобильдік адамның әлеуметтік топтың бірінен келесісіне өтуін білдіреді, әлеуметтік стратификацияның өзгеріссіз деңгейінде қалған адам, айталық, село тұрғыны қала тұрғынына ауысса да, бірақ оның мамандығы және табыс деңгейі бұрынғы қалпында қалады. Вертикальды мобильдік деп адамдардың әлеуметтік жіктің бірінен екіншісіне иерархиялық тәртіппен өтуін, мысалы, қоғамның төменгі жігінен жоғарғысына немесе керісінше, жоғарғы жіктен төменгі жікке өтуін айтады. Вертикальды мобильдіктің болуының объективті негізі - көбінесе адамдардың экономикалық теңсіздігінде. Дәлірек айтқанда, халық ішіндегі

111 жіктердің табыстарының әр түрлі болуы, байлар мен кедейлердің өмір сүру деңгейлерінің әр түрлі болуы. Осыған орай адамдар қайсыбір қатынаста жоғарғы жікке жатады, әдетте басқа да параметрлер бойынша да сол жікте немесе керісінше болады. Жоғары экономикалық жіктің өкілдері бірден жоғары саяси және кәсіби жіктердің қатарына жатады. Мүліксіздер, әдетте, азаматтық құқығынан айырылады және кәсіби иерархияның төменгі жігіне орналасады. Әлеуметтік мобильдіктің жалпы ережесі осындай.

П. Сорокин әлеуметтік мобильдікті де әлеуметтік стратификация сияқты табиғи және сөзсіз болатын құбылыс деп қарайды. Әлеуметтік мобильдік әлеуметтік стратификация негізінде өмір сүреді.

П. Сорокин АКДІ-та жұмыс істей жүріп, эмпириялық әлеуметтануды тақырыбының ұсақтығы үшін және оның кең әлеуметтік проблемаларды қамтудағы орашолақтығы үшін сынады. Сонымен бірге «әлеуметтік орын ауысу», әлеуметтік құрылымдар мен жіктер жөнінде эмпириялық зерттеулер жүргізе отырып, П. Сорокин оларды кең әлеуметтік құрылымдарға жатқызуға және қоғамдағы қозғалысты бұл құрылымдардың қызмет жасауымен байланысты қарауға ұмтылды. П. Сорокин әлеуметтік мекемелерді әлеуметтік құрылымдардың бірі деп есептейді, сондықтан да әлеуметтік жұмысқа мектептің, бюрократияның, армияның, шіркеудің және т.б. ұйымдардың қалай әсер ететіндігіне оның көңіл аударуы кездейсоқ емес еді. П. Сорокин - ірі әлеуметтанымдық тұжырымдамалардың авторы ретінде белгілі болған ғалым. Осы тұжырымдамалардың көмегімен ол дүниедегі өзгерістерді түсіндіруге талпынды. Бұлардың бірі-әлеуметтік-мәдени динамика тұжырымдамасы. Екіншісі - қоғамның интегралдық (тұтастыққа) жақындау түрінің тұжырымдамасы. Біріншісінің шеңберінде ол тарихи процесті мәдениеттер типтерінің қозғалысы ретінде қарастырады да, олардың әрқайсысын белгілі бір тұтастық деп есептейді. П. Сорокин мұндай негізгі типтердің үшеуін атап көрсетеді. Олар: сезімділік, ақылға қонымды пайымдылық, идеалистік. Бұлардың біріншісі шындықты тікелей сезімділікпен қабылдаудың басымдылығымен сипатталады, екіншісі ақылға қонымды, пайдалы ойлардың үстемділігімен, ал үшіншісі - сезімталдықтың (интуицияның) басымдылығымен сипатталады. Мәде-

ниеттің бұл түрлерінің әрқайсысы дамуда болады да, дамудың әр түрлі кезеңінде адамзат қоғамымен бірге жасасады.

П. Сорокиннің әлеуметтік-мәдени, динамикалық тұжырымдамасы әлеуметтік өзгерістердің болу кезеңдері мен қозғаушы күштерін және олардың қоғамдағы диалектикасын талдауға арналған алғашқы әрекеттерінің бірі болды. Ал енді, қоғамның тұтастығы туралы теориясына келетін болсақ, мұнда ол келешектің өзіндік нұсқасын ұсынуға ұмтылды.

112

Бұл теория қоғамдық өмірдің әр түрлі ұйымдары мен жүйелерінің өзара байланысын түсінуге және бұлардың әрқайсысының жақсы жетістіктерін адамзат мүддесіне пайдалануға деген нақтылы шындық түріндегі көзқарастар арасындағы неғұрлым алдыңғы қатарлы теория болды. Адамзат қоғамының шынайы жетістіктері жөніндегі бұдан басқа да айтқандарының бірқатары П. Сорокиннің көзқарасының дұрыстығын көрсетті. Атап айтсақ, бұл - меншік пен саяси құрылымның көп түрлілігі, еңбек пен экономикалық тәртіпті ынталандыру, жоспарлау тәсілдері және т.б. жөніндегі мәселелер. Қалай дегенмен де, адамзат көптеген қиыншылықтарға ұшыраса да, баяу болса да интеграция жолымен алға жылжуда.

Әлеуметтанымдық тұжырымдамалардың бірі — шиеленіс теориясы. Бұл теорияны неміс әлеуметтанушысы Г. Зиммель (1858 -1918) негіздеген болатын. Мұнда ол қақтығыстарды әлеуметтік процестерді талдаудың өзекті мәселесі ретіндегі адам қоғамының табиғатына тән құбылыс деп қарайды. Соңғы жиырма жылдың ішінде шиеленіс теориясы Д. Беллдың, К. Боулдинттің, М. Крозьенің, А. Туреннің, т.б. ғалымдардың еңбектерінде одан әрі дамытылды. Бұл теорияның қолдаушылары әлеуметтік жүйелердің тұралауын болдырмайтын және олардың дамуын ынталандыратын қақтығыстардың объективтік құндылығын атап көрсетеді. Сонымен бірге олар қоғамдық процестің дамуына кедергі келтіретін қақтығыстарға да назар аударады. Бұлардың қатарына әлеуметтанушылар тап күресін де жатқызады. Олар әлеуметтік қақтығыстардың себептері қоғамдағы, ондағы топтар арасындағы қатынастардағы әрекет жасайтын психологиялық механизмнің жетілмеуінде жатыр деп санайды. Бұл әлеуметтанушылардың пікірінше, ең бастысы әлеуметтік шиеленіске ұласып кетуі мүмкін әлеуметтік қақтығыстардың кеңеюіне жол бермеу керек.

Әлеуметтану дамуының соғыстан кейінгі дәуірі (40-жылдардың екінші жартысы мен 60-жылдар) өте жемісті және көпқырлы болды. Осы уақытта әлеуметтанудың маңызы зор көптеген бағыттары мен тұжырымдамалары пайда болып, дамыды. Әлеуметтанымдық-теориялардағы тұғырлы орынды көрнекті американдық теоретикі Т. Парсонстың (1902-1979) еңбектері иеленді. Оның ұсынған көптеген тұжырымдамаларының ішіндегі ең елеулілері екеу: 1) әлеуметтік әрекет теориясы; 2) құрылымдық-функционалдық сараптау тұжырымдамасы. Методологиялық жағынан бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ біріншісі негізгі болып табылады. Әлеуметтік әрекет теориясын Парсонс 30-жылдардың өзінде-ақ Вебер мен Дюркгеймнің, т.б. идеялары ықпалымен қалыптастыра бастады. 1937 жылы оның

«Әлеуметтік әрекет құрылымы» деген кітабы шықғы. Соғыстан кейінгі жылдары Парсонс бұл теориялық идеяларын дамытуды жалғастырды. Бұл теорияның мәні мен мазмұны мынаған саяды: кез келген әлеуметтік

113

әрекет, біріншіден, әрекет жасайтын адамдардың болуын талап етеді, екіншіден, әрекетті тудыратын нақтылы жағдайдың, үшіншіден, әрекеттің мақсаттары мен алдын ала белгіленген өлшемдерден тұратын шарттарының болуын көздейді. Әрекеттің өзі, Парсонстың пікірінше, өздігінен ұйымдастырылатын жүйе. Ал бұл жүйе реттеудің символдық механизмдерімен (тіл, құндылықтар, т.б.), өлшемдікпен (яғни әрекеттің қоғамда орныққан ережелері мен құндылықтарына тәуелділігімен), волонтаристікпен (ортаның жағдайларынан тәуелсіздігімен) сипатталады. Әлеуметтік әрекет теориясында басты орынды «әрекеттер жүйесі» деген ұғым алады. Бұл жүйе туралы айтқанда оның астарынан Парсонс өзара бір-бірімен байланыстағы әлеуметтік нақтылықтың әр түрлі деңгейлерін түсіндіреді. Парсонс негізгі төрт жүйені: әлеуметтік жүйені, мәдениет, тұлға және организм жүйелерін көрсетеді. Әрекеттің әрбір жүйесінің дұрыс шизмет етуі үшін оның төрт шартты орындауы талап етіледі: а) жүйенің құндылық үлгісін қолдау; б) интеграция; в) мақсатқа жетушілік; г) бейімделушілік шарттары. Парсонстың теориялық құрылымдарының соншалықты күрделілігіне қарамастан, оның зерттеулерінде әлеуметтанудың басты міндетіне сай келетін, әлеуметтік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететіндей құрылымдар мен механизмдерді зерттеу ісі өзекті мәселе етіп қойылды. Бұл міндетті шешуге құрылымдық-функционалдық талдау қолданылып, соған сәйкес қоғам мен оның қосалқы жүйелерінің өздері белгілі бір функциялар жиынтығын орындауы тұрғысынан қаралды. Алайда, 60-жылдарда әлеуметтік процестерге осылай түсінік беруде өмірдегі қайшылықтарды, қақтығыстарды, тұрақсыздықты және т.б. ауытқушылық құбылыстарды түсіндіру оңайға соқпайтындығы анық болды. Бұдан құрылымдық-функционалдық талдауды терендету қажеттілігі туды. Парсонс өз тұжырымдамасының нығаю жолын өзгелердікінен басқа бағыттан іздеді. Сөйтіп, қоғамды құрылымдық бөліктерге бөлуге байланысты туған оның неоэволюционизм (жаңа эволюционизм) теориясы пайда болды.

Әлеуметтік нақтылықтың жергілікті жердегі көріністерін, оның проблемаларын, процестерін, мекемелері мен ұйымдарын білуге деген қоғамдық қажеттілік нәтижесінде, сондай-ақ Мертон идеяларының ықпалымен «орта деңгей» әлеуметтанымдық теорияларының белсенді дамуы басталғанда, әлеуметтанудың көптеген салалары қалыптаса бастады. Бұлардың тек кейбіреулері: еңбек, қала, ауыл, жастар, демалыс, білім беру, мәдениет, ғылым, отбасы, саясат, дін, тіл, құқық, қылмыс, пікір, дәрігерлік, т.б. әлеуметтанулары пайда болды. Бұлардың әрқайсысында эмпириялық зерттеулер деректеріне талдау жасауға, жергілікті проблемалар мен процестерді түсіндіруге міндетті арнаулы әлеуметтанымдық теориялар пайда болып, көбейді.

114

Әлеуметтану ілімі дамуының екінші кезеңін (40—60-жылдар) қарауды аяқтай отырып, бұл кезеңнің академиялық та, қолданбалық та әлеуметтанудың даму жолдарын және оларды біріктіру мүмкіндіктерін іздестірумен көзге түскендігін атап өту керек. Тұтас алғанда әлеуметтану ғылымы елеулі табыстарға жетіп, жаңа белестерге көтерілуде. Бұл ғылымның беделі артып, ғылым мен пән ретінде жоғары оқу орындарында берілетін кәсіби мамандық санатында біржола орнығуда. Оның беделі дүниежүзілік көлемде де өсіп, халықаралық әлеуметтанымдық ынтымақтастық күшеюде. Бүкіл дүниежүзілік әлеуметтанымдық конгрестер жиі ұйымдастырылатын болды. Халықаралық әлеуметтанымдық ассоциация (ХӘА) өз қызметін белсендендіре түсті.

2. XX ғасырдың 70-жылдарынан 2000 жылға дейінгі кезеңдегі әлеуметтанымдық теориялар мен негізгі шыңдар

XX ғасырдың 70-80-жылдарында Батыста әлеуметтанудың дамуында осы күнге дейін жалғасып келе жатқан жаңа кезең басталды. Әлеуметтанудың кейпін анықтайтын жаңа тұжырымдамалар мен теориялар пайда болуда. Бұлар классикалық үлгідегі ой-пікірлермен тығыз байланыста дамуда және оларды жалғастыруда. Яғни әлеуметтанудағы сабақтастық өте анық көрсетілуде. Бұл түсінікті де, себебі бұл ғылым әлеуметтік процестердің шындығын көрсетеді. Алайда, әлеуметтанудағы бұл кезеңді өткен екі кезеңмен тығыз байланыстыра қарастыру қажет. Олай етпеген күнде әлеуметтанымдық ойдың соңғы жиырма жыл ішіндегі даму өзгешеліктерін түсінуге болмайды. Бұл кезеңдегі теориялық жұмыстар бірнеше бағыттардың өмір сүруі арқылы көзге түседі. Мұнда үш негізгі бағытты ашып көрсету қажет: неомаркстік, неопозитивтік және түсінуші әлеуметтану бағыптары. Бұлардың біріншісіне Франкфурт мектебі мен АҚШ-тағы радикалды-сыншы әлеуметтануды, екіншісіне — структурализмді, құрылымдық функционализмді, постпозитивизмді, ал үшіншісіне — этнометодологияны, символикалық интеракционизмді, феноменологиялық әлеуметтануды жатқызуға болады. Дәстүрлі тұжырымдамаларды теориялық тұрғыда бірінші болып қайта қарауға ұмтылғандар Франкфурт мектебінің өкілдері М. Хоркхаймер (1895-1973), Т. Адорно (1903-1969), Г. Маркузе (1898-1979), Ю. Хабермас (1929) болды. 1930 жылдардың өзінде Майндегі Франкфуртта әлеуметтік зерттеулер институты негізінде неомарксизмге негіз қалаған Батыс әлеуметтануының бағыты қалыптасты. Бұл марксизмді жаңаша түсіндіруге тырысқан әлеуметтік-философиялық ой ағымы еді. Мұның өкілдері үшін әлеуметтік-экономикалық категория ретінде алынған «шеттетілу» ұғымы өзекті ұғым болып саналады.

115

Неомарксизм «маркстік» капитализмнің орнына қоғамның еңбектік негізін өзгертетін «кешеуілдеген капитализмнің» келгенін жариялады. Бұл мектептің өкілдері, ең әуелі Ю. Хабермас 70-80-жылдардың шегінде әлеуметтанымдық методология саласы бойынша еңбектер жариялады.

Қазіргі Батыс әлеуметтануының кең тараған бағыты — неопозитивизм. Бұл бағыт тұтастыққа қолы жеткен мектептердің қатарына жатпайды, керісінше ықпалды бағдар іспетті, оның жақтаушылары өздерін ғылыми әлеуметтанудың немесе әлеуметтанудағы жаратылыстану-ғылымилық бағыттың өкілдеріміз деп санайды.

Неопозитивизмнің қалыптасуы ХХ ғасырдың 20-жылдарында басталды, оған «ғылымның стандартты тұжырымдамаларын» жасау негіз болды. Бұл тұжырымдама бірнеше принциптерді жүзеге асыруды мақсат тұтады: әлеуметтік құбылыстар табиғи және мәдени-тарихи заңдарға бағынады; әлеуметтік зерттеудің әдістері сияқты қатаң, нақты және объективті болуы тиіс; адам мінез-құлқының субъективтік мәселелерін (мотивтер, құндылықты бағдарлар және басқалары) тек олардың көзге нақты көрінуі арқылы ғана зерттеуге болады; ғылыми ұғымдардың ақиқаттығы мен бекуі эмпириялық зерттеулер негізінде анықталып, орнығуы қажет; барлық әлеуметтік құбылыстар сандық түрде көрсетіліп, жазылуы керек; әлеуметтану ғылым ретінде құнды ой-пікірлер мен идеологиядан еркін болуы тиіс.

Неопозитивизм өзінің қолданбалы эмпириялық бағдарының арқасында әлеуметтанулық зерттеудің әр түрлі әдістерін жасады және меңгерді, атап айтқанда, іштей және сырттай бақылау әдісі, адамдардың жеке басына қатысты құжаттарды қолдану әдісі, шкалалық әдіс, панелдік әдіс, латенттік, контентталдау, т.б. әдістер қалыптасты.

Неопозитивизм шеңберінде әлеуметтанулық зерттеулерді жүргізуге қойылатын негізгі талаптар қалыптасты. Оларды әлеуметтану мәдениетінің нормалары деп те атайды. Олардың қатарына мыналар жатады: ұғымдарды іріктеу және оларға нақты түсінік беру; гипотеза әзірлеу; зерттеу әдістерін мазмұндау; зерттеудің мәліметтерін және нәтижелерін мазмұндау; қорытындыларын дәлелдеу; зерттеу тақырыптарына орай пікір-сайыстар ұйымдастырып, өткізу. Неопозитивизм өзінің дәуірлеу шыңына 40-50-жылдары көтерілді, бұған дейін біраз уақыт ол құлдырауды бастан өткерді. Неопозитивизм қазіргі Батыс әлеуметтануында көшбасшы болу рөлінен айрылды. 70-жылдардың соңы мен 80-жылдардың басында оның қайта жандануына қоғамдық-саяси жағдайлар ықпал етті, әсіресе әлеуметтік құбылыстарға сенімді ақпараттар мен ғылыми экспертизалар талап ету мемлекеттік тапсырысқа айналды. Әлеуметтану бұған қолданбалық функциясын күшейту арқылы жауап береді, ол ең алдымен әлеуметтік

инженериядан нақтылы түрде көрінді және қолданбалық зерттеулердің шеңберінің кеңеюінен де байқалады. Сонымен қатар эмпиризм мен мазмұндауды жеңуге байланысты алғашқы қадамдар жасалып отыр. Осыған орай неопозитивизмнің мына ережелері алдыңғы қатарға шықты: математика тілі әлеуметтанулық ақпаратты берудің ең маңызды формасы болып табылады; ғылымдардың методологиялық бірлігін негізге ала отырып, мәліметтерді талдау үшін жаңа логикалық-методологиялық құралдарды қолдануы тиіс; әлеуметтану әлеуметтік зерттеудің этикалық

тұрғыдан алғандағы бейтарап саласы.

Сонымен, әлеуметтік ақпаратқа деген сұраныстың күшеюі неопозитивизмнің дамуы үшін қаржы негізін қалайды және қолайлы саяси ахуал қалыптастырады. Бірақ бұл әдістің іргелі теориялық базасының болмауына байланысты өрісінің шектеулі екендігін де байқаймыз.

Феноменологиялық әлеуметтану ағымының белгілі өкілдері - Альфред Шюц (1899-1959), Питер Бергер (1929), Томас Лукман (1927). Бұлардың пікірінше, дүниені және нақты фактіні танып қабылдау адамның қайсыбір оқиғаларды түсіндіруіне байланысты болады, Жағдайды түсіндіру тәсілі, нені істеуге болады, нені істеуге толық мүмкіндіктің жоқтығын анықтау индивидтің әлеуметтену процесі барысында меңгерген, өмірлік тәжірибесінен туындаған құндылықтыр жүйесіне байланысты. Шюц әлеуметтенудің ерекшелігі және индивидтің қандай мәдениетке, әлеуметтік, кәсіби топқа жататыны құндылықтардағы өзгерістерге байланысты екендігін атап көрсетеді. Әлеуметтік нормаланған «дүние конструкциясының» түрлері өте көп.

Мұндай жағдайда адам әрекеттерінің мотивтерін объективті түсіну мүмкін бе, яғни олардың субъективтік мәнін түсінуге бола ма? деген заңды сұрақ туады. Егер де ол мүмкін болатын болса, онда ненің негізінде пайда болады? Шюц түсіну мүмкіндігі күнделікті өмір негізінің өзінде, «күнделікті дүниеде» қаланған деп тұжырымдайды. Оның пікірінше, бұл әлеуметтанудың ең басты міндетін, яғни индивидтердің субъективтік тәжірибесі негізінде әлеуметтік құбылыстардың қалыптасу процесінің объективтілігін ұғыну міндетін шешуге мүмкіндік береді. Алайда, әлеуметтанушы өмірлік дүниенің теориялық моделін жасай отырып, келесі ережелерді (постулаттарды) басшылыққа алуы тиіс: релеванттық постулат. Әлеуметтік дүние моделінің тікелей зерттеу проблемасына қатысы жоқ, «артық» мазмұнына көңіл аудармай, бірден зерттелетін пәннің өзіндік байланыстары мен қатынастарын белгілеуді есепке алу керек; барабар постулаты - әлеуметтанулық модель және ондағы білім, мотивтер, жоспарлар, әрекеттердің құрылуы «саналы және түсінікті» болып қабылдануы тиіс; логикалық жүйелік постулаты — әлеуметтану ғылымы қолданатын

117
ұғымдар тізбегі, бір-бірін толықтыратын, бір-біріне сәйкес келетін болуы және солардың негізінде қозғалуы тиіс, айтылатын ой біріне-бірі қайшы келмеуі қажет; келісу постулаты - әлеуметтанушы қайтадан дүние жасап шығармайды, ол өзінің түсіндіру моделін оны эмпириялық жолмен тексеруге болатындай етіп құрады.

Сонымен, феноменологиялық әлеуметтану бірінші болып күнделікті болатын құбылыстарды әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулердің негізі және алғышарты, тақырыбы мен пәні ретінде қарастырды.

Қазіргі Батыс әлеуметтануының бірден-бір қызықгы және табысты ағымы символдық интеракционизм болып табылады. Бұл ағымды негіздеген - Америка ғалымы Дж. Мид (1863-1931). Ол Ч. Дарвиннің идеясымен рухтанып, арнайы адамзат эволюциясы теориясын жасауға тырысты.

Ол үшін ең алдымен іргелі сұраққа жауап қайтару керек болды: адамның жануарлардан айырмашылығы неде, оны тұлға ететін не? Оның пікірінше, адамның ерекшелігін мінез-құлықтың негізгі реттеушісі саналатын дамыған инстинктер жүйесінің болмауы анықтайды. Сондықтан да адамның символдарды ойлап табу және қолдану қабілеті бар. Бұл адамның қоршаған ортаға, саналы мінез-құлыққа және өзін бақылауға саналы бейімделуінің негізі болып табылады.

Адам әрекетінің басты сипаты — символдарды қолдану. Дж. Мид әлеуметтік әрекеттің екі формасын немесе екі сатысын ажыратады: ишараттың (ымның) көмегімен адамның қарым-қатынас жасау сатысы; жанама қарым-қатынас жасаудың символдық сатысы.

Ишарат (ым) арқылы қарым-қатынас жасау әрекеттің қысқартылған түрі секілді сипатталады, жекелеген ишараттардан әрекетті толық қалпына келтіруге болады. Мінез-құлықты үйлестіру функциясын өз құзырына алған мұндай түрдегі ишараттар тілдің кейпі сияқты болып көрінеді.

Символдық жанама өзара әрекеттер, яғни ең алдымен тілдің көмегімен болатын өзара әрекеттердің сипатталуы былайша жүзеге асады: а) кез келген индивидпен қарым-қатынаста бірдей реакцияны тудырады; б) өзін басқа адамның орнына қойдырады; в) өзіне басқа адамның көзімен қарайды.

Символдық жанама өзара әрекеттің пайда болуы Дж. Мид функционалдық арқылы түсіндіреді, яғни адамдарда сенімді түрдегі инстинктердің болмауы салдарынан олардың мінез-құлықтарын үйлестіру қажеттігі тұрғысынан ұғындырады және антропологиялық, яғни адамның символдарды жасау және қолдану қабілетімен түсіндіреді.

Маңызды символдар, егер де бұлар топтардың игілігіне айналса ғана өздерінің үйлестіруші функциясын орындай алады. «Ана», «әке», «жақсы», «жаман» және т.б. ұғымдар өзінің естілуімен және ерекше маңыздылығымен топтардың игілігі болып табылады, одан жеке адам осы маңызды

118

лықтарды алады. Адамның қоғам мүшесі болуы — оның топтық әрекеттің үлгілері мен нормаларын меңгеру деңгейіне байланысты.

«Маңызды символ» ұғымы ең алдымен тілге қатысты айтылған, соны білдіреді. Қарым-қатынастағы әріптестер ешқашан да бірдей тілде сөйлемейді. Соның салдарынан көбіне-көп бірін-бірі түсінбейтін немесе қате түсіністік жағдайлар пайда болады, бұл өзара әрекеттің бұзылуына әкеліп соғады. Мұндай бұзылуларды (бұрмалаулар) метакоммуникациялардың көмегімен түзетуге болады, яғни әріптестер қарым-қатынастар орнату процесінде қолданған ұғымдарының мәнін салыстырмалы және ортақ маңыздылық жүйесі арқылы жүзеге асыруы керек. Бұдан шығатын қорытынды: адам объектілерге қатысты қызметті өзі мән берген маңыздылықтардың негізінде іске асырады; маңыздылықтың өзі әлеуметтік өзара әрекеттің жемісі болып табылады; маңыздылықтар өздеріне түсіндірмелер мен жаңа анықтамалар беру арқылы пайда болады және өзгереді.

Дж. Мидтің пікірінше, қоғам адамдардың жиынтығы, сондықтан да индивид адамдармен өзара әрекет ету қарым-қатынасын орнатқанда және

өзін-өзі түсінуі арқылы, өз әрекетін жоспарлағанда кімнің ұстанымын, кімнің көзқарасын негіз етіп алу керектігін қарастырады, пайдалысын қолдайды. Қоғамның пайда болуып Дж. Мид, түптеп келгенде, физиологиялық себептер арқылы, яғни белгілі бір қажеттіліктердің (мүқгаждықтардың) пайда болуы және соларды қанағаттандыру, ең алдымен тамаққа және өмірді жалғастыру қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттіліктерінің пайда болуы арқылы түсіндіреді. Индивид физиологиялық жағғышан өзін қанағаттандырғанымен, қалай болғанда да басқа адамдармен байланыс орнатады, соларға тәуелді болады.

Нақтылы және идеалды қоғамның өмірін сипаттаған Дж. Мид оларды өзара әрекеттің кең көлемі мен сапасы арқылы қарастырады. Идеалдық қоғам нормалардың бәріне ортақ болуы және коммуникация процесіне бүкіл адамзаттың араласуы арқылы сипатталады. Идеалдық қоғамның пайда болуының алғышарттарын ол дүниежүзілік шаруашылықтар байланысының кеңеюінің, мемлекеттер арасындағы саяси одақтардың қалыптасуының, діннің әмбебаптығының кеңеюінің нәтижесі деп тұжырымдады. Сонымен қатар Дж. Мид әлеуметтік шиеленістердің конструктивтік рөлін, соның ішінде еңбек пен капитал арасындағы шиеленісті атап көрсетті, еңбек пен капиталдың шиеленісі барысында үндері шықпай, беделден айрылған, қоғам әлі мойындамаған және өзінің таптығын қалпына келтіру үшін күресуші қанаушылар тобы қайтадан даусын көтере бастады. Сөйтіп, коммуникацияға тартылған әлеуметтік субъектілердің шеңбері кеңейді және осы жаңа диалогтың нәтижесі қоғамды қайта құруы мүмкін.

119

Батыстың қазіргі әлеуметтануының кең таралған тағы бір тұжырымдамасы ол — этнометодология. Мұның негізін қалаушы американ әлеуметтанушысы Г. Гарфинкель. Бұл тұжырымдаманың мән-мағынасы - этнофафиямен әлеуметтік антропология әдістерін әлеуметтік зерттеулердің жалпы методологиясына айналдыру. Этнометодологияның негізгі талабы — зерттеу субъектісі мен объектісінің арасында үзілісті болдырмау. Әлеуметтанушы зерттеудің жағдайы мен сырына терең үңілуі тиіс, яғни ол бұл іске сырт көзбен қарай алмайды. Әлеуметтанушының міндеті зерттелетін объектімен өзара тығыз байланыс орнату, сонымен біте қайнасуы керек, себебі олардың өзара қимылы осыған негізделеді. Этнометодологияның өкілдері осындай өзара қимыл-әрекетте басқа тәсілдерге қарағанда солардың бәрінен де анағұрлым бай ақпараттар алуға болатынын атап көрсетеді. Сондықтан этнометодолог ғалымдардың осындай өзара байланыс барысында қолдары жететін, яғни ғылыми қорытындылар жасауға негіз болатын тәсілдерді ұсынуы көбінесе халық даналығы деп аталатын қарапайым әрі мағынасы дұрыс сипатқа ие болады. Шын мәнінде мұндай қорытындылар адамдардың жүріс-тұрыс тәртіптерінің көрінісі ретінде сипатталатын сөздік қатынастар ретіндегі әлеуметтік өзара әрекетті көз алдымызға елестетіп отырады.

Енді 1990 жылдың шілде айында Мадрид қаласында өткізілген дүние-

жүзілік ХІІ әлеуметтанымдық конгресте ұсынылған ең жаңа әлеуметтанымдық постмодернистік тұжырымдама жөнінде аздап түсінік бере кетелік.

Бұл тұжырымдаманың өзіндік ерекшелігі бар. Себебі ол әлеуметтік нақгылық пен әлеуметтанудың өзін таныш-білу тәсілдеріне ғана қатысты емес, сонымен бірге, әсіресе қоғамдағы болып жатқан және 90-жылдарда болуы мүмкін өзгерістерді жаңаша түрінуге мүмкіндік береді. Постмодернистік дамудың бұл жаңа жалпытеориялық тұжырымдамасын ағылшын әлеуметтанушысы Э. Гидденс ұсынды. Мұның мәні мынада: бұл постмодернизм тұжырымдамасының жақтаушылары қазіргі больш жатқан және келешекте болатын өзгерістерде мәдени факторлардың ерекше рөл атқаратынын көрсетіп, соны баса айтады. Басқаша айтқанда, дәл осы факторлар қоғамдық прогрестің өлшемдері ретінде қаралады. Бұл жерде Э. Гидденс бәрінен бұрын әлеуметтік субъектінің (тұлғаның, кез-келген әлеуметтік қауымдастықның халықның, кәсіптік топтың, қоғамдық қозғалыстың) және оның қызмет еркіндігі рөлінің артып отырғанын көрсетеді. Ол қандай деңгейде, қандай аймақта болса да мәдениеттердің әр түрлілігі мен көп жақтылығы және тең құқықтығы жөнінде сөз қозғаған дұрыс деп санайды. Гидденстің тұжырымдамасы бойынша, мәдениеттерді олардың аздығына немесе кең көлемде дамығандық белгісіне қарап тізуге болмайды. Олардың бәрі де, тіпті дәстүрлі мәдениеттің өзі де бір-бірімен тең

дәрежеде құқықты. Вебердің пікірінше, қоғам дәстүрлік және модернистік больш екіге бөлінеді. Ол қоғамдағы адамның жүріс-тұрысын дәстүрлі түрдегі реттеушілік: «ойланбастан, өзіңе дейін қалай істесе, сен де солай істе» деген принциппен анықталады десе, модернистік қоғамда адамдардың әлеуметтік жүріс-тұрысын реттеушілік пайдалылықпен, экономикалық жөнділікпен, тиімділікпен анықталады делінеді. Ал Гидденс болса мұндай көзқарастан біршама ілгері жылжыды. Оның ойынша, қазіргі біздің заманымыздағы постмодернистік типтегі қоғамда барлық әлеуметтік процестерді әлеуметтік қауымдастықтардың мәдени белсенділігімен байлайыстырған субъективтендіру идеясы басты рөл атқаратын болады деп есептейді.

Әлеуметтанымдық теориялардың ішінде 80-жылдарда қалыптасқан көзқарас қоғамның принципті, мүлде басқа типінің пайда болуын атап көрсетеді. Бұл арада сөз болып отырғаны жаңа әлеуметтік нақгылыққа, ақпараттық негізге сүйенетін, «ақпараттық қоғам» деп аталатын қоғам. Мұнда қоғамдық құбылысты анықтайтын фактор ретінде заттар мен тауарларды өндіру жүйесі емес, керісінше, ақпараттарды өндіру жүйесі қарастырылады. Мұндай постмодернистік қоғамда «экономикалық» адамдардың орнына басқа типтегі тұлғалар келеді. Ал, бұл тұлғалардың ұстанған өмір салтында материалдық тұтыну мұқтаждықтарының шеңберінен тыс басқа да себептер мен қазыналар басым жатады.

Қазіргі кезеңдегі әлеуметтанудың тағы бір тұжырымдамасы ол - әлеуметтік айырбастау теориясы. Бұл теорияны неғұрлым тез дамытушылар — американдық әлеуметтанушылары Дж. Хоманс, П. Блау, Р. Эмерсон болды.

Бұл теорияның тұжырымы бойынша, адам мен қоғамның өзара әрекет етуі, әр түрлі әлеуметтік игіліктер мен іс-әрекеттер түрлерінің алмасуы арқасында өкімет, құқықтық жағдай, тәртіп, т.б. өмір сүреді деп түсіндіріледі. Адамның айырбастауға деген ұмтылысы (психологиялық деңгейде) оның қызметі мен тәртібіндегі негізгі бастаманың көзі ретінде қаралады. Айырбастау арқасында қоғамда жаңадан әр түрлі құрылымдар пайда болып қана қоймайды, сонымен бірге, атап айтқанда, тану, сыйлау, мақұлдау, жетістік, достық, т.б. сияқты көптеген қатынастардың механизмдері де әрекет етеді. Айырбастау актісі қарапайым әлеуметтік әрекеттер ретінде жүзеге асады.

121

АЛТЫНШЫ ТАҚЫРЫП

ҚОҒАМ - ЖҮЙЕ РЕТİNДЕ

Бұл тақырыпта адамзат қоғамының неден тұратынын толығырақ қарастыруға көшеміз. Сондықтан бізге мүмкіндігінше жаңа ұғымдардың мән-мазмұнын жете түсінуге және оларды есте сақтауға тура келеді. Бұл ұғымдар әлеуметтанудың бастапқы кірпіштері іспетті.

Бұл тарауда әлеуметтік-философиялық ілімдермен тығыз байланысқан, әлеуметтанудың жалпы теориялары тұрғысынан қоғам өзіндік және біртұтас әлеуметтік организм етінде, тұтас әлеуметтік жүйе ретінде әдейі толығырақ қарастырылады.

Адамзат қоғамы ұдайы өзгеріп тұрады. Тарихтан белгілі алғаш аңшылар мен терімшілердің қоғамы пайда болды. Кейін оны құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік қоғамдар алмастырды. Адамзат қоғамы осылайша қарапайымнан күрделіге қарай дамыды. Бір елдің шеңберінде әртүрлі кезеңде қоғамның әртүрлі типтері өмір сүрген. Бұл мәселелердің бәрі осы тараудың мазмұны мен құрылысынан көрініс тауып отыр.

1. Қоғамның жүйелілік ұғымдары мен принциптері. Қоғамды жүйе ретінде қарастыру тұжырымдамалары

Қоғам ежелгі дүниеде мемлекеттен бұрын пайда болды. Сырт көзге ол адамдардың жиынтығын, бірлестігін елестетеді. Бұл дегеніміз қоғамның адам сияқты жануарлар дүниесінен өзінің саналылығымен және мінез-құлқымен түбегейлі ерекшеліктілігін көрсетеді. Қоғам — адамзаттың қауымдастығы, оны адамдар құрайды және соның құрамында өздері өмір сүреді. Жануарлардың биологиялық қатынастары, түптеп келгенде, олардың табиғатқа қатынасы болып табылады, ал адамзат қоғамының ерекшелігін адамдардың бір-бірімен қарым-қатынастары қалыптастырады. Қоғам адамдардың кез келген механикалық жиынтығы емес, керісінше, ол адамдардың тұрақты, орнықты және мейлінше тығыз өзара ықпалы мен өзара әрекеттерінің негізінде құрылатын бірлестік. Күнделікті өмірде

қоғам ұғымы жиі айтылып, әр түрлі мағынада қолданылады — адамдардың шағын тобынан бастап бүкіл адамзатқа дейін және кітап сүйушілер қоғамынан бастап Қазақстан қоғамына дейін қолданылады. Алайда, әлеуметтану ғылымында қоғам ретінде адамдардың ортақ мекен-жайы, өзін-өзі толықтыру, өзін-өзі қамтамасыз ету сияқтылармен сипатталатын адамдардың бірлестігі түсіндіріледі.

Ғылымда қоғам түсінігіне берілген ортақ анықтама жоқ. Қоғам ұғымына ортақ анықтама берудің күрделілігі бірнеше жағдайға байланысты, атап

122 айтқанда, көлемі жағынан кең және сипаты жағынан тым абстрактілі болуымен, қоғам әр түрлі бағытта қарастырылатын аса күрделі, көп қабатты, көп жақты құбылыстығымен, қоғам тарихи ұғым болғандықтан ортақ анықтама оның дамуының барлық кезеңдерін қамту мүмкіндігімен, қоғам әр түрлі ғылымдардың қолданатын категориясы болғандықтан, олардың әрқайсысы өз пәні мен зерттеу әдістеріне сәйкес қоғамды анықтауымен, өмірде қоғам ұғымын кең және тар мағынада қолданған сайын оған түсініктеме беру қажеттігімен байланысты.

Жалпы әлеуметтану тұрғысынан қоғамға анықтама беретін болсақ, онда қоғам дегеніміз адамдардың жиынтығы, өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында олардың өзара байланысы мен өзара әрекетінің қалыптасқан формаларының тарихи бірлестігі және тұрақтылығы мен тұтастығы, өзін-өзі өндірумен, өзін-өзі толықтырумен, өзін-өзі реттеумен және өзін-өзі дамытумен сипатталатын, адамдардың өзара байланысы мен өзара әрекетінің негізі болатын ерекше әлеуметтік нормалар мен құндылықтар пайда болып, мәдениет деңгейі жоғары болатын бірлестік. Ал тар мағынада француз, жапон, т.б. қоғам мағынасында айтылады. Бұл жерде қоғам деп тарихи, социомәдени және басқа да ерекшеліктерімен көрінетін нақты қоғам түрі түсіндіріледі.

Қоғам адамдардың өзара әрекетінің жемісі екенін өткен және бүгінгі әлеуметтанушылар толығымен мойындағанымен адамдардың қоғамға бірігуінің басты негізі не деген сауалға түрліше жауап береді. Мысалы, француз ғалымы Э. Дюркгейм рухани ақиқат, неміс ғалымы М. Вебер адамдардың өзара әрекеті, К. Маркс адамдар қатынастарының жиынтығы, америка әлеуметтанушысы Т. Парсонс адамдар арасындағы қатынастар жүйесі, Н. Смелзер географиялық шекара, ортақ заң шығару жүйесі, ұлттық шығу тегінің бір болуы деген.

Демек, қоғам ұғымының мазмұнын ашатын анықтамалардың бәрінде қоғамның тұрақтылығын құрайтын жүйе элементтері қарастырылып, қоғамның бәрі бір тектес емес екендігін, көп жақты және әр түрлі сипаттағы әлеуметтік құбылыстар мен процестерді қосқанда олардың өзіндік ішкі құрылымы және құрамы бар екенін көрсетеді. Қоғамның құрамдас элементтеріне адамдар, әлеуметтік байланыстар мен әрекеттер, әлеуметтік өзара қимыл-әрекеттер және қатынастар, әлеуметтік институттар мен ұйымдар, әлеуметтік топтар, қауымдастықтар, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар және т.б. жататынын айтуға болады. Бұлардың әрқайсысы

бір-бірімен өзара тығыз байланыста болып, қоғамда ерекше орын алыш, рөл атқарады. Сондықтан әлеуметтанудың міндеті — қоғам құрылымын

! Смельзер Н. Социология. М.: Феникс, 1994. С. 84.

123

анықтау, оның ең маңызды элементтеріне ғылыми сұрыптау жасау, олардың өзара байланыстары мен өзара әрекетін анықтау, әлеуметтік жүйе ретіндегі қоғамдағы олардың орны мен рөлін зерттеу. Түптеп келгенде, әлеуметтік құрылым қоғамның жүйе ретіндегі тұрақтылығын анықтайды. Өйткені қоғам индивидтердің қарапайым жиынтығы, олардың өзара байланысы мен әрекеттері және қатынастары ғана емес, керісінше, ол тұтас жүйе, мұндай жиынтық жаңа, интегралды, жүйелік сапаны тудырады. Әлеуметтік жүйе күйіндегі қоғам — ол өзінің жеке заңдары бойынша өмір сүретін және дамитын әлеуметтік организм.

Сайып келгенде, әлеуметтік жүйе күйіндегі қоғам деп бір-бірімен өзара тығыз байланысқан және өзара әрекеттегі және әлеуметтік тұтастықғы құрайтын, үлкен реттілікпен жинақталған әлеуметтік құбылыстар мен процестер түсіндіріледі.

Қоғамның жүйелігін көрсететін ұғымдар мен негізгі принциптері бар. Оларды жете түсіну үшін ең алдымен жүйе, құрылым, т.б. ұғымдарын сараптап, білу қажет. Жүйе деп өзара бір-бірімен байланыста болатын және тұрақтылықты құрайтын тәртіптелген элементтердің жиынтығын айтады. Бұл ұғымды түсінуде элемент сөзі маңызды рөл атқарады. Элемент деп отырғанымыз - объект. Объектілердің тікелей қатысуымен жүйе құрылады және өмір сүреді. Объектілерсіз немесе элементтерсіз жүйе ешқашан өмір сүре алмайды. Бірақ жүйеге енген элементтер жүйеге тән қасиеттерді және тәртіп (реттілік) белгілерін қабылдайды. Сөйтіп, элементтердің белгілі бір жиынтығы кез келген тұтасқан жүйенің мазмұнды жағын қалыптастырады. Алайда, элементтердің құрамы тұтастықтың қасиеттерін анықтай алмайды. Жүйе объектісінің ерекшеліктерін, нақты қасиеттерін анықтауда құрылымды, яғни тұтас жүйенің ішкі ұйымдастырылуын білу аса маңызды. Құрылым — бұл жүйенің ретке келтірілуі, ұйымдастырылуы. Бұл, дәлірек айтқанда, жүйе элементтерінің арасындағы байланыстар мен өзара әрекеттердің тәсілі.

Құрылымдық байланыстар — элементтердің жүйеде алатын орнымен анықталады. Сондықтан да құрылымның дамуы басты элементтердің екінші қатардағы, айталық, таптар, ұжымдағы лидерлер, т.б. элементтермен өзара әрекетінен көрінеді. Құрылымдық элементтердің өзара әрекеті және олардың дамуы көптүрлі болып, интеграциялық сапаға ие болады, соның нәтижесінде жүйелік байланыстар көбейеді. Бұдан шығатын қорытынды сол, құрылымда болған маңызды өзгеріс бірден жүйеге ықпал етеді. Ал өз кезегінде жүйе құрылымға тікелей болмаса да, элементтер арқылы әсер етеді, сөйтіп, олардың қайсыбір бағытта дамуына қолайлы жағдай жасайды немесе оған кедергі болады.

124

Әрбір жүйе өзіне басқа да элементтердің арасындағы байланыстарды қосып алуы мүмкін, сондықтан да оларды жүйешелер (подсистемалар) деп атайды. Басты немесе күрделі жүйеге қатысты жүйешелер оның элементтері ретінде қарастырылады, сонымен бірге сол жүйешелердің өз жүйешелері де болуы әбден мүмкін. Жүйешелер, нақты жүйені құрауы, сайып келгенде, мейлінше көп болуы мүмкін. Негізгі жүйе шеңберінде жүйешелердің бір-біріне бағынуы белгілі бір иерархияны құрайды. Басты, аныққаушы жүйешені табу білу бүкіл жүйенің дамуы мен өмір сүруінің заңдылықтарын ашудың кілті болып табылады. Жалпы жүйеге сараптама жасау барысында оның даму заңдары ашылады. Ол үшін ең алдымен элементтердің құрылымдағы салмағы мен орнын анықтау қажет, содан алынған мәліметтер негізінде жүйенің ең мәнді байланыстарын да анықтай аламыз. Содан кейін сол байланыстарды жүйешелердің иерархиялық контекстінде қарастыру керек. Сөйтіп, зерттеудің объектісі ретінде жүйенің шекарасы анықталады және оның бастапқы элементтері айқындалады. Бұдан кейін негізгі жүйешелерді табу қажет және олардың арасындағы иерархиялық байланыстарды анықтау керек. Жүйе құрылымы анықталған соң өзгерістеріне тікелей тәуелді болатын басты жүйелік байланыстарды анықтауға көшкен жөн.

Әлеуметтік жүйе - тұтастықты құрастыратын жүйе болып саналады, оның негізгі элементіне адамдар, олардың арасындағы байланыстар, әрекеттер мен қатынастар жатады. Бұл байланыстар мен өзара әрекеттер және қатынастар тұрақты сипат алады, тарихи процесс барысында ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Сондықтан да әлеуметтік жүйе қоғамдық тіршілік иесі ретінде адамның, адамдардың әрекет ету саласының жемісі болып табылады. Қоғамдық өмірдің қай саласына немесе қайсыбір жүйешелерге назар аудармасақта, онда оның әмбебап элементі, бастапқы субъектісі адам, тұлға екеніне көз жеткіземіз. Қоғам адамды қалай қалыптастырса, адам да қоғамды қалыптастырады. Адамдардың өзара әрекеті, түптеп келгенде, әлеуметтік құрылымды құрайды. Ал барлық әлеуметтік функциялар адам қызметінің нәтижесі болады. Демек, адам әлеуметтік жүйенің бастапқы, әмбебап элементі болып саналады, бірақ ол өзінің қызметін әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтарға біріккен басқа адамдармен өзара әрекет ету процесі барысында атқарады. Бұл өзара әрекет индивидтердің жиынтығын әлеуметтік жүйеге айналдырады. Сол тұста әлеуметтік орта сол индивидке қалай ықпал етсе, индивид те өзге индивидтермен біріге отырып ортаға соншалық ықпал жасайды. Нәтижесінде жүйе құрамындағы элементтердің жеке өзінде болмайтын сапаны жинап, әлеуметтік тұтастықты дүниеге әкелді. Әлеуметтік жүйені үш негізгі мәселе тұрғысынан алып қарастыратын болсақ, онда, біріншіден, әлеуметтік жүйе

125

индивидтердің бірлестігі ретінде зерттеліп, қайсыбір ортақ жағдайлар олардың өзара әрекетінің негізіне алынады, мысалы, қала, село, еңбек ұжымдары, Т.б.; екіншіден, әлеуметтік жүйе әлеуметтік ұстанымдардың иерархиясы іспетті қарастырылады, бұлар индивидтердің бірлесіп істеген

қызмет процесінен көрінеді және содан әлеуметтік қызметтері келіп шығады; үшіншіден, әлеуметтік жүйе элементтердің негізгі сипаттарын, олардың нақты әлеуметтік жағдайдағы өзара қатынастары мен мінез-құлқын анықтайтын әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың жиынтығы ретінде де қарастырылады. Жоғарыда аталған бірінші мәселе әлеуметтік қауымдастық ұғымымен, екіншісі – әлеуметтік ұйым түсінігімен, үшіншісі – мәдениет ұғымымен байланысқан. Сөйтіп, әлеуметтік құрылым белгілі бір тарихи нормалық-құндылықтар негізінде (соның қайнар көзі сол қоғамның мәдениеті болады) өзара әрекет ететін негізгі әлеуметтік субъектілердің (тұлғаның, әлеуметтік қауымдастықтың, әлеуметтік ұйымның) органикалық бірлігі ретінде көрінетін болады. Элементтердің бірлігінің тұтастығы олардың өзара әрекетіне негізделген. Адамдардың өзара әрекетінің тәсілі мен нәтижесі өлшем қызметін атқарады, соған орай адамдар бірлестіктерінің негізгі түрлері анықгалады. Адамзат қауымдастығының басты-басты екі түрі бар: әлеуметтік қауымдастықтар және әлеуметтік ұйымдар. Бұлардың ұқсастығы бар. Олар бірігіп, индивидтердің қызметі іске асатын «әлеуметтік орта» немесе «әлеуметтік кеңістікті» құрайды. Әлеуметтік қауымдастық та, әлеуметтік ұйым да тарихи аренада әрекет етуші маңызды субъектілер болып саналады. Олар, сөз жоқ, ірі әлеуметтік өзгерістердің, эволюциялық және революциялық процестердің шешуші факторлары қызметін де атқарады. Олардың арасында өзара ұқсастықпен қатар өзгешеліктері де бар. Әлеуметтік қауымдастықтың әлеуметтік ұйымнан өзгешелігі сонда, оның өмірлік жағдайлар негізінде қалыптасатын адамдардың тұрақты бірлестіктері болады. Мұндай бірлестіктер адамдар санасы мен еркінен тыс, объективті, табиғи жолмен қалыптасады. Мысалы, адам қалада немесе ауылда тұрады, соған орай ол қала немесе ауыл халқына жатады. Индивид әрдайым қайсыбір демографиялық топқа жатады, этникалық қауымдастықтың мүшесі болады. Ол жұмыссыз жүрсе немесе еңбек ететін болса, міндетгі түрде, кәсіби, мамандық тобына енеді. Кез келген әлеуметтік ұйым да дәл сондай индивидтердің бірлестігінен құралады. Алайда, оның әлеуметтік қауымдастықтан өзгешелігі жасанды жолмен құралатындығында, мақсатының ерекшелігі мен өзінің уақытша сипатта болатындығында. Әлеуметтік ұйымдар қоғамды, өмірді реттеуде үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік бірлестіктердің екі түрі де қажет және қайсыбір қоғамдық мұқтаждықтарды қанағаттандыруға қызмет етеді. Ең алдымен олар адамдардың тіршілік әрекеті процесінде адамдар инте –

126

грациясын жүзеге асырады, әрине, бұл жерде стихиялық, кездейсоқтық та орын алады. Бірақ бұл жерде адамдар интеграциясы ретсіз, жөн-жосықсыз болады екен деген ой тумауы керек. Тіршілік әрекетіне әрдайым нормативтік тән. Адамдардың мінез-құлқын маңызды түрде реттеуші ретінде олардың тек ниеті мен мақсаты ғана соған қызмет етіп қоймайды, сонымен қатар сол қоғамда объективті қалыптасқан әлеуметтік нормалар да осыған қызмет жасайды. Әлеуметтік нормалар-қоғам мақұлдаған мінез-құлықтың белгілі бір үлгісі. Бұл үлгі индивидтердің өзара әлеу-

меттік әрекетіне басқа да қатысушы адамдардың қалай қарайтынын алдын-ала көруге мүмкіндік береді және соған орай өзін, іс-әрекетін қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты әлеуметтік норма индивидтің мінез-құлқының өлшеміне және өзге адамдардың оның қылығына, ісіне баға беру өлшеміне айналады. Нормативтік үлгілер беталды жасалмайды, жоқтан пайда болмайды. Олар нақты бір қоғамның әлеуметтік құндылықтарымен тығыз байланыста және солардың негізінде қалыптасады.

Әлеуметтік құндылықтардан жүйенің дамуы мен өмір сүруі үшін белгілі бір материалдың және рухани игіліктердің ерекше маңыздылығы байқалады. Құндылықтар есебінде еркіндік, еңбек, әділеттік және т.б. осындай ұғымдардың қалыптастырылуы мүмкін. Бұл қоғам мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін ынталандырады, өзінің ынталандырушы рөлін идеялар, үлгілер, мақсаттар түрінде жүзеге асырады, осылардың көмегімен адамдар өз әрекеттерін жоспарлайды және оның нәтижесін бағалайды.

Әлеуметтік құндылықтар сол қоғамның рухани мәдениетінің органикалық бөлімі және бір мезетте индивид санасының элементтері болып табылады.

Әлеуметтануда рухани мәдениет құндылықтары, сайып келгенде, қоғамдық өмір мен адамдар мінез-құлқының әлеуметтік-нормативтік реттеушісі есебінде қарастырылады. Әлеуметтік құндылықтардың нақты нормативтік қызметі оларды әлеуметтанулық зерттеудің мәнді тақырыптық дәрежесіне жеткізеді. Осыдан қорытынды жасайтын болсақ, онда, әлеуметтік құндылықтар мен нормалардың қешенін мәдениеттің реттеушілік мәселесі ретінде қарауға болады, осы арқылы мәдениет әлеуметтік тіршіліктің әрекет ету процесіне нақтылы ықпал жасай алады. Соның салдарынан мәдениет адамдарға және ұжымдарға іс-әрекеттің үлгілері мен нормаларын береді, ойдың мазмұнын анықтайды, ниет-мақсаттарын басқарады, тұлғаны қалыптастырады. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтік процестерге өзіндік «қатысушы» болады, сондықтан да әлеуметтік жүйені, әлеуметтік құрылымды сараптағанда оның рөлін міндетті түрде ескеру керек. Әлеуметтік құрылымның құндылық-нормативтік маңызын саралау жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың мінез-құлқын анықтайтын әр түрлі факторлардың әрекеттерін біріктіруге мүмкіндік береді. Соның

127 арқасында әлеуметтік жүйенің өмір сүруі мен дамуының жалпы заңдылықтарын анықтауға болады. Бұл жалпы әлеуметтік теориялардың басты міндеттеріне және мазмұнына жатады. Әлеуметтік құрылымның жекелеген элементтерінің ерекшеліктері мен функционалдық рөлі әлеуметтанулық білімнің нақты салаларының шеңберінде, атап айтқанда, мәдениет әлеуметтануы, тұлға әлеуметтануы, ұжымдар әлеуметтануы, т.б. анықталады.

Әлеуметтік байланыс (өзара байланыс) - белгілі бір мақсатқа жету үшін кесімді мерзімдегі нақты қауымдастықтың бірлесе еткен қызметін қамтамасыз ететін факторлар жиынтығы. Әлеуметтік байланыс нақты тұлғалардың, адамдардың сипаттамасынан (ниеті, тілегіне) тәуелсіз түрде пайда болады. Бұл байланыстардың орнауына адамдардың нақтылы өмір сүріп, әрекет ететін объективті әлеуметтік жағдайлары себепші болады.

Әлеуметтік байланыстың мәнін адамдардың қимыл-әрекетінің мазмұны мен сипаты анықтайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда әлеуметтік байланыстың мынандай негізгі типтерін бөліп қарастыруға болады: өзара әрекет, қатынастар, бақылау, институттық, даму, себепті байланыстар, құрылымдық байланыстар және т.б.

Әлеуметтік өзара әрекет - кез келген жеке адамның басқа адамдар немесе әлеуметтік қауымдастық үшін маңызы бар мінез-құлқы, әрекеті, олардың бір-біріне әсер ету процесі болып саналады. Әлеуметтік өзара әрекет әртүрлі жүйедегі (немесе жүйешедегі) әлеуметтік субъектілер арасында, жүйе ішінде, жүйелер мен оларды қоршаған орта арасында, сонымен қатар жалпы жүйелер мен олардың элементтері арасына іске асады. Бұл әрекеттер қоғамда өзгерістер тудырады, өз кезегінде сол өзгерістер адамдарға ықпал етеді, оған жауап ретінде адамның кері реакциясы да пайда болады. Әлеуметтік өзара әрекеттің объективтік және субъективтік жақтары бар. Объективтік жағы - нақтылы функцияның мазмұнынан туындайтын байланыстар. Әлеуметтік өзара әрекеттің субъективтік жағы деп отырғанымыз - мінез-құлықтардың ыңғайына қарай негізделген әлеуметтік субъектілердің бір-бірімен саналы қатынастары. Белгілі бір жағдайда әлеуметтік субъектілер арасындағы өзара әрекет тұрақтылығымен және қайталануымен салыстырмалы түрде сипатталады. Дәл осы жағдайда әлеуметтік субъектілер арасында белгілі бір әлеуметтік қатынастар орнайды.

Әлеуметтік қатынастар - жеке адамдар мен әлеуметтік топтарда болатын тұрақты және өз алдына жеке байланыс.

Демек, қоғам көптеп саналатын индивидтерден, олардың арасындағы әлеуметтік байланыстардан, өзара қимыл-әрекеттерден және қатынастардан құралады.

Қоғамға тұтас жүйе ретінде қарап, оған жүйелік тұрғыдан талдау жасауды ұсынушылар қоғамды жеке адамдардың, олардың байланыстарының,

128 өзара әрекетінің, қатынастарының қарапайым жиынтығы деп қараудан сақтандыра отырып, қоғамдық деңгейде болатын индивидтердің әрекеті, байланыстары мен қатынастары жаңа сапаны, сапалық тұтастық жүйені құрайтынын атап көрсетеді.

Жүйелік сапа - қоғамның, жүйенің элементтерінің ерекше сапалық күйі. Бұл жерде элементтерді қарапайым жиыштық деп қарауға болмайды. Қоғамдық қатынастар мен өзара әрекеттер жеке адамдықтан, тұлғалықтан жоғары тұратын сипатқа ие болады, яғни қоғам - бұл индивидтермен қарым-қатынаста алшақтылық сақтайтын немесе алдыңғы қатарда тұрған алдына жеке субстанция. Әрбір адам, жарық дүниеге келген соң байланыстар мен қарым-қатынастардың қайсыбір құрылымына кезігіп, әлеуметтендірілу процесі барысында сол құрылымға енеді. Жүйелік сапаға, яғни тұтастыққа көптеген байланыстар, өзара әрекеттер мен қатынастар тән. Солардың арасында коррелятивтік деп аталатын байланыстар, өзара әрекеттер мен қатынастар аса маңызды, себебі олар элементтердің үйлесімділігін және бір-біріне қатынастылығын реттеуді өз міндетіне

алған. Үйлесу - қайсыбір элементтердің бір-біріне сәйкестендірілуі. Оның осы ерекше сипаты элементтердің өзара тәуелділігін, жалпы жүйенің тұтастығын сақтауды қамтамасыз етеді. Бағыштылық - тұтастық жүйедегі элементтердің ондағы маңыздылығы мен алатын орнының бірдей еместігін көрсетіп, олардың бір-біріне бағынудағы ерекше орнын айқындайды.

Демек, соның нәтижесінде қоғам сапалы тұтастық жүйеге айналады. Мұндай сапалық жүйеге қоғамдық тұтастықты құрайтыш бірде-бір элемент жеке-дара ие бола алмайды.

Әлеуметтік процесс - осы кез келген әлеуметтік объектінің, әлеуметтік жүйеленген элементтердің дәйекті түрде ауысып тұратын қозғалысы немесе күйі, Әлеуметтік процесс мынандай белгілермен сипатталады: әлеуметтік процестің құрамдас бөлшектерінің өзара әрекет ету белгісі, объектінің жағдайға сәйкес бағытталуы, мерзімдік белгісі. Әрбір әлеуметтік процесс белгілі бір кезеңдегі бағытты және қарқынды түрде өзгертуді белгілейтін, құрамдас бөліктердің өзара байланысыш, тәсілдерін ерекшелетін бірнеше сатыдан тұрады. Әлеуметтік процесс типтері әлеуметтік жүйе және оның элементтері, интеграция және дезинтеграция, бірігу мен шиеленіс, ынтымақтастық пен бәсекелестік болып бөлінеді. Бұлармен қатар әлеуметтік процестерді функционалдық және дамытулық деп те бөледі. Оның біріншісі объектінің сапалық күйін қалпына келтіруді қамтамасыз етсе, екіншісі объектіні жаңа сапаға көшіреді. Батыс елдерінің әлеуметтану ғылымында функционалдық процесс өз алдына жеке бөлініп қарастырылады, соның негізінде әлеуметтік объектінің басты қызметтерін жүзеге асыруға ықпал жасайтын шарттарға

129
назар аударылған. Ал дисфункциялықты зерттегенде объектінің қызметтерін атқаруға кедергі келтіретін жағдайды қарастырады.

Қоғамды жүйелілік деңгейде қарастыруда детерминистік және функционалдық көзқарастар маңызды рөл атқарады. Детерминистік тұрғыдан қарастыру марксизмде анық байқалады. Бұл ілім бойынша қоғам тұтас жүйе ретінде төмендегідей жүйешеден тұрады: экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық. Бұлардың әрқайсысының өзін жеке-жеке жүйе ретінде қарастыруға болады. Бұл жүйелерді әлеуметтіктен айқындау үшін социенталды деп те атайды. Бұл жүйелердің арақатынастарында басты рөлді себеп-салдар байланысы атқарады. Бұл дегеніміз, марксизмге сәйкестендіре айтсақ, аталмыш әрбір жүйе өздігінен өмір сүрмейді, сөйтіп, басқа жүйелердің себеп-салдарына тәуелді болып келеді. Бұл жүйелердің бәрі өз арасында иерархиялық құрылымды құрайды, яғни субординациялық арақатынасты сақтайды, олардың бір-біріне бағыныштылығы жоғарыда көрсетілген деңгейде сақталады. Марксизмде барлық жүйе экономикалық жүйенің ерекшелігіне тәуелді болады, экономикалық жүйенің негізі меншіктің сипатына негізделген материалдық өндіріс болады.

Алайда, марксизм әлеуметтік детерминизмді тым қарапайым баяндауға қарсы. Ол барлық қоғамдық қатынастарды экономикамен ғана түсіндірмейді. Марксизм көзқарасы бойынша экономикалық жүйе ол тек

қоғамдық өмірдің басқа жүйелерін дамытуды анықтайды және оның ең басты себепшісі болып табылады. Марксизмде бүкіл социенталды жүйенің кері байланыстары атап көрсетілген. Әрбір келесі жүйе алдыңғы жүйеге кері ықпал жасайды.

Тікелей өзара байланысы бар социенталды жүйелердің бір-біріне әсер етуі демократиялық сипат алады. Нәтижесінде марксизм қоғамға жанды дүние, әрдайым қозғалыста және дамуда болатын организм ретінде қарады. Оны зерттеуде өндірістік қатынастарға талдау жасау шешуші рөл атқарады. Әлеуметтанудағы детерминистік көзқарас тұрғысынан қарау функционалдықпен толықтырылған. Марксизм сондай-ақ функционалдық тұрғыдан қараудың жақтаушысы болып табылады. Марксизмде жүйені жиынтық, органикалық және тұтастық деп бөлу қалыптасқан. Қоғам жүйе ретінде органикалықтан тұтастыққа өту кезінде қалыптасады. Органикалық жүйенің дамуы оның өзін-өзі бөлшектеуімен, жіктеуімен тығыз байланысты болып, жаңа қызметтер немесе соған сәйкес элементтер жүйесінің қалыптасу процесі ретінде сипатталады. Қоғамдық жүйеде жаңа функцияларды қалыптастыру еңбек бөлінісі негізінде іске асады. Қоғамдық қажеттілік бұл процестің қозғаушы күші болып табылады. Қажеттілікті қанағаттауды үшін керекті құралдарды өндіруді және тоқтаусыз болып жататын жаңа қажеттіліктердің туындауын К. Маркс пен 130

Ф. Энгельс адамның өмір сүруінің бірінші кезектегі алғышарты деп есептеген. Сөйтіп, осындай қажеттілік пен тәсілдер соларды қанағаттандыруды қамтамасыз етеді, даму негізінде қызмет түрлерін тудырады, соларсыз қоғамның өмір сүруі мүмкін емес. Бұл қызмет түрлерін іске асыру үшін адамдар жаңа еңбек бөлінісі саласын ойлап тапты. Сөйтіп, бұлар адамдардың ерекше назарына ілігеді, сонымен қатар қызметке тағайындап, сенім білдірген адамдардың да ойынан шықпайды және олар өз алдына дербестігін сақтап қалады. Сайып келгенде, марксистердің пікірі бойынша, материалдық өндіріс саласының негізінде ерекше қызметтер атқаратын әлеуметтік, саяси және рухани салалар пайда болады. Алайда, жоғарыда атап өтілгендей, қоғамдық өмірді түсіндіруде марксизмге детерминистік көзқарас тән.

Функционализм идеясы көбіне-көп англо-американ әлеуметтанушыларына тиесілі. Функционализмнің негізгі ережелерін ағылшын әлеуметтанушысы Г. Спенсер (1820—1903) өзінің үш томдық «Әлеуметтану негіздері» еңбегінде белгілесе, оны американдық әлеуметтанушылар А. Радклиф-Браун, Т. Парсонс дамыта түсті.

Г. Спенсердің әлеуметтануға функционалдық тұрғыдан қарауының негізгі принциптеріне қысқаша тоқғалайық.

Қоғамға жүйелілік тұрғыдан қарауды жақтаушылар сияқты функцияшылдар қоғамға тұтастық күйде қарап, оны экономикалық, саяси, әскери, діни, тағы басқа көптеген бөлімдерден тұратын организм деп есептеді.

Алайда, олар осыған байланысты, әрбір бөлім тек тұтастық шеңберінде ғана өмір сүреді дегенді атап көрсетті, солардың құрамында бола отырып,

әрбір бөлім нақтылы, қатаң белгіленген қызмет түрлерін ғана атқарады.

Бөлімдердің қызметтері қашан болмасын әлдебір қоғамдық қажеттілікті қанағаттандырып отырады. Солардың бәрінің біріккен қызметі қоғамның тұрақтылығын және адамзаттың өсіп-өрбуін қолдауға бағытталған. Қоғамның әрбір бөлімі өзіне тиісті қызметін атқаратыны сияқты, оның қайсыбір бөлімнің қызметінде іркілістер, тоқыраулар, қызметтерінің бір-бірінен ерекшеленетін кездері де кездеспей қалмайды, сөйтіп, өзге бөлімдер үшін бұзылған қызметтерді қайтадан қалпына келтіру ауыр тиеді.

Г. Спенсер әлеуметтік бақылауға үлкен маңыз берді. Оның пікірі бойынша, әлеуметтік жүйенің тұрақтылықты сақтауының басты себебі, онда бақылау элементтері бар. Бұған саяси басқару, құқық тәртібінің органдары, діни институттар және моральдық нормалар жатады.

Г. Спенсердің пікірі бойынша, әлеуметтік бақылау «тірілердің алдындағы қорқынышқа» және «өлілердің алдындағы қорқынышқа» арқа сүйейді. «Тірілердің алдындағы қорқыныш» мемлекетті қалыптастырып, орнықтырады, «өлілер алдындағы қорқыныш» шіркеуді дүниеге келтірді. Қоғамның

131
тұтастығын сақтаудың басты шарты - қоғамдағы қабылданған жүйенің құндылықтарын қалың бұқараның мойындауы. Г. Спенсер дәлелдеген әлеуметтанудағы функционализм Р. Мертон еңбектерінде терең зерттеле отырып дамытылды. Р. Мертон оның тұжырымдамасына бірқатар анықтамалықтар енгізді:

1. Өзі бір ғана құбылыс бола тұрғанымен де, әр түрлі қызметтер атқаруы мүмкін, сондай-ақ керісінше бір ғана қызмет түрінің өзі әр түрлі құбылыстарда да қолданылады.

2. Р. Мертон дисфункция ұғымын енгізді, яғни оған бүлдіруші қызмет деген мағына береді. Ол бірқатар элементтер бір жүйелі қатынаста функционалды болуы мүмкін және басқа жүйеге қатынас кезінде дисфункционалды болуы ықтимал деген қорытынды жасады.

3. Р. Мертон айқын және көзден таса жасырын латентті қызметтер арасындағы айырмашылықтарды белгіледі. Айқын қызмет - саналы әрекеттен туындаған қызмет. Латенттік қызмет әрекет етуші адамның қажетті амалды табуы ойламауының нәтижесі.

Т. Парсонстың құрылымдық-функционализм көзқарасы функционализм әдістемелігі дамуының маңызды кезеңі деп сипатталады. Парсонстың пікірі бойынша, кез келген қоғамдық жүйенің екі негізгі бағдары бар, оларды «бағдардың білігі» (ось) деп атаған. Бірінші білік ішкі-сыртқы білік деп аталады. Бұл дегеніміз кез келген жүйе қандай да болмасын өзін қоршаған ортадағы оқиғаға бағытталады, немесе өзінің проблемаларындағы оқиғаларды қамтиды. Екінші білік — инструменталды-консумоторлық. Бұл - жүйе бағдарының қандай да болмасын белгілі бір сәттілікке немесе ұзақ мерзімдегі қажеттілік пен бір мақсаттарға бағытталуы.

Бұл біліктерден 4 негізгі функционалды категориялар пайда болады: бейімделу, мақсатқа жету, интеграция, құрылымды жаңадан ұдайы өндіру. Әлеуметтік жүйенің бұл қызметтері, Парсонстың пікірі бойынша,

әр түрлі жүйешелермен қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік жүйенің ішінде бейімделу қызметін экономикалық жүйеше, мақсатқа жету қызметін - саяси жүйеше, интеграция қызметін - құқық институттары мен әдет-ғұрыптар, құрылымды жаңадан өндіру қызметін - наным жүйесі, мораль және әлеуметтендіру органдары қамтамасыз етеді.

Функционализм эмпириялық ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылады. Алайда, басқа әдістемелікті жақтаушы әлеуметтанушылар функционализмнің 3 басты кемшіліктерін атап көрсетеді: 1) қоғамды зерттеу тарихи тұрғыдан қараудан тыс болуы керек. Қоғам функционализмде динамикалық дамудан бөлек, статикалық тұрғыдан қарастырылады; 2) шиеленістерді жазып талдауда қабілетсіздік көрсетеді, әлеуметтік шиеленістері қат-қабат қазіргі тандағы мәселелерді шешуде қабілетсіз болып отыр; 3) әлеуметтікте жеке адамды толық қамтып көрсете алмайды.

Функционализмге сын айтушылардың қатарында индивидуализм әдістемелігінің өкілдері Дж. Хоманс, Джон Линд, Г. Блумер, тағы басқалар бар. Олар функционализмнің орнына индивидуализм әдістемесін ұсынады. Индивидуализм әдістемелігінің негізгі идеясы мынаған саяды: кез келген әлеуметтік құбылыс, сонымен қатар қоғамдық өмір индивидуалдық іс-әрекет жиынтығы арқылы түсіндірілуі мүмкін. Осыған орай әлеуметтану ғылымының бірден-бір міндеті жеке адам қимылының нақты әрекеті дегеніміз не және индивидуалдық іс-әрекеттер жиынтығы дегеніміз не деген сауалдарды түсіндіру,

Индивидуализм өкілдерінің көзқарасы бойынша іс-әрекет схемасы мынандай элементтерден тұрады:

- іс-әрекет етуші, яғни жеке адам немесе топ;
- жағдайға қатыстырылуы, тартылуы белгілі бір зорлық-зомбылық керсетудің болуымен сипатталады;
 - іс-әрекет арқылы қайсыбір мақсатқа жетуді көздеу;
 - мақсатқа жету үшін ресурстарға манипуляция жасау;
 - нақтылы белгіленген мінез-құлық.

Индивидуалдық іс-әрекет дегеніміз не? Бұл құбылысты бірнеше әлеуметтік өзара қарым-қатынас жасау жөніндегі әрекет теориялары түсіндіреді. Мұндай теорияның бірі — әлеуметтік айырбас теориясы. Оны американдық әлеуметтанушысы Дж. Хоманс тұжырымдады. Джордж Хоманс ақы төлеу және шығын шығарту арқылы адамдардың мінез-құлқына ықпал ету принципіне арқа сүйейді. Ол өз теориясының мынадай ережелерін белгілейді:

- 1) мінез-құлыққа неғұрлым жиі ақы төленіп, сыйлық берілсе, соғұрлым ол жиі қайталанатын болады;
- 2) өткендегі ақы төлеу белгілі бір жағдайға байланысты болса, адамдар сондай жағдайды қайталауға тырысады;
- 3) аз ғана сый-сияпаттан гөрі ақы төлеудің мөлшері анағұрлым үлкен болса, онда адамдар оны алу үшін артығымен оның өтемін қайтаруға барады;

4) егер де адамның қажеттілігі толығырақ қанағаттандырылған болса, онда адам оны қанағаттандыру үшін аз ғана күш жұмсайды.

Джордж Хоманс теориясының тағы бір түрі — әділ айырбас теориясы. Бұл теорияны қалыптастырғандар Джон Адамс, Дж. Уолстер және тағы

1. Радугин А.А., Радугин К.А. Социология. Курс лекций. М.: Владос, 1995. С. 46-47.

133

басқалар. Бұл теория да сипаттауды керек етпейтін жорамал жүйесіне (постулат) негізделген:

1) индивидтер қашан болмасын барынша пайда табуға тырысады, бұл адамның өзімшілдік табиғатынан туындайды;

2) топтар индивидтерге шек қоя отырып және «әділ» қатынастар орнатуды талап ету арқылы ұжымдық пайданы арттырады;

3) индивидтер өздерінің «әділетсіз» қатынастарға қатысын анықтаған соң психологиялық ыңғайсыздыққа түседі;

4) «әділетсіздікті» адам неғұрлым ауыр қабылдаған болса, оның психологиялық ыңғайсыздығы да соғұрлым артады және «әділеттілік» қатынастарды орнатуға деген талпыныстары үдей түсетін болады.

Сайып келгенде, бұл теорияда «әділеттілік қатынастар» категориясы назар аударарлық болып тұр, өзара әрекетке қатысушылардың пропорционалды үлесі және нәтижесі әлеуметтік қатынастарды анықтайды. Осы теорияны жақтаушылар әлеуметтік әділеттілікке жетуде индивидтер мен топтарды ынталандыру басты, негізгі мәселе деп санайды. Келесі бір теория — индивидуализм әдістемелігіне негізделген символдық интеракционизм болып табылады. Оның аса көрнекті өкілдері — Джордж Мид пен Герберт Блумер. Джордж Мид индивидтің мінез-құлқы басқа адамның мінез-құлқына қайтарған реакциясы деген ілімді ұсынды. Адамзат маңызды объектілер дүниесінде өмір сүреді. Маңыздылық тек әлеуметтік өзара әрекет процесінде ғана пайда болады. Әр түрлі әлеуметтік топтар дүниені жасап орнатады, дүниені құрайтын объектілердің өз маңыздылығын өзгертуіне орай бұл дүниелер де өзгереді.

Символдық интеракционизмге сәйкес, индивидтер арасындағы өзара әрекет үздіксіз диалог ретінде көрінеді, бұл процесте адамдар бір-бірінің ниетін бақылайды, түсіндіреді және оған жауап қайтарады.

Ынталандыруды түсіндіру дегеніміз — ынталандырудың символмен байланыс орнатуы және осы символды пайымдау негізінде жауап реакциясын тандау болып табылады. Әлеуметтік байланыс, коммуникация орнату мүмкіндігі адамдардың сол символға бірдей маңыз беруіне орай қалыптасады. Джордж Мидтің пікірі бойынша, әлеуметтік «мен» мағынасы екі жақғы болады: өзіндік «мен» және «біздер». Өзіндік «мен» - бұл индивидуалдық сана. «Біз» - бұл басқа адамдар алдындағы индивидуалдық сана. «Менің» және «біздің» арасында тұрақты диалог болады. «Мен» өз іс-әрекетің іштей «бізді» итеру арқылы бағалайды. Сайып келгенде, қоғам іштей «мен» іспетті болады. Әлеуметтік «мен» индивидтер арасын-

дағы өзара қарым-қатынастар процесі жиынтығымен тұжырымдалады.

1. Радугин А.А., Радугин К.А. Социология. Курс лекций. М.: Владос, 1995. С.48.

134

Қайсыбір тұлғаның жауап реакциясының, қызмет тәсілдерінің, символдық мазмұнының көп болуы ол қатысатын өзара әрекеттер жүйесінің көп түрлілігіне де байланысты болады.

Дегенмен, қоғамның не екенін, оның қалыптасу механизмдерінің қандай екенін және қалай өмір сүретінін (функционализи) түсіндіруде бірін-бірі әрдайым мойындай бермейтін, тіптен қарама-қайшылықта болып келетін методологиялық тұрғыдағы сараптау әдісі әлі де сақталып отыр. Бірақ бұл тұжырымдамалардың кез-келгені қоғамды тұтас жүйе ретінде қарастыруда аса маңызды.

Сайып келгенде, қоғам дегеніміз бұл адамдардың бүкіл негізгі қажеттіліктерін, өзін-өзі реттеуді, ұдайы өсіп-өніп отыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік өзара әрекеттерді ұйымдастырудың әмбебап тәсілі. Қоғам әлеуметтік байланыстардың реттелуімен, нығайуымен, бұл байланыстарды қолдап және дамытып отыратын ерекше институттардың, нормалардың қалыптасуымен пайда болады. Зерттеушілер қоғамның жүйелілік принциптерімен қатар, оның типтерін, белгілерін және даму заңдарын да анықтайды.

2. Қоғамның типтері, белгілері және даму заңдары

Әлеуметтану ғылымында қоғамды сұрыптап сараптаудың көптеген тәсілдері қалыптасқан. Солар арқылы қоғамның даму деңгейі, оның дамуының бір сатысынан келесі сатысына өтуі, т.б. анықталады. Марксистік дер қоғамның типін белгілеуде өндіріс тәсілін, яғни қоғамның экономикалық ресурстарының қалай пайдаланылып, қалай бақылауға алынатынын басшылыққа алады. Г. Ленски мен Дж. Ленски қоғамдарды сұрыптау барысында оларға тән өндіріс тәсілдерімен қатар өзге де маңызды белгілерді ашып, қоғамды 4 типке бөлуді ұсынды: 1) аңшылық пен терімшілдік қоғам; 2) бау-бақшалық қоғам; 3) аграрлық қоғам; 4) өнеркәсіптік қоғам. Неміс ғалымы Ф. Теннис өнеркәсіп қалыптасқанға дейінгі қоғам мен қазіргі қоғам арасындағы мәнді өзгешеліктерді зерттей келіп, шаруалар қауымдастығын белгілейтін «Гемайншафт» терминін және индустриалды - қалалық қоғамды анықтайтын «Гезельшафт» ұғымдарын енгізді. Осы қоғамдар арасындағы айырмашылықтардың мәні мынаған саяды: а) «Гемайншафт» типті қоғамда адамдар қауымдастық міндеттеріне сәйкес өмір сүреді, «Гезельшафт» қоғамы адамдардың жеке бастары үшін пайда табуға негізделген; б) «Гемайншафт» қалыптасқан салт-дәстүрлерге негізделсе, «Гезельшафт» формалды заңдарға маңыз береді; в) «Гемайншафт» шектелген мамандандыруды ұсынса, «Гезельшафт» мамандандырылған кәсіби рөлдерді қалыптастырады; г) «Гемайншафт» діни

мұраларға арқа сүйесе, «Гезельшафт» зиялылық құндылықтарды жоғары қояды; д) «Гемайншафта» қоғамның басты институттары болып отбасы мен қауымдастық саналады, ал «Гезельшафтта» қоғамның негізгі институттарына адамдар бірігуінің ірі корпоративтік және ассоциативтік формалары жатады.

Қоғамдарды типтеуде 60-жылдары бұлардан басқа да көзқарастар қалыптасты. Соның негізінде қоғамдарды топтау жөніндегі ұстанымдарда, бүгінгі ғылыми әдебиеттерде қоғам түрлерін: дәстүрлі (аграрлық); индустриялды және постиндустриялды деп бөлу басымырақ орын алып отыр. Енді соларға тоқталайық.

Сонымен, дәстүрлі қоғам деп аграрлық укладты қоғамды айтады. Қазіргі біздің түсінігімізде дәстүрлі қоғам қарапайым және артта қалған қоғам түрі. Шындығында бұл қоғамда өндірістің даму қарқыны өте төмен, адамдардың қажеттілігі минималды деңгейде ғана қанағаттандырылады, жаңаны қабылдамайды. Онда индивидтердің мінез-құлқы қатаң бақылауға алынады, салт-дәстүр, нормалар және әлеуметтік институттармен шектеледі.

«Индустриялды қоғам» терминін ғылымда алғаш қолданған Сен-Симон болды, сол ұғым арқылы ол қоғамның өзгеше өндірістік негізін айқындады. Индустриялды қоғамның басқа да маңызды белгілеріне адамдардың қажеттіліктері мен мүдделерінің өзгеруіне сәйкес қалыптасатын икемді әлеуметтік құрылымдар, әлеуметтік мобильдік, коммуникация жүйесінің дамуы жатады. Мұндай қоғамда индивидтің еркіндігі мен мүддесін ортақ принциптермен үйлестіруге мүмкіндік туады. Ортақ принциптер индивидтердің бірлесе еткен қызметін реттеп отырады.

Индустриялды қоғам теориясын екі вариантта жасағандар француз әлеуметтанушысы Р. Арон мен американдық экономист, әрі саясаттанушысы У. Ростоу болды. «Индустриялды қоғам» теориясы қоғамның жедел дамуының жолдарын көрсетіп, натуралды шаруашылық үстемдік еткен, артта қалған аграрлық қоғамнан алдың қатарлы, өнеркәсібі дамыған индустриялды қоғамға өтудің орнығатынын дәлелдейді. Бұлардың пікірінше, индустриялды қоғам, ең алдымен еңбек бөлінісінің дамуы және күрделі жүйесі арқылы сипатталады, бұл өндірістің нақты салаларға мамандандырылуы мен басқару жүйелерінен байқалады. Екіншіден, индустриялды қоғамда рынокқа арнап кең көлемде жаппай тауар өндіру қалыптасады. Үшіншіден, ол өндірісті автоматтандыру мен механикаландыруға және басқаруға иелік етеді. Төртіншіден, индустриялды қоғам ғылыми-техникалық революциямен сипатталады. Транспорт пен байланыс құралдарының жоғары дамуы, жоғарғы деңгейдегі мобильдік пен урбанизацияның болуы, ұлттық тұтыну құрылымындағы сапалы өзгерістер осы

процестердің нәтижесі болып саналады. Бұл теория тұрғысынан алып қарағанда ірі өнеркәсіптің негізгі сипаттамасына индустрияның өндірісті ұйымдастыру мен басқару саласындағы мінез-құлық, тәртіп формаларын

реттеуімен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларында реттеу жұмыстары жүргізіледі.

Э. Дюркгеймнің пікірі бойынша, дәстүрлі қоғам мен индустриялы қоғам арасында қалыптасқан айырмашылықтар бар, олар: әлеуметтік ынтымақтастықтың формасында және әр түрлі моральдық жүйелерде орын алған өзгерістер. Қарапайым қоғамдағы ынтымақтастықтың түрі «механикалық ынтымақтастық» десек, ал индустриялы қоғамда органикалық ынтымақтастық болады. Дәстүрлі қоғамдағы қатынастар негізінен туыстық қарым-қатынастарға негізделген еді, ал қазіргі индустриялық қоғамдағы қатынастар саяси ұйымдарға, шіркеуге, бизнес пен мектепке арқасүйейді.

Дәстүрлі және индустриялы қоғам атаулары жаңа айдарлармен де беріліп жүр. К. Поппер жоғарыда баяндалған әлеуметтік бақылау мен индивидтің еркіндігінің арақатынасындағы өзгешелікті негізге алып, ашық және жабық қоғам деген ұғымдарды қолданды. Магиялық, тайпалық немесе ұжымдық қоғамды К. Поппер жабық қоғамға балайды, ал индивидтердің өздері еріксіз шешім қабылдауға мәжбүр болатын қоғамды ашық қоғам деп санайды.

XX ғасырдың 60-жылдарындағы қоғам дамуының дәстүрі және оның индустриялық екі сатысы 70-жылдары үшінші сатымен толықты. Сол тұста постиндустриялы қоғам тұжырымдамасы пайда болды. Ол тұжырымдаманы жасаған американдық әлеуметтанушы Д. Белл мен батыс-еуропалық әлеуметтанушы А. Турен еді. Бұл тұжырымдаманың пайда болуына дамыған елдердің экономикасы мен мәдениетіндегі құрылымдық өзгерістер себеп болды. Бұл өзгерістер қоғамға жаңаша қарауды талап етті. Ең алдымен білім мен ақпараттың рөлі шұғыл артты. Қажетті білім алыш, жаңа ақпаратқа қолы жеткен индивидтің әлеуметтік иерархияның сатысымен алға жылжуына қолайлы, біршама үстем мүмкіндіктер жасалды. Жемісі мол шығармашылыққа жету үшін еңбек еркіндігінің болуы, оның табысы адамның да, қоғамның да гүлденуінің негізіне айналды.

Беллдің пікірінше, бұл қоғамда капиталистер табы жойылып, олардың орнын білім деңгейі жоғары жаңа басқару элитасы басады. Әлеуметтік стратификацияның өлшемі болып саналатын меншік өзінің маңыздылығын жоғалтады, шешуші өлшем болып білім деңгейі есептелетін болады. Меншік капиталистердің қолына шоғырланған, еңбек пен капитал арасында негізгі шиеленіс сақталған индустриялы қоғаммен салыстырғанда поетиндустриялық қоғамдағы негізгі шиеленіс білім мен құзыреті болмауының

137

арасындағы күрестен көрінеді. Индустриялық дейінгі қоғамның басты мақсаты — билік, индустриялық қоғамның басты мақсаты — ақша, постиндустриялы қоғамның негізгі мақсаты — білім. Бұл үш сатының әрқайсысына әлеуметтік ұйымдардың өзіндік ерекше формалары тән, атап айтқанда, аграрлық қоғамға шіркеу мен әскер, индустриялыққа — корпорация, постиндустриялыққа — университеттер қажет. Осыған орай олардың әлеуметтік құрылымдары да қалыптасады, мысалы, аграрлық қоғам-

да билеп-төстеу дін қызметкерлері мен феодалдардың қолында болды, индустриялдық қоғамда — бизнесмендер, постиндустриялдық қоғамда — ғалымдар мен менеджерлер үстем болады. Индустриялды және постиндустриялды қоғам теориялары әлеуметтік эволюционизм шеңберінде болады, өйткені олар жаңа техника мен технология негізінде қоғамның белгілі бір сатыға өтуіне мүмкіндік тудырады. Технологиялық төңкерістер қоғамдық өмірдің басқа салаларына да төңкеріс жасайды, бірақ бұлар әлеуметтік төңкерістерге соқтырмайды.

Технологиялық ақпараттық прогрестің негізінде қауіпті процестер де дамыды. Маңызды әлеуметтік-саяси ақпаратқа, электронды коммуникация құралдарына қолы жеткен мемлекет пен басқару элитасы бұқара халыққа ықпал жасау мүмкіндігіне ие болды. Сөйтіп, технократиялық мемлекеттің рөлі артын, оның азаматтық қоғамды біртіндеп өзіне бағындыру қаупі төнеді. Әлеуметтік бақылау жасаудың жатық, жасырыш формасының күш алу қаупі артады.

Десек те, қоғамды классификациялау тек осылармен бітпейді. Қоғам саяси критерийлерге орай (әсіресе қоғам мен мемлекет арақатынасының сипаты мен формасына қарай) азаматтық қоғам ретінде қалыптасқан, мемлекет соған бағынып, қызмет ететін - демократиялық қоғам; азаматтық қоғамы жоқ, ал мемлекет қоғамды және тұлғаны өзіне бағындырып, басын-жаншып отыратын — тоталитарлық қоғам және алғашқысы мен кейінгісінің арасындағы - авторитарлық қоғам деп бірнеше жікке бөледі. Қоғамды типтеу басқа да көптеген белгілерге қарап жүргізіледі. Айталық, қоғамдағы үстемдік етуші дінге байланысты христиан немесе мұсылман қоғамына, кеңінен тараған тілдік қарым-қатынасқа қарап ағылшын тілді, француз тілді, орыс тілді және т.б. қоғамдарға бөледі. Жалпы осы топтаулардың рөлі мен маңызын анықтау қоғамды нақты қай жағынан зерттеуге байланысты болады. Егер қоғам халықтың этникалық құрамы жағынан алып зерттелетін болса, онда бірінші қатарға қоғамды бір ұлттық, екі ұлттық, көп ұлттық деп топтау қойылады, ал қалғаны екінші қатарға шығарылады. Демек, күрделі әлеуметтік құрылым ретіндегі қоғамды типтеу жөнінде бір ғана немесе әмбебап көзқарас жоқ. Ол зерттеушінің қандай методологиялық тұрғыдан қарауы,

138 проблеманы өз бетінше көре білуі, өз пайымдауының негізі етіп нені алуы арқылы анықталады.

Жоғарыда қоғам ұғымы мен мемлекет түсінігі бір-біріне ұқсамайды деген едік. Олай болса, олардың белгілерінде де өзгешелік болады. Демек, қоғамды қандай белгілерге қарап анықтауға болады деген орынды сауал туындайды. Индивидтер арасында өзара әрекеттер, өзара байланыстар және қатынастар орнайды. Мұндай байланыстарды дүние жүзі карта-сымен салыстыратын болсақ, онда осы байланыстардың бір-бірімен ұшта-сып, жүйеленіп мемлекеттік-аумақтық бірлікке келіп тірелетінін көруге болады. Сонымен, қоғам адамдар арасында қалыптасқан байланыстар мен өзара әрекеттердің жиынтығы.

Қоғамның алғашқы белгісіне әдетте әлеуметтік байланыстардың шоғырлануы жүретін аумақты жатқызады. Біздің планета көптеген қауымдастықтарға экологиялық мүмкіндік беру арқылы адамдардың мұқтажын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді және климаттық жағдай мен табиғат ландшафтысының көп түрлілігіне орай индивидтердің тіршілік әрекеттеріне өзіндік қайталанбас белгілер қалдырды. Аумақ - индивидтер арасында қатынастар мен өзара әрекеттер қалыптасатын, дамитын әлеуметтік кеңістіктің негізі болады.

Қоғамның екінші ерекшелікті белгісі оның ішкі өзара байланыстарының жоғары интенсивтілігін қолдап отыру және ұдайы туындатын, жетілдіру қабілеті болып табылады. Қоғамның маңызды сипаты ретінде тұрақтылықты айтқанмен, әлеуметтанушылар оның негіз болатын себептерін түсіндіруде бір жерден шықпады, пікірлері қайшылықта болды. Э. Дюркгейм қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығының басты негізіне «ұжымдық сананы», ортақ жігердің болуып алады. Р. Мертон болса қоғамның сақталуын халықтың көпшілігі меңгерген және әрбір индивидті біріктіретін тіршілік әрекеттерінің нормаларын сақтауға бағыттайтын «келелі құндылықтар» арқасында болады деп есептейді. Э. Шилз қоғам бүкіл аймаққа бақылау жасайтын және ортақ мәдениетті таңатын тек қана «ортақ биліктің» ықпалымен өмір сүреді деп пайымдайды.

Қоғамның тұрақтылығын сақтайтын алғышарттарды толық анықтау тіптен мүмкін емес сияқты. Адамзат тарихының көне кезеңдерінде қоғамның тұрақтылығы ең алдымен тұлға аралық өзара әрекеттердің есебінен сақталып келді. Адамдар өздерін туыстық және көршілік, әдет-дағдылар, көмек пен қолдау көрсету, олардан айырылудың қорқынышты екендігі сияқты дәнекерлермен байланыстырды. Ф. Теннис осындай принциптерге негізделген қоғамды қауымдастық деп атаған.

Алайда, халық санының өсуіне орай байланыстардың өзара әрекет жүйесі бұрынғыдай қолданыла алмады. Басты тұрақтандырушы алғышарт 139

болып әлеуметтік құрылым шықты. Әлеуметтануда құрылым деп тұрақты түрде болатын әлеуметтік түзілімдерді, байланыстарды және қатынастарды айтады. Бұл әлеуметтік институттар, әлеуметтік қауымдастықтар болуы мүмкін. Олардың айрықша ерекшеліктеріне мақсатқа лайықты қызметтері жатады. Бұл дегеніміз, қоғам үшін өмірлік маңызы бар міндеттерді орындау мен атқарушылардың құзырына біршама тәуелсіз болу деген сөз.

Басқаша сөзбен айтсақ, меншік институты немесе мемлекет, интеллигенцияның әлеуметтік тобы немесе соттың кәсіби рөлі қоғамда тұрақты немесе ұзақ кезеңдер бойы өмір сүріп келеді және осы құрылымдардың өмір сүруін қамтамасыз еткен нақты адамдар әлденеше рет ауысып отыруы мүмкін.

Әлеуметтік құрылымдар бір мезетте және жоқтан пайда болмайды. Олар бастапқыда тұлға аралық контактілер мен өзара байланыстар негізінде пайда болып, өзара әрекеттер және қатынастардың тұрақтылығын

нығайтудың нәтижесінде қалыптасады. Олар индивидтердің өз міндеттерін тиімді шешуге, жеке өз мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін, бірлесе өмір сүруді реттейтін принциптер мен нормаларды мейлінше дұрыс таңдап алуға негізделеді. Мысалы, барлық халықтарда реттеуші - жұмылдырушы қызметін атқара алатын институттық құрылымдар қалыптасқанға дейін мемлекеттің орнығу процесі көптеген жүз жылдықтарға созылды.

Қоғамдағы тұрақтылық ең алдымен әлеуметтік құрылымның қалыптық және функционалдық қасиеттеріне байланысты болады. Әрбір құрылым әрекеттер мен өзара байланыстардың белгілі бір түрлерін тәртіптейді (реттейді) және оларды ұдайы өндіреді. Айталық, отбасы институты неке қатыпастарын, ақша институты тауар айырбастауды реттейді. Бұлардың бәрі біріге отырғанда, сабақтастықты қамтамасыз етеді, онсыз әлеуметтік байланыстарды ұдайы өндіру мүмкін емес.

Қоғамның үшінші ерекшелікті белгісіне оның автономдығы және өзі-өзі жоғары деңгейде реттеушілігі жатады. Қоғамның автономдығы оның көп функциялылығымен жүзеге асады, яғни индивидтердің алуан түрлі қажеттілігін қанағаттандыру үшін керекті жағдайлар жасау қабілетінің болуы және индивидтерге өзін көрсету, өзін бекіту үшін кең мүмкіндіктер жасауы қажет. Адам тек қоғамда ғана шағын кәсіби қызметімен айналыса алады, өзінің азық-түлікке және киім-кешекке деген қажеттілігін әр кезде қанағаттандыра алады. Қоғамда ғана адам өзіне керекті дағдыларды қалыптастырады және ғылым мен мәдениеттің жетістіктерімен танысады. Тек қоғам ғана оған мансапқа жетуге және әлеуметтік иерархияның биігіне көтерілуге мүмкіндік береді. Басқаша айтар болсақ, қоғамның жан-жақты, толыққанды болуы оның сырттай араласусыз-ақ негізгі міндеттерін

140 орындауына, яғни адамдардың жеке мақсаттарына жетулерін жеңілдететін өмірді ұйымдастыру формаларын көрсетіп беруіне жол ашатыны анық.

Қоғамның автономдығы және өзінің толықтылығы сыртқы басқарушылардың болмауынан көрінеді. Қоғам өз ішінде пайда болған және жасалған нормалар мен принциптердің негізінде, институттар мен ұжымдардың арасында реттеліп отырады және басқарылады. Өзін-өзі реттеушілік қоғамның маңызды қасиеті, бұл оның көлеміне қарамастан өз бетінше дербес әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, қоғамды үлкен интеграциялық күш ерекшелейді. Ол әрбір жаңа ұрпақты әлеуметтендіреді, сол ұрпақты қалыптасқан қатынастар жүйесіне қосады, соларды бәрі мойындап қабылдаған нормалар мен ережелерге бағындырады. Аталмыш салалардың арқасында қоғам жаңаны енгізуге қабілетті болады, өйткені ол өзіне жаңа әлеуметтік түзілімдерді, институттарды, нормаларды тандайды, сөйтіп, сол арқылы дамуды жаңалайды және сабақтастығын қамтамасыз етеді. Қоғам мен тілдің, мәдениеттің шығу тектері «көрінбес жіптер» арқылы байланысқан, адамдардың өздері де оған ұмтылады. Ол адамдарға әдеттегі мінез-құлық үлгілерін қолдануға мүмкіндік береді, тұрақталған принциптерді басшылыққа алдыртады.

Қоғамды дамытатын өзіндік заңдар мен заңдылықтар қалыптасты. Солардың бірі — эволюционизм. Ол ХІХ ғасырда дарвинизмнің ықпал етуімен әлеуметтану ғылымында қалыптасты. Бұл әлеуметтік дамудың объективтік сипатын мойындаған көзқарастың жүйесі еді. Мұндай көзқарастар қоғам эволюциясына табиғи-тарихи процесс ретінде қарап, қоғамды түбегейлі өзгертетін оның шешуші буындарын, қоғамның үлгілерін анықтаудағы ғалымдардың ролін де белгілеп берді.

Осындай көзқарасты ұстанғандардың бірі О. Конт болды. Ол қоғам эволюциясын анықтаушы алғышартқа білімділік прогресті жатқызды. Білімнің теологиялық, мистикалық түрінен позитивтікке, яғни ғылымға қарай дамуы адамның әскери қоғамнан индустриялы қоғамға өтуін қамтамасыз етеді. Әскери қоғам теологиялық, мистикалық білімге сүйене отырып, адамдарды құдайдың «баламасына» айналған, құдайдан бір кем емес көсемдер мен батырларға бағындырған еді. Мұндай қоғамның даму процесі төменгі деңгейде болды. Керісінше, индустриялы қоғам ғылыми білімге сүйенетін өндірісті жоғары деңгейде дамытып, адам қажетін қанағаттандыруды іске асырып отыр, деп пайымдады О. Конт.

Г. Спенсер эволюцияның мәнін қоғамның күрделенуінен, оның ішкі жіктелісінің күшеюінен көре білді. Бұл процесс қоғам дамуының әрбір жаңа кезеңінде әлеуметтік организмнің тұтастығын қалпына келтіріп отырады. Қоғамның гомогендіктен гетерогендікке қарай қозғалуы жеке

141

адамдар бостандығын шектемей, арттырумен қатар жүреді, қоғам өз азаматтарын қатаң бақылауға алуды тоқтатады және олардың мүддесін бәрінен қанағаттандыру үшін қызмет жасайды. Демек, әлеуметтік прогресс дегеніміз, Г. Спенсердің сөзімен айтқанда, азаматтардың еркіндігін ұлғайтуға жеткізетін күрделі қоғам болады,

Э. Дюркгейм эволюцияның мазмұнын жеке адамдардың механикалық ынтымақтастығынан органикалық ынтымақтастыққа өту жолдары арқылы түсіндіреді. Жеке адамдардың механикалық ынтымақтастығы олардың даму деңгейлерінің өте төменгі дәрежеде болуы және бір-бірімен ұқсастығы негізінде орнаған еді. Ал жеке адамдардың органикалық ынтымақтастығы еңбек бөліністері мен әлеуметтік жіктелу негізінде пайда болады. Соңғы айтылған мәселенің нәтижесінде өзгеше принципке негізделген адамдардың өзара тәуелділігі орнатылады, олардың тұтас әлеуметтік организмге бірігуі жүреді, қоғамның ең жоғары моральдық принципі есебінде ынтымақтастық сезімдері қалыптасады.

Марксизм өндіргіш күштерді әлеуметтік дамудың шешуші алғышарты етіп алған еді. Өндіргіш күштердің дамуы өндіріс тәсілдерін өзгертуге жеткізеді, соның нәтижесінде қоғамда түбегейлі өзгерістер жасалып, қоғамдық-экономикалық формациялардың бірінен екіншісіне ауысуы қамтамасыз етіледі.

Марксизм эволюционизмді төңкеріспен біріктіруге тырысты, қоғам дамуында төңкеріс маңызды алғышарт деп қарады. Төңкеріс, дәлірек айтқанда, жаңа экономикалық және саяси құрылымдарды қалыптастырушы

рөлін атқаратын болды. Олай болмаған күнде қоғам өзін іріп-шіруге жеткізетін себептерден құтыла алмайтын еді. Сондықтан К.Маркс төңкеріске қоғамды өзгертетін және оның дамуын жеделдететін тарихи локомотив ретінде қарады. Қоғам дамуының маркстік тұжырымдамасы тарихқа формациялық тұрғыда қарауға да негізделген еді. Осыған орай қарастырсақ, онда адамзат өзінің дамуында бірнеше сатышы басынан кешіреді. Бір қоғамдық әлеуметтік-экономикалық формациядан екіншісіне өту әлеуметтік революция арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік революция бүкіл қоғамдық өмір жүйесіндегі түбегейлі сапалы төңкеріс болып саналады. Қоғамдағы өндіргіш күштердің артуы мен ескірген өндіріс қатынастарының арасындағы тереңдеген шиеленіс әлеуметтік революцияның экономикалық негізі етіп алынады. Осының негізінде әлеуметтік антагонизм күшейіп, өмір сүріп отырған құрылысты сақтауға мүдделі билеуші таптар мен қаналған таптардың арасында тап күресі шиеленіседі. Әлеуметтік революцияның бірінші жеңісі саяси билікті жеңіп алу болып саналады. Билік құралдары арқылы жеңген тап қоғамдық өмірдің барлық саласына

142

қайта өзгертулер енгізеді, сөйтіп, жаңа әлеуметтік-экономикалық және рухани қатынастар жүйесін қалыптастыру үшін алғышарттар жасалады. Марксизм көзқарасы бойынша революциялар қоғам дамуы жолындағы барлық тосқауылдарды жоюда, стратегиялық бағытта зор рөл атқарады, қоғамдық дамудың қуатты ынталандырушылары қызметін атқарады. Нақты айтар болсақ, қоғам дамуының эволюциялық және революциялық теориялары қоғамдық прогреске негізделген.

Эволюционизмнің келесі бір өкілдері революцияны қоғам дамуының заңдылығынан гөрі кездейсоқ, қан төгісті, қатал құбылыс деп есептеді. Мысалы, А. Токвиль Ұлы француз революциясы туралы айта келіп, оның жасаған өзгерістерін революциясыз-ақ іске асыруға болатындығын атап көрсетті. Эволюционизмнің маңыздылығы оның қоғам дамуының объективті құбылыс екенін мойындағандығында еді. Тарихтың тоқтаусыздығы сияқты қоғамның да өзгеріске ұшырауы уақытқа ғана байланысты болады. Қоғамдағы әлеуметтік құрылымдар, институттар, нормалар, құндылықтар қайта жаңғыратын болғандықтан, соған орай жеке адамның мүддесі, идеалдары, бағдарлары да дәйектілікпен өзгеріске түсетін болады. Ал бұған кереғар жағдай қалыптасса, айталық, қажеттілікті бәрінен жоғары қою, ойлаудың пәрменділігін арттыру, білімді тереңдету адамды мақсатты түрде әлеуметтік ортаны өзгертуге бағыттайды.

Осы аталған бағыттың төңірегінде әлеуметтік эволюцияның кейбір үрдістері анықталады. Қоғам қарапайым күйден күрделі күйге қозғалып өтеді, яғни терең құрылымды, жіктелген қоғамға көшеді. Күрделі әлеуметтік құрылымдардың қалыптасуы жеке адамдардың талап-талғамдарының, сенімдерінің артуының нәтижесі де болып табылады. Шығармашылықпен айналысатын тұлға өзінің ауқымы мол ой-өрісінің негізінде тарихты жасаушы басты адамға айналды. Ол өзінің ішкі жасампаздық қуатына ерік беруді талап етеді және өзіне бостандық беретін қоғамға

ұмтылыс жасайды.

Даму процесі соншалықты күрделі болғандықтан эволюционизм өзінің XIX ғасырдағы қол жеткен табыстарына қарамастан, тарих соқпағында сүріністерге ұшырады. Әлеуметтану ғылымы алға тартқан көптеген сауалдарға эволюционизм жауап бере алмайтын болды. Қоғамның дәйектілікпен даму принципін басшылыққа алған дәстүрлі эволюционизм шеңберінде қоғамның кері қозғалуын, дағдарыстары мен ыдырауын, бүтін өркениеттің жойылуын түсіндіру мүмкін болмай қалды. Мұндай құбылыстарды түсіндіру үшін зерттеушілер циклдік даму теориясын ойлап шығарды (О. Шпенглер, А. Тойнби). Ендігі жерде қоғам эволюциясы түп-түзу қозғалыс ретінде есептелуден қалды, ол тұйық күйдегі өрлеу мен 143

гүлденудің және құлдыраудың циклі ретінде, олардың басталып, аяқталуына байланысты қайталанып отыратын цикл есебінде қарастырылатын болды.

Қоғамның түп-түзу дамуын жоққа шығаратын дамудың маятниктік тұжырымдамасы пайда болды. Бұл тұжырымдама бойынша қоғам қайсыбір алғышарттардың ықпалымен өзінің тепе-теңдігінен айырылып, тербелістік қозғалысқа көшеді, тербеліс бір нүктеден соңғы нүктеге дейін қозғалады, кейде орта тұсында тоқтап та қалады немесе тұрақты қозғалысты қалпына келетін де болады.

Эволюционизмнің келесі бір осалдығы даму мөлшерін, белгілерін анықтаудан байқалды. Осыған орай әлеуметтік прогрестің әмбебап елшемдерін табуға тырысып бақты. Ол өлшемдерді жоғарыда көрсеттік. Олар қоғамды өзгерістерге түсіріп, дамуды қамтамасыз ететін негізгі буындар болатын: білім, әлеуметтік жіктеліс, тұлға бостандығы, ынтымақтастық, техникалық прогресс, өндіргіш күштер. Алайда, аталмыш буындардың рөлін терең зерттеу барысында олардың тек қана жағымды рөл атқаруымен шектеліп қалмай, келеңсіз прогреске соқтыратыны да анықталды. Білім адамдарды жаппай қырғынға ұшырататын қаруды жасау үшін қолданылады, жіктеліс пен бақылаусыз қалған бостандық әлеуметтік энтропияға соқтырады, ынтымақтастық адам инициативасы мен тәуелсіздігін басып тастайды, ғылыми-техникалық революция экологияны күйзеліске ұшыратты.

Эволюционизм қысқа мерзімдік процестер мен құбылыстарды түсіндіруде дәрменсіздік таныпты. Пайда болған өзгерістер зерттеушілер үшін адамдардың мінез-құлқын, институттар мен әлеуметтік ұйымдардың қызметін түбегейлі өзгерткенін көрсете алғанда ғана құнды болады. Мұндай «ұсақ» өзгерістер, айталық, үкімет дағдарысы, қылмыстың өршуі, девианттық мінез-құлық, тағы басқалары эволюция теориясынан тыс қалып қойды. Әлеуметтік дамуды зерттеу үшін аталмыш шектеулікті жойып, өзгеше тұрғыдан қарап зерттеу талап етілді. Осыған орай әлеуметтік өзгеру теориясы пайда болды. Оның мән-мағынасын Т. Парсонс өз тұжырымдамаларында ашып берді.

Т. Парсонс әлеуметтік өзгеру мәселесін жүйелік тұрғыда талдау жа-

саумен байланыстырып қарастырды. Оның пікірінше, қоғам жүйе ретінде тұрақтылықты сақтауға, өзін-өзі жаңалауға қабілетті, бұл жағдай қоғамның негізгі құрылымдық элементтерінің тұрақтылығынан анық көрініп отырады.

Бақылау барысында қайсыбір іс-әрекеттің, оқиғаның нәтижесінде жүйедегі тепе-тендікті сақтап тұрған күштердің, элементтердің арасалмағы 144

бұзылатын болса (кейбір топтардың ықпал жасауы артады, мемлекеттік органдардың жаңа құрамы қалыптасады, т.б.), онда қоғам өзгеріске түседі. Мұндай өзгерудің түрін Т. Парсонс «тепе-тендіктің» өзгеруі деп атаған. Алайда, қоғамдық жүйе мен оның элементтерінің арқасында бұзылған тепе-тендікті қоғам тез қалпына келтіріп отырады. Жүйе ішкі резервтердің көмегімен өзгеріске бейімделетін болады және пайда болған жаңа түзілімдерді өзіне қосып алады. Т. Парсонстың бұл тезисін бұрынғы КСРО-ның 50-60-жылдардағы реформа жасамақшы болған талпынысы дәлелдей түседі. Әлеуметтік қажеттіліктердің өзгеруі, демократиялық көңіл күйдің артуы сол тұстағы ел басшыларын осыларға сәйкес біртектес шараларды жүзеге асыруға итермелеген еді. Алайда, әлеуметтік жүйенің тұрақтылығы жоғары болды. Олай дейтініміз, әлеуметтік жүйе негізгі құрылымдық элементтерді сақтап, жаңа бетбұрыстарды өзіне қосқанымен, ескі принциптер негізінде міндетін атқаруды тоқтатпайды.

Т. Парсонстың пайымдауынша, әлеуметтік өзгерудің екінші түріне құрылымдарды өзгерту» жатады екен. Жүйеге іштен және сырттан қысым жасау аса күшті болған шақта жүйе өзі айырылып қалған тепе-тендігін қалпына келтіруге дәрменсіз болады. Қоғамның тұтастығын сақтау мақсатында, оның бейімделу қабілетін арттыру үшін жүйенің маңызды құрылымдық элементтерін (әлеуметтік рөлдерді, институттарды, ұжымдарды) ауыстыру жүзеге асады. Көптеген жүйешелер: экономикалық, саяси құндылықтар жүйесі өздерінің түрлерін өзгертеді.

Т. Парсонс эволюциялық әмбебап ұғымын енгізіп, сол арқылы жаңа күйдегі сапалы жүйе пайда болуын анықтайтын құрылымдарды белгілеген. Әлеуметтік жүйеде ең алдымен төрт әмбебап қалыптасады: қатынастар жүйесі, туыстық жүйе, дін және технология жүйелері. Бұлардан кейін стратификация құрылымы, бюрократия, ақша мен нарық кешендері, демократия бірлестіктері пайда болады.

Т. Парсонс дәлелдеген құрылымдық қайта құру кезеңін немесе жаңа эволюциялық әмбебап кезеңін ТМД елдері, соның ішінде Қазақстан да өз басынан кешіріп отыр. Қоғамның тұтастығын сақтау, бүкіл жүйенің сапасын өзгерту өте ұтымды элементтер мен құрылымдарды құра білуге тікелей байланысты болып отыр. Бұл іске асқанда ғана қоғамның өзгерген жаңа жағдайға тез бейімделу қабілеті артатын болады.

Демек, Т. Парсонстың тұжырымдамаларының практикалық мәні зор. Ол қандай құбылыстар мен процестердің құрылымдық қайта құруларға әкеліп соғатынын, олардың ең маңыздыларын анықтауға мүмкіндік береді.

Қоғамның даму заңдары, түптеп келгенде, қоғамның жаңа сатыға

көтерілуіне, ілгері дамуына ықпал етеді.

145

3. Қоғандық прогресс өлшемдері және қарама-қайшылықтар. Қоғамның қызметі

Бұрынғы ұлы ойшылдар Гессиод пен Сенека, Платон мен Лристорель, Вико мен Руссо, Кондорсэ мен Гегель адамзат тарихының барысын түсіну мақсатында — қоғам деген не, жалпы прогресс деген не? — деген сұрауларға жауап іздеген еді. Олар бұл мәселеде өз заманының шек қоюларына қарамастан данышпандық болжамдар айтқан. К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин «қоғам» және «қоғамдық прогресс» категорияларыша ғылыми тұрғыдан қарауға, олардың мазмұны мен объективтік өлшем белгілерін анықтауға теориялық үлес қосты.

Қоғамдық прогресс ұғымы латынның «прогрессус», яғни алға қарай қозғалыс деген сөзін білдіреді. Қоғамдық прогресс - адамзат қоғамының даму бағыты. Ол адамзат өмірінің барлық жақтарын өзгертеді, соның нәтижесінде адамзат дамуының төменгі сатыдан жоғары сатыға көтерілуі жүзеге асады. Қоғамдық прогресті қалыптастыратын адамның, адамдардың, азаматтың қажеттілігі, мұқтажы болып есептеледі. Қоғам дамуына ықпал еткен қажеттіліктерді екі топқа бөлген: 1) табиғи; 2) адамның әлеуметтік қажеттілігі.

Бірінші топқа, яғни табиғатқа адамның табиғи қажеті арқылы байланысқан қажеттіліктің бәрі жатады. Адам биологиялық тіршілік иесі ретінде өмірін сақтау мен оны жалғастыру үшін өзінің табиғи қажетін қанағаттандырады (оттекке, суға, азық-түлікке, киімге, баспанаға, т.б.). Табиғаты оңды жерлерде адам осы қажеттіліктердің кейбіріне (мысалы, оттекке) еңбек шығынын шығармайды. Басқа қажеттіктерді (суға, тамаққа, киімге, баспанаға) қанағаттандыру еңбек шығынымен, өмірлік игіліктерді өндірумен байланысты болады. Адамның табиғи қажеті шектеулі. Екінші топқа, яғни адамның әлеуметтік қажетіне қалған барлық әлеуметтік және рухани қажеттіліктер (қоғамға, қоғамдық іс-әрекетке, білімге, мәдениетке, т.б.) жатады. Бұлар адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретінде өзін сақтауы, дамуы үшін қажет. Бұл қажеттіліктердің бірде-біреуі қоғамнан тыс, қоғамдық материалдық және рухани өндіріссіз қанағаттандырылмайды. Адамның әлеуметтік қажетінің табиғи қажеттілігінен өзгешелігі сонда оның шегі болмайды, өйткені қоғамдық және интеллектуалдық процесс тоқтамайды, үнемі дамиды, ол да шексіз. Қоғамның дамуы, бір жағынан, адам қажетін қанағаттандыру үшін жаңа құралдар шығарса, екінші жағынан, әлеуметтік қажеттілік адам сұранысының бірін қанағаттандырса да, оның орнына жаңа бір қажеттілік туады.

Жалпы әлеуметтанудың қоғамдық прогресс өлшемі өндіргіш күштер мен өндіріс қатынастары болып табылады. Бірлескен іс-әрекет процесінде

146

адамдар өндірістік қатынасқа түседі. Оның негізіне өндіріс құралдарына деген меншіктілік жатады. Өндіріс қатынастарының жүйесінің қалып-

тасуы негізгі өндіріс құралдарының кімнің меншігінде екендігіне байланысты. Бұл адамның өндіріс жүйесіндегі (иемденуші, басқарушы, өндіруші) және өнімді бөлудегі, айырбастау мен иемденудегі орнын анықтайды. Табыстың негізгі бөлігі өндіріс құралының иесіне тиеді, өндіруші тек жалақы алады. Өндіріс құралдары білімі бар және еңбек дағдылары қалыптасқан адамдармен бірігіп, қоғамның өндіргіш күштерін құрайды. Еңбек құралдарын алғашқы тас шапқыштардан қазіргі компьютерлік техникаға дейін жетілдіру процесі қаншалықты шапшаң жүрсе, адамдардың еңбек дағдыларын жетілдіру де соншалықты қарқынмен дамуда. Нәтижесінде еңбек өнімділігі артып, ол қоғам өмірінің барлық жақтарына, қоғамдық прогреске ықпалын тигізеді. Алайда, өндіргіш күштер мен өндіріс қатынастарының арасында динамикалық қарама-қайшылық та, өзара байланыс та бар. Бұлар - қоғамдық прогрестің қайнар көзі.

Қоғамдық прогресс бір қоғамдық-экономикалық формацияның екіншісі, әлдеқайда жетілгеніне өтуімен де сипатталады. К. Маркс өзінің «Саяси экономияға сын» деген еңбегінде осындай формациялардың архаикалық, экономикалық, коммунистік түрлерін көрсеткен. Тұтас экономикалық қоғамдық формацияға К. Маркс «... азиаттық, антикалық, феодалдық және қазіргі буржуазиялық тәсілдерін» сыйдырған. Алайда, қоғамдық формациялар бірінен екіншісіне автоматты түрде өтпейді. Ол адамдардың, топтардың өз мүдделеріне жету жолындағы әлеуметтік және саяси күрестері немесе реформаларға байланысты жүзеге асады.

Адамгершілік, моральдық нормаларды жетілдіру прогрестің өлшемі болып саналады. Қоғамдық адамгершілікті дамыту - қоғам өмірін барлық жағынан жетілдірудің негізі болып саналады. Қоғамдық прогресті анықтайтын бұлардан басқа да өлшемдер бар.

Солармен қатар, қоғамдық өмірдің барлық құбылыстарының қайнар көзі қарама-қайшылық екені де белгілі, оның негізгі екі типі бар: антагонистік және антагонистік емес қарама-қайшылықтар. Марксизм-ленинизм бойынша антагонистік қарама-қайшылық деп субъектілердің түбегейлі, өмірлік мүдделерінің алшақтығын, мүдделердің соқтығысуын айтады. Мұндай жағдайда өмір сүріп отырған әлеуметтік жүйені сақтап қалу немесе оны жою мәселесі күн тәртібіне қойылады. Ал, антагонистік емес қарама-қайшылықтарға субъектілердің түпкі мүдделері бір болғанымен, мәнсіз мүдделердің алшақтауын жатқызады. Жеке меншік тудырған

1. Маслов Н.К Политическая история СССР: предмет, содержание, задачи. М.: Знание, 1991. С. 23.

147

антагонизмдер капитализмді қоғамдық құрылыс және дүниежүзілік система ретінде де қамтыған. Маркстілдердің пікірі бойынша, капитализмнің: 1) еңбек пен капитал арасындағы; 2) империалистік елдер арасындағы; 3) капиталистік елдер мен дамушы елдер арасындағы қарама-қайшылықтары маңызды болып табылады.

Қазіргі кезде де капиталистік қоғамның ішкі қайшылықтары сақтал-

ған. Соның бірі еңбек пен капитал арасындағы қайшылық. Еңбек пен капитал арасындағы қарама-қайшылық қоғамдық құбылыс ретіндегі капитализмнің қайшылығы болып табылады, барша капиталистік елдерге сай өндірістің қоғамдық сипаты мен оның нәтижесін жеке адамдардың иемденуі арасындағы қарама-қайшылық осы қайшылықтың негізі болып саналады. Оның әрекет етуі ұлттық-мемлекет ішінде болады. Сөйтіп, буржуазиялық қоғам шеңберінде еңбекшілердің капиталға қарсы таптық күресінің алғышарты қалыптасады. Капиталистік қоғамның негізгі қайшылықтарының бірі ғылыми-техникалық революцияның ықпалымен және соның шеңберінде ғаламат өскен өндіргіш күштер мен қоғамдық қатынастардың арасындағы шиеленістен көрінеді. Бұл қайшылық әртүрлі формада: құрылымдық және циклдық дағдарыстардан, жұмыссыздар санының артуынан, т.б. байқалады.

Қазіргі капитализм елдерінің арасындағы қайшылықтардың екі түрі орын алып отыр. Оның біріншісі — бәсекенің негізгі үш орталығы болып отырған АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония арасындағы қайшылықтар, екіншісі, «жалпы рынокқа» енген Батыс Еуропа елдерінің арасындағы қайшылық. Олардың арасында өнім өндіруші рыноктары, капитал жұмсау өрістері, шикізат көздері жолындағы, ғылыми-техникалық прогрестің шешуші салаларындағы басымдық жолындағы бәсекелестіктегі күрес белең алған. Кейін бұлардан басқа да капиталистік жаңа «күштердің орталықтары» көріне бастауы мүмкін. Бұл жағдай қайшылықтар түйінінің одан әрі көбеюіне, олардың өзара тығыз астасып, шиеленісуіне әкеліп соғуы ықтимал. Бұл қайшылықтар капиталистік елдер арасындағы қайшылық болғанымен, мұның өзі сол елдердің экономикалық дамуына, жалпы ішкі қайшылықтарын шешуде елеулі рөл атқарады. Қайшылықтардың жаңа түрі — ұлтаралық корпорациялар мен қоғамдық саяси ұйымдардың формасы болып саналатын ұлттық мемлекет арасындағы қайшылықтар. Ұлтаралық корпорациялар өздеріне пайдалы кезде мемлекеттік-монополистік реттеуді білек сыбана пайдаланады. Ал егер үкімет тарапынан олардың пайдасына зәредей қатер төнсе, үкіметпен аяусыз жанжалға барады. Қазіргі капиталистік қоғамда басқа да бірнеше ішкі қайшылықтар сақталған.

148

Капиталистік елдер мен үшінші елдер арасындағы қайшылықтар капитализмнің дүниежүзілік жүйе ретіндегі ерекше қайшылықтары болып саналады. Бірақ олар капитализмнің барлық сатысында шешуші рөл атқармайтындықтан, бұл жүйенің негізгі қарама-қайшылығы бола алмайды. Олардың рөлі де және салмағы да өзгеріп отырады. Мысалы, метрополиялар мен отар елдер арасындағы қайшылық, егер де бұл жүйе отарлық империялар түрінде сақталса, дүниежүзілік капиталистік жүйенің өткір қайшылығы ретінде шегіне жеткенге дейін өмір сүреді. XX ғасырдың басына дейін солай болды. Олардың күйреуімен, отарлық жүйенің ыдырауымен бұл қайшылықтар метрополиялар мен отарлар арасындағы қарама-қайшылық болудан қалды. Өйткені қазіргі кезде екеуі де бұрышғы күйінде сақталмаған.

Егер де бұрынғы метрополиялар мен бұрынғы отарлар арасындағы қайшылықтар сақталған жағдайда, онда олардың сипаты өзгереді: айталық, бұрынғы метрополия Франция мен бұрынғы отар ретіндегі Вьетнам арасындағы антагонизм АҚШ пен Вьетнам арасындағы антагонизмге қарағанда әлдеқайда төмен. Басқаша айтқанда, аталған қайшылықтар капитализм дамуының жекелеген кезеңіне тән. Бұрынғы отар елдер мен өнеркәсібі дамыған капиталистік елдер арасында экономикалық өркендеу деңгейіне байланысты алшақтық барған сайын терендеп, азат елдердің оларға қарызы 1,3 трлн долларға жетіп, қыспаққа түсіп отыр. Азат елдердің мұндай борышты қайтара алмайтыны да анықталды. Сондықтан капиталистік елдер алдына осы қарыздарды тегін жою мәселесі қойылуда.

Қайшылықтардың тағы бір тобына — өркениеттің өмір сүруіне қатысты ғаламдық ауқымдағы қайшылықтар жатады. Бұлар да кез келген елдің елеуметтік-экономикалық жағдайына қатты әсер етеді. Әңгіме айналдағы ортаның, ауа бассейні мен мұхиттардың ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы, азық-түлік тапшылығы, түрлі аурулардың көбеюі жайында болып отыр. Бұл проблемаларды бір мемлекеттің немесе бір топ мемлекеттің күшімен шешуге болмайды. Мұнда жалпы дүниежүзілік көлемдегі ынтымақтастық, көпшілік елдердің тығыз да сындарлы өзара іс-қимылы керек.

Қоғамдағы әлеуметтік қарама-қайшылықтар көп болғандықтан оларды топтастырып қарастырғанда мынандай топтарды атап айтуға болады: түрлі таптардың, топтардың, жіктердің, қабаттардың, саяси партиялардың, қозғалыстардың және т.б. арасындағы экономикалық, саяси, рухани, өзге де мүдделеріндегі қарама-қайшылықтар; мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы әрекеттен, мүддеден туындаған қарама-қайшылықтар; индивид, тұлға және қоғам арасындағы әрекеттерден, мақсаттардан, мүдделерден пайда болған қарама-қайшылықтар. Осылармен байланысты,

149

индивидуалдық, корпоративтік, аймақтық, мемлекеттік мүдделер қарама-қайшылықтары келіп шығады. Аталмыш қарама-қайшылықтар кез келген үлгідегі қоғамға тән. Әлеуметтанудың міндеті әлеуметтік қарама-қайшылықтардың шығу себептерін, ерекшеліктерін түсіндіру болады. ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстан Республикасында да нарықтық экономикаға көшуге байланысты әлеуметтік қарама-қайшылықтардың бірнеше түрлері қалыптасты, атап айтқанда, әлеуметтік-таптық қарама-қайшылық, мемлекет мүддесі мен халық мүддесі арасындағы қайшылық, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы, т.б. қарама-қайшылықтар.

Қоғамның өмір сүру тәсілі ретінде белгілі бір қызметтерді анықтау керек. Қоғам бірнеше қызметтерді атқарады. Оларсыз ешбір қоғамның, жалпы адамзаттың өмір сүруі тіптен мүмкін емес. Қоғамдық қызмет түрлерін атап айтар болсақ, олар: материалдық игіліктерді өндіру; дүниеге нәресте әкелу және адамды әлеуметтендіру; рухани игіліктерді өндіру және адамдардың белсенділігін зерітеу; еңбек өнімдерін бөлу; мінез-құлық пен қызметті тәртіптеу мен басқару. Бұл қызмет түрлерін жүзеге

асыру үшін керекті институттар және қатынастар қалыптасады.

Қоғамдық өмірдің материалдық игіліктерді өндіруі оның тұтылуы мен мұқтажынан туындаған. Егер адамзат өзі үшін азық-түлік, киім, үй және басқа да материалдық игіліктерді жасап шығармаса, ол өмір сүре алмайды. Адам өзіне қажетті заттардың бәрін табиғаттан даяр күйінде ала алмайды. Табиғаттың беретіндерін ол өндеп, тұтынуға жарамды етуге тиіс. Оларды өндіруде адамдар өзара өндірістік қатынастармен байланыстарға түседі.

Нәрестені дүниеге әкелу биологиялық процесс болуымен қатар, адам күшін өндіру де болып табылады. Адам өндіруді әлеуметтік жағынан алып қарасақ, индивидтің әлеуметтік субъектіге айналғанын айтуға болады. Одан мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасынан туындайтын маңызды әлеуметтік құбылысты, яғни тоталитаризмді байқауға болады. Мұндайда мемлекет бәріне қожалық етіп басқарады, азаматтық қоғам өмірінің кейбір мәселелерін реттеп отыруға тырысады.

Қоғамның рухани өндіріс қызметі адамдардың мінез-құлқы мен қызметін рухани тұрғыда реттеп тұратын құндылықтарды жасаудан көрінеді. Рухани құндылықтарға әр түрлі заттық формалар тән дегенімізбен, олардың мазмұндық ерекшеліктері рухани мәдениетті құрайтын өнер, дін, философия, адамгершілік нормалары түрінде де байқалады. Адамдардың мінез-құлқы мен қызметінде құндылықтар жүйесі үлкен рөл атқарады. Субъект қоршаған ортаны сол қалпында қалыптасқан құндылықтар жүйесі негізінде қабылдайды. Құндылықтар жүйесі адамдардың мінез-құлқын және қызметін реттеуде ерекше рөл атқарады.

150

Рухани құндылықтардың көмегімен реттеп отыру күштеу, зорлаумен емес, дәлелдеуге негізделген. Рухани құндылықтарды өндіру, сонымен қатар, адамның дамуына, оның рухани қажетін қанағаттандыруға да бағытталған. Олар демалыс, көңіл көтеру құралдары болып та қызмет етеді.

Қоғамның келесі бір маңызды қызметі ретінде бірқатар материалдық құндылықтарды, адам ресурстарын (қызмет айырбасы) және рухани құндылықтарды айырбастау қызметін атаған едік. Бұл функцияның іске асу жолы тауар мен тұтыну құны негізінде іске асатын экономикалық айырбастау жатыр. Айырбас пен тұтыну қажеттілігінің пайда болуы қоғамның қалыптасуымен және еңбек бөлінісінің шығуымен байланысты. Бұлар кезегінде әлеуметтік функциялардың одан әрі тереңдеп, жіктелуіне қол жеткізеді. Айырбас пен бөлудің арнайы құралы қаражат механизмі жасалды. Айырбас пен бөлу әр адамның мүддесіне тікелей қатысты, ол өзінің тұтыну деңгейін көтеруге тырысады. Сондықтан еңбек үшін төленетін ақы өндірілген өнімнің саны мен сапасына, еңбек шығынына, әлеуметтік статуска, т.б. байланысты болады. Осыған орай қоғам әлеуметтік әділеттілік принципін басшылыққа алуы тиіс. Демек, қоғамның реттеушілігі де осы мәселеде сақталады.

Мінез-құлықты, қызметті және елді билеу тәртібі қызметін айтқанда,

тәртіптің өзі - мінез-құлық пен қызметте орныққан ережелер мен нормалардың жүзеге асырылуына еркіндік бермей, күш көрсету қаупі болатындығы. Тәртіптеу процесі саяси және құқықтық қатынастарда жүзеге асады. Тәртіптеу функция ретінде әлеуметтік өмірдің барлық саласында орнаған. Сондықтан саяси және құқықтық қатынастар және олардың субъектілері ел шеңберіндегі бүкіл функционалдық құрылымдарды біріктіруші рөлін атқарады. Адамдардың мінез-құлқы мен қызметін тәртіптеу қайдан шықты? Оған екі негізгі жағдай себеп болды. Оның біріншісіне жекелеген индивидтердің кездейсоқ немесе саналы түрде әлеуметтік, функционалдық өзара әрекетті бұзуы, басқа адамдардың өмір жағдайына әр түрлі тәсілдер арқылы теріс ықпал етуі жатады. Екінші себепке әр түрлі топтағы адамдардың өздерінің әлеуметтік мүдделері үшін күресуі саяды. Топтық мүдделер үшін болған орынсыз күрес дағдарыстық күйге әкеліп соқтырады, өндіру мен тұтынуды бұзады. Кез келген қоғамда әлеуметтік мүдделер өте көптүрлі болады, сондықтан олардың арасынан әлеуметтік құрылысты сақтап қалу немесе өзгерту үшін қақтығыстар мен күрестер туындайды. Қоғамның тұрақтылығын сақтауда саяси қатынастар мен саяси жүйе шешуші рөл атқарады. Олар билік пен заңның көмегімен адамдардың мінез-құлқын тәртіпке келтіріп, реттеп отырады. Ол үшін қоғамның әлеуметтік құрылымын білу аса маңызды мәселе.

151

ЖЕТІНШІ ТАҚЫРЫП

ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК

ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ ЖӘНЕ

ӘЛЕУМЕТТІК СТРАТИФИКАЦИЯСЫ

Әлеуметтік стратификация - әлеуметтанудың орталық тақырыбы. Ол қоғамның түрліше әлеуметтік жіктелісін түсіндіреді. Қоғамдық құрылымды біз мәртебелердің жиынтығы арқылы, қоғамдық еңбек бөлінісі арқылы, және т.б. арқылы құрылатынын көрсетуге талпындық. Қарапайым қоғамда мәртебелер саны аз және еңбек бөлінісі деңгейі төмен болады, ал қазіргі замандағы қоғамда — мәртебелер көптеп саналады және еңбек бөлінісін ұйымдастыру деңгейі де әлдеқайда жоғары.

Әлеуметтік құрам әлеуметтік стратификацияға айналады вертикальды тәртіппен орналасқан әлеуметтік жіктердің жиынтығы, дәлірек айтқанда кедейлердің, ауқаттылардың, байлардың жиынтығы.

Адамдар әрдайым қозғалыста болып, өздерінің мәртебесін өзгертіп отырады. Қаржы буржуазиясы жер аристократиясының орнына келіп, оны алмастырды, қазіргі өндірісте біліктілігі шамалы мамандықтарды «ак жағалылар» деп аталатындардың өкілдері — инженерлер, программистер, роботталған кешендердің операторлары ығыстырып шығарды. Соғыстар мен революциялар қоғамның әлеуметтік құрылымын қайта жасап, пирамиданың шыңына кейбіреулерді көтерсе, басқаларын төмендетті. Олар қазір де жүріп жатыр, партиялық элитаны бизнес-элита келіп алмастырды.

Өрлеу мен құлдыраудың арасында белгілі бір асимметрия бар: бәрінің

де көтерілгісі келеді және ешкімнің әлеуметтік сатыда төмендегісі келмейді.

1. Әлеуметтік құрылым және стратификация ұғымдары, олардың негізгі элементтері мен формалары

Қоғам өз ішінде әр түрлі әлеуметтік топтарға, жіктерге және ұлттық қауымдастықтарға бөлінеді. Олардың бәрі өзара бір-біріне объективті түрде дәнекер болатын әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани байланыстар мен қатынастардан құралады. Сонымен бірге, олар тек осы байланыстар мен қатынастар шегінде ғана өмір сүреді және қоғамда өздерін көрсете алады. Бұл болса қоғамның тұтастығына, оның біртұтас әлеуметтік организм ретінде өмір сүруіне себепші болады. Мұның мәнін өздерінің теорияларында О. Конт, Г. Спенсер, К. Маркс, М. Вебер, Т. Парсонс және 152

т.б. әлеуметтанушылар ашып берген еді. Қоғамның әлеуметтік құрылымы - адамдар қауымдастықтарының және әлеуметтік топтарының арасындағы экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани өмір жағдайларының байланыстары мен қатынастарының жиынтығы.

Қоғамның әлеуметтік құрылымының даму негізіне: 1) қоғамның еңбек бөлінісі; 2) өндіріс құрал-жабдықтарына және оның өніміне меншік қатынастары жатады. Қоғамдық еңбек бөлінісі — әлеуметтік топтардың, таптардың, кәсіби топтардың, сонымен бірге қала мен ауыл адамдарынан, ой еңбегі мен дене еңбегі өкілдерінен тұратын үлкен топтардың пайда болып, одан әрі өмір сүрулеріне себепші болды.

Өндіріс құрал-жабдықтарына деген жеке меншіктік қатынастар қоғамның осы ішкі бөліністеріндегі оның экономикасын және ішінара қалыптаса бастаған құрылымды нығайтады. Қоғамдық еңбек бөлінісі де, меншік қатынастары да қоғамның әлеуметтік құрылымы дамуының объективті әлеуметтік-экономикалық алғышарттары болып табылады.

Қоғам өмірінде әр түрлі қызмет түрлерінің пайда болуына, материалдық өндірістің және рухани мәдениеттің дамуларына еңбек бөлінісінің белгілі дәрежеде елеулі ықпал ететінін кезінде Опост Конт, Эмиль Дюркгейм, Питрим Сорокин және т.б. дәлелдеген болатын. Тарихи процестегі қоғамдық еңбек бөлінісінің рөлі жөніндегі кең ауқымды ілім, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік құрылымының дамуы жөніндегі тұжырымдар ретінде марксизмнің әлеуметтік-экономикалық теорияларында да орын алған еді. Марксизм теориясы жеке меншіктің осы процестегі рөлін де ашып берді.

Қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі элементтеріне:

— қоғамдық еңбек бөлінісі, өндіріс құралдарына деген жеке меншіктік қатынастар және қоғамдық өнімді бөлуде соған ортақтасатын әр түрлі таптар жатады. Оларды осылайша түсіндірудің қажеттілігін әр түрлі бағыттың әлеуметтанушылары мойындап отыр:

— қала мен ауыл адамдары;

— ой және дене еңбегінің өкілдері;

■ сословие;

- әлеуметтік-демографиялық топтар (жастар, әйелдер мен еркектер, ағаұрпақ);

■ ұлттық қауымдастықтар (ұлттар, ұлыстар, этникалық топтар).

Жоғарыда аталған әлеуметтік топтар мен ұлттық қауымдастықтар құрамдары бойынша біртектес болғанымен, олар осы әрекет барысында жеке жіктер мен топтарға бөлінеді, бұлар әлеуметтік құрылымның өз алдына әрекет ететін элементтері болып саналады, өйткені басқа субъектілермен өзара қарым-қатынас орнату негізінде әлеуметтік жіктер мен

153 топтар өздеріне тән мүдделерді жүзеге асырады. Сондықтан кез келген қоғамның әлеуметтік құрылымы аса күрделі және тек әлеуметтанушылардың көңіл аударатын тақырыбы ғана емес, оған әлеуметтік басқару ғылымының өкілдері, сонымен бірге саясаткерлер мен мемлекеттік қайраткерлер де назар аударатын мәселе. Қоғамның әлеуметтік құрылымын анықтап алмайынша, оның ішінде қандай әлеуметтік топтардың өмір сүретіндігін және олардың мүдделерінің қандай екендігін, яғни олардың қай бағытта әрекет ететіндігін нақты білмейінше, қоғамдық істерді басқаруда, соның ішінде экономика, әлеуметтік, саясат және рухани өмір салаларында бір қадам да алға басуға болмайтынын ұғынудың маңызы өте зор. Қоғамның әлеуметтік құрылымына қатысты мәселенің маңыздылығы, міне, осында. Оны шешуді әлеуметтік диалектиканы, тарихи және қазіргі қоғамның даму тәжірибесінің деректерін терең түсіну негізінде іске асыру қажет.

Қоғамда өмір сүріп отырған әлеуметтік топтар мен адамдар қауымдастықтарының өзара байланысы статикалық емес, керісінше, динамикалық болып саналады, ол адамдардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мен мүдделерін іске асыру мақсатында туындайтын әрекеттерінен көрінеді. Бұл өзара әрекеттер екі негізгі факторлармен: біріншіден, қоғамның әрбір субъектісінің белгілі бір талабын қанағаттандыруға негізделген қызметтің түрімен; екіншіден, әлеуметтік субъектілердің өз қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру мақсатында пайдаланатын қоғамдық қатынастармен сипатталады.

Бұл жерде қоғамдық қатынастардың әлеуметтік құрылымның өміршендігі қанша уақытқа жалғасатындығы әңгіме арқауы болып отыр және бұл қатынастардың түрлері де өте көп. Кең мағынада алатын болсақ, барлық қоғамдық қатынастарды әлеуметтік, яғни қоғамдық деп ажыратамыз. Тар мағынада қарастырсақ, әлеуметтік қатынастар жүзеге асырып отырған экономикалық, саяси және т.б. қатынастармен бірге ерекшелікті қатынастар да маңызды орын алады. Әлеуметтік ерекшелікті қатынастар субъектілер арасында қалыптасады, сонымен бірге адамдардың қажеттіліктеріне сәйкес еңбек жағдайына, материалдық игіліктерге, тұрмыс пен демалуды жақсартуға, білім алуға және рухани-мәдени байлықтарды игеру барысында еркіндікке жетуге, сонымен қатар медициналық қызмет көрсетуге онды ықпал етіп, оны дамытады және әлеуметтік

камсыздандыруға байланысты жоғарыда аталған әлеуметтік топтар арасында да осы әлеуметтік ерекшелікті қатынастар орнайды. Бұл жерде адамдардың өміршең әлеуметтік саласы деп аталатын саладағы қажеттіліктерді қанағаттандыру — ұдайы өндіруге деген қажеттіліктер және олардың өмірлік күштерінің дамуы, олардың әлеуметтік өзін-өзі көрсетуі,

154

қоғамда олардың өмір сүруі мен дамуының негізгі жағдайларын қамтамасыз ету.

Осы талаптар тұрғысында сол жерде пайда болатын адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастарды одан әрі жетілдіру қоғам өмірінің әлеуметтік саласының тоқғаусыз алға басуының аса маңызды алғышарты болып саналады.

Әлеуметтік құрылымда адамның алатын орнын әлеуметтік теңсіздік те анықтайды.

Айырбас теориясының тұжырымдамасы бойынша адамның атқарған қызметінің нәтижесін әділ бөлмеу процесінен барып теңсіздік пайда болады. Әлеуметтанудың бірқатар классиктері стратификация проблемасын кең көлемде қарастырады. Мысалы, М. Вебер экономикалық белгілермен қатар бұл орайда (адамның жеке меншікке қатынасы және табыс деңгейі) әлеуметтік мәртебе (адам туған кезден бастап қалыптасқан немесе өзі қолдан жасаған статус) мен белгілі бір саяси топтың (партияның) мүшесі болуы белгілерін қолдануды ұсынады. П. Сорокин адамды қандай тапқа (жікке) жатқызуды анықтайтын бірыңғай өлшемдер жиынтығын ұсыну мүмкін емес дей келіп, қоғамда үш: саяси, кәсіптік әрі экономикалық стратификациялық құрылымдардың бар екенін анықтады. Т. Парсонс та адамдарды жіктерге бөлетін белгілердің үш тобын атап көрсетті, оның бірінші тобын адамдар дүниеге келген кезде пайда болатын сипаттар (этникалық тегі, жыныс-жас ерекшеліктері, туыстық байланыстары, т.б.) қалыптастырады; екінші белгілерге адам түйсініп, қабылдайтын, сол арқылы меңгерген әлеуметтік статусы мен соған орай адамның атқаратын рөлі де енеді (әр түрлі кәсіби-еңбек қызметі); үшінші топты «меңгеру» элементтері (жеке меншік, материалдық және рухани құндылықтар, жеңілдіктер, біреудің екінші бір адамнан құқықтық артықшылығы, адамдарды басқару мүмкіндігі және т.б.) құрайды.

Бұл мәселеге баға берер болсақ, оның көп өлшемділікпен ерекшеленетініне қарамастан, ол жөнінде қалыптасқан ортақ ұстанымдарды бір-бірінен бөліп қарастыруға да болады. Әлеуметтік стратификация адамдар арасындағы табиғи және әлеуметтік теңсіздік, бұл олардың иерархиялық сипаттағы әлеуметтік өмірінен байқалады, аталмыш теңсіздікке әр түрлі институттық механизмдер қолдау көрсетеді және оны реттейді, бұған қоса ол әрдайым ұдайы жаңаланып, дамиды және модификацияланады, бұлар кез келген қоғамның өмірін реттейтін жағдай ретінде сипатталады және оның дамуының қайнар көзі болып табылады.

Осы анықтаманың дұрыс екендігіне кез келген қоғамның тіршілік ету тұрғысындағы күнделікті әрекетіне жасалған талдау көз жеткізеді және

адамзаттың ықылым заманнан бергі басынан кешірген стратификация
155

сының тарихи тұрғыда қалыптасқан түрлері (құлдық, каста, сословие, таптар) оны нақты дәлелдейді.

(«Теңсіздік» және «әділетсіздік» ұғымдарын бір-бірінен ажырата білу қажет; Теңсіздікке ең алдымен әлеуметтің тікелей өзі себепші болған және ол қажетті құбылыс; екіншісі - әділетсіздік болса, бұл эгоистік мүдделердің көрінісі. Әділетсіздік - тұрақсыздық арқылы сипатталады. Ол қоғам үшін де, қабаттарға енген нақты адамдар мен топтар үшін де зиянды, өйткені әлеуметтік қатынастарды қалыптасқан нормалардың шегінен асырып жібереді соның нәтижесінде бүкіл қоғам дүрлігеді. Сондықтан кез-келген әділетсіздікке қарсы күрестің өріс алып, күштің қолданылатыны табиғи нәрсе. Эгалитаризмге келсек, бұл — иерархияның антиподы, түптеп келгенде, бұл - миф, себебі табиғатта адамдардың толық, абсолютті теңдігі болған емес және болмайды да. Соған қарамастан экономикалық дағдарыстарды, әлеуметтік тұрақсыздықтардың әрқилы кезеңдерін және әсіресе билік үшін күресте теңдік, әділдік, жеңілдік секілді елді алдауратар мәселелерді бетперде ретінде саяси күштер белсенді пайдалана біледі, сөйтіп, өздерінің мақсаты үшін халықты қанайды. Бұл әрдайым осылай болған, бола да бермек.

Қоғамның әлеуметтік тұрғыда жіктелуін қарастырған кезде ең алдымен бірдей әлеуметтік белгісіне қарап, адамдардың топтары мен қауымдастықтарының бөлінуін жүзеге асыратын бір өлшемді стратификацияны және көптеген ортақ белгілері бар адамдардың тұрақты топтарын, қауымдастықтарын бөле-жаруға мүмкіндік беретін көп өлшемді стратификацияны бір-бірінен ажырата білу керек. Әлеуметтануда осы екі тәсіл де қолданылады, соның нәтижесінде маңыздылығы әрқилы аса мол жіктердің арасынан әлдебір тұрақты әлеуметтік топтар дараланып, анық көзге түсе бастайды, сол әлеуметтік топтарға жататындар бүкіл стратификация жүйесінде ерекше рөл атқарады.

Жалпы адамзаттың стратификация қартасып жасауда бірөлшемді және көпөлшемді стратификация тәсілдерін үйлесімді пайдаланудың үлгісін П. Сорокин көрсетіп берді. Ол социомәдениет дүниесінде ұйымдасқан түрде өзара әрекет ететін диад пен триадтан басталып, империялар мен миллиондаған мүшелері бар бүкіл дүниежүзілік діни бірлестіктермен аяқталатын миллиондаған әр түрлі ұйымдасқан топтардың немесе әлеуметтік жүйелердің өмір сүретіндігін атап көрсетті. Әлеуметтік жүйелердің осы саналуан түрлерінің көпшілігін классификацияның мақсаттарына орай әр түрлі топтастарға бөлуге, топтастыруға болады. Әлеуметтанушыларды ең алдымен уақыт пен кеңістікте алмасып және құжынап жатқан индивидтер, тарихи дамудың барысына ерекше ықпал жасайтын аса майызды басқа да әлеуметтік топтар қызықғырады.

156

П. Сорокиннің көзқарасына сүйенсек, мұндай әлеуметтік топтарға мыналарды жатқызуға болады:

I. Сынаржақты маңызды (бір қатардағы негізгі құндылықтардың маңында құрылған және топтасқан) топтар:

а) биоәлеуметтік: 1 — нәсілдік, 2 — жыныстық, 3 — жас мөлшеріне орай;

б) социомәдени: 4 - ру, 5 - аумақтық-көршілестік, 6 - тілдік, этникалық және ұлттық топтар, 7 — мемлекет, 8 — кәсіби, 9 — экономикалық, 10 - діни, 11- саяси, 12 - идеологиялық топтар (ғылыми, философиялық, этникалық, білімділік, эстетикалық, демалу және сауық-сайран топтары), 13 - элитаның нормалды топтары (кесемдер, данышпандар және тарихи тұлғалар).

II. Көпжақты маңызды топтар (екі немесе одан да көп құндылықтар қатарларының комбинация теңірегіне біріккендер): 1 — отбасы, 2 — клан, 3 — тайпа, 4 - ұлт, 5 — әлеуметтік жүріс-тұрыс немесе сословие (орта ғасырлық ақсүйектер қатарына жататындар; дін басылары; буржуазия, жұмысшылар мен шаруалар), 6 — әлеуметтік тап.

2. Сорокиннің бұл схемасы әлеуметтануда дау тудырмайды және дүниежүзінің стратификация картасының теориялық моделі болып қызмет атқара алады.

Әлеуметтік стратификация нақты бір елдің шеңберін, қоғамның әлеуметтік елшемін және нақты уақыт шеңберін қарастырғанда кебірек байқалады.

Еңбек белінісінің қалыптасуына және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың даму деңгейлеріне байланысты әлеуметтік құрылымдардың тарихи типтері қалыптасты.

Стратификацияның тарихи типтері - құлдық дәуірі, касталар, сословие жабық қоғамды сипаттайды, ал таптар болса, ашық қоғамды айқындайды. Жабық қоғамда теменгі сатыдан жоғарғы сатыға әлеуметтік тұрғыда кетерілуге толық тыйым салынған немесе оған қатаң шектеу қойылған. Ашық қоғамда бір сатыдан екіншісіне етуге ресми түрде ешқандай шек қойылмаған.

Страта — стратификацияның төрт шкаласы бойышша бір-біріне ұқсас объективтік көрсеткіштері бар адамдардың әлеуметтік қабаты (жігі). Стратификация түсінігі латынның *stratum* — қабат, жік, *facio* — жасаймын, істеймін деген ұғымдарын білдіреді. Стратификация ұғымы әлеуметтануға геологиядан ауысқан. Геологияда страта түсінігі — тігінен әр түрлі топырақ жыныстарының орналасу қабатын білдіреді. Страта табысы, білімі, билігі және бет-беделі, мәртебесі бірдей адамдарды бір ортаға, өз төңірегіне біріктіреді.

157

Құлдық — теңсіздігі мүлде шектелген адамдарды құлдыққа салудың экономикалық, әлеуметтік және заңды түрі. Құлдық — тарихи эволюция сатысынан өткен көрініс. Оның екі түрін ажыратып көрсетеді: 1) патриархалдық құлдық. Бұл — құлдықтың ең қарапайым түрі. Құл отбасының ең кіші мүшесінің бүкіл құқығын пайдаланады: қожайынмен бір үйде тұрады, қоғамдық өмірге қатысады, еріктілермен некеге отырады,

қожайынның мүлік-дүниесіне мұрагер бола алады. Құлды өлтіруге тыйым салынды; 2) ал классикалық құлдыққа құлды толық басыбайлылыққа салды: ол жеке тұрды, ештеңеге қатыстырылмады, ештеңеге мұрагер бола алмады, некеге отырмады, отбасы болмады. Оны өлтіруге рұқсат етілді. Құлдың жеке меншігі болмады, бірақ ол қожайынның жеке меншігі деп саналды.

Құлдық кемелденген сатыға жеткенде құл иеленушілік қалыптасты. Құлдықгы стратификацияның тарихи бір типі ретінде қарастырған кезде оның жоғарғы сатысын тілге тиек етіп, алға тартады. Құл иеленушілік құлдардың ең төменгі сатыда тұрған, кез келген құқық пен еріктіліктен айырылған, бір адамның екінші біреудің меншігі болған кезенді сипаттайтын әлеуметтік қатынастардың бірден-бір тарихи түрі. Қоғамдық касталарда, сословиезде, таптарда мұндай жағдай болған емес.

Құл иеленушілік қоғамның әлеуметтік құрылымын құлдар мен құл иеленуші таптардың, сонымен қатар қолөнершілер, саудагерлер, жер иелері, еркін шаруалар, ой еңбегінің өкілдері — ғалымдар, философтар, ақындар, абыздар, мұғалімдер, дәрігерлер және т.б. құрағаны белгілі. Ежелгі Греция мен Ежелгі Римдегі, Шығыстың бірнеше елдеріндегі ғылыми ой мен рухани мәдениеттің дамуының жарқын жақтары еске түсірсек, онда бұл елдердегі халықтардың дамуында интеллигенцияның қаншалықты маңызды рөл атқарғанына көз жеткіземіз. Мұны антикалық дүниенің саяси дамуының жоғары деңгейі және Римнің әйгілі жеке ұстанған құқығы нығайта түсті.

Сонымен қатар, құлдық шаруашылықта әр түрлі мамандықтар мен қызмет түрлерінің болғаны белгілі. Ол: басқарушылар, қазынашылар, бау-бақша өсірушілер, аспазшылар, наубайшылар, кондитерлер, салтанатты шерулерге арналған және жәй аспаптар, киімдер сақталатын қоймаларды меңгерушілер, бекзадалар ұйықтайтын бөлмелердің күтушілері, шаштараздар, жүк тасушылар, монша жағушылар, массажистер, шұға өндірушілер, бояушылар, тоқымашылар, тігіншілер, етікшілер, балташылар, ұсталар, музыканттар, мәнерлеп мәтін оқушылар, әншілер, кеңсе хатшылары, дәрігерлер, құрылысшылар, балгерлер, суретшілер, ерекше мамандығы жоқ басқарушылар да көптеген қызметшілер. Бұл құлдық қоғамға тән жағдай ежелгі құлдық қоғамдағы еңбек бөлінісі мен оның маманданды

рылуының деңгейі жөнінде, олардың кәсіби және әлеуметтік құрылымдары хақында жан-жақты әрі нақты мәліметтер береді.

Касталық құрылыс құл иеленушілік құрылысқа қарағанда бертінде ғана пайда болды және де ол бүкіл әлемге тараған жоқ. Егер де құлдықты әлемнің бүкіл елдері басынан өткізсе (әрине, әр түрлі деңгейде), ал касталық тек Үндістан мен Африканың кейбір елдерінде ғана кездесті. Үндістан касталық қоғамның классикалық үлгісі бола білді. Ол құл иеленушіліктің жойылған кезінде жаңа заманның бірінші ғасырында пайда болды.

Каста деп адамның туғанынан бастап, кейін өзі мүшесі болатын

әлдебір әлеуметтік топты (қабатты) айтады. Адам өз тіршілігінде бір кастадан екіншісіне өте алмаған. Ол үшін тағы да бір рет дүниеге қайта келуі керек еді. Касталық жағдайды үнділіктердің діні бекітті. Оның қағидаларына сүйенсек, адамдар бір өмір емес, бірнеше өмір кешетін көрінеді. Әрбір адам өткен өміріндегі өзінің тұрмыс-тіршілігі, тәртібі қандай болса, соған байланысты дәл соған сай кастаға енеді. Егер де оның жүріс-тұрыс тәртібі жаман болса, екінші рет дүниеге келгенінде адам төменгі кастаға өтуі тиіс және бәрі кейде керісінше болады. Үндістанда төрт негізгі касталар бар: брахмандар (діни адамдар), кшатрилер (жауынгерлер), вайшилер (көпестер), шудралар (жұмысшылар, шаруалар) және шамамен алғанда 5 мыңдай негізгі емес касталар бар. Индустрияландыру барысында касталар енді таптармен ауыстырылды. Үндістанның қалаларында таптар басым болса, деревняларында касталық сипат сақталған.

Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы капитализмге дейінгі дәуірдегі Еуропа елдерінің дамуынан жақсы көрінеді. Ол негізгі таптардың феодалдар мен басыбайлы шаруалардың өзара байланысынан, сонымен қатар сословиелер мен интеллигенцияның әр түрлі топтарынан құралды. Аталмыш таптар қай жерде пайда болмасын қоғамдық еңбек бөлінісінде және әлеуметтік-экономикалық қатынастарда алатын орындарына қарай өзара ерекшеленді. Сонымен, топтардың, таптардың анықтамалары белгілі болды. Ал сословие дегеніміз — бұл да әлеуметтік топтар, олардың қоғамдағы орны әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіндегі жағдайларымен қатар, қалыптасқан дәстүрлерімен және құқықтық актілермен де анықталады. Осылар арқылы мұндай ақсүйек феодалдар және дін басылары сияқты сословиелердің құқықтары, міндеттері және жеңілдіктері анықталды. Феодалдық қоғамның сословиелерге бөлінуінің классикалық үлгісін қалыптастырып, дүниеге әкелген Францияда билік етуші аталған екі тап сословиелермен қатар жеңілдікті пайдалана алмайтын үшінші сословие өмір сүрді, бұған шаруалар,

159

қолөнершілер, көпестер, аяғынан тік басып, енді ғана қалыптасу үстіндегі буржуазия мен пролетариаттың өкілдері енеді. Мұндай сословиелер әлемнің басқа елдерінде де болды.

Ресейдегі дворяндар, дін басылар, шаруалар, көпестер, мешандар сословиелерін атап өткен жөн. Бұлардың арасында дворяндар жетекші орын алды. Бастапқыда дворяндар (XII-XIII ғғ.) орыс княздарыша әскери қызмет көрсететін феодалдық әскери-қызметтік сословиенің бір бөлігі ретінде қалыптасса, XIV ғасырда олар сарай адамдары (дворяндар) ретінде өз қызметтері үшін жеке иелік жерлер ала бастады. Ал XVII ғасырда дворяндар Ресей феодалдарының бұқарасының негізін құрағандықтан олардың мүдделері үшін басыбайлық құқығын енгізген болатын. 1861 жылғы реформадан кейін дворяндардың ұстанымдары қатты әлсіреді, бірақ олар патша өкіметінің басты тірегі болып қала берді. Дворяндық және оның жерге иелік ету құқықтары 1917 жылғы Қазан төңкерісі

барысында жойылды.

Дін басылар, шаруалар мен көпестер сословиелерінің мәні түсінікті. Ал мещан сословиесі 1775 жылы патша жарғысымен пайда болған еді. Оны бұрынғы қала сыртындағы сауда-қолөнер өнеркәсібі орындарының адамдары — қолөнершілер, ұсақ саудагерлер және жеке меншік иелері құрады. Аталмыш жарғы сауда мен өнеркәсіптегі халықты көпестер мен мещандар сословиесі деп екіге бөлді. Мещандар өзін-өзі басқару құқығын алып, іргелес орналасқан мекен-жайларына орай қауымдастықтарға бірікті.

Феодалдық қоғам дамуының соңғы кезеңдерінде буржуазия мен пролетариат пайда болып, қалыптасты. Бұлар жаңа қоғамның әлеуметтік құрылымын, таптық қатынастарды өзгертті.

Тап ұғымы екі мағынада — кең және тар мағынада түсіндіріледі. Өндіріс құралдарын қол астына, меншігіне алған, қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде белгілі бір орынға ие болған және табысқа иелік етудің ерекше тәсілдері арқылы сипатталатын адамдардың үлкен әлеуметтік тобы кең мағынадағы тап деп аталады. Жеке меншіктің пайда болуымен байланысты бір-біріне қарама-қарсы тұрған таптар пайда болды, құлдық қоғамда құлдар мен құл иеленушілер, феодалдық қоғамда басыбайлы шаруалар мен феодалдар (помещиктер), капиталистік қоғамда жұмысшы табы мен буржуазия қалыптасты. Бұл қоғамдарда антагонистік таптар: қанаушы және қаналушы таптар болды. Бұл көзқарасты К. Маркс қағида етіп ұстанды, оны бүгінгі таңдағы көптеген шет елдік әлеуметтанушылар да қолдайды.

* Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. 2-е изд. М.: Политиздат, 1955. Т. 4. С. 425. 160

Қазіргі қоғамдағы бірінен-бірі өзінің табысы, білім деңгейі, билік мөлшері және престижі (дәрежесі) арқылы ерекшеленетін кез келген әлеуметтік қабатты (жікті) тар мағынада тап деп атайды. Бұл көзқарас әсіресе бірқатар шет елдік әлеуметтану ғылымында кең етек алған. Қазіргі қоғамда жоғарыда баяндалған өлшемдер мен белгілерге байланысты қарама-қарсы тұрған бар болғаны екі ғана қабат (жік) бар деуге болмайды, керісінше бірінің орнын екіншісі басатын бірнеше қабаттар бар, оларды таптар дейді. Тар мағынаға сәйкес қарастырсақ, құл иеленушілік, феодалдық қоғамдарда таптар болған емес. Таптар тек капиталистік қоғамда, яғни жабық қоғамнан ашық қоғамға өту кезінде пайда болды. Қазіргі қоғамда өндіріс құралдарына деген жеке меншіктілік аса зор рөл атқарғанымен, оның маңыздылығы бірте-бірте төмендеп келеді. Индивидуалдық және отбасылық капитализм дәуірі келмесе кетіп барады. XX ғасырда ұжымдық капитал үстемдік етті. Бір кәсіпорынның акциясын жүздеген, мыңдаған адам иеленеді. АҚШ-та 50 млн. аса акционерлер бар. Жеке меншіктілік сондай қаптаған акционерлер арасында бөліске түскенімен, түйінді әрі маңызды шешімді қабылдау мүмкіндігіне акциялардың бақылау пакеттерін ұстағандар ғана ие бола алады. Ал бұларға көбінесе жоғарғы сатыда тұрған менеджерлер, яғни компаниялардың президенттері мен директор-

лары, басқару кеңестерінің төрағалары жатады. Менеджерлер жігі дәстүрлі жеке меншікке ие таптарды ығыстырып, біртіндеп алдыңғы қатарға шықты.

Алайда, тап ұғымының анахронизм деп санала қоймаған кезеңі болған еді. Керісінше, таптың пайда болуы жаңа тарихи дәуірдің өзгеше екендігін дәлелдеп көрсетті. Бұл XVIII ғасырдың соңында пайда болды да, жаңа тарихи күш — буржуазияның үні басымырақ шыға бастады. Ол дворян сословиесін екінші қатарға ығыстырып тастады. Буржуазияның тарих аренасына шығуы бүгінгі менеджерлердің сахнаға шығуындай қоғамға революциялық тұрғыда ықпал етті.

Капиталистік қоғам, әсіресе оның қазіргі түрі, өзіндік күрделі әлеуметтік құрылымнан тұрады. Оның әлеуметтік құрылымының шеңберінде ең алдымен әр түрлі буржуазия топтары, орта тап және жұмысшылар деп аталатындар өзара әрекетке түседі. Бұл таптардың қоғамда бар екендігін капиталистік елдердің жалпы әлеуметтанушылары, саясаткерлері және мемлекет қайраткерлері мойындайды, бірақ олардың кейбіреулері таптарды түсінуде, олардың арасындағы шекараларды болдырмауға, оны алып тастауға, т.б. әр түрлі әрекеттер жасауды ұсынады.

Әсіресе буржуазиялық қоғамның орта табы жөнінде ерекше көп әңгімелер қозғалды. Оны өзіндік ұқсастықтар арқылы сипаттайды. Оның құрамына өздерінің табыс деңгейлері бойынша ұсақ және орташа

161
кәсіпкерлер, фермерлер, саудагерлер, жоғары жалақылы жұмысшылар мен қызметкерлер, кәсіпорын, фирма, офис иелері, жеке істермен айналысатындар, ғалымдар, дін адамдары, дәрігерлер, адвокаттар, орта менеджерлер, ұсақ буржуазия өкілдері енгізілген. Индустриалды тұрғыда да дамыған капиталистік елдерде халықтың орташа табыс деңгейін есепке ала отырып, олардың көпшілігін ортаңғы тапқа жатқызады. Мұндай тұрғыдан қараудың құқысы да, оның өзіндік логикасы да бар, өйткені ірі буржуазия мен жұмысшылардың көпшілігі ортаңғы тап құрамына енгізілген.

Ортаңғы тап дүниежүзілік тарихтағы бірегей құбылыс. Ол адамзат баласының бүкіл тарихында бұрын болған емес. Ортаңғы тап XX ғасырда пайда болды. Қоғамдағы ерекшелік қызметін атқарады. Ол — қоғамның тұрақтылығын сақтаушы. Олардың саны көбейген сайын, қоғамдағы революциялық ой-пиғыл ауқымы да соншалықты азаяды, ұлтаралық шиеленістердің, әлеуметтік катаклизмалардың болу мүмкіндігі де мүлде кемиді. Бұл тап өз тағдырын өз қолымен жасап, қалыптастыратындардан, соған орай қоғамдық құрылысты сақтап қалуға ынталы адамдардан құралады. Ортаңғы тап қарама-қарсы тұрған екі тапты — кедейлер мен байларды бір-бірінен аластатып, олардың қақтығысуына жол бермейді. Ортаңғы тап неғұрлым үзілуге таяу тұрса, солқылдақ болса, стратификацияда қарама-қарсы тұрғандар соғұрлым бір-біріне жақындаса түседі, олардың қақтығысқа баруының ықтималдығы артады және керісінше де болады. Ортаңғы тап шағын және орта бизнестің бірден-бір тұтынушы

рыногі болып саналады. Бұл тап неғұрлым көп болған сайын шағын бизнесте соғұрлым аяғын тік басып, өркендеп дамиды. Әдетте экономикалық тұрғыда басқаларға тәуелділер орта таптың құрамына кіреді. Бұлар қоғамның әлеуметтік жотасы, арқасы.

Буржуазиялық қоғамдағы таптар жөнінде бұлардан басқа да көзқарастар қалыптасқан. Мысалы, АҚШ-тың таптары жөнінде әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Біреулер онда жеті тап бар десе, екіншілері - алтау, үшіншілері — бесеу, тағы да сол сияқты сандары әркелкі әлеуметтік таптар бар дейді. АҚШ-тың таптарының XIX ғасырдың 40-шы жылдарында алғаш рет бір үлгіге түсірген американдық әлеуметтанушы Ллойд Уорнер болды. Оның пікірінше, АҚШ қоғамы: жоғарғының-жоғарғы табы болды, «бұған ескі отбасылары» деп аталатындарды жатқызды, өйткені ондай отбасылардың құрамы бизнесмендер мен кәсіби мамандар деп аталғандар еді; материалдық деңгейі жоғарғының-жоғарғы табынан кем түспейтін, бірақ ескі рулық отбасыларының құрамына кірмейтіндерді төменгі-жоғарғы тап деп атады; жоғарғы екі таптан шыққандарға қарағанда материалдық жағдайы төмендеу, алайда қаланың қоғамдық өміріне

162
белсене араласқан жеке меншік иелері мен кәсіби мамандарды жоғарғы-орта тапқа жатқызды; төменгі орта тапқа дәрежелері төмен қызметкерлер мен білікті жұмысшылар кірді; жоғарғы-төменгі тапқа жергілікті фабрикаларда жұмыс істейтін, салыстырмалы түрде ауқатты өмір сүргенімен біліктілігі аз жұмысшылар енді. «Әлеуметтік түп» деп аталатындар — жертөлелерде, шатырдың астында, қаланың лас, шеткері, қараңғы түпкірлерінде, т.б. өмір сүруге қолайсыз жерлерде тұратындар болды. Бұлар ең төменгі тап деп аталды.

«Жоғарғы-жоғарғы тап» ұғымы — жоғарғы таптың жоғарғы қабаты деген мағынаны берді. Ал қалған екі құрамды сөздің біріншісі — қабатты немесе жікті білдірді, екіншісі — сол жіктің енген табын көрсетті. «Жоғарғы-төменгі тап» ұғымын кейде сол қалпында да айта береді, ал кейде осы ұғым арқылы жұмысшы табын белгілейді. Орталық таптың өзіне қатысты жіктері мен қабаттарына орай жұмысшы табынан бірқатар айырмашылықтары да болады. Алайда, жұмысшы табының да жұмыс істемейтіндер, жұмыссыздар, үйлері жоқтар, қайыршылар және т.б. секілді төменгі тапқа қарағанда өзіндік өзгешеліктері бар. Әдетте біліктілігі жоғары жұмысшыларды қатардағы жұмысшы табына жатқызбай, орталық таптың санатына енгізеді, бірақ олар біліктілігі мардымсыз ой еңбегінің қызметкерлері мен орта таптың төменгі қабатына жатады. Басқа да варианттары болуы мүмкін: мәселен, жұмысшыларды орта тапқа қоспайды, бірақ оның екі жігін де жалпы жұмысшы табының қатарында қалдырады. Ал маман болса орта таптың келесі қабатына енеді, «маман» ұғымының өзі — кем дегенде адамның колледж көлемінде білімінің болуын талап етеді. Орта таптың жоғарғы қабатын негізінен «кәсібилер» (профессионалдар) толтырады. Шет елдерде әдетте университеттік білімі және үлкен практикалық тәжірибесі бар, өз саласында үлкен шеберлігімен ерекше-

ленетін, шығармашылық еңбекпен айналысатын және өзінің ісі бар адамдарды кәсібилер деп айтады. Бұлар заңгерлер, дәрігерлер, ғалымдар, оқытушылар және т.б. Олардың кәсіби деген атаққа ие болуының өзі өте құрмет болып саналады. Бұл түсіндірмелер буржуазиялық қоғамның таптарын олардың қоғамдық еңбек бөлінісі мен өндіріс құралдарына жеке-меншіктік қатынастар жүйесіндегі алатын орнына сай бағалайды.

Капиталистік қоғамның экономикасы мен әлеуметтік-саяси саласында монополистік буржуазия жетекші рөлді атқарады, соның ішінде тек өз елдерінде ғана емес, басқа, бөтен елдерде де экономиканың негізгі салаларыш монополиялап, ірі трансұлттық корпорациялар құрған ірі өнеркәсіпшілер, бизнесмендер, банкирлер көптеп кездеседі. Буржуазия мен

Кравченко А. И. Социология. Екатеринбург: Деловая книга, 1998. С. 224. 163

жұмысшы табының арасындағы қатынас бұрынғысынша капиталистік қоғамның әлеуметтік құрылымының басты буыны болып қалды. Сонымен қатар, онда ірі жер иелері латифундистер мен шаруалар таптары, соның ішінде фермерлер де бар. Өздері пайдаланатын жалдамалы жұмысшы күштерінің санына және табыс деңгейіне байланысты фермерлер біршама ауқатты өмір сүретін шаруалар ретінде немесе ұсақ және орташа дәулет иесінің өкілі ретінде ғана емес, кейде тіпті ірі ауылшаруашылық буржуазиясы ретінде де алға шықты. Қалай дегенмен де, интеллигенция аса маңызды рөл атқарады. Соның ішінде ғылыми-техникалық, гуманитарлық (мұғалімдер, дәрігерлер, заңгерлер, т.б.), шығармашылық (жазушылар, суретшілер, сазгерлер және басқалары), солармен қатар мемлекеттік қызмет сатысында еңбек етуші интеллигенция ерекше мәртебеге ие болады.

Орталық, Шығыс Еуропа мен Азия елдерінің социалистік қоғам құру жөніндегі тәжірибесі олардың әлеуметтік құрылымын дамыудың негізгі бағыттарын, оң немесе теріс жақтары көрсетіп берді. Жұмысшы табы, кооперативтелген шаруалар, интеллигенция, осы елдердің кейбіреулерінде, дәлірек айтсақ, Польша мен Қытайда әлі де сақталып қалған жеке кәсіпкерлер жігі, сонымен қатар кәсіби және демографиялық топтар және ұлттық қауымдастықтар осылардың негізгі элементтеріне жатады. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың бұрмалануына байланысты қоғамның әлеуметтік құрылымы да бұрмалауға ұшырады. Бұл әсіресе, ең алдымен қала мен ауылдың әлеуметтік топтарының арасындағы қатынастарға қатысты болды, соның ішінде өнеркәсіптің жұмысшы табы мен шаруалардың арасындағы қатынастар бұрмаланды.

Күштеп ұжымдастыру, сайып келгенде, шаруалардың іскер топтары мен өнім өндірушілердің үлкен бөлігін құртып жіберді, ал өнеркәсіп өнімдерін ауылшаруашылық өнімдеріне эквивалентсіз айырбастау село халқының, соның ішінде колхозшылардың, совхоз жұмысшылары мен қызметкерлерінің және ауыл интеллигенциясының өмірі мен тұрмыс жағдайын нашарлатуға әкеп соқты. Сол елдерде орнығып қалыптасқан тоталитарлық жүйе негізінен алғанда интеллигенцияға білікті, білімді топ емес,

керісінше, жұмысшылар мен колхозшылардың мүддесіне сай қызмет атқаратын жік ретінде қарады, олардың жеке мүдделерімен шамалап қана санасты, кейде интеллигенцияға ашық түрде құрмет көрсетілгенімен, оның озық ойлы өкілдерін өз мақсаттарын жүзеге асырту құралы ретінде пайдаланды, соған мәжбүр етті. Осының бәрі интеллигенцияның өркендеп, дамуын тежеді, оған зор кедергі келтірді. Жоғарғы сатыдағы басқарушы орындарда отырған бюрократиялық топ жұмысшылардың атынан өз диктатурасын жүзеге асырғандықтан осыған байланысты жұмысшы табы да жағдайдың қожасы бола алмады.

164

Бүкіл қоғам сол кезде қалыптасқан әкімшілік-бюрократиялық жүйеге және чиновниктердің үлкен аппаратына бағындырылды, бұл дегеніміз қоғамның барлық әлеуметтік жіктерін өздерінің экономикалық және саяси мүдделеріне қызмет етуге мәжбүр еткізуі еді. 80-ші жылдардың ортасында бірнеше социалистік елдерде басталған қоғамдық қатынастарды қайта құру жөніндегі қозғалысты алғашқыда қоғамның көптеген жіктері бар ынта-жігерлерімен қолдады, өйткені қоғамдық қатынастарды қайта құру әлеуметтік құрылымның дамуында орын алып келген бұрмалауды барлық әлеуметтік топтар арасында гармониялық қатынастар орнату жолымен, олардың қажеттіліктері мен мүдделерін толық және әділ қанағаттандыру арқылы жоюды өзінің мақсаты деп жариялады.

Жоғарыда айтылғандай, кез келген қоғамның әлеуметтік құрылымы аса күрделі түзілім болып саналады. Қазіргі ғылыми-техникалық төңкеріс дәуірінде және бірнеше рет күрделеніп, жаңарған қоғамдық өмірде әр түрлі таптар, сословиелер, интеллигенциялар секілді, олардан өзге де топтардың жастар мен әйелдердің, басқа да демографиялық топтардың рөлі үнемі арта бастады, бұлар да қоғамдағы өздерінің жағдайын жақсартуға, мүдделерін толық қанағаттандырып, жүзеге асыруға тырысуда. Қазіргі кезде ұлттық қатынастардың өткір мәселеге айналып отырғаны белгілі. Қоғамды жаңалау жағдайында әрбір ұлт пен ұлыс өзінің экономикалық, саяси және рухани мүдделерін іске асыруға тырысады.

Қоғамның әлеуметтік құрылымын оның келесі бір қырынан талдауға да болады. Бұл жерде негізгі әңгіме, біріншіден, қоғамның әлеуметтік құрылымында объективті түрде қалыптасатын, яғни, түптеп келгенде, адамдардың санасы мен еркінен тәуелсіз түрде орнығатын; екіншіден, тарихи процеске қатысушылардың өздерінің саналы және ұйымдастырушылық қызметтерінің барысында қалыптасатын үлкен және кіші (шағын) әлеуметтік топтардың бөлінуі жөнінде болып отыр. Оның біріншісіне жоғарыда сипатталған әлеуметтік топтарды, соның ішінде таптарды, сословиелерді, кәсіби, демографиялық, сондай-ақ ұлттық қауымдастықтарды жатқызуға болады. Екіншісіне саяси партиялар, кәсіподақтар мен жастар ұйымдары, ғылыми қоғамдар, өздерінің мүдделеріне орай клубтар, тіпті жора-жолдастардан құралатын топтар жатады. Осы әлеуметтік топтар мен ұйымдардың арасынан формальды емес ұйымдарды бөле-жара

атап өтуге болады. Формальды ұйымдар көбіне-көп өздері қабылдаған жарғылар мен бағдарламалар (айталық, саяси партиялардың) негізінде әрекет етеді, бұлардың өздерінің тұрақты бағыттаушы және жетекші органдары бар. Формальды емес ұйымдарда бұлардың бірде-біреуі болмайды және олардың әрекеті негізінен жеке қарым-қатынастар мен

жиналыстар, конференциялар, митингтер, бұқаралық қозғалыстар ұйымдастыру әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Формальды емес ұйымдар белгілі бір мақсаттарға — ағымдағы және ұзақ мерзімдік мақсаттарға жету үшін құрылады.

Батыс әлеуметтануында өздерінің атқаратын қызметтері мен әлеуметтік рөлдеріне байланысты бір-бірімен ортақтасқан функционалдық топтар ерекше дараланып, бөлек қарастырылады. Бұл жерде саясат, экономика және рухани қызмет саласындағы кәсіби топтар, әр түрлі білікті адамдар құайтын топтар, өздері тіршілік ететін ортада белгілі бір әлеуметтік мән-мағынаға ие болып отырған кәсіпкерлер, жұмысшылар, қызметкерлер, интеллигенция өкілдерінің топтары, қала мен село тұғындарының топыры, сонымен қатар әлеуметтік-демографиялық топтар әңгіме арқауына айналып отыр. Әр түрлі әлеуметтік топтардың функционалдық қызметін оған әлеуметтану тұрғысынан зор мән беріп, зерттеуді алғаш бастаған Э. Дюркгейм еді, бұл жұмысты кейін оның Еуропамен АҚШ-тағы ізбасарлары одан әрі жалғастырды. Әсіресе Америка әлеуметтанушылары Т. Парсонстың, Р. Мертонның және қазіргі әлеуметтанудың құрылымдық-функционалдық талдауларын жасаған басқа да өкілдерінің еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Көптеген әлеуметтанушылар өздерінің білімдері мен күш-жігерлерін кіші (шағын) топтар деп аталатын топтарды зерттеуге бағыттаған еді, Кіші топтар азын-аулақ адамдар арасында тығыз қарым-қатынастар орнату негізінде біршама тұрақталып қалыптасады немесе қайсыбір үлкен әлеуметтік топтың ыдырау салдарынан пайда болады. Көбінесе осы екі процесс бір мезгілде жүреді. Кейде қайсыбір үлкен әлеуметтік топ шеңберінде бірнеше кіші топтар пайда болып, әрекет етуі мүмкін. Кіші топтардағы адамдардың саны екіден онға дейін жетеді, одан артық болуы сирек кездеседі. Әлеуметтанушылар кіші топтардың оптималды көлемін жеті адаммен өлшейді немесе одан екі адам артық, яки сонша адам аз болады дейді. Мұндай топтарда оған енген адамдардың әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастары жақсы сақталады, мұндай қарым-қатынастар олардың өмірі мен қызметінің мәнді сәттерінің көп болуына ықпал етеді. Кіші топтарды жора-жолдастардың, таныстардың, кәсіби мүдделері арқылы байланысқан, заводта, ғылыми мекемеде, театрда, т.б. жұмыс істейтін адамдардың топтары құра алады. Өндірістік қызметтерін атқара отырып, олар психологиялық жағынан үйлесімділікке қол жеткізеді және қайсыбір мәселеде ортақ мүдделіктері арқылы ерекшеленетін бір-бірімен өзара тұлғалық тұрғыда қарым-қатынастар орнатады.

Мұндай топтар құнды бағыт-бағдарларды қалыптастыруда, өз өкіл-

дерінің жүріс-тұрыс тәртібін сақтауы мен қызметтерінің дұрыс арнаға
166

бағытталуын анықтауда үлкен рөл атқарады, Мұндағы олардың рөлі үлкен әлеуметтік топтардың немесе бұқаралық ақпарат құралдарының рөлдерінен әлдеқайда зор болады. Сөйтіп, олар тұлғаға ықпал ете алатын, әлеуметтанушылардың назарынан тыс қалуға тиісті емес ерекшелікті әлеуметтік ортаны құрайды. Кіші топтардағы адамдардың өзара әрекетін зерттеу арқылы, әлеуметтанушы олардың жүріс-тұрыс тәртібінің және қызметінің көптеген нақты себептерін анықтайды.

Кіші әлеуметтік топтарды зерттеуде Американың әлеуметтанушылары Э. Мэйо, Дж. Хоманс, Дж. Морено және басқалары үлкен рөл атқарып, елеулі жұмыстар тындырды. Орыстың көрнекті педагогі А. С. Макаренко жасөспірімдер мен бозбалалардан құралған кіші топтардың өз құрбы-құрдастарын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарғандығын атап көрсетті. Соңғы жылдары кіші топтарды саралап, сараптауға әлеуметтанушылар көбірек көңіл аударып келеді. Стратификация теориясының құрамды бөлігі — әлеуметтік мобильдік. Енді соған тоқталайық.

2. Әлеуметтік мобильдік.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымы дамуының мәселелері

Кез-келген қоғамдағы адамдардың топтары әлдебір өзгерістерге ұшырамайды деп қарастыруға әсте болмайды. Оларды үнемі қозғалыста болатын және бірінің орнын екіншісі басып, алмасып тұратын адамдар топтары ретінде қарастыру керек. Бұл ауыспалықтарды әлеуметтануда «әлеуметтік мобильдік» деп атайды.» Әлеуметтік мобильдік — қоғамның әлеуметтік теориясының ажырамас бөлігі. Сондықтан ол әлеуметтік стратификациямен тығыз байланыста, өзара әрекет ету үстінде қарастырылады. Әлеуметтік мобильдік дегеніміз — адамдардың бір әлеуметтік топтардан немесе қабаттардан екіншісіне, басқасына қарай жылжуы, соған өтуі.

Әлеуметтік мобильдік категориясын әлеуметтануға тұңғыш енгізген П. Сорокин еді. Ол әлеуметтік мобильдікті горизонтальды және вертикальды деп екіге бөлді. Мысалы, горизонтальды мобильдікке қалалық қабаттан ауылдық қабатқа немесе керісінше өту процесі жатады. Халықтың әлеуметтік мобильдігіне қаладағы немесе ауылдық жердегі өмір жағдайларының өзгеруі, адамдардың жаңа мамандық алуы немесе қызмет түрін өзгертуі сияқты жағдайлар ықпал етеді. Осылар қоғамның әлеуметтік құрылымдарының өмір сүруінің маңызды сәттері болып саналады. Ал қайсыбір мамандықтың басқаларға қарағанда артық екендігі жөнінде қоғамда қалыптасқан пікірдің өзгерістерге ұшырауы және соның салдарынан әр түрлі топтардағы адамдардың кәсіби мүдделеріндегі болатын
167

өзгерістер вертикальды мобильдіктің күшею себептерінің қатарына тады. Мысалы, көптеген адамдар кәсіпкерлікке, саяси және ғылыми

қызметке қызығушылықтанытады, ал қазіргі танда бұған керісінше ауыл шаруашылығындағы жұмыспен айналысуға қызығушылық әлдеқайда азая түсті. Дәл осы жағдай қазіргі кезде басқа да көптеген елдерде байқалады.

Еңбектің сипаты мен мазмұнына және сол саладағы тұрмыс пен өмір жағдайларына қызығушылық, «елу жылда ел жаңа» дегендей, ұрпақтың жаңғыруына орай өзгеріске түседі, ал кейде бұл процесс адамдардың бір ұрпағы екіншісімен алмаспай жатып іске асуы мүмкін, ондай көрініс өмірде жиі байқалады. Соның нәтижесінде адамдардың бір кәсіби және әлеуметтік жіктен екіншісіне өту процесі қарқынды жүреді.

Вертикальды әлеуметтік мобильдікте индивидтің жоғарғы қабатқа өтуі өршең әлеуметтік мобильдік деп аталады. Себебі мұнда қызметі, лауазымы артады, т.б. өзгерістер болады. Ал бұған керісінше, төмен қарай қозғалу индивидтің әлеуметтік құлдырау мобильдігін сипаттайды, бұл дегеніміз оның статустарын жоғалтуын, деградацияға ұшырауын, банкротқа отыруын, идеяларының күйреуін айқындайды.

Адамдардың және басқа да объектілердің әлеуметтік тұрғыда бірінің орнын екіншісі басып, ауысып тұруы жеке тұлғалар тұрпатында да және бірлесе, ұйымдасқан түрде де жүзеге асатын болғандықтан әлеуметтік мобильдікті индивидуалдық және ұжымдық деп те бөлуге болады. Индивидтің стратификация жүйесіндегі орнының өзгеруі үш негізгі факторлардың ықпал етуі арқылы жүзеге асуы мүмкін: а) вертикальды және горизонтальды мобильдік; б) әлеуметтік құрылымды қайта құру; в) стратификацияның жаңа жүйесін енгізу. Вертикальды және горизонтальды түрды ауысу әрдайым тұрақты әрекет етеді және көбінесе индивидке қатысты дүниелердің сипаттарын айқындайды. Қоғамның құрылымы өзгерістерге ұшырай бермейді, оның өзгеруі әдетте өнеркәсіпте, ауылшаруашылығында, тұрмыстық қызмет көрсету салаларында осы бағыттағы жаңа салалардың пайда болуы арқылы, яғни адамның жаңа мамандықты, кәсіпті меңгеруіне және т.б. байланысты жүзеге асады. Ал үшінші фактор бұл өте сирек кездесетін және өте күрделі құбылыс.

Ұжымдық әлеуметтік мобильдік стратификациялық құрылымға үлкен өзгерістер енгізеді. Горизонтальдық бағытта, әсіресе вертикаль бағыты бойынша жаппай ауыспалықтардың орын алуы бірнеше себептер арқылы: біріншіден, экономикадағы ұйымдастыру, ынталандыру және бағыт-бағдар беру мақсатында жүргізілген құрылымдық қайта құру процесіне орай өзара байланысқан экономика саласындағы терең өзгерістер; екіншіден, осы қайта құруларды басқаратын тұлға ретіндегі белгілі бір

168

топтардың пайда болуы; үшіншіден, идеологиялық бағып-бағдарлардың, құндылықтар мен нормалар жүйесінің, саяси басымдылықтардың алма-сыз ауысуы арқылы бір-бірімен байланысады. Халықтың көңіл-күйіндегі, ұстанған бағыт-бағдарындағы және күнделікті қажеттілігін өтеу ба-рысында болып тұратын өзгерістерді дер кезінде дәл тауып, дөп басу саяси күштердің ұжымдасқан түрде жоғары қарай көтерілуіне ықпал

етеді. Қаншалықты қиын болғанымен, алайда өмірдің өзі қажетсініп отырған саяси элитаның ауысуы қалыптасқан стратификацияның бүкіл жүйесін, оның негіздерін қайта құрады да, билік жүргізуші шешуші әлеуметтік қызметтерге өздерін жақтап-қолдаушыларды тағайындауды жүзеге асырады.

Әлеуметтік мобильділікті зерттеу ғалымдармен қатар мемлекеттік қызметкерлерді де енжар қалдырмайды, солар үшін де аса маңызды. Әлеуметтік сатылардан өтудің нақты көрінісін, бет-бейнесін, олардың себептері мен ұстанған негізгі бағыттарын толығырақ білу қажет, сонда ғана қоғам бұл процестерді белгілі бір дәрежеде өзінің бақылауына ала алады, сөйтіп, әлеуметтік динамиканы сақтау мүддесімен қатар, қоғамның тұрақтылығын орнықтыру және адамдардың өмірін жақсарту мақсатында оларға саналы түрде ықпал етеді.

Әлеуметтік құрылым мен әлеуметтік мобильділік мәселесі азаматтық қоғам проблемасымен тікелей байланысты. Бұл проблеманы тұңғыш рет XVIII ғасырдағы Еуропа ойшылдары көтерген болатын, ал кейінірек бұл мәселені Гегель терең әрі жан-жақты қарастырды. Ол азаматтық қоғам мен мемлекет ұғымдарын бір-бірінен бөліп қарастырды, жеке қажеттіліктер мен мүдделерді іске асыру саласында адамзат қоғамын мемлекеттік жүйемен тәуелсіздік тұрғысында салыстыра сипаттады.

Азаматтық қоғам, Гегелдің пікірі бойынша, жеке меншік пен адамдардың жаппай формальды түрдегі теңдігі негізінде жүзеге асатын субъектілердің қажеттіліктері мен мүдделерінің өзара әрекеті ретінде алға шықты. Басқаша айтсақ, азаматтық қоғам жеке меншік пен құқыққа арқа сүйеген қоғамдық қатынастар жүйесі ретінде түсіндірілді. Бұл жерде жеке меншік пен құқық институттары өздерінің дамуында ауқымды, кең көлемді кеңістік алған буржуазиялық қоғамның қалыптасуы әңгіме арқауы болып отыр.

Жеке меншікті қатынастарды, азаматтық құқық пен бостандықты одан әрі дамытушы, алға апарушы адам және азамат мәселесін Гегель алдыңғы қатарға шығарып, бірінші кезекке қойды. Оның көзқарасы бойынша, меншік пен тұлға азаматтық қоғамда заң мен оның маңыздылықтарын мойындатуға итермелейді, ал құқық заңның жалпы маңыздылығы

169

болуы тиіс. Гегелдің құқықтық жалпымаңыздылық идеясы шындығында да құқықтық мемлекет құру жөніндегі идея еді. Бұл жерде Гегель өндіріс құралдарынан және сол арқылы өндірілген өнімдерден жеке меншіктің жан-жақты көрініс табуының негізінде дамыған буржуазиялық мемлекетті мысалға алып отыр. Бұл қоғамдағы жеке меншік иелерінің қолындағы өндіріс құралдары мен өндірілген өнімдер заң арқылы, бүкіл құқық жүйесін қолдану мен сақтау арқылы қорғалады. Азаматтық қоғамның негізгі элементтері ретінде Гегель: 1) әлеуметтік қажеттіліктер жүйесін және оларды субъектілерін; 2) әділ сотты; 3) әділ сот заңдары мен актілерін күнделікті өмірде жүзеге асыратын полиция мен корпорация-

ларды атаған.

Азаматтық қоғамда ең алдымен кімдердің мүддесі қорғалып, жүзеге асырылуы тиіс? Бұл сұраққа жауап бере келіп, Гегель, біріншіден, заң алдында құқықтары, азаматтықтары тең әрбір тұлғаның мүдделері, екіншіден, негізгі сословиелердің: жер иелерінің (бұған дворяндар мен шаруаларды жатқызды); өнеркәсіп сословиесінің: фабрика иелері, қол-өнершілер, саудагерлердің; бәріне де қатысты деп аталатын сословиенің: чиновниктердің мүдделерінің қорғалатынын жазды. Бұдан Гегельдің азаматтық қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси саланың өзара байланысты болғанын, субъектілердің әлеуметтік қажеттіліктері мен мүдделерінің, жеке меншік пен құқықтың өзара әрекет еткенін нақты мәселе ретінде ұсынып, оны ғылыми тұрғыда дәлелдеп шешкені байқалады. "Бұның бәрі азаматтық қоғам проблемасын түсіну мен қазіргі таңдағы жағдайларға орай осы мәселені дұрыс шешудің аса маңызды екендігін айғақтап отыр.

Азаматтық қоғам жөнінде кезінде К. Маркс те жазған болатын. Ол азаматтық қоғамды - тарихи процестің негізгі мазмұнын құрайтын қоғамдық қатынастардың өзекті саласы болып табылады деп санады. Сонымен қатар ол «азаматтық қоғамның анатомиясын саяси экономиядан іздеу керек» деп жазды. Бұл кездейсоқтық емес еді. Өйткені марксизмнің логикасы бойынша адамдардың әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласы - қоғамдық өмірдің ең басты әрі, бүкіл басқа салаларды анықтайтын және олардың қоғамға ықпал етуін өзі жүйелеп, бір ізге салып отыратын сала болып саналады. Ол сөз еткен адамдардың әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласы азаматтық қоғам дамуының негізгі буынын құрайды.

Азаматтық қоғам идеясын пайымдаған кезде және ертеректегі ойшылдардың бізге қалдырып кеткен осы мәселенің теориясы төңірегіндегі

^ Гегель. Философия права. М., 1990. С. 256-257.

^ Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. 2-е изд. М.: Политиздат, 1959. Т. 13 С. 6. 170

тұжырымдарымен қарулана отырып, бүгінгі күннің ақиқаты мен проблемасын әзірлеудің қазіргі деңгейін естен шығармау қажет.

Азаматтық қоғамды бағалаған кезде қазіргі таңдағы қоғамда қалыптасқан бүкіл үлкенді-кішілі әлеуметтік топтардың өзара әрекеттерін, соның ішінде таптардың және оларды құрайтын әлеуметтік, кәсіби және демографиялық топтардың, сонымен қатар ұлттық қауымдастықтардың өзара әрекеттерін тұтас жүйе ретінде қарастырған жөн. Қоғамда объективті түрде пайда болған әлеуметтік топтар мен қабаттардың (жіктер) қызметі мен соған сәйкес орайластырылған мүдделерін ескерумен қатар, адамдардың саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани тұрғыдағы талаптары мен сұраныстарын жүзеге асыру мақсатында олардың өздері құрып қалыптастырған функционалдық топтар мен ұйымдарды да естен шығармау керек.

Әлбетте, осы топтардың баршасының өмір сүруінің өзіндік эконо-

микалық, саяси және рухани негіздері бар. Егер экономикалық негізді алатын болсақ, онда ол тек жеке меншіктік қатынастармен шектеліп қалмайды, сонымен қатар ол корпоративтік, акционерлік меншікті, кооперативтердің, ұжымдық және қоғамдық ұйымдардың меншігін, экономиканың кейбір салаларында сақталып отырған және сақтауды қажет ететін мемлекеттік меншікті өз құзырына қосып алады.

Өндіріс құралдарына деген жеке меншіктің аталмыш бүкіл түрлері қазіргі капиталистік және социалистік елдерде орныға бастады. Ендігі міндет — осы экономикалық негізге сүйене отырып, азаматтық қоғамды дамыту және жетілдіру. Бұл қоғамдарда әрбір азамат өзін-өзі еркін ұстап, білімдарлығы, шығармашылығы арқылы көрінуі тиіс. Басқа адамдар мен бүкіл қоғамға пайдасын тигізе отырып, олар өздерінің қажеттіліктерін де қанағаттандыра еді. Оның үстіне кез келген адам өзінің құқығын жүзеге асыру мақсатында қолданылып жүрген заңдар, заң қорғау органдары тарапынан қолдау тауып, жан-жақты қорғалуы қажет. Мемлекет барша адамзат қауымына, жеке адамдарға қызмет етуі, олардың құқықтары мен азаматтық еркіндіктерін қорғауы керек. Өз кезегінде әрбір азамат басқа азаматтар алдындағы жақын және алыс азаматтар, мемлекет пен қоғам алдындағы өз міндеттерін орындауы қажет. Мәселе дәл осылай заңды түрде дұрыс қойылған жерде азаматтық қоғамды жетілдіру мәселесі құқықтық мемлекетті құру және оның қызметін жетілдіру проблемасымен органикалық түрде тығыз байланысады. Осы екі проблеманы шешу біздің қоғам алдында тұрған негізгі міндет.

ТМД елдеріндегі осы проблеманың өзекті мәселе ретінде көтерілуі, соның негізінде әлеуметтік құрылымының өзгеруі төңірегінде әңгіме қозғап көрелік. Бұрынғы КСРО-ның, әлеуметтік құрамы мен оған енген 171

барлық одақтас республикалардағы топтар негізінен жұмысшы табы, шаруалар және интеллигенциядан тұрды. Барлық одақтас республикаларда жұмысшы табы халықтың басым бөлігін құрады. Саны жағынан екінші әлеуметтік топ — қызметкерлер мен интеллигенция тобы болды.

Халықтың мұндай әлеуметтік құрылымының қаншалықты тиімді болғанын дәп басып айту қиын. Алайда, оның қоғамның дамуына қажетті динамиканы қамтамасыз ете алмағаны анық. Қазіргі таңда дамып келе жатқан жаңа әлеуметтік топтардың әлеуметтік белсенділік көрсету тұрғысындағы бағыттары кейде өзге әлеуметтік топтардың және қоғамның мүддесінен алшақ жатқанымен, олар қоғамның алға қарай қозғалуына күш беріп отыр. Қоғамның тың тұрпаттағы әлеуметтік құрылымы пайда бола бастаған соң жаңа әлеуметтік топтардың есебінен олардың қатары ең алдымен кәсіпкерлермен, фермерлермен, кооператорлармен толыға түсетіндігіне еш күмән жоқ. Бірақ бұрыннан өмір сүріп келе жатқан әлеуметтік топтардың, ең алдымен жұмысшылардың, шаруалардың және интеллигенцияның қызметін толықғырып, олардың белсенділігін арттыру қажет. Бүгінде бұл — ТМД елдеріндегі даму процесінің іргелі әлеуметтік-экономикалық проблемасы болып табылады.

Жаңа әлеуметтік топтардың ішінен ерекшеленіп, көзге түсе бастаған жаңа кооператорлар, фермерлер категорияларын және қалалар мен ауылдық жерлердегі жеке-дара тіршілік ететін еңбек қызметінің өкілдерін атап айтуға болады. Алайда, ең алдымен өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерді, қаржы мен делдалдық бизнеспен айналысушыларды, сонымен қатар бірлескен кәсіпорын иелерін де осы топқа қосуға болады. Бұл әлеуметтік топтар қазір ТМД елдерінде белсенді түрде әрекет етуде. Дегенмен, аталмыш жаңа әлеуметтік топтар қоғамда әлі де болса онша көп емес және олардың көпшілігі экономиканың дамуына елеулі түрде ықпал ете алмай отыр. Дәлірек айтсақ, отандық бизнесмендердің экономикаға қосқан бүгінгі үлесі саусақпен санарлықтай. Бұл фермерлерге де қатысты. Соған қарамастан күн өткен сайын шаруашылықтар мен кәсіпкерлік қызметтің жаңа түрлері дами түсуде. Ал бұл болса уақыты жеткен өз кезегінде осындай әлеуметтік топтардың көбейіп, өсуіне әкеп соғады және қоғамның әлеуметтік құрылымының одан әрі өзгеруіне ықпал етеді. Қазір тәуелсіз және егеменді мемлекеттердің бәрінде де осы процесс жүріп жатыр.

Қоғамның қазіргі әлеуметтік құрылымының дамуында негізгі екі тенденция байқалады. Оның бірінші тенденциясына қоғамның белсенді түрде әлеуметтік тұрғыда жіктелу процесі, халықтың жаңа әлеуметтік топтары мен қабаттарының пайда болуы жатады. Екінші тенденция — бұл бүкіл дүниежүзінде жүріп жатқан экономикадағы интеграция процесі, ол

172
қоғамның әлеуметтік құрылымына сөзсіз әсер етеді. Әр түрлі әлеуметтік топтар өкілдерінің еңбек ету тұрғысындағы жағдайлары, оның сипаты мен мазмұны бір-біріне жақындаса түсетін болады. Соның негізінде олардың өмір жағдайлары мен мүдделері де жақындасады. Осының бәрі олардың әлеуметтік-экономикалық, көпшілік жағдайда рухани және саяси бірігуіне әкеп соқтырады.

Мемлекеттік қызметкерлер өздері жүргізіп отырған әлеуметтік саясатта өзара органикалық байланыстағы және динамикалық тұрғыда өзара әрекет етуші осы екі тенденцияны есепке алуы қажет. Бұл әлеуметтік құрылымның одан әрі дамуы мен қоғамдағы әлеуметтік динамикаға саналы түрде ықпал жасау үшін және осы процестерді қайткен күнде де ғылыми басқару үшін де аса қажет.

Әлеуметтік саясат бұл қоғамдағы бүкіл әлеуметтік топтардың арасындағы қатынастарды реттеуге бағытталған саясат. Мұндағы басты нәрсе халықтың барлық әлеуметтік топтары мен қабаттарының материалдық хал-ахуалы мен тұрмысын жақсарту, олардың тіршілік етуіне қажетті дұрыс жағдайларды жан-жақты қамтамасыз ету және әлеуметтік әділеттікті сақтау. Осы мәселелерді шешу - әлеуметтік саясаттың негізгі мазмұнын құрайды.

Әрине, мемлекет, саяси партиялар мен қозғалыстар өкілдері арасында бұл проблемаларды түсіну және оларды шешу, жүзеге асыру барысында әрқилы тәсілдерді қолдану жөнінде әр түрлі көзқарас болуы мүмкін.

Алайда, нағыз демократиялық әлеуметтік саясаттың ең басты және түбегейлі мақсаты — барлық әлеуметтік топтардың арасындағы қатынастарды үйлестіру болып табылады. Билік басында тұрған саяси күштердің бүгінгі таңдағы дұрыс та дана әлеуметтік саясаты қандай болуы керек дегенге келсек, олар әлеуметтік топтардың тұрмыс-тіршілігіне, әрекетіне, олардың мақсат-мүдделеріне барынша сай, үйлесімді келетін жағдайлар жасаулары, олардың осы мақсат-мүдделерін орайластыра аларлық әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардың тиімді механизмін дайындап, өмірге енгізулері болады. Сонымен бірге бүгінгі таңдағы қоғам дамуының нақты жағдайларын есепке алу арқылы объективті әлеуметтік заңдар қабылдап, оларды жүзеге асыру қажет.

Қоғамның әлеуметтік құрылымы жоғарыда баяндалған жағдайлармен ғана шектелмейді. Ол этностарды да қамтвды.

173

СЕГІЗІНШІ ТАҚЫРЫП

ЭТНОС ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Этнос әлеуметтануы аса күрделі әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар мен ұлттық-этникалық қатынастар саласын қарастырады. Әртүрлі этникалық қауымдастықтар өшрінің барлық жақтары бір-бірімен тығыз араласын-құраласын кеткендіктен олардың арасындағы қатынастарды түсіну көбіне-көп қиыншылықтар туғызады және ондағы қарама-қайшылықтарды шешудің жолдарын анықтау қажет болады. Оларда этникалық қауымдастықтардың, немесе этностардың табиғи және әлеуметтік-психологиялық сапалары көрінеді. Осы құбылыстардың мәнін және оларды бейнелейтін ұғымдардың мәнін ашу, сонымен қатар ұлттық-этникалық қатынастардың және олардың дамуының тарихи тенденцияларының мазмұның зерделеу, ұлт мәселесінің мазмұнын және оны қазіргі уақытта шешудің жолдарын талдау әлеуметтану ғылымының маңызды мәселелерінің бірі.

1. Этнос қауымдастығы ұғымы.

Этностың негізгі элементтері және даму кезендері

Қазір әлемде үш мыңнан астам әр түрлі ұлттар, ұлыстар мен тайпалар мекендейді. Олар 250-дей мемлекеттерге біріккен. Сонымен қатар олар көп ұлтты немесе көп тайпалы мемлекеттерде тұрады. Бұл қауымдастықтардың қалыптасуы мен дамуын әлеуметтану ғылымының бір саласы — этноәлеуметтану зерттейді. Этноәлеуметтану әлеуметтанудың маңызды саласы бола отырып, этностардың генезисін, мәнін, функцияларын, этностардың дамуының және этносаралық (ұлтаралық) қатынастардың жалпы заңдылықтарын қарастырады. Ол ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік дамуы арқылы байланысқан, яғни өзара байланысқан этникалық және әлеуметтік құбылыстардың, әр түрлі этникалық қауымдастықтардағы эт-

никалық процестердің кешенді мәселелерін зерттейді. Этноәлеуметтану, сөйтіп, мәдениет пен тұрмыстың, құнды бағыт-бағдарлардың, еңбек қызметінің, жүріс-тұрыс тәртібінің, әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің, ұлттық қатынастардың әлеуметтік себептерін ашуға тырысады, ұлттық ерекшеліктері бар құбылыстар мен процестерді, атап айтқанда, жұмыс-бастылықты, көші-қон және еңбек мобильділігін, урбанизацияны, демографиялық және әлеуметтік ұдайы жаңғырып, жетілуді анықтайды. Этникалық ерекшелік көріністері мәдениет пен тұрмыста анық байқалатын болғандықтан және ең алдымен отбасы арқылы ұдайы жаңғырып, жеті-

174
летіндіктен этноәлеуметтану төңірегіндегі зерттеулер ең алдымен осы салалар төңірегінде жүргізіледі, яғни нақты этникалық ортаны және ұлттаралық қарым-қатынастардың әр түрлі жағдайларын үнемі естен шығармау қажет.

Этноәлеуметтану терминдерінің негізіне «этнос» (гректің тайпа, халық деген мағына беретін сөзі) ұғымы алынған. Этнос — белгілі бір аумақта тарихи тұрғыда қалыптасқан, мәдени ортақ белгілері мен ерекшеліктері және өзіндік психологиясы бар адамдардың тұрақты жиынтығы.

Этникалық қауымдастық — бұл шығу тегінің ортақтығымен және бірлесе өмір сүрудің ұзақлығымен өзара байланысқан адамдардың топтары. Адамдар жылдар, ғасырлар бойы ұзақ бірлесе тіршілік еткен әрекеті кезінде әрбір топ шеңберінде оларды бір-бірінен ерекшелендіріп көрсететін тұрақты және ортақ белгілер қалыптасады. Мұндай белгілердің қатарына тіл, тұрмыс мәдениетінің ерекшеліктері, қайсыбір халықтың немесе этностың (әр түрлі тілдерде және ғылыми әдебиеттерде «халық» және «этнос» терминдері синоним ретінде қолданылады) қалыптасу үстіндегі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, тағы басқалар жатады.

Бұл белгілер халықтың этникалық сана-сезімінде ұдайы жаңғырып, жетіледі, сол арқылы халық өзінің бірлігін, тұтастығын, ең алдымен өзінің шығу тегінің сол адамдардан бөтен еместігін, сөйтіп, өзінің этникалық жағынан туыс екендігін мойындайды. Сонымен қатар, ол өзін басқа халықтардан ажырата алады, өйткені оған өзінің шығу тегі, өз тілі мен өз мәдениеті тән. Халықтың этникалық сана-сезімі ерте ме, кеш пе, әйтеуір оның шығу тегіндегі, мұраланған дәстүріндегі, басқа халықтар арасындағы өзінің орнын түсінудегі бүкіл түйсігі арқылы оянады.

Тайпалар негізінен көне этникалық қауымдастықтарға жатады. Олар этностың алғашқы элементі болып табылады. Бұл — екі немесе бірнеше руларды әр түрлі байланыстар мен қатынастардың көмегімен біріктірген алғашқы ірі қауымдастық. Рулардың тайпаға бірігуі қандас туыстық пен ортақ аумақтың негізінде жүзеге асқан болса, ал тайпалардың өмірі мен әрекет-қызметі туыстық және әлеуметтік байланыстарға негізделген еді. Әрбір тайпаның өзіндік этникалық қауымдастық белгілері болды: олар бір-бірінен өздерінің шығу тегімен, тілімен, қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен, қарапайымнан салыстырмалы түрдегі жоғары дамыған материалдық және рухани мәдениетке жету көріністері арқылы ерекше-

ленді. Әрбір тайпада өзіндік этникалық сана-сезім қалыптасты. Этникалық сана-сезім этнонимге (атауға) ие болған. Тайпалар - алғашқы қауымдық

▲ Абсамтаров Р. Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. Алматы: Ғылым, 1995. С. 116.

175

құрылыстың ұйымдық түрі. Бұл құрылыс әр түрлі тарихи дәуірлерде, жер бетінің әртүрлі құрлықтарында пайда болып, өмір сүрді. Олар қазіргі Азия, Америка, Африка мен Австралия құрлықтарының кейбір бөліктерінде әлі де өз дәстүрлерін жалғастырып, өмір сүріп келеді.

Алғашқы қауымдық қоғамда тайпалар пайда болып, тіршілік еткен. Сонымен қатар, өндірістік және әлеуметтік қатынастардың өркендеуі нәтижесінде тайпалар арасында ірілену процесі жүрді, сөйтіп, тайпалар одақтары құрылды. Осыдан бастап бірқандас туыстық қатынастар этникалық қауымдастықтың негізі болудан бірте-бірте қала бастады да, оның орнын бара-бара әлеуметтік байланыстар алмастырып, күшейе берді. Тайпаларда меншіктік жіктеліс артқан сайып мүліктік әркелкілік шықты. Бұл тайпалық басқару түріне сәйкес келмеді. Сөйтіп, тайпалардың ыдырауы мен таптық қоғамның пайда болу процесі басталды.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына орай тайпалар да ыдырады. Туыстық қарым-қатынастардың орнына енді алдыңғы қатарға адамдар арасындағы әлеуметтік байланыстар шықты. Тайпа болса әлеуметтік өркениетке өтуіне орай этностың екінші элементі, этникалық қауымдастықтың басқа типі ұлысқа, халыққа өз орнын босатып берді. Ұлыс тайпалық қатынастардың ыдырау нәтижесінде, аумақтың, тілдің, мәдениеттің, шаруашылықты жүргізу мен тұрмыстың бір-біріне орайластырыла жақындасуының негізінде қалыптасқан адамдар қауымдастығы. Этникалық қауымдастықтар ретінде жер бетіндегі халықтардың барлығы өркениет сатысында (Ежелгі Үндістан, Қытай, Египет, Греция, Рим халықтары болсын, олардан көп кейінгі кезеңдегі Франция, Германия, т.б. халықтар) қашан болмасын бірінен-бірі ерекшеленді және бүгінгі таңда да өзінің ерекшелікті әлеуметтік-этникалық белгілері, соның ішінде өзінің шығу тегі, тілі, мәдениеті, этникалық сана-сезімі және т.б. арқылы ерекшеленеді. Тайпаларға қарағанда өркениет дәуірінде халықтар қалай дегенмен де кең ауқымда әлеуметтік-этникалық тұрғыда шоғырланды және өз тілінің, материалдық әрі рухани мәдениетінің әлдеқайда жоғары сатыда дамуына қол жеткізді. Дәл сол тұста көптеген халықтардың ұлттық мінез-құлықтары қалыптаса бастады, бұл олардың ұлттық сана-сезімі мен санасынан өзінің көрінісін тапты. Басқаша айтқанда, тайпалар енді қалыптасу үстіндегі ежелгі халықтар деп саналған ұлттармен алмасты. Ұлттар бұдан кейінгі тарихи дәуірлерде өздерінің гүлдену сатысына көтерілді. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда ұлыс ең алдымен құл иеленушілік пен феодализмге тән құбылыс болды, ол көбінесе қайсыбір ұлттық мемлекеттік құрылыс түрлерінде жиі ұйымдасты. Алайда, ұлыс қоғамдық дамудың одан кейінгі кезеңдерінде де тоқырап, жойылып кетпей, өмір

сүруін одан әрі жалғастырды.

176

Этноәлеуметтік қауымдастықтың бұл түріне осыдан біраз жылдар бұрын Ресейдегі Дағыстан мен оның Солтүстік ұлыстарын жатқызған еді. Мысалы, 1989 жылғы санақ бойынша Солтүстікте 26 ұлыс болса, көптеген ұлыстар саны жағынан аз болды.

Қайсыбір елдердің бүкіл аудандары мен облыстарын біртұтас экономикалық организм етіп құраған, соған көшірген машиналы өндіріс пен капиталистік нарықтың дамуы ұлттың қалыптасуына негіз болды. Ал ұлттың қалыптасуы ру-тайпалық құрылыстың ыдырауынан бастау алған еді.

Экономикалық қарым-қатынастың интенсифтендірілуі адамдардың саяси және мәдени қарым-қатынастарының белсенділігін арттырды, бұл олардың ұлт ретінде шоғырлануына, мәдениеттің гүлденуіне және ұлттық мінез-құлқын қалыптасып, нығаюына жол ашты.

Демек, ұлт - адамдардың тарихи тұрғыда пайда болған әлеуметтік-экономикалық және рухани қауымдастығы, этнос типі, Ұлтты аумақтың, тілдің ерекшеліктері, экономикалық байланыстар, психологияның, мәдениет пен сана-сезімнің ортақтығы сипаттайды.

Бұған адамдар қауымдастығының тарихи-даму мәселесі тұрғысынан қарауға болмайды. Адамдар қауымдастығының тарихи тұрғыда дамуының тұжырымдамасына сүйенсек, алғашқы қауымдық тайпалар дамып, кейін ұлыстарға бірікті, ал ұлыстар өз кезегінде ұлттарға айналған. Осымен байланысты ұлттар мен ұлыстар, шын мәнінде, екеуіне де ортақ белгілер арқылы сипатталады. Ол белгілер жөнінде кейінірек жеке әңгіме қозғалатын болады. Бұл белгілердің даму деңгейі бойынша ұлыстар мен ұлттар бір-бірінен ажыратылады және уақыты жеткенде ұлыстар ұлттарға айналады.

Ұлттар мен ұлыстарды анықтау барысындағы көбінесе қолдан жасалған шектеу өлшемдері кейіннен анықталғанындай ғылыми түсіндірмелердің дәлелі бола алмады. Мысалы, қырғыздарды, шешендерді, якуттарды этникалық қауымдастықтың қайсысына жатқызуға болады, оларды ұлт деуге бола ма? Бұлардың қайсысын ұлысқа жатқызуға болатыны және ұлыстың ұлтқа айналу сәтін қалай анықтау керектігі әлі де түсініксіз күйінде қалып келеді.

Белгілі орыс этнографы М. В. Крюков айтқан пікірлер негізсіз деуге әсте болмайды. Оның пікірінше, мысалы, В. И. Ленин «ұлт», «ұлты», «ұлыс», «халық» терминдерін синонимдер ретінде қолданған көрінеді, ал ұлт пен ұлысты қарама-қарсы қою И. В. Сталиннің 1921 жылы жазылған «Ұлт мәселесіндегі партияның кезектегі міндеттері» атты тезистерінде тұжырымдалды. М. В. Крюковтың пікіріне сүйенсек, бұл «теориялық тұрғыдан негізсіздік және практикалық зиянды» болды, өйткені ол жаңа

177

этносаралық қарама-қайшылықтарды қолдан жасады, осыған байланысты этникалық қауымдастықтардың бәрі бірдей өздерін ұлтқа не-

месе ұлысқа еріксіз енгізу әділдік деп санамады. Көптеген этнографтар сияқты М. В. Крюков осыдан бірнеше жыл бұрын әйгілі «Россия халықтарының құқықтық Декларациясында» атап көрсетілгендей, «Совет Одағы халықтары» сөз тіркесін қолдануға қайта оралсын деген пікірді ұсынған еді.

Ғылыми әдебиеттерден капитализмге дейін этникалық қауымдастық ретінде қалыптасқан ұлт жөнінде көптеген ой-пікірлерді кездестіруге болады. Көрнекті француз ғалымы Э. Ренан, мысалы, ұлттар орта ғасырдың бас кезінде-ақ, «Рим империясының соңғы кезінде немесе Ұлы Карл империясының ыдырау уақытынан бастап өмір сүреді» деп есептейді.

Ұлт дегеніміз не? Бұл сауалға жауап бере келе, Э.Ренан ұлтты қайсыбір нәсілсе көшіре салуға болмайды деп әділін айтты. Нәсіл «қаны бір туыстықғы» танытады, ал ұлт бірлесіп өмір сүру процесінде және әртүрлі нәсіл өкілдерінің «араласуында» қалыптасады. «Ең үлкен елдерде - Англия, Франция, Германия — бұларда қан көп араласқан». Бұл елдердің ұлтын тек осы жағдай ғана сипаттай алады. Бүкіл өкілдері тек қана бір нәсілге жататын ұлт болмайды.

Кейбір зерттеушілер тұжырым жасағандай, ұлтты тек табиғи құбылыс деп қарауға болмайды. Өйткені табиғи және әлеуметтік қасиеттер ұлт ішінде үйлесімін табады. Тіптен ұлттың бірден-бір мәнді белгілері болып табылатын оның ортақ шығу тегі қайсыбір бабалардан тарайтынын есепке алған күннің өзінде де ұлттың бұл белгімен ғана шектелмейтінін, анықтала алмайтынын ұмытпау керек. Оның өзге де белгілері ретінде Э. Ренан, К. Каутский және басқа зерттеушілер тілдің, аумақтың, экономикалық өмірдің ортақтығын мысалға келтіреді. Мұндай ортақ белгілер, К. Каутскийдің пікірінше, XIV ғасырда, яғни орта ғасырда пайда болып, капитализм тұсында аяқталған.

Ұлттардың құрамына енген адамдардың ортақ мүдделерін Э. Ренан ұлттарға тән белгілердің бірі деп, осы тұрғыда қарастырады. Э. Ренанның айтуына қарағанда, өмір сүру, тұрмыс жағдайларының, тарих пен тағдырларының ортақтығы ұлттардың мүдделерінің ортақ болуына ықпал етеді. Ортақ мүдде ұлттардың қалыптасуы мен дамуының қуатты алғышартына

1. Советская этнография. 1989. № 4. С. 9-11.

2. Социология / Под ред. В. Н. Лавриненко. М.: Культура и спорт, ЮНИТИ, 1998. 07131.

178

айналды. Бұдан кейін ұлттың бүкіл өкілдерін біріктіретін ұлттың азды-көпті рухани дүниесі қалыптасады. Э. Ренан өз ойын «Ұлт — бұл жан», деп қорытады.

Ұлттың рухани белгілерін көптеген ойшылдар әр қырынан, әр тұрғыда атап көрсетеді. Француз әлеуметтанушысы және әлеуметтік саланың психологі Густав Лебон «әрбір халық өзінің анатомиялық қабілеті сияқты соншалықты тұрақты ішкі сезім құрылысын да меңгереді», дейді.

Осы «ішкі сезім құрылысынан» халықтың сезімі, оның ойлары, діни сенімі, өнері, сонымен қатар оның қоғамдық өмірін реттейтін дәстүрлі мекемелері тарап шығады. Лебон «халықтың ішкі сезімі» туралы айта отырып, «тек сол ғана ұлтты сақтайды» деген тұжырым жасайды. Халықтың ішкі сезімі бұл оның әдет-ғұрпы, сезімі, идеялары, ойлау тәсілдері. Әдет-ғұрыптар бүлінген кезде, Лебонның пікірінше, ұлттар да жоғалады. Ол бұған мысал ретінде Ежелгі Римді келтіреді. Римдіктер, оның пікірінше, өте күшті идеал мұратты ұстанған көрінеді. «Бұл мұрат Римнің айбындығы, ұлылығы болатын. Осы идеал бүкіл жандарда абсолютті үстемдік етті және әрбір азамат сол идеал үшін өзінің отбасын, өзінің хал-жағдайын және өзінің өмірін құрбан етуге дайын болды». Римнің күші осында еді. Кейін алдыңғы қатарға молшылдық, азғындық секілді теріс әрекеттер, тоғышарлық шыққанда ұлт та әлсіреді. «Варварлар оның қақпасының алдына келгенде ұлттың ішкі сезімі өліп біткен еді»

«Халықтың ішкі сезімі», «ұлттың ішкі сезімі» сияқты идеяны қолдаған және оны одан әрі дамытқан Вильгельм Вундт болды. Ол халықтың ішкі сезімін түсіну үшін оның тарихын білу керек деп әділін айтты. Оның пікірінше, этнология, өнер, ғылым, дін, тіл және әдет-ғұрып жөніндегі білім қашан да аса пайдалы.

Австрияның әлеуметтанушысы және саясаткері Отто Бауэр ұлттың табиғи және мәдени белгілерін ашып көрсетті. Ол ұлт «табиғи қауымдастық» ретінде «физикалық мұрагерліктен шығады, соның арқасында балаларға ата-аналарының қасиеттері беріледі», деп жазды. Алайда, Бауэр оның тілі мен мәдениетін ұлттың ең басты ерекшелігінің белгісі деп санады. «Ортақ шығу тегі мәдениеттің ортақлығынсыз әр кезде де тек нәсілді қалыптастырады және ешқашан да ұлтты жасай алмайды» деп қорытты ол өз ойын.

1. Лебон Г. Психология народов и масс. СПб., 1896. С. 5-118.

2 Бұл да сонда. 138-139-б.

3. Вундт В. Проблемы психологии народов. М., 1912. С. 22-26.

4. Бауэр О. Национальный вопрос и социал-демократия. СПб., 1909. С. 135. 179

Бауэр ұлттық сананы адамдардың бір-бірімен «белгілі мәдени құндылықтарды меңгеруге» жақындасу, сонымен қатар олардың ерік-жігерін бір арнаға бағыттайтын фактісі ретінде мойындауды ұсынды, бұлар ортақгаса келе адамдардың ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктерін құрайды. Ұлттық сана теориялық тұрғыдан алғанда «мен және менің тайпаластарым бір ғана тарихтың жемісі» екендігін мойындау болып саналады.

Бүгінгі таңда өте өзекжарды саналып жүрген ұлттық-мәдени автономия теориясын дамыта отырып, Бауэр «ұлттың мәдениетті бүкіл халықтың игілігіне айналдыру және бір ғана мүмкін, осындай жолмен ұлттың бүкіл мүшелерін ұлттық-мәдени қауымдастыққа шоғырландыру негізгі міндеттер» деп тұжырым жасады. Ұлттық қауымдастықгы жаңа жағдайдағы ру-тайпа байланыстарының қарапайым жалғасы деп есептейтін, со-

ған телитін теориялар да жоқ емес. Ұлт өмірінің мемлекеттік-саяси ерекшеліктерін асыра бағалайтын, түптеп келгенде, оны мемлекеттік қауымдастыққа әкеліп тірейтін теориялар да бар. М. Вебердің пікіріне сүйенсек, ортақ тіл, дін, әдет-ғұрып немесе ортақ тағдыр арқылы біріккен адамдардың қауымдастығында өз мемлекетін құруға тырысу ниеті басым болады екен. Ұлтты анықтаудың қиындығы сонда, оның бірқатар аса маңызды және елеусіз белгілері бір орталыққа жинақталып, шоғырландырылып отыр. Ол белгілердің арасындағы ерекше нысандар нақты анықталған емес. Осыдан барып ұлт жөніндегі қазіргі кез келген анықтамалар шартты түрде қолданылады және оның қолданылу құзыры да шектеулі. Жоғарыда аталған теорияларға сүйенсек, негізгі белгілер ретінде этнология бірегей жүріс-тұрыс стереотипін, шығу тегінің ерекшелігін, сана-сезімді және т.б. этникалық белгілерді қарастырады. Аталмыш теориялардың бері де кең тараған теориялар. Ұлт теориясына К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің өз көзқарастары болды. Ф. Энгельстің пайымдауынша, Еуропада ұлттың қалыптасу процесі ұлттық мемлекеттерді құру процесімен тұспа-тұс келеді екен. Қалай дегенмен де, ұлт аса күрделі құбылыс және оның барлық белгілеріне ізденіс тұрғысынан қарау керек.

Жоғарыда баяндалған жағдайларды қорығындылайтын болсақ, онда ұлт дегеніміз — бұл адамдардың шығу тегінің, тілінің, орналасу аумағының, экономикалық жағынан қалыптасуының, сонымен қатар оның этникалық санасы мен сана-сезімінің ортақ көрінісінің жиынтығы, яғни психологиялық құрылымы мен мәдениетінің ортақтығы арқылы сипатталатын адамдардың ерекше қауымдастығы.

Ұлттың біртұтас этникалық сипаттамалары ұлттық ұғымының кез келген көріністерін айқындайды, өзара байланыста болады. Бұл байланыс шамалы деңгейде ғана көрінуі мүмкін, алайда ол біржола жоғалып кетпейді. Мәселен, осы айтылғандар егер халықтардың-ұлттардың өмірін-

180
дегі этникалық мәселелерді шешуге тікелей байланысты болса, онда экономикалық немесе саяси қатынастар сол уақытта ғана ұлттық мазмұнға ие болады. Бұл шеңберден шығып кетсе, онда олар әлеуметтік-таптық немесе басқа да қатынастарға айналады, тек ұлттық болмайды. Адамгершілік, эстетикалық және басқа да қатынастар туралы да осыны айтуға болады. Егер олардың әлеуметтік мазмұны этникалық және органикалық байланыста болса, онда олар сол уақытта ғана ұлттық сипатты алады.

Тәуелсіздік алған елдердегі ұлттық-мемлекеттік құрылым ұлттың қалыптасу процесін, әсіресе оның әлеуметтік-экономикалық базисінің қалыптасуын барынша тездетеді. Латын Америкасында ұлттық-мемлекеттік құрылым шеңберінде халық испан тілінде сөйлейді, ал мәдениет, салт-дәстүрлер төңірегінде көптеген ортақ белгілері бар аргентин, уругвай, чили және т.б. жиырмадан астам ұлттар пайда болды.

Қазіргі заман ұлттың этникалық қасиеттерінің маңыздылығы артып отырғандығын айқын көрсетіп берді. Тіл мен мәдениет проблемалары

ұлттың қозғалыстар кезінде ерекше маңызға ие болады. Мысалы, Бельгия мен Канада мәселесі, Шотландия мен Англияның Уэльсіндегі мәдениет пен салт-дәстүрлер және т.с.с. басты мәселеге айналғаны белгілі. Бұлар Еуропаның он екі мемлекетін біріктірген Еуропа одағына қарама-қарсы бағытқа қалыптасқан дезинтеграциялық тенденцияның күш-қуатын көрсетеді.

Бұдан әрі «этнос», «халық», «ұлт» терминдері синоним ретінде, яғни мағынасы бойынша бір ұғым ретінде, айталық, қазақ халқы, қазақ этносы және қазақ ұлты секілді түсініктер ретінде пайдаланылады. Бірақ, олардың бір-бірінен кейбір айырмашылығы бар екенін айтқан жөн. Осы құбылыстардың ауқымы мен маңызы және оларды ажыратып, ұғыну ұғымдары мен терминдер өздерінің мән-мағынасы бойынша бірдей. Бұл орыс, украин, грузин немесе француз, неміс халықтарына (этностарына, ұлттарына), соған сәйкес осы ұлттар төңірегіндегі ұғымдар мен терминдерге де қатысты. Қазіргі кезде көптеген ғалымдар, соның ішінде танымал оқымыстылар да бұл мәселеге дәл осы тұрғыдан қарайды. Л. Н. Гумелев «этнос» және «халық» ұғымдарын бір мағынада қолданса, белгілі ғалым-этнограф В. А. Тишков «ұлыс» және «ұлт» ұғымдарының орнына бір ғана халық ұғымын қолдануды ұсынады.

«Ұлт» ұғымына келетін болсақ, ол белгілі бір аумақта шоғырланып өмір сүретін тұтас ұлттың этникалық белгілерін ғана айқындап қоймайды, сонымен қатар олар қай жерде тұрса да, соның ішінде өзге халықтардың

Тишков В. Народы и государства // Коммунист. 1989. № 1. С. 50.
181

және мемлекеттердің аумағында өмір сүрсе де, солардың қай ұлттың өкілі екендігін білдіреді. Ұлттар арасында осылайша қарым-қатынастар орнайды.

2. Ұлттық-этникалық қатынастар

Жоғарыда талданып, тұжырымдалғандай қайсыбір этностардың (халықтардың) тіршілік етуі мен даму жағдайларына, соның ішінде аумақ, тіл, рухани өмір, салт-дәстүр, мәдениет секілді өзіндік ерекшеліктерді сақтауға және т.с.с. қатысты ұлттық қатынастар белгілі бір этникалық мәселелерді шешкен кезде әрдайым бір-бірімен байланыста болады.

Осыған орай олар ұлттық-этникалық қатынастар ретінде алға шығады, ал «ұлттық қатынастар» және «ұлттық-этникалық қатынастар» ұғымдары шын мәнінде бір-біріне ұқсас болады.

Ұлттық қатынастар — бұл көпұлтты қоғамның ішіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, тілдік және басқада қатынастардың синтезі. Ұлттық қатынастар әр түрлі деңгейде, яғни мемлекетаралық және мемлекет ішінде, ұлт ішінде және ұлтаралық, қоғамдық және тұлғалық деңгейлерде жалғасып жатады.

Ұлт мәселесі ұлттық қатынастардың негізі болып табылады және ол ұлттық қатынастардың күйі мен сипатын анықтайды.

Қайсыбір этностың өмір сүру жағдайына, олардың бір-біріне сәйкес келу деңгейіне орай ұлттық қатынастар ұлттық мәселенің қалай шешім тапқандығының деңгейін көрсетеді.

Ұлттық қатынастар жалпы алғанда біртұтас жүйе, өзара байланыстардың тізбегі, қоғамдық қатынастар жүйесі элементтерінің бірі ретінде өмір сүреді. Сонымен қатар, ұлттық қатынастардың өзі де бірнеше элементтерден тұратын жүйе болып саналады. Ұлттық қатынастар қоғамның тіршілік етіп, әрекет жасауының бүкіл саласын: мәдениет, саясат, ғылым, тұрмыс, отбасы, экономика және т.с.с. қамтиды.

Өзінің этникалық сипаттары мен шығу тегі бойынша ерекшеленетін, содан бастау алып, ертедегі тарихи және қазір өмір сүріп отырған отанындағы тіл, мәдениет, этникалық сана мен т.с.с. өзгешеліктермен аяқталатын даму сатылары, ұлттардың (этностардың, халықдың) өмір сүру дағдылары ұлттық қатынастардың пәнда болуы мен дамуының объективті алғышарттары болып табылады. Дегенмен де ұлттық қатынастар таза күйінде, басқа қоғамдық қатынастардан бөлек өмір сүре алмайды. Керісінше, олар осы қатынастарда, соның ішінде саяси, рухани, тілдік, экономикалық, экологиялық қатынастарда қосарласады және бұл ерекшелік қатынастардың мазмұны мен формасынан байқалады. Тағы бір айта кететін

182 жай, бүкіл осы қатынастар егер де оларды жүзеге асыру процесінде қайсыбір халықтардың өмір сүру барысындағы этникалық проблемалары дұрыс шешілетін болса немесе экономикалық, саяси және өзге де мәселелер ұлттық-этникалық проблемалар деңгейінде жүзеге асырылса ғана ұлттық сипатқа ие бола алады. Бір сөзбен айтсақ, ұлт өмірінің әлеуметтік және этникалық жақтары мен ұлттық қатынастар органикалық тұрғыда өзара байланыста болады.

Ұлттық қатынастар, әдетте, кешенді сипатқа ие болады, өйткені ол халықтар (этностар) арасындағы өзара қарым-қатынастардың көптеген жақтарын реттеуге қатысады. Олар өздеріне азды-көпті рухани мазмұндарды қосып алған, себебі оған енген субъектілер өздерінің этникалық санасы мен сана-сезімін, т.б. байқатпай, бейтарап қала алмайды. Осыған байланысты кейде әртүрлі қиялға берілу, адасушылықтар, нанымдар мен мифтер секілді ғажайып дүниелер туындайды. Бұл халықтар арасындағы ұлттық-этникалық қатынастардың көрінуінің бір ерекшелігі болып табылады.

Ұлттық қатынастардың субъектілеріне үлкен және кіші этностар (халықтар) жатады. Олардың арасында француз, қытай, орыс, т.б. секілді ұлы халықтармен қатар Кавказдың, Ресей мен Американың солтүстік аймақтарындағы, әлемнің басқа да өңірлеріндегі саны аз, ұсақ (санының аздығына орай) халықтар бар. Халықдың әр түрлі әлеуметтік топтары мен жіктері қайсыбір этностардың (ұлттардың) өкілі ретінде және ұлттық-этникалық проблемаларды шешудің мақсаты бойынша ұлттық қатынастардың субъектілері бола алады.

Экономиканың, мемлекеттіктің, мәдениеттің қол жеткен даму дең-

гейі тұрғысынан алып қарастырсақ, ұлттық қатынастардың субъектілері ретіндегі этностар арасында біршама дамығандары да аз емес. Бұл олардың өзара қарым-қатынастарының сипатына әсер етпей қоймайды. Осы жағдай ұлттық қатынастардағы әлеуметтік әділеттілік проблемасын тудырды, соның ішінде ірі және ұсақ халықтар арасында, сонымен қатар олардың азды-көпті дамығандарының арасында аталмыш мәселені туғызды.

Әлеуметтік әділеттік проблемасы жергілікті және жергілікті емес ұлттар (халықтар) деп аталатындардың арасындағы қатынастардың негізінде пайда болады. Қайсыбір аумаққа шоғырланып өмір сүретін және сол жердегі мемлекеттік түзілімге орай жеке-дара атауға ие болған ұлт әдетте жергілікті ұлт болып саналады. Осыған орай жергілікті ұлттарға, мысалы, Украина мемлекетіндегі украиндықтар, Армениядағы армяндар, Татарстандағы татарлар және т.с.с. жатады. Жергілікті емес ұлттарға ұлттық топтар деп аталатындар кіреді. Олар жергілікті ұлттардың аумақтарында 183

өмір сүреді, мысалы, Литвадағы украиндықтар, Ресейдегі армяндар, Эстониядағы орыстар және т.с.с. Осыдан келіп «аз ұлттардың проблемасы» пайда болды, олар өмір сүріп отырған ұлттық мемлекеттік түзілім жағдайында аз ұлттардың құқығы мен бостандығы елеулі, күрделі мәселеге айналды. Аз ұлттар қайсыбір халықтың шекараны өзгерту, көші-қон немесе күштеп қоныс аудару нәтижесінде өз халқынан бөлініп қалған бөлігінен немесе тобынан құралған этникалық қауымдастықтың формасы. Аз ұлттардың өз ұлттық-мемлекеттік түзілімі болмайды. Аз ұлттардың пайда болуы заңды процесс. Аз ұлттардың Германияда, Австрияда, Израильде, АҚШ-та, Канадада және басқа елдерде тұратыны нақты өмір шындығы. Бұрынғы КСРО аумағында «ұлттық топтар және аз ұлттар» ұғымына жатқызылған халық саны шамамен 60 млн адам болды.

Аз ұлттар категориясын «аз ұлыстар» ұғымымен бір деңгейде қарастыруға болмайды. Өйткені аз ұлыстар белгілі бір аумақта және әр түрлі мемлекеттік құрылымның шеңберінде өмір сүріп отырғандығына, жергілікті халық арасында олардың қанша пайыз екендігіне қарамастан бұлар да тұрғылықты жұрттың бір бөлігі болып саналғандықтан осы аз ұлыстарды аз ұлттардың қатарына жатқызуға болмайды. Мысалы, АҚШ-тағы үндістер бүгінгі таңда аз болғанымен, алайда олар жергілікті тұрғындар саналатындықтан аз ұлттар болып есептелмейді. Бір кезде саны аса мол болған жергілікті халықтардан қалған Сібірдегі кеттер немесе Ресейдің Еуропалық бөлігінің солтүстік-батысындағы вепстар дәл сондай жұрттардың бірі. Бүкіл саны аз ұлыстар өздерінің этникалық аумағында, бабаларының жерінде тұрып, сонда өмір сүреді.

Аз ұлттар үнемі өзге халықтардың шағын топтарынан құрыла бермейді, сол елдің шеңберіндегі бір этносқа жататын адамдардың да сан жағынан ірі топтарға бірігуі мүмкін. Бұған, мысал ретінде еврейлерді, немістерді, болгарларды, гректерді жатқызуға болады. Олардың саны бірнеше жүз мыңнан миллиондаған адамға жетеді. Мысалы, немістер

Германияға жаппай көшкенге дейін КСРО-да олар екі млн адам болды. Олардың ортақ белгілеріне, біріншіден, тарихи отанындағы өз этносымен немесе КСРО-ның ішіндегі сәйкес аймақтармен байланыстың өте әлсіз болғандығы, екіншіден, қоныс тебер тұтас аумағының болмағандығы саяды. Бір этностың атына ие болғанымен, олар сол өздері өмір сүрген елде аз ұлттар санатына жатқызылды.

Ұлтаралық қатынастар экономикалық, саяси, тілдік, мәдениет, экологиялық және басқа да ұлттар арасындағы қатынастар түрінде көрінуі мүмкін. Ұлтаралық қатынастардың осындай әрбір көрінісінің өзіндік ерекшелікті мазмұны бар. Солардың кейбіреуінің қысқаша сипаттама-сына тоқғалайық.

184

Экономикалық ұлтаралық қатынастар ұлттың (халықтың, этностың) экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Олар стихиялық түрде даму процесінде қалыптасады, мәселен, халықтар арасындағы сауда байланысында, өз алдына жеке мемлекеттердің мемлекетаралық қатынастар деңгейінде, сонымен қатар федеративтік мемлекет шеңберінде республикалар, автономиялар және т.с.с. арасында орнайды. Әр түрлі ұлттық түзілімдер арасында орнаған қоғамдық еңбек бөлінісі мен олардың арасындағы шаруашылық-экономикалық байланыстар, түптеп келгенде, ұлтаралық экономикалық қатынастардың объективтік негізі болады.

Көп ұлтты мемлекетте ең алдымен саяси өкімет билігін жүзеге асыруға және өз өмірлерінің маңызды мәселелерін мемлекеттік деңгейде шешуге барлық халықтың (ұлттың) қатысуын саяси ұлтаралық қатынастар дейміз. Осыған орай мемлекеттің құрылымы туралы орынды сұрақ туады: бұл мемлекет өкіметтік механизмі жоқ, әлде жекелеген ұлттардың мүдделерін мемлекеттік деңгейде жүзеге асыратын механизмі жоқ унитарлық мемлекет пе, немесе оңдай механизмдері бар федеративтік мемлекет пе? Саяси ұлтаралық қатынастар, сонымен бірге, әр түрлі ұлт өкілдерінің азаматтық құқықтары мен бостандығын жүзеге асыруға бағытталған. Түптеп келгенде, ұлттық саяси қатынастар өз рөлін халықтардың мемлекетаралық қатынастар деңгейінде атқарады. Әңгіме мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігіне қол жеткізген, өзінің ұлттық мемлекеттігі бар халықтар арасындағы қатынастар туралы болып отыр. Бұл жағдайда олардың қарым-қатынасы - ұлттық тәуелсіздік пен егемендікті нақты жүзеге асыруға, сонымен қатар олардың экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастығына, бұл мәселелерді шешудің ұтымды жолдары мен тәсілдерін табуға тікелей қатысты.

Ұлттардың рухани тыныс-тіршілігі саласындағы ұлтаралық қатынастар әр ұлттың өмірі мен дамуында маңызды рөл атқарады. Рухани-мәдениет саласын алып қарастырсақ, бұлар халықтардың өзара жетіліп, толысуына әрі олардың ұлттық төл ерекшеліктерін сақтау мен дамытуға бағытталған. Бұған халықтық үлгідегі және кәсіби өнер саласындағы игіліктерді бірінен-бірі үйрену, соның ішінде ән, би, музыка, қолданбалы өнер

мен әдебиет, қазіргі тұғырлы (монументті) өнер, бейнелеу, сәулет өнері және с.с. саладағы ынтымақтастықтар ықпал етеді. Ұлттық рухани игілік мәдениет, әдетте, аса күрделі, жан-жақты толысқан, мәні зор, аса бай әрі көп қырлы құбылыс болып саналады. Бұл сол қоғамда қалыптасқан экономикалық, саяси, адамгершілік, діни және басқа да қоғамдық қатынастар арқылы дамиды, әдетте, кез келген ұлт бұлардың әсерін өздерінің бойынан сезінеді және көп жағдайда соларға тәуелді де болады. Сонымен

185

қатар, ол әркелкі халықтардың ұлттық мәдениетінің тығыз байланысуы мен өзара әрекеті арқылы дамиды, сол процесте дүниежүзідік рухани мәдениет қалыптасады.

Әлдебір өңірде ықылым заманнан бастап тұрып жатқан қайсыбір халықтардың сол аймақтағы табиғатты қорғауға ден қоюына орай ұлттар арасындағы экологиялық қатынастар пайда болады. Бұл тек табиғатты қорғаумен ғана шектелмейді, табиғи ресурстарды ұдайы ұлғайтып, көбейтуді, соның ішінде жер, орман, су және т.б. ұдайы молайтып, сақтауды талап етеді. Аталмыш мәселелерді өркениетті түрде шешу ұсақ және ірі халықтардың (этностардың) тіршілік етуі мен дамуының маңызды жағдайларына айналған. Олар мемлекеттік, одан қалды қоғамдық деңгейде, соның ішінде әрбір адамға қоғамдық орта мен отбасында тәрбие беру деңгейінде шешім табуы тиіс. Бұл ретте экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатқа сүйіспеншілікпен, ұқыпты қарауға, адамдарды соған тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінгені жөн. Әрине, қазіргі мемлекетаралық шиеленістер ушығып тұрған заманда экология проблемасын шешу үшін әрбір халық өздерінің ұлттық мүдделерін ескере отырып, бір-бірімен тығыз байланыс орнатуы және белсенді түрде ынтымақтасуы қажет.

Ұлтаралық қатынастардың пайда болуы мен жүзеге асуы тек тұтас халықтар деңгейінде ғана қалып қиытын құбылыс емес, ол әр түрлі ұлт өкілдерінің күнделікті өзара қарым-қатынас орнату процесіндегі тұлғааралық деңгейде де пайда болып, жүзеге асады. Тұлғааралық қатынастардың мазмұнын түсіндіретін болсақ, ол ең алдымен ұлттардың аса мол рухани байлығы. Алайда, бұл қатынас кез-келген жағдайда адамдардан аса әдептілікті, сыпайылықты қажет етеді. Бұл қатынастардың моральдық және психологиялық жақтарын есте ұстаудың да маңызы өте зор. Адамдардың ұлттық сезімінің, әдетте, аса нәзік екенін және сәл нәрсеге бола жаның күйзеліске ұшырап, тез жарақаттанатынын естен шығармаған жөн. Адамдар бір-біріне құрметпен қарап, әдеп сақтауы, сыпайыгершілік көрсетуі керек. Бұған көбіне-көп басқа халықтардың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне және жалпы рухани мәдениетіне қатысты ерекшеліктер мен өзіндік сипаттарын жақсы білу, өзге ұлттар өкілдеріне шыдамдылық таныту және оларды құрметтеу секілді қасиеттердің қалыптасуы ықпал жасайды. Әр түрлі халықтар өкілдерінің бір-біріне жақындасуын, тіпті, ұлтаралық некеге отыруларын осының айқын мысалы ретінде келтіруге болады. Оларға тыйым салу - адам табиғатына қарсы жасалған қысым болар еді. Тыйым салуды, анығын айтсақ, тек нағыз ұлтшылдар ғана өз

мүдделеріне жаратуға тырысады, оны араздықты қоздырудың құралы ретінде пайдаланады. Ұлтаралық некеге тыйым салу мүмкін емес. Демек, дұрыс өмір салтын қалыптастыру үшін моральдық-психологиялық, саяси 186

және басқа да жағдайлар жасау қажет. Қазіргі таңдағы өркениетті қоғамның сұраныстары мен талаптарын ескеретін болсақ, әрбір адамның бойына ұлтааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру осы бағыттағы бірден-бір іргелі алғышарт болып табылады.

Ұлттық, этникалық қатынастар кез-келген қайсыбір этностардың өмірге қажетті мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған. Олардың өздері де осы мүдделердің тууына себепкер болады. Халықтардың ұлттық мүдделері сол халықтардың тіршілік етуінің әр түрлі жақтарын қамтиды, олардың өзіндік ерекшеліктерін сақтауға, экономикасын, мемлекеттігін, мәдениетін дамытуға және осындай жол арқылы сол халықтың басқа халықтармен қатынас орнату жүйесіндегі жағдайын реттеуге, экономикалық және саяси проблемаларын шешуге, рухани мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Тоқ етерін айтсақ, ұлттық мүдделер қайсыбір халықтың (этностың) өзін-өзі ұлт ретінде қалыптастыруының сан қилы көріністері мен даму сатыларына, сондағы жетілу мен өзгерістеріне қатысты болады. Өмірде қолданылыш отырған ұлт қатынастары нақты солардың түбегейлі мазмұнын құрайды. Сондықтан да ұлттық қатынастарды ұлттық мүдделер ретінде көрініс табатын құбылыс деуге әбден болады.

Бұл мүдделерді адамдар саналы түрде жете түсінулері, мәнін ұғынулары тиіс. Оларды саналы түрде меңгерген кез келген этнос (халық) өзінің ұлт ретінде қалыптасуына осы жағдайдың да объективті түрде ықпал ететінін түсінеді. Басқаша айтқанда, сол этностың мүддесінде нендей объективті жағдайлардың сай келмейтінін түсіну керек. Бұл дәл осы таңда қалыптасып отырған ұлтаралық қатынастардың мазмұны мен олардың бүгінгі және болашақтағы дамуының бағыттарын терең түсінген кезде ғана қалпына келіп, орайласады. Қалай дегенмен де, бұл өте ауыр міндет, өйткені ұлтаралық қатынастар аса күрделі мәселе, оның үстіне мұндай қатынастар саналы түрде ғана қалыптасып қоймайды, көбінесе ол стихиялы түрде орнығып, нығаяды: мұндайда бұған этностың тамыры терең психологиясына орай туындап, жинақталған қайсыбір дәрежедегі иррационалды күштер де әрекет етеді. Ұлтаралық қатынастардың дамуы — көптеген объективтік және субъективтік факторларға тәуелді.

Қалай болғанда да олардың өз даму логикасы бар, соны түсіну қажет. Алайда, бұл қасиет әркімде бола бермейді, терең ойлайтын, алысқа көз жібере алатындар болжам жасап, логикалық ой түйе алады. Олар өз ұлтының (халқының) тек ағымдағы немесе сол сәттегі мүддесін біліп,

1. Абсаттаров Р. Б., Садыков Т. С Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика. Алматы: Издательский отдел ВАК Казахстана Министерства образования и науки РК, 1999. С. 13-14, 21.

оның астарын түсінумен қатар, ұлттың ұзақ мерзімдік тыңғылықты мүдделерін де ой топшылауынан өткізеді. Соңғы тұжырым әлдебір ұлттың сақталуы мен дамуының, қазіргі және болашақтағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі сол ұлттың экономикалық, саяси және мәдени ұстанымдарының, бағыт-бағдарларының нығаюының негіздеріне қатысты.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, ұлттық мүдделердің мазмұнын қалай түсінуге болады дегенге келетін болсақ, сол ұлттың атынан сөйлейтін қайсыбір саясаткерлердің, саяси партиялардың және қозғалыстардың атқарып отырған саяси-экономикалық қызметі белгілі бір ұлт мүддесін қорғауы, соған сай құрылуы қажет. Себебі жекелеген саяси лидерлердің, партиялар мен қозғалыстардың мүдделері әрдайым бүкіл елдің немесе бүкіл халықтың, үлкен және шағын халықтың шынайы мүддесімен сәйкес келе бермейді. Басқаша айтсақ, оларға пайдалы көрінген дүниелердің бәрі халыққа үнемі ұнамды бола бермейді, яғни ұлттың, халықтың экономикалық, саяси және рухани жағдайын нақты жақсартуға қол жеткізбейді. Сондықтан да әрбір халық өзінің жалпы ұлттық мүдделерін толық және терең түсінуі, оларды жүзеге асыру жолында өздері белсенділік танытуы керек.

Ұлттық қатынастарды саналы реттеу - әр түрлі этностардың мүдделерін үйлестірудің бірден-бір кепілі. Осыған орай туындайтын проблемалар көбінесе мемлекеттік деңгейде шешіледі. Ұлттардың мүдделерін мүмкіндігінше орайластыру, жүйеге келтіру дегеніміз - олардың үйлесімді байланысын дұрыс орнықтыра білу. Мұндайда әрбір ұлттың мүдделері белгілі бір ауқымды деңгейде жүзеге асады және басқалардың мүдделеріне бұл ешқандай нұқсан келтірмейді. Әрине, оған жету оңай міндет емес, алайда оны жүзеге асыруға болады. Бұған қол жеткізу үшін ең алдымен ұлттың соған жан-жақты дайындығы мен қабілеті, әрбір ұлт өкілдерінің нақты өз мүдделері мен басқа ұлттардың мүдделерін түсінуі қажет. Бұл ретте олардың қандай жағдайда, дамудың қай сатысына жақындаса алатынын білу керек. Сонымен бірге алуан түрлі проблемалардың өзара тиімді компромистік шешімін таба білудің де маңызы зор. Атап айтсақ, халықтардың әрқилы географиялық, тарихи себептерге байланысты қалыптасуы, олардың экономикалық және басқа да жағдайлары ұлттардың бір-бірімен бейбітшілікті, ынтымақтастықты сақтай отырып қалыпты өмір сүруіне және дамуына жағдай жасай алады.

Ұлтаралық қатынастардың бүкіл кешенін үйлестіру - халықаралық арасындағы әлеуметтік-саяси және басқа да қатынастарды тек демократияландыру жолдары арқылы ғана жүзеге асады. Сонымен қатар, оны тиімді

жүргізу үшін халықтың ұлттық санасын және саяси институттардың қызметін демократияландыру мен парасаттандыру қажет. Демократияны осы талаптар мен тәсілдер арқылы дамыту барлық халықтардың нақты мүдделеріне сай келеді, әрі ұлтаралық қатынастарды дамытудың объективті

тенденцияларының қолданылу мүмкіндігін кеңейтеді.

Бұлар қандай тенденциялар? Олардың бірі — көптеген ұлттардың экономикалық және саяси дамуындағы дербестігі, олардың мемлекеттігін жетілдіру, рухани мәдениетті дамыту болса, келесі тенденцияға үлкен және шағын халықтардың (ұлттардың) өзара жақындасуы, олардың ынтымақтастығының тереңдеуі, экономикалық және саяси құрылымдардың интеграциясы жатады. Осындай тенденциялар қазір бүкіл дүние жүзінде қалыптасты және қолданыла бастады. Болашақғы жобалау процесінен соң ұлттарды біріктіретін интеграциялық процестер жүреді. Өмірдің нақты ақиқаты осы, оны терең сезіну керек. ТМД елдеріне де бұл мәселеге аса маңыз беріліп, жан-жақты көңіл бөлінуде. Аталмыш тенденциялардың арасындағы диалектикалық өзара байанысты ескеру әр мемлекеттегі ұлт саясатын жүзеге асыруға елеулі түрде ықпал етеді. Бұлай болмаған жағдайда жалпы саясат өмірден, ұлттар мен ұлтаралық қатынастардың дамуының объективтік тенденцияларынан алшақтайды. Қазіргі таңдағы ұлтаралық қатынастардың даму шеңберінде бәріне бірдей ортақ қатынастар болып саналатын мынандай процестерді атап көрсетуге болады: олар - халықтардың этникалық шоғырлануы, топтасуы, яғни олардың саяси, экономикалық, тілдік және мәдени дамуының дербестігі, ұлттық-мемлекеттік тұтастықты нығайту; этностар арасындағы интеграция (бұл процесс өмірдің бүкіл салаларында халықдың қажеттіліктерін бүгінгі таңда барынша толық қанағаттандырудан және болашақта халықтардың ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдетуден тұрады); сіңісу (ассимиляция) - бұл процестің барысында кейбір халықтар дамыған халықтардың арасына сіңіп кетеді; әдетте сіңісу кезінде сол халық бірте-бірте өз тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, этникалық мәдениетін жоғалтып, басқа халықдың тілін және мәдениетін меңгерген, соны иеленген, соған бейімделген саны аз халықтар қатарына жатқызылады.

Бұл процестер қазіргі таңда бүкіл әлемде жүріп жатқандықтан оларды қайсыбір ұлт саясатын жүзеге асырған кезде ескеру қажет. Қалай болғанда да ұлт саясаты атүсті шешетін мәселе емес, оны салмақтап өлшеп барып жүзеге асыру керек. Бұл ретте бүкіл объективтік және субъективтік факторлар кешендері тұтас еске алынуы тиіс. Ұлтаралық қатынастардың негізінде әдетте ұлт мәселелері қалыптасады. Мұндай проблемалар қазіргі қоғамдық құрылымда жиі кездесетін көрініске айналды.

189

3. Қазіргі жағдайдағы ұлт мәселелері

Жоғарыда этнос әлеуметтануының кейбір ұғымдарына қатысты ұлтаралық қатынастар, олардың түрлері мен дамуының негізгі тенденциялары, сонымен қатар ұлттық мүдделердің өзара әрекеттері, оларды ұлт саясаты барысында түсіне білу мен есепке алу мәселелері тұрғысындағы теориялық және методологиялық проблемалар баяндалды. Енді ұлт мәселесі деп аталатын ұғымның мәніне, қазіргі жағдайда оны шешудің теориялық және практикалық жолдары мен тәсілдеріне тоқтала кеткен жөн секілді.

Ұлт мәселесі - нақты-тарихи құбылыс, өйткені қоғам дамуының әрбір кезеңінде ұлт мәселесі белгілі бір әлеуметтік-экономикалық және саяси мазмұнға ие болып келді. Ұлт мәселесі бір ұлттың екінші ұлтты қанауын жоюды, ұлттық бостандық үшін күресіп, оны жеңіп алуды, әлдебір себептермен бөлініп кеткен этностың қайта қосылуын қарастырады десек, оған мынандай мысалдар келтіруге болады: 1975 жылға дейінгі Оңтүстік және Солтүстік Вьетнам, 1990 жылға дейінгі ГДР мен ФРГ, Оңтүстік және Солтүстік Корея және т.б. елдердегі жағдай ұлттардың, халықтардың теңсіздігін түбегейлі түрде жою, ұлттар мен халықтардың өзін-өзі билеуі және т.с.с. Қоғам дамуының әрбір кезеңіне сәйкес әр халықтың өзіндік ұлт саясаты қалыптасады. Осы саясат шеңберінде тез арада шешуді талап ететін келелі мәселелер көтеріліп, жүзеге асырылады.

Ұлт мәселесі кең ауқымдағы ұғым. Олай дейтініміз, жоғарыда айтылғандармен қатар, бір тектес ұлттардың арасында, сонымен қатар ұлттар мен билік жүргізуші өкімет арасында сенімсіздіктің пайда болуы негізінде шиеленіс туындауы мүмкін, әдетте ұлт мәселесі көпұлтты елдерде пайда болады, әрекет етеді.

Барлық елдердегі ұлттардың өзара қарым-қатынастары жалпы адамзат професін анықтайтын бір-бірімен байланысқан екі объективтік тенденцияның әрекетіне бағындырылған. Бір жағынан алғанда, бұл ұлттардың оянуы және ұлттық қозғалыс, кез келген ұлттық езгіге қарсы тәуелсіздікке ұмтылған халықтың күресі, ұлттық мемлекеттер құруға тырысу; екінші жағынан, бұл - ұлттық дамуға қарсы қойылған тосқауылдарды бұзу, бүкіл дүние жүзі халықтарының тыныс-тіршілігіндегі байланыстар мен интернационалдандыруды күшейту. Бұл тенденциялар ұлттық қатынастар дамуындағы әлі де болса объективті қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетеді, сондықтан қоғамдық процестерде олардың осыған қарсы қолданатын әрекетін ескеру қажет. Оларға кез-келген бағыпта қандай да болмасын күш көрсету ұлттық қатынастарды шиеленістіруге әкеліп соқғырады, яғни ұлт мәселесінің аса өткір түрлерінің қалыптасуына түрткі болады.

190

Әлемде әлі де сақталған езгі мен қанау қатынастарын ұлт мәселесінің дәстүрлі шиеленісу сипаты деуге болады. Ұлт ішіндегі таптық ангонизм мен ұлттар арасындағы дұшпандық қатынастар жойылады деп саналып келген еді. Алайда, олай болмай шыққы. Әлемдегі барлық ұлттар қазір әлеуметтік-экономикалық, саяси дамудың шамамен бір деңгейіне көтерілді дегенімізбен, солардың ішінен өктемдік етіп, көш бастаушылардың шығуына орай ұлт мәселесі толық шешім тапты дей алмаймыз. Англияда, мысалы, бұл Шотландия мен Уэльстің төл мәдениеті төңірегіндегі мәселесі. Бельгияда бұл фламандықтар мен валлондар арасындағы тілдік өзара қарым-қатынас мәселесі. Канадада - ағылшын және франко тілді қауымдастықтар арасындағы мәдени-тілдік проблемалар.

Ұлттық қозғалыстарда бүгінде бірқатар заңдылықтар байқалады: ұлт мәселесі әлеуметтік-экономикалық даму мәселесі ретінде, мәдениет пен

тіл мәселесі ретінде, тіптен экологияны қорғау мәселесі ретінде де көрінеді. Ұлт мәселесі әрдайым маңызды саяси мазмұнға ие болады. Саяси демократияның мәселесі ретінде ұлт мәселесі алға шығып, әр кезде де өмір сүріп отырған саяси жүйенің қайсыбір осал жақтарының нұқсанын ашады, тең құқық проблемасын қайта алға тартады. Испанияда бұл бес шет аймақтарда автономия алуда саяси тендікті талап ету тұрғысында көрінді. Бельгияда федерализм мәселесі ретінде қойылды. Канададағы Квебек саяси дербестікке ұмтылуда. Россияда федерацияның түрлі субъектілерін қанағаттандыратын өзара қарым-қатынастардың жаңа формалары іздестірілуде.

Демек, ұлт мәселесі ұлт (халық, этнос) және ұлттық қатынастар дамуының өзара байланысты проблемалары жүйесінен тұрады. Ұлт мәселесі бұл процесті практикада жүзеге асырудың және реттеудің негізгі проблемаларын өзіне қамтиды, бұған аумақ, экология, экономика, саясат, құқық, тіл, мораль-психология мәселелері кіреді. Ұлт мәселесі өзгеріске түспей қоймайды, оның мазмұны тарихи дәуірдің сипатына және нақты қалыптасқан ұлтаралық қатынастардың мазмұнына байланысты өзгереді. Қазіргі жағдайда ұлт мәселесінің негізгі мазмұны барлық халықтардың еркін және жан-жақты дамуынан, олардың ынтымақтастығын кеңейтуден және ұлттық мүдделерді үйлесімді байланыстырудан тұрады.

Көптеген халықтардың ұлттық-этникалық тұрғыдан қайта жандануы және олардың өздерінің өмірлік проблемаларын өз бетінше шешуге ұмтылысы қазіргі дәуірдің айқын көрініс тауып отырған ерекшелігі болып табылады. Бұл дүние жүзінің бүкіл аймақтарында, ең алдымен Азия, Африка және Латыш Америкасы елдерінде жүріп жатыр. КСРО-да бұл белсенді жүрді, ал бүгінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында (ТМД) қарқынды іске асырылуда.

191

Халықтардың этникалық қайта жандануының және олардың саяси белсенділігі артуының негізгі себептерінің қатарында мыналарды айтуға болады. Біріншіден, бұрынғы отаршыл империялар мен қазіргі кейбір федеративтік мемлекеттер шеңберінде халықтардың құқығы мен даму мүмкіндіктерін шектеуге әкеліп соқтырған әлеуметтік әділетсіздіктің бүкіл элементтерін жоюға деген халықтардың ұмтылысы. Екіншіден, бүкіл халықтардың әл-ауқат жағдайларын теңестіретін және оларды ұлттық төл ерекшелігінің жойылуына әкеп соқтыратын қазіргі технологиялық өркениеттің, урбанизацияның және жалпылама мәдениет дейтіннің таралуымен байланысты процесті көптеген этностардың қаншалықты қабылдауы. Бұған жауап ретінде халықтар өздерінің ұлттық мәдениетін қайта жандандырып, дамытуға мейлінше белсенділік танытып отыр. Үшіншіден, халықтардың өз аумақтарында орналасқан және өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыруда маңызды рөл атқаратын табиғи ресурстарды өз бетінше пайдалануға тырысуы.

Аталмыш себептер қайсыбір дәрежеде ТМД елдерінде, әсіресе Ресей Федерациясында халықтардың этникалық қайта жандану процесінде бай-

қалады. Бұған халықтардың өз ұлттық мемлекеттігін нығайту мен дамытуға деген талабымен байланысты әлеуметтік-саяси сипаттағы себептер, халықтардың қазіргі техникалық өркениеттің және жалпылама мәдениеттің күйретушілік әрекеттеріне көзқарасы, сонымен қатар халықтардың өз табиғи байлықтарын өз бетінше пайдалануға деген талаптары жатады. Олар экономикалық және саяси дербестік, тәуелсіздік үшін күрес өздерінің бүкіл өмірлік проблемаларын аса табысты шешуге көмектеседі деп санайды. Бірақ тәжірибенің көрсеткеніндей, біріншіден, барлық халықтар өз саяси құқық-тарын өте салмақтап, ойластырып қолдануы қажет, өйткені олардың әрқайсысы басқа халықтардың дәл сондай құқығын ескеруі тиіс, екіншіден, кез-келген халықтың ұлттың қайта жандануы тарихи қалыптасқан экономикалық, саяси және мәдени байланысы бар өзге халықтармен тығыз ынтымақтастықпен достастық негізінде іске асатынын ұмытпау керек.

Қазақстан этникалық құрамы жағынан бірегей мемлекет. Онда тұратын 14 953 126 жалпы халықтың 7 985 039-ы қазақтар, 4 479 618-і орыстар, ал қалған 2 654 811 адам - 100-ден астам аз халықтың өкілдері. Бұлар бірге өмір сүріп, еңбек етеді.

Қазақстанның көп этносты мемлекетке айналуының негізін патша өкіметі қалады, одан әрі бұл процесті тездете жүргізген кеңестік тоталитарлық режим болды. Соның салдарынан еліміздің халқының құрылымы үлкен өзгерістерге түсті. Әсіресе, екінші дүнижүзілік соғысқа дейін, соғыс және соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан жеріне Қиыр Шығыстан 102 мың кәріс, Батыс шекарадан 105 мың поляк, Еділ бойынан 400 мың 192

неміс, 2000 қалмақ пен 30 мың қарашайлар, 18 мың Қырым татарлары мен болгарлар, 310 мың шешендер, 79 мың ингуштер, сонымен қатар мындаған гректер, күрттер, түріктер, грузин месхеттері, 900 тәжік басмашысы күштеп Қазақстанға қоныс аударылуы халық құрамын өзгертуге зор ықпал етті. Нәтижесінде республика халқының саны 1 миллионнан астам адамға артты. Осы қоныстандыру арқылы өкімет ұлтаралық қарым-қатынасты бірнеше бағытта жүзеге асыра бастады:

- сырттан әкелінген халықтар есебінен жергілікті халықты сандық жағынан азшылық халыққа айналдыру көзделді;

— атамекенінде бірыңғай тұрып келген аталмыш халықтарды Қазақстанға және т.б. жерлерге шашырата қоныстандыру арқылы оларды аз халықтар құрамына айналдыру процесі жүргізілді;

- саны жағынан аз болғандықтан бұл халықтар ірі халықтармен ассиляцияға түсіп жойылады деген сенімде болды. Бұл жерде мәжбүр ету жолы қолданылды. Олардың ана тілінде мектептер және т.б. ашылмауы соған дәлел. Кейбір аз халықтар өз төл мәдениетінен айырыла бастады. Мұнан кейін ұлтаралық некеге ерекше мән берілді. Қазіргі күнге дейін бұл процесс сақталып, Қазақстанда некеге отырудың жалпы мөлшерінің орта есеппен 25%-ін ұлтаралық некелесу құрайды, ал үлкен қалаларда бұл көрсеткіш 40%-ке жеткен. Республикамызда шамамен 750 мыңдай ұлтаралық отбасылары бар және әрбір жетінші нәресте осындай отбасыларда

дүниеге келеді. Дегенмен өкіметтің жоғарыда аталған саясаты толық нәтиже бере алмады. Себебі жергілікті халық пен зорлап көшірілген халықтар өз менталитеттерін берік ұстанған еді.

Тоталитарлық режим интернационализацияландыру ұранын бетке ұстап, жалпы халық құрамында аз халықтардың санын көбейту үрдісін бейбіт жолмен үдете түсті. Әр түрлі ұлттардың 54,3 млн адамы өз ұлттық-мемлекеттік бірлестігінен тыс жерде тұрды, шамамен 6 млн адамның өз аумағын-ұлттық бірлестігі тіптен болмаған. Ал олардың сандық мөлшері мынаған саяды: 22 ұлт 1 миллионнан астам адамдардан тұрса, 33 ұлт 100 мыңнан 1 миллионға дейін және 30 ұлт 10 мыңнан 100 мыңға дейін адамдардан құралған. Қалғандары саны 10 мыңнан аз адамдарды құрады. Бұл фактілер аз халықтардың қалыптасуы жасанды жолмен жүретін және ұзаққа созылатын процесс екендігін көрсетеді.

Қазіргі Қазақстан Республикасында КСРО кезіндегі осындай ұлттар тұрып жатыр. Бұл заңды процесс, бірақ олардың сандық және сапалық

1. Саясат. 1996. №2.

2. Национальные отношения. Словарь. М., 1997. С. 127.

193

жағынан көрсеткіштері өзгерген. 1989 жылы халық санағында украиндықтар қазақстандық бүкіл халықтың 5,4%, немістер 5,8%, татарлар 2,0%, белорустар 1,1%, поляктар 0,4%, шешендер 0,3%, башқұрттар 0,3%, гректер 0,3%, болгарлар 0,1%-ін құраса, 1999 жылы халық санағының нәтижесінде осы халықтар, жоғарыда орналасуына сәйкес, бүкіл халықтың 3,7%, 2,4%, 1,7%, 0,7%, 0,3%, 0,2%, 0,2%, 0,1%, 0,0%-ін құрады[^]

Қазақстанды мекендеген басқа да аз халықтардың сандық көрсеткіштері бұлардан да төмен. Аз халықтардың адамдарының санының күрт төмендеуі олардың тарихи отандарына қоныс аударуымен, басқа жерлерге көшіп-қонуымен, дүниеге нәресте әкелудің азаюымен, тағы да басқа объективтік жағдайлармен байланысты түсіндіріледі.

Бұл халықтардың дамуы қазақ халқының оларды өз маңына топтастырушы рөлін дұрыс атқаруына тікелей байланысты. Ал аз халықтар өз кезегінде еліміздегі ұлтаралық келісімді қолдап, өтпелі кезеңдегі және ұзақ мерзімдік саяси тұрақтылықты сақтауда ықылас білдіріп, болашаққа үлкен үмітпен қарайды. Республикамызда аз халықтар мүдделерін іске асыру үшін түрлі әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайлар жасалуда. Мұндай жағдайлар олардың сапалық күйін жақсартты. Әсіресе, аз халықтардың мәдени орталығы институттарының құрылуы олардың төл мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін дамытуға үлкен ықпалын тигізіп отыр. Мұндай орталықтардың ең басты жұмысының бағыты — ағарту ісін дұрыс жолға қойып, оны барынша өркендету. Аз халықтардың балалары үшін арнайы балабақшалар, мектептер ашылып жұмыс істеуде. Бұл оқу орындарында өз ана тілдерін терендетіп оқыту қолға алынған. Ана тілін білмейтін жастарға қосымша жексенбілік мектептер ашылған. Онда білім берумен қатар, әр түрлі кездесулер, кештер, байқаулар, т.б. шаралар аз халықтар тілінде

өткізіледі. Аз халықтар балаларын оқытатын мектептерде мемлекеттік тілді оқытуға да зор көңіл аударылып отыр. 1999 жылғы халық санағының нәтижесі бойынша 14 млн 953 мың 126 адамның 9 млн 631 мың 308-і мемлекеттік тілді білетінін мәлімдеген. Ал 1 млн 123 мың 572-і нашар білетінін, 5 млн 321 мың 750-і тіптен білмейтіндігін хабарлаған. Яғни мемлекеттік тілді республикамызда тұратын халықтың 64,4%-і біледі. Бұл деректер аз халықтардың қазақ тілін меңгерудегі үлесі айтарлықтай, қазақ тілін меңгеруді бұл халықтар республикамыздағы ұлтаралық қарым-қатынастарды одан әрі үйлестірудің және нығайтудың бірден-бір алғышарты деп санайтынын көрсетеді.

1. Краткие итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Алматы, 1999. С. 11.

2. Бұл да сонда.

194

Аз халықтардың сапалық көрсеткішін жақсартуда Қазақстан Республикасы ел басшысының тікелей ұсынысымен құрылған Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы институты маңызды рөл атқарып отыр. Елімізде тұрып жатқан бүкіл халықтың, әсіресе, аз халықтардың саяси мұрат-мүдделерін жүзеге асыруда бұл институт тиімді еңбек етіп келеді. Аз халықтардың мүдделерін өздері құрған саяси партиялар, өздері сайлаған Парламент депутаттары да қорғауда. Парламент қабылдаған Конституция еліміздегі аз ұлттар мен халықтардың тең құқықтығын жариялаған. Оның баптары ұлтаралық қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған. Аз халықтарға жататын адамдардың ұлттық кемсітушілігіне жол бермейді. Адамдардың тек қарым-қатынаста болуы құқықтың қорғалуына негізделген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы осы сала бойынша бірнеше халықаралық құжаттарға қол қойды. БҰҰ-ның шеңберінде Адам құқының жалпы декларациясын, Нәсілдік кемсітушіліктің барлық формаларын жою туралы Конвенциясын (1995 жылы 11 қаңтарда Қазақстан қол қойған), Бала құқы туралы Конвенциясын (1994 жылы 12 тамызда Қазақстан қол қойған), ОБСЕ шеңберінде Адам критерийлері бойынша Копенгаген конференциясының құжатын мойындап мақұлдады. Осы құжаттарда белгіленген принциптерді мемлекеттік саясатта басшылыққа алу - ұлтаралық қатынастарды демократияландыру мен адам құқын қорғауды ұтымды шешудің маңызды кепілі.

Түрлі меншік формаларының енгізілуімен байланысты аз халықтардың таптық-әлеуметтік құрылымы да сапалық өзгеріске ұшырады. Олардың қатарынан бизнесмендер, іскер адамдар, фермерлер, т.б. жаңа әлеуметтік топтар пайда болды. Осы топтардың қоғамдағы әлеуметтік статусы биіктеді. Бұлар еліміздің экономикасын дамытуға өз үлестерін қосып келеді.

Дей тұрғанмен, Қазақстан Республикасында тұратын аз халықтарда әлеуметтік-экономикалық проблемалар жоқ емес. Әлеуметтанушылардың мәліметтеріне қарағанда, аз халықтардың мүддесіне, жалпы ұлтаралық қарым-қатынастарға бұл проблемалар біршама қауіп-қатер төндіруі

ықтимал. Анкеталық сауалнамаға қайтарған жауаптарында респонденттердің 69,2%-і бұл проблемалардың орын алуын азық-түлік бағасының жоғары болуымен және онымен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігімен, 52,6%-і - адамдардың әл-ауқатының төмендігімен, 46,5%-і - қылмыстың артуымен, 33,4%-і - жұмыссыздықтың көбеюімен, 32,3%-і - ұлтаралық қарым-қатынастың шиеленісуімен, 23,4%-і — халықтың байлар мен кедейлерге жіктелуімен, 27,4%-і — экологиялық ортаның нашарлауымен, 9,3%-і республика аумағына талап қоюымен, 2,8%-і — діннің күшеюімен және республика экономикасына шетел капиталының ендірілуімен түсіндіреді.

195

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі — экономикалық модельді, соның ішінде нарықтық экономиканың тиімді үлгісін іздестіру және оған ену кезеңі. Жекешелендірудің негізінде мемлекеттің экономикалық билігін шектеу, нарықғы әлеуметтік жағдайға бағыттай отырып реформалау, жеке меншікті қалпына келтіру, азаматтардың еңбек және заттық автономиясына құқықтық кепілдік беру сияқты экономикалық реформаның негізгі принциптері жүзеге асырылуда. Алайда, технологиялық жетістіктер, бәсекелестіктің артуы, мемлекеттік қолдаудың жойылуы аз халықтардың көптеген адамдарына қорқыныш ұялатып отыр. Өздерінің әлеуметтік күйінің нашарлауын олар аталмыш өзгерістермен байланыстырады.

Мәдени салада да аз халықтардың кейбір проблемалық мәселелері сақталған. Атап айтқанда, олардың ана тілінде радио-теледидар хабарлары өте аз көлемде беріледі, кейбір халықтардікі мүлдем берілмейді. Сондықтан мемлекет тарапшан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді реттеп отыру, аз халықтар тілінде арнайы радио-теледидар арнасын ұйымдастыру қажет.

Халықтар арасында өзара тиімді ынтымақтастықғы дамыту олардың негізгі құқықтарын өзара мойындау мен құрметтеу негізінде іске асады. Бұл құқықтар халықтар ұйымдарының, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) көптеген құжаттарында бекітілген. Әңгіме бүкіл халықтардың төменгідей құқықтары туралы болып отыр:

— өмір сүру құқығы, қайсыбір халықты және оның мәдениетін қандай формада болмасын жоятын геноцид және этноцид дейтіндерге тыйым салу құқығы;

— өзін-өзі тану құқығы, яғни азаматтардың өздерінің қай ұлтқа жататынын анықтауы;

- егемендік, өзін-өзі басқару құқығы;

- мәдени ерекшеліктерді сақтау құқығы, соның ішінде тіл мен білім беру саласын, ұлттық мұралар мен халықтық салт-дәстүрлерді сақтау құқығы бар;

— халықтардың өздері тұратын аумақтың табиғи байлығы мен ресурстарын пайдалану үшін бақылау орнату құқығы, мұның көкейтестілігі шаруашылықта жаңа аумақтарды қарқынды игерумен және экология проблемаларының шиеленісуіне байланысты ерекше артып отыр;

— әрбір халықтың дүние жүзі өркениетінің қол жеткен табыстарып

игеруіне жол ашу және оларды пайдалану құқығы.

Жоғарыда атаған барлық халықтардың құқығын практикада жүзеге асыру олардың әрқайсысына және бәріне бірдей ұлт мәселесін оңтайлы шешу жолында жасалған маңызды қадам болып саналады. Осыған орай бұл мәселеге байланысты объективтік және субъективтік факторларды

196
терең есепке алу керек, экономикалық, саяси және таза этникалық сипаттағы көптеген қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтарды жою қажет.

Осы қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтардың көпшілігіне КСРО мен оның бұрынғы республикаларының саяси жүйе саласында жүргізген реформалары кезікті. Мысалы, халықтардың табиғи ерекшелігін сақтауға және өз алдына дербестігін алуға ұмтылулары және оларды жүзеге асыру күтпеген тенденцияларға соқтырып, Кеңес Одағын ыдыратты. Бұл жағдай көпшілік үшін күтпеген оқиға болды. Бүгінде бұрынғы Кеңес Одағының республикалары мен халықтары тұтас экономикалық, экологиялық, мәдени және ақпараттық кеңістікті сақтамайынша қалыпты өмір сүріп, ойдағыдай дами алмайтынына көз жетіп отыр. Ғасырлар бойы қалыпташып, халықтар өмірінің негізіне айналғандардың бәрі лезде шорт тыйылды, бұл халықтардың бүгінгі жағдайына әсер етті.

Көптеген келеңсіз жағдайлар бүгін де ойландырады. Сондықтан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер экономика, экология, мәдени алмасу және т.б. салаларда мемлекетаралық қатынастарды реттейтін құрылымдар құру мәселесін нақты қойды және ол өз шешімін табуда.

Бірақ Достастық мемлекеттері арасында тең құқықтық және өзара тиімді ынтымақтастықты қалыптастыру процесі көптеген мәселелерді шешуді талап етеді, соның ішінде адамдар, заң және атқарушы өкімет билігінің әртүрлі деңгейінде қызмет істейтін кейбір саясаткерлердің санасы мен іс-әрекетіне сіңісті болған ұлтшылдық пен шовинистік пиғылды жою керек.

Ресей Федерациясының ұлт мәселесінде қол жеткен табыстары да, әзірге шешілмеген проблемалары да бар. Бұрынғы автономиялы республикалардың бәрі өз шешімдерімен өздерінің ұлттық-мемлекеттік мәртебесін өзгертті. Олардың аттарынан «автономия» жойылып, бүгінде олар Ресей Федерациясының құрамындағы республикалар деп аталатын болды. Олар шешетін мәселелердің ауқымы кеңейді, мемлекеттік-құқықтық мәртебесі артты. Кейбір автономиялы облыстар өздерін Ресей құрамындағы дербес және тәуелсіз республикалармыз деп жариялады. Мұның бәрі Ресей Федерациясының құрамындағы бүкіл республикалармен бір мезетте олардың мемлекеттік-құқықтық мәртебесін көтерді және теңестірді.

Бірақ осындай оң құбылыстармен қатар жағымсыз жағдайлар да орын алып отырғанын айту керек. Ең алдымен Ресей Федерациясы субъектілерінің мемлекеттік дербестігі мен тәуелсіздігін арттыру барысында кейде идеологияда, нақты саясатта ұлтшылдық пен сепаратизм қатар көрініс табады. Кейбір сепаратистер Ресей мемлекетінің бірлігі мен тұтастығын

бұзуды көздеп, Ресейдің орталық заң және атқарушы органдарына өз рес-
197

публикаларын қарсы қоюды ұйымдастырады, Ресей Федерациясының құрамынан өз республикаларының шығу бағытын ұстанады. Мұндай әрекеттер саясаткерлер мен шағын ұлтшыл топтың жеке мүдделері үшін жасалады, одан тек халықтың басым көпшілігі зардап шегеді. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, кейбір саяси жетекшілердің, саяси топтар мен партиялардың ұлтшылдық және сепаратистік саясаты республикаларға, ең алдымен олардың экономикалық дамуына, сонымен қатар осы республикалар және бүкіл Ресей халықтарының материалдық, саяси және рухани мүдделеріне үлкен нұқсан келтіреді. Халықтар экономикалық тұрғыда ғана емес, туыстық қатынас тұрғысында да өзара байланысты, себебі олардың тағдырлары ортақ.

Ұлы державалық шовинизм сияқты ұлтшылдық пен сепаратистік саясат кімнен шыққанына қарамастан ұлттық шиеленістерге әкеп соқтырады.

Ұлтаралық шиеленістер — бұл саяси, аумақтық, экономикалық, тілдік, мәдени, діни проблемаларды шешу барысында ұлттар (халықтар) арасында пайда болған қарама-қайшылықтардың шектен тыс асқынуы. Әңгіме этностар және олардың жеке өкілдері арасындағы шиеленістер туралы болып отыр. Мұндай шиеленістер ұлттық-этникалық топтар болып бөлінетін саналы халықтардың әлеуметтік-психологиялық және идеологиялық деңгейлерінде, сонымен қатар заң шығарушы және атқарушы биліктің ұлттық-мемлекеттік құрылымдарының қызметі деңгейінде пайда болып, өрекет етуі мүмкін.

Ұлтаралық шиеленістердің кеңінен тараған түрлеріне төмендегілер жатады:

1) Мемлекеттік-құқықтық шиеленістер. Мұның негізіне олардың өз мемлекеттігінің болмауы, немесе олардың құқықтарының тар шеңберде шектелуіне орай мемлекет статусына ұлттың қанағаттанбауы жатады. Анығырақ айтсақ, бұл өзі құрамына еніп отырған кез келген ұлттың өздері бағынатын мемлекеттің өкімет билігінің құрылымы мен тепе-теңдіктің бірдей еместігіне деген наразылығынан туындайтын шиеленістер. Мәселен, абхаз-грузин, осетин-грузин, Шешенстандағы оқиға және басқа да аймақтардағы шиеленістерді мысалға алуға болады.

2) Этно-аумақтық шиеленістер. Әдетте бұның тарихи тамырып тереңнен іздестіру керек болады. КСРО тұсында ұлттық-аумақтық шекаралар жобамен межеленіп, бірнеше рет ұзартынды немесе қысқартылып тұрды. Бұл заңды құбылыс ретінде қабылданды. Шиеленістің мұндай түрі аса қауіпті құбылыс әрі оның шешілуі де оңайға соқпайды. Халықтар күштеп қоныс аударылған жерлерден енді өздерінің бұрын тұрған аумақтарына, атамекендеріне қайтып оралу құқығын жүзеге асыру және сол жерлерге қоныстану кезінде олардың бұрынғы тарихи отандарында осы этноаумақтық

198
шиеленістер тағы да өрби түседі, әрі оның зардаптары да оңай болмады. Бұған Қырым татарлары, Таулы Қарабах, т.б. өңірлердегі

шиеленістерді дәлел ретінде келтірсек те жеткілікті.

3) Этно-демографиялық шиеленістер. Басқа тілде сөйлейтін бөтен халықтың қоныс аударып келуіне орай сол жердегі этностың олармен араласып, сіңісіп кетуі көп жағдайда қиынға түседі, тіпті кейде олар өзара тіл табысып, ымыраласа да алмайды. Мұндай жағдайда жергілікті ұлттың құқығын қорғау басты міндет саналады да, сырттан келгендер үшін әр түрлі шектеулер қойылады.

4) Ұлтаралық шиеленістерді халықтың миграциялануы, көшіп-қонулары да күшейте түседі. Себебі тығыз отырған елдің ортасына босқындардың сыналап кіруі тірлік көздерінің ауқымын тарылтқандықтан күн-көріс қамын ойлаған босқындар мен жергілікті халықтың арасында шиеленістің тағы бір түрі өрбиді. Оны ұлтаралық шиеленістер дейміз.

Ұлттық шиеленістердің ушығуы мемлекетаралық деңгейге жеткенде тым асқынып, шектен шығып кетеді. Мұндай жағдайда тек өздерінің қарақан басының мүдделерін іске асыруды көздеген кейбір саясаткерлер онсыз да тұтанып тұрған отқа май құя түседі. Олардың бұл мақсатын түсінбеген халық шиеленістің өршуіне өздері белсене араласады да, нәтижесінде соның зардаптарын өздері тартады.

Ұлтаралық шиеленістер көбінесе тарихи тұрғыда қалыптасқан халықтардың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуімен де сипатталады. Себебі шегіне жете қордаланған, тамырланған мұндай жағдай халықтың наразылығын тудырып, содан барып олар өз құқығы үшін әділетті күреске шығады.

Қалай дегенмен де, қашан болмасын барша ұлттардың, бүкіл халықтың мұң-мұқтаждарын, мүдделерін саралап орындаудың жолдарын қарастыру керек. Өз мүддесін, бір өзінің ғана баюын мақсат тұтқан жеке тұлғалар мен ұлтшылдар немесе шовинистік топтар шиеленісті ушықтырмаса, тоқтата алмайды. Сонымен бірге ұлтаралық шиеленістерді демократиялық тәсілдермен шешуге ұмтылу керек. Бұл жерде этнос әлеуметтануының өз рөлін мүлтіксіз атқаруына мүмкіндігі бар.

Көпұлтты қоғамның ұлтаралық шиеленістерді дер кезінде көре білуі және оны өрбітпей, өркениетті тәсілдерді қолдану арқылы шешуге қабілеттілік көрсетуі — бұл оның азаматтық кемеліне келгендігі мен демократизмнің қалыптасқандығының айғағы. Бұл құқықтық мемлекет қызметінің маңызды саласын құрайтын ұлтаралық қатынастарды құқықтық тұрғыда реттеуде ерекше орын алады. Азаматтық қоғамды жан-жақты дамыту, саяси жүйені демократияландыру және құқықтық мемлекет құру - қазіргі жағдайда ұлт мәселесін өркениетті жолмен шешудің маңызды

199 әлеуметтік алғышарттары болып саналады. Сондықтан да халық мейлі көпұлтты мемлекетте болсын, әйтеуір, достықта, бейбітшілікте өмір сүруге тиіс.

Ұлтаралық шиеленістерден алдын ала сақтану және оларды жою механизмдеріне:

— алдын ала болжам жасау; Бұл ретте жағдайды білу шиеленіс пісіп-

жетілгенге дейін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді;

— ұзақ дайындалуды және аса мол шығын жұмсауды талап етпейтін ұйымдық-саяси және түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы аса өткір мәселелерді жедел шешу;

- бейтарап жақтың қатысуымен қарама-қарсы тұрған, басқа пиғылдағы жақтармен диалог, келіссөз процесін жүргізу;

— экономикалық, саяси, әкімшілік-құқықтық жазалау шараларыш, қоғамдық тәртіпті қорғау органдарының күшін қолдану;

- шиеленісті бәсендету мен мәселені конституциялық жолмен шешу үшін құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени алғышарттар жасау;

— шиеленістердің алдын алуға мұрындық болатын және бейбітшілік орната алатын пайдалы, керекті мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми-зерттеу институттарын, «үшінші сот» пен арбитраж институттарып, өкіметтік емес ұйымдарды құрып, олардың жұмыстарын ұйымдастыру;

— ұлтаралық шиеленістердің барлық түрлерін тоқтату үшін, әлеуметтік-экономикалық фактордың рөлін ескеріп, экономикалық, шаруашылық байланыстарды сақтаудың немесе қалпынша келтірудің жолдарын табу. Сонымен бірге нарықтық қатынастарды, кооперацияны дамытудың, бірлескен кәсіпорындарды салудың және т.с.с. өркендетудің алатын орны да ерекше;

- рухани ынтымақтастықтың инфрақұрылымын құру, туризмді, спортты және т.с.с. дамыту жатады.

Ұлтаралық қатынастарды нығайтуда отбасы маңызды рөл атқарады. Отбасы мен неке арнайы қаралатын әлеуметтану теориясының негізгі мәселелерінің қатарына жатады.

1. Әбсамтаров Р, Б, КСРО-ның күйреуі және егемен Қазақстан // Ақиқат. 2001. №11. 17-6.

200

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАҚЫРЫП

ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Отбасы және неке әлеуметтануының адамның тіршілік әрекетінің формасы ретінде отбасының өмір сүруі, дамуы мен өзгеруінің ішкі және сыртқы факторларының жүйесін, сонымен қатар оның құрылымын және қоғамдағы әлеуметтік функцияларын қарастыруды қамтиды.

Отбасы және неке әлеуметтануында әлеуметтік қатынас ретіндегі неке және осы қатынастың негізі болып саналатын әрі тарихи белгілі бір ұйымдасқан ерекшелікті әлеуметтік жүйе ретіндегі отбасы арасында қайсыбір айырмашылықтар қалыптасқан. Осыдан келіп, неке әдетте әйел мен еркектің арасындағы тарихи өзгеріске түсетін қатынастардың әлеуметтік формасы ретінде пайымдалады. Ал отбасын тарихи белгілі бір ұйымдықты меңгерген шағын әлеуметтік топ ретінде және бір мезетте ерекше әлеуметтік институт ретінде қарастыру анықталған. Отбасына деген әлеуметтік қажеттілік ең алдымен қоғамның халықты физикалық және

рухани жағынан ұдайы өндіру мұқтажығынан туындаған. Отбасындағы көшбасшылық, оны анықтаудың өлшем-бірліктері, отбасының қоғам алдында атқаратын міндеттері, некеге отыру мен ажырасудың уәждері үлкен зерттеуді тудырып келе жатқан мәселелердің қатарына жатады.

1. Отбасы әлеуметтануының пәні мен оның функциялары. Некенің мотивтері және ажырасудың себептері

Отбасы - ежелден қалыптасып қана қойған жоқ, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі элементтерінің біріне айналды. Отбасы ерлі-зайыптылардың арасындағы, ата-ана мен балалар арасындағы, басқа да туыстық тұрпаттағы қарым-қатынастарды негіздей отырып, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына орай қоғаммен, мемлекетпен тығыз органикалық байланыста болады.

Отбасында пайда болып, тұрақты орныққан әлеуметтік жағдайды сараптау, оның мән-мазмұнын ашу, сонымен бірге сол ортадағы әке мен шешенің, олардың ұрпақтарының алатын орнын, рөлін, отбасының ішкі құрылысын, атқаратын функциясын және т.б. зерттеу әлеуметтану ғылымының алға қояр аса маңызды талаптары.

Отбасы — белгілі бір әлеуметтік нормалар, санкциялар, мінез-құлық (жүріс-тұрыс), құқық және міндеттер үлгілерімен, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын әлеуметтік институт болып табылады.

201

Сонымен қатар отбасы — некеге немесе қаны бір туыстыққа негізделген, ал оның мүшелері тұрмыстың ортақтығымен, өзара жауапкершілікпен және өзара көмек көрсетумен байланысқан шағын топ. Неке отбасындағы қатынастарды қалыптастырушы болып саналады.

Некенің маңызды принциптері бар. Олардың қатарына жар тандау еркіндігі, сүйіспеншілік, өзара сыйластық, т.б. жатады.

Қоғам некелік байланыстардың нығаюына, отбасының тұрақтылығына мүдделі. Мемлекет отбасына өзінің отбасы және неке туралы заңдарымен ықпал етіп, отбасы мүшелерінің бір-бірімен және олардың қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынастарын реттеп отырады.

Отбасы көптеген қоғамдық ғылымдардың: әлеуметтанудың, экономиканың, құқықтанудың, этнографияның, психологияның, педагогиканың, саясаттанудың және демографияның зерттеу объектісі болып саналады. Олардың әрқайсысы өз пәндерінің ерекшеліктеріне орай отбасының өмір сүруі мен дамуының ерекше жақтарын жете зерттеп қарастырады. Мысалы, әлеуметтану отбасына талдау жасағанда ең алдымен оны некенің негізінде құрылған және белгілі бір әлеуметтік қызметтерді атқарушы әлеуметтік институт ретінде қарастырады, сөйтіп некенің тұрақты немесе тұрақсыздығының себептерін және отбасын нығайтудың жолдарын зерттеуге көңіл аударады. Осыдан келіп әлеуметтік институт пен шағын әлеуметтік топтың белгілерін өз төңірегіне жинақтаған отбасы-

ның пайда болуы, оның өмір сүруі мен дамуы заңдылықтарын зерттейтін әлеуметтанудың тағы бір саласы - отбасы әлеуметтануы қалыптасты.

Отбасы әлеуметтануы екі бағытта дамып келеді. Оның бірінші бағыты бойынша отбасының тарихы зерттеледі, оның шығуының әлеуметтік заңдылықтары талданады. Екінші бағыт әлеуметтік институт ретіндегі (отбасы мен қоғамның өзара әрекетін талдау) қазіргі отбасының қалпын және шағын әлеуметтік топ ретіндегі (отбасы ішіндегі қатынастарды зерттеу) жағдайын зерттейді.

Әлеуметтік институт тұрғысынан отбасыны қарастырғанда неке-отбасы қатынастары саласындағы қоғамдық сананың қалыптасуына, әртүрлі жағдайдағы халықтың қайсыбір топтарының отбасылық тәртібіне жалпылама сипаттама беруге, отбасының негізгі міндеттерін жүзеге асыру тиімділігіне және т.б. баса назар аударылады.

Отбасын шағын әлеуметтік топ ретінде зерттегенде қазіргі отбасының даму кезеңдерінің, құрылымдарының және атқаратын қызметтерінің қалыптасу жағдайлары, әке-шеше мен олардың ұрпағының арасындағы өзара қарым-қатынас, отбасындағы міндеттерді әркімге бөлу, ажырасудың себептері мен мотивтері және т.б. осындай мәселелер қарастырылады.

202

Әлеуметтану отбасының функцияларына, отбасы саласындағы келеңсіз құбылыстарға (ажырасу санының артуы, көптеген отбасыларының дүниеге бір ғана нәресте әкелуге бағыт ұстануы, жалғыз бастылардың санының өсуі, т.б.) талдау жасауға да үлкен көңіл аударады.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда отбасы белгілі бір локалдық құрылымы және атқаратын әлеуметтік қызметтерінің ерекшеліктері арқылы сипатталады.

Отбасының локалдануы — бұл тек туыстық қарым-қатынастармен шектеліп қалмай, туыстардың бірлесе өмір сүретіндігін де мойындайды, сондықтан олардың тұрмысында ортақ элементтердің болуы, отбасы мүшелерінің экономикалық өзара көмек көрсетуі үнемі ұшырасып тұрады. Бұл тұрғыдан алғанда отбасын қоғамның экономикалық ұясы ретінде қарастыруға болады.

Отбасының құрылымы - бұл оның негізгі элементтерінің тұтастығын қамтамасыз ету тәсілі болып саналады. Отбасының құрылымы мен тәртібі, өмір салты, дәстүрі, өзге отбасыларымен және қоғаммен өзара қарым-қатынастары бір-бірімен тығыз байланысты екені рас

Отбасылары қоғамдық басқа да институттар іспетті белгілі бір функциялар атқарады. Отбасының функциясы дегеніміз оның белгілі бір әлеуметтік салдары бар қызметі. Өзге институттардың атқаратын міндеттерінен мұны жеке-дара бөліп көрсету үшін отбасы қызметін ерекшелікті және ерекшеліксіз деп ажыратады. Отбасының ерекшелікті қызметтері оның отбасылық мәнінен келіп шығады және қоғамдық құбылыс ретінде отбасының ерекшеліктерін бейнелейді, ал ерекшеліксіз қызметтер белгілі бір тарихи жағдайға орай еріксізден немесе бейімделуден туындайтын отба-

сының міндеттері. Отбасының ерекшелікті, қызметтеріне:

- халықтың ұдайы өсіп-өнуі, яғни дүниеге нәресте әкелу;

- балаларды асырап, сақтау (экзистенциалды);

— балаларды тәрбиелеу (әлеуметтендіру) жатады.

Бұл қызметтер қоғамның әр дәуірде өзгерістерге түсуіне қарамастан отбасының ертеден келе жатқан міндеттері болып саналады.

Отбасының ерекшеліксіз қызметтері жеке меншіктің жинақталып қорлануы мен оған ие болу жөніндегі статусты, өндіріс пен тұтынуды, үй шаруашылығын жүргізу мен демалуды ұйымдастыруды, отбасы мүшелерінің денсаулығы мен амандығына қамқорлық, микроахуал жасауды қамтиды. Бұл қызметтердің бәрі отбасы мен қоғам арасындағы байланыстың тарихи сипатын көрсетеді, отбасындағы нәрестенің дүниеге келуі, оның күтімі мен тәрбиесінің қалай жүретіндігі назардан тыс қалмайды.

1. Харчева А. Г. Быт и семья в социалистическом обществе. Л., 1968. С. 16.
203

Сондықтан отбасындағы өзгерістер әр түрлі тарихи кезеңдегі олардың ерекшеліксіз қызметтерін салыстырудан байқалады. Айталық, жаңа бір жағдайға орай қызмет түрлері де модификацияланады, шеңберін тарылтады немесе кеңейтеді, толық немесе жартылай іске асады, тіптен жойылып кетуі де мүмкін.

Қазіргі кездегі халықты ұдайы көбейтіп, өсірудің (репродуктивтік) жағдайына тоқғалатын болсақ, онда еліміздегі өр отбасында екі немесе үш баладан болуы керек, сонда ғана халықтың саны азаймайды. Алайда, бүгінде дүниеге нәресте әкелу деңгейінің төмендеуі, қарттардың санының артуы, бір балалы немесе баласыз отбасыларының көбеюі, некесіз туған сәбилер санының артуы байқалады. 80-жылдарда қалыптасқан қағида бойынша көптеген отбасылар баланы күтуге, асырауға, жақсы тәрбие беруге жағдай жоқ, оған баспананың тарлығы, материалдық қиыншылықтар, үй шаруашылығының ауырлығы мүмкіндік бермейді десе, енді берулері ең алдымен өздері үшін өмір сүргісі келетіндерін желеу етті. 90-жылдары бала тууды шектеудің сылтаулары мен қағидаларында басқа да үлкен өзгерістер байқалды, соның ішінде материалдық-экономикалық себептер, ертеңгі күнге деген сенімсіздік алдыңғы қатарға шықты. Ажыраулар, некеге адамдардың кеш отыруы да (35—40 жаста) бала туу санының азаюына әкеліп соғуда. Елдің әр аймақтары мен халықтың әрқилы топтары арасында дүниеге нәресте әкелу көрсеткіштері әр түрлі. Қазақстандағы экономикалық дағдарыс украин, орыс, беларус, неміс, корей, татар диаспораларының нәрестелі болуына аса кері әсер етті. Бұларда адамның ұдайы өсу қарқыны байқалмайды. Қазақ халқының да жағдайы соларға жақын. Жұмыссыздық, балаларға арналған тауарлар бағасының артуы, мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы мөлшерінің төмен болуы, т.б. себептер ата-аналардың қоғам алдындағы ерлі-зайыптылық парыздарын орындау арқылы өмірге нәресте әкелу жөніндегі міндеттерін жүзеге асыруға кедергі келтіріп отыр.

Халықтың ұдайы өсуі мен күнделікті бала тәрбиелеу жөніндегі мәселелерді бір-бірімен ұштастыратын орта — отбасы. Ол дұрыс қалыптаспай, сәбидің, баланың жан-жақты дамуы мүмкін емес. Оның үстіне отбасын бұл мәселеде бірде-бір институт немесе ұйым алмастыра алмайды. Отбасындағы тәрбие атаулының барлығына әке-шеше тікелей ықпал етеді. Отбасының күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі өзара қамқорлық пен жылылық сезім, туыстық қарым-қатынастар, басқа да жағдайлар баланың бойындағы көптеген мәні зор әлеуметтік сапаларды қалыптастыратын және оның дұрыс дамуына үздіксіз ықпал ететін тәрбиелік күш болып табылады. Өйткені әке-шешенің үлгі боларлық қасиеттері ұл мен қыздың ой-санасының, таным дүңдесінің артуына, адамшылық жақтарының

204
орнығуына әсерін тигізбей қоймайды. Ата-ананың тәрбиесі сәбидің туған күнінен бастау алып, оның жас ерекшеліктеріне сәйкес күрделеніп, тәрбиенің талап-міндеттері күшейеді. Отбасыда ұлдар мен қыздар тәрбиенің маңызды түрлері — еңбек сүйгіштікке, кішіпейілділікке, ұқыптылыққа және т.б. баулынады. Үй шаруашылығындағы еңбекке жасөспірімдерді тарту, соған жаттықтыру арқылы оларды жұмыс істеуге, оны сүйюге тәрбиелеудің маңызы зор. Ата-ананың ішімдікке салынуы баланың тұлға ретінде қалыптасуына кері әсер етіп, олардың мінез-құлықтарының, тәрбиесінің теріс бағыт алуына, сөйтіп жеткіншектің қылмыс жасауына себепкер болады. Отбасындағы тәрбие рөлінің осылайша құлдырауы отбасы ішінде болып жататын аса өзекті өзгерістерге де тікелей байланысты. Отбасында қалыптасқан дәстүрлі ережеден, яғни шаңырақ иесі — ер адам деген қағидадан ауытқып, ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқығын бір деңгейге қою да ер адамның тәрбие барысындағы беделін жойып, оның отбасы мүшелеріне ықпал ету дәрежесін төмендетті. Осыдан барып әкесі мен шешесі отбасындағы біртұтас тұлға деген түйсік-түсінікті бойына қалыптастырып, сіңістіре алмаған жасөспірімдер әкесі мен шешесі бір-біріне мүлде тәуелсіз, бөтен адамдар деп қарастырады. Әлеуметтанушылардың пікіріне сүйенсек, отбасы тәрбиесінің қалыптасқан бірнеше тұрақты стереотиптері бар: бала центризмі, профессионализмі, прагматизмі. Бұлардың біріншісінде балаларға деген жалған махаббат бәрін кешірімпаздыққа сайдырып, соған итермелейді. Мұндай отбасында балалар шолжың болып өседі, тыйым салулар мен жүктелген міндеттерді мойындамайды, соның ішінде ата-ананың алдындағы міндетін, борышын да ескермейді. Әдетте осындай балалардың қалыптасуына отбасындағы ересек адамдар ықпал етеді. Әсіресе бұл бір бала өсіріп отырған отбасында және немерелерін өмірде кездесетін қиыншылықтардан қызғыштай қорыған әжесі мен атасының тәрбиесіне берілген балалар бойында жиі кездеседі. Осының салдарынан өзіне қойылатын жауапкершілікті қабыл алмайтын инфантильді жас адамдар легі өсіп-жетілуде. Профессионализмге келетін болсақ, онда ата-аналар балаларының тәрбиесін бала-бақшалары мен мектептердегі кәсіби тәрбиешілер, педагогтардың иығына артып, өздері тәрбие беруден тыс қалады. Мұндай ата-аналар өз балалары-

на материалдық жағдай жасауды ғана басты борышым деп санайды. Ал тәрбие дұрыс болмаса, оған балалары кінәлі деп есептейді немесе өздеріне ауыртпалық түскенде ғана тәрбие ісіне араласады. Әлбетте, мұндай ата-аналар өз балаларына тәрбие тұрғысында ықпал етуде қатаң тыйым салу, олар-ды балағаттау, ұрып-соғу тәсілдерін қолданады. Сөйтіп, ата-аналар мен балалар бір-бірінен алшақтай бастайды, өзара қарым-қатынастары бұзылады, олардың сенімі де жоғалады, бірлесе отырып талқылайтын

205
мәселелерінің шеңбері де қысқара түседі. Осылардың салдарынан мұндай отбасындағы баланың бойында ересектермен пікір алысу тәжірибесі қалыптаспайды, ересектермен өзара қарым-қатынас орнатудағы қабілеттері дамымайды да, бұл жағдай кейін баланың әлеуметтік ортамен байланысуын күрделендіреді. Прагматистік тәрбие — баланы тәжірибелілікке, істі тез шешу қабілетін арттыруға, материалдық пайда табушылыққа, іскерлікке бағытталған. Нарықтық экономикаға көшу кезінде тәрбиенің осы бағыттының кең түрде етек алуы әдетте қауіп-қатерге ұрындырады. Утилитаристік тәртіпке келетін болсақ, ол әдеттегі сана деңгейінен тым жоғары дәрежеде дамымайды, жаңа жағдайға орай соның ықпалынан шыға алмайды. Жоғарыда баяндағанымызды түйіндейтін болсақ, отбасының тәлім-тәрбиесінің статусы да, онда орын алған келеңсіздіктер де жас ұрпақтың әрқайсысына көп әсер етеді. Сонымен бірге бұл жаңа адамды дайындаудың маңызды процесінің болашақтағы қорытындысы қандай болатынын анық көрсетеді.

Отбасының шаруашылық-экономикалық функциясы отбасылық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін, нақты атап айтар болсақ, олар үй шаруасын жүргізу, отбасы бюджетін құрып, жұмсай білу, тұтынуды ұйымдастыру, үйдегі жұмысты тең бөлу проблемасы, қарт-тар мен мүгедектерге қолдау, көмек көрсету мен қамқорлық жасау, т.б. қамтиды. Үй тіршілігін механикаландыру деңгейінің төмен болуы, тұрмыстық қызмет көрсету тораптарының қызметін пайдаланудың қиындауы мен қымбаттауы тұрмыстағы проблемаларды ең алдымен әйелдердің иығына артты, бұл олардың онсыз да ауыр рөлдік жағдайын қиындата түсті, дәлірек айтқанда, әйелдердің кәсіби қызметі мен олардың отбасындағы міндеттері арасында, әйел, ана және еңбекші арасында қайшылықтар туындады. Зерттеулерге жүгінсек, жұмыс істемей отбасында отырған әйелдердің тұрмыс-тіршілігі әйелдерді аздап болса да қызықтырады, өйткені олар балалары мен күйеулерін күтуді маңызды шара деп есептейді. Көптеген әйелдер ер адамдарға қарағанда жұмыс уақыттарының қысқа болуып, ал жылдың демалыстарының ұзақ болуын қалайды.

Отбасының рекреациялық функциясы қазіргі кезде ерекше маңызға ие болып отыр. Өмірдегі құбылыстар тез өзгерістерге ұшырап, соның салдарынан әртүрлі әлеуметтік және психологиялық тұрғыда ықпал ету арта түскен бүгінгі таңда стрестік жағдайлар саны біршама көбейіп, отбасы бұдан кейінгі ерекше терапиялық рөл атқару міндеттерін өз мойнына алды. Өйткені әрбір отбасы жан тыныштығын, өзара сенімнің қалыптасуын,

қауіпсіздік сезімі мен психологиялық тұрғыдағы онды ортаны қалайды, әрі соны орнықтырады. Аталмыш функция өзіне рухани-эстетикалық сәттерді, сонымен қатар отбасылық демалысты ұйымдастыруды да өз 206

құзырына қосып алған. Отбасы өмірінің рекреациялық мәселесі отбасы қатынасының мәдениетімен тығыз байланысты, бұл отбасының жалпы өміріне, оның тұрақтылығына, тіптен некенің сақталуына үлкен ықпал жасайды.

Отбасының статустық функциясы да бар. Отбасында тәрбиеленген әрбір адам өз отбасының мүшелеріне етене жақын кейбір статустарды мұра етіп алады. Бұл ең алдымен тұлғаның мынандай аса маңызды статустарын: ұлтын, қала немесе село мәдениетіндегі орнын және т.б. жағдайларды қамтиды. Таптық қоғамдарда отбасының белгілі бір әлеуметтік жікке бөлінуі баланың келешек өмірін көбіне-көп анықтайтын мүмкіндіктер жасайды. Әлбетте, таптық статус адамның күш-жігеріне орай және қолайлы жағдайлардың тууына байланысты өзгерістерге ұшырайды, алайда, адамның болашағын оның өз отбасынан іздеу керек. Ата-анасының және туыстарының статустарына етене жақын рөлді атқара білу статустарына баланы дағдыландырып, дайындауды міндетті түрде отбасы жүзеге асыруы тиіс. Оны іске асыру барысында баланы әртүрлі жағдайларға, мүдделерге, құндылықтарға, өмір салтына қызықтыра отырып тәрбиелейді.

Қорғау функциясына келетін болсақ, онда отбасы институты өз мүшелерін әр түрлі деңгейде физикалық, экономикалық және психологиялық тұрғыда қарастырады. Отбасы институты қоғамдық басқа институттардың арасында ерекше орын алады, оны жете зерттеуге де айрықша көңіл бөлінеді. Өйткені отбасы ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалатын мәдениет үлгілерін одан әрі жалғастырушы, ілгері апарушы болуымен қатар, тұлғаны әлеуметтендірудің қажетті жағдайын да қалыптастырады. Адам әлеуметтік рөлдерді тек отбасында ғана үйренеді, білімнің негіздерін алады, мінез-құлық дағдыларын қабылдайды.

Отбасылық өмір ережелері, олардың алғышарттары мен бастаулары, салт-дәстүрлері әр қоғамда өзіндік өзгешеліктері арқылы ерекшеленеді. өз қоғамындағы отбасылық өмірдің құрылымы, отбасылық дәстүрі мен бастаулары әркімге ең тәуірі, бірегейі болып көрінеді. Сөйтіп, отбасылық өмір көбіне-көп этноцентризм тұрғысынан қарастырылған. Отбасы қоғамның маңызды бөлігі болып саналады десек, онда неге адамзат бәріне ортақ отбасы үлгісін жасамайды? — деген сауал туады. Бұған жауап беру үшін отбасы институтының шығуы мен дамуы туралы мәселені қарастыру қажет.

Көптеген қарапайым қоғамда отбасы ешкімге ұқсамайтын бірден-бір дара тұрған ерекше өміршең және функция атқарушы институт болып есептеледі. Айталық, қазіргі Орталық Африка тайпалары мен Солтүстіктің көптеген халықтарында әлеуметтік институттардың басқа елдерге тән өзге формалары байқалмайды. Оларда әр деңгейдегі билік етушілер, 207

формалды заңдар, дін қызметшілері, мамандандырылған кәсіпкер жоқ. Бұл қоғамдағы адамдардың бүкіл өмірі отбасында ғана өтеді. Билікті, азық-түлікті және өзге де құнды ресурстарды бөлу мәселелері бір ғана отбасының шеңберінде, тіпті әрі кеткенде бірнеше отбасының кеңесінде ғана шешіледі. Бір сөзбен айтсақ, қарапайым қоғамдарда әлеуметтік институттар қанағаттандыруға тиісті физикалық және әлеуметтік қажеттіліктер болмайды. Ондай қоғамдарға отбасы институты жеткілікті. Сайып келгенде, отбасы қарапайым аңшылар мен жер өңдеушілер үшін экономикалық өнімдерді бөлудің бірегей үлгідегі жеке-дара және жеткілікті институты болып табылады.

Бұған қарағанда біршама күрделі мәдениет деңгейіне көшу кезінде басқа институттық құрылымдар үлкен маңызға ие болады. Қарапайым тайпалардың өзіне етене жақын адамдармен және өзге де көрші тайпалармен сауда-саттыққа көшуі саудагерлерді, тауар тиеушілерді және т.б. отбасы институтының шеңберінен өрбитін мамандықтарды қалыптастырды. Бұлардан сәл кейін сауда өнімдерін өндіретін арнайы шеберлер мен қолөнершілер пайда болады. Олар кәсіби жіктелістің одан әрі іске асуының негізіне айналады. Пайда болған экономикалық институттар отбасылық рөлдер мен функциялардан тыс қызметтерді мамандандыруды жүзеге асырады.

Қарапайым қоғамдарда тәртіпті сақтау мен орнықтыру әлі де ресми заңдардың, полиция органдарының, соттың қатысуынсыз-ақ қолдау тауыш отырады. Онда отбасы ғана бедел иесі болып саналады: отбасының ішінен сайланған бедел иесі оның өзге мүшелеріне өз билігі мен ықпалын жүргізеді. Тайпа көлемінің ұлғаюына байланысты мәдениет те күрделене түседі, сөйтіп енді формалды саяси ұйымдардың қажеттілігі туады. Отбасыларының отағалары тайпалық кеңестерге біріге бастайды, тайпалар - конфедерацияларға бірігеді, түптеп келгенде, мұның өзі бюрократияның пайда болып, дамуына әкеп соғады.

Сайып келгенде, қарапайым қоғамда немесе қазіргі қоғамда болсын саяси ұйымдардың қалыптасуы ғана ұйымдаспай келген адамдар тобырын бірлескен, үйлесімді саяси немесе әскери әрекеттер жасай алатын адамдар қауымдастығына біріктіруге ықпал етеді. Дәл осындай жолмен, яғни кәсіби еңбек бөлінісінің арқасында дін қызметкерлері мен мұғалімдердің заңдастырылған рөлдері пайда болып, дін және білім институттары дами бастайды. Адамдар мұндай тәжірибемен өте сирек айналысатындықтан, бұл отбасы дәстүрімен шендеспейді. Демек, отбасы бүкіл әлеуметтік институттардың негізі болып саналады, біз отбасылардың дамуын сөз еткенде жалпы қоғамның дамуын қарастырғандай

208
боламыз. Қоғамның өзге де институттары сияқты отбасы да қоғам үшін маңызды белгілі бір функцияларды атқару үшін қабылданған нормалар мен процедуралардың жүйесін құрайды. Бұл жағдайда отбасы неке немесе адамдардың туыстық қатынастары арқылы байланысқан топ ретінде анықталады. Ол балаларды тәрбиелеуді қамтамасыз етеді және басқа да қоғам-

дық маңызы бар қажеттіліктерді қанағаттандырады. Көптеген қоғамдардағы отбасы функциялары бір-бірінен соншалық деңгейде ерекшелене қоймайды, ал отбасында қалыптасқан дағдылар мен әдет-ғұрыптар осы функцияларды жүзеге асыруда адамдарға үлкен көмек көрсетеді. Алайда, бұлар мейлінше әр түрлі болады. Отбасылық өмірдің бүкіл түрлерін, бітім-болмысын теріп жазатын болса, онда әр қоғамның отбасын құрудағы өзіндік ерекше формасының болғанын аңғару қиын емес.

Ерлі-зайыптылар арасындағы ажырасу санының өсуінен көрініп отырғандай, неке мен отбасының тұрақтамау көрсеткіші дүние жүзінің бүкіл дамыған елдеріне тән нәрсе. Бұл урбанизация және оның халықтың интенсивті көші-қонына тигізетін әсері, әйелдердің эмансипациясы, ғылыми-техникалық төңкерістің ықпалы, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, этникалық, діни сипаттағы себептер арқылы түсіндіріледі. Қазіргі уақытта отбасы институты аса ауыр жағдайды басынан кешіріп отыр. Отбасын сырттан тұрақтандыратын көптеген алғышарттар, атап айтсақ, әйелінің күйеуіне экономикалық тәуелділігі, ажырасуға заң, дін, мораль тұрғысында тыйым салулар немесе әрқилы кінәлаушылықтар жойылды. Мұндай жағдайда некенің тұрақтылығын сақтаудағы отбасына тән ішкі алғышарттардың маңыздылығы артады. Әлеуметтану зерттеулері көрсеткеніндей, ажырасуға көбінесе ерлі-зайыптылардың арасында болатын әр түрлі өзара шиеленістер (жанжал) ықпал етеді. Ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынастарының бірнеше деңгейлері бар. Сол деңгейлерде, яғни өзара үйлесім таппаған жағдайда олардың арасында шиеленістер бой көрсете бастайды. Оның біріншісі - психофизиологиялық деңгей. Мұндағы үйлеспеушілік жыныстық қарым-қатынастың бұзылуынан байқалады. Жалпы бұл құбылыс өте жиі кездеседі, алайда көптеген зерттеушілер оны ажырасудың негізгі себебі деп қарастырмайды. Психологиялық деңгей кезінде отбасында әрқилы жағымсыз ахуалдардың пайда болатындығы байқалады, бұл үнемі кездесіп, қайталанып тұратын отбасындағы ұрыскерістен, бір-біріне тиісуден, ашушандықтан құралады. Мұндайда ата-ана өзінің алаалмаған ашу-ызасын балаға төгеді. Үшіншісі — әлеуметтік-рөлдік деңгей. Бұл деңгейде отбасындағы ымырашылдық, сыйласымдық пен тұрақтылықтың бұзылуы мына белгілерден байқалады: отбасылық-тұрмыстың ауыртпалықтардың кімге түсегіндігі мен міндеттерді қате түсіну, оны тең бөлмеу, қиыншылықты бірлесе отырып көтермеу, отбасылық укладтың

жөн-жосықсыздығы секілді көріністер. Төртінші — әлеуметтік-мәдени деңгей. Мұнда шиеленістер ерлі-зайыптылардың бірін-бірі түсінуден қалуы, сыйламауы, қызығушылықтың жойылуы немесе қарым-қатынасқа қанағаттанбау, оның өмірлік құндылықтарын, идеалдарын қабылдамау сипатында орын алады.

Қай деңгейде болмасын шиеленісті тудыратын себептер аса мол, әрі оның түрлері мен сипаттары да аз емес. Десек те, сол себептердің мезгілге орай пайда болуына байланысты оларды екі үлкен топқа бөлуге болады. Оның алғашқысы - отбасын құрғанға дейінгі объективті түрде қалыптас-

қан өзара қарым-қатынастардың, некеге тұрғаннан кейін, бірлесіп өмір сүрген кездегі және ортақ шаруашылықты жүргізу тұсында пайда болған себептер. Екінші топтағы себептерді тәуекел етудің алғышарттары деп атайды. Өйткені некеге отырғанға дейінгі қыз бен жігіттің танысуы кезінде қалыптасқан іңкәрлік сезім мен сыйластық ажырасуды біршама тежейді. Тәуекелдің алғышарттары адамның кемел тұлғалылығына, оның шыққан тегіне, алған тәрбиесіне, некеге отыру кезіндегі шарттарына тікелей байланысты. Тәуекелдік алғышарттарға: ерлі-зайыптылардың білімі мен жас мөлшеріндегі айырмашылықтар; ерлі-зайыптылардың бірінің маскүнемдікке салынуы; некеге, жалпы отбасына немқұрайлы, жеңіл-желпі қарауы; некеге аса жас кезінде тұрудың себептері, бір-бірін жете танып-білудің ұзаққа созылмауы; некеге отыруға ата-аналардың қатаң қарсы болуы; өзара келісімсіз, қысыммен некеге отырулар жатады. Бұл алғышарттардың қалай жүзеге асып жатқаны бірлесіп өткізген ғұмырларының алғашқы жылында-ақ өзін байқата бастайды. Зерттеулердің қорытындыларын сараласақ, жас адамдардың біраз бөлігі некеге отырғанда отбасына жат әрекеттерді басшылыққа алып, соларға сүйенген. Мысалы, ата-анасының жанынан, сол өзі өскен отбасынан кетуге, өз бетінше жеке-дара жауапты қадам жасауға, біреуден кек алуға немесе тандап алған досына серік болуға ниеттенеді. Әлбетте, некеге бұлайша атүсті, жауапкерсіздікпен қарау, бірігіп түтін түтетуге сай келетін мақсат-мүдделердің болмауы, түптеп келгенде, ерлі-зайыптылардың алдына біршама қиыншылықтарды тосады. Олар - отбасының өзін-өзі билеуі, ерлі-зайыптылық рөлдерді анықтау, әрқайсысының отбасының ішіндегі статусын, өздерінің ортақ мақсаттарын белгілеу жөніндегі міндеттері. 20 жастан аспай үйленгендер арасында некеге отырудың психологиялық дайындығының болмайтыны анықталған. Жас отбасы әдетте ата-анасынан бөлініп кетпейді және бастапқы кезде материалдық жағынан әке-шешесіне тұтастай тәуелді болады. Мұндай жағдайда жаңадан отау көтерген жастар арасында өз тіршіліктерін өз беттерінше қамтамасыз ету, ондағы отағасылық, билік, үй болған жастар арасындағы және олармен бірге тұратын ата-аналарымен өзара дұрыс

210
қарым-қатынас орнату проблемалары туындайды. Бұл проблемалар ерлі-зайыптыларды қалай болған күнде де әрқилы шиеленістерге әкеліп соқғырады.

Ерлі-зайыптылардың ажырасу себептерінің арасында олардың бір-бірінен көңілдерінің сууы және осының негізінде алғашқы махаббат сезімінің жойылуы да жиі кездеседі. Бұл көбінесе үш айдан алты айға дейін ғана таныс болып, бірін-бірі жете білмей үйлене салғандар арасында ұшырасады. Демек, некенің беріктігіне, босағаның солқылдамауына теріс әсер ететін бірнеше алғышарттардың отбасын құрмай тұрып қалыптасуы да ықтимал. Десек те, екі жастың бірлесіп өмір сүру кезінде қалыптасатын бірқатар себептер ерлі-зайыптылардың ажырасуына ықпал етеді. 25-30 жастағы ерлі-зайыптылар арасында некенің бұзылуы көптеп кездеседі. Осы жастағы ерлі-зайыптылардың тұрмыс-жағдайлары жақсы болғанымен,

оның үстіне бір-бірін түсінісіп, кемшіліктерін де біршама тәуір біліп қалғанына қарамастан, әлдебір себептердің түрткі болуы арқылы олар бірге тұрудың мүмкін еместігіне көз жеткізеді де, ажырасып тынады. Сонымен бірге айта кететін бір жай, бұлар толыққанды жаңа отбасын құрудың жөн-жосығын біле бермейді және де балалы болып, оны тәрбиелеуге де тәжірибелі емес. Ажырасудың үлкен бөлігі 40 жастың мөлшеріне тура келеді. Бұл кезде олардың балалары ер жетеді де, енді солар үшін ғана отбасын ажырасудан сақтап қалудың қажеттілігі болмайды, оның үстіне ерлі-зайыптылардың кез келгені басқа бір адаммен көңіл жарастырыш, екінші отбасын құрауы мүмкін. Екеуара бас қосып, түтін түтетен алғашқы бес жыл ішінде ерлі-зайыптылардың ажырасуы жиі кездеседі. Отбасында балалардың болуы некенің бұзылмауына тікелей ықпал етеді. Көп балалы отбасыларда, яғни 3-4 балалары барларда ажырасу пайызы басқаларға қарағанда әлдеқайда төмен болады.

Ажырасуға әкеліп соқтыратын себептерді негізінен үш топқа біріктіруге болады. Оның бірінші тобында - тұрмыстық ахуал, яғни баспана жағдайы, ерлі-зайыптылар арасында біреуінің үй шаруашылығын жүргізуге икемінің жоқтығы, немесе соған ықыласының болмауы, материалдық жағынан қамтамасыз етілмеуі, содан барыш екеуінің еріксіз бөлек тұруы себепкер болса, екінші топта тұлғалар, яғни ерлі-зайыптылар арасындағы кикілжіңдер мен содан туындайтын шиеленістер ықпал етеді. Дәлірек айтсақ, бұған махаббат сезімінің жойылуы, отбасындағы өрескелдікті, өмірге көзқарастың әр түрлі болуын, ерлі-зайыптылардың бірінің ауруға шалдығуын, қызғаншақтықты, күмәншылдықты жатқызуға болады. Осы топтағы ең басты алғышарттардың бірі - ерлі-зайыптылардың бір-біріне өрескелдігі мен өзара сыйласпаушылығы. Күйеулері маскүнемдікке салынған, өздеріне өрескел қылық көрсеткен, ұрыш-соғып қорлаған,

211

қорқытқан және т.б. әрекеттерге барған ер адамдардың әйелдері осы себептерге орай ажырасады. Ер адамдар үшін, әдетте, әйелдер өрескелдік танытса, онда бұл басқаша мазмұнға ие болады. Бұл дегеніміз — ең алдымен күйеуін сыйламау, оның қабілетіне сенбеу, оның не нәрсеге қызығатындығымен есептеспеу, өндірістегі немесе кәсіби қызметіндегі табыстары мен сәтсіздіктеріне немқұрайлы қарау, сөгіп-мұқату, ұсақ-түйек қамқорлық жасағансу, күйеуінің достарына құрметтің көрсетілмеуі және т.б. Екеуінің өмірге деген көзқарастарының әр түрлі болуы, мінез-құлықтың сәйкеспенуі деп аталатын алғышарттар, міне, тікелей осындай көріністермен ұштасып жатыр. Бұл әйелдерге қарағанда ер адамдар үшін аса маңызды. Үшінші топтағы себептерге сыртқы алғышарттарды, яғни ерлі-зайыптылардың теріс жолға түсіп, көзге көп салуын, ажырасуға бірден-бір себепкер болған жаңа отбасын құруға ниеттерінің ауғандығын немесе жана сезімнің пайда болуын, бұған ата-аналарының және өзге де адамдардың араласуын жатқызуға болады.

Үшінші топтағы алғышарттардың бәрі де, әлбетте, бір-бірімен тығыз ұштасып жатады. Айталық, көзге шөл салу біреуіне екіншісінің көңіл аудар-

мауының кесірінен туындаса, ал өрескелді үй шаруасындағы келіспеушілік содан өрбіген ырың-жырындық және т.б. жағдайларға орай өріс алады.

Адамдар өз табиғатына орай отбасыларының ыдырауына әр түрлі тұрғыда қарайды. Зерттеушілердің жасаған тұжырымдары мен берген бағасына қарағанда еңбек белсенділігінің төмендеуі, жүйке стресінің жоғарылау мүмкіндігі, психологиялық өзгеріске түсуі ажырасудың кеңінен тараған негізгі себептері болып табылады.

Демек, некенің тұрақсыздығы отбасын құрамын деушілер үшін де және отбасы ыдырағандар үшін де аса өткір проблемаларды алға тартады. Сонымен бірге ажырасуды тек жағымсыз құбылыс деп қарауға болмайды. Өйткені некені бұзу жөніндегі әркімнің еркіндігі отбасы-неке қатынастарындағы әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етудің бірден-бір құралы, олардың моральдық негіздерін сақтаудың тұғыры болып саналады. Әрине, ажырасу жөнінде берілген еркіндікті асыра пайдалану да жақсы емес. Себебі адамдардың әр жағдайға байланысты ажырасуының орын алуы табиғи құбылыс дейтін болсақ, онда ажырасуды негізсіз қаралай беруге де жол бермеу қажет.

Әлбетте, әр адам отбасы проблемасын жеке өзі шешеді. Іргетасым мықты болсын десең, оның негізінде, бұрынғы бабаларымыз айтқандай, шынайы махаббат, түсіністік, төзімділік жатуы керек. Кесе-шәйнек сылдырады екен деп бақан ала жүгіріскенше, ерлі-зайыптылардың бір-бірінің қабағын баға білгені, бір-бірін айтқызбай-ақ қабақтан түсінгені жақсы.

* Әбсаттаров Р. Отан отбасынан басталады // Ақиқат. 1996. № 3. 22-6. 212

Ойымызды тұжырымдасақ, қазіргі отбасы-неке қатынастарында негізгі үш мәселенің басын ашып, бөле-жара қарауға болады. Оның біріншісі — отбасының тұрақтылығы проблемасы, екіншісі — бала туу мәселесі және үшіншісі - тұрмыс саласындағы проблемалар. Алайда, ажырасудың жоғары деңгейге жетуінің өзі некенің институт ретіндегі ыдырауы немесе жалпы отбасының дағдарысы да емес. Бұл жерде әңгіме отбасылық қатынастардың сапасы туралы ғана болып отыр. Отбасы қатынастарының сапасы оның типтері, онда қалыптасқан мінез-құлық, жүріс-тұрыс түрлері арқылы да анықталады.

2. Отбасы құрылымының типтері мен оның жүріс-тұрыс түрлері

Отбасының құрылымдық типтері - ерлі-зайыптылық, тұрмыстық және ата-аналық сипаттарға сәйкес пайда болып қалыптасқан құбылыс. Сондықтан отбасы құрылымын оның мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастар, рөлдерді бөлісу мен ішкі билікті жүргізу анықтайды. Бұл тұрғыдан алғанда оның ең кең тараған түрі — нуклеарлық немесе ерлі-зайыптылық отбасы. Оның негізін ерлі-зайыптылар мен олардың балалары құрайды, яғни мұндай отбасында екі ұрпақтың өкілдері өмір сүреді. Отбасының бұл түрінің аса көлемді етек алуына әлемдегі қазіргі таңда кеңінен жүріп жатқан индустрияландыру мен урбанизация процестері

себепші болып отыр. Туыстық жағынан алғанда бүгінгі тандағы отбасының тағы бір түрі - кеңейген немесе туыстық тұрғыдан жақын отбасылар. Мұнда ерлі-зайыптылар өз балаларымен, ата-аналарымен, бауырларымен бірге тұрады, онда бірнеше ұрпақ өмір сүреді. Отбасының құрамы мен құрылымының осылай өзгеруі отбасылық-туыстық байланыстардың әлсірегені емес пе деген қорытынды жасауға да итермелейді. Конттың пікірі бойынша, отбасындағы адамдардың жас ерекшеліктеріне қарап балаларды ата-аналарына және әйелдерді жыныстық белгісі бойынша еркектерге бағындыру тиіс. Бүгінгі танда осы екі параметрлер де түбегейлі түрде өзгеруде. Жастар өз беттерінше өмір сүрулері үшін ата-аналарының отбасынан ерте кетеді, әке-шешесінің мамандығына сәйкес келмейтін басқа кәсіпті таңдайды. Әйелдердің эмансипациясы отбасының иерархиялық тұрғыда ұйымдасуына, ыдырауына өз әсерін тигізді. Осыған байланысты отбасындағы билікті бөлу, яғни билікке, лидерлікке ие болу және ондағы міндеттерді бөлу сипатына қарай отбасының екі типі сақталған. Оның біріншісі - дәстүрлі немесе авторитарлық отбасы. Мұндай отбасында кем дегенде үш ұрпақтың өкілдері тұрады, билікті, яғни лидерлікті жасы үлкен ер адам өз қолына алады. Дәстүрлі отбасына мынандай сипаттар тән:

213

- ер адам негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдаушы болып саналады, оның қожайындығы басым;

- әйелдің ер адамға экономикалық жағынан тәуелділігі;

- отбасындағы міндеттерді бөліп, ер адамның және әйелдің міндеттерінің бекітілуі (ер адам асыраушы, әйел отанасы). Мұнда үй шаруасы мен бала тәрбиесі негізінен әйелдің иығына түседі.

Қазіргі кезде осындай отбасылардың құрылымын демократияландыру процесі жүріп жатыр, әсіресе ер адамның отбасындағы авторитарлық билігі жойылуда. Алайда, тұрмыста әлеуметтік теңсіздік әлі де сақталып, ол бірден-бір өткір мәселе болып отыр. Отбасындағы билікті, т.б. бөлуге орай қалыптасқан отбасының екінші түрі — эгалитарлық немесе демократиялық отбасы. Бұл отбасына:

- үй шаруасына қатысты міндеттердің отбасы мүшелері арасында тең, әділ бөлінуі;

- ерлі-зайыптылардың тұрмыстық мәселелер бойынша бірлесіп шешім қабылдауы;

- демалыстарын бірге өткізуі, балалар тәрбиесіне бірдей қатысуы тән.

Отбасыларының өтпелі типтері де бар. Онда ер адамның өз рөлін атқарудағы алға қойған мақсаты оның нақты тәртібіне қарағанда дәстүрлі сипатта болады, демократиялық мақсатта рөл атқаратын ер адам керісінше үй шаруашылығымен айналысуға аз қатысады.

Сайып келгенде, қазіргі отбасында әйелдердің кәсіби қызметпен жаппай айналысуына байланысты әйелдердің дәстүрлі рөлдерінің өзгеруімен бірге ер адамдардың рөлдері де басқа сипатқа ие болады. Бұған Батыс Еуропа елдеріндегі ер адамдардың баланы күтіп-бағу үшін демалысқа

шығуы дәлел бола алады. Сондықтан ерлі-зайыптылардың жаңа осы жағдайды қалай қабылдайтынын, отбасындағы лидерлікті шешетін отбасылық міндеттерді қайта бөлуге дайындығын анықтаудың маңызы да зор. Ата-ана ерлі-зайыптылар туыстық өлшемдермен анықталатын отбасы құрылымының типтері алуан түрлі болуымен қатар, оның әкенің немесе шешенің қайсыбір қасиеттеріне байланысты екендігін де атап көрсетеді. Осыған байланысты этноәлеуметтануда, отбасы және туыстық әлеуметтануында әлеуметтік әкелік және физиологиялық әкелік және дәл сондай дәрежеде шешелік деп бөлу қабылданған. Отбасы топтарын патри немесе матрилокалдандыру принциптері негізінде фамилияны, мүлік-дүниені, әлеуметтік жағдайды әкесі немесе шешесі жағынан мұралану патрилиниялық және матрилиниялық отбасылар деп екіге бөлінеді.

Ерлі-зайыптылардың немесе олардың ата-аналарының, туыстарының алатын орнына қарай отбасылар гомогенді және гетерогенді болады. Гомогенді отбасында ерлі-зайыптылар бірдей әлеуметтік жіктен шыққандар

214

болса, ал гетерогенді отбасында олар әр түрлі әлеуметтік топтардан, касталардан, таптардан тарайтындар. Отбасы мен некені әлеуметтік және демографиялық белгілерінің ерекшеліктеріне қарап гомогамдық отбасы және гетерогамдық отбасы деп бөлу әдісі де қолданылады. Гомогамдық отбасы мүшелерінің ұлты, жас мөлшері, кәсібі, білімі, т.б. біртектес болса, ал гетерогамдық отбасында бұл көрсеткіштер керісінше әр түрлі болып келеді.

Отбасы кеңістік-аумақтық, яғни тұрған мекен-жайына қарап патрилокалды және матрилокалды болып бөлінеді. Патрилокалды отбасында жас жұбайлар күйеуінің әкесінің үйінде тұрады, матрилокалды отбасында келіншек пен күйеу жігіт әйелдің ата-анасының үйін бірге мекендейді. Эванкюлолокалды отбасы ерлі-зайыптылардың ағасының немесе әпкесінің отбасымен бірге түрумен сипатталады. Жас жұбайлар ата-аналарынан мүлдем бөлек тұратын болса, онда оны неолокалды отбасы дейді.

Әр қоғамдағы некенің түрлері да әр түрлі болады. Алайда, кез келген қоғамда адамдар бас қосып, шаңырақ көтерердің алдында әр түрлі кедергілерге тап болады, олар бір-бірін сынап, байқайды және некеге отырар алдында соған дайындалады, осы шаралар барысында болашақ жұбайлар өз тандауының дұрыс-бұрыстығын тексеріп, оның көңілге қонымды, оңды екендігіне көз жеткізеді. Өйткені некеге тұрған адамдар енді бірлесіп шаруашылық жүргізуге және балаларды тәрбиелеуге ден қоя бастайды, соған бел буады. Некені әлеуметтік тұрғыда мойындалған тәртіптің үлгісі ретінде анықтауға болады, себебі соның көмегімен екі немесе бірнеше адам отбасын құрайды. Некеге отыру ерлі-зайыптылардың балаларды дүниеге әкелу және оларды тәрбиелеу деңгейімен ғана шектеліп қалмайды, ол басқа да көптеген құқықтар мен міндеттерді белгілеп, бекітеді. Неке арқылы сол қоғам олардың ерлі-зайыптылық, ата-аналық қарым-қатынастарын да реттеп отырады. Десек те, әр қоғам отбасындағы тәртіп үлгілерінің өз құрылымы мен қағидаларына сай жүйесін дамытады, бұл

үлгілер тарихи себептерге байланысты болады әрі нақты экономикалық негіздерге арқа сүйейді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, некенің байланыс үлгілері қоғамдағы басқа да мәдени үлгілерге қарағанда этноцентризмге қарай біршама бой алдырған. Осыған дәлел ретінде мынандай мысал келтірелік. Қазіргі таңдағы кейбір қоғамда болашақ жұбайлар алдын ала бірін-бірі көрмей, кездеспей-ақ құда түсу арқылы да некеге отыра береді. Олар бірін-бірі ұната ма, жоқ па, бұл мәселені қоғам қалай біліп, бағалайды, олардың сезімі ешкімді неге қызықтырмайды деген сұрақтардың туындауы әбден мүмкін. Біз осылай деп ойласақ, басқа мәдениеттегі адамдар дәл біздей тұжырым жасайды және дәл осылай сезінеді деп санасақ, ол этноцентризмнің

215

әдеттегі қателігі болып табылады. Біздің қоғамда жұбайлардың түтін түтету қарсаңындағы қадамына алғашқы кезде жастардың арман-қиялынан туған сезім көрінісі ретінде қарайды, үйренісе келе адамдар махаббатқа кенеледі деп түсінеді. Алайда, ертедегі классикалық Қытай мен олардың қазіргі отбасыларында қыз, мысалы, ата-анасы таңдамаған адамға тұрмысқа шығуды оғаш, ақылға қонбайтын нәрсе деп қарайды. Этноцентризм бағытын ұстайтын біздер басқа қоғамда қалыптасқан тәртіпке, болашақ жарып тандауға еркі жоқ жастарға жанашырлық, аяушылық білдірсек, олар, керісінше, ата-анасының қамқорлығынан, билігінен шығып кеткендер деп біздің жастардың өзін сөгеді. Алайда, екі жақтың да жастары мұндай аяушылықтарды өздеріне қажет деп санамайды.

Әрбір қоғам некеге отырар жастарға тандау берерде отау тігушілердің өздеріне қандас шағын топқа жатпайтын, бөтен жердегі адамға үйленуіне ғана рұқсат етеді. Бұл құбылысты экзогамия деп атайды. Біздің қоғамда жақын адамдардың қандарының араласып кетуінен сақтандыру үшін осындай шектеулер қойылады. Біздің адамгершілік нормаларымыз өзіміздің қандас қарындастарымызға және өзге де жақын туыстарымызға үйленуге тыйым салады. Қазақта жеті атаға толмай қыз алысып, қыз берісуге тыйым салынған норма әлі күнге дейін сақталып келеді. Көптеген қоғамдарда өз ағайынының, руының, тіпті тайпасының, ауылының ішінен жұбай тандауға тыйым салынған.

Өмірде осыған кереғар келетін талаптар да кездеседі. Некеге отырар кезде тек өз тобының ішінен ғана жұбай тандауды талап ететіндер де бар. Мұндай мәдени үлгі эндогамия деп аталады. Ағайындық, ауылдық немесе тайпалық эндогамия көбіне-көп қарапайым қоғамдарда кездеседі. Қазіргі қоғамға, ондағы бірқатар талаптарға келсек, нәсілдік эндогамия немесе қоғамның төменгі жігінен жұбай тандауға тыйым салатын сословиелік эндогамия кеңінен тараған. Эндогамия таза түрінде касталық типтегі жабық топтарға тән. Эндогамда некемен байланыстыру арқылы олардың өз ішіндегі жабықлығы сақталады. Экзогамиялық және эндогамиялық некелермен қатар некенің моногамия және полигамия деген түрлері де бар. Моногамияда бір ер адам бір ғана әйелмен некеде тұрады. Бұл форма ағылшын, т.б. халықтар үшін ерлі-зайыптылықтың ең өрке-

ниетті түрі болып саналады. Алайда, көптеген қоғамдардың дамуында некенің полигамиялық түрі де орын алды. Полигамия – бұл жұбайлардың бірінің, яғни бір әйелдің бірнеше ер адамдармен немесе бір ер адамның бірнеше әйелмен некеде болуы. Теориялық жағынан алғанда полигамияның үш формасы болуы мүмкін. Оның біріншісіне топтық неке жатады. Мұнда бірнеше еркек және бірнеше әйел бір мезгілде өзара некелік қатынаста болады. Кейінгі уақытқа дейін некенің бұл формасы кеңінен тараған

216 еді, ол, мысалы, Маркиз аралдарында қазір де кездеседі. Полиандрия полигамиялық некенің өте сирек кездесетін түрі болып табылады. Бұл некеде бірнеше еркекпен бір ғана әйел тұрмыс құрады. Бұған Тибет пен Оңтүстік Үндістандағы отбасылардың әдет-ғұрыптары мысал бола алады. Мұнда күйеуге шыққан әйел автоматты түрде күйеуінің аға-інілеріне де әйел болып, бәрі бірге тұрады. Оңтүстік Үндістандағы отбасындағы полиандрияның сақталуы демографиялық жағдайға талдау жасағанда анықталды. Ер адамдар санының әйелдерге қарағанда әлдеқайда басым болуы осы аймаққа полиандрияның сақталуына себепші болып отыр.

Полигиния немесе бір еркектің көп әйелге үйленушілігі полигамдық некенің кеңінен тараған соңғы, үшінші түріне жатады. Бүгінгі Еуропа мен Солтүстік Америка өкілдерінің көп әйел алушылық жөніндегі пікірлерінде этноцентризм басым. Бүгінгі қоғамдағы көптеген адамдардың пікірталастарына ден қойсақ, некенің мұндай формасын дәріптеу әйелдердің адам санатына қосылмауына, олардың күнге айналуына әкеліп соқғырады. Сөйтіп, бұл бұрын-сонды болмаған каталдық пен ашу-ызаның бір көрінісі іспетті қарастырылады. Алайда, фактілер кері дәлелдерді алға тартады. Әйел қай қоғамда жоғары мәртебеге (статусқа) жетеді – полигамиялық па, әлде моногамиялық неке формасы қалыптасқан қоғамда ма, ол жағын ашып айту қиын. Өйткені, біріншіден, полигамиялық отбасы кеңінен тараған қоғамның өзінде некелер әдетте моногамдық болып табылады. Жоғары статусқа ие болған, мүмкіндігі бар адамдар ғана бірнеше әйел ала алады. Екіншіден, әйелдердің арасында атқаратын міндеттер нақты бөлінген, бірінші әйелдің, яғни бәйбішенің күйеуіне, оның тыныс-тіршілігі мен тәртібіне елеулі түрде ықпал жасауы жиі кездеседі. Барлық әйелдерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігі барынша қамтамасыз етілген, сондықтан да олар өздеріне бұдан өзге артық үлесті тілемейді де.

Алғаш түгін түтеткен сәттен бастап, ерлі-зайыптылардың ақғық демдері біткен кезге дейінгі отбасындағы өзгерістерді есепке алар болсақ, оның құрылымында көптеген айырмашылықтар болып тұрады. Отбасының бүкіл өмірінде болатын өзгерістер мен оның қаншаға созылатынын анықтайтын параметрлерді енгізу «отбасының циклдік өмірі» немесе «отбасының өмірлік циклдары» тұжырымдамасын біртіндеп қалыптастырды. Отбасының циклдік өмірі әр түрлі критерийлерге байланысты құрылады. Оларды тандап алғанда оның тек циклдылығын, яғни отбасылық оқиғалардың үнемі қайталануын көрсететіндерді ғана ескеру керек. Бұл жерде отбасында күнделікті болатын миллиондаған жағдайлар оқиғалар

ретінде түсіндірілмейді, керісінше, отбасы құрылымын өзгертуге мәнді ықпал жасайтын ең маңызды ситуациялар ғана ұғындырылады. Отбасында нәрестенің дүниеге келуі және отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, 217

біреулерінің отбасында болуы немесе болмауы ең қажетті және маңызды оқиғалар қатарына жатады. Сөйтіп, отбасы оқиғаларының жиынтығы отбасының циклдік өмірінің негізгі кезеңдерін құрайды. Әлеуметтік институт тұрғысында бірнеше фазаларды қамтитын өмірлік циклдары мыналардан тұрады:

1) Қалыптасу фазасы. Бұл фазаны некеге алғаш рет отыру мен бірінші баланың дүниеге келуі төңірегіндегі оқиғалар сипаттайды;

2) Өсіп-өну (көбею) фазасы. Бұны бірінші баланың дүниеге келуі мен соңғы баланың тууы сипаттайды;

3) Өсіп-өну фазасының, аяқталуы. Бұл фазаны соңғы кенже баланың дүниеге келуі мен тұңғыш баланың ата-анасының шаңырағынан бөлініп, жеке отау құруы сипаттайды;

4) Азаю фазасы. Тұңғыш баланың ата-анасының үйінен бөлініп, жеке түгін түтетуі және соңғы баланың ата-анасының үйінен бөлініп кетуі сипаттайды;

5) Азаюдың аяқталу фазасы. Соңғы кенже баланың ата-ана үйінен бөлек шығуы және бірінші жұбайдың қайтыс болуы оқиғасымен сипатталады;

6) Отбасының ыдырау фазасы. Бірінші жұбайдың қайтыс болуы және одан ұзағырақ өмір сүрген екінші жұбайдың да қайтыс болу оқиғасы сипаттайды;

Некелік жүріс-тұрыс некеге деген қажеттікті қанағаттандыру мақсатындағы және некелік жұбайды таңдауға байланысты жүріс-тұрыс болып табылады. Некеге отыратын жар таңдау дегеніміз де тұтас бір процесс, оның нәтижесінде некеге отырар адамды таңдау мүмкіндіктерінің жиынтығынан қайсыбір тәсілмен бір ғана жұбай таңдап алынады да, күйеуі (әйеді) болады.

Некеге отыратын жар таңдау нақты тарихи процесс, ол қоғамда бар экономикалық, әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени және басқа да жағдайларға нақты тәуелді. Некеге отыратын жар таңдау процесінің негізгі ерекшеліктері әр түрлі мәдениеттерде және тарихи дамудың әр түрлі сатысында болатын жар таңдау мүмкіндігін сақпаған кеңістікке және өзінің жеке жар таңдау еркіндігі деңгейіне байланысты. Бірінші қатынаста, яғни некелік жұбайды таңдау мүмкіндігі бар кеңістікті анықтауға орай, барлық мәдениеттер қайта некеге отыруға рұқсат етумен немесе оған жол бермеумен өзгешеленеді. Егер де некеге қайта отыруға жол берілсе, некелік жұбай

Г. Антонов А. И., Медков А. И., Нетрусов М. А. Демография семьи — проблемы моделирования семейного цикла жизни // Вестник МГУ. Сер. 18. Социология и политология. 1997. № 2. С. 105.

тандауды жүзеге асыратын жиынтық өзіне некеге тұрмағандарды да, некеге отырғандарды да қосқандықтан мейлінше ауқымды кең болып келеді.

Бұл жердегі ереже бойынша ер немесе әйел адам үшін некеде тұруына немесе тұрмауына қарамастан әрдайым олардың басы бос болады. Америка әлеуметтанушысы Б. Фарбердің пікірінше, әрбір адам теориялық тұрғыдан алғанда жынысы басқа барлық өзге адамдардың үнемі потенциалды жұбайы болып табылады. Бұл жердегі маңызды жағдай некеде тұрған адамның кейінде некеге отырып жұбай болу мүмкіндігін сақтауы. Ал, екінші рет некеге отыруға жол бермейтін мәдениеттерде дәстүрлі, қатаң моногамиялық жар таңдау мүмкіндігі сақталған кеңістікке некеде тұрған адамдарды қоспайды. Бұл кеңістікке адам саж немесе заң бекіткен некелік жасқа жеткенде ғана енеді және одан некеге отырғаннан кейін ғана шығады. Қазіргі қоғамда, яғни еуропалық, батыстық типтегі қоғамда жесір қалған адамның екінші рет некеге отыруы қиындатылған қатаң моногамиядан екінші рет некеге тұру әдеттегі іс болып саналатын сериялық моногамияға өту тарихи тенденция болып отыр. АҚШ-та 80-жылдардың орта тұсында бүкіл некеге отырғандардың 46%-і екінші рет үйленуі соған дәлел.

Екінші қатынасты, яғни жеке жар таңдау еркіндігі деңгейіне қатыстының бәрін айтар болсақ, онда әр түрлі қоғамдар арасында үлкен өзгешеліктердің барлығы байқалады. Кейбір мәдениеттерде, жас адамдар кімдердің қамқорлығында болуына орай ата-аналары немесе өзге туыстары ұйымдастырған некелерге отыру жаппай етек алған. Басқа мәдениетте еркін жар таңдау басым болғандықтан некеге отырушылардың өздері жар таңдаудың негізгі агенттері болып табылған. Алайда, қандай жағдайда болмасын некеге тұру, болашақ жұбайды таңдау әркімнің өз еркінше жүргізілмейді. Некеге отыру және некелік қосақғы таңдау мәдени, әлеуметтік, психологиялық алғышарттарға, тіптен кейде әлеуметтік-биологиялық сипаттарға да байланысты болады.

Бұлардың арасында ең кең тарағаны және аса қуаттысы мәдениеттанулық алғышарттар. Эндогамиялық және экзогамиялық ережелер деп аталатын алғышарттар мәдениеттанулық алғышарттардың аса маңыздысы болып саналады. Этнология ғылымында бұл ұғымдар бір тайпадағы рулар арасында некеге отыратын жар таңдаудың қалай және қандай сипатта жүретінін анықтауда қолданылады. Оның функционалдық рөлі болашақ қосағын таңдау мүмкіндігінің шектелуі, некеге отырыш, бір-біріне жұбай болуға тыйым салынғандар санаттан шығарылып тасталуы арқылы анықталады.

Әлеуметтануда бұл ұғым қазіргі уақытта некеге отыратын жар таңдау процесін сипаттау үшін тек шартты түрде және шектеулі дәрежеде ғана қолданылады. Бұл жерде эндогамия ережесі бойынша өзіне жар болатын

жұбайды өзінің этникалық тобынан таңдаумен қатар, әр түрлі қауымнан қалап алу нақты ұйғарым болып саналады. Ал экзогамия ережесі бойынша өз отбасы арасынан, яғни сол топ ішінен екі адамның некеге отыруына тыйым салынады, жақын туыстарының арасында некелік қатынастар

орнатуға жол берілмейді. Эндогамия ережесін кейде эндогамиялық қысым деп те атайды. Ол әсіресе, этникалық немесе нәсілдік тегі жөнінде әңгіме қозғалғанда өте күшті және қатаң түрде қолданылады. ТМД елдерінде өзге ұлттың өкілдерімен тұрмыс құру мысалдары аз емес. Бұл эндогамия ережесінің әрекеті екенін аңғартады. Ал АҚШ-та эндогамия ережесі этникалық емес, керісінше, адамның нәсілдік тегін саралағанда қолданылады. Мысалы, 1990 жылы 50 млн. астам некеге отырған жұптардың тек 1,8%-і ғана нәсіл аралық болған, соның қара-ақ жұптары, яғни ақтар мен афро-америкалықтардың арасындағы неке жарты пайызға да жетпеген. Эндогамия ережесі өмбебап ереже емес. Оның әрекеті өз күшін жоя бастаған, қазіргі мәдениеттерде 30 жастан асып некеге отырғанда немесе екінші рет тұрмыс құрса, бұл ереже жойылады. Крі қалаларда эндогамия ережесі жан-жақты әрі түбегейлі қолданылмайды. Оның қолданылу аясы сондай-ақ халықтың этникалық құрамы аралас қоныстанған аймақтарда өзінің ауқымын тарылта түседі. Өйткені әр түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастар жеке адамның өз шаруасы болып табылады және ол соңғы кезде кең өріс ала бастады. Экзогамия ережесіне келсек, бұл эндогамияға мүлде жанаспайды. Экзогамия ережесінің әрекеті өмбебап әрі қатал, кейбір жағдайда туыстардың ішінен екі адамның некеге отыруына тыйым салатын құқықтық нормалармен бекітіліп тұжырымдалады. Инцесталық табуға келсек, ол әлеуметтік-мәдени тыйым салудың айқын мысалы. Экзогамияның редуцирушылық әрекеті ету ережесі жақын туыстарға қолданылады және ата-аналары мен балаларының, ағайындары мен әпке-қарындастарының, немере аға, іні, жиен мен немере әпке, қарындас, жиен қыздың арасында некеге отырып, отау құруға жол бермейді.

Некелік тандаудағы әлеуметтанудың келесі маңызды алғышарттарына гомогамия және іргелес қоныстанушылық (көршілік) жатады. Гомогамия термині, әлбетте, некеге отырар адамдардың кейбір әлеуметтік, психологиялық, физикалық, т.б. ортақ немесе ұқсас сипаттары бар тенденцияны белгілеу үшін қолданылады. Бұған кері сипаттағы тенденция гетерогамия ұғымы арқылы айқындалады. Гомогамияны некелік жартаңдаудың бірден-бір негізгі алғышарты ретінде қарастыратын әлеуметтану теориялары жас мөлшерді, этникалық шығу тегі, әлеуметтік статусты, білімді, интеллект деңгейін, сыртқы пішінін және т.б. осы орайдағы маңызды сипаттамаларға жатқызып отыр. Бұлардың арасында жас мөлшерінің,

220
этикалық шығу тегінің және білімнің алатын рөлі жоғары болады.

Этникалық шығу тегі жөнінде жоғарыда біршама әңгіме қозғалды. Болашақ жұбайлардың жас мөлшері бірдей болмауы ықтимал, керісінше, ер адам әйелден жас мөлшері жағынан сәл де болса егделеу келеді. Американдық зерттеушілер В. М. Кепхарта мен Д. Едличкидің пікірлерін негізге алсақ, бұл мәдениетте әйелдер өздерінен жасы үлкен еркектерді ұнатса, ал ер адамдар керісінше, өзіне қарағанда біршама жас әйелдерді басқаларға қарағанда жақсы көреді екен. Ер адамдарды жас әйелдердің жас-

тық шағындағы сүйкімділігі еліктірсе, егде жастағы ер адамдар әйелдерге ел алдындағы жоғары беделі мен дәрежесі арқылы ұнайтын көрінеді.

Білім де некелік жар тандауда ерекше рөл атқарады. Екі адамның білімдеріне қарай некеге отыруы олардың әлеуметтік тұрғыдан деңгейлес болуының тең жартысын қамтамасыз етеді. Некеге отырғанға дейінгі және некеге отырғаннан кейінгі қарым-қатынаста білімнің бірдей болуы немесе соған орайлас келуі адамдар арасында жиі бай-қалады. Білім деңгейі әлеуметтік статуспен тығыз байланысатындықтан, жұбайлар бірдей немесе соған деңгейлес әлеуметтік топтарға жатқан кезде білімдік гомогамия бір мезгілде статустық гомогамияны да білдіреді. Сонымен қатар, бұл жұбайлар өздерінің бойларындағы құндылықтары, бір-біріне деген сенімдері, өмірдің әр түрлі қырларына көзқарастары, дәлірек айтқанда, ата-аналарына, табыстарына, мамандығына, т.б. келгенде бір-біріне ұқсас болуы тұрғысындағы мүмкіндігі арта түседі. Жас, білім, әлеуметтік шығу тегі сипаттамаларын қарастыратын болсақ, онда неке тандау процесінде ер адамдардың білім деңгейлері өздерінен біршама төмен және төменгі әлеуметтік топқа жататын жас әйелдерді ұнататын тенденцияның орын алатындығы және әйелдер үшін бұған қарама-қарсы тенденцияның басым болатындығы байқалады екен. Бұл тенденция некелік градиент деп аталады. Әлеуметтік құрылымы мейлінше жіктелген қоғамдарда егде тартқан, кемел білімді, кәсіби мамандығы бойынша қызмет ететін, өздерінің білімі мен статусын асыра бағалайтын әйелдердің өздеріне тең болар қосағын табуға мүмкіндігінің төмендеуіне, осыдан барын, тұрмыс құрмаған әйелдер санының ерлерге қарағанда артық болуына некелік градиенттің ықпал жасауы мүмкін.

Мұндайда жоғары білімді әйелдердің басым көпшілігі еріксізден түгін түтете алмай, жалғыз басты болып қалады. Бұдан некесіз бала туу пайда болады, яғни күйеуге шығу үмітінен айырылған осындай әйелдер саналы түрде жалғыз басты ана болудың жолын тандайды. Гомогамия ережесі тұлғаның бұдан өзге де сипаттамаларына орай әрекет етеді. Бұлардың

1. Антонов Л. И., Медков В. М. Социология семьи. М.: Изд-во МГУ, 1996. С. 154.

221

арасынан ақылдылық, физикалық жағынан алғандағы сүйкімділігі, биологиялық ритмдердің сәйкестігі, некелік статус пен саяси көзқарастарды, діни сенімдерді, т.б. біріктірген құндылықтар бағдары ерекше орын алады. Ал адамдардың бас қосуы мен түгін түтету жағдайын әңгіме етсек, онда некеде бұрын тұрмаған адам дәл сондай некеде тұрмаған жанды, айырылысқандар — айырылысқандарды, жесірлер — жесірлерді тандайды.

Некелік жар тандаудың әлеуметтанулық тұрғыда қарастыратын маңызды алғышарты — отбасыларының іргелес қоныстануы (көршілік). Іргелес қоныстану деп бір төңіректегі, аумақтағы жақындықты, көршілес болуды, сонымен қатар бір мекемеде жұмыс істеуді немесе бір оқу орнында қатар жүріп, ер жетуді айтады. Бұлар болашақта өзіне жар бола-

тыш адаммен кездесудің мүмкіндігін арттырады және тұлғалық, әлеуметтік сипаттамаларының ұқсас болуы да осындай іргелестік, бірге жүріп-тұру нәтижесінде қалыптасады.

Ата-аналар өз ұрпағын сүйіспеншілікке бөлеп, үнемі ұйытып отырса, олардың балалары да өзіне лайықты қосағын ұяда көрген тәрбиесіне орай дұрыс тандайды. Жастар өздеріне тәрбие берерлік ата-аналарының мейірім, сүйіспеншіліктерін көріп өссе, содан үлгі боларлықтай тәжірибелерін, жақсы қасиеттерін қабылдайды. Мұнда гомогамия бағытты үстемдікке ие болады. Өздерінің болашақ жарын тандаған кезде адамдар, әдетте, ата-аналарының кейпіне, тұрғысына, басқа да қасиеттеріне ұқсас жандарды іздестіреді. Мәселен, қыздар өз әкелеріне ұқсас адамдарды тандаса, жігіттер де аналарына ұқсас қалыңдықтандауға бейім тұрады. Ата-аналар өздерінің ұлдары мен қыздарының пір тұтар үлгісіне айналады. 3. Фрейдтің теориясынан бастау алған бұл көзқарас бойынша жыныстық қатынасқа лайықты объектіні тандауда алғашқы махаббат объектісіне, яғни ата-анасына қарай адам энергиясының ауытқуы байқалады. Басқаша айтқанда, 3. Фрейдтің тұжырымына сәйкес, ер адам өзіне анасына ұқсас әйел тандаса, ал әйел адам өзіне әкесіне ұқсас күйеу іздейді.

Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан алғанда жар тандаудың мұндай сипаты төмендегі тұжырым бойынша түсіндіріледі. Адам ата-анасына ұқсас жынысты тандауы арқылы өзіне етене таныс тұлғаның бойындағы қасиеттер сипаттамасын және өзі ұнататын, ұстанатын оның құндылықтарын бағалау негізінде лайықты жар тандайды. Мұндай тандау өзіне сүйеніш болар, жағдайын түсінерлік серікті алдын-ала болжауды, қымбат қасиеттерін сезінуді қамтамасыз етеді. Ал ортақ құндылықтар болашақ жұбайлардың бір-бірімен оңтайлы байланыс орнатуына көмектеседі.

1. Абсамтаров Р. Б. Демографические процессы: особенности и проблемы // Евразийское сообщество. 1996. № 4. С. 35-36.

222

Өйткені адамдарға өздерімен келісетін, сырын, жан сарайын іштей ұғынатындар ұнайды. Неке тандаудың келесі әлеуметтік-психологиялық теорияларының бірі Р. Ф. Уинчтың комплементарлық қажеттілік теориясы. Бұл теория бойынша жар тандау кезінде адамдар кімнің психологиялық ерекшеліктерінің өзіне қарама-қарсы екендігін бағалайды және олардың өзінікіне лайықты комплементарлық болуын (қосымшалықты) қалайды. Мысалы, жасқаншақ, бойкүйез және біреуге тәуелді болуға бейім адам өмірлік серігінің күшті де доминантты болуын ұнатады. Бұл индивидтің өз қажеттілік деңгейін барынша қанағаттандыруға тырысуы. Ал осы барынша қанағаттандыру сол уақытта іске асады, егерде ер адам мен әйелдің дербес қажеттіктері бір-біріне үйлесімді болса. Уинчтың бұл теориясын басқа зерттеушілер сынаса да, бірақ аталмыш теорияның негізінде жар тандаудың басқа да теориялары қалыптасты.

Сексуалдық мінез-құлық және ұрпақ жаю ұғымы биологияда қолданылады және оны синоним ретінде пайдаланады. Биологтар жыныстық

қажеттікті қанағаттандыруға бағытталған, соның нәтижесінде репродукция процесі жүзеге асатын жануарлардың физиологиялық және тәртіптік реакциясын анықтау үшін осы ұғымдарды қолданды.

Әлеуметтануда бұл ұғымдардың мазмұны өзгерген. Аталмыш ұғымдар синоним болудан қалды, бір-бірінен бөлінді. Шындығында, сексуалдық және ұрпақ жаю тәртіптері әр түрлі құбылыстар, бұлар әлеуметтік тәртіптің дербес типтері. Өйткені олардың мақсаттары мен қисындары да бөлек. Сонымен, сексуалдық тәртіп дегеніміз не? Қазіргі түсінік тұрғысында сексуалдық тәртіп - бұл жыныстық қажеттікті қанағаттандыратын әрекеттер мен қатынастардың жүйесі. Сексуалдық тәртіп - бұл әлеуметтік, адами тәртіп, мұнда биологиялық тетіктерді қолдану негізінде адам алдына белгілі бір мақсаттар қояды, белгілі бір мүдделерін жүзеге асыруға тырысады.

Сексуалдық тәртіпке физиологиялық, психологиялық және социомәдени процестер кіреді, бұлардың алғашқы екеуі соңғысына бағындырылған, құрамына енген. Көптеген әр түрлі мақсаттар сексуалдық қатынасқа түсу арқылы болатын адамның сексуалдық тәртібінің сипатты белгілері болып табылады. Сексуалдық тәртіп жыныстық қажеттіліктен басқа да көптеген қажеттіліктерді қанағаттандыра алады.

Алайда, сексуалдық тәртіптің осы көптеген мақсаттарынан бала туу мақсатын бөліп алу оның ауытқыған формаларына әкеп соқтыратынын естен шығармау керек, бұл аталған мақсаттарда қауіптің жасырынуы дегуманизация, сексуалдық мінез-құлықтың ауытқуы, гомосексуализм, топтық жыныстық қатынастар, порнография, т.б. формаларда көрінеді. Қазіргі жағдайда оның ауқымы кеңейіп, сексуалдық тәртіптің аномиялық

223
формасына ұқсас форманы қабылдады және олардың кейбіреулерінің квазинормалық мәртебеге ие болуы отбасында дағдарысты жағдайдың қалыптасқанын көрсетеді, әрі ол сол шаңырақтың келешекте күйреуінің алғышарты болып табылады.

Бүгінгі түсінікке сәйкес сексуалдық тәртіптің мақсаттары мыналар болып табылады: релаксациялық, жыныстық кіріптарлықтан құтылу; бала туу, яғни жүкті болу және туу қажеттігін қанағаттандыру; сезімдік құмарлықты мақсат ету (гедонизм); танымдық, жыныстық әуестікті қанағаттандыру. Бұл мақсат жыныстық қатынас өмірін жаңа бастағандар үшін, әсіресе, жасөспірімдер (бозбала) үшін ерекше маңызды; коммуникация, психологиялық тұрғыдан тұлғалық сезіміне қол жеткізіп, өзге адаммен толық бірігуі; өзін сезімдік тұрғыда тануы, өзінің сексуалдық әрекетінің дұрыстығына нақты және сенімді дәлелінің болуы. Бұл мақсат жасөспірімдер үшін де, өзгелер үшін де аса маңызды болып табылады. Сезімдік тұрғыда өзін танытуға деген қисын күші аса жоғары; сексуалдықтан тыс мақсаттар, яғни өзінің сексуалдық тәртібіне сырттай қатысы бар мақсаттар. Бұған қайсыбір материалдық игіліктер мең пайдалар, сондай-ақ адамның иеленуге ұмтылатын кез келген әлеуметтік құндылықтарын айтуға болады. Сонымен қатар, бұған белгілі бір салт-жоралар немесе әдет-

ғұрыптар жатады, Мысалы, некеге қатысты сексуалдық қатынас бір мезгілде ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынасының тұрақты және оның қастерлі болуын көздейді, сексуалдық тәртіптің көп түрлі мақсаттары мен қисындары оның күрделілігін және әмбебап сипатын, өзіне индивидуалдық пен әлеуметтік, биологиялық негіздерді және әлеуметтік мәселелерді қамтитынын көрсетеді. Бұларды индивидуалдық сексуалдық тәртіпке әлеуметтік жүйе, қоғам енгізіп отыр.

Социомәдени құбылыс ретіндегі сексуалдық тәртіптің мазмұнын ашатын маңызды ұғымдар бар. Солардың бірі - сексуалдық мәдениет. Сексуалдық мәдениет адамның сексуалды тәртібін реттейді, әлеуметтендіру процесінде баянды болған тәртіп үлгілерін, сонымен қатар құндылықтарды, тыйым салу дағдысын және ұстанымдар жүйесін қалыптастырады, жеке адамның сексуалдық күйін, оның серігімен өзара қарым-қатынас таңдауын анықтайды, жыныстық өмірді қоғамның, отбасының, некенің игілігі үшін әлеуметтік қолданыс шеңберіне енгізеді. Десек те, қоғамның сексуалдық мәдениетін индивидтің игеру деңгейі тіптен әр түрлі болуы мүмкін, бұл адамның жеке басының сексуалдық мәдениетінің сипатымен байланысты.

Аталмыш ұғым жыныстық қатынас рөлі деген ұғыммен тығыз байланысты. Жыныстық рөлі, әдетте, социомәдени нормалардың жиынтығын білдіріп, түсіндіреді, ол еркектердің немесе әйелдердің қандай болуы

224 немесе болмауы керектігін, олар өздерін қалай ұстауы керектігін немесе керек еместігін анықтайды. Сексуалдық рөл деп сексуалдық қарым-қатынасқа қатысы бар және индивидтен өзгелердің, қоғамының жыныстық өмір саласындағы талаптары мен күтілістерін сипаттайтын жыныстық қатынас рөлінің мәселесін айтады.

Сексуалдық сценарий ұғымы индивидтің меңгеріп, өзінің тұлғалық болмысына айналған сексуалдық мәдениеттің бөлігі болып саналады, сондықтан да осы сценарий оның сексуалдық тәртібін «іштей» басқарады. Сексуалдық сценарий когнитивтік, эмоциялық және қоздырушы элементтерінен тұрады. Бұлардың біріккен әрекеті индивидуалды сексуалдық тәртіптің ерекшеліктерін, яғни оның мақсаттарын, жыныстық өмірдің басталу уақыттын, жыныстық қатынастың жиілігін, т.б. анықтайды.

Қазіргі дүниеде сексуалдық тәртіптің қандай негізгі бағыттары мен заңдылықтары бар? Әлеуметтану ғылымы сексуалдық тәртіпті қалайша зерттейді және түсіндіреді?

Бұл мәселенің алғашқы проблемасын айтқанда, көңіл аударатын мәселе некеге дейінгі сексуалдық тәртіп, оның ішінде жасөспірімдердің сексуалды тәртібі туралы сөз болуға тиіс. Соңғы жиырма, отыз жыл ішінде бүкіл дүние жүзінде аталмыш мәселеге қатты қызығушылық байқалады. Өйткені некеге дейінгі жыныстық байланыстың басым бөлігі және оның артуы жасөспірімдердің үлесіне тиіп, олардың сексуалдық байланысы экономикалық, әлеуметтік, медициналық және т.б. проблемаларды туғызды. Дегенмен, бұл жаңа проблема емес. Некеге дейінгі жыныстық бай-

ланыстардың өсу тенденциясы соңғы 2-3 ғасырдан келе жатыр. Америка отбасын зерттеген тарихшы Э. Шортер, ағылшын тарихшысы Питер Ласлетт және т.б. зерттеулері осы көзқарастың дұрыстығын аңғартады. Бұлар дүниеге нәресте әкелу тәртібі динамикасының себептерін әр түрлі түсіндіреді. Мысалы, жасанды түсіктің аз болуы, қолдан жасалған сақтанулардың төмен болуы, антисексуалдық репрессияның күшеюі, индустрияландырумен байланысты сексуалдықтың төмендеуі, т.б.

Әлеуметтану тұрғысынан және әлеуметтік институт ретінде отбасы дағдарысы теориясы тұрғысынан алып қарағанда, некеге дейінгі жыныстық байланыстардың етек алуына отбасында береке мен бірліктің болмауы, жастардың тәртібіне отбасы тарапынан бақылаудың азаюы, отбасынан тыс құрылымдардың — көршілер қауымы, шіркеу, т.б. тарапынан қадағалаудың жоқтығы, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар жүйесінің интеграциялануы себепші болған. Отбасы неғұрлым берік, ондағы ұрпақтардың өзара қарым-қатынасы неғұрлым дұрыс болатын болса, неғұрлым әлеуметтік бақылау қатаң және бәрін қамтитын болса, соғұрлым некеге дейінгі жыныстық ұстамдылық жоғары болды. Дегенмен, соған қарамастан

225
некеге дейінгі сексуалдық байланыстар, әсіресе жас адамдар мен жасөспірімдер арасында кеңінен тараған.

Бұл тенденция ХХ ғасырда және ХХІ ғасырдың басында орын алып отыр. Оған статистикалық мәліметтер мен әр түрлі елдерде жүргізілген әлеуметтану саласындағы зерттеулердің қорытындылары дәлел. Соғыстан кейінгі жылдары кәмелетке жетпеген қыздардың босанып қалу жағдайы көбейді. Мұнда бір-бірінен өзгеше екі кезең анық байқалады. Оның 70-жылға дейінгі бірінші кезеңі бүкіл дамыған елдерде жасөспірім қыздардың тұрмысқа шықпай туып қалуларының өсуімен сипатталады. Осыған қарамастан бұл елдерде жалпы туу саны күрт төмендеді. Бірақ жасөспірім қыздардың тууы Норвегия мен Ұлыбританияда 2 есе, тіпті одан да тез өскен, ал өзге жеті елде бұл көрсеткіш 1,5 есе болған. Мұндай өсудің себебі жыныстық пісіп-жетілу жасының төмендеуінен, жасөспірімдердің еркіндігі мен дербестігінің артуымен, дәстүрлі моральдық ұстанымдардың әлсіреуімен байланысты, сайып келгенде, бұл жағдайлардың жиынтығы некеге дейінгі сексуалдық белсенділік деңгейінің көтерілуіне әкеп соғып отыр.

Бірақ кейін жағдай өзгерді. Жасөспірім қыздардың туу динамикасының өзгеруі үш нұсқадан көрінді. Оның бірінші моделін 20 жасқа дейінгі 1000 әйелге 100—200 туудың келуі, яғни бұл жас қыздардың туу деңгейінің төмендеуі сипаттайды, бұл көрсеткіш 70-жылдардың аяғына дейін одан әрі төмендеген. Осы нұсқа бойынша кәмелет жасына жетпей туу бірнеше Батыс Еуропалық елдер мен Жапонияда өзгерді. Екінші нұсқада, бірінші нұсқаға қарағанда, жасөспірім қыздардың тууы әлдеқайда жоғары болған. Осы модель бойынша жасөспірімдердің тууы Батыс және Солтүстік Еуропаның кейбір елдерінде, Австралияда, Канадада өзгерген. Үшінші нұсқаның ерекшелігі жасөспірім қыздардың тууы деңгейінің өзге деңгейлер-

мен салыстырғанда төмендеу болуы. Бұл нұсқадағы өзгеріс Шығыс және Оңтүстік Еуропада байқалады.

Неке жағдайындағы сексуалдық тәртіп те әлеуметтануда маңызды мәселе болып саналады. Мұнда сексуалдық тәртіптің некеде алатын рөліне баса назар аударылады. Некелестер арасындағы сексуалдық қатынастардың рөлі ғана некелік сексуалдық тәртіптің негізгі мәселелеріне талдау жасауды қажет етеді. Бұл жерде басты мәселе сексуалдық тәртіп динамикасы некенің ұзақтығына және т.б. алғышарттарға байланысты болады. Неке баянды болған сайын, сексуалдық қатынас жиілігі азаяды, бұл некелік сексуалдық тәртіптің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Осы тенденцияға А. Кенизи аса көңіл аударған еді. Оның зерттеу деректеріне

1.ИвановЛ. С. Семья и ее проблемы. Саратов, 2001. С. 56.

226

сәйкес, жыныстық қатынастардың жиілігі ерлі-зайыптылардың жас мөлшеріне қарай өзгеріп отырады. Мысалы, 16-25 жастағы ерлі-зайыптылардың жыныстық қатынастарының орташа жиілігі жетісіне 2,45 рет; 26-35 жастағыларда жетісіне 1,95 рет; 36-45 жастағыларда жетісіне 1,40 рет; 46-55 жастағы ерлі-зайыптыларда жетісіне - 0,85 рет; ал 56 жас-тан асқан жұбайларда жетісіне 0,50 рет болған. А. Кенизидің бұл көзқарасын 25 жылдан кейін, яғни 1972 жылы ағылшын зерттеушісі М. Хант бекіте түсті. М. Хант жүргізген сауалнама бойынша ер адамдар арасында жыныстық қатынастар жетісіне жоғарыдағы жас мөлшеріне сәйкес: 3,25; 2,55; 2,00; 1,00; 1,00 реттен келген. Сексуалдықтар тәртіптің неке стажына тәуелді екендігі өзге де зерттеулерде дәлелденген. Американдық К. С. Гринбалттың зерттеулері бойынша бес жылдан кейін отбасында қалыптасатын жағдайлар балалардың дүниеге келуі, жұмыс мәселесі, отбасы міндеттері, қаражат проблемалары некелік жыныс қатынасының жиілігін төмендетеді. Мұндай әлеуметтану саласындағы оқшау зерттеулердің қорытындысын 80-жылдардың соңы 90-жылдардың басында бүкіл дүниежүзілік демография және денсаулық бойынша (ДНС) жүргізген зерттеу нәтижелері де нықтады. Әлемнің барлық елдерінде неке стажының артуына байланысты жыныстық, қатынастар жиілігінің төмендеуі байқалды. Мұның себептеріне орай зерттеушілер бірнеше алғышарттарды алға тарта келіп, олардың ішінде бірінші орынға, әдетте, кәсіби жұмыстың қауырттылығын және осыған байланысты шаршап-шалдығудың пайда болуын, балалардың тууын, сонымен қатар ерлі-зайыптылардың қанағат тұтуларын қояды.

Некелік сексуалдық тәртіптің келесі маңызды ерекшелігі — оның ұрпақ жаю тәртібі екені рас. Қазіргі қоғамда сексуалдық пен репродуктивтік тәртіптердің арасындағы өзара байланыс ең алдымен балалы болу ниетінен туындайтын жыныстық қатынастар жиілігіне тәуелді болады және содан көрініс табады. Отбасына қажетті бала санының болуына ықылас неғұрлым күшгі болса, қажет еткен бала саны мен оның нақты балаларының арасында неғұрлым үлкен алшақтық болса, некедегі жы-

ныстық қатынастар жиілігі соғұрлым жоғары болуға тиіс. DHS-тың мәліметтеріне қарағанда, әйелдер болашақ балаларының санына қарай жыныстық қатынас жиілігін реттеп отырады. Барлық елдерде көп балалы болғысы келетін әйелдер көп балалы болғысы келмеген әйелдерге қарағанда жиі жыныстық қатынасқа түседі.

DHS-тың мәліметтері бойынша, некелік сексуалдық және ұрпақ жаю тәртіптерінің өзара байланысы жыныстық қатынас жиілігін сақтау шараларып қолдану түрлеріне байланысты болады. Жүкті болудан сақгандың дәрі-дәрмек ішу, спираль салу сияқты әдістерін қолданған некелі

227
әйелдердің жыныстық қатынастары жиілейді. Мұндай әйелдер өзінің балаға деген қажетін қанағаттандырса да, көп балалы болғысы келген аналар сияқты тым жиі жыныстық қатынасқа түседі.

Әлеуметтану тұрғысынан жоғарыда аталған некелік сексуалдық тәртіптің ерекшеліктерін қалай бағалауға болады? Әдетте аса тиімді контрацепция қолдану арқылы жиі жыныстық қатынасқа түсу мүмкіндігіне ие болатын сексуалдық тәртіптің ұрпақ жаю тәртібімен байланысты болмауын жағымды құбылыс ретінде қарастырады. Себебі ол индивидгің кез келген тәртіп нұсқасы мен үлгісін таңдауға мол мүмкіндік пен еркіндіктің пайда болғанын көрсетеді, әйел еркіндігі және оның ер адаммен барған сайын тең бола түсуі қазіргі неке-отбасы қатынастары қалыптасуының айғағы ретінде керінеді. Сонымен қатар, бұл отбасының ғаламдық дағдарысын да керсетеді, оның әлеуметтік, әсіресе ұрпақ жаю қызметтерінің жойылуын немесе басқа жағдайға ауысуын байқатады.

Отбасының ұрпақ жаю қызметі ұрпақ жаю тәртібі арқылы жүзеге асады. Ұрпақ жаю тәртібі отбасында балалардың белгілі бір туылу санын белгілейтін жанама әрекеттер мен қатынастар жүйесі болып табылады. Адамның кез келген тәртібі сияқты ұрпақ жаю тәртібі оның әрекет етуінің белгілі бір төменгі және жоғарғы шеңберімен, яғни адамның дүниеге бала келтіруінің табиғи циклына кіруімен шектелген. Бұл шектеулер, бір жағынан, бала туу әлуетінің нақгы тарихи жағдайын сипаттайды, әйелдің бүкіл өмірінде болатын жағдаяттар, айталық, демофафиялық құрылымы, денсаулық жағдайы, балалардың шетінеу деңгейі, т.б. балалардың туылу санының физиологиялық мүмкіндігін білдіреді. Екінші жағынан, бұл шектеулерді әлеуметтік бақылау жүйесі қалыптастырады. Ол баланың туылуының нақгы қандай әлеуметтік-биологиялық деңгейде жүзеге асатынын, әйелдің нақгы неше бала туу мүмкіндігін анықтайды.

Ұрпақ жаю тәртібі құрылымының негізгі элементтері бар. Балалы болуға деген қажеттілік ұрпақ жаю тәртібінің ең басты қозғаушы күші. Балаларға деген қажеттілік бұл биологиялық нәрсе емес, керісінше, ол әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік категория. Баласы жоқгық және қажет еткен бала санының болмауы индивидгің өзін тұлға ретінде керсетуіне нұқсан келтіреді, бұл әлеуметтік сипатқа ие болған жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеті.

Мұндай қиыншылықтар күнделікті өмірде тұлғаның отбасындағы

мәртебесін анықтау кезінде де алдан шығады. Мысалы, көптен көрмеген таныстар кездескенде бір-бірінің балалары жөнінде сұрап жатады, осылайша тұлғаның ұрпақ жаю нормасына өзінен-өзі еріксіз баға беріледі.

I. Алексюк Л. Ю. Демографическая политика. Киев, 2000. С. 96.
228

Балаға қажеттіліктің мәнін түсінуде ұрпақ жаю нормалары ұғымы үлкен рөл атқарады. Ұрпақ нормалары бұл белгілі бір бала санының тууына қатысты қоғамдық болмыс детерминдірген және индивид жататын әлеуметтік топтар қабылданған тиісті тәртіп принциптері мен үлгілері.

Тұлға кез келген социомәдени нормаларды меңгергені сияқты, ұрпақ жаю нормаларын да тәртіп бағдарының құралы ретінде меңгереді және белгілі бір балалардың тууына қатысы бар әр түрлі әрекеттер мен іс-қимылдардың үйлесімін қамтамасыз ететін ішкі бақылаудың негізін құрайды. Меңгерілгеннен кейін, тұлғаның ішкі әлеуметтік-психологиялық құрылымына айналатын ұрпақ жаю нормалары өздерінің мазмұнына сәйкес балаға деген қажеттіліктің мәнін анықтайды.

Балаға саңдық және сапалық тұрғыдан қажеттілік болады. Бұлардың мазмұнын ұрпақ жаю қисындары ашады. Ұрпақ жаюға қатысты байламдар әр түрлі әрекеттердің өзара үйлесімділігін қамтамасыз ететін, белгілі бір бала санының дүниеге келуін оң немесе теріс деп білетін тұлғаның психологиялық күйі. Ұрпақ жаю белгілеулері екі класқа бөлінеді: 1) балалардың белгілі бір санға жетуін реттейтін белгілеулер; 2) жүкгі болуға қарсы шараларды қолдануға және жүктілікке әдейі тоқтатуға бағытталған белгілеулер. Осы белгілеу түрлері нақты жағдайда балаға деген қажеттіліктің уақыты мен орнын және оның күшін байқатады, сондықтан да олар өзара байланысты болады. Неғұрлым кезекгі баланы тууға дайындық күшті болған сайын, контрацепция мен әдейі түсік жасаудан арылыш, ұрпақ жаюға таңдау жасау соғұрлым жоғары болады.

Егерде репродуктивтік белгілеулер қажетті бала санына қатысты болса, онда репродуктивтік қисындар оның сапалық жағын, мазмұнын ашады. Репродуктивтік қисындар индивид белгілі бір бала санының тууы арқылы өзінің алдына қойған әр түрлі мақсаттарын жүзеге асыруға итермелейтін оның ерекше психологиялық күйін білдіреді. Репродуктивтік қисындар балалардың кез келген кезекпен дүниеге келуіне тұлғалық мән беруімен сипатталады. Солай болғанмен де бала қайсыбір мақсаттарға жетудің құралы болып қалады.

Ұрпақ жаюға немесе балалы болуға қатысты қисындар экономикалық, әлеуметтік және психологиялық болып бөлінеді. Бала туудың экономикалық қисындары бұл қайсыбір бала санының туылуына итермелейтін, сол арқылы белгілі бір экономикалық мақсатқа қол жеткізуге, яғни материалдық пайда табуға немесе экономикалық мәртебесін көтеруге негіз болатын қисындар. Әлеуметтік қисындар - бұл балалы болудың қалыптасқан социомәдени нормалары шегінде белгілі бір бала санының дүниеге

келуіне итермелейтін қисындар және олар осы нормаларға индивидуалдық
229

көзқарас та болып табылады. Әлеуметтік қисындар ынталандыру бар жерде өмір сүреді, мысалы, бұл әлеуметтік мәртебені, беделді арттыру және жұртшылық алдында қадір-қасиетін баянды етуден немесе асырудан көрінеді. Керісінше мұндай ынталандырулар, жеңілдіктер мен «пайдалар» болмаған ретте, белгілі бала санының туылуына әлеуметтік қисындар да болмайды. Мәселен, қазіргі 1-2 балалы отбасына негізделген қалалық ортада үш немесе одан да көп балалы ата-аналар келеңсіз әлеуметтік-психологиялық кедергілерге ұшырайды. Оларды көбіне әжуа-күлкі етеді, моральдық тұрғыдан сынап-мінейді және т.б. жағымсыз қоғамдық пікірлерге желеу етеді. Психологиялық қисындар — бұл белгілі бір бала санының туылуына түрткі болатын қисындар, сол арқылы тұлғаның жеке басының кейбір әлеуметтік-психологиялық, тіптен ішкі мақсаттары орындалады. Бұл қисындар баланың туылуына деген қоғамдық мүддені жоққа шығарып, жеке бастың мүддесін көрсетеді. Психологиялық қисындар ата-аналардың субъект немесе объект ретінде қарым-қатынас жасауына қарай екі класқа бөлінеді: бірінші класс қисындарында ата-аналар субъекті ретінде көрінеді, бұл олардың балаға деген сезімдері мен талаптарына, балаға қамқорлық жасауға деген ықылас-ынтасына, махаббатына, баланың өсіп-жетілуіне бағыт-бағдар жасауға, т.б. байланысты. Ата-аналар объект болып табылатын келесі класс қисындары барлығын біріктіреді, баламен қарым-қатынас жасау арқылы ата-ана бала тарапынан туындайтын сезім объектісі болу қажетін қанағаттандырады. Айталық, баладан ата-ананың сүйіспеншілік пен құрмет күтуі, бала арқылы өзінің ұрпақ сабақтастығын жалғастыруға ұмтылу немесе солар арқылы өзіндегі қайсыбір қасиеттерінің жалғастығын көру, т.б.

Ұрпақ жаю қисындары құрылымында экономикалық, әлеуметтік және психологиялық қисындардың арақатынасы тұрақсыз болмайды. Бұл ұрпақ жаю мәселесі уақыт өткен сайын өзгеріп, ғаламдық процесте көп балалықтың тарихи тұрғыдан өрісі тарылып бара жатқанын көрсетеді. Бұл жердегі жалпы тенденция отбасында бірнеше баланың дүниеге келуінің экономикалық және әлеуметтік қисындарын біртіндеп әлсіретіп немесе мүлде «жоқ» етіп, алдыңғы қатарға психологиялық ішкі қисындарды шығарады.

Отбасы әлеуметтік институт ретінде бірнеше міндеттер атқаратынын жоғарыда айттық. Солардың маңыздыларының бірі — тұлғаны қалыптастыру. Келесі тақырыпта жалпы тұлға мәселесі жан-жақты қарастырылады.
230

ОНЫНШЫ ТАҚЫРЫП

ТҰЛҒА ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Әлеуметтану ғылымының адамдардың пікірлері, іс-әрекеттерінің уәждері, өмірлік жоспарлары, құнды бағыт-бағдарлары, қызметтің мақ-

саттары және т.б. қазіргі адамның тұлғалығын бейнелейтін мәселелер болып саналады. Тұлғаны танып-білу бұрыннан келе жатқан нәрсе.

Әлеуметтендіру туралы айтқанда біз мәдени нормаларды игеру мен әлеуметтік рөлдерді меңгеру процесін әңгіме етеміз. Бұл процесс адамның индивидке және тұлғаға айналуын білдіреді. Әлеуметтендіру процесі сатылардан өтеді, оларды негізгі өмірлік циклдар деп те атайды. Бұл балалық шақ, жасөспірімдік, ер жету, және қарттық шақтар. Әлеуметтендіру процесінің нәтижеге жету деңгейіне орай немесе аяқталуына сәйкес оны бастапқы немесе ерте әлеуметтендіру деп бөліп көрсету ғылымда орын алған, бұл балалық пен жасөспірімдік кезеңді қамтиды және жалғастырушы немесе толығын жеткен есейген әлеуметтендіру деп те бөлуге болады, бұл қалған екі кезеңді қамтиды.

Әлеуметтік «Меннің» қалыптасуымен, әлеуметтенудің эволюциялық кезеңдерімен және хронологиялық шеңберімен байланысқан бірнеше ауқымды мәселелерді қарастырамыз. Соның ішінде, біздерге әлеуметтендірудің агенттері мен институттары қалай әсер ететініне тоқталамыз.

1. Адамның биологиялық және әлеуметтік жағдайы.

Тұлға — әлеуметтік өмірдің субъектісі мен объектісі

Адам — биологиялық индивид, жердегі тірі организмдердің жоғарғы сатысы, күрделі және ұзаққа созылған биологиялық эволюцияның жемісі, эволюциялық мәдениеттің алғышарты және субъектісі. Биологиялық эволюция 2,5 млн жылға созылды. Адамның биологиялық дамуы 40 мың жыл бұрын тоқтады. Осыған деген бүгінде адамды өзге жануарлар дүниесінең ерекшелейтін іргелі белгілері қалыптасты; тік жүруі, миының үлкендігі, екінші сигналдық жүйесінің болуы, ойлаудың, тілдің және сананың болуы, балалық шақтың ұзаққа созылуы, еңбек құралдарын және отты меңгеруі және т.б.

Бұлар биологиялықтан мәдени эволюцияға өтудің жағдайы болып саналады. Адамның соңғы 40 мың жылда қол жеткізгенінің бәрі биологиямен байланысы жоқ, керісінше, мәдениетпен, қоғаммен байланысты. Басқаша айтқанда, табиғи жолмен емес, керісінше, мәні әлеуметтік қатынастар жүйесінде айқындалған қолдан жасалған ортамен байланысты. Адам биологиялық тіршілік иесі болғанымен, осыдан бастап оның индивидуалдығы қалыптасады, кейін ол тұлғаға айналады.

231

Тұлға ретінде адам туралы түсініктің дамуы бірнеше кезеңді қамтиды. Ежелгі Қытайдағы (б.з.д. VI—I ғғ.) даосизмде қараңғылық пен жарықғы, еркектік пен әйелдікті, белсенділік пен енжарлықты, қаталдықпен ізгілікті, тыныштық пен қозғалысты өз бойына жинап, үйлестірген адам — дүниеде кіндік орынға қойылды. Ол өткенге бет бұрып қарап, ал болашаққа ты сыртын берген қалыпта еді. Дүние адам үшін жаратылмаған, адам дүние дамуының соңғы буыны. Адам құдаймен индивид ретінде қатынас жасмайды, рулық әрі ұрпақ ретінде қатынаста болады. Адам өзінің тұлғалық шекарасын сезбейді. Ежелгі Үндістандағы (б.з.д. VII—IV ғғ.) буддизм адам-

дардың өзіндік индивидуалдығын жоққа шығарды. Бұған дара тұлға идеясы, индивидуалды бірегей өмірдің өлгеннен кейін қайтып оралмайтыны белгісіз болды. Буддизм түсінігі бойынша, өлгеннен кейін адам денесі мен санасы көптеген элементтерге бөлініп, басқа жерге барып орнығады. Бірақ индивидуалдық емес, тек ғарыштық жан ғана басқаға қонады. Ал мұндай жанда индивидуалдық болмайды. Ерік туралы ойды терістеген буддизм адамда жан болады деген идеяға да салқын қарады. Ежелгі Грецияның (б.з.д. VI-IV ғғ.) философтары бірінші болып өмірдің құндылығы оның қайталанбастығында екенін түсінді. Олар индивидті ғарыштан бөліп, маңызды қадам жасады. Сократ антропологиялық тақырыпта төңкеріс жасады, оны адам философиясының іргетасын қалаушы дейді. Атақты «Өзінді өзін таны» нақылы бойынша әрбір адамда ішкі «Мен» болады, оның орталығы саңа мен ойлау болып табылады. Адам өмірде ұтымдылықты көздейді: ол өзіне мақсаттар қояды және оларға жетеді, олар үшін жауапкершілікті мойнына алады. Адамның жетілуі — оның қызметі мен тәрбиесінің нәтижесі.

Адам өзін-өзі танып қана қоймайды, сонымен бірге табиғат және әлеуметтік заттардың өлшеуіші де болады. Гректер адам іспетті, бейнелі құдайлар құрметіне храмдар тұрғызды, онымен адамның түйсінуі мен ойлауының өлшемін бейнеледі. Бұдан кейін адамның құнды өлшеуіш екендігі жөніндегі түсінікті Демокрит пен Платон дамытты. Нәтижесінде антропологиялық гректерде антропоцентризмге айналды.

Орта ғасырларда (б.з. IV-XIV ғғ.) христиандық адамға принципті жаңа тұрғыда қарауды ұсынды, ол гуманизм ілімінен көрініс тапты. Ежелгі Қытай, үнді және грек өркениеттерін тұлғаға дейінгі мәдениетке жатқызады. Христиандық адамды дүние жаратылысының дәл ортасына қойды. Адам — бұл храм, ол құдай сияқты жаратылған. Адамда тұлғаның абсолюттік жасампаздығы бар.

Қайта өрлеу дәуірінде (XIV-XV ғғ.) антикалық дүние мен христиандықтың адамға деген ең оң көзқарастары теріп алынып, гуманизм іліміне сіңірілді. Бұл дәуірдің ойшылдары, рухтың алыптары — Леонардо да Винчи, 232

Микеланджело, Данте - адам тұлғасының бостандығы мен егемендігін жариялады. Адам тұлғасын олар дене мен рухтың, ақыл-парасат пен сезімнің, жердегі мен көктегінің үйлесімі деп түсінді. Қайта өрлеу дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға өтуімен, капитализмнің алғашқы көріністерінің байқалуымен де ерекшеленді. Ал капитализм әлеуметтік және экономикалық құбылыс ретінде индивиді жоқ жерде орнай алмайды, ол үшін еркін кәсіпкер, саудагер, қолөнерші, жалдамалы жұмыскер болуы шарт, олар өз алдына жеке экономикалық агенттер деп бағалады.

Ренессанстық сана толық мағынада айтқанда, «индивид» ұғымынан «индивидуалдық» түсінігіне қарай ойысты. Қайта өрлеуді «ақыл-парасат ғасыры» деп те атайды, өйткені ол сананы адамның ең жоғары жетістігі деп жариялады. Сөйтіп, Қайта өрлеу антикада пайда болған ұтымдылықты жалғастырып, оны жоғары деңгейге жеткізді.

Ағартушылық (XVII-XVIII ғғ.) Қайта өрлеу дәуірінде басталған «ақыл-парасат патшалығы» адамның саяси бостандығы мен азаматтық құқығын орнату күресін одан әрі жалғастырды. Ағартушылық дәуір соңы екі маңызды құбылыспен есте қалды: 1) ұлы өндіріс революциясы, бұл капитализм шабуылының тоқтаусыздығын толық нығайтты және 2) ұлы француз революциясы (1789 ж.), бұл төңкеріс қазіргі демократияның негізін қалаған саяси бостандық пен саяси әдет-ғұрыпты жариялады. Бұл дәуір ұлы географиялық және ғылыми ашылымдардың, заңды еркіндікті жеңіп алудың, буржуазияның билік үшін күресінің заманы болды, соның нәтижесінде жабық, дәстүрлі енжар қоғам ашық, қазіргі шалымды қоғаммен ауыстырылды.

Бостандық, ақыл-парасат, қозғалысты өмір салты, индивидуализм және кәсіпкерлік рух - қалыптасу үстіндегі тұлғаның басты көрсеткіштері. Тарихшылардың пікірінше, «индивидуалдық» сөзінің өзі «тұлға» ұғымы ретінде бұдан 200—300 жыл-бұрып, яғни ағартушылық дәуірде пайда болған.

Қазіргі философияның пайымдауынша, мәңгілік дүниедегі адам мәңгілік құндылықтарды жалғастырушы. Уақыт ішіндегі адам тек физикалық құбылыс: ол туады және өледі. Уақыт ішінде өмір сүру — бұл біздің қоғам азаматы ретіндегі болмысымыз. Уақытпен біз ас ішеміз және ұйықтаймыз, билік үшін күресеміз және бала өсіреміз, табыстарға жетеміз және жеңілістерге ұшыраймыз. Қоғамда өмір сүргендіктен әлеуметтік тіршілік иесі ретінде біз қоғамнан тыс бола алмаймыз. Өйткені біздер отбасының, ұжымның, мамандықтың және таптың бірлігінің көрінісіміз. Алайда, адамның мәні басқада — ол адами мәңгілікте және адамдық еркіндікте.

Біздің өмір сүруіміз уақыт пен мәңгіліктің арасындағы қайшылықта болады. Адам болмысы әр түрлі екі өлшемде жатыр, сондықтан адам әрдайым қарама-қайшылықты. Уақыт ішінде өмірді бақылауға болады,

233

ал мәңгілікті тек елестетуге болады. Философтар қарастырған адам болмысының екі тұрғысы осылар.

Жаратылыстанушы ғалымдар адам жөнінде басқаша көзқараста болады. XIX ғасырда биологияның озық ойшылдары тұлғаға жұмыртқа ішінде толық қалыптасқан тіршілік иесі сияқты қарады. Индивидтің тұлғалық белгілері ұзақ уақыт бойы тұқым қуалаушылыққа таңылды. Адамның отбасы, тұқым-тұқияны және қанының қасиеті оның ұлы тұлға болуып, асқан мақтаншақ, түзелмес қылмыскер немесе қайырымды сері болуына негіз салады делінді.

XX ғасырдың бірінші жартысында жиналған сан алуан жаңа фактілер адамның мәні туралы бастапқы көзқарастарда қайта қарауға мәжбүр етті. Сөйтіп, туа біткен ұлылық адамнан автоматты түрде ұлы тұлғаны қалыптастыруға кепілдік бермейтіні белгілі болды. Дәл сол сияқты тектік жарақат, ауру немесе басқа да жағымсыз биологиялық алғышарттар адамның толыққанды қоғам мүшесі болу мүмкіндігін жоққа шығара алмады. Бұл жерде басты рөлді әлеуметтік орта атқарады, адам туғаннан кейін осы ортаға түседі.

Сонымен, XIX ғасырда адамдағы биологиялық пен әлеуметтіктің арасалмағына қатысты мәселені нақты ғылымдар әдістерінің көмегімен толық

шешпекші болған ниет іске аспады. XX ғасырда бұл мәселе одан да бетер үлкен қайшылыққа тап болды. Бүгінде ғалымдар бұл мәселені шешілмейтін проблема деп қарауға бағыт ұстап отыр. Адам тұлғасын зерттеуде тұлғалық қасиетті анықтаудың бірнеше деңгейлерін қолдану қабылданған:

— табиғи, бұл басқа адамдардың ықпалынан тәуелсіз адамның өзінде болатын және дамитын жағдайлар;

— биологиялық, бұл жалпы шыққан тегі;

— тұқым қуалаушылық, бұл ата-ана қанының негізінде болатын және дамитын факторлар (биологиялықтың бәрі бірдей тұқым қуаламайды);

- әлеуметтік, адамға әлеуметтендіру барысында, басқа адамдармен қарым-қатынаста және өзара іс-әрекет арқылы сіңісті болып, қабылданған белгілер.

Кең мағынада алғанда әлеуметтік үшке бөлінеді:

- *өзіндік әлеуметтік*, бұл адамның өзінің әлеуметтік рөлдерін дұрыс орындау үшін қабылдаған аса қажетті белгілерінің жиынтығы;

- *ерекшелікті мәдени*, бұл әдепті мінез-құлық нормалары мен ережелерінің жиынтығы, олар ырықсыз орындалады, индивидтің сіңісті белгілеріне айналады, осы арқылы өзгелер оны тәрбиелі жан ретінде таниды;

- *адамгершілік*, этикалық нормаларды абсолюттік талаптар ретінде орындауына орай адам бойындағы әлеуметтік қасиеттің жоғары көрінісі және мәдениетгілік бастаулары.

1. Платонов К. К. Структура и развитие личности. М., 1986. С. 173. 234

Тұлғаны адам тәнінде өмір сүреді деуге бола ма? Иә, ол айналадағы кеңістікте жоқ қасымызда да емес, алыста да емес. Ал тұлғада дене бар ма? Жоқ, өйткені тұлға материалдық түзілім емес. Онда өзін алып жүруші — адами психика болады. Бірақ психика адам тәнінің құрамдас бөлігі болып саналмайды. Психика жоғары ұйымдасқан материяның ойлау сияқты қасиеті, мидың атқаратын қызметі болып табылады. Психика биологиялық эволюцияның белгілі бір сатысында пайда болған, ақиқатты бейнелеудің ерекше формасы. Оның мазмұны бұл тірі жүйелердің айналадағы ортамен өзара әрекетінің жемісі немесе нәтижесі. Психологтар тұлға туралы әңгіме еткенде, олар ең алдымен психиканы айтады. Тұлға туралы жүйелі ілім жасаған З. Фрейд те дәл солай жасады.

Сонымен, әлеуметтік дегеніміз не? Әлеуметтік бұл адамдардың өзара қарым-қатынастарының ерекше сапасы немесе бір адамның басқа біреумен қарым-қатынасының ерекше саласы. Әлеуметтік дегеніміз адамдардың өзара қарым-қатынастары және сол қатынастардың қоғамдық маңызды нәрсе ретінде қарастырылуы.

Тұлға әлеуметтік өзара қимыл-әрекеттер мен қатынастардың бірінші өкілі. Ал тұлға дегеннің кім екенін анықтау үшін әуелі «адам», «индивид», «индивидуалдық» деген ұғымдарды түсініп алу керек. Күнделікті өмірде және ғылыми тілде бұл терминдер өте жиі кездеседі. Бұл ұғымдар көбінесе синонимдер ретінде де қолданылады, бірақ олардың қатаң анықтамала-

рына жүгінетін болсақ, онда олардың мән-мағынасындағы айырмашылықтарды аңғару қиын емес. Адам ұғымы *homo sapiens* бөлініп шыққанынан бастап қолданыла бастаған мейлінше жалпылама, атаулық ұғым болып саналады. Адам дегеніміз жер бетіндегі тірі организмдер дамуының жоғарғы сатысы, әлеуметтік-тарихи қызмет пен мәдениеттің субъектісі болып табылады. Адам адамдық түрге еніп, адами-әлеуметтік шығу тегі процесінің қалыптасқанынан бері 40 мың жылдай уақыт өтті. Өзінің табиғаты бойынша адам біртұтас биологиялық-әлеуметтік жан. Мұнда биологиялық пен әлеуметтілік жәйттар бір-бірі мен диалектикалық бірлікте, өзара әрекеттес, өзара бір-бірімен тығыз байланысты болады. Адамның табиғи негізін оның биологиялық ерекшеліктері құрғанымен, оның мәнді әлеуметтік сапалары адам дамуының анықтаушы жақтары болып табылады. Қоғамның тарихи қалыптасқандықтарының түрінің экономикалық, саяси, идеологиялық және әлеуметтік қатынастары әрбір адамның әлеуметтік сапасына, оның іс жүзіндегі қызметінің мазмұны мен сипатын анықтай отырып, әралуан өзгеріске ұшырап, кезініс табады. Дәл іс жүзіндегі қызмет процесіндегі адам, бір жағынан, езі өмір сүріп отырған айналадағы ортаның әлеуметтік қатынастарына біріктіреді, ал, екінші жағынан, сыртқы дүниеге деген өзінің ерекше көзқарасын білдіреді. Әлеуметтануда адам қандай

235

жағдайларда әлеуметтік қатынастардың нағыз субъектісі бола алатындығы, мұнда оның өзіне және қоғамға не нәрсе байланысты екені анықталады.

«Жалпы» адам болмайды, бұл бейнақтылық. Нақтылы адамдар бар. Нақтылы адамда оның жеке өзіндік (табиғи) белгілері көптеген факторлар мен жағдайлардың ықпалымен қалыптасатын әлеуметтік белгілермен қалай ұштасатындығы көрінеді. Алайда, тек осыған сүйеніп, философия адамды, ал әлеуметтану тек тұлғаны ғана зерттейді деу дұрыс емес. Себебі адам мен тұлғаның екеуі де бір объект болып табылады. Демек, бұл жерде әңгіме осы объектінің әрқилы тұрғыдағы аспектілері мен сол объектіге алып баратын әр түрлі жолдары жөнінде болуы керек.

Адам мен тұлғаға алып баратын тағы да бір жол бар. Тұлға есебінде адам әлеуметтік қатынастардың объектісі және олардың субъектісі ретінде қарастырыла алады. Әлеуметтік қатынастардың құрылымына бойлай отырып, адам тек белгілі бір қоғамдық қатынастардың өнімі болып қана қоймайды, сонымен бірге олардың жасаушысы да болып табылады.

Адам жалпының, ерекшеліктің және жеке өзіндіктің диалектикалық бірлігі. Бұл жерде «жалпы» дегеніміз жалпы адамзаттық, «ерекшелік» дегеніміз қоғам құрылыстық, таптық, ал «жеке өзіндік» дегеніміз өмір сүрудің жеке түрдегі тәсіл-белгілері. Сонымен, адамзат ерекше материалдық нақтылық ретінде өмір сүруде. Алайда, адамзат осы күйінде өз бетінше өмір сүрмейді. Нақтылы адамдар өмір сүре отырып, қимыл-әрекет жасайды.

Адамзаттың жекелеген өкілдерінің өмір сүруі «индивид» деген ұғыммен байланысты. «Индивид» дегеніміз халық, қоғам, тап, әлеуметтік топ сияқты әлеуметтік қауымдастықтардың, жалпы адамзаттың жеке өкілі.

регінде, нақты адам регінде түсіндіріледі. Әлеуметтануда «индивид» ұғымы әлеуметтік қатынастардың жеке-дара алғандағы өкілі қарастырылған жағдайда қолданылады. Индивидгер қызметінің бірігуі нәтижесінде әлеуметтік қатынастардың жүйесі қалыптасады. Бұл жерде «индивид» ұғымы «нақтылы адам» мағынасында қолданылады. Ал енді индивидуалдық түсінігін (жеке адамның өзіне тән) индивидтің басқаларда қайталанбайтын бірден-бір өзіндік ерекше қасиет сипатын, бір индивидті екінші индивидтен ерекшелейтін белгілердің жиынтығын қарастыру арқылы анықтауға болады. Бұл ерекшеліктер биохимиялық, нейрофизиологиялық, психологиялық, әлеуметтік және т.б. деңгейлерде байқалады. Тұлға ұғымы адамның және индивидтің табиғи емес мән-мағынасын айқын көрсету үшін енгізілген, яғни бұл ұғым оның әлеуметтік бастауларын айқындайды.

Басқаша айтқанда, адамның тарихи дамуының әртүрлі деңгейлеріндегі жеке алғандағы және нақтылы-тарихи өзгешеліктерін көрсету үшін «индивид» деген ұғыммен қатар, «тұлға» деген ұғымды қолданады. Тұлға

236
дегеніміз индивид дамуының қорытындысы және мұнда барлық адамдық сапалар неғұрлым толық көрініс табады.

Әлеуметтік өмірде адамдардың бір-бірімен әртүрлі салада тығыз қарым-қатынасының, өздерінің белсенді, саналы іс-әрекеттері арқасында индивид (жеке адам) әлеуметтендіріліп, бірте-бірте, келе-келе тұлғаға айналуы керек. Тұлғаның өзіндік өзгешеліктері, саналылығы, бағалы бағдарлары мен әлеуметтік қатынастары, қоғамға қатысты бірқатар дербесгіктері және өз іс-әрекеттері үшін өзінің жауапкершілігін түсіну, т.б. тұлғаның бойынан табылуға тиісті міндетгі сипаттамалары болып саналады. Тұлға өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортада болып жататын әлеуметтік елеулі іс-әрекеттердің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге олардың себепшісі де болып табылады. Сондықтан да халықтың рөлін жаққаған көзқарастар проблеманың тұлғалық жағын жоққа шығармауға тиіс.

Тұлғаның әлеуметтік мәнін ашып көрсету тұтас күйінде емес, қайта оның нақтылы көріністерін зерттейтін жекелеген қоғамдық ғылымдар үшін өте маңызды. Ал әлеуметтануда тұлға көбіне-көп қоғамдық, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде қаралады. Әлеуметтік қатынастар адамның ішкі дүниесімен қабыса отырып, айналадағы ақиқатқа деген оның тұлғалық көзқарасы ретінде көрініс табады.

Адамдарды біріктіретін әлеуметтік қатынастар өмір сүріп отырған әлеуметтік орта жағдайларындағы индивидтердің өзара қимыл-әрекеті процесінде қалыптасқан олардың белгілі бір тұрақты байланыстарының жүйесі. Тұлғаның әлеуметтік қатынастары адамның әлеуметтік сапалары ретінде оның қызметі мен іс-әрекетінен көрінеді.

Жекелеген қоғамдық ғылымдардан әлеуметтанудың айырмашылығы ол тұлғаны тұтас күйінде зерттеп, белгілі бір қоғамдық-экономикалық формациялар жүйесіндегі оның мәндік сипаттарын анықтайды. Мұндай талдау қоғам эволюциясы процесінде тұлға дамуының диалектикасын көрсетіп, сонымен бірге тарихтың әрбір алға дамуы кезеңіндегі тұлғаның

даму процесінің өзіндік ерекшелігін ашады. Әлеуметтік тұтастық жүйесіндегі және әлеуметтік қатынастардың субъектісі болып табылатын көп қырлы байланыстардың жиынтығы ретінде көрінеді. Қатынастар мен байланыстардың осы көп қырлылығындағы елеулі нәрсені анықтау тұлға проблемасын әлеуметтанымдық тұрғыдан талдаудың міндеті болып табылады. Адамның әлеуметтік табиғаты өзінің нақтылы іске асырылуын тұлғаның қоғамдық-тарихи түрлерінен табады.

Тұлғаның әлеуметтік түрі — белгілі бір әлеуметтік қауымдастыққа кіретін тұлғалардың қайталанып отыратын елеулі әлеуметтік сапалары жиынтығының сараланған бейнесі. Тұлғаның әлеуметтік түрге бөлінушілік сапаларында белгілі бір таптың, я болмаса әлеуметтік топтың адамдарына

237
тән ортақ, біршама тұрақты белгілер көрініс табады. Тұлғаның әлеуметтік түрлері тарихи қалыптасқан өмір жағдайларының, әлеуметтік айналадағы ортаның, дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, жалпы дүниетанымның, үлгі-өнегеліктің және қоғамдық өмірдің, т.б. жақтарының жемісі болып табылады. Тұлғаның әлеуметтік түрге бөлінушілік сипаттамалары белгілі бір әлеуметтік ортаның шеңберіндегі адамның қоғамдық дамуының өзіндік ерекше жағдайларын көрсетеді. Белгілі бір таптың немесе әлеуметтік топтың өкілі және әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретіндегі тұлға сөз болып отырған қоғамдық даралықтың өзіне тән белгілерімен сипатталады.

Тұлғаның әлеуметтік түрлері қоғамның материалдық өмір жағдайларына, қоғамдық қатынастардың сипатына байланысты қалыптасады. Адамдардың, оның ішінде тұлғалардың әлеуметтік бейнесін анықтайтын іргелі негіз олардың белгілі бір өмір салты болып табылады. Тұлғаға айналған адамдардың бірқатары әр сапалық деңгейге, әр түрлі әлеуметтік атауға ие болады. Мысалы, өткен уақыттардағы немесе қазіргі замандағы көпшілігі қатардағы жай тұлғалар ірі, ұлы, белгілі, әйгілі, көрнекті, тарихи, т.б. тұлғалар болып дараланады. Өткен замандардағы тарихи тұлғалардың рөліне баға беру кезінде жағымсыз тарихи тұлғаларды дәріптеу дұрыс болмайды. Екінші жағынан, жағымды тарихи тұлғаларды асыра бағалау басқа бір ұшқарылыққа тұлғалық негіздерді аса дәріптеуге де соқтырмауға тиіс. Бұл тұрғыда көзге түскен әйгілі, ірі тұлғаларға дұрыс баға беру, жағымды, жағымсыз тұлғаларды айыра біліп, олардың тарихтағы, қоғамдағы рөлін дұрыс түсіне білу маңызды мәселе. Адамдардың, тұлғалардың өмір болмысы қандай болса, олардың өздері де сондай болады.

Тұлға адамның әлеуметтік сапаларының біртұтас жиынтығы ретінде қаралады, яғни ол белгілі бір жолмен қоғамдағы әлеуметтік мәнді белгілер мен әлеуметтік қатынастардың индивидге жүзеге асқан бірлігі және тарихи даму мен индивидтің өзінің белсенді тұрлаулы қызметі, байланысы арқылы әлеуметтік жүйеге енуінің нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге тұлға әлеуметтік қатынастардың субъектісі бола отырып, ол қоғамнан біршама дербес және тәуелсіз, оған өзін қарсы қоюға да қабілетті. Қоғам, әлеуметтік қатынастар тұлғаның тұлғалық міндеттерін іске асырудың жеткілікті құралдарына ие. Әлеуметтік қатынастардың субъектісі

регінде тұлға мен қоғам арасындағы өзара қимыл-әрекеттер мен өзара байланыстар үш элементтен құралады: 1) Тұлғаның іздену элементі; 2) Қоғамның ұсыну элементі; 3) Тұлғаның қоғам ұсыныстарын тандау элементтері. Әлеуметтік ортаға, әлеуметтік қатынастарға енген әрбір тұлға адами тәртіптің негізін меңгеруі керек, өзі өмір сүретін қоғам мәдениетінің тілін білуі шарт. Ол адамзаттың және қоғамның қолы жеткен іргелі жетістіктер мен құндылықтарды құрмет тұтуға, сыйлауға міндетті. Мұнсыз әрбір инди-

239

видтің тұлғаға айналуы және тұлғаның әлеуметтік ортада субъект міндеттерін атқаруы жөнінде сөз болуы мүмкін емес. Тұлға әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі субъект ретінде өз міндетін атқаруы үшін әуелі ол өзінің қабілетіне сай өмірлік жоспарын, мақсаттары мен мұраттарын жүзеге асыру жолдарын іздестіру жағдайында болады. Адам, тұлға өзінің келешегін, өзінің әлеуметтік ортадағы, қоғамдағы міндетін орындауға бағытталған жолдарын өз қабілетіне сәйкес таңдайды. Тұлға мұндай таңдауды іске асыра, әлеуметтік орта тәртібін қабылдай отырып, өзі мен қоғамның өсіп-өркендеп, дамуы жолында қызмет жасайды. Тұлға өзінің әлеуметтік міндетін орындауда әлеуметтік қатынастар қазанында біте қайнасып, алдына қойған мақсаттарды өзінің қоғамдағы алатын орнына сәйкес іске асыра алатындығы немесе іске асыра алмайтындығы жөнінде көп толғанып, көп ойлануы тиіс. Себебі адамдар, соның ішінде тұлғалар өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру процесінде басқа адамдармен, қоғаммен өзара тәуелді жағдайда болып, берік әлеуметтік қатынастарға өнеді. Яғни әрбір адам, тұлға белгілі бір пайдалы міндеттерді орындай отырып, қоғамды дамыту ісіндегі әлеуметтік қатынастардың субъектісі рөлін атқарады.

Екінші жағынан, қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік міндетті атқару мен орындау кез келген тұлғаның қолынан келе бермейді. Сондықтан әлеуметтік орта қоғам мүшелері ішінен тапсырылатын қызметтерді орындай алатын тұлғаларды даярлауға маңыз береді. Әсіресе, қоғамды қайта құру мен реформалау кезеңдерінде күрделі әлеуметтік проблемаларды шешу үшін лайықты, қолынан іс келетін, батыл, қайратты тұлғаларды тауып, тәрбиелеу, сөйтіп оларды әлеуметтік қатынастардың белсенді субъектілеріне айналдыру күрделі де маңызды өмірлік мәселе. Тұлғалардың әлеуметтік міндеттерді орындау жұмыстары олардың өздерінің жоғары сапалары мен іскерлік қасиеттерін жетілдіруі тиіс.

Тұлғаның қызмет процесіндегі біте қайнасатын көп жақгы және нақтылы әлеуметтік байланыстарында ол объект ретінде де керінеді. Мұндай қатынастар процесінде тұлға өзін қоршаған әлеуметтік ортаның әрқилы ықпал-әсерлеріне езінше назар аударып, өзін әртүрлі тәсілдермен көрсетеді. Тұлғаның әр түрлі көріністері өзара бір-бірімен байланысты және өзара бірімен-бірі себептестілік жағдайда болады. Және бұл жерде еңбек қызметі негізгі, анықтаушы қызмет болып табылады да, ал үлгі-өнегелік, әсемдік, саяси сапалар туындылар болып есептеледі.

Тұлғаның барлық көріністерінің жиынтығы мен бірлігі, олардың өзара бір-бірімен байланысы оның әлеуметтік құрылымын құрайды. Тұлғаның

әлеуметтік құрылымының негізін қоғамдық, әлеуметтік қатынастар қалыптастырады. Мұндағы өзгерістер тұлғаның да әлеуметтік құрылымында өзгерістер туғызады. Бұл жерде объект ретіндегі жекелеген тұлғаның

239

әлеуметтік бейнесіне өндірістік қатынастармен қатар басқа да қоғамдық қатынастар ықпал етеді. Ал бұл қатынастардың жиынтығы тұлғаның әлеуметтік құрылымы қалыптасуының қажетті жалпы шарты болып табылады. Тұлғаның өзіндік өзгешелігіне басқа жағдайлар да, атап айтқанда, нақты әлеуметтік айналадағы орта да (отбасы, ұжым, т.б.) белгілі ықпалын тигізеді. Алайда, тұлғаның әлеуметтік қатынастардағы объект ретіндегі өзіндік өзгешелігі оның өзі қоғамдық байланыстардың кең ауқымына енген сайын анығырақ көрінеді. Себебі тұлғаның өзі туралы түсініктің шығу көзі ол оның төңірегіндегі және ол үшін мәні бар адамдар болып абылады. Әр адамның іс-әрекеттері жөніндегі басқа адамдардың пікірлері, бағалары бойынша сол адамның қандай адам екендігі туралы түсініктер жасалады. Әр адамды оның төңірегіндегі адамдар қандай деп есептесе, сондай түсінік сана-сезімнің мазмұнына ықпал жасайды. Бұл әр адамды, индивидті ортақ белгілерге бөлу нәтижесі болып табылады. Өзі туралы басқа адамдардың пікіріне тұлғаның қарсы өз пікірі елеулі түрде оның әлеуметтік мінез-құлық қалпын, бейнесін қалыптастырады. Тұлғаға ықпал жасау, біріншіден, әлеуметтік ұйым қабілетінің және, екінші жағынан, тұлғаның басқа адамдардың ықпалына берілу қабілетінің қалыптасуына, индивидтің қайткенде де әлеуметтік ұйымның элементіне айналуына, қоғам ішіне қалай енуіне байланысты болады. Әлеуметтануда әлеуметтік қатынастардың объектісі ретіндегі тұлға өзара байланысты екі процестің бірлігінде қаралады. Олардың бірін социализация (әлеуметтендіру), екіншісін идентификация (ұқсастыру) деп атайды.

Тұлғаның объект ретінде әлеуметтендірілуі дегеніміз, мәдениеттің және әлеуметтік ережелер мен құндылықтардың элементтерін оның игеруі арқылы, әрі осылардың негізінде тұлғаның әлеуметтік мәнді белгілері қалыптасып, қоғаммен, әлеуметтік қауымдастықтардың әр түрлерімен бірігетін процесі. Әлеуметтену ісі өте кең процесс. Бұл жеке мәселерінде қарастырылады.

Әлеуметтік қатынастардың объектісі ретінде тұлға дамуының екінші процесі идентификацияны (ұқсастыру) сөз етсек, мұның мәні мынада: әрбір индивидтің, тұлғаның өзін-өзі басқа адамдармен, топпен, ұжыммен Қастырудың психологиялық процесі. Бұл процесс оған әлеуметтік қызметтің әр түрлерін меңгеруге, әлеуметтік ережелер мен құндылықтарды өзіне сіңіріп, әлеуметтік міндеттерді қабылдауға көмектеседі. Әлеуметтік қатынастардың объектісі ретінде тұлғаның өзін ұқсастыру процесінің әдетте үш түрі бар: 1. Ойдан шығарылған адамға өзін ұқсату; 2. Өзін белгілі бір бағалы әлеуметтік топқа кіргізу (жас шамалық, ұлттық, жыныстық, т.б.); 3. Нақтылы бір әлеуметтік топқа, ұжымға, шағын топқа жатамын деген сезіммен өзін соларға қосу.

Тұлғалар мен қоғам арасындағы әлеуметтік қатынастар әлеуметтік бақылау негізінде орнайды. Әлеуметтік бақылау бұл оны құрайтын элементтердің тәртіптелген өзара әрекетін қамтамасыз ететін, әлеуметтік жүйенің өзін реттеп отыратын тәсілі, әлеуметтік бақылау жүйесінің атқаратын тұрақтандыру қызметі үстемдік етуші әлеуметтік қатынастардың, әлеуметтік (топтық, таптық, мемлекеттік) құрылымның шептерін ұдайы жандандыру (өндіру де) болып табылады. Әлеуметтік бақылау жүйесінің атқаратын мақсаттық қызметі, оның бағытталуы мен мазмұны сол тарихи қалыптасқан әлеуметтік жүйенің әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-құқықтық сипаттарына, тарихи даму процесіндегі қоғам типтерінің бірін-бірі алмастыруда алатын орнына тәуелді болады. Әлеуметтік бақылау проблемасы негізінде басты мәселе. Себебі ол жеке адам мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы туралы мәселені қамтиды.

Әлеуметтік бақылау процесі барысында жеке адамдар мен қоғам арасында әлеуметтік қатынастар қалыптасады. Бірақ ол жеке адамдардың сапаларын әлеуметтік стандартқа (бірдейлікке) жақындатуға қарағанда әлдеқайда күрделі. Бұл жерде әлеуметтік басқару механизміндегі жеке адам санасының қызмет ерекшеліктерін ескеру қажет. Егер де қоғамдық сана деңгейінде ақпарат тұтастық күйінде берілсе, жеке адамдар санасы деңгейінде тұтас күйіндегі әлеуметтік ақпаратты әрекеттің мақсаты, құралы туралы ақпаратқа бөлшектеу мүмкіндігі пайда болады. Осыдан келіп оларға саналы баға беруге, оларды қабылдауға, мойындамауға немесе өзгертуге мүмкіндік туады.

Осының салдарынан жеке адамдар санасы деңгейінде жаңаша қарау (жаңа ұстаным, құнды бағыттар, т.б.) қалыптасуы мүмкін, жаңаша қарау бұрыннан әлеуметтік бақылаудың атқаратын қызметтерінің құрамына қосылғандықтан адамның мінез-құлқын өзгертетін болады. Бұл қоғамның дамудың пісіп-жетілген қажеттіліктері көрінетін болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Қоғам мен жеке адам арасындағы әлеуметтік бақылау механизмі шеңберінде өмір сүретін әлеуметтік қатынастар субъектінің объектіге, қоғамның жеке адамға жай ғана қатынастары емес, ол әртүрлі элементтердің өрдайым сипатына сәйкес белсенді түрдегі өзара әрекеті мен өзара байланысүрдісі.

Жеке адам және қоғам (әлеуметтік топ) әлеуметтік бақылау жүйесінің өзара әрекет ететін құрамдас элементтері болып саналады. Әлеуметтік бақылау процесі бұл жеке адамдардың және әлеуметтік қауымдастықтардың (топтардың, таптардың, қоғамның) өзара әрекет ету үрдісі. Әлеуметтік бақылауды схемаға түсіріп қарағанда оған әрекеттің екі түрінің, атап

241

айтқанда, индивидуалдық әрекет және әлеуметтік әрекет (ұжымдық, топтық) немесе, басқаша айтқанда, жеке адамдардың бақыланушы қызметі және әлеуметтік институттардың бақылаушы қызметінің қосылатыны анықталған.

Мемлекеттік бақылау әлеуметтік бақылаудың дәл өзі болмаса да, соған жақын. Әлеуметтік бақылау жеке адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын, жүріс-тұрысын тек саяси тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар басқа да әлеуметтік институттар (білім, мәдениет, мораль) тарапынан реттеу болып табылады.

Әлеуметтік бақылау тұрғысынан алғанда жеке адам мен қоғамның өзара әрекеті олардың өзара әрекетінің ішкі қарама-қайшылықтарын анықтайды. Бір жағынан алып қарағанда, адам қоғамнан тыс жерде өзінің индивидуалдығын, әлеуметтік сапалары мен қасиеттерін қалыптастыра алмайды. Егерде жеке адам әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени ортаның жемісі болмаса, онда ол адам емес. Екінші жағынан, адам мәдениетінің үлгілеріне автоматты түрде бейімделетін болса, онда ол индивидуалдығын сақтай да, дамыта да алмайды. Егер адам әлеуметтік мәдени ортаның тек көшірме бейнесі болатын болса, онда ол тұлға бола алмайды.

2. Тұлғаның әлеуметтік мәртебесі мен рөлі және ол туралы тұжырымдамалар

Әрбір тұлға қоғамда белгілі бір орынды иемденеді және нақты міндеттерді атқарады, ол үшін соған сәйкес оның құқықтары мен міндеттері, яғни белгілі бір әлеуметтік мәртебесі болады. Жалпы мәртебені әлеуметтік және жеке статус деп бөледі. Әлеуметтік мәртебе адамның үлкен әлеуметтік топтың өкілі ретінде (мамандық, тап, ұлт, жыныс, жас мөлшері, дін) қоғамдағы орны. Жеке мәртебе деп индивидтің шағын топтағы орнын айтады, бұл индивидті осы топ мүшелерінің (таныстары, туыстары) бағалауы мен қабылдауына байланысты болады. Таныстары мен туыстарының оны қабылдауы индивидтің жеке сапаларына орай болады. Әлеуметтік мәртебе индивидтің жағдайын жан-жақты сипаттайды: мамандығын, кәсібін, біліктілігін, нақты атқаратын жұмысының сипатын, қызмет-лауазымын, материалдық жай-күйін, саяси ықпалын, партия мен кәсіподаққа мүшелігін, іскерлік байланысын, ұлтын, дінін, жас мөлшерін, отбасылық жағдайын, туыстық байланыстарын және т.б. қамтиды. Бұлардың бәрін Р. Мертон «мәртебелік жиынтық» деп атаған. Әлеуметтік мәртебе өз кезегінде адамның дүниеге келген сәтінен белгіленген, яғни субъектіден тәуелсіз, туғаннан сақталатын мәртебе: нәсілі, жынысы, ұлты және қол жеткен, яғни индивидтің өз күшімен жеткен мәртебесі болып бөлінеді.

242

Кейде индивидтің аралас мәртебесі де болады. Ол жоғарыда аталған мәртебелердің екі белгісінен тұрады. Әдетте бір тұлғаның өзінде бірнеше мәртебе болады. Тұлға екі немесе одан да көп әлеуметтік топтардың, институттардың, қауымдастықтардың, ұйымдардың, т.б. субъектісі болып табылады. Мысалы, тұлға: еркек, әке, күйеу, бала, оқытушы, профессор, ғылым докторы, редколлегия мүшесі, т.б. Бір адам әртүрлі адамдарға қатынасына сәйкес қарама-қарсы мәртебені де иеленеді, айталық, тұлға өзінің балалары үшін әке, ал өзінің анасы үшін ол ұлы болады. Бірақ сол

мәртебелердің бірі адамның қоғамдағы ахуалын анықтайтын негізгі, басты мәртебе болып саналады. Мұндай мәртебе көбіне-көп негізгі жұмыс орнындағы қызметпен байланысты болады. Мысалы, ер адам үшін негізгі жұмыс орнымен анықталады: банк директоры, заңгер, жұмысшы, ал әйел адам үшін — тұрғылықты жерімен (бибі) айқындалады. Бұдан да басқа варианттары болуы мүмкін. Бұл басты мәртебенің салыстырмалы екенін көрсетеді, оның жынысқа, нәсілге немесе мамандыққа байланысты емес екендігін анық көрсетеді.

Жоғарыда аталған мәртебелермен адамзат қоғамындағы мәртебелер бітпейді. Мандайға жазылған, өзі жететін, аралас, әлеуметтік, жеке мәртебелер, солармен қатар кәсіптік, экономикалық, саяси, демографиялық, діни және қандас-туыстық негізгі мәртебелердің бір түріне жатады. Бұлардан басқа көптеп саналатын эпизодтық негізгі емес мәртебелер де бар. Мұндай мәртебелерге жаяу жүрушінің, куәгердің, демонстрацияға қатысушының, оқырманның, тындаушының, теледидар көрерменінің, баспана кезегінде тұрушының және т.б. жатқызуға болады. Әдетте, бұлар уақытша жағдайлар. Мұндай мәртебені алып жүрушілердің құқықтары мен міндеттері көбінесе тіркелмейді. Оларды анықтау да өте қиын, айталық, жаяу жүрушінің мәртебесі. Бірақ мұндай мәртебелер бар, олар адамның бастысына болмаса да, екінші қатардағы жүріс-тұрыс, ойлау және сезім белгілеріне ықпал етеді. Мысалы, профессор мәртебесі осы адамның өмірінде көп нәрсені анықтайды, ал оның уақытша мәртебесі — жаяу жүруші екенін анықтамайды. Сөйтіп, адамның негізгі және негізгі емес мәртебелері болады, бірақ оның біріншісінің екіншісінен мәнді өзгешелігі бар. Бірде-бір адам мәртебеден немесе мәртебелерден тыс өмір сүре алмайды. Егерде ол бір мәртебеден кететін болса, міндетті түрде екінші бір мәртебені иемденеді.

Индивидтің қоғамдағы немесе топтағы сыртқы жағдайы үйлесімді бола бермейді. Мұны мәртебелердің сәйкессіздігі (немесе алшақтауы) деп атайды. Индивид көптеген мәртебені иеленеді және көптеген әлеуметтік топтарға жатады, ал олардың қоғамдағы беделі бірдей емес: коммерсанттар сантехниктерден немесе әр түрлі жұмыскерлерден жоғары бағаланады;

243
еркектердің өндіріс саласында әйелдерге қарағанда үлкен әлеуметтік салмағы бар; негізгі ұлтқа жатумен аз ұлттарға жату бірдей емес.

Ешбір құжатта тіркелмеген, бірақ қоғамдық пікірде қалыптасып, ауыздан-ауызға беріліп, мойындалған мәртебелер мен әлеуметтік топтардың иерархиясы бар. Бұл иерархия бойынша біреулерді басқаларға қарағанда көбірек құрметтеу мен бағалау орын алған. Мұндай иерархиядағы орынды ранг деп атайды. Ол жоғарғы, ортаңғы немесе төменгі рангқа бөлінеді. Иерархия бір қоғам шеңберінде топтар арасында (мұндайда иерархияны топаралық деп атайды) және бір топтың шеңберінде индивидтер арасында (топ ішінде) өмір сүре алады. Бұл жерде де адамның орнын «ранг» термині білдіреді. Мәртебелердің сәйкессіздігі топтар арасындағы және топтар ішіндегі иерархиядағы қарама-қайшылықты көрсетеді. Осы қара-

ма-қайшылық екі жағдаймен байланысты пайда болады:

- индивид бір топта жоғарғы рангте, ал екінші топта төменгі рангте болғанда;

— бір мәртебенің құқы мен міндеттері екінші бір мәртебенің құқығы мен міндеттеріне қарама-қарсы немесе кедергі келтіргенде.

Жоғары жалақылы банк қызметкері (жоғарғы кәсіптік ранг) отбасын материалдық игілікпен қамтамасыз етуші адам ретінде отбасында да жоғарғы рангны иеленеді. Бірақ бұдан оның өзге топтарда, айталық, достарының, туыстарының, қызметтестерінің ортасында рангы жоғары болмайды. Әйелдің дәстүрлі экономикалық мәртебесі — бибі болу, ал индустриялық дәуір оған тағы бірін — жұмысшы әйел мәртебесін қосты. Бірақ оның бұрынғы ескі және жаңа мәртебелері келе-келе бір-бірімен қарама-қайшылыққа түсті. Бірдей тиімді және бір мезгілде екі рөлді атқару тіптен мүмкін емес. Олардың әрқайсысы көп уақытты және біліктілікті талап етті. Сөйтіп, екі рөлді қатар атқару жүзеге асырылды. Жалпы ана мен тиімді қызметкер, сонымен қатар жақсы әйел мен тиімді қызметкер мәртебесін рөлдерін қатар алып жүру өте қиын. Қалжыраған әйел сезімтал, аяулы жар бола алмайды. Ал өндіріске кеткен қажетті уақыт лебінен бала тәрбиесі ақсайды. Сонымен, жаңа мәртебе — «жұмысшы» бұрынғы үш мәртебемен — бибі, ана, жар — қарама-қайшылыққа түсті. Демек, адамның кейбір мәртебесі үйлесімін тапса, ал басқалары қарама-қайшылықта болады. Оны мәртебелердің сәйкессіздігі деп атайды: ол индивидтің бір әлеуметтік топта жоғарғы, ал екінші бір топта төменгі рангте болатынын көрсетеді. Солардың бірі — әлеуметтік рөлдердің жиынтығы ретіндегі адам бейнесі (образ).

Тұлғаның рөлдік тұжырымдамасы XX ғасырдың 30-жылдарында Американың әлеуметтік психологиясында пайда болды. Оның негізін Дж. Мид салды. Бұл тұжырымдама әр түрлі әлеуметтану ағымдарында, әсіресе

244

құрылымдық-функциялық сараптау ағымында кеңінен тарады. Т. Парсонс және оның ізбасарлары әлеуметтік рөлдердің көптігіне орай тұлғаны функция ретінде қарайды, бұл рөлдер қайсыбір қоғамдағы кез-келген индивидгерге тән.

Әлеуметтік рөл бұл мінез-құлықтың нұсқасы, қоғамдық жүйедегі және тұлғааралық қатынастағы тұлғаның объективті берілген әлеуметтік ұстанымы. Рөлдердің жиынтығын рөлдік жүйе дейді. «Рөлдік жиынтық» ұғымын Р. Мертон анықтады. Әлеуметтік рөлдер адамға заң немесе басқа да құқықтық актілер арқылы формальды бекітілуі мүмкін, және ол көптеген моральдық тәртіп нормалары арқылы формальды емес болуы да мүмкін. Әлеуметтік рөл рөлдік күтіліс пен рөлдік мінез-құлыққа бөлінеді. Рөлдік күтіліс «ойын ережесіне» сәйкес рөлді күтеді, ал рөлдік мінез-құлықты адам өз рөлінің шеңберінде нақты орындайды. Адам кез келген уақытта қайсыбір рөлді өзіне алғанда онымен байланысты құқықтары мен міндеттерін нақты түсінетін болады, әрекеттердің нобайын және бір ізділігін біледі, сөйтіп өзінің төңірегіндегі адамдардың күткеніндей өз

жүріс-тұрысын құрады. Осыған орай қоғам бәрінің дұрыс орындалуын қадағалап отырады. Сол үшін әлеуметтік бақылаудың тұтас жүйесі қоғамдық пікірден заң қорғау органдарына дейінгі және соған сәйкес әлеуметтік тыйым жүйесі бетіне басудан, айыптаушылықтан күштеп тоқтатуға дейінгі қамтыған.

Рөлдік мінез-құлық өте қатаң шектелген, өйткені әр түрлі қызметтерді араластыру немесе олардың бәрін бірдей орындамау бүкіл әлеуметтік жүйе тепе-теңдігінің бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Бірақ бұл шектер абсолютті емес; рөл іс-әрекетке жалпы бағыт береді және оның мақсатын айқындайды, ал оларды орындау стилі варианттық фактор болады. Мысалы, фирма директорының рөлі басшылық жасау қызметін жүзеге асыруды талап етеді және оны басқа біреудің қарамағында қызмет істеу міндетімен алмастыруға болмайды. Бірақ басшылық жасау әр түрлі әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін: беделге сүйену, демократиялық, бетімен жіберушілік, ал бұл тұрғыдан алғанда фирма директорының рөліне ешқандай шектеу қойылмайды.

Бір адам көптеген рөлдерді орындайды, олар бір-бірімен қарама-қайшы келуі де, бір-бірімен үйлеспеуі де мүмкін, мұндай жағдай рөлдік қайшылықтарға әкеп соқтырады. Бұған әлеуметтануда жиі жазылып жүрген әйелдердің кәсіби және отбасындағы рөлінің арасындағы қайшылық мысал бола алады.

1. Американская социологическая мысль: Тексты / Под ред. В. И. Добренкова.

М.: Издание Международного Университета Бизнеса и Управления, 1996. С. 474.
245

Рөлдермен қатар, қоғамдық жұмысты тікелей алып жүруші, жалпы әлеуметтік жүйе үшін мәнді де маңызды, адамдардың бір-бірімен өзіндік қатынастары бар, мұнда да адам белгілі бір орыш алады және соған сәйкес қайсыбір міндеттерді орындайды. Осы қарым-қатынастардың астары «тұлғааралық рөл» ұғымымен бейнеленеді. Әлеуметтік рөл сияқты тұлғааралық рөлдер де әр түрлі болуы мүмкін және әр түрлі шағын топтарда тіптен қарама-қарсы болуы да мүмкін, айталық, дос, дұшпан, сенімді адам, т.б. Көбіне-көп адам өз мінез-құлқында осы әр түрлі күтілістерді еріксіз ескеруіне тура келеді, мұндайда адам бір емес, бірнеше топтардың күткеніне бағыт-бағдар ұстайды.

Рөл өзінің қоғамдық маңыздылығы тұрғысынан алғанда, объективті құбылыс ретінде танылса, ал ол индивид санасында өзіндік ұйғарым тауып, өзінше оған түсініктеме берсе, субъективті де болады. Т. Парсонстың көзқарасы бойынша, қайсыбір рөлдің негіздерін тұлғалық мәннен емес, әлеуметтік қажеттіліктерден іздеу қажет. Айталық, қазіргі әйелдердің индивидуалдық ұстанымдарында әйел (ана) рөлі аса елеулі маңызға және құндылықтарға ие бола алмайды, бірақ қоғам алдында бұл рөл әйелге үлкен міндет жүктейді. Социум тұрғысынан алғанда, рөлдік қалыптардан

ауытқу, оларды мойындамау жөнсіздікке әкеп соқтырады. Сондықтан рөлге қатысты мінез-құлық ережелерін мейлінше ұстану тұлғаның қоғамда өмір сүруін жеңілдетеді, оның қайшылықты жағын азайтады, өзін-өзі сезіну сеніміне және оның баянды болуына негіз қалайды.

Әлеуметтік рөлдер бүкіл қоғамдық организмнің қалыпты өмір сүруі үшін қаншалықты маңызды екендігіне қарай маңыздылығына да бөлінеді. Бұл қайсыбір топтардың қоғамдағы орнына және тиісінше әлеуметтік құрылымдағы оның мүшелеріне, олардың құрылым тұрақғылығын қолдау үшін маңыздылығына байланысты. Әлеуметтік мәртебе қоғамдық қатынастардағы әлеуметтік топтар мен жекелеген тұлғалар жағдайының интегративтік көрсеткіші болып табылады. Кез келген қоғамда және қоғамдық өмірдің кез келген саласында, айталық, өндірістік, құқықтық, тұтыну және басқа да саласында әлеуметтік теңсіздікті айқындайтын және нықтайтын мәртебелер сатысы, пирамидасы бар.

Рөлдер теориясы тұлғаның әлеуметтену процесінде оған бейімделу жағдайын жақсы бейнелейді. Бірақ бұл схеманы бірден-бір және соңғы схема деп қарауға болмайды, өйткені мұнда тұлғаның белсенділігі, шығармашылық бастаулары есепке алынбайды.

Тұлғаның келесі бір бейнесі 3. Фрейд идеяларының ықпалымен пайда болды. Бұл адамды мұқтаждықтардың жүйесі ретінде, ал қоғамды тыйым салулардың жүйесі ретінде қарастырады. Тұлғаның санасыз (ең алдымен сексуалды) іс-әрекеті оның белсенді күш-қуатын және негізгі қайнар көзін

246 құрайды, оның әрекетін қисынды етеді. Адам, әлеуметтік нормалық шектеулерге байланысты табиғи формадағы түйсіктік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын болғандықтан, бойын билеген құштарлығы мен оның қоғамда қабылданған формада жүзеге асуы арасынан ұдайы келістік іздеуге мәжбүр болады. Фрейд жасаған тұлға үлгісі үш деңгейлі түзілім болып табылады. төменгі деңгей (Ол немесе Гед), бұл санадан тыс импульстермен және «тектік естеліктермен» берілген, ортаңғы қабат (Мен немесе Эго) және жоғары деңгей (Асқан-Мен немесе Супер-Эго) - адам қабылдаған қоғамдық нормалар. Аса қатал, шамшыл және жауынгер деңгей — Ол және Асқан-Мен. Олар адам психикасына екі жақтан «шабуыл» жасап, жүйкелік мінез-құлық халін қалыптастырады. Бұл тұлға үлгісі қоғамдық қысымнан әрдайым қорғанып жүреді және әлеуметтік ортамен шиеленіске түсіп отырады. Қоғам дамуының деңгейіне қарай жоғары деңгей (Супер-Эго) сөзсіз ұлғаяды, салмағы да артады. Фрейд бүкіл адамзат тарихын психоздың өрістеу тарихы ретінде қарастырады.

Тұлғаның тағы бір бейнесі - әр түрлі ынталандыруларға көзқарас жүйесі ретіндегі тұлға. Осы көзқарасты ұстанғандар Б. Скиннер, Дж. Хоманс, К-Д Опп болды. Бұл тұжырымдама бойынша, әрбір адамның мінез-құлқын әлеуметтік орта тіл, дәстүр, әлеуметтік құрылымдар, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. арқылы қамтамасыз етеді және бақылайды. Басқа адамдармен өзара әрекетте, кез келген әлеуметтік топта адам өз мүддесін қорғайды: егер де оның мінез-құлқы қолдау тауып, жағымды

ынталандырылатын болса, онда адам өзін қоршаған ортаға және жалпы әлеуметтік жүйеге ниеті түзу, тілектес болады; егерде қоғам тарапынан ол қолдау таппаса, онда ол шамшыл келеді, тәртіп бұзады. Бірақ әрбір адам жазаланудан аулақ болуға және қолдау табуға тырысады және осыған байланысты ол сыртқы ынталандырулар мен әлеуметтік бұйрықтардан бір жақгы әсер алады. Басқаша айтқанда, тұлға проблемасын қарастырғанда, адам нендей бір жағдайларға неге әсерленеді деген мәселені сараптағанда мінез-құлық әлеуметтануы басты рөлді ынталандыру жүйесіне береді. Осыдан тұлға мінез-құлқындағы өзгерістер жақсыға, әрекетке үйрету процесінен туындайды.

Кез келген «жақсылық» атаулыны ынталандырушы ретінде пайдалануға болады. Олар: білім, билік, құрмет көрсету, данқ, ақша, билік етушілердің оң қатынастары және т.б., бірақ өзінің қайнар көзі жағынан міндетті түрде әлеуметтік болуы керек. Ол қайнар көз қоғамның қолында болуы шарт және оны қоғам басқаруы керек. Сыйлық алу адам үшін қаншалықты құнды болса, онда ол соған сәйкес мінез-құлықты ұстанатын болады. Сонымен қатар, адам бір сәт басқалардың тарапынан қолдау тапқанын сезінсе, онда тиісінше оның кейінгі әрбір әрекеттері де құнды

247
болады. Бұл принципті тұлғааралық қатынастар деңгейінде қарастырғанда қарсыластар арасындағы еркін әрекеттер, олардың әрқайсысы өзін ұтысқа қол жеткіздім деп, яғни келетін пайдаға немесе сыйлыққа қарағанда өзінің жағдайға қосқан «үлесі» аз деп санағанға дейін сақалады.

Л. С. Выготскийдің мәдени-тарихи мектебі қалыптастырған тұжырым бойынша, адам өзінің міндеттерін орындауға, мақсатына жетуге ұмтылдыратын мінез-құлық мен қылықтарын ұтымдылық көзқарасымен ғана түсіну мүмкін болмайтың қызметтік тірі организм болып табылады. Тұлғаның негізіне адамның қызметі, қарым-қатынасы, танымы арқылы көрініс табатын оның дүниемен сан қырлы байланыстары алынған. Тұлғаны танып-білу кілті ретінде басты бағалау категориясы — «қызмет» категориясы қарастырылған. Қызмет бұл жерде құрылымдық және функциялық аспектіде пайымдалған. Құрылымдық аспект қызметтің өз құрылысын анықтауды және қызметті құрайтын элементтерді анықтауды талап етеді. Функциялық аспект сол қызметтің қалайша жүзеге асатынына баса назар аударады. Сонымен, тұлғаны танып-білу оның қызметін тікелей зерттеумен байланысты және ол мынаған саяды:

- жүйені құрайтын буынды, қызметтің негізгі түрін (кәсіби, танымдық, т.б.) анықтау;

- қызметтің жүзеге асу принципін - еріксіз немесе еркін, қол үзген немесе қол үзбегенін анықтау;

— әртүрлі қызметтер арасындағы байланыстардың сипатын (сәйкестілік немесе сәйкессіздік), олардың иерархиялық орналасу деңгейін зерттеу;

- әрбір қызмет түрінің жүзеге асу деңгейін зерттеу.

Тұлғаны танып-білуге келтірілген варианттардың бірде-бірі бұл құбылысты толық көрсете алмайды, олардың әрқайсысы оның жекелеген

көріністерін қарастырады, бұл варианттар тек аса маңызды, негізгі ретінде беріліп отыр. Әлеуметтік тұрғыда тұлғаны таныш-білудің моделін жасау — болашақғың ісі.

Бүгінгі әлеуметтануда тұлға ұғымы екі мағынада: а) индивидті қарым-қатынастардың және б) саналы қызметтің субъектісі ретінде көрсету үшін қолданылып келеді. Оның мәртебесі мен рөлін тұлғаның әлеуметтену деңгейі анықтайды.

3. Тұлғаның әлеуметтенуі. Тұлғаның әлеуметтік құрылымы және 9

Әлеуметтануда ең алдымен типтеу маңызды, бұл тұрғыдан алғанда, бұл ғылымды индивидуалдықтан жоғары тұрған тұлға қызықтарады. Ол қоғам мен адамның өзара ықпалдасуының салдары ретінде түсіндіріледі.
248

Сондықтан тұлға әлеуметтануының бірден-бір негізгі проблемасына әлеуметтену процесін зерттеу жатады, яғни адам қалайша, неге байланысты қызмет етуші қоғамдық субъект ретінде қалыптасады деген ауқымды мәселелерді зерттейді. XX ғасырда әлеуметтанушылар мен этнографтар жүргізген көптеген салыстырмалы зерттеулер тек әлеуметтік дағды-дәстүр, салт қана емес, сонымен қатар қызу қандылық және әйелдер мен еркектердің мінез-құлық ерекшеліктері әлеуметтендірудің жемісі болып табылатынын көрсетті. Мысалы, маскулдык (батылдык) және феминдік (бияздық) ұзақ уақыт бойы «табиғи», яғни табиғи-биологиялық жағдай себепші болған сапа деп саналып келді (қатал, күшті еркек және биязы, нәзік, адал әйел). Мысалы, маскулдык (батылдык) пен феминдік (бияздық) сапаның «табиғи» еместігі, яғни табиғи-биологиялық жағдай (қатал, күшті еркек, биязы, нәзік, адал әйел) себепші болған сапа еместігі анықталды. Бұған дейін аталған сапалар адам бойындағы табиғи сапалар ретінде танылып келді. Бұл сапалар қайсыбір қоғамдағы еркектер мен әйелдердің тұрмыс-тіршілігінде елеулі маңызға ие болған. Мысалы, Африканың бір тайпасында еркектер мен әйелдердің міндеттері керісінше бөлінген: әйел белсенді қызметтер атқарады, қарапайым өндіріспен айналысады және отбасының асыраушысы болып саналады, ал ер адамдар жеңіл, қосалқы жұмыстарды орындайды: киім тігеді, зергерлік бұйымдар жасайды, үйді жинап-сыпырады, енжар және әйелдерге бағынышты жағдайда болады.

Әлеуметтендіру (социализация) терминінің пайда болу тарихына келетін болсақ, ең алдымен мына жағдайды айта кеткен жөн: алғашында термин неміс тілінен ағылшын тіліне қате аударылған. Соған қарамастан бұл жаңа сөз сақталды және классикалық әлеуметтану мәселелерін қамтыған ұғымға айналды. «Әлеуметтену» ұғымы дәстүрлі «білім» және «тәрбие» ұғымдарымен салыстырғанда кең ауқымды, терең мағыналы ұғым. Білім белгілі бір білім жиынтығын беруді көздейді. Тәрбие мақсатты, саналы түрде жоспарланған әрекеттер жүйесі ретінде түсіндіріледі, оның мақса-

ты балада белгілі бір тұлғалық сапаларды және мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Әлеуметтендіру өзіне білім беруді де және тәрбиені де қосып алады, сонымен қатар тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін ешкім жоспарламаған тосын жағдайларды да, стихиялық жиыштығын да, әлеуметтік топтарға индивидтердің ену процесін де қамтиды.

Тұлғаның әлеуметтенуі топтық тәжірибенің негізінде іске асады. Шағын және ірі әлеуметтік топтардағы адамдардың әлеуметтік өзара әрекетінің нәтижесінде адам қоғамда жинақталған білім мен тәжірибені, ол қалыптастырған құндылықтар мен нормаларды меңгереді. Бұл кез келген қалыпты тұлға бейнесінің іргетасын және сонымен қатар әлеуметтік

249 топтардың, бүкіл қоғамның бірлігі мен тұтастығын құрайды. Бірақ әлеуметтену процесінде әрбір жеке тұлғаның қайталанбайтын даралығы мен бірегейлігін айқындайтын индивидуалдық тәжірибенің рөлін ескермеуге болмайды. Тұлғаның әлеуметтенуінде екі бірдей абсолюттік процесс болған емес және болмайды да, сондықтан екі бірдей абсолютті тұлға да болған емес және болмайды. Бір отбасында тәрбиеленген балалар мен егіздердің міндетті түрде сыртқы ерекше айырмашылығы болады, оның себебі де түсінікті, өйткені ол әлеуметтендіру тәжірибесіндегі индивидуалдық өзгешеліктермен ғана анықталып қоймайды.

Әлеуметтендірудің қандай механизмдері бар? Бұл процеске ең алдымен екі жақ — әлеуметтендірудің объектісі және субъектісі қатысады. Әлеуметтендірудің объектісі — бұл процестің кімге бағытталуы, яғни жеке адамдар немесе адам топтары. Әлеуметтендірудің субъектісі — бұл осы процесті жүзеге асырушы, яғни жеке тұлға, әлеуметтік топ, әлеуметтік құрылым немесе ұйым, бұларды кейде әлеуметтендіру агенттері деп те атайды.

Әлеуметтендіру — ауқымды және күрделі процесс. Ол өзінің табиғатынан әлеуметтік ортамен байланысты, әлеуметтік объектісі және субъектісі тұрақты адамның (адам топтарының) үздіксіз және қарқынды өзара әрекеті. Сол бір ғана адам (мысалы, әке) бір байланыста (балалары мен қатынаста) субъект ретінде, әлеуметтендіру агенті ретінде көрінеді, ал келесі жағдайда (әлеуметтік топқа қатынасына қарай) ол әлеуметтендірудің объектісі ретінде көрінеді. Екінші жағынан алғанда, қайсыбір өзара әрекет шеңберінде әлеуметтену субъектісі әлеуметтенудің объектісіне ықпал жасап қана қоймайды, сонымен қатар субъекті объекті тарапынан кері әсерді де сезінеді. Мысалы, ата-аналар балаларды тәрбиелеу процесінде балаларға шешуші ықпал жасай отырып, өз кезегінде, тәрбиеленушілердің тарапынан тәрбиеге белгілі бір кері әсерді де байқайды.

Әлеуметтендіруді бірінші және екінші әлеуметтендіру деп бөледі. Бірінші әлеуметтендіру адамға өзін тікелей қоршаған ортаның, алғашқы әлеуметтік топтардың отбасының, туған-туыстардың, достардың, құрдастардың, оқу және еңбек ұжымдарының, тәрбиешілердің, ұстаздардың, оқудағы, қызметтегі, жұмыстағы тікелей басшылардың және т.б. тікелей ықпал жасауымен байланысты. Тұлғаның алғаш қалыптасуы мен дамуында бірінші әлеуметтендірудің рөлі аса зор. Екінші әлеуметтендіруді

екінші қатардағы әлеуметтік топтар (шағын немесе ірі), құрылымдар мен ұйымдар және мекемелер тікелей және жалпы формада, көбінесе бір-екі бағытта жүзеге асырады. Мұндағы қатынастар көбіне институционалдық сипат алады. Екінші әлеуметтендірудің агенттері мемлекет пен оның органдарының (әскер, полиция, сот, прокуратура, т.б.), кәсіпорындардың, жоғары оқу орындарының, мектептердің, балабақшаларының, радио, 250

теледидар, баспасөз және т.б. басшылары және ресми өкілдері болып табылады. Екінші әлеуметтендіру жасы кемеліне келген, есейген шаққа өте маңызды. Бұл тұста адамның әлеуметтік мәртебесі мен рөлі негізінен анықталады, енді соларды жүзеге асыруға және ішінара өзгерістер жасауға көңіл аударылады. Әлеуметтендірудің бірінші және екінші агенттерінің қызметін өзара байланыстыру мен үйлестіруді қамтамасыз ету аса маңызды.

Адам өмірінің әр түрлі кезендерінде әлеуметтендірудің өзіндік мәнді ерекшеліктері болады. Осыған байланысты әлеуметтендіру процесі өз ерекшелігі бар бірнеше сатыдан: балалық, жасөспірім, есейген, қартайған шақтан тұрады. Әлеуметтендіру процесі балалық және жастық шақта пәрменді әрі қарқынды жүреді.

Әлеуметтендірудің бастапқы сатысында балаларды ересектер әлеміндегі өмірге бейімдеу іске асырылады. Бұл жерде басты рөлді әлеуметтендірудің бірінші агенттері саналатын ата-аналар атқарады. Осы сатыда ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынастар олардың бір-біріне деген жақындық, жауапкершілік, ыстық ықылас сезімімен сипатталады, бұл әлеуметтендірудің келесі сатысына шешуші ықпал жасайды. Бұл кезеңде бала ойлау және танымдық дағдыларды меңгереді, күрделі тәртіп ережесінің жүйелерін игереді, мәдени құндылықтар мен нормалардың үлгісімен таныса бастайды, бұлардың мәнін және мазмұнын жақсы түсіне қоймаса да, оларды қолдануға ұмтылады.

Балалық сатыдағы әлеуметтендіру тәсілдері мен құралдары оншалықты көп емес. Соның бірі — имитация. Мұнда бала саналы түрде белгілі бір мінез-құлық дағдысын үлгі тұтынып, көшіріп алуға ұмтылады. Тақылеттендіру балалардың ата-аналардың мінез-құлық тәртібін, әлеуметтік мақсаттар мен құндылықтарды өздерінікі іспетгі меңгеру тәсілі ретінде қарастырылады. Сөз болып отырған екі тәсіл әлеуметтендірудің жағымды тегіктері болып табылды. Ал әлеуметтендірудің теріс көріністері: тыйым салатын немесе белгілі бір тәртіпке астамшышылық жасайтын ұят істер (сыртқы жағдай әсерінің нәтижесі ретінде) және кінәсін сезіну (іштей күйзелу) жатады.

Балалық кезеңде әлеуметтендіру агенттерінің саны ғана артын қоймайды, сонымен бірге олардың қызметінің мазмұны мен бағдарламалары да түбегейлі өзгеріп, күрделене түседі. Ата-аналарымен қатар, тұлғаны әлеуметтендіруге балалардың мектепке дейінгі тәрбие орындары, мектеп, балалар бағдарламалары, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. барған сайын үлкен үлес қосады.

Жасөспірім кезеңге (13—19 жас), яғни «күрделі», «өтпелі», «қиыш», «түбегейлі», «тұрақсыз» деп саналатын өмір кезеңінде жасөспірімдер мен жас

адамдар біршама кең білім алады, өзінің тұлғалық іргетасын қалауды және дүниетанымын қалыптастыруды аяқтайды, өзінің өмірдегі орны мен рөлін

251

жақын адамдары арқылы негізінен пайымдайтын болады. Бұл кезеңдегі әлеуметтендірудің бірнеше ерекшеліктері бар. Бұл — параллелді құндылықтар мен дүниеге көзқарас жүйесінің қатар пайда болуы, бұлар жас адамға әлеуметтендірудің әр түрлі агенттерінен - ата-аналардан, мектептен, құрбы-құрдастардан беріледі. Олар әлеуметтік дүниені әр түрлі түсінеді, бұл жасөспірімнің әлеуметтенуін қиындатады. Бұл жерде шындығында жас адамға қажеттіден гөрі жарқын, сезімге және символға толы іс-әрекеттер тиімді әсер етеді. Мұндай жағдай жастардан адамгершілік бағалары мен бағдарларды тұрақты ізденуді талап етеді, өйткені сезімдік жағдай тұрақсыз және ұзаққа бармайды. Нәтижесінде жасөспірім толқиды, өзіне сенімсіздік пайда болады, ақырында қателікке ұрынады. Бұған ата-аналар мен мектептің орынсыз шектеулері қосылады, мұндай шектеулер жақсы нәтиже бере бермейді. Ең соңында әлеуметтанушылар әлеуметтендіру сатысының жасөспірімдерге тән тағы да бір ерекшелігін атап көрсетіп жүр. Олардың пікірінше, осы сатыда жасөспірімдер белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болуға және өзінің әлеуметтік рөлін атқаруға ұмтылады. Бірақ қоғамда бұл ұстанымдарды экономикалық жағынан тәуелсіз адамдар ғана берік және тұрақты ұстай алады, ал тым «ерте есею» көптеген жас адамдар үшін қыйғылы аяқталады, әлеуметтанушылардың сөзімен айтқанда, әлеуметтендірудің табиғи процесі бұзылады, бұл олардың алдағы өміріне қатер төндіреді.

Тұлға кемел жасқа жетіп, есейген шағында оның белсенділігі артады, мұны әркім өз қалауынша, жеке өміріне және сыртқы жағдайларға сәйкестендіре бастайды, индивид экономикалық, әлеуметтік және моральдық-психологиялық тұрғыдан тәуелсіздік алады, саяси жағынан пісіп-жетіледі. Бұл өзін өмір сүруіне қажетті заттармен қамтамасыз ету қабілетінен көрінеді және өзгелерден тәуелсіз, өз табысымен тапқан материалдық игіліктерді пайдаланудан, өз бетінше өмір салтын құрудан, ата-анасынан тәуелсіз өмір сүруден, некеге отырудан, заң алдында жауапкершілікті болудан, сайлауға қатысудан және т.б. байқалады. Бұл сатының биік белесі — адамның зейнетке шығуы, ол белгілі бір жасқа жетуіне байланысты бірнеше мәртебелерін жоғалтады және атқарын келген бірнеше рөлдерін тоқтатады.

Әлеуметтендірудің осы сатысында ең бастысы — тұлғаның әлеуметтік мәртебелер мен әлеуметтік рөлдерді ала білуі және меңгеруі, оларды белсенді түрде жүзеге асыруы. Мұның негізі бүкіл әлеуметтік өмірді қамтитын қоғамдық еңбек бөлінісінде жатыр, ол негізгі төрт түрден, атап айтқанда: жас-жыныстық, кәсіби, экономикалық және саяси еңбек бөлінісінен байқалады. Осыған сәйкес қоғамның өзіндік қаңқасын құрайтын, бүкіл әлеуметтік өмірді қатаң детерминдіретін әлеуметтік құрылым қалыптасады. Есейген тұлға нақты өмірдің сан алуан қажеттілігі туғызатын

252

әлеуметтендіру процесінде өзінің мәртебесі мен рөлін қабылдау немесе

оларды өзгерту арқылы әлеуметтік құрылымның қайсыбір түріне енеді.

Әлеуметтендіру адамның ер жетіп, есейген шағында әдетте аса өрлеу жағдайында жүреді, тұлға жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізіп, соған сәйкес әлеуметтік рөл атқарады. Бірақ бұл жолда сәттілік пен сәтсіздіктер, бұрылыстар, кедергілер, дағдарыстар болады, тіптен адамдардың кінәсінен болашаққа деп құрылған жоспарлар, сенім мен үміт атаулы тас-талқан болады. Әдетте бұл адам өмірінде болатын өзгерістерге, оны қайта бағамдап, бағалауға, өмірлік жоспарлар құру мен болашақты анықтау жолында кездесетін өзгерістерге байланысты. Осыдан қайта әлеуметтендіру қажеттігі туындайды. Қайта әлеуметтендіру бұл тұлғаның бұрынғылардың баршасынан бас тартып, жаңа білімді, құндылықтарды, рөлдерді, дағдыларды меңгеру процесі. Кейде бұл процесс өмірдің әр кезеңінде де орын алады. Мысалы, мәдениеттің қайсыбір элементтері ескіргенде, тұлғаның және бүкіл қоғам өмірі маңызды өзгеріске түскенде қайта әлеуметтендіру жүзеге асып отырады. Бірақ бұл көбінесе есейген шақтағы әлеуметтендіруге тән. Қоғамға көзқарастың тиянақты түрде өзгеруі, маман адамдардың кәсіби қайта даярлықтардан өтуі немесе жаңа көзқарас пайда болуы және психотерапиялық ықпал ету әдісімен айналысатын адамдардың ұстанған қағидалары мен тәртібінің өзгеруі қайта әлеуметтендірудің айқын мысалы бола алады.

Адам қартайғанда, яғни әлеуметтендіру процесінің аяқталар кезеңінде олардың жасының ұлғаюына және зейнеткерлікке шығуына, сонымен бірге адамдардың күш-қайраты мейлінше қайтып, қауқарсыз күйге түсуі мен психикалық мүмкіндіктерінің төмендеуіне байланысты әлеуметтендіру өзінің ауқымы мен қарқынын құт төмендетіп қана қоймайды, сондай-ақ ол енжар формаға айналады. Бұл олардың негізінен алғанда жаңа жағдайға қалай бейімделе бастағанынан айқын көрінеді. Ең алдымен егде тартқан адамдар өздерінің күш-қуатын, білімін, тәжірибесін бұрынғы деңгейде қолданудың мүмкіндіктерін іздестіруге тырысады және басқа да мүмкіндіктерін сарқа пайдалану арқылы қоғамға қызмет етуді жалғастыра бергісі келеді.

Зейнеткерлікке шығуларына байланысты егде адамдардың әлеуметтік мәртебелері күрт төмендейді және әлеуметтік тұрғыдағы рөлдерінің шеңбері де тарыла түседі. Денсаулықтарының нашарлауы және т.б. сипаттарға енді достары мен жолдастарының күрт азаюы секілді екінші бір ауыртпалық келіп қосылады. Осыдан барып ол тіптен жалғыздыққа да ұшырайды, сөйтіп, қарт адамның қызметі үй шаруашылығымен айналысудан, бау-бақша мен көкөніс өсіруді ермек етуден аспай қалады.

Адамдар, әсіресе жалғыз қалғандар, мұндай жағдайда қатты торығады.

253

Әлбетте, бұл жастағы адамдардың өмірі қуаныштан гөрі реніштерге толы болады. Сонымен қатар, зейнетке шыққан қарт адамдардың әлеуметтік рөлі де көбіне-көп нақты анықталмайды. Бұл осы кезеңге тап болғандардың әлеуметтендіру жағдайының тағы да бір ерекшелігі болып табылады.

Тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын зерттегенде зерттеуші бірнеше

күрделі теориялық мәселелерге ұрынады, оларды шешпейінше қазіргі ғылыми өлшемдер мен практиканың қажеттіліктеріне жауап беретін тұлға тұжырымдамасын құру мүмкін емес. Осындай проблемалардың қатарына тұлғаның әлеуметтік құрылымы жатады.

Күрделі құбылыстардың құрылымы, олардың қатарына сөзсіз адами тұлға жатады, әр түрлі элементтердің жиынтығы, иерархиясы және белгілі бір өзара әрекеттері болып көрінеді. Кез келген құрылым белгілі бір тұрақтылықты игерген, сонымен бірге әр түрлі өзгерістерге түсуге де икемді - профессиивтік, рефессивтік - тіптен ыдырағанға дейінгі өзгерістерді қамти алады. Оны декұрылымдық деген ұғыммен сипаттайды. Тұлға құрылымындағы декұрылымдық құбылыстар алуан түрлі ауытқушылықтарға өкеп соқғырады, мұндай ауытқушылықтарды девианттық мінез-құлық деп атайды. Тұлға алғаш рет биогендік, психогендік және социогендік компоненттердің құрылымдық тұтастығы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл биология, психология және әлеуметтану зерттейтін тұлғаның биологиялық, психологиялық және әлеуметтанымдық құрылымын бөлу үшін негіз болады. Тұлғаның биологиялық құрылымын, әлбетте, әлеуметтанудың ескермеуі мүмкін емес, ол тек осы құрылымды деформациялаушы тұрғысынан ескеріледі. Өйткені мұндай жағдайда адамдар арасындағы қалыпты өзара әрекет бұзылады. Ауру немесе кемтар адам дені сау адам орындайтын барлық әлеуметтік функцияларды атқара алмайды. Тұлғаның әлеуметтік құрылымы көбіне-көп оның көңіл-күйі, қасіреті, талаптары, есі, қабілеті және т.б. жиынтығынан тұратын псиологиялық құрылымымен байланысқан. Бұл жерде әр түрлі ауытқушылықтармен қатар индивидің нормальды психологиялық әрекеті де маңызды. Алайда, тұлғаның әлеуметтік құрылымын психикалық, субъективтік сапалардың жиынтығынан тұрады деп қарау жеткіліксіз. Сондықтан тұлғаның әлеуметтік құрылымын анықтауда істі тек субъективтік жағына апаруға болмайды. Тұлғадағы ең басты нәрсе оның әлеуметтік сапасы.

Тұлғаның әлеуметтік құрылымы индивид кірген қауымдастық пен бірлестіктің ықпал етуімен оның алуан түрлі қызметі процесінде қалыптасатын және өмір сүретін объективтік және субъективтік әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығынан тұрады. Осыдан келіп тұлғаның әлеуметтік құрылымының маңызды сипаттамасы болып өз қайраткерлігі ретінде және басқа адамдармен өзара әрекеті ретінде түсіндірілетін оның қызметі саналады.

254

Тұлғаның құрылымын талдау, оның қызметінің формаларына сараптама жасамайынша, іске аспайды. Тұлғаның әлеуметтік құрылымының көптеген элементтері бар. Оның біріншісі, өмір салтынан және еңбек, қоғамдық-саяси, мәдени-танымдық, отбасы-тұрмыстық сияқты қызмет түрлерінен керініс табатын әлеуметтік сапалары қызметін жүзеге асыру тәсілдері. Бұл жерде еңбек тұлғаның әлеуметтік құрылымынан басқа элементтерін анықтайтын ең басты, мәнді буыны болып саналады. Екіншісі, тұлғаның объективтік әлеуметтік қажеттіліктері, Тұлға - қоғамның орга-

никалық белігі, сондықтан оның әлеуметтік құрылымының негізіне қоғамдық қажеттілік жатады. Үшіншісі, шығармашылық қызметке қабілеттілігі, білімі, дағдылары. Қалыптасқан тұлғаны индивидтен шығармашылық қабілеттері ерекшелейді. Төртіншісі, қоғамның мәдени құндықтарын меңгеру дәрежесі, яғни тұлғаның рухани дүниесі. Бесіншісі, тұлғаның өмірде басшылыққа алатын адамгершілік нормалары мен принциптері. Алтыншы элементі, ол сенім. Ол адамның мінез-құлқының басты бағытып анықтайтын ең тереңдегі принцип болып саналады. Бүкіл осы құрылымдық элементтер қайсыбір дәрежеде әрбір тұлғаға қатысты болады. Өйткені әрбір тұлға қоғамдық өмірге қатысады, білімді меңгереді, оларды басшылыққа алады. Тұлғаның әлеуметтік құрылымы әрдайым өзгеріске түсіп тұрады. Себебі оны қоршаған әлеуметтік орта - туыстары, достары, таныстары, қоғам және т.б. өзгеріп отырады. Тұлға жаңа ақпарат, жаңа білім алады. Бұл білімдер сенімге айналады. Ал өз кезегінде сенім адам қылықтарының сипатын анықтайтын болады. Осыдан әлеуметтендірудің қоғам талаптарына сәйкес тұлғаның әлеуметтік құрылымын өзгертуші ретіндегі түсінігі шығады.

Әрбір қоғам мүддесін, ұстанған қағидаларын жүзеге асыруға күшжігерін, бүкіл білімі мен тәжірибесін жұмылдыратын жақсы тұлғаның болуын қалайды. Сондықтан да әлеуметтік сипаттың дұрыс қалыптасуына сол қоғам өз талаптарып қояды. Бұл мақсат күнделікті өмірде білім беру мен тәрбие жүйесі, бұқараалық ақпарат құралдары, т.б. арқылы жүзеге асады. Тұлғаны қалыптастыру процесі - қиын, әрі ұзақ мерзімге созылатын процесс. Солай дегенмен де, объективтік жағдай бірдей болғанымен, әр түрлі субъективтік жағдайлардың қалыптасуына орай, яғни соларға баға беру қатынастарының салдарынан әр түрлі типтегі тұлғалардың қалыптасуы да мүмкін.

Жеке тұлғалардың әлеуметтік тыныс-тіршілігін сан жағынан да бағалауға болады. Мәселен, адамдарды әлеуметтік белсенділігінің деңгейі мен сапалық жағынан бағалайтын болсақ, оның бойындағы бұл сипаттар мен қасиеттер оның сипаты мен бағытты бойынша іске асады. Өйткені оның белсенділігі ұнамды, пайдалы дүниелер жасау және білдіру арқылы

саналы және стихиялы, т.б. сипатта болуы мүмкін. Бұлардың қайсысы болса да, біріншіден, қоғамның әлеуметтік құрылымына, екіншіден, қоғамның нормативті мәдениеті мен құнды бағыт-бағдарына, соның ішінде ол қандай болуы керек немесе болмауы қажет деген түсінік шеңберінде адамның нормативтік қағидасына, үшіншіден, жекелеген тұлғалардың ойлау стилі мен өзіндік санасына тәуелді болып келеді.

Тұлғаның әлеуметтік типі дегеніміз - адамдардың тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда тұрмыс құру, тіршілік ету жағдайларының күрделі жиынтығының жемісі. Әлеуметтануда тұлғаны әлеуметтік түрге бөлудің әр түрлі варианттары ұсынылған. Мысалы, М. Вебер түрге бөлудің негізіне әлеуметтік әрекеттің ерекшелігін, дәлірек айтқанда, оның ұтымдық дәрежесін алса, К. Маркс формациялық және

таптық ұғымға осы тегін жатқызған. Э. Фром болса орныққан мінез-құлықты тұлғаның әлеуметтік түрі, индивид пен социумның байланыс формасы деп қарайды.

Әлеуметтік мінез-құлықтың түбегейлі қалыптасуын Э. Фром әрбір тұлғаның қоғам талаптарына мейлінше тиімді бейімделуінде және қауіпсіздік пен өзін-өзі қорғаудағы сана-сезімін нығайтудың мүмкіндігінде деп бағалайды. Адамзат тарихын сараптаудың нәтижесінде Э. Фром әлеуметтік мінез-құлықтың бірнеше типтерін: рецептік (енжар), қанаушылық, дүние жинаушылық және нарықтық деп түр-түрге бөледі.

Қазіргі әлеуметтану саласында тұлғаларды олардың құнды бағыт-бағдары мен қадір-қасиеттеріне байланысты бөлу кең түрде тарады. Олар: -дәстүршілдер негізінен мынандай құндылықтарды: міндетті, тәртіпті, жөнге салушылықты, заңды қолдаушылықты ұстанса, ал креативтік болса: адамдардың өзін-өзі көрсету, өз бетімен жүру сияқты сапаларды басшылыққа алады. Мұндай мінез-құлықтар ешкімге ұнамайды, оны өрескел, өрмінезділікке ұқсатады;

— ал идеалистер, керісінше, дәстүрлік нормаларға, тәуелсіздікке бейім болады және басқа адамның беделін мансұқ етпейді, өзін-өзі ғана басқарады, басқаларға еліктеп аландамайды;

— фрустрировтік мінез-құлыққа адамның өзін өзгеден төмен бағалауы, көңіл-күйінің басыңқы болуы, өзін өмір ағымынан тыс қалдым деп сезінуі жатады;

— реалистер өзін-өзі ел алдында айрықша көрсетуді міндет санайды және халыққа деген жауапкершілік сезімін дамыта түсуге тырысады, орынды скептицизмді өзін-өзі дәріптеу мен өз-өзіне бақылау жасау арқылы жүзеге асырады;

— гедонистік материалистер ең алдымен «осы жерде және дәл қазір» рахатқа кенелуге бағыт ұстайды және бұл «өмір ләззатының» ізіне түсуге

256 тырысу қабілеті молшылық тілеуді қанағаттандырудың формасына айналады.

Әлеуметтануда солармен қатар тұлға типтерін модальдық, идеалдық және базистік деп ерекшелену көзқарастары да қабылданған. Тұлғаның модальдық типі — қоғамда нақты көпшіл больш көрінгісі келетін, соған лайық орындарда отырғандар. Тұлғаның идеалдық типі нақты жағдайға араласпайды, оған байланыспайды. Тұлғаның бұл түрі болашаққа тілек-ұсыныс білдірумен шектелетін адамдар, мысалға алсақ, олар К. Маркстің жан-жақты дамыған тұлғасы немесе Э. Фромның жана адамы. Тұлғаның базистік түр-тұлғасы қазіргі кезеңдегі қоғамдық дамудың қажеттіліктеріне барынша жауап бере алатындар. Басқаша айтар болсақ, тұлғаның әлеуметтік типі бұл адамның құнды бағыт-бағдарына қоғамдық жүйенің ықпал жасауының және сол арқылы оның нақты мінез-құлқына әсер етудің көрінісі болып саналады.

Батыс әлеуметтанушыларының зерттеулері көрсеткендей, қоғамдық өмірдің әр саласындағы бітім-болмыс пен ерекше іс-әрекеттер тұлғаның

белгілі бір сапалары мен мінез-құлық тұрпаттарының қандай тұрғыда көрінетінін айғақтайды. Мысалы, бұл сипаттар нарықтық қатынастар прагматизмінің, құлық-сұмдықтың өріс алуына, өндіріс саласындағы эгоизмнің, мансапқорлықтың қалыптасуына және еріксіз түрде кооперациялауға көшуге, ал отбасы саласында және жеке өмірде — көңіл-күй мен адамның ішкі сезіміне, т.б. ықпал етеді.

Сонымен қатар, әлеуметтануда осы айтылғандарға кереғар механизмдердің болатыны белгілі. Белгілі бір қоғамдық қатынастар үрдісінің пайда болуы мен дамуына тұлғалық сапалардың ықпал ететіні анық. М. Вебер өз тұжырымдамасында сана саласындағы өзгерістерді, құнды бағыт-бағдарларды қайта құру және еңбекке деген көзқарасты жаңа тұрғыда қалыптастыру капитализмнің пайда болуына серпіліс бергенін дәлелдеді. Демек, белгілі бір жеке тұлғаның бойындағы сапалардың кешені қайсыбір бағытта қоғамдық дамуды тездете алады, керісінше, оның дамуына кедергі келтіруі немесе оны тіптен тоқтатуы да мүмкін.

Әлеуметтанушылар мен психологтар социалистік қоғамда мейлінше тұрақты түрде қалыптасқан бірнеше мінез-құлық стереотиптерін, тұлғалық комплекстерді айрықша атап көрсетті. Бұл — «жаттанды шарасыздық», «ұзаққа созылған инфантилизм», екі мағыналық және кең көлемді екі стандарттық практика, «паразиттік жаңашылдық».

Кез келген тұлға өзінің әлсіздігі мен шарасыздығын психологиялық тұрғыдан сезінсе — ол сол қоғамдағы құрылыстың заңды түрдегі салдары больш саналады, өйткені мұндай қоғамда жеке адамның рөлі мүлде төмендегіледі. Тоталитарлық жағдайда немесе соған жақын сипаттағы өмірді

257

қатаң бақылауға алатын және ондағы жағдайларды реттеп отыратын, өз мүддесіне орай үйлестіріп отыратын елде ерте ме, кеш пе, әйтеуір бұқараның шарасыздыққа ұшырайтыны анықталды. Бұл эффектінің мәні мынаған салды. Адам қоғамдағы жағдайдың (ситуация) бақылаусыздыққа ұшырағандығына әлденеше рет көз жеткізген соң, оқиғалардың барысын өз әрекетімен өзгертуге мүмкін еместігін түсінеді де, оны жөндеудің жолдарын ізденуден жалпы бас тартады. Сөйтіп, бас ию мен айтылғанды атқарушылық мінез-құлықтың бөлінбес белгісіне айналады. Тұлға өзіне сырттан ықпал еткісі, беделі арқылы әмірін жүргізгісі келетін билік құрылымының шешімінен тыс өзі қабылдаған шешімге сүйенген кезде өзін-өзі еркін сезінеді. Бұған көнбеген жағдайда тұлға тек қана әлгілердің айтқанын орындаушы болудан бөтен жол таба алмайды.

Психотерапиялық жұмыстың тәжірибесі көрсеткеніндей, өз шарасыздығын жиі сезінуі адамның жеке басына қатысты және жалпы әлеуметтік жағдайды сипаттауымен ғана шектелмейді, оның сол жағдайды қалай және қай мағынада қабылдауына да қатысты. Көптеген адамдар өз өміріне қатысты дүниені немесе соның төңірегіндегі жағдайларды өзгерту мүмкіндігін дұрыс бағалай алмайды. Адам өмірде өзгерістер жасаудан өзі қашқақтауға тырысады, өйткені ондай өзгерістердің болашаққа неге ұрындыратынын көп адам нақты болжап біле алмайды. Ол үшін мойнына

жауапкершілік жүктеуі, ізденуі қажет.

Жаттанды түрде шарасыздыққа ұшырау эффектісі — пролонгирован-ды инфантилизм (яғни ұзаққа созылған балалық шақ) деп аталатын тұжырыммен де байланысты. Бұл ең алдымен жауапкершіліктен қорқу және одан ересек адамдардың өзін аластату, оны басқа бір адамның иығына артуға тырысу секілді көріністерден байқалады. Соның салдарынан адамдар өздерінің өмір сүрулері, оны жақсарту жөніндегі талаптар мен әлеуметтік жағымен қорғалу мақсатындағы сенімсіздіктерге ұрынып, енді тек өз күштеріне арқа сүйеуге тырысады, оның үстіне осы бағытта үкімет тарапынан бір көмек болар деп, соған үміттенеді. Бұл екі комплекстердің: халықтың жаттанды шарасыздығы мен ұзаққа созылған инфантилизмнің келесі бір көрінісі - паразиттік жаңашылдық. Паразиттік жаңашылдыққа мінез-құлықтың типі ретінде «мемлекетті алдауға және жүйені ақымақ етуге» тырысу жатады, яғни өзінің мақсатына жүйенің арқасында жетуді көздейді, оған қалайда жетеді. Мұндай тәртіп кезінде соған жұмсалған шығынды өтеу немесе іске аспаған мүмкіндіктерді нақты немесе гипотетикалық тұрғыда қайтару қарастырылады. Бұл кезде халықты тұрақты және заңсыз алдайтын өкіметтен «кек» алу жолы әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіру мақсатындағы қоғамның өзіндік тәсілі болып табылады.

Қазіргі ТМД елдеріндегі қоғамның жалпы сипаттамасы — құнды және практикалық қайта бағдарлауға көшу, яғни экономика саласында жеке 258

меншік формасындағы мемлекеттік жоспарлы шаруашылықтан нарықтық қатынастарға өту, саясат саласында авторитаризмнен демократияға, рухани салада таптық құндылықтардан жалпы адамзаттық құндылықтарға көшу. Біздің өмір сүріп отырған кезенді өтпелі кезең дейді. Бұл әлеуметтік жүйенің ерекше тұрғыдағы және сапалы түрдегі өз бетінше өмір сүруге ұмтылу қалпы, олай дейтініміз — бұл кезең өмірлік құбылыстардың тұрақсыздығы, дағдарыстары, басқарудың әлсіздігі, соны әлеуметтік тұрғыда реттеудің тиімділігінің төмендеуі, әр түрлі балама құрылымдардың пайда болуы арқылы ерекшеленеді.

Мүдделердің арасындағы тепе-теңдікті бұзу жеке тұлғалардың әлеуметтік қорғалуы азайып барады деген сезімін қалыптастырады және мұндай бұзу тұсында адамның үш реакциясы алдыңғы қатарға шығады. Олардың біріншісі — вертикальды мобильдікке шығу мақсатындағы жеке тұлғалардың бағыт-бағдарының енжарлығы, одан да өмірде тірі қалуға бағыт-бағдар ұстаудың күшеюі. Екіншісі — топтық «эгоизм» деп аталатындарының артуы, яғни индивидуалдық мүддені топтық мүдде арқылы қорғауға талпынушылар, мұны олар кез келген құралдар мен тәсілдер арқылы іске асыруға тырысады: формалдық емес тәсілден оның ықпалын күштеуге, қылмысқа дейін шара қолдануға барады. Үшіншісі - әлеуметтік салыстыруда стихиялық процестің күшеюі, соның нәтижесінде мінез-құлықтың ерекше агрессивті түрі пайда болады. Бұларды жүзеге асырушылар, яғни осы бағыттағылар жағдайының түбегейлі нашарлауын есепке алмайды, керісінше, басқалардың жағдайын әділетсіз түрде жақ-

сартуға ықпал етеді.

ТМД елдерінде жағдайлардың тез өзгеруі адамдардың алдына жаңа әрі тосып міндеттер қоюда. Мұндай міндеттерді шешуге қалыптасып отырған тәрбие жүйесі де, бұған дейінгі бүкіл өмір тәжірибесі де адамдарды дайындаған емес. Адамның осындай жағдайда жақсы өмір сүруіне белгілі бір тұлғалық белгілері мен мінез-құлық, тәртіп дағдылары ықпал етеді. Солардың арасынан ең алдымен іскерлікті, адамның қуаттылығын, белсенділігін, бұрынғыға балама өмір қалпын таңдау қабілеттілігін және әрқилы оқнағалардың дамуына орай соған бейімделіп, алдын ала дайындалуыш, когнитивтік плюрализмді, жауапкершілікті, профессионализмді және біліктілікті ерекше айтуға болады. Бұл белгілердің жарым-жартылай ғана қолданылуы бұрынғы жүйенің тұрақты түрде дамуыш қамтамасыз етті және әлі де болса кездесіп отырған әлеуметтік бұрмалаушылықтарды тудырды.

Тұлға әлеуметтануы арнайы әлеуметтану теорияларының бір саласы ретінде тұлғаның әлеуметтендірілуі мен қалыптасуын, т.б. мәселелерін зерттесе, саясат әлеуметтануы сол тұлғалардың билік, саясат саласындағы қызметін қарастырады.

259

ОНБІРІНШІ ТАҚЫРЫП

САЯСАТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Әлеуметтанудың бұл саласы қоғамның өмір сүруі мен дамуында өзінің мазмұны жағынан аса бай және өте маңызды саналатын қоғамның саяси өмірін тану-білуге бағытталған. Саясат әлеуметтануы жалпы мынандай ұғымдардың негізінде ашылып қарастырылады, ол ұғымдар атап айтқанда: саясат, саяси билік, саяси қатынастар, саяси мүдделер, саяси әрекеттер мен өзара әрекеттер, саяси процестер, саяси институттар және т.б. Осы және өзге де ұғымдар қиын ұғымдардың қатарына жатады, сондықтан олардан логикалық тізбек құру мүмкін емес, өйткені олар өздері бейнелейтін шынайы саяси құбылыстар сияқты өзара көп жақғы байланыстардан тұрады.

Қоғамның саяси өмірінің әртүрлі жақтарын сипаттау барысында саясат әлеуметтануының маңызды ұғымдарының мазмұнын ашу орынды.

1. Саясат әлеуметтануының мәні, заңдары, категориялары.

Саясат және саяси қызмет

Саясат әлеуметтануы — әлеуметтану ғылымының бір саласы. Оның өз алдына жеке ғылым саласы болып бөлінуі ХХ ғасырдың 20-жылдарында Батыс әлеуметтануында басталды, яғни негізі қаланған кезден бастап бүгінгі күнге дейін даму үсгіндегі жас ғылым саласы болып саналады. Соған қарамастан саясат әлеуметтануының өз алдын ұғымдары, заңдары, т.б. ғылым ретіндегі белгілері қалыптасты. Осы айтылғандардың танымдық

маңызы зор болғандықан саясат әлеуметтануының негізгі мәселелерін баяндаудың еш артықтығы жоқ шығар деп ойлаймыз. Ең бастысы оның объектісін анықтаған жөн. Әлеуметтік-саяси қатынастар саясат әлеуметтануының объектісі. Бұл қатынастар топтар мен өзге де әлеуметтік топтар, этностар арасындағы, елдер мемлекеттер, ұрпақтар, кәсіптік құрылымдар, т.б. арасындағы қатынастарды қамтиды.

Саясат әлеуметтануы әлеуметтік-саяси қатынастарға, санаға, мәдениетке, қызмет-әрекетке, олардың өмір сүруі мен өзгеруінің заңдарына байланысты бүкіл проблемалардың жиынтығын тереңдете зерттейді. Қоғам өмірінің барлық саласындағы саяси қызмет пен саясатқа талдау жасауға баса назар аударады.

Мұнда «саясат әлеуметтануы», «саяси қатынастар әлеуметтануы», «саясат ұғымы» ұғымдары кеңінен қолданылады. Алайда, бұлардың ара

Политическая социология. Ростов-на-Дону, 1997. С. 7.

260

жігі бүгінге дейін түбегейлі анықталған жоқ. Мысалы, АҚШ-та «саясат әлеуметтануы» ұғымы аз пайдаланылады. Онда көбінесе саясат ұғымы, саясаттану туралы жиі сөз болады. Батыс Еуропада, керісінше, «саясаттану» терминін сирек қолданып, «саясат әлеуметтануы» ұғымына басымырақ маңыз береді.

Дегенмен, бұл екі ғылымның зерттеу объектілері бір болғанымен, қарастыратын пәндері өзгеше. Зерттеу пәні тұрғысынан алғанда, саясаттану негізінен саясат саласын, саясаттың бір түрін «саяси саясатты», яғни мемлекеттік-әкімшілік билікті, оны жеңіп алу, ұстап тұру, қолдану аясына байланысты қатынастарды қарастырады. Ал саясат әлеуметтануы саясатты қоғамның өзге дербес салаларымен, яғни экономика, әлеуметтік, саяси және рухани салаларымен байланыста зерттейді. Бұл ғылым саясатты әлеуметтік құрылымдарға және формалды емес әлеуметтік жүйелерге, қоғамдық пікір мен тәртіпке, әлеуметтік-саяси процестердің бүкіл кешеніне, нормалар мен қатынастарға талдау жасау болашағымен, тұлғалар мен шағын топтарды, олардың көптеген психологиялық және социомәдени сипаттамаларын зерттеу тұрғысынан қарастырады.

Саясат әлеуметтануының пәніне саясатпен тікелей байланысты қоғамның бүкіл саласы мен құрылымының өзара сабақтас заңдары, әлеуметтік-саяси қажеттіліктер, мүдделер, тұлғалардың қызметі, әлеуметтік топтар, этностар, олардың ұйымдары, қозғалыстары, институттары жатады. Ғылым пәнін анықтау үшін зерттелінетін заңдар мен категориялардың ерекшеліктерін айқындаудың да маңызы зор. Саясат әлеуметтануы бүгінгі өркениеттің ерекшеліктерін және оның қоғамдық жүйесінің көп түрлілігін ескере отырып, әлеуметтік-саяси қатынастардың өмір сүруі мен дамуының жалпыдүниежүзілік, жалпыадамзаттық заңдарын зерттеуге тиіс.

Осымен байланысты заңдардың екі нұсқасын айтуға болады: әлеуметтік-саяси өмірдің өмір сүру заңдары. Бұған әлеуметтік-саяси өмірдің

әрекет ету заңы, оны ұйымдастыру тәсілдері саяды. Өмір сүру заңдары әлеуметтік-саяси өмірдің әр түрлі элементтерінің, субъектілері мен объектілерінің байланыстарын, олардың өзара іс-қимылдарының мәнін ашады. Мысалы, биліктің үш тармаққа бөліну заңы, әр түрлі саяси күштердің келісімге келу заңы, ортақ мүдделерді жүзеге асыру заңы, т.б.

Даму заңы - бұл әлеуметтік-саяси өмірдің бір күйден екінші күйге өту заңы, сапалық өзгерістер заңы. Бұлар әлеуметтік-саяси құбылыстар байланыстарының себебін ашады, өзгерістердің бағыттын, факторлары мен

* *Предвечный Г. П.* Основы политической социологии. Выпуск первый. Ростов- на-Дону, 1990. С. 11.

261

формаларын анықтайды. Мысалы, саяси революция, саяси күрес, қоғамдық-саяси қозғалыс, т.с.с.

Осы заңдарға сәйкес саяси әлеуметтанудың категориялары да қалыптасады. Олар екі топқа бөлінеді: 1. Саяси өмірдің өмір сүру категориялары. Мысалы, саяси процесс, саяси қызмет, саяси мәдениет, билік жүйесі, партиялар, бейресми бірлестіктер, популизм, ереуілдер, т.с.с; 2. Даму категориялары. Мысалы, билік үшін күрес, реформа, жариялылық, көпшілікшілік, саясаттандырылған тұлға және т.б.

Саясат ұғымы саяси құбылыстар мен процестерді толық көрсетеді. Оған ең алдымен мемлекетке және оның барлық деңгейіндегі жалпы саяси билігіне қатысты таптар мен басқа да әлеуметтік топтар арасындағы қатынастар жатады. Саясаттың маңызды саласына ұлттық қатынастарды мемлекеттік реттеу жатады. Бұл көптеген қоғамдарда мемлекеттік құрылыстың сипатына және мемлекеттік басқару түрін таңдауға себепші болады. Саясат саласына халықаралық саясаттың негізгі мазмұнын құрайтын мемлекетаралық қатынастарды реттеу де жатады. Аталмыш процестердің бәрі де жинақталып «саясат» ұғымынан көрініс табады.

Саясаттың ортақ мәселесі таптар, өзге де әлеуметтік топтар мен ұлттық қауымдастықтар, сондай-ақ саяси билікке қатысты мемлекеттер арасындағы қатынастар болып табылады*. Бұл қатынастар нақты құбылыс ретінде саясаттың негізгі мазмұнын, оның өзегін құрайды, соның төңірегінде қоғамдағы жүріп жатқан сан алуан саяси процестердің элементтері топтасады, дамиды және бірін-бірі ауыстырады. Саясат ұғымы сол жағдайды (ситуацияны) бейнелейді, яғни саяси билікке қатысты әлеуметтік субъектілер арасындағы қатынастарды көрсетеді. Демек, саясат әлеуметтануы ең алдымен қоғамның нақты саяси өмірін зерттейтін саяси қатынастар әлеуметтануы болып табылады. Саяси қатынастар арқылы бүкіл саяси құбылыстардың байланыстары мен өзара әрекеттері қарастырылады.

Саяси билікті жеңіп алу немесе оны жүзеге асыруда кез келген әлеуметтік субъектілер саясаттың субъектісі бола алады, сол субъектілер ішінде өзара қатынастарға түсетін таптар, саяси партиялар, жеке тұлғаларды бөліп айтуға болады. Өзара саяси қатынастарға түскен ұлттар мен тұтас халықтар, сондай-ақ мемлекет саясаттың субъектілері болып табылады.

Жоғарыда атап айтылғанындай, саясаттың негізгі мәселесі саяси билік туралы мәселе. Соңғысы белгілі бір әлеуметтік күштердің өз саяси еріктерін басқа әлеуметтік күштерге және бүкіл қоғамға таңу арқылы керінеді. Мұны партиялық элитаның, яғни шағын топты партия басшылары мен олардың теңірегіндегілердің, сондай-ақ жеке партия көсемдерінің

1 Әбсаттаров Р. Саясат ілімі // Заң. 1999. № 10-12.

262

өз еріктерін бүкіл партияға таңатынынан жиі кездестіреміз. Бірақ саяси биліктің ең жоғарысы мемлекеттік билік болып табылады. Бұл жағдайда мемлекеттік билікті қолына жинаған әлеуметтік күштер өз еріктерін қалған қоғам мүшелеріне таңады, бұл істе мемлекеттік аппарат пен қоғамға ықпал ететін мемлекеттік тетіктерге, яғни идеологиядан бастап құқық пен әскерге сүйенеді. Мемлекеттік билік тетіктерін қолдана отырып, олар өздерінің экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани мүдделеріне қатысты кең ауқымды мәселелерді шешеді. Қоғамда өз саяси билігін нығайта отырып, олар өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын да нығайтады, өз жеке басының әл-ауқаты мен дамуы үшін жағдай жасайды.

Билік үшін күрес, оны бөлу және оны нақты жүзеге асыру әр түрлі әлеуметтік топтардың, саяси партиялар мен қозғалыстардың, саяси билікке ие болған аппарат өкілдерінің, басқа да тұлғалардың саяси қызметінен көрініс табады. Олардың саяси қызметі сол қоғамда өмір сүріп отырған саяси құрылымдарды, азаматтық заңдар мен бостандықты, жалпы мемлекеттік құрылысты өзгертуге немесе нығайтуға бағытталған көптеген нақты саяси әрекеттерден тұрады. Бұл әрекеттер сол қоғамның басқа субъектілеріне олардың бағыттына қарсылық білдіру немесе үшінші субъектілердің кері әрекеттерін бейтараптандыру, не тежеу мақсатында да қолданылады. Кез-келген субъектінің саяси әрекеттерінде әрдайым сол әрекетті өзге субъектілердің қалай қабылдайтыны есепке алынады және бұл олардың саяси өзара іс-қимылдары ретінде көрінеді. Әрбір субъекті көбіне қайсыбір адамдардың үлкен әлеуметтік топтары немесе қауымдастығы, кейде бүкіл халық атынан өкілеттілік ете алады. Қалай дегенмен де, олардың саяси қызметі, әдетте, көпшілік бұқара халықтың мүддесін көздейтін болады. Саясатты миллиондардың ісі дейтіні де сондықтан. Саясат пен саяси қызмет саяси қатынастар мен процестерді қалыптастырады. Топтың, т.б. мүдделерін қорғайтын және жүзеге асыратын құрылымдарға негіз қалайды.

2. Саяси қатынастар, мүдделер, процестер мен институттар

Субъектілердің саяси қызметі олардың саяси қатынастары арқылы жүзеге асады. Бұл тәуелсіз объективтік сипатта болады. Жоғарыда айтылғандай, белгілі бір субъектілердің саяси қызметі жауап көзқарасты тудырады және бұл әрдайым олардың өзара әрекеттері шеңберінде көрінеді. Бұл өзара әрекеттер тұрақты қайталаныш отырғандықтан тұрақты саяси

қатынастар ретінде орнығады. Әлбетте, саяси қатынастар саналы түрде қалыптасады. Әрбір субъекті өзге субъектілермен саяси өзара әрекетгерге түсіп, өздерінің саяси мүдделерін саналы түрде жүзеге асыруға тырысады

және сол үшін әр түрлі тәсілдер мен құралдарды қолданады. Бірақ, біріншіден, саяси мүдделер мен талаптар олардың санасы мен еркіне тәуелсіз тұрған объективтік әлеуметтік жағдайлармен дәйектелген; екіншіден, қалыптасқан саяси қатынастар объективтік саяси нақтылық сәттері ретінде көрінеді және өз кезегінде олар адамдардың саяси қызметіне мейлінше ықпал жасайды, оның мазмұны мен бағытын айқындауға себепші болады.

Таптар, басқа да әлеуметтік топтар мен ұлттық қауымдастықтар арасындағы саяси қатынастар олардың саяси билік үшін күресінің немесе өзге де саяси қызметтерінің нәтижесінде қалыптасып, өздері осы қызметтің әлеуметтік формасы ретінде көрініп, сол қызметтің табысты болуына айғағы ретінде танынады. Әлбетте, саяси қатынастар тек саяси билікке деген қатынастармен шектеліп қалмайды, соңғысы олардың өзегін құраса да, олар қоғамның саяси өмірінің бүкіл салаларына сәйкес құралады, сонымен қатар олар ұлттық және ұлтаралық проблемаларды шешумен, азаматтық құқық пен бостандықты жүзеге асырумен байланысты да қалыптасады.

Саяси қатынастар, сондай-ақ қоғамның экономикалық, әлеуметтік салаларындағы және рухани өміріндегі проблемаларға тікелей қатысты болады. Осыдан экономикалық саясат, әлеуметтік саясат немесе мемлекеттік саясат немесе қайсыбір саяси партиялардың рухани мәдениет саласындағы саясаты көрініс табады. Қоғамдық өмірдің барлық саласы бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне ықпал етеді.

Саяси қатынастарға қоғамның әлеуметтік-саяси уклады, сондай-ақ оның өміріндегі моральдық-психологиялық факторлар елеулі ықпал етеді.

Адамдар арасындағы саяси қатынастар олардың саяси мүдделерінің тікелей ықпалымен қалыптасады. Алайда, қалыптасқан саяси қатынастардың өздері субъектілердің әр түрлі саяси мүдделерін тудырады. Бұл мүдделердің мазмұнын қоғамда нақты орын алып отырған саяси қарым-қатынастардың мазмұны анықтайды. Сондықтан адамдардың саяси қарым-қатынастары олардың саяси мүдделері ретінде көрініс табады. Адамдардың, әсіресе барлық таптардың, ұлттардың, және саяси партиялардың саяси мүдделерінің өзара әрекетіне талдау жасаудың қажеттігі саяси қатынастар мазмұнынан туындайтын субъектілер саяси мүдделерінің мазмұнын түсінуге және жаңадан пайда болған саяси мүдделердің ықпалымен саяси қатынастардың өзіндегі өзгерісін бағыттың аныққауға мүмкіндік береді. Ал бұл сол сәтте орын алып отырған саяси шындық негізінде қоғамның бүкіл саяси өмірінің өзгерісі мен даму бағыттың пайымдауға көмектеседі. Мұның басты буыны саяси қатынастар болып табылады. Сондықтан субъектілер саяси қатынастары мен саяси мүдделерінің өзара әрекеттестік проблемаларын зерттеу саяси қатынастар әлеуметтануының аса маңызды міндеттерінің қатарына жатады.

Адамдардың саяси мүдделері олардың өмірлік әрекеттері, әлеуметтік жағдайлары және өмір сүріп отырған ортадағы саяси қатынастар жүйесіндегі объективтік жағдайларымен анықталады. Субъектілердің саяси мүдделері олардың саяси қатынастарының объективтік көрінісі болып табылады, сондықтан аталған мүдделер де объективті болады. Олар өмір сүріп отырған саяси қатынастар жүйесінде топтардың, әлеуметтік топтардың, ұлттық қауымдастықтардың және өзге де субъектілердің жағдайларын нығайту үшін, әсіресе саяси билікке қатысты, сондай-ақ субъектілердің саяси құқықтары мен еркіндіктерін тольпс; пайдалану үшін объективті түрде пайдалы әрі тиімді.

Осылайша субъектінің қайсыбір саяси мүддесінің мазмұны, саяси тұрғыдағы пайдасын түсінуі сол субъекті санасының жемісі болып саналмайды, оның нақтылы саяси ақиқатқа объективті қатынасының сәті ретінде өмір сүреді. Саяси ақиқатты субъект саналы түрде қабылдауы керек, оны, айталық, оған саяси тұрғыда ненің пайдалы, ненің пайдасыз екенін белгілі бір сәтке дейін түсінбеуі мүмкін. Сөйтіп, ол өзінің саяси мүддесіне объективті сәйкес келетінді немесе қарама-қайшы келетін құбылысты түсінбеуі мүмкін.

Саяси қатынастар әлеуметтануы өзінің алдына субъектілердің саяси мүдделерін айқындау мен зерттеу міндеттерін қояды, яғни олардың қайсыбір жағдайда саяси тұрғыда өзін-өзі анықтау үшін не нәрсе маңызды және пайдалы екенін қарастырады. Бұл орайда саяси қатынастар субъектілерінің өздерінің объективтік саяси мүдделерінің қаншалықғы тереңдігін түсінуі де және осы негізде олардың саяси істе саналы түрде басшылыққа алатын саяси мүддесінің қаншалықғы екенін және олардың объективті қалыптасқан саяси мүдделеріне сай келуін анықтау да маңызды.

Осыған орай аталған субъективтік мүдделіктің өзі шынайы болуы мүмкін, яғни бірдей саяси жағдайларға субъектілердің әрекеті не жалған, немесе, тіптен, мифологиялық (қияли) та болуы мүмкін. Бүгінде саяси мифтер бұқаралық санадағы кең тараған құбылыс. Бұл проблемалар теориялық және қолданбалы әлеуметтану деңгейінде зерттеледі, сондай-ақ нақты әлеуметтануға қатысты зерттеулердің барысында қарастырылады.

Қазіргі кезде субъектілердің шынайы саяси мүдделерін түсіну, сонымен қатар олардың өз саяси мүдделерін түсінуі біздің қоғамымыздың дамуында аса маңызды болып отыр. Еліміз экономикасының, әлеуметтік және рухани өмірі дамуының негізіне алынатын мәселелерді шешу демократия принциптерін дамытумен тікелей байланысты екені белгілі. Олай болса, нағыз халықтық билік ретіндегі демократияны нығайту — бүкіл қоғамның түбегейлі саяси мүддесі. Оны қоғамның барлық мүшелері түсінуі тиіс. Бірақ ол көбінесе жалпылама тұрғысынан түсіндіріледі.

265

Іс жүзінде демократияны қандай саяси әрекеттер дамытатынын, олар қоғамның қандай жіктеріне көбірек қызмет ететінін, саяси әрекеттер басқа да әлеуметтік топтардың немесе ұлттық қауымдастықтардың саяси мүдделеріне нұқсан келтіретінін анықтауға тырысқанда қиыншылықтар

туындайды. Бұл проблемаларды шешуде демократияны дамытудың мәнісі зор. Алайда, бұлар көпшілік саяси және мемлекет қайраткерлері қабылдай алмайтын аса қиын мәселелер болып табылады. Көбінесе мемлекет деңгейінде қоғам дамуы үшін қабылданған пайдалы шешімдер жүзеге асырылмайды немесе бұрын түсініксіз болған шешімдер, бүгінде қайсыбір әлеуметтік топтардың немесе ұлттық қауымдастықтардың мүдделеріне қайшы келетіні белгілі болып отыр.

Басқа жағдайларда қоғамның әр түрлі әлеуметтік күштер саяси мүдделерінің қайшылығы тиісінше саяси әрекеттерге қозғау салуы мүмкін. Мысалы, депутаттарды сайлау туралы қабылданған заңдардың халық тарапынан қатаң сынға алынуын айтуға болады. Депутаттардың арасында жұмысшылар мен шаруалардың азайып, немесе болмауы, керісінше, интеллигенция өкілдері санының артқаны байқалады. Қазіргі қоғам дамуында интеллигенцияның рөлі жоғары және әрдайым артып келе жатқаны дау тудырмайды. Сонымен қатар, жоғары билік органдарының білікті кәсіби деңгейде жұмыс істеуі маңызды, демек, бұл органдар жұмысының кәсіби деңгейінің өсуі интеллигенция өкілдерінің, әсіресе заңгерлердің көмегіне байланысты болса, онда олардың оған қатысуы қажетті нәрсе. Десек те, елдің жоғары заң шығарушы органдарында негізгі әлеуметтік топтардың арасалмағы халықтың әлеуметтік құрамына сәйкес келуге тиіс. Қоғамның әлеуметтік топтары үшін олардың мүдделерін қорғайтын өз өкілдерінің елдің заң шығарушы органдарында болуы маңызды. Қазіргі кезде де бұл мәселе өзінің көкейтестілігін сақтап отыр. Бұл қоғамдағы барлық жіктердің, бүкіл әлеуметтік топтардың немесе ұлттық қауымдастықтардың саяси және өзге де мүдделеріне қатысты болып отыр.

Мемлекеттік биліктің әлеуметтік табиғаты туралы мәселе күн тәртібінен алынған жоқ. Қоғамның әрбір әлеуметтік тобы мемлекеттік билік органдарында өз өкілдерінің көптеп болуын көздеуге құқылы. Өзге әлеуметтік топтардың өкілдері басқаларды да түсініп, жанына жақын тарта алмайтындықтан, олар өздерінің түбегейлі саяси, әлеуметтік-экономикалық және басқа да мүдделерін барынша қорғайтын өз өкілдерін ұсынады.

Саяси мүдделердің күрделі саласы ұлттық қатынастар болып табылады. Олар, ең алдымен, көп ұлтты қоғамның мемлекеттік құрылысымен, тиімді мемлекеттік басқару формасын табумен, ұлттардың өзара экономикалық қатынастары проблемаларымен, сондай-ақ олардың мәдениетін

266
аумақтық тұтастығын, т.б. дамыту проблемаларымен байланысты. Бұл мүдделерді ұлттардың өздері дұрыс түсінуі қажет және олар мемлекеттік деңгейде шешілуге тиіс.

Осыдан келіп ұлтаралық қатынастардың маңызды принципі ретінде әр түрлі ұлттар мүдделерін жан-жақгы үйлестіру проблемасы туындайды. Бүгінде аталмыш проблема біздің қоғам дамуының негізгі мәселелерінің қатарына жатады. Бұл жерде кез келген ұлттың астамшылығына, ұлтшылдығына немесе ұлттық эгоизміне жол берілмеуі керек. География-

лық және тарихи жағдайларға байланысты көпшілік ұлттар бір-бірімен байланысқан, олар өздеріне қолайлы саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастықтық формаларын табуға тиіс. Бұлар олардың ортақ түбегейлі мүдделері болып табылады, сондықтан олар ұлттың даму мүддесіне сай келеді. Этностардың саяси мүдделеріне мемлекеттік деңгейде сондай ынтымақтастықты орнату жатады. Аталмыш мүдделерді түсіну қоғам өмірінің барлық саласында ұлтаралық қатынастардың нақты проблемаларын шешуге дұрыс негіз қалайды. Бұдан кейін де қандай саяси іс-қимылдар ұлтаралық ынтымақтастыққа оң ықпал ететінін, ал қандайлары оларға қайшы келетінін анықтау керек. Сонда ғана олардың біріншісін сеніммен жүзеге асыруға және мүмкіндігі келгенше екіншісіне жол бермеуге болады.

Белгілі бір әлеуметтік топтың саяси мүддесі саяси билік үшін күреске немесе ұлтаралық қатынастар проблемаларын шешуге қатысты болса, әрине, әрдайым қиындықтар туындайды: бұл саяси мүдделер қаншалықты терең түсінілуіне және оларды жүзеге асырудың қаншалықты дұрыс жолдарымен тәсілдерін таңдап алуға байланысты болады. Бұл адамдардың түбегейлі саяси мүдделеріне жатады, бұларды жүзеге асыру олардың қоғамда саяси жағынан өзін-өзі айқындауын қамтамасыз етеді, бұған сонымен қатар олардың ағымдағы күнделікті саяси мүдделері де жатады. Бұлар, айталық, азаматтық құқықпен еркіндік саласына қатысты жеке-леген мәселелерді шешу мақсатында аса маңызды емес саяси әрекеттерге қатысуға бағытталған.

Түптеп келгенде, осылар арқылы адамдардың түбегейлі саяси мүдделері мен ағымдағы мүдделерінің тікелей немесе жанама түрде байланысы көрініс табады. Өз кезегінде ағымдағы саяси мүдделер күнделікті саяси құқықпен бостандықты жүзеге асыруға бағытталған, олар белгілі бір деңгейде түбегейлі саяси мүдделерді де іске асырады.

Адамдар арасында жанама түрде саяси қатынастар және белгілі бағыттар орныққан, сонымен қатар адамдардың саяси әрекеттері мен өзара әрекеттерінің жиынтығы қайсыбір саяси процестердің мазмұнын құрайды. Мұның соңғысына саяси билік үшін әр түрлі әлеуметтік күштердің

267 күресі, оның жүзеге асу процесі, сондай-ақ халықтардың ұлт тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігі, қоғамды демократиялық жолмен жаңғырту жолындағы және т.б. күрес түрлері жатады.

Саяси процестердің объективтік және субъективтік жақтары бар. Олардың кез келгені, түптеп келгенде, өмір сүріп отырған қоғамдағы объективті экономикалық қатынастармен, әлеуметтік-саяси күштердің арасалмағымен, оған қатысушылардың сол қоғамдағы саяси қатынастар жүйесінде алатын орындарымен және өзге де алғышарттармен қамтамасыз етіледі. Саяси ерекеттердің өздері және адамдардың өзара әрекеттері олардың арасындағы саяси қатынастар сияқты, толығымен нақты және объективті саяси ақиқаттың сәті ретінде келінеді. Әлеуметтік топтар мен жекелеген тұлғалардың саяси қажеттіліктері мен мүдделері оларды саяси

әрекеттерге бастайтын, объективті мазмұнға ие болады. Олар субъектілер әрекеттерінің объективті қажеттігін керсетеді, өйткені ол әрекеттер сол қоғам мен мемлекетте субъектілер ұстанымын нығайтуға бағытталған. Мұның бәрі саяси процестердің объективті жақтарын құрайды, яғни оған қатысушылардың санасына тәуелсіздердің бәрі енеді, оны қоғамның объективті жағдайдағы өмірі мен дамуы қамтамасыз етеді.

Саяси процестердің субъективтік жақтары дегеніміз - ең алдымен алдарына белгілі бір мақсаттар қоятын және оларды саналы түрде жүзеге асыратын немесе іске асыруға тырысатын саяси процестерге қатысушылардың саяси санасы және ерік-жігері. Әлбетте, олар қайсыбір саяси процестердің объективті даму жағдайларын анықтай алмайды, бірақ бұл жағдайларды пайымдай, түсіне де алады және оларды өз әрекет-қызметінде ескеретін де болады. Бұл оларға саяси процестердің барысына оңтайлы ықпал етуге, ол процестерді белгілі бір арнаға бағыттауға, тіптен саналы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Саяси процестердегі саяси және өзге де саналардың релі тұрақты түрде артады. Бұл сананың өзі уақыт ағымына орай тереңдейді және толығырақ, сондай-ақ адамдардың саяси мінез-құлқына, мақсатты әрекетіне ықпал жасауға анағұрлым қабілетті болады, осылардың негізінде саяси процесс қалыптасады. Саяси сана саяси процестердің тұрақты дем берушісі болады, олардың динамикасы мен табандылығына әсер етеді. Сондықтан саяси процестердің объективтік және субъективтік жақтарының маңызы мен ролін, олардың өзара байланысын және динамикалық өзара әрекетін толығырақ ескеру қажет.

Саяси процестер әртүрлі сипатта болады. Олардың сипаты оған қатысушылардың объективтік саяси мүдделері мен саналы іске асыратын мақсаттарына тәуелді. Айталық, қоғамды саяси жаңғыртуда, қайсыбір әлеуметтік-саяси шындыққа бейімделуде, белгілі бір саяси күштермен ынты-

268
мақтасу немесе олардың арасындағы қарсыластықта саяси күрес сипатына ие бола алады. Сонымен бірге саяси процестер сындарлы, жасампаз немесе олар қоғамның саяси құрылым жүйесін бұзып, қиратуға бағытталған болса, деструктивтік, қиратушы сипат алуы мүмкін. Осының бәрін жүріп жатқан саяси процестерге объективтік баға беру кезінде, олардың шынайы бағыттын түсінуде ескеріп отыру керек.

Саяси процестер, әлбетте, белгілі бір саяси институттардың қызметі арқылы іске асады. Саяси институттар - қоғамның саяси құрылысы мен өмір сүруінің бірегей органдары. Олар көбіне-көп белгілі бір мекеме немесе мекемелер жүйесі ретінде көрінеді. Бұлардың көмегімен қайсыбір саяси күштер өздерінің саяси мүдделерін жүзеге асырады. Бұл - қоғамның саяси құрылысының өмір сүру торабы. Оның міндегі - қоғамның саяси тұрақтылығын және дамуын қамтамасыз ету.

Қоғамның саяси институттарының ең маңыздысынша саяси билік, құқық және идеология институттарын жатқызуға болады. Олар өздерін мемлекеттік заң шығару және атқару билігі органдарының - парламент,

үкімет, жергілікті билік органдары, заң қорғау органдары, сонымен бірге саяси партиялар мен бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе, баспасөз, радио және теледидар қызметінен көрінеді. Аталмыш саяси институттардың әрқайсысының бүгінгі саяси жүйенің қайсыбір буынының қызметін қамтамасыз етуге бағытталған өзіндік арнаулы мақсаттық міндеттері бар.

Атқарылатын міндеттерге орай қайсыбір саяси институттың құрылымы қалыптасады, оның өзара байланысты органдары мен бөлімдерінің тұтастығы пайда болады. Бұл саяси билік, құқық қорғау, идеология институттарына немесе қоғам мен мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қызмет атқаратын институт — әскерге қатысты айтылады.

Түптеп келгенде, саяси институттар жүйесі қоғамның бүкіл саяси өмірінің бір қалыпты жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін құрылған, оның негізінде қоғамдағы барлық әлеуметтік топтар мен ұлттық қауымдастықтардың саяси мүдделері жүзеге асады. Ол үшін саяси институттардың икемді қызметі қажет, олардың қоғамдағы барлық мүшелердің саяси мүдделерін үйлестіруді қамтамасыз етегін өртүрлі саяси күштердің арасындағы саяси проблемаларды түсіністік негізінде шешетін, керек болғанда, бүкіл қоғамның түбегейлі мүдделерін қорғауда табандылықпен батылдық көрсетегін қабілеті болуы керек.

Егерде бұл іске асатын болса, демек, бүгінде бар саяси институттар қоғамдағы саяси процестердің дамуын қамтамасыз етеді, белгілі бір деңгейде оны өздері ұйымдастырады да. Бұл қоғамның көпшілік мүшелерінің ұзақ мерзімді және күнделікті саяси өрі басқа да мүдделеріне

269
сай келеді. Егер де бұған қарама-қарсы жағдай болатын болса, онда ол қоғамның саяси институттарының жетілдірілмегені және де қалыптасқан әлеуметтік шындыққа сәйкес оның даму мәселелерін шешуге де қабілетсіз болғаны.

Соңғы жағдайда қоғамдағы жүріп жатқан саяси процестер басқаруға аз-маз көнетін, ал кейде басқаруға көнбейтін, стихиялық деңгейге жетеді, сондықтан оның салдары қауіпті, турасын айтқанда, олар адамдардың көпшілік бөлігінің мүддесіне нұқсан келтіретін деструктивтік процеске айналады. Сондай-ақ мұндай саяси процестерден әр түрлі эгоистік немесе қоғамға жат элементтер қоғамның саяси институттарының қалыптасқан жағдайды өзгертуге қабілетсіздігін пайдаланып, саяси ұпай жинайды. Деструктивтік (яғни қиратқыш) саяси процестер саяси институттарды жоюға әкелуі мүмкін, жалпы қалыптасқан мемлекеттік құрылымды күйретеді, сөйтіп қоғамның саяси-экономикалық және рухани өмірінде қайта қалпына келмейтін кереғарлық орнайды.

Жоғарыда айтылған жәйттар саяси процестердің дамуы мен саяси институттар қызметінің әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер саясат әлеуметтануы немесе саяси қатынастар әлеуметтануы назарынан тыс қалмауға тиіс екенін байқатады. Саяси институттар қызметінде объективтік және субъективтік алғыш арттарды, олардың қоғам өмірінің экономика-

лық, әлеуметтік және рухани саладағы өзара қатынастарын, сонымен қатар қайсыбір саяси институттардың даму болашағын зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы артып отыр.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты — саяси институттар қызметінде әлеуметтік тиімділікті арттырудың жолдары мен әдістерін табуға саяды. Бұл көпшілік қоғам мүшелерінің аталған мақсатты жүзеге асыруға атсалысуынан, осы мүдделердің жан-жақты үйлесім табуынан көрінеді.

Саяси институттар қоғамның саяси жүйесін және саяси сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

3. Қоғамның саяси жүйесі және саяси сана, олардың негізгі элементтері, функциялары мен формалары

Қоғамда бар саяси институттардың жиынтығы оның саяси жүйесінің маңызды буынын құрайды, бірақ бұл жүйе осы институттармен ғана шектеліп қоймайды. Саяси функцияларды тек «таза саяси» мекемелер мен ұйымдар ғана атқармайды. Оларды көптеген қоғамдық ұйымдар, соның ішінде кәсіподақ, жастар, ардагерлер және т.б. ұйымдар, сондай-ақ жазушыларды, суретшілерді, сазгерлерді, кинематографистерді, журналистерді және сол сияқтыларды біріктіретін ұйымдар да атқарады. Бұл ұйымдардың 270

әрқайсысы қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік топтардың және жіктердің мүдделерін білдіреді әрі қорғайды. Осымен байланысты олар да қоғамдағы саяси жүйенің белгілі бір буынын құрайды.

Сайып келгенде, қоғамның саяси жүйесі мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы болып табылады. Өйткені олардың қызметі саяси сипат алған, яғни олардың қызметі белгілі бір таптардың, басқа да әлеуметтік топтардың, сондай-ақ ұлттық қауымдастықтардың саяси мүдделерін іс жүзіне асыруға бағытталған. Бұл мекемелер мен ұйымдар азды-көпті біртұтас саяси жүйе құрып, өзара байланысқан және өзара әрекет етеді.

Аталмыш жүйенің негізгі функцияларына әлеуметтік топтардың және ұлттық қауымдастықтардың арасындағы, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы кең көлемдегі саяси қатынастардың жиынтығын реттеу жатады. Осы қатынастардың шеңберінде барлық әлеуметтік субъектілердің қызметі, олардың өз саяси мүдделері үшін күресі, саяси қарсыластығы мен ынтымақтастығы іске асады.

Қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементтеріне мыналар жатады:

- мемлекет органдары, оның заң шығарушы және атқарушы бөліктері;
- әскер;
- құқық қорғау органдары, ең алдымен сот, прокуратура, полиция;
- мемлекеттік арбитраж;
- саяси партиялар;
- саяси қозғалыстар;
- қоғамдық ұйымдар (кәсіподақтар, жастар, шығармашылық, т.б. сол сияқты ұйымдар). Бұлардың қызметі белгілі бір әлеуметтік топтардың

саяси мүдделерін жүзеге асырумен байланысты болады. Сондықтан белгілі дәрежеде саяси сипатқа ие болады.

Қоғамның саяси жүйесінің бүкіл осы элементтері экономикалық қатынастардың негізінде пайда болып, өмір сүретін қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымын тікелей немесе жанама көрсетеді. Қоғамның саяси жүйесі өзіне тән әлеуметтік-экономикалық және идеологиялық қатынастардың бүкіл жиынтығының ықпалымен дамиды және ол аталған қатынастарға елеулі әсер етеді. Бұл ықпал күші осы саяси жүйені жетілдіруге байланысты, сондай-ақ қоғам өмірінің өзге де жақтары оның қалыптастырған өзара әрекет механизміне де тәуелді. Әлбетте, бұл өзара әрекеттер көбіне-көп объективті факторлармен, ең алдымен қоғам дамуының объективті заңдарымен анықталады. Бірақ бұл жерде субъективті фактор да біршама рөл атқарады, соның ішінде саяси және мемлекет қайраткерлерінің қоғам дамуындағы объективтік жағдайлардың маңызын, әр түрлі әлеуметтік күштердің шынайы мүдделерін түсінуі мен санасу іскерлігін айтуға болады және бұдан саяси жүйенің өмір сүруі мен дамуы, оның

271
қоғам өмірінің барлық жақтарына әсер ету тиімділігін арттыру проблемаларын шешу келіп шығады.

Мемлекет — қоғамдық саяси жүйенің негізгі элементі. Бұл кездейсоқ емес, өйткені саяси қатынастардағы ең басты мәселе билік туралы мәселе, ал ол ең алдымен мемлекеттік мәселе. Осы биліктің тетіктерін қолдана отырып, мемлекеттік органдар қоғамның саяси жүйесінің бүкіл басқа да буындарына шешуші ықпал жасайды. Мемлекет ең алдымен заң шығарушы, атқарушы және сот аппараты ретінде көрінеді. Ал олардың биліктері қоғамда үстемдік етуші әлеуметтік-таптық күштердің қолында болады. Мемлекеттік аппарат билігінің көмегімен осы күштер қоғамда өздерінің саяси үстемдігін орнықтырады және өз ырқып тек қана саяси салада ғана емес, әлеуметтік-экономикалық, рухани-адамгершілік, басқа қоғамдық қатынастарда да жүзеге асырады.

Қоғамның таптарға бөлінуінің нәтижесінде мемлекет пайда болды. Бұл ережені әр түрлі бағыттағы бүгінгі әлеуметтанушылар мойындап отыр. Қоғамның мемлекеттік ұйымдары бастапқыда қоғамның алғашқы мемлекеттік емес ұйымдарынан біраз мәнді белгілері бойынша ерекшеленді. Олардың негізгілері:

— биліктің пайда болуы, ол өзін бүкіл қоғаммен теңестірмеді, яғни бір адам басқа адамдарға билік етті;

— халықтың аумақтық бөлінуі, бұдан кейін қандастық байланыстар есептелмеді;

— өнімді еңбекпен айналыспайтын, басқаруды кәсіпке айналдырған адам топтары қалыптасты, яғни мемлекеттік аппарат пайда болды;

— әр түрлі салықтар шықғы.

Билеуші әлеуметтік күштер әрдайым мемлекетті барлық азаматтардың мүдделерін қорғайтын орган есебінде көрсетуге тырысты және оны бүкіл қоғамның тұрақтылығын сақтайтын факторы ретінде дәріптеп бақ-

ты. Бұл белгілі деңгейге дейін шындыққа сай келеді, дәлірек айтқанда, бұл күштердің мүдделері өзге таптар мен халық жіктерінің мүдделерімен сәйкес келгенге дейін. Егер де олардың мүдделері қайшы келсе, онда билеуші күштер ең алдымен өз мүдделерін қоғамның бүкіл қалған мүшелеріне таңып, іске асыруға тырысады. Ол үшін билеуші күштер өз мүдделерін сол елдің бүкіл халқының, бүкіл ұлттың немесе көп ұлтты қоғамның мүддесі етіп көрсетеді. Сөз жоқ, бұл билеуші күштер өз билігін басқа саяси күштермен ымыраға келу жолымен де орнатуы мүмкін.

Мемлекеттің мәні мен негізгі қызметі оның функцияларынан байқалады. Бұл функцияларға мыналар жатады:

ВятрЕ. Социология политических отношений / Пер. с польск. М., 1979. С. 344. 272

— қоғамда қайсыбір әлеуметтік-таптық күштердің үстемдігін қамтамасыз ету;

- сыртқы жаулардан елді қорғау;

- елдің экономикасының дамуына қандай да болсын ықпал жасау;

- рухани мәдениет пен идеологияны дамыту;

- өзге елдермен сыртқы (елшілік, сауда, өнер, т.б.) байланыстар орнату.

Аталмыш функциялардан басқа да мемлекеттің атқаратын міндеттері бар. Мемлекет ұлттық интеграцияның маңызды құралы ретінде көрінетіндіктен ұлтты қалыптастыру және ұлттық қатынастарды реттеуші функциясын, сонымен қатар қоғам өміріндегі әлеуметтік саланың және халықты әлеуметтік қорғаудың көптеген проблемаларын шешуге байланысты әлеуметтік функция да атқарады.

Әлбетте, мемлекеттің осы функциялары тек қана таптық тұрғыдан түсіндіру дұрыс болмас еді. Мемлекеттің көптеген әрекеті бүкіл халықтың немесе қоғам мүшелерінің басым көпшілігінің мүддесі үшін жасалады. Бұл ең алдымен елді қорғау, мемлекеттік деңгейде экологиялық проблемаларды шешу, ұлттық салт-дәстүрлерді және мәдениетті дамыту, т.с.с қатысты болып отыр. Сонымен бірге оның әрбір функциясының шеңберінде мемлекеттің таптық және жалпы әлеуметтік мәселелерінің өзара араласуы орын алады.

Мемлекеттің құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік тарихи типтерін ерекше бөліп айтуға болады. Мұндай бөлуге қоғамның сипаты негіз болды, соның шеңберінде мемлекет қызметі атқарады. Мемлекеттің әрбір типі өзіне сай мемлекеттік басқару формалары арқылы көрінеді. Ал мемлекетті басқару формалары мемлекеттік билікті жүзеге асырудың ерекше тәсілі болып саналады. Айталық, мемлекеттің құл иеленушілік типі деспоттық шығыстық монархия, аристократия және демократиялық республика формасында; феодалдық сословиелік-өкілдік және шексіз монархия формасында; капиталистік - парламенттік және президенттік республика немесе конституциялық монархия формасында; мемлекеттің социалистік типі — социалистік республика формасында көрінді. Мемлекеттің формалары қандай да болсын қоғам дамуының та-

рихи жағдайларымен, ұлттық салт-дәстүрмен анықталады, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік, таптық күштердің арасалмағы, қайсыбір партиялардың рөлі, тіптен жетекші мемлекет қайраткерлерінің рөлі сияқты факторлармен де айқындалады.

Қазіргі кезде көпшілік азаматтардың мүддесіне сай, қоғамда жүріп жатқан процестерге мемлекеттік билік органдарының ықпал ету тиімділігін арттыруға бағытталған қызметін жетілдіру туралы мәселе аса өткір қойылып жүр. Ол үшін сол билік органдарының біліктілігі мен кәсіби

273
деңгейін арттыру, басшылық стилін жетілдіру және қоғамды басқару ісінің барлық деңгейінде бюрократиялық әдістерді қолдануды шектеу талап етіледі. Ең бастысы бүкіл мемлекет органдары қызметінде шынайы демократизмді дамыту болып табылады. Сонда ғана олар елдің ең үлкен жіктерінің мүддесін іс жүзінде қорғай алатын болады. Заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің өзара әрекеттерін жетілдіру қажет, сонымен қатар бұдан басқа қоғамда төртінші билік деп айтылып жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын демократияландыру деңгейін арттыру керек, сонымен бірге азаматтардың өмірін, ар-ожданы мен абыройы, олардың мүліктік және саяси құқық қорғауға арналған құқық қорғау органдарының жұмысын жақсартқан жөн, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың өзге де буындарының жұмысын дұрыс жолға қою қажет.

Бүгінде Қазақстанда бірнеше саяси партиялар мен қозғалыстар қалыптасты. Бұл саяси плюрализмнің әлеуметтік-экономикалық базасын дамытуға негізделген, көп укладты экономика қалыптастырған, өздерінің еңбегін жеке меншік секторымен, бірлескен кәсіпорындармен, кооперацияның жаңа формаларымен, т.с.с. байланыстырған жаңа әлеуметтік топтарды дүниеге келтірді. Елдің социалистік жолмен дамуын қолдайтын қоғамдағы жіктер де өз партиялары мен қозғалыстарын құрды.

Қазіргі Қазақстан қоғамында экономика мен әлеуметтік-саяси салада әр түрлі бағыттардың күресі оның саяси жүйесінің тыныс-тіршілігіне сөзсіз әсер етеді.

Қоғамның саяси жүйесін демократияландыру мен құқықтың мемлекет үшін күрес жағдайында қоғамдағы жоғары билік заңға бағынады, барлық саяси күштер өз бағдарламаларын жариялауға және оларды жүзеге асыру үшін күресуге құқы бар. Осындай жағдайда қоғамның прогресивті саяси күштері саяси жүйенің басты буындары қызметінің тиімділігін арттыру үшін күресуде. Сол буындар негізінде Қазақстанда көпшілік халықтың мүддесіне сай келетін шынайы демократияланған саяси-мемлекеттік құрылыс құруға қол жеткізуге болады.

Қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементтері ретінде мемлекетпен қатар саяси партиялар да қоғам дамуында маңызды роль атқарады.

Кейбір саяси партиялар әлеуметтік қозғалыстан тікелей пайда болады. Дәл осындай жолмен жұмысшы қозғалысынан жұмысшы партиялары, ұлт-азаттық қозғалыстан ұлттық-демократиялық, экологиялық қозғалыстан жасылдар партиялары және т.б. партиялар өмірге келді. Ал келесі бір

партиялар қоғамдық ұйымдардың трансформациялануымен құрылды. ХХ ғасырдың басында ағылшын тред-юнионы парламентке жұмысшыларды ұсынатын комитет құрған еді, сол комитет кейін лейбористік партияға айналды. Жалпы партиялардың құрылуының негізгі үш жолы

бар: «жоғарыдан», «төменнен», «құрама» тәсілмен. Партияны «жоғарыдан» қалыптастыру жолы парламенттік топтардың, саяси элиталардың, қысым жасау топтарының, партиялық бюрократтардың негізінде жүзеге асады.

«Төменгі» жолды қоғамдық қозғалыстардан туындаған, немесе нақты бір идеологияны, лидерді қолдаушыларды біріктірген партиялар өтеді. «Құрама» тәсілмен партиялар элитарлық топтар мен қарапайым азаматтардың күштерін біріктіру негізінде құрылады. Ғылыми әдебиеттерде саяси партиялардың табиғаты мен мәні жөнінде әр түрлі түсініктеме берілген.

Гоббс партияны адамның қарама-қайшы рухының табиғи көрінісі десе, Макиавелли, Моска оның мәнін «саясылықтан» немесе Юм, Михельс, Дюверже «партиялықтан», Маркс пен Ленин әлеуметтік-таптық құрамынан іздестірді. Саяси партиялардың мәнін бір жақғы анықтау мүмкін емес, өйткені олар көптеген сипаттамаларды, соның ішінде психологиялық белгілерді де қамтыған.

Саяси партия дегеніміз саяси биліктің көмегімен белгілі бір адамдар қауымдастығының мүдделерін қорғау үшін мақсат пен әрекеттің бірлігі негізінде құрылған адамдардың ерікті одағы. Саяси партиялардың тікелей саяси билікке қатысы бар. Олар оны жеңіп алуға немесе оған ықпал етуге күшін салады. Саяси партиялар ішкі ұйымдасу қабілетімен де ерекшеленеді. Олардың кейбіреулері мүшелікті есепке алып, бекітеді, өздерінің ішкі өмірің жарғымен, нұсқаулармен реттеп отырады. Партиялық құрылым лидерлерден, партиялық бюрократиядан, идеологтардан, партия активтерінен және қатардағы мүшелерден құрылған. Партия өзінің саяси әрекет ету бағдарламасының, сонымен қатар белгілі бағыт-бағдарлы идеологиялық жүйесінің болуымен ерекшеленеді.

Кез келген партияның саяси қызметі оның атқаратын функцияларымен тікелей байланысты. Олар қоғамдың ұйымдар мен қозғалыстардың функцияларымен бірдей. Алайда, саяси партиялардың ерекшеліктерін есепке алатын болсақ, онда атқаратын функциялары нақты мазмұнмен толыға түскен. Саяси партия ең алдымен өзінің әлеуметтік базасы болып саналатын әлеуметтік топтар мен жіктердің мүдделерін анықтау, негіздеу және формаға келтіру үшін жұмыс істейді, сол арқылы олардың белсенділігін арттырады. Саяси партия анықталған мүдделерді, оларды іске асыруды қамтамасыз ететін жолдар мен тәсілдерді көрсететін өз қызметінің бағдарламасын жасайды, ұстаған доктринасын шығармашылықпен дамытады және анықтаулар енгізеді, бағдарламалық талаптарын және қабылданған платформасын насихаттайды, өзін көпшілік жұрттың қолдауын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік қозғалыстармен және ұйымдармен байланыс орнатады.

Партия өзінің басты мақсатын сайлауға дайындық жасау және қатысу жолымен билікті жеңіп алудан, қоғам дамуының бағдарламасын жасаудан көреді. Билеуші партия болуға дайындала отырып, мемлекеттік қызметтерді атқару үшін және қоғамды басқаруға қатысу үшін ол алдын ала лидерлерінен саяси элитаны қалыптастырады.

Билікке келгеннен соң, партия қоғамды дамыту жөніндегі өз бағдарламасын мемлекеттік аппарат арқылы жүзеге асыруға тырысады. Сайлауда жеңіліске ұшыраған немесе оның барысында парламентте көпшілік өкілдікке қол жеткізе алмаған партия үшін парламенттен тыс немесе парламенттік оппозиция ұйымдастыру және келесі сайлауға дайындық жасау маңызды функция болып қалады. Партия әрдайым өз қызметінің материалдық базасын нығайтуға қамқорлық жасанды, өзге партиялармен, ел ішіндегі және шет елдегі ұйымдармен байланыс орнатады.

Мемлекет пен қоғам арасында аралық рөлді іске асырушы саяси партиялар, сайып келгенде, саяси жүйенің маңызды да белсенді элементі болып табылады. Олар өздерінің мәнісі жағынан мемлекеттік билікті қалыптастырудың, әр түрлі әлеуметтік қауымдастықтардың мүдделерін мемлекеттің нақты саясатына айналдырудың шешуші факторы болды.

Саяси партиялар нақты елдердің әр түрлі тарихи және әлеуметтік-мәдени жағдайларына орай әрекет етеді. Бұл жағдайлар олардың көптүрлі болуына ықпал жасады. Партиялардың қалыптасу негіздері мен мүшелік шарттарына сәйкес олар кадрлық, бұқаралық және қатаң орталықтандырылған партиялар типтеріне бөлінген. Кадрлық ұйымда партиялық құрам партия комитеті басшылығымен саясатшылар топтарының төңірегіне бірігеді. Мұнда партияға еркін мүшелік орнатылған, құрамы тұрақсыз болып келеді. Олардың белсенділігі көбіне-көп сайлау кезінде көрінеді және бұл белсенділік сайлаушыларды қолдауды ұйымдастыруға бағытталған. Бұқаралық партиялар әлдеқайда ұйымдасқан, тәртіпке негізделген, жарғы талабына сай мүшелік орныққан, өз идеологиясын және көзқарастардың біртұтастығын сақтаған саяси ұйым. Қатаң орталықтандырылған партияларда идеологияға шешуші маңыз берілген. Оларға қатаң тәртіп, ұйымшылдық, көсемдерді құрмет түту іспетті сипаттар тән. Ал алға қойған мақсаттары мен әлеуметтік ұстанымдарына орай қимыл-әрекеттің практикалық жағына бағыт ұстағандарды патронажды партиялар, өзінің идеялық тазалығын сақтау үшін күресушілерді идеологиялық партиялар деп топтастыру да ғылымда орын алған.

Ұйымдасу және функциялық сипаттарына байланысты да саяси партиялар топтасқан. Ондай партиялар төртеу. Авангард типтегі партияларға партия мүшелеріне жоғары талаптар қою, партия ішкі өмірін толық

тәртіппен белгілеу, қатаң тәртіпті сақтау және еңбекші бұқарамен күнделікті жұмыс жүргізуге бағыт ұстау тән.

Алайда, мұндай партия билікке келетін болса, онда ол тез арада

әкімшілік жүйенің құрамдас бөлігіне айналып кетеді. Сайлау науқанына арналып құрылған партиялар қаражат жинау, кандидаттар ұсыну, оларды қолдау үгітін жүргізумен сипатталады. Әдетте мұндай партиялардың мүшелері, билеттері, жарна төлеу белгіленбейді. Олардың бюджеті ерікті жәрдем беруден және мемлекеттік қаржыландырудан құралады. Парламенттік партиялар алғашқыларға ұқсас. Бірақ олардың атқаратын міндеттері парламенттік қызметті де қамтиды. Осымен байланысты олардың тұтас құрылымы, тұрақгы жұмыс істейгін басқару органдары қалыптасқан.

Партия-клубтар бұқаралық ұйым болып саналады, оның қатары қайсыбір платформаны ұстанған адамдарды ғана біріктіріп қоймайды, оларды біріктіруде көзқарастардың ортақгығы, мүдделердің, мәдени сұраныстардың бірдейлігі маңызды рөл атқарды. Осындай саяси партияларды топтастырумен қатар, олардың статусын, қоғамның саяси жүйесіндегі орнын ескерегін болсақ, онда олардың бөлінуі «билеуші-оппозициялық» бағыттарда жүреді. Билеуші партия - елдің заң шығарушы органына сайлауда жеңіске жетудің нәтижесінде үкімет құруға құқылы болған және өзінің мақсаттарына сәйкес қоғам дамуының саяси бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік алған саяси ұйым. Оппозициялық партия дегеніміз заң шығарушы органға сайлауда жеңіліске ұшыраған немесе парламентте көпшілік орын ала алмаған және билеуші партияның баламасы ретінде өзінің қызметін бағдарлама, ұстанымдар дайындауға жұмылдырған партия. Ол парламенттен тыс және оның ішінде де әрекет ете береді.

Демократиялық қоғамдарда жеңген және жеңілген партиялар «саяси ойындар» ережесін бұзбай сақтайды, сайлауда партиялар бағдарламаларын көпшілікке танымал етудің басты механизмі мәртебесін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда жеңіске жеткен партиялар қызметіне кедергі келтірмейді, ал жеңілген партиялар билеуші партиялардың саясатын сынға алады, азаматтардың саяси таңдауын құрметтейді және үкіметке ниеті түзу қарым-қатынасын сақтайды.

Қоғамдағы партиялар бір-бірінен, мемлекеттен, басқа да қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерден оңашаланған емес. Олар тұрақгы түрде өзара әрекет етеді, белгілі бір жүйені құра отырып, соның шеңберінде партиялардың шешім қабылдауға ықпал ету деңгейі және олардың қоғамды басқаруға қатысуының сипаты ашылады.

Жалпылама алғанда партиялық жүйені бірпартиялы және көппартиялы деп қарастыруға да болады. Бірпартиялық жүйе қоғам үшін қауіпті.

277
Өйткені бір өзінің ғана болуы, бәсекеге түсетін өзге партиялардың болмауы оны сөзсіз мемлекетпен біріктіреді, бұқараға мемлекеттік ықпал ету әдістерін қолданатын болады және осы жағдайлар оның партия ретіндегі сенімін жояды.

Көппартиялық жүйе қоғамда бірнеше партияның болуын қалайды. Қоғамда партиялардың саны қанша болса да, заң шығаратын билікке сайлауға қатысу үшін оларға бірдей құқық болуы шарт, сонымен қатар

партиялардың және мемлекеттің функциялары бір-бірінен бөлек болуы керек. Көппартиялық қоғам үшін тиімді, өйткені партиялар билікке келудің өркениетті механизмдерін меңгерген, ал олардың бәсекелестігі арқылы қоғам дамуының балама нұсқаларын ұсыну қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, көппартиялық жүйе саяси мәдениетгі, қоғамның моралін маңызды сынау болып саналады. Сондықтан бірнеше партияның өмір сүруі құқықгық мемлекет жағдайында ғана іске асатын болады.

Қазіргі Батыс қоғамының көппартиялық жүйесінде атқарушы билік туралы мәселені шешу үшін партиялардың өзара әрекет етуінің бірнеше нақгы механизмдері жасалған. Бұл механизмдер бірнеше, атап айтқанда, коалициялық, доминациялық және бипартиялық (екіпартиялық) укладтарды қамтыған. Коалициялық уклад сайлауда жеңген партиялардың бірде-біреуі парламентте заң шығарушы билік органдарында көпшілік орын ала алмаған жағдайда қолданылады. Осының салдарынан жеңген партиялар бірігуге мәжбүр болады және коалициялық үкімет құрады. Алайда, мұндай үкімет тұрақсыз болады, өйткені оның құрамына енген саяси күштердің өкілдерінің қарама-қайшылыққа толы мүдделерін қорғайды. Бұл үкімет келесі дағдарысқа дейін ғана өмір сүреді. Содан кейін жаңа сайлау өтеді, мұнда да сайлау күресіне қатысушы көппартиялардың бірде-біреуі дауыстардың бөлініп кетуінен салмақпен басым түсе алмайды. Дәл осындай уклад Италия, Бельгия, Голландия, Дания секілді елдерде әрекеттеседі.

Доминация уклады (немесе көппартиялық жүйе монопольді билеуші партиясымен) парламентте басым көпшілік бір партияға жататын кезде ғана қолданылады, сондықтан да ол бірпартиялық үкімет құрады. Мұндай жағдайда билеуші партия өзінің таптың және жалпыұлттық мүдделерді қорғау қабілетін көрсетумен, күшті идеологиялық ықпал жасаумен қатар, партиялық жүйеде үстем орынға ие болады. Әдетте қоғамда күшті және топтасқан оппозиция болмаған жағдайда басым партия ұзақ уақыт бойы (25 және одан да көп жылдар) үстемдік етеді. Дәл осындай уклад Швецияда қалыптасқан, мұнда социал-демократтар ұзақ уақыт бойы басым партия ретінде болды, осындай жағдай Жапонияның либерал-демократиялық партиясының басында болған еді. Екіпартиялық укладта саяси

278
аренада бірін-бірі билікте алмастырып отыратын екі негізгі партияның үстемдік монополиясы орнайды. Бұл осы укладтың сипатты белгісі болып саналмады. Олардың бірі билеуші де, екіншісі оппозициялық партия. Олар уақытты келгенде орын алмастырады. Қоспартиялық укладта салыстырмалы түрде тұрақты үкімет құрылады. Мұндай үкімет тұсында жаңа партиялар құруға көптеген қиыншылықтар туады, үстем етуші партиялардан басқа партиялардың қызметіне кедергі келтіріледі. Екіпартиялық укладтың классикалық үлгісіне буржуазиялық (мысалы, АҚШ-тың демократиялық және республикалық), немесе буржуазиялық және социал-демократиялық (Ұлыбританиядағы консервативтік және лейбористік партиялар) партиялар құрылған жүйе жатады. Екіпартиялық укладтың

бір түрі модифицияланған уклад деп аталады. Оның өзіндік ерекшелігі бар. Үкімет құруға қабілетті және бәсекеге түскен екі партияның бірде-біреуі парламентте көпшілік орынға ие бола алмаса, оның бірі заң шығарушы органда тұрақты өкілі бар, саны жағынан аз үшінші бір партиядан коалицияға түседі.

Мұндай реттеуші релін атқаратын үшінші партияның қатарына Германиядағы еркін демократтар партиясы жатады. Онымен кейде СДПГ, бірде ХДС/ХСС блок құрады. Австралияда аграрлық және либералдық партиялар лейбористік партияға қарсы одақ құру тәжірибесі сақталған.

Кез-келген саяси әрекеттер мен адамдардың өзара әрекеттері саяси сананың ықпалымен жасалады, бұлардан әрқилы саяси процестер қалыптасады. Оның саясылығы ең алдымен мазмұнға байланысты. Саяси сананы құрайтын сезім, көңіл-күй, идеялар мен теориялар адамдардың өмірдегі саяси және мемлекеттік құрылысқа, саяси билікке, ұлттық саяси проблемаларға, сонымен қатар азаматтардың саяси құқығы мен бостандықтарына көзқарасынан көрінеді. Таптардың, әлеуметтік топтардың және ұлттық қауымдастықтардың әрбір саяси әрекетінде саяси сананың қайсыбір компоненттері болады. Саяси көңіл-күй, көзқарастар, қисындар, мақсаттар адамдар әрекетіне түрткі болады, оның мазмұны мен бағыттын айқындайды. Саяси сана бүкіл саяси институттардың, саяси жүйенің басқа да элементтерінің қызметіне еніп, орнығады. Ол қоғамдық-саяси өмірдің субъективтік жақтарын бейнелейді.

Саяси сана мейлінше күрделі рухани түзілім. Ол алуан түрлі күй мен деңгейлер арқылы көрінеді. Әлеуметтанушылар саяси сананың деңгейлері туралы айтқанда, олар әдеттегі және теориялық сананың көрінуін айтады. Саяси сананың ерекшелікті көрінісі ретінде саяси психология және саяси идеология алға шығады. Енді соларға қысқаша сипаттама берелік.

Адамдардың әдеттегі (қарапайым) саяси санасы — адамдардың больш жатқан саяси құбылыстар мен процестер туралы тұрмыстық түсінігі

279
көбінесе ғылыми білімге негізделмеген таза ойша жорамалдаушылық пен пайымдаушылыққа саяды. Олар адамдардың күнделікті іс-тәжірибесінің ықпалымен қалыптасады. Ал олардың күнделікті іс-тәжірибесі адамдардың әр түрлі саяси оқиғаларға кезігуінен, осы оқиғалардан алатын жеке әсерінен, адамдар арасында өзара пікір алмасу барысында және ең соңында, алуан түрлі насихаттың ықпалымен, яғни саяси жарнамалардан бастап теледидар, радио, баспасөз арқылы бұқараға ықпал жасаудан жиналады.

Адамдардың әдеттегі саяси санасы — көбіне-көп олардың ағымдағы саяси оқиғалар туралы көпшілігінде толық емес және таяз, осы оқиғалардың себептері мен заңдылықтарының байланыстарын қамтыған, олардың даму тенденцияларын елемеуден пайда болған түсінігі. Әдеттегі саяси санада саяси шындықты дұрыс көрсететін элементтердің болуына қарамастан, бұл санаға біршама саяси алданышты елестер сінген, қайсыбір саяси құбылыстар жөнінде қате түсініктер орныққан, соның ішінде қоғамдағы

әр түрлі саяси күштердің арасалмағы туралы, әр түрлі саяси партиялардың қызметтерінің шындыққа жақындығы, олардың көсемдерінің шын мақсаттары туралы және сол сияқтылар жөнінде жалған ұғымдар қалыптасқан.

Саяси өмірдің тең даму заңдары туралы білімі болмағандықтан қоғам мүшелерінің басым көпшілігі қарапайым саяси сана деңгейінде ойлайды. Әлбетте, білім және мәдени деңгейлері әр түрлі адамдардың саяси саналарының даму деңгейі де әр түрлі. Олардың кейбіреулері саяси ойлауда ауқымдылық пен икемділік танытса, басқалары мұндайға қабілетсіз, яғни бұлардың саяси ойлары тар өрісті, жартыкеш келеді, сондықтан да көбіне өзгере бермейтін қасаң көзқарастарды ұстанады. Қалай десек те, саяси шындықтың даму заңдары біліміне сүйенбегендіктен бұл екі жағдай олардың әдеттегі саяси санасын көрсетеді.

Адамдардың теориялық саяси санасының әдеттегі саяси санасынан айырмайшылығы бар. Теориялық саяси сана көбінесе олардың ғылыми дәлелденген небір саяси идеялары мен көзқарастарының жүйесі ретінде байқалады. Әрине, қайсыбір саяси процестерді ғылыми түсіндірудің өзі әр түрлі тендікте және негізділікте болуы мүмкін. Сонымен бірге саяси теория атаулының бәрі бірдей шынайы ғылыми да бола алмайды. Дегенмен, теориялық саяси сана өзінің табиғатынан қарапайым пайым даулардан көп алда болады, саяси құбылыстардың өзара терең байланыстарын ашуға тырысады.

Теориялық саяси сана деңгейінде әр түрлі саяси күштердің әлеуметтік табиғаты пайымдалады, ең алдымен таптар мен саяси партиялардың, соңғының объективті саяси мүдделері оларды тікелей саяси іс-қимылға бағыттайды. Ақырында, теориялық сараптаудың арқасында қайсыбір

280

субъектілердің қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзінің алатын орны туралы және бұл қатынастар шеңберінде өзін баянды ету мүмкіндігі жөнінде аса анық түсінігі болады.

Әрине, кез-келген адам саяси процестер мен олардың заңды байланыстарын тереңірек ұғынуға жол ашатын саяси теориялар деңгейінде ойлай алмайтыны анық. Ол үшін соған сай білім қажет. Қазіргі кезде саяси құбылыстар туралы қарапайым сана немесе саяси қиялдар деңгейінде ойлайтын адамдар аз емес. Соған қарамастан ғылыми саяси сананың қалыптасуы барған сайын көптеген адамдарды қамтуда. Мұны бүгінгі өмірдің өзі талап етіп отыр. Жүріп жатқан саяси процестердің мәнін түсіну, оған бейімделу және оларға сауатты ықпал жасау қажеттігі туып отыр.

Саяси мүдделерін жүзеге асыруды көздейтін көптеген әлеуметтік топтар мұндай мақсатты өз алдарына қояды. Осындай жағдайда саясат әлеуметтануының маңызы артады, бұл заңды да.

Саяси психология бұқара халықтың саяси санасының маңызды көрінісі болып табылады. Ол саяси шындық пен оған деген көзқарасты жете түсінудің тұтастығы ретінде көрінеді. Осыған орай адамдардың нендей бір ұғыну деңгейін көрсететін олардың саяси құбылыстар туралы түсінігі ғана оның компоненттері болып қана қоймайды, сонымен бірге

әрекеттің саяси себептері мен қисындары, неге де болса саналы саяси мүдделілік, қандай да бір саяси әрекеттерді іске асырумен байланысы бар саяси мақсаттар да психология компоненттері қатарына жатады.

Саяси психологияның бүкіл осы көріністері саяси шындық жөніндегі белгілі бір пайымдауды өзіне ендіреді, сонымен бірге қайсыбір әлеуметтік-саяси топтардың, партиялардың және жекелеген тұлғалардың нақты саяси іс-әрекеттерінің бағыт-бағдарын көрсетеді.

Саяси психология кейде қалың бұқараның нендей бір саяси санасының жай-күйі ретінде, таптардың, ұлттар мен халықтардың психологиялық түрі ретінде сипатталады.

Оның көрінісіне аталмыш субъектілердің мол саяси сезімдері мен көңіл-күйлері жатады. Бұл саяси сананың эмоционалдық жағын құрайды. Бірақ саяси психология сонымен бірге өзіне белгілі бір интеллектуалдық әлеуметті, яғни саяси шындық жөніндегі мейлінше тереңірек пайымдауды сiңiредi. Бұл пайымдау қарапайым сана деңгейінен анағұрлым терең болуы мүмкін. Бұл өзіне жүйеленбеген жекелеген ғылыми түсініктер мен ұғымдарды қоса алады. Мұның бәрі субъектілердің, тіптен таптың, ұлттың немесе тұтас қоғамның қайсыбір саяси себеп-салдарында, парасатты ақыл-ойында, мақсаттары мен сенімдерінде қабысады.

Түптеп келгенде, саяси психология субъектілердің саяси эмоциясының, көңіл-күңінің, ақыл-ойының және ерік-жігерінің бейне бір мәйегі

281 ретінде көрінеді. Ол бұқаралық сананың бүкіл салаларын қамтиды, сондықтан да ол аса қозғаушы және жұмылдырушы күшке ие болады. Саяси партиялар мен қозғалыстардың кең және терең ойлайтын көсемдері мен жетекшілері бұқараның саяси көңіл-күйін, олардың саяси санасының бағыт-бағдарын әрдайым есепке алыш келуі де және ала да беретіні кездейсоқ нәрсе емес. Бұқараның саяси психологиясын, олардың саяси көңіл-күйін есепке алу аса көкейкесті міндеттердің қатарына жатады. Бұл мемлекеттің, саяси партиялардың, әрине, әлеуметтанушылардың қызмет процесінде шешілуге тиіс.

Саяси идеология таптар, ұлттар, саяси партиялар және басқа да саяси күштердің мүдделері арқылы көрінетін саяси шындықтың теория түрінде бейнеленуі болып табылады. Ол белгілі бір саяси теориялардан немесе олардың жиынтығынан құрылады. Бұл да саяси психология сияқты саяси шындықты түсіну деңгейін және оның қайта құруға бағытталуын, саяси қатынастар жүйесіндегі қайсыбір субъектілердің жағдайын нығайтуды білдіреді.

Саяси идеология әлеуметтік-таптық сипатта болады. Бұл фактіден ешкім ешқайда кете алмайды, тек оны мойындау керек. Саяси идеологияның әлеуметтік-таптық сипатта болуы ол әрдайым таптық күреске шақыруға тиіс дегенді білдірмейді. Мұндай тар таптық догмалық тұрғыдан қарау тіптен де орынсыз. Идеология, соның ішінде саяси идеология өр түрлі әлеуметтік-таптық күштерді ымыраға келуге, ынтымақтастық орнатуға бағыттай алады. Бірақ та кез келген жағдайда саяси идеология —

объективтік әлеуметтік-таптық мүдделердің теориялық көрінісі. Мұны саяси психологияға да айтуға болар еді. Бірақ мұнда таптардың, басқа да әлеуметтік топтардың және ұлттық қауымдастықтардың объективті мүдделері көбіне-көп стихиялы, жартыкеш, таяз, кейде бұқараның саяси инстинкттері мен интуициялары деңгейінде ғана байқалады.

Саяси идеологияда аталмыш әлеуметтік-саяси күштердің мүдделері теориялар мен ғылыми тұжырымдамалар деңгейінде көрінеді. Мұндайда бұл мүдделерді мейлінше терең түсінуге қол жетеді, олардың мәні, мазмұны мен бағыт-бағдары ашылады.

Сайып келгенде, жоғарыда келтірілген материалдар саяси қатынастар әлеуметтануының саяси психология мен саяси идеологияға, жалпы бұқараның саяси санасында барынша көңіл аударуды талап ететінін дәлелдейді. Өйткені олардың қазіргі қоғамда рөлі артып келеді.

Саясат әлеуметтануы қоғамда бірнеше міндеттер атқарады. Атап айтқанда, дүниетанымдық, тәрбиелік, практикалық-саяси функциялар. Саяси әлеуметтанудың дүниетанымдық функциясы әрбір адамның, әсіресе саяси басшының санасында жаңаша саяси ойлауды қалыптастыру

282
жалпы азаматтық құндылықтардың, жалпы адамзаттықтың топтық (таптық, ұлттық, діни, т.б.) мүдделерден басымдығын, әлеуметтік-саяси прогрестің формасы деп саналып келген күштеу мен зорлауды теріске шығару, әрбір халықтың әлеуметтік және саяси таңдау бостандығын мойындау принциптерін терең зерделеуге бағыттайды. Таңдау бостандығын қорғау дегеніміз - дамудың көп нұсқалылығын, саяси шешімдерді мойындау, өзге көзқарастарға төзімділікпен қарау, заң шеңберінде өзгенің мүддесін құрметтеу.

Саясат әлеуметтануы саяси процестерді суреттеп, түсіндіріп, оның дамуының бағыттарына болжам жасаумен қатар, ол кәсіпкер, жартылай кәсіпкер, әсіресе маман емес саясаткерлерге қажетті білім береді. Бұл оларды саясатты өз интуицияларына ғана сүйеніп жүргізуден сақтайды.

Саясат әлеуметтануы тәрбиелік те функция атқарады. Адамдарды жауапты азаматтық міндеттерін атқаруға дайындайды. Бұл әсіресе жастарды тәрбиелеуде маңызды. Ол саяси идеялар мен нормаларды, әдет-ғұрыптарды, саяси ақпараттар мен білімді кеңінен таратуға үлкен ықпал жасайды. Сондықтан да өркениетті елдердегі оқу орындарында оны оқытуға баса назар аударылады, оқыту сағаттары көбейтілген. Оқу курсымен қатар арнайы хурстар өткізіледі.

Практикалық-саяси функциясы да өте маңызды. Қоғамдық білімдер жүйесінде саясат әлеуметтануы көп жақты нақты практикаға аса жақын, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы адамдардың өзгертуші немесе консервативтік қызметіне де тым жақын. Саясат әлеуметтануы жалпы әлеуметтану ғылымының мәліметтерін қоғамдық өмірді жақсарту мақсатында іс-тәжрибеде қолданады және қолдануға тиіс. Саясаттың әр түрлі салаларымен өзара әрекетін зерттей отырып, саясат әлеуметтануы қоғамның неғұрлым тиімді әлеуметтік-саяси құрылысы мен әлеуметтік-саяси

прогресі моделін іздестіру және анықтау міндеттерін іс жүзінде шешеді.

Саясат әлеуметтануының ғылыми қорытындылары мен ұсыныстары тікелей практикаға шыға алады. Оның қорытындыларын қатаң басшылыққа алса, қоғамдағы күрделі процестер мен бағыттарды дұрыс пайымдауға болады, соның негізінде саяси мәселелердің практикалық оң шешімдері жасалады.

Саясат әлеуметтануы сияқты арнайы әлеуметтану теорияларында мәдениет әлеуметтануының да маңызы зор.

283

ОН ЕКІНШІ ТАҚЫРЫП

МӘДЕНИЕТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Мәдениеттің мазмұны әдет-ғұрыптар, салттар, заңдар, символдар және тағы басқалардан тұрады, бұлар ойлаудың, сананың және тілдің арқасында пайда болады, бұлар жануарлар әлемінің өкілдерінде тіптен де болған емес.

Мәдениет — таза адами өмір салты. Мәдениеттің жануарларда болмайтыны сияқты, дәл солай мәдениетсіз адамдар да болмайтыны анық. Мәдениетке әртүрлі түсініктеме беріледі. Бірде ол туралы ұрпақтан ұрпаққа берілетін және кейбір топтар немесе қоғамға тән жүріс-тұрыс формаларының, жиынтығы ретінде айтылады. Екінші бір жағдайда оны материалдық және рухани ескерткіштердің, символдардың, әдет-ғұрыптардың жиынтығы сияқты қарастырады.

Біз мәдениет әлеуметтануының маңызды ұғымдарына тоқгалудан бастаймыз. Мәдениетті әртүрлі қоғамдық ғылымдар зерттегенімен олардың әрқайсысы өзінің ерекшелікті пәндік кетігін тауып қарастырады. Әлеуметтануды мәдениеттің ең алдымен қоғамның өмір сүруі мен дамуындағы атқаратын рөлі қызықғырады. Мәдениет қоғамда жүріп жатқан барлық өзгерістерді анық сезінетін, оған өзі белгілі бір ықпал жасайтын ерекше құбылыс.

1. Мәдениет әлеуметтануы ұғымы, құрылымы, мазмұны және функциялары

Мәдениет әлемі өте күрделі және алуан түрлі. Сондықтан оны философия, тарих, өнертану, этнография, мәдениеттану, әлеуметтану зерттейді, бірақ олардың әрқайсысы бұл құбылысты қарастырғанда өзінің ерекше пәнін тауып зерттейді. Ең алдымен әлеуметтануды қоғамның өмір сүруі мен дамуындағы мәдениеттің рөлі қызықғырады. Мәдениет социумде болып жатқан барлық өзгерістерге бірден көңіл аударады. Мәдениет көптеген әлеуметтік процестерді қалыптастыру мен анықтауда өзі де оларға белгілі бір ықпал жасайды.

Мәдениет әлеуметтануы жалпы әлеуметтану ғылымының бір саласы. Оған әлеуметтанудың тұтас ғылым ретіндегі ортақ, жалпы заңдылықтары

тән және оның өзіндік ішкі заңдылықтары, өзіндік ұғымдар жүйесі бар. Оларды түсіну үшін қоғамдық құбылыс ретіндегі мәдениеттің мәнін түсіну қажет.

Балалық шақтан бастап, тілді меңгергеннен кейін, біз адамзаттың мөңгілік құндылықтар дүниесіне шығамыз, бізді қоршаған қайсыбір зат

284

тардың қолданыс аясын білеміз, оларды қолдануды үйренеміз, біз мектепте ең алғашқы, жер үстінде жатқан мәдениетті меңгереміз, бұл дүниенің есігін ашамыз. Адам дамуы оның бүкіл өмірі бойы іске асатын, өшпейтін мәдениет құндылықтарының шексіз әлеміне ену. Кейде мәдениетті тек «адамзат жинақтаған құндылықтардың жиынтығы» ретінде қарастырады, оны көркем мәдениет құндылықтарымен шектеу де кездеседі. Мәдениетті мұндай тұрғыдан қарастыру өте тар шеңберге соқтырады, сондықтан да ол қате. Адам кез келген практикалық қызмет процесі барысында дүниені өзгертеді, ол реалды өзгерту ғана емес, сонымен қатар идеалды, яғни өз санасында өзгертеді. Дүниені өзгерту арқылы өзінің қабілеттерін жетілдіреді, қажеттіліктерін қанағаттандырады, білімін көтереді, дүниетанымды кеңейтеді, әлеуметтік сезімін жетілдіреді, бір сөзбен айтқанда, өзінің әлеуметтік күштерін жетілдіру арқылы адамның өзі де өзгертеді.

Жалпы айтқанда, мәдениет «адамзат тарихының кесіндісі», ол тарихи даму барысындағы адамдағы өзгерісті көрсетеді. Мәдениет оның әлеуметтенуінің құралы болып табылады яғни оның қоғамдық тұтастықпен қарым-қатынасын, қоғам мүшесі болып қалыптасуын білдіреді. Бірақ осы әлеуметтенудің өзі мәдениетті меңгеру барысында тұлғаның индивидуалдығы ретінде жүзеге асады, оның өзгеге ұқсамайтын «менін» игеру ретінде көрінеді. Әлеуметтендіру мен индивидуалдандыру - мәдениетті меңгеру процесінің екі жағы.

Мәдениет адамның еркіндік, бостандық саласы, өйткені мәдениет адамды өзін қоршаған басқа адамдарға конформистік еліктеу шаблонды мен стереотиптерінен босатады, өз бетінше әрекет етуге кепіл болады, оның тұлғасын егеменді етеді. Мәдениет адамның өз ісінің шебері болуына, кәсіби қызметтің ең биік деңгейіне дейін көтерілуіне мүмкіндік береді. Ол адамның саяси қызметінің бостандығын қамтамасыз етеді. Саяси партиялар мен қозғалыстардың көп түрлі бағдарламалары мен платформаларын талдап түсіну қабілетін қалыптастырады.

Бірақ, мәдениет бостандық саласы болуымен қатар, тәртіпке және жауапкершілікке тәрбиелейді, оларсыз бостандық, еркіндік өмір сүрмейді. Мәдениет нормалар жүйесі, яғни олар әлеуметтік ықпалды күш болып табылады, күнделікті тәртіп нормалары — қарапайым әдептен бастап құқық және мораль нормаларымен аяқталатын қоғамның әрбір адамға қоятын талаптары.

Көбінесе мәдениетті халық шаруашылығының белгілі бір «саласы», тіптен «қызмет көрсету саласының бөлігі» деп те санайды. Мұнымен келіспеуге болмайды. Мәдениет - қоғамның бүкіл саласын қамтитын қоғамдық жүйе, оған бүкіл қоғам, оның барлық құрылымдары еніп отырады.

Мәдениет тұрғысынан қарастырылмайтын бірде-бір қоғамдық құбылыс жоқ, өйткені әлеуметтік өмірдің кез келген «буынына» құрамдас элемент ретінде енеді. Мәдениеттің көп түрлілігі адамзат қызметінің көп формасына сәйкес келеді.

Мәдениетті, оның сан қырлы әлеуметтік қызмет процесіндегі адамды елеулі күш ретінде қарастыруға болады.

Мәдениет адамның рухани байлығын, ол жинаған білімді, дағдыныны, қабілетті, әлеуметтік сезімді заттық сипатқа ие етеді, шығармашылық қызмет процесінде олар қоғамдық мәні бар мәдени құндылықтарға айналады.

Мәдениет ұғымы бастапқыда жерді өңдеу тәсілін білдірді. Мәдениеттің осы тар мағынасы Еуропаның қоғамдық санасында ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда кең мағынада қолданыла бастады. Бұл өте маңызды болды, өйткені сол тұстан бастап мәдениет еуропалықтардың өзіндік санасының басты ұғымына айналды.

Мәдениеттің орнықты түсіндірмесі ағартушылық дәуірге сай келеді. Осы кезде мәдениет табиғатқа қарама-қарсы ұғымда түсіндірілді. Бұл екі түрлі сипатта көрінді: табиғат — жетілдіруден алыс тұрған, бастапқы қалып, ал мәдениет — осы кемелденуге жетудің жолы, құралы немесе, керісінше, табиғат — үйлесімдіктің идеалы, ал мәдениет — қолдан жасалған бір түзілім болғандықтан бұзушылықты, әр түрлі кемістікті, т.б. өзіне жинақпаған. Осымен байланысты Руссо мен Вольтер арасында талас туғаны мәлім. Руссо мәдениет адамды бұзады, адамның жетілуі тек табиғаттан беріледі, ал одан әрі мәдениеттің араласуы жетілуді баяулатады, адамды езеді, бұрмалайды, қатынастарды әлсіретеді, ең бастысы, оларға екіжүзділікті енгізеді дейді. Вольтер, керісінше, адамзат тарихының жабайы күйден басталатынын, адамды адам еткен тек мәдениет екенін дәлелдеп бақты. Мәдениетке деген бұл екі көзқарас қоғамның әлеуметтану нұсқасын жасауда белгілі дәрежеде ықпал етті. Руссоның пайымдауынша, бұл тек адам қоғамы. Оның негізіне қоғам мүшелерінің ең төменгі қажеттіліктері алынған. Вольтердің қоғамында байлықты, материалды және рухани игіліктерді дәріптеу орын алды, ал қоғам мүшелеріне күштеу көрсетілмейді, бірақ олардың жағдайы индивидуалдық қабілеті мен талантына байланысты болады. ХҮІІІ ғасырдың соңына қарай мәдениеттің келеңсіз жақтарына баса көңіл аудару тоқтады, ал мәдениеттің өзі құрал ретінде түсіндірілді, соның көмегімен адам биіктейді, өзінің табиғи шектеулігін жояды.

Германия мен Ресейде ХҮІІІ—ХІХ ғасырлар қарсаңында жоғарыда айтылған пікірлерге қарама-қарсы мәдениет және өркениет идеясы пайда болды. Рухани, моральдық және эстетикалық құндылықтарды шоғырландырушы ретіндегі мәдениетке адам үшін утилитарлық, сыртқы және екіншілік ретіндегі өркениет қарама-қарсы тұрды. Өйткені ол ең алдымен

материалдық-технологиялық прогреспен байланыстырылды, ал мәдениет болса көбіне стихиялы болып келеді. Сондықтан бұған прогресс категориясын қолдануға болмайтын еді, ол өзінің негізінде жоғары азаматтық

құндынылықтары бар рухани процеспен байланысқан-ды.

XX ғасырда мәдениет көркем-шығармашылық процесс ретінде түсінілумен қатар, қоғамда орын алып отырған әдет-ғұрып, құндылықтар, көзқарастар, яғни адамның өзін-өзі әлеуметтік тұрғыда түсінуінің бүкіл саласы ретінде танылады. Осыдан адамзаттың өмір сүруінің сыртқы жағдайын жетілдіруге және адамның өзінің ішкі табиғатына деген қызығушылық артты. Мәдениет ұғымының мазмұнын анықтай келе қазіргі зерттеушілер, әдеттегідей, оны қоғамда әлеуметтік бағдар функциясын атқаратын нормалар, құндылықтар, идеалдар жиынтымен теңестіреді. Бұл материалдық және рухани еңбек нәтижелерінде, әлеуметтік нормалар мен институттардың, рухани құндылықтардың жиынтығында көрінетін адамзат тіршілігін ұйымдастыру мен дамытудың ерекше әдісі. Мәдениет адам мен табиғат, адам мен қоғам, адам мен адам арасындағы қатынастардың жүйесі ретінде қарастырылады.

Сайып келгенде, мәдениет рухани және материалдың құндылықтар жиынтығы іспетті, оларды жасауда, таратуда және сақтаудағы адамның тіршілік еңбегі ретінде түсіндіріледі.

Мәдениет сөзінің аталмыш мәні өзінің шығу тегімен және кең мағынадағы ұғымымен өзара байланысқан. Бұлардың бәрі өте маңызды.

Алайда, мәдениет сөзіне ұнатпай қарау да орын алған. Мұндай көзқарас өнер мен өмірдегі эстетизмге жауап ретінде Англияда XIX ғасырда пайда болды. XX ғасырдың алғашқы он жынында орыс және шетел нигилистері мен авангардистері, кейіннен, 60—70 жылдары Батыс ел жастарының көсемдері және бұқара халық мәдениетті қиратуды қуаттайды, олардың түсінігінде мәдениет ескі дәстүрдің тірегі және адамзат болашағы жолындағы басты кедергі болып табылады.

Әлеуметтік ғылымдар мәдениетті ең алдымен нақты, яғни адам қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде түсінеді, ал ол нәтиже материалдықта, белгілі бір жағдайларға жауап берерін идеялар сипатында да болуы мүмкін. Адам қызметінің барлық нәтижелері мәдениетке жата бермейді. Мысалы, бұған авторлар шығарған, бірақ жазылмаған, материалдық жағынан баянды етілмеген, өздерінің тәжірибесіне қиын соғатын өлеңдер мен музыкалық шығармаларды айтуға болады. Өйткені олар жоғалады. Жазылып немесе ауызша берілген қайсыбір шығармалар қалайда адамдардың санасында сақталғанда, олардың рухани дүниесінің бөлігі болғанда

И. Каган М. С. Философия культуры. СПб, 1996. С. 48.

287

ғана, адамдардың мінез-құлық қалпын анықтайтын, олардың талаптарын айқындайтын, яғни қоғамдық өмірді қалыптастыратын күшке айналғанда ғана мәдениеттің элементі деуге болады.

Мәдениеттің ішкі құрылымы бар. Себебі ол адамзат қауымдастығынан тыс өмір сүрмейді, сондықтан оны индивидтің жеке мәдениеті және қауымдастық мәдениеті деп бөледі.

Индивидтің жеке мәдениеті — бұл оның өзіндік тәртіп үлгілерінің,

қызмет әдістерінің, сол қызмет нәтижелерінің, оның ойлары мен идеяларының жиынтығы. Индивидтің жеке мәдениетінің қауымдастық мәдениеті шеңберінде өзіндік орны болады, бірақ оған біржола сіңіп кетпейді, белгілі бір дербестігін сақтайды, бұл оның жалпы мойындалған үлгілерден ауытқуынан көрінеді. Бірақ мұндай ауытқу жалпы мойындалған үлгілерді қиратуға және айыптаушылыққа жол беруге тиіс емес.

Қауымдастық мәдениеті - шығармашылық туындылардың, қауымдастық мойындап қабылдаған құндылықтар мен тәртіп тәсілдерінің жиынтығы оның мүшелері үшін маңыздылығы артып, олардың тәртібін анықтап, өмір сүрудің ортақ та міндетті ережелерін белгілейді.

Мәдениеттің әлеуметтанулық зерттеу пәні: біріншіден, біртұтастық ретінде мәдениеттің бүкіл жүйесі немесе басқа қоғамдық жүйелермен өзара әрекеттегі оның кез келген түрі болуы мүмкін; екіншіден, мәдениеттің өзге элементтерімен арақатынасына немесе басқа қоғамдық жүйедегі арақатынасына орай алынған мәдениет социодинамикасының, мәдени коммуникацияның әрбір элементтері зерттеу пәні бола алады.

Бірінші жағдайда: 1) сол социум өмірінде мәдениеттің рөлі мен орны зерттеледі. Мұндай зерттеудің мақсаты — қайсыбір әлеуметтік-демографиялық топтардың мәдени деңгейін қарастыру. Бұл аса күрделі және көлемі жағынан өте ауқымды зерттеу. Шындығында, зерттеуші бұл жағдайда материалдық және рухани мәдениеттің барлық түрлеріне талдау жасауы қажет болады, бұл жерде әрбір индивидтегі мәдениеттің әр түрінің дамуының біркелкі болмауы оның мүдделері мен бейімділіктерін, оның кәсіби қызметінің ерекшелігіне байланыстығын ескеруді қажет етеді. Сондықтан батыстық әлеуметтану әдебиеттерінде «саяси адам», «көркем адам», т.б. солар сияқты терминдер кеңінен тараған. Мәдениеттің бүкіл түрін бірдей меңгеру ешқашан да болған емес. Сондықтан адамның (немесе топтың) мәдени дамуының интегративті көрсеткіші шартты және салыстырмалы түрде ғана.

Екінші жағдайда зерттеудің негізгі үш аспектісі туралы айтуға болады: 1) мәдени коммуникация элементтерінің ішкі өзара әрекеттері зерттеледі. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениетті жасау, сақтау, бөлу және тұтыну арасындағы өзара әрекет зерттеудің пәні бола алады, сондай-ақ осы элемент

288

тердің кез келгенінің басқаларымен арақатынасы да зерттеу пәніне жатады. Сонымен қатар, кәсіби немесе мәдениетті өз бетінше жасаушылардың тұтынушылармен (мысалы, жазушы-оқырман, идеолог-саяси әрекетке қатысушылар, артист-көрермен, т.б.), сынау-басқару органдарымен, т.б. өзара қарым-қатынасын зерттеу кең тараған. Осыған сәйкес осындай зерттеу пәні мәдениетті сынаушы немесе тұтынушы, яғни мәдени коммуникацияның кез келген қатысушысы бола алады; 2) мәдени коммуникацияның жоғарыда аталған элементтерінің кез келгенінің өзге де қоғамдық жүйелермен (экономикалық, саяси, отбасы-тұрмыстық, экологиялық, көркемдік және т.б.) арақатынасы зерттелуі мүмкін. Осы қоғамдық жүйелердің «түйісер» жерінде мәдениетті әлеуметтанулық зерттеудің ерекше-

лікті пәні өндіріс, отбасы, тұрмыс, демалыс, тәрбиелік қызмет және т.б. пайда болады; 3) қайсыбір мәдениет түрін тұлғаның, топтың немесе қоғамның меңгеру деңгейін салыстырмалы түрде зерттеуге болады, бұл жағдайда олар зерттеу пәніне айналады (мысалы, адамгершілік, көркем шығарма және мәдениеттің басқа түрлері).

Зерттеудің бағыты мен сипаты, әлеуметтанушы қолданатын құралдар көбіне-көп мәдениет әлеуметтануының пәнін дәл анықтауға байланысты. Қазіргі зерттеушілердің назары, өкінішке орай, мәдениеттің өз ішкі заңдылықтарына емес, оған өзге қоғамдық жүйелер ететін ықпалға аударылып жүр.

Адам қызметінің түрі қанша болса, мәдениеттің де сонша түрі бар. Сондықтан әлеуметтануда мәдениетті зерттеудің пәнін анық табу ерекше маңызды. Жоғарыда аталған мәдениеттің түрлерінде ортақ заңдылықтар болуымен қатар, олардың әрқайсысына тән ерекше заңдылықтар да бар, мәдениеттің нақты бір түрін зерттейтін адам осыларды ескеруі қажет. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтануы өзіне бірнеше салыстырмалы түрдегі дербес ғылыми пәндерді қосқан, олар бір-бірімен байланысқан үш топқа бірігуі мүмкін:

1) негізінен материалдық мәдениетті зерттеуге бағытталған әлеуметтанулық пәннің тобы: а) материалдық өндіріс мәдениетінің әлеуметтануы; б) тұрмыс мәдениеті әлеуметтануы; в) физикалық мәдениет әлеуметтануы; г) сексуалдық мәдениет әлеуметтануы;

2) негізінен рухани мәдениетке жататын әлеуметтанулық пәндер тобы: а) білім беру әлеуметтануы; б) ғылым әлеуметтануы; в) адамгершілік мәдениеті әлеуметтануы; г) діни мәдениет әлеуметтануы; д) көркем мәдениет әлеуметтануы;

3) материалдық және рухани мәдениетке, яғни вертикальды қиылысуға жататын әлеуметтанулық пән топтары: а) саяси мәдениет әлеуметтануы; б) құқық мәдениеті әлеуметтануы; в) экономикалық мәдениет әлеуметтануы; г) эстетикалық мәдениет әлеуметтануы; д) экологиялық мәдениет әлеуметтануы.

Әлбетте, зерттеуші мұның бәрін қамтуы тіптен мүмкін емес, ол үшін мәдениеттің әрбір түрі туралы арнайы танымы болуы керек, ал бұл түсінікті себептерге байланысты мүмкін емес. Сондықтан дүниежүзілік практикада мәдениет әлеуметтануы, әдетте, жоғарыда аталған «буындардың» екіншісімен, яғни рухани мәдениет әлеуметтануымен шектеледі. Соның өзінде де әлеуметтанушы мәдениеттің бір ғана түрін зерттеумен шектеледі, айталық, білім әлеуметтануы, ғылым, мораль, дін, өнер. Қазіргі кезеңде одан да тар мамандандыру байқалады. Айталық, өнер әлеуметтануынан ерекше ғылыми пән ретінде театр әлеуметтануы, кино, концерттік қызмет, бейнелеу өнері әлеуметтануы бөлінді. Білім әлеуметтануынан орта мектеп әлеуметтануы, кәсіптік-техникалық білім, жоғары мектеп әлеуметтануы бөлінді. Әлеуметтану пәні бұдан әрі де жетіле, тереңдей беретін сияқты.

Мәдениет әлеуметтануының өзге әлеуметтану пәндері сияқты өзінің

ұғымдық аппараты бар. Оның ең басты ұғымы - «мәдениет» жоғарыда қарастырылды. Сонымен қатар, белгілі бір жүйені құрайтын оның басқа да негізгі ұғымдары бар. Мәдениет негізгі үш «буынды» құрайды: когнитивтік, жүріс-тұрыс (тәртіп), пракссологиялық. Әлбетте, мұндай бөлу шартты ғана, өйткені бұл «буындардың» бәрі бір-бірімен өзара-тығыз байланысқан, өзара әрекеттес. Бірақ мәдениетке әлеуметтанулық талдау жасау үшін, оның ұғымдар жүйесін терең түсіну үшін мұндай бөлудің белгілі бір мәні бар.

Когнитивтік «буын» мәдениеті адамзат баласының жинақтаған дүние-Танымдық парадигма, білім, дағдылар, іскерліктер - әлеуметтік қызметтің барлық түрлерін әлеуметтік тәжірибенің қозғалысы, даму жиынтығы ретінде сипаттайды. Оның негізгі әлеуметтанулық бірлігі ретінде мәдениет құндылықтары ұғымы алынған. Кейде мәдениет құндылығы деп оның қайсыбір шығармаларын және зат формасындағы: кітап, сурет, мүсін және т.б. есептейді. Алайда, мұндай тұрғыдан қарау өте тар және дәл емес. Мәдениеттің құндылығы қызмет түрінде де өмір сүре алады, оның авторынан ажырамайды. Орындалатын өнердің бүкіл түрлері - би, жеке ән салу, актердің сахнада ойнауы, эстрада өнері және т.б. орындаушының қызметі ретінде өмір сүреді және бұл қызмет белгілі бір уақыт аралығында ғана іске асады. Бұл қызметті таспаға жазып алу, пленкаға түсіру осы қызметті сақтау, қалпына келтіру болады. Мұғалімнің, шешеннің, лектордың, адвокаттың, діндардың қызметі туралы да осыны айтуға болады.

Сонымен, мәдениет құндылығы мәдени қызметтің нәтижесі ретінде немесе қайсыбір адамдардың әлеуметтік қауымдастықтары үшін жалпы маңызды мәдени құндылығы бар осы қызметтің өзі қарастырылады.

290

Мұндай қауымдастық ретінде қайсыбір адам топтары, мамандық (мамандық мәдениеті құндылығы), діни қауымдастық, әлеуметтік-демографиялық топтар (мысалы, жастар мәдениетінің құндылығы), тап, халық, ұлт, бүкіл адамзат қарастырылуы мүмкін.

Адамның қызметі мәдениеттің тәртіп «буыны» арқылы да реттеледі. Мұндай реттеудің мақсаты - қоғамның әлеуметтік күтілісіне, қызметтің сәйкестігіне қол жеткізу. Осы реттеу құралы ретінде мәдениет нормалары алға шығады. Бұл нормалар қызметтің сапасына және осы қауымдастық мүшелерінің тәртібіне қойылатын әлеуметтік қауымдастықтың тұрақты топтары болып табылады.

Ең алдымен нормативтік құқық та адамгершілік мәдениетіне тән, соңғысы адамдардың қоғамдағы күнделікті жеке басының тәртібін өзіне жинақтаған этикет нормаларын да қамтыған. Десек те, нормалар жүйесі ғылымға да, көркем мәдениетке де ортақ. Сонымен қатар, барлық кәсіби мәдениет нормативті, өйткені ол осы мамандыққағы адамдарға ең жоғарғы үлгідегі- «дүниежүзілік стандарт» деп аталатынға сәйкес талаптар қояды. Мәдениет нормаларын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-жоралар, тыйым салу нақтылай түседі. Бұл әлеуметтік институттардың өздері де қайсыбір нақты жағдайда қажетті тәртіп үлгісін орнықтыратын нормалар

болып саналады. Құндылықтар мен мәдениет нормалары тығыз байланысқан, яғни нормалардың өзі мәдени құндылықтар болып табылады. Мәдени құндылықтар мен нормалардың бірлігі мәдениет субстанциясын, оның «денесін» құрайды.

Когнитивтік және тәртіп «буындары» праксеологиялық «буынмен» Синтезделеді. Бұл буын адамдардың мәдени қызметінің өзін реттейді, сондықтан оны «мәдениетті ұйымдастырушы» деп те атауға болды. Мәдениетті мұндай реттеудің құралы, дәлірек айтқанда, оның өзін-өзі ұйымдастыру құралы мәдениеттің әлеуметтік институттары болып табылады.

Мәдениеттің институттендірілуінің бастауы ежелгі заманнан, абыздардың салт-жораларды ұйымдастыруынан басталған. Бұл процесс біртіндеп мәдениеттің барлық түрлері мен салаларын қамтыған. Әлеуметтік институттар ретінде білім, ғылым, құқық, дін, мораль, өнер қалыптасты. Олардың әрқайсысы, өз кезегінде, өз құрылымдарында олардың қызметін ұйымдастыратын көптеген әлеуметтік институттарды қалыптастырды.

Мәдениеттің тұлғалық спектісін зерттеуде ол ұғымдар жүйесіне арқа сүйейді, олардың ең маңыздысы «мәдени қажеттіліктер, мүдделер, ұстанымдар», «мәдени қызмет», «мәдени орта» және т.б. Бұл жағдайда тұлға әлеуметтануының, оның бір қырынан алынған - мәдениетте қолданылатын жалпы ұғымдық аппарат қолданылады. Дегенмен, бұл жерде ең негізгі ұғым «мәдени қызмет» болуы керек. Ол адам қызмегінің материалдық-291

өндірістік, саяси, экономикалық, педагогикалық және т.б. ерекше, жеке түрі ретінде байқалмайды. Бұл кез келген әлеуметтік қызметтің саласы, адам дамуы үшін осы қызметтің маңызының сипаттамасы.

Мәдени қызмет мәдениет құндылықтарын жасауға, таратуға және тұтынуға бағытталған қызмет болғандықтан кез келген әлеуметтік қызметтің: материалдық-өндірістік, экономикалық, тұрмыстық және т.б. құрамдас бөлігі болып табылады. Бірақ, қызметтің осы түрлерімен айналыса отырып, адам өз алдына өзгеше, утилитарлық мәдениеттен тыс міндеттер қояды.

Қызмет, егер де ол тұлғаның дамуына ықпал ететін болса, мәдени деп аталады. Сонымен қатар, тек тұлғаның дамуын арнайы мақсат еткен қызмет те бар. Мұндай қызметті тар және қатаң мағынада «мәдени» (культурный) деп атайды. Тек осындай қызметті ғана әдетте мәдениет әлеуметтануы зерттейді.

Бұл қызметтің қайнар көзі адамның мәдени қажеттіліктері болып табылады. Бұған адамның ең жоғарғы әлеуметтік қажеттіліктері - дамуы, өзін-өзі танытуы мен өзін-өзі баянды етуі, өз өмірінің шығармашылығы, оның мақсаты мен мәнін іздеу жатады. Тек осы қажеттіліктер ғана адамның мәдени, рухани деңгейін сипаттайды. Кең мағынада мәдени деген ұғымға, егер де оның жүзеге асуы тұяғаның дамуымен байланысты болса (культурный), кез келген қажеттілікті жатқызуға болады. Дәл осындай пікірді қажеттіліктерді нақтылайтын мүдделер мен нұсқаулар туралы да айтуға болады. Мәдениеттік байланыс белгілі бір мәдени ортада іске аса-

ды. Мәдени орта деп отырғанымыз әлеуметтік субъектіні қоршаған және оның мәдени дамуына, әрі мәдени қызметіне тікелей ықпал ететін заттық және тұлғалық элементтердің тұрақты жиынтығы. Кеңестік әлеуметтану әдебиеттерінде осы тұрғыдан қала, ауыл, еңбек ұжымы, жатақхана, отбасы, т.б. мәдени орта ретінде зерттелді.

Мәдени ортаның заттық элементтерінің қатарына: а) мәдениет мекемелерінің саны және күйі, олардан материалдық базасы мен кадрлары (он мың адамға шаққандағы), б) әлеуметтік кеңістіктегі аймақ мәдениеті (қала, ауыл, қоғамдық мекеме, баспана, т.б. мәдениеті); в) жұрттың жеке меншігіндегі ұзақ пайдаланылатын мәдени заттар жатады.

Мәдени ортаның тұлғалық элементтері мышалар: а) халықтың білім және мамандық деңгейі; б) мәдениет қызметіне үстем етуші нұсқаулар; в) аймақтағы рухани ахуалдық, тұлғаралық қатынастар мәдениетінің жәй-күйі.

Сонымен, әлеуметтанушының мәдениетті эмпирикалық зерттеуі негізгі элементтердің тізбегін: мәдени қажеттіліктерді - мәдени ортаны - нақты мәдени қызметті қарастыруға саяды.

292

Жоғарыда айтылғандардан келіп мәдениеттің негізгі функциясы айқындалады:

- адам шығармашылығы (ізгіліктік), яғни адамның шығармашылық қуаты оның өмір тіршілігінің барлық формасында дамиды (басты функция):

- мәдениет таным құралы және қоғамның, әлеуметтік топтың, жеке адамның өзін-өзі тануы болғандықтан, гносеологиялық (танымдық) міндеттер атқарады;

— ақпараттық- бұл әлеуметтік тәжірибені хабарлап, басқаларға қарағанда уақыт байланысын- өткенді, бүгінгіні және болашақты қамтамасыз етеді;

- коммуникативтік - бұл өзара түсіністіктің бірдейлігін қамтамасыз ететін әлеуметтік қарым-қатынас (общения) міндеті;

- құндылық-бағдарлық міндеті, яғни мәдениет өзіндік ерекше «өмірлік құндылықтар картасы» іспетті белгілі бір бағыт жүйесін береді, соның негізінде адам өмір сүреді және оған бағыт ұстайды;

- нормативтік-реттеушілік (басқарушылық) міндетінде мәдениет адам мінез -құлқына әлеуметтік бақылау құралы ретінде көрінеді.

Мәдениет ұғымының әр түрлі түсіндірілуі оны әлеуметтану тұрғысынан зерттеуде түрлі-түрлі тұрғыдан қарауға себепші болды. Мәдениет әлеуметтануы мәдениет дамуының әлеуметтік заңдылықтарын және сол заңдылықтардың адам қызметінде көріну формаларын зерттеумен шұғылданады. Өйткені олар қоғамдағы қатынастарды, сонымен қатар қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды реттеп отыратын идеяларды жасаумен, меңгерумен, сақтау және таратумен, түсініктермен, мәдени нормалармен және құндылықтармен, мінез-құлық, тәртіп үлгілерімен байланысқан.

Қазіргі кезеңде отандық және еуропалық әлеуметтану әдебиеттерінде

мәдениет әлеуметтануы жинақпаушы ұғым ретінде қолданылады. Оған кино, театр әлеуметтануы, яғни алуан түрлі өнер әлеуметтануы, мәдениет аралықтарын түсіну проблемалары, әр түрлі мәдениеттің ымыраластығы мен шиеленістері, мәдениеттің әлеуметтік-тарихи процеске, топ құруға, әлеуметтік стратификацияға және әлеуметтік-саяси қозғалыстарға ықпал ету мәселелері жатады.

Кең мағынада айтар болсақ, мәдениет әлеуметтануы әлеуметтанудың жай ғана саласы емес, ол қоғамдық өмірдің бүкіл проблемаларын қамтып, оларды өзіндік ерекше көзқараспен қарастырады. Кез келген мақсатқа бағытталған әлеуметтік қызметтен, айталық, еңбек, тұрмыс саясат, денсаулық сақтау, білім беру, т.с.с. мәдени мазмұнды табуға болады.

1. Витань И. Общество, культура, социология. М., 1984. С. 19.

293

Мәдениет әлеуметтануының тар мағынада қолданылуы рухани салада топталған өзінің жеке пәнінің болуында. Әлеуметтануда мәдениетті зерттеу кезінде оның аксиологиялық мәселесінің құнды компоненттерін бөліп көрсетудің ерекше маңызы бар, бұл әр түрлі деңгейде мәдениет элементтерін, атап айтқанда, жалпы қоғам, әлеуметтік топтар, тұлғалардың өзара байланысын қамтамасыз ететін мәдениет элементтерін бір жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді. Мәдениетті әлеуметтану тұрғысынан зерттеуде мына міндеттерді шешу керек: дұрыс идеяларды анықтау, оны жасаушыларды белгілеу, оларды тарататын әдістер мен құралдарды анықтау, идеялардың әлеуметтік топтардың, институттардың және қозғалыстардың қалыптасуы мен ыдырауына ықпалын бағалау. Нарықтық экономикаға көшумен байланысты іскерлік мәдениетті зерттеудің маңызы артып отыр.

Кәсіпкерлік қызметтен туындаған іскерлік мәдениет ТМД елдерінде енді ғана қалыптасып келеді. Патшалық Ресейде кәсіпкердің іскерлік белсенділігінің басты негізі сыртқы рынокқа шикізат шығару болды. Бұл оның саудаға ептілігін көрсетіп береді. Ал ішкі рынокта белсенділігі кәсіпкерлердің елдің түпкір-түпкіріне жеткізіп, таратқан халық тұтыну заттары төңірегінде жүзеге асты.

Қскер адамның мақсаты жеке басының баюы ғана больш қалмады, ол өзінің еңбегінен қанағат алуды да мұрат етті. Оның қызметінде жетекші рөлді еңбектің нәтижесі емес, керісінше, үрдіспен байланысты ішкі мотивтер атқарды. Онда жыртқыштық, мемлекетін көбірек талан-таражға түсіру орын алғанымен, қайырымдылық тән болды. Қскерлік белсенділік формасы көбінесе өндірістік сипат алды. Өзара әрекеті негізінен ашық, тілектес болды. Алайда, Ресейде кәсіпкердің тұтынушылармен және қызметкерлерімен өзара әрекеті нашар дамыды, бұған басыбайлық құрылыс ықпалы тигізді және қоғамдық санада орын алған оның қалдықтары да әсер етті.

Осылайша қалыптасып келе жатқан кәсіпкерлердің іскерлік мәдениетін 1917 жыл тас-талқан етті. Бұл күйреу бірнеше механизмдердің күшімен

іске асты: 1) мүлікті тәркілеу, бұл помещиктермен, капиталистермен қатар қолөнершілерді, орта шаруаларды да қамтыды, 2) халықтың бұрынғы кәсібилігінен айырылуы, бұл көпшілікті әдеттегі еңбекпен айналысу мүмкіндігінен айырды; 3) қауымдастық өмір формасының енгізілуі, бұл адамдардың индивидуалдық белсенділігін көрсету қажетінен айырды; 4) жеке адам өмірінің қоғамдастырылуы, отбасын қоғамның ұясы деп жариялау, бұл оның экономикалық белсенділігін және өзінің жағдайын жақсарту қамқорлығын айырды; 5) біртұтас қауым - совет халқын құру ұранымен барлық ұлттар мен ұлыстарды араластырып жіберу.

294

Сөйтіп, революцияға дейінгі Ресейде қалыптасқан өмір сүру заттарын жасау дәстүрлі тәсілдері және кәсіпкерлердің іскерлік мәдениеті жойылған болатын. Кеңес өкіметі жылдарында оның орнына іскерлік мәдениетінің басқа бір сипаттағы бағыты дамыды. Ол мемлекетпен, әкімшілік-ұйымдық құрылыммен және қоғамдық меншікпен байланысты болды. Бұл құрылым вертикальды құрылыстан тұрып, биліктің иерархиялық сатысын құруды және жоғарыдан төменге дейінгі бағынушылықты ұйғарды, бұл билік құрылымының инициатива таныту мен өз бетінше-лігін көрсетуді анықтатты, сонымен қатар, бұқара еңбекшілерді өздерінің индивидуалдық белсенділігінен айырып, тек атқарушыға айналдырды.

80-жылдардың соңында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы қайтадан кәсіпкерлік қызметті жандандырды. Қоғам кәсіпкерлік, жеке іс атқаруға рұқсат етілген жаңа экономикалық саясат жылдарын қайтадан бастан кешкендей болды.

Алайда, бұл жылдары адамдардың психологиясы өзгерген еді және ынтасы мен белсенділігін, өз бетінше пайымдау қабілегін, өзінің аман-есендігі туралы қамқорлық жасауын жаңадан дамыту талап етілді.

Горизонтальды қатынастарды дамытуды жорамалдайтын және онымен байланысты құндылықтар мен нормаларды дамытуды ойластыратын жаңа іскерлік мәдениетін қалыптастыру қажет.

Іскерлік мәдениетін кең және тар мағынада қарастыруға болады. Кең мағынада ол - адамның жалпы еңбекке көзқарасы және құндылықтары, ал тар мағынада - бұл қазіргі кәсіпкердің, бизнесменнің, кез келген іскер адамның мәдениеті. Бұл нормалар мен құндылықтардан, іскер қарым-қатынас мәдениетінен, адамдардың қызметін ұйымдастырудан және жалпы билік мәдениетінен тұрады.

Іскерлік мәдениеттен екі жікті ерекшелеуге болады: құндылық жігі және ментальды. Құндылық жігі мәдени құбылыс ретінде алға шығады, ол дәстүр ретінде біреуден екінші біреуге беріле алады және іскерлік қарым-қатынастардың этикалық жағын анықтайды. Ол кәсіби қызметтің негізі болып саналады және білім, ептілік, тәжірибе арқасында автоматты түрде іске қосылады. Бұл жік көбіне-көп стереотип, әдеттегі қызмет, лауазым тәртібі ретінде, нақты, практикалық қызметтің құндылықтары мен нормалары ретінде көрінеді.

Іскерлік мәдениеттің ментальды жігі әдеттегі нормалар мен құнды-

лықтар жұмыс істемеген және ойлауды іске қосу қажеттігі туған жағдаймен байланысты. Нарықтық экономика жағдайында, еркіндік жағдайында әдеттегі іскерлік қатынастар болып саналатын дәстүрлі қатынастар әрекет етуін тоқтатты. Адамдар жаңа құндылықтар мен нормаларды ойлап шығарды, алайда олар іскерлік мәдениет практикасынан алыс тұрғандықтан 295

тек абстрактылық болып қалды. Оларды тек әлі де өзектілікке жетпеген, бірақ ойлау деңгейінде жасалған кәсіпкердің мінез-құлқын анықтайтын идеалды модель ретінде қарастыруға болады.

Іскерлік мәдениетінің құндылықтары мен нормаларын алып жүруші тұлға адамдарды ұғынуы немесе жете түсінбеуі мүмкін. Кәсіпкердің мінез-құлқын басқаратын олардың ең маңыздысын сана деңгейіне дейін жеткізу қажет, соның негізінде ескірген стереотипті қайта құруға, өзгертуге болар еді.

Абстрактілі жорамалданатын идеалды іскерлік мәдениет, оның іскер адамдар санасында теориялық тұрғыдан қарастырылған құндылықтары мен нормалары өркениет әлемінде қабылданған негіздерге сүйенеді. Олар ресми түрде айтылғанымен, іштей әрдайым мақұлданбайды және орындала бермейді, тек сырт көзге қабылданған сияқты болып көрінеді. Бұл өркениет әлеміндегі кәсіпкерлердің құндылықтары мен нормалары қазіргі ТМД елдерінің кәсіпкерлерінің бизнес саласында нақты әрекеттерін сәйкестендіру проблемасын қояды.

Сөйтіп, басты мақсаттың бірі — ТМД елдерінің кәсіпкерлерін «өркениет кәсіпкерлерінің» деңгейіне көтеру. Өркениетті деп басқаларға жұмыс орындарын ашатын, өз қызметкерлерінің әл-ауқатына және тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыруға қамқорлық жасайтын, қызметімен тек өзіне ғана емес, өзге адамдар мен жалпы қоғамға пайда келтіруге тырысатын кәсіпкерді айтады. Бұл адам бір сәттегі пайдадан гөрі дамудың стратегиялық бағыттына бағдар ұстайды. Мұндай кәсіпкерді қалыптастыру өркениетті қызметтің нормативтік базасын, сонымен қатар меценаттықты ынталандыратын салық жүйесін жасауды талап етеді. Кәсіпкерге іскерлік мәдениет және оны құрайтындардың сапасы жөніндегі білімдерді жеткізу маңызды шара болып саналады.

Батыс Еуропа елдерінде іскерлік мәдениеті қалыптасып болған, басшы-менеджерлерді оқыту жүйесі жұмыс істейді, Кәсіпкерлерді мәдениетке тәрбиелеудегі оқу курсы екі бөлімнен құралған, оның біріншісі іскерлік мәдениеттің сыртқы факторларын меңгеруді, яғни басшыға қойылатын сыртқы талаптарды, сөйлеу мәнерін, мимикасын, дене қимылын, әріптестерімен қарым-қатынас ерекшеліктерін игеруді, өз көзқарасын қорғай білу шеберлігін үйретеді. Ал екінші бөлім іскерлік мәдениеттің тереңдегі негіздерін оқытады. Бұл бөлім кәсіпкердің қоғам, әріптестер, тұтынушылар, қызметкерлер алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды қамтыған.

Оқыту бағдарламасы ұйым және ойлау мәдениеттерін меңгеруді де қамтыған. Соның негізінде кәсіпкер қол астындағы қызметкерлердің

пікірін ескеретін болады, адам құндылықтарын түсіну негізінде оларға
296

адамгершілік, ізгілікпен қарайтын болады. Өйткені қызметкерлердің жеке басының мақсаттары мен мүдделері кәсіпорынның жұмыс атқаруы мен дамуының ең басты мәселесі болып табылады. Басшыны ойлау мәдениетіне тәрбиелеу проблеманы кешенді көруге және шешуге үйретеді, себеп-салдарларды сараптауға баулиды, қызметтің әр түрлі жақтарын есепке алуды, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті шындауды үйретеді. Басшылардың кейбіреулері өзінің негізгі бәсекелестерін білмейді, өз саласы жөнінде ақпараты болмайды, рыноктың қажеттіліктері туралы мәліметтерді меңгермейді, өз тауарларының өтімі мүмкіндігі жөнінде мағлұматтары болмайды, ұсыныс пен сұранысты жан-жақты зерттеудің маңыздылығын түсінбейді және оған мән бермейді, кәсіпорынның қалыпты жағдайы мен болашақ дамуын сараптау үшін қажетті ақпаратпен қаруланбайды. Кәсіпкердің көпшілігі іскерлік мәдениеті туралы білімнің не үшін қажет екенін, оның қажетті ұйымдастырудағы және қарым-қатынастағы рөліне түсінбейді, іскерлік мәдениеттің құндылықтарынан, нормаларынан және даму бағыттарынан хабарсыз, бұларды өз кәсіпорындары мен ұйымдарында қалыптастырудың әдістерін білмейді. Кәсіпкерлер халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарынан шыққандықтан өздерінің ұстаған құндылық бағыт-бағдары жағынан да әр түрлі. Бұл өзгешеліктер нақты жағдайдан, стереотипті мінез-құлықтардан, бағалау мен нормалардан, қызметтің негізгі құндылықтарынан, басқа адамдармен қарым-қатынас пен мінез-құлық, жүріс-тұрыс үлгілерінен байқалады.

Батысеуропалық іскерлік мәдениетке құндылықтар қалыптасқан, олар кәсіпкерлердің қызметін анықтаушы болып саналады. Оның қатарына жасампаздық, тәуелсіздік, өзара пайдалылық жатады. Жасампаздық іскерлік мәдениеттің құндылығы ретінде жаңа құндылықтарды жасауға күшжігерді бағыттауды және өндірістік қызметке, оның нәтижелігіне, маңызды деп саналатын практикалық мақсаттарға қол жеткізуге бағдар ұстауды көздейді. Ол жеке адамның, әлеуметтік топтың, институттың және қоғамның мүддесіне бағытталған әлеуметтік ұйымдастырушылық және әлеуметтік-шығармашылық қызметтің пайдалылығы, тиімділігі сияқты негізгі құндылықтармен байланысқан. Тәуелсіздік те іскерлік мәдениеттің құндылығы болып есептелінеді және ол өзбетінше жеке шығармашылықты қамтиды. Қожайынның өз жағдайын сезінуі тәуелсіздіктің негізі және абыройы болып табылады, бұл оның жұмысының табысты болуының арқасында жүзеге асады. Бұл жағдай кәсіпкерге әлеуметтік кеңістікте еркіндікті сезінуге мүмкіндік береді. Алайда, тәуелсіздік кәсіпкерден әлеуметтік-типтік белгілер мен құндылықтардан тұратын белсенділікті, жауапкершілікті, өзбетіншелікті талап етеді. Тұлғалық деңгейде автономия мен егемендік әлеуметтік құндылықтар болып табылады.

297

Өзара пайдалылық- өркениетті елдердегі іскерлік мәдениеттің келесі бір құндылығы. Кәсіпкер алдыша мақсаттар, міндетгер қоюда және оларды

жүзеге асыру құралдарын тандауда ешкімге бағынышты емес, өзі шешеді. Алайда оның осындай тандауы сұраныстан келіп шығады. Ол өндірісті өзінің жеке тұтынуы үшін емес, керісінше, тауар өндіріп, оны сату үшін, адамдардың мүддесі мен сұраныстарын қанағаттандыратын заттар мен қызмет көрсетудің пайдалысын ескеріп ұйымдастырады. Қызметте тұтыну құндылығы бар және ол екі жаққа да пайдалы. Осы және басқа бизнес құндылықтары мен нормалары Еуропада ертеден қалыптасқан, бүгінде кәсіпкерлер оларды келіссөз жүргізгенде, келісім-шарт жасасқанда, келісімдегі міндеттерді орындауда, өзара қарым-қатынаста нақты іске асырып отыр.

Мәдениеттің мазмұнын терең ашуда, оның құрылымын анықтауда мәдениеттің негізгі элементтері ерекше орын алады.

2. Мәдениеттің негізгі элементтері мен формалары

Әрбір мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері, белгілері болады, оларды мәдениеттің элементтері деп атайды. Рухани мәдениеттің базистік элементтеріне әдет-ғұрыптар, адамгершілік, заңдар, құндылықтар жатады. Алғашқы үшеуі мәдени нормалардың түрлері болып саналады, сондықтан да олар мәдениеттің нормативтік жүйесін құрайды. Бұл жүйе қоғам мүшелеріне не істеу керектігін, оны қалай істеу керектігін және қандай жағдайда өзін қалай ұстау керектігін белгілейді зін ұстау мәнерлері, әдеп (этикет) пен кодекс те мәдениеттің нормативтік жүйесінде, бірақ негізгі есебінде емес, керісінше, оның қосымша элементтері ретінде енеді. Кез келген қоғамда, айталық, қарапайымнан бастап бүгінгі астам (супер) қоғамға дейінгі қоғамдардың бәрінде әдет-ғұрыптар мен заңдар болған, бірақ мәнерлер, этикет және кодекс кез келген қоғамда бола бермейді.

Құндылықтар мәдени нормалар түріне жатпайды, бірақ мәдениеттің нормативтік жүйесінің өзге де элементтері сияқты осы жүйеге енеді және онда ерекше функция атқарады. Құндылықтар мәдениетте ненің қастерленетінін және сақталып қалатынын көрсетеді, бірақ оларды ешкімге таңбайды. Қоғамдағы ең негізгі құндылықтар ғана әлеуметтік нормалар тарапынан қорғалады. Сөйтіп, мәдени нормалардың өзі әлеуметтік нормалардың түрі болып табылады. Нормативтік жүйеде әдет-ғұрыптар, адамгершілік, заңдар базистік элементтер ретінде дәл осылайша реттілікпен берілуі керек, өйткені қоғамда тәртіп бұзушыларға қолданатын тыйым салулардың (санкциялардың) алғашқыдан үшіншіге қарай өтуі қатандық деңгейінің артқандығын көрсетеді.

298

Әдет-ғұрыптар - ұжымдық әдеттермен бекітілген дәстүрлі тәртіптер.

Адамгершілік — моральдық маңызға ие болған әдет-ғұрып.

Заң- конституциялық негізде мемлекеттік өкімет билігінің жоғарғы органдарының қабылдаған нормативтік актісі.

Мәдениеттің анықтамасы мен оның құрылымы индивидтер мен қауымдастықтардың, жалпы қоғамның әлеуметтік өміріне ықпалын саралауға мүмкіндік береді. Оның ықпалы мынандай бағыттарда жүзеге асады.

1. Әлеуметтендіру және жеке тұлғаларды қалыптастыру арқылы. Сәби жарық дүниеге қуатты қасиеттері бар тек биологиялық организм ретінде келеді. Ол қасиеттерді тәрбие дамытады, үлгілейді, қалыптастырады, еңбек пен шығармашылыққа қабілетті саналы тіршілік иесі, адамға айналдырады. Тәрбие - тұлғаны қалыптастыратын, оны қоғамдық өмірге бейімдейтін, мәдениетке баулитын мақсатты бағыт. Бұл процесс тұлғаға сол мәдениетті түсінуге және оның шеңберінде саналы әрекет етуге мүмкіндік береді. Дәлірек айтқанда, аталмыш процесс адамды әлеуметтендіреді.

Демек, әлеуметтендіру - бұл индивидтің қоғамдық өмірге қатысуына тартатын, мәдениетті түсінуге және әлеуметтік ортада, ұжымда өзін-өзі ұстау дағдысына үйрететін, өзін баянды ете түсетін және әр түрлі әлеуметтік рөлдерді орындаттыратын жалпы ортаның ықпалы.

2. Қоғамдық өмірге мәдениеттің ықпал жасау тетіктерінің аса маңыздысы мәдениеттің құндылықтар жүйесін және оларды анықтайтын критерийлерді белгілеу болып табылады. Адамның тәртібі оның қажеттіліктерімен анықталады. Туғаннан (биологиялық) және күнделікті өмірден туындайтын қажеттіліктер болады. Бұлардың соңғысы қайсыбір жоқшылық сезімінен туындап, әрекетке итермелейді. Қажеттіліктердің көлемі және оларды қанағаттандыру тәсілдері тарихтың жемісі және мәдениетке тәуелді болып келеді.

Әлеуметтануда мәдени құбылыстарды дәстүрлі бөлулер мен эмпирикалық талдаулар бар.

Мәдениетті өзіне сіңірген субъектілер: қоғам, ұлт, тап, өзге де әлеуметтік топтар (демографиялық, аймақтық, т.б.) немесе жеке тұлға бір-бірінен ерекшеленеді. Мәдениеттің бұл топтарының арасындағы қатынастар әр кезде сайма-сай келе бермейді. Бұған бүгінгі ұлттық мәдениеттер арасындағы шиеленістер, қоғамдық және индивидуалдық мәдениеттер арасындағы қарама-қайшылықтар мысал бола алады.

Функционалдық рөліне қарай мәдениетті қайсыбір қоғамның әрбір мүшесіне қажетті жалпы (өзекті) мәдениет және қайсыбір мамандық адамдарына қажетті арнайы мәдениет деп бөлуге болады.

Жалпы және арнайы мәдениеттер арасында қатаң белгіленген шекара жоқ. Өзекті мәдениет әрдайым вариативті, бірақ оның моделін жалпы

орта білім беру бағдарламасы анықтайды. Мамандар мәдениетін, өз кезегінде, тек кәсіби біліктілік деңгейімен теңгеруге болмайды. Ол өзіне кәсіптік этика мен эстетиканы қосып алғанда, мамандықтың дүниетанымдық негіздерін пайымдауды талап етеді.

Мәдениетті шығу тегі (генезис) бойынша белгілі бір стихиялық жағдайда пайда болған, нақты авторы жоқ халықтық мәдениетке және авторларын нақты анықтауға болатын, кәсіби мамандардың – интеллигенцияның жасаған «білімді» мәдениетіне бөлуге болады.

Мәдениетті түрлеріне қарай материалдық (мысалы, материалдық игіліктерді өндіру мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, т.б.) және рухани (ғылым, өнер саласындағы қол жеткен табыстар, сонымен қатар адамгершілік, көр-

кем, педагогикалық мәдениет, т.б.) мәдениеттер деп бөлу қалыптасқан.

Мәдениетті материалдық және рухани деп бөлу шартты екені даусыз. Өйткені оларға ортақ бірнеше мәдениеттер бар, айталық, экологиялық, физикалық, т.б.

Өзінің сипаты және «мақсатты» міндеті бойышша мәдениет діни және зиялылық болады.

Әлеуметтанушылар мәдениет дамуының бірнеше негізгі заңдылықтарын атап көрсетеді:

- мәдениеттің типі қоғам өмірінің табиғи және қолдан жасалған жағдайына және оның өзгеруіне, олардың кері ықпалына тәуелді;

- мәдениет дамуы уақыт пен кеңістікте, жағымды және жағымсыз жағдайда сабақтастығыш табады;

- мәдениеттің әркелкі дамуы, бұл екі мәселеден көрінеді: а) мәдениеттің гүлденуі мен құлдырауы қоғамдық өмірдің басқа салаларының гүлденуі мен құлдырауының дәуіріне сәйкес келмейді, мысалы, экономикада; б) мәдениеттің өз түрлері де біркелкі дамымайды. Бүгінде көркем мәдениеттің тәп-тәуір даму деңгейінде саяси мәдениеттің жоқшылығы немесе экологиялық күйреу жағдайын әңгіме етеміз;

- мәдени процестегі тұлғаның, адами даралықтың ерекше рөлі.

Мәдениеттің өмір сүруі мен дамуы үшін ғылым мен технологиядағы сапалы өзгерістердің үлкен маңызы бар. Олар мәдени құндылықтарды жасау мен тарату үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды. Үш сапалы кезеңді айрықша айтуға болады:

- көптеген мәдениет туындыларын сақтауға және оларды алмасуға мүмкіндік беретін жазудың шығуы;

- кітап баспа ісінің дамуы, соның нәтижесінде мәдениет туындыларын тез арада тарату көлемі артты;

- қазіргі ғылым мен техниканың: теледидар, география, т.б. жетістіктері

300

Техникамен қарулану алғашқыда ең қуанышты үміт отып тұтандырды. Қуатты техникалық құралдар арқасында мәдениет адамды әлдеқайда ертерек тиімді әлеуметтендіруі керек еді. Алайда, мәдениеттің шарықтауынан негізгі күткеніміз іске аспады. Сонымен бірге, әлеуметтанушылардың анықтағанындай, адамның мәдениеті өзінің тұтастығын жоғалта бастаған және әсіре қызылалалыққа айналған. Қатардағы адамның әлем бейнесін түсінуінде бүгінде оның жарнамадан оқығаны, кинодан немесе теледидардан көргені, газеттен оқығаны немесе қызметтес әріптестерімен, көршілерімен әңгімесі бәрінен де үлкен рөл атқарады.

Ғылыми-техникалық төңкеріс бұқара мәдениетін кеңінен таратуды ынталандырды. Бұқаралық мәдениет идеясы бұқаралық қоғам ілімінің шеңберінде ХХ ғасырдың 20-жылдарында пайда болды. Бұқаралық қоғам теориясы бойынша ХХ ғасырда таптарға бөліну жойылады және тарихи процесте басты рөлді «бұқара» атқаратын болады. «Бұқара» ұғымы сандық (қоғамдағы көпшілік) ғана емес, сапалық та сипатқа ие болады, яғни

ол адамды ерекше қасиеттерден айырады, сезіміне басымдық береді және оның өз шешімі мен ісіне жеке жауапкершілігін жояды. Тард пен Лебонның пікіріне қарағанда, қоғамда болып жатқанның мәнін түсінбейтін бұқарадан (немесе тобырдан) азды-көпті түсінігі бар жұртшылыққа және жоғары мәдени құндылықтарға қолы жететін элитаға бөлінеді. Осыдан келіп «бұқаралық» қоғам қалыптасады, оның адамы әлеуметтік машинаның сұрықсыз элементіне, «винтикке» айналған, қоғам қажетіне ыңғайластырылған болады. Ал бұқаралық мәдениет деп шынайы мәдениетке қарама-қарсы тұрған мәдениетті айтады.

Бұқаралық мәдениеттің мәні сол мәдениетті тұтыну мақсатында жасаумен айқындалады. Оның басты атқаратын екі міндеті: көңіл көтерушілік-компенсаторлық (орын толтырушылық). Бұл мәдениет тапсырыс негізінде өмір сүру мен дамудың ішкі қайнар көздерінен айырылған. Оның бұлай аталуы өзінің көлеміне, яғни адамдарды қамтуы мен уақыт мөлшеріне қарай пайда болған, яғни бұл мәдениет тұрақты, күнбе-күн жасалуына қарай бұқаралық болып саналады. Бұқаралық мәдениетте мәдениеттің жеңілдетілген, ат үсті варианты -бейімделушілік орын алады. Нәтижесінде бұқаралық мәдениет бизнестің ерекше түріне айналады, оны адамның тұтынуынан гөрі, адамның есін шығатын етіп және оған өзге мәдениет қабаттарын ауыстырып, адамның өзін тұтынатын етті. Теледидарда бас-аяғы бітпейтін көбік сериалдар деп аталатындардың үздіксіз берілуі осыған мысал.

Бұқаралық мәдениеттің ең шектен тыс жүзеге асуы- китч. Бұл немістің «kitsch» деген сөзінен шыққан, ол «шалағай, дөрекілік, еліктеушілік» деген мағында қолданылады. Китч өзінің әдеттегі өмір сүру ортасынан 301

кетіп, қалаға келген ауыл тұртынышың сұранысына жауап ретінде бұқаралық урбанизация кезінде пайда болды. Китчтың міндеті — бақыт туралы иллюзия қалыптастыру. Китчтың кеңінен тарауы Батыс әлеуметтанушыларын халықтың материалдық және мәдени деңгейінде кері тәуелділік байқалуы мүмкін, яғни әл-ауқат деңгейінің ете жедел жаппай артуы рухани сұраныстардың төмендеуімен қатар жүруі мүмкін деген қорыпандыға әкелді.

Батыстың бұқаралық мәдениеті мазмұны жағынан 60-жылдарда түбегейлі орнықты десек болады. Батыс Еуропа елдеріндегі жастар бүлігі бұқаралық мәдениеттің адамға аса тиімді әсер етпейтінін көрсетті, өйткені ол бірден барлық адамдарға есептелген болатын. Бұдан шыққан қорығанды: қандай да болсын қоғамдық мұраттарды әр түрлі әлеуметтік топтарға (жастарға, кәсіби, аймақтық топтарға және т.с.с.) әр түрлі тәсілдермен жеткізу қажет.

Әлеуметтанушылардың алдында мынандай келесі міндеттер тұрады: мәдени белгілеріне қарай топтарды жіктерге бөлу; олардың мүдде-қызығушылықтарының ерекше шеңберін анықтап және бір-бірімен жанасу мүмкіндігі нүктелерін табу; қайсыбір топқа әсер етудің жолдарын, тәсілдерін және құралдарын анықтау.

Бұқаралық мәдениет әр түрлі әлеуметтік топтардың ерекшелікті си-

паттарын есепке ала отырын модификацияланады. Оның ықпал ету тәсілдері де біршама өзгереді: оның тандап алуы, техникалық жетілдірілуі, ойлап тапқыштығы бұрышғыдан да артқанмен, өзінің негізгі құралы ретінде статустық тұтыну механизмін қолданады. Мысалы, қайсыбір заттарды сатып алу олардың техникалық сипаттамасына және атқаратын қызметіне қатысты емес, керісінше, мәртебе көруден туындайды.

Егерде шынайы және бұқаралық мәдениет өздерінің мақсаттары мен құндылықтары жағынан айырмашылықтары болса, үстемдік етуші мәдениетке орай суб- және контрмәдениеттер, яғни әр түрлі әлеуметтік топтардың: жастардың, кәсіби, аймақтық топтардың, т.с.с. мәдениеті айырықшаланады. Бұларды, басқаша сөзбен айтқанда, жарым-жарты мәдениеттер деп атайды. Кез келген субмәдениеттің өзіндік құндылықтары бар, олар: жалпы қабылданған біршама ерекшелікті, мінез-құлықтың ерекше ережесі мен үлгілері, киім-кешек стилі, қарым-қатынас мәнері. Сонымен бірге, субмәдениет ресми түрдегі құндылықтар мен өмір салтының сипатына байланысты, осы құндылықтарды бөлісетін топтардың көлеміне, топ мүшелерінің ерекшеліктеріне, сонымен қатар олардың өз мүдде-қызығушылығын және өмір салтыш қорғау үшін белсенді әрекеттерге дайын болуына қарай өзгеріп отырады.

Әлеуметтанушылар кейінгі жылдары жастар субмәдениетіне көп көңіл аударып жүр. Ол түсінікті де. Өйткені ұзақ жылдар бойы әлеуметтік бір

302
келкілікке жетекші болған социалистік қоғамда жастарда ерекшелікті құндылықтар болған емес және болмайды да деп есептелді. Ешкімге ұқсамайтын өзіндік, әдеттенбеген мінез-құлық формаларының көрінуі аномалия, әлеуметтік ауытқушылық, Батыс-қа еліктеушілік деп бағаланды. Келесі бір ұстанымда бұл ауытқушылықтар адамның өзін-өзі көрсетуі тәсілі ретінде, қоғамға өзі туралы білдіру, өзіне көңіл аударту мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Осымен байланысты «формальды емес жастар бірлестіктері» деген ұғым қалыптасып, ол ғылыми және көпшілікке арналған әдебиеттерде, сонымен қатар күнделікті қолдану аясында орын тепті. Батыс әлеуметтануын осы құбылысты белгілеу үшін «пеер групп» деген ұғымды қолданады. Бұл ұғым жас мөлшерімен қатар әлеуметтік статустағы, көзқарастағы құндылықтарға, мінез-құлық нормаларына тендікті айқындайды.

Жастардың субмәдени белсендігі бірқатар алғышарттарта байланысты болады: 1) білім деңгейіне байланысты. Білім деңгейі төмен адамда бұл белсенділік білім деңгейі жоғарылардан әлдеқанда жоғары; 2) жас мөлшеріне байланысты. Мұндай белсенділіктің шарыққау биігі 16-7 жас-та болады, ал 21-22 жаста ол әлдеқанда төмендейді; 3) мекен-жайына байланысты. Формальды еместердің қозғалысы ауылға қарағанда қалада басым орын алып отыр, өйткені қалада әлеуметтік байланыстардың өте көп болуы құндылықтарды және мінез-құлық формаларын тандауға нақты мүмкіндік береді.

Формальды емес жастар бірлестіктері әлеуметтік бағыт-бағдарының сипатына орай, топтық құндылықтар типі бойынша, демалыс уақыпта-

рын өткізу ерекшеліктеріне қарай бөлінеді. Бұлардың арасында кеңінен танымал болғаны қазіргі музыка, би, әр түрлі спорт түрлерінің әуесқой топтары. Қоғамдық пайдалы қызметпен, яғни мәдениет ерекшеліктерін қорғау, қоршаған ортаны қорғау, т.б. айналысатын топтар да бар, бірақ олардың саны онша көп емес. Мінез-құлқы әлеуметтік патогендік немесе қылмыстық сипаттағы топтар бар: нашақорлар, токсикомандар, т.б. Әлбетте, әр түрлі субмәдениет топтарын бөліп көрсету шартты ғана, өйткені олар бір-біріне өте алмайтындай қоршаумен қоршалмаған. Металлистердің арасында, айталық, токсикомандар, нашақорлардың арасында жезөкшелер кездеседі, өйткені олар денесін сатып, анашаға, т.б. ақша табады. Бұл жерде әңгіме мұндай топтардың әр түрлі типтері туралы болып отыр. Рокерлер, металлистер, футбол фэндері ортақ қызығушылыққа біріккен және онысын сыртқы символдармен көрсететін топтар. Ал әлеуметтік кереғар мінез-құлық үлгілері, айталық, нашақорлық немесе жезөкшелік топтасудан гөрі жекелік деңгейде жүзеге асады. Әрекеттің мұндай сипаты оларды біріктіріп, топтастырудан гөрі оқшаулап, жеке әрекет еткізеді.

303

Субмәдениет үстемдік етуші мәдениетке ашықтан-ашық шиеленістік жағдайда, қарама-қарсылықта тұрғандықтан оны контрмәдениет деп те атайды. Бұл ұғым 60-жылдардағы Батыс жастарының қозғалысын сипаттау үшін ғылыми айналымға ендірілді. Оның авторы американдық әлеуметтанушысы Т. Роззак. Басқаша сөзбен айтқанда, контрмәдениет - қоғамда үстем етіп отырған нормалар мен құндылықтарға теріс көзқарастағы қайсыбір әлеуметтік топтың нормалары мен құндылықтарының жиынтығы, кешені.

Қазіргі кезде контрмәдениет - бұл дүниетану жөніндегі түсінікке қарсылық көрсету үрдісі, үстем мәдениетке оппозициядағы өмірдің балама стилі: дәстүрлікке қарсы көркем шығармалардың формалары.

Мәдениетте ішкі біркелкіліктің болмайтындығын ескере келіп, әлеуметтанушылар көп деңгейлі нұсқа жасауға тырысты, ол бойынша мәдениеттегі көп түрлі мәнді өзгерістердің болуы өзгеріске түскен қоғам тарапынан мәдениетке «шақырудың» көп түрлі болуына байланысты. Бұл жерде мәдениет жүйешелері бір-біріне бағыну, субординация принципі бойынша арақатынаста болмайды, керісінше, толықтыру принципін басшылыққа алады. Бұл нұсқада әлеуметтік құрылым, әлеуметтік тапсырыстағы белгілі бір мінез-құлық және мәдениет жүйешелерінің өмір сүруі арасындағы өзара байланыс анық, сезіледі. Біртұтас адамзаттың мәдениет сан түрлі мәдениеттен тұрады, олардың әрқайсысы ортақ мәдениетке өз үлесін қосады және олардың әрқайсысысыз мәдениет толық болмаған болар еді. Барлық мәдениет қажет: құнды және бірін-бірі алмастыра алмайды.

Бірде-бір мәдени процесті «жақсы» немесе «жаман» деген тұжырыммен бір жақты және қатаң бағалауға болмайды, әсіресе біздің еліміздегі қазіргі мәдениет жағдайы туралы айтқанда, мұны ерекше ескеру керек,

өйткені ол аса күрделі және қарама-қайшылықты, әлі де болса жүріп жатқан өзгерістердің тереңдігі және ауқымы айқын емес. Бірақта қазірдің өзінде бірнеше тенденция анық байқалады. Атап айтар болсақ, мәдениеттің идеологиялануынан бас тарту және мәдениеттегі мемлекеттік монополияның жойылуы орын алып отыр. Мазмұны жағынан алғанда, бұл, біріншіден, үлкен шығармашылық еркіндігі мен мәдениет саласын таңдау еркіндігіне қол жеткізсе, екіншіден, тұтынушыға ұсынатын мәдениет туындыларының, ол қарапайым әдебиет немесе көптеген оқу орындары болсып, сапасы мен деңгейіне бақылау жойылды. Мәдениет ғимараттары жекешелендіру және коммерцияландыру бағыты байқалады. Қазіргі кезде бұл процесс бір жақты бағыт алып отыр эротикалық, т.б. мол табыс көзіне айналған. Революцияға дейінгі мұраларға, соның ішінде дін мен шіркеуге (мешітке) қызығушылы қартты. Ұлттық мәдениеттің жекеленуі

304

және оларды саясаттың, сайлаушылардың сеніміне кіру құралы ретінде қолдану тенденциясы бар. Мәдени-коммуникативтік енжарлықтың күшеюі, кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеп, керісінше, теледидар т.б. көрудің етек алуы, театр, мұражай, кітапханаларға барудың кемуі байқалады.

Адамның ұлттың мәдениетті білу деңгейі бірнеше компоненттерден:

- өткен мәдениетті, оның дәстүрін білуден құралады. Әлеуметтік жағы болмайынша ұлттық мәдениеттің болуы да мүмкін емес. Тоталитарлық тәртіп ұзақ жылдар бойы ұлттық дәстүрлерге ашықтан-ашық нигилистік көзқарасты орнатты. Қазіргі жастар өзінің азаматтық, отандық тарихын, соның ішінде мәдениет тарихын өте нашар біледі, әсіресе өз халқының көрнекті мәдени қайраткерлерін жақсы біле бермейді, көбінесе дін, мешіт жөнінде олардың қарапайым мағлұматтары да жоқ;

- ұлттың мәдениетті білу – халықтың салт-дәстүрін, ұлттық ойындар мен мейрамдарын, ұлттық ән-билері мен күйлерін, мақал-мәтелдерін, ертегілерін, эпостарын білуден құралады. Бұл жерде халықтық педагогиканың, халықтық медицинаның, этиканың, халықтық спорттың дәстүрлері туралы әңгіме етіп отырғанымыз жоқ. Бұларды білу нұр үстіне нұр. Жастардың аздаған бөлігі ғана ұлттық музыкалық аспаптарда ойнай алады, ұлттық киімдерді, т.б. біледі;

- ұлттық мәдениеттің дүниежүзілік мәдениеттегі рөлін, осы ұлттың, оның ұлы адамдарының бүкіл адамзаттың рухани өміріне қосқан үлесін білуден құралады;

- ұлттық психологияның көрінісі ретінде ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін білуден құралады.

Шығарма мазмұнының ұлттық сипаты мына негізгі факторларға:

- мәдени құндылықты жасаушының өз шығармаларында осы халық үшін, сол ұлт үшін аса маңызды көкейтесті мәселелерді көтере білу қабілетіне байланысты;

- ұлттық мәдениет дәстүрін, соның ішінде халықтық (фольклорлық) мәдениет дәстүрлерін - халық дүниетанымын, халықтық этиканы, педа-

гогиканы, медицинаны, дінді, өнерді шебер қолдана білуіне байланысты;
- қоғамдық ғылымдар, философия, мораль, теология жөнінде жазылған еңбектерде, көркем шығармаларда ұлттық психологияның ерекшеліктері, яғни ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезім, ұлттық қарым-қатынас және т.с.с. терең ашылуымен байланысты;

- өмірде бар ұлттық мектептер мен мәдениеттегі бағыттарға арқа сүйеуге байланысты. Бұл әсіресе ғылым үшін аса маңызды. Бұл мазмұнның ұлттық көріністері рухани мәдениет шығармаларының формаларына да бойлай енеді.

305

Мәдениеттің қоғамдық өмірдегі орны мен рөлін, оның даму заңдылықтарын зерттеудің үлкен практикалық маңызы бар. Қазіргі кезде анық көрініп отырған бір нәрсе бар, ол экономикалық және саяси бағдарламаларды халықтың мәдени деңгейін ескермей өмірге енгізуге болмайтындығы. Сондықтан Қазақстан Республикасы 2000 жылды мәдениет жылы деп жариялауы заңды. Басқаша айтқанда, мәдени деңгейді арттыру әлеуметтік-экономикалық өркендеудің қажетті алғышарты болып саналады.

Екінші жағынан, тұлға бұрыннан жиналған мәдени құндылықтарды игеріп, оларды өзінің рухани байлығына айналдырғанда ғана шығармашылық болады.

Мұндай адамның кез-келген қызметіне нормативтік талаптар қойылуға тиіс, ол, Гегельдің дәл тауып айтуындай, адамды әлемде жалпы қабылданған стандарттарға дейін көтереді. Сонымен бірге мәдениет адамзат қызметі плюрализмінің, оның еркіндігінің, шексіз индивидуалдығының көп түрлілігінің қажетті шарты болып табылады. Мәдениет адам миы мен қолының жасампаз туындысы ретінде табиғатқа қарама-қарсы тұр. Бірақ мәдениет табиғаттың өзін де жетілдіреді, оның сақталуын және ұтымды пайдалануын қамтамасыз етеді.

Мәдениет - бүкіл адамзаттың игілігі. Ол өзіне әрбір дәуірде барлық ұлттар мәдениеті, барлық халықтың жіктері жасаған барлық жақсы атаулыны, аса құндыларды біріктірген. Бұл тұрғыдан алғанда мәдениет мәңгілік, жалпыадамзаттық құндылықтар болып қалады. Бірақ кез келген жалпыадамзаттық мәдениет құндылықтары өзін жасаған дәуірдің ізін және бір мезгілде ұлттықты сақтайды. Сол ұлттың ішіндегі қайсыбір жіктің мәдениет игілігі болады. Сондықтан мәдениет әрдайым жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениеттің диалектикалық бірлігін талап етеді.

Мәдениетті тоқтаусыз процесс ретінде де қарастыруға болады: мәдениетте әрдайым жаңа шығармалармен қатар жаңа мектептер мен бағыттар да пайда болады. Бір мезгілде ескірген, «уақыт сынынан» өте алмағандар қайтып оралмасқа кетеді, жоғалады. Бұл мәдениетті статикалық, қозғалыссыз күйде қарастыруға болмайтындығын көрсетеді.

Сөйтіп, мәдениет - аса күрделі және іштей қайшылықты жүйе. Бұл қарама-қайшылықтар мәдениеттің салыстырмалы түрдегі дербестігіне себепші болады. Мәдениетті зерттеу - әрдайым қоғамдық қатынастар жүйесіндегі адам қызметіне, оған ықпал еткен қисындар мен оны жүзеге

асыру жағдайына талдау жасау деген сөз. Осыған орай мәдениет әлеуметтануының адам қызметін зерттеуде өзіндік ерекше қырлары бар. Ол әлеуметтанушыны тұлға дамуына ықпал етуші тұрғысында қызықтырады, ал ол ықпал жағымды және адамды тоздыратын жағымсыз да болады. Осы ықпал қызметтің мазмұнына тікелей тәуелді болып келеді.

306

Кез келген қызмет тұлғаның рухани дүниесін байытуы да, тоздыруы да мүмкін. Бірақ әлеуметтану зерттеулерінде еңбек саяси және рухани қызметтер мазмұнына қарамастан адамды байытушы ретінде жиі қарастырылады. Дене еңбегі, ауыр еңбек, консервативтік, ұлтшыл ұйымдардағы белсенді қызмет, анайы әдебиеттер оқу немесе зорлық-зомбылықты, әдепсіздікті дәріптейтін фильмдерді көру тұлғаны тоздырып, күйретеді.

Сондықтан зерттеуші үшін адамның қайсыбір қызметке қатысу фактісінен гөрі сол қызметтің реалдық мазмұны, оның адам дамуына нақты ықпалы аса маңызды. Осы қызметпен айналысу қисындары да маңызды. Адам тіптен жағымды әлеуметтік-саяси қызметпен айналысқанның өзінде де сыртқы оңтайлы себептердің негізінде жеңілдіктер алуға, мансапқорлыққа ұмтылады. Мұндай жағдайда тіптен жағымды, сәтті қызметтің өзі адам үшін сыртқы, парықсыз болады, өмірлік мақсат бола алмайды, тек ол мақсатқа жетудің құралына айналады.

Сөйтіп, мәдениетті әлеуметтану тұрғысынан зерттеу адамның ішкі дүниесін, оның тұлғалық «өзегін» зерттеуге сезсіз итермелейді. Түптеп келгенде, олардың бастау керіністері қажеттіліктер мен мүдделерді қарастыру болып табылады. Бұдан тыс мәдениет әлеуметтануы өмір сүре алмайды.

Мәдениет әлеуметтануы - бұл бір аспектіде қарастырылған тұлға әлеуметтануы, кеп түрлі әлеуметтік қызмет процесінде оны даму тұрғысынан қарау.

Айтылғандардан мынандай қорытынды жасауға болады. Әдебиеттерде, күнделікті санада мәдениет тек қана жағымды құбылыс ретінде қарастырылады. Ал өмірде прогрессивтік мәдениетпен қатар кертартпа мәдениет орын алған. Оны кейде «антимәдениет», яғни професке қарсы тұрған мәдениет деп те атайды. Қызмет мазмұны сол қызмет барысында затқа айналған мәдениет мазмұнын да анықтайды. Прогресс пен регресс бір-біріне қарама-қарсы екі даму бағыты бар, соның ішінде бұл тұлға дамуына да қатысты. Тұлға қазіргі жағдайда қарама-қарсы тұрған сан қырлы мәдениеттің күрес арнасына айналған, тұлғаның рухани дүниесі және әлеуметтік ұстанымы оның мәдениетті тандауына кеп байланысты. Мәдениет проблемасы, сайыш келгенде, тұлғаның даму бағытын анықтайтын қайсыбір құндылықтарды тандау проблемасы. Басқаша айтқанда, тұлғаның бағыт-бағдары — оның мәдени қызметінің мазмұны.

Жоғарыда мәдениеттің көп түрлілігі жөнінде айтылды. Оның бір түрі басқару мәдениеті еді. Келесі тақырыпта жалпы басқарудың мазмұны, т.б. мәселелері қарастырылады.

307

ОН ҮШІНШІ ТАҚЫРЫП

ҰЙЫМ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Қоғам банктерді, кәсіпорындарды, университеттерді, дүкендерді, көлік жүйесін ұйымдастырмай өмір сүре алмайды. Олардың бәрі ұйымдастырудың алуан түрлері. Ұйымның өз аты, жарғысы, мақсаттары, қызмет саласы, жұмыс реті, қызметкерлердің штаты бар. Әлеуметтанулық тұрғыдан алғанда ең бастысы оларда әлеуметтік иерархияның, мәртебелердің, рөлдерді бөлудің, әлеуметтік қатынастар жүйесінің болуы. Ұйым шағын қоғамды еске түсіреді. Оған адамдардың ранг бойыша тіп тік орналасуы - иерархия және жоғары мәртебе және күн астынан жақсы орын алуға тырысатын адамдардың өзара әрекетін реттейтін механизм - басқару тән. Сонымен иерархия статиканы бейнелесе, басқару ұйымның динамикасы бейнелейді. Қоғамның әлеуметтік құрылымында стратификация адамдарды сословиелерге, касталарға, топтарға бөледі, ал әлеуметтік ұйымда иерархия оларды қызметі бойынша бөледі.

Осы ұйым мен бюрократия құбылысы тығыз байланысты. Чиновник — бұл реми шендегі немесе лауазымдағы адам — бюрократияның негізгі алып жүрушісі және сақтаушысы.

Басқару — басқа ғылымның пәні, дәлірек айтсақ, менеджмент әлеуметшілуының пәні. «Менеджмент» және «басқару» ұғымдары бір-біріне өте жақын. Кейде оларды бір мағынада қолданады. Техникалық мағынада ол солай болуы керек, өйткені менеджмент сөзбе-сөз айтқанда басқаруды білдіреді.

1. Ұйымның пайда болуы және оның құрылымы

Адамзат қоғамының әрбір адамы өзінің бүкіл өмірін ұйымдарда өткізеді, ұйымдармен ұшырасады, ұйымдарға тәуелді болады. Адам ұйымда дүниеге келеді, тәрбиеленеді, өзінің мұқтажын қанағаттандырады, оны соңғы сапарға ұйым шығарып салады деген пікірлерде әділдік бар сияқты.

Ұйымдар өте күрделі және сарқылмайтын таным объектісі. Олардың мұндай алуан түрлілігі ұйымдар үшін адамзат қоғамының барлық негізгі белгілері тәндігімен түсіндіріледі. Мысалы, ұйымның да нақты шекарасы, әлеуметтік жіктелісі мен статустар иерархиясы, орталық билігі, мақсатқа бағытталған қызметі, ұйым мүшелері арасында бүкіл қарым-қатынастар жиынтығы бар. Демек, ұйым күрделі әлеуметтік организм іспетті. Сондықтан да ұйымның көпжақғылығы оларды зерттеуге көптеген ғылымдар өкілдерінің - психологтардың, экономистердің, әлеуметтанушылардың, басқару саласы мамандарының, инженерлердің көңілін аударып

308 келеді. Белгілі ғалымдар М. Вебер, Т. Парсонс, Р. Мергон, П. Блау, Д. Скотт, М. Крозье, Р. Лайкерт, Г. В. Осипов, А. И. Пригожин және т.б. бұл мәселеге назар аударды. Ұйымның мәні, олардың пікірінше, әлеуметтік топ-

тың мүшелері арасындағы бүкіл әлеуметтік қатынастар.

Адамдардың ұйымдасқан қызметі - олардың өмір сүруінің маңызды алғышарты. Бастапқыда адамдар өз өмірін ұтымды, яғни алға қойған мақсатына сәйкес ұйымдастырады. Көптеген жағдайда мақсатқа жетудің тәсілдері бірнеше немесе көптеген адамдардың күштерін біріктіріп қолдануға негізделген, өйткені көптеген қажеттіліктерді бір адамның өзі әрекет етуші өзге де индивидтердің қатысуынсыз жүзеге асыра алмайтын еді. Тіптен алғашқы қауымдық қоғамда адамдардың қызметі әр түрлілігімен ерекшеленгеннің өзінде де күнделікті өмір барысында тайпаны аман сақтап қалу үшін күштерді біріктіру қажеттілігі анық сезілді. Бұл процесс қоғамның басқа түрлерінде одан әрі ұлғая берді.

Әлеуметтік қауымдастықтың формасы ретінде құрылған ұйым барлық жерде де бар. Адамдар әр қилы типтегі ұйымдардың құрамында жұмыс істейді, ұйымдастырылған қоныстарды мекендейді, сауда ұйымдарынан өмірге қажетті дүниенің бәрін сатып алады, оқиды, дем алады және басқа да қажеттіліктерін ұйымдар арқылы жүзеге асырады. Сондықтан қоғамның пайда болуын және өмір сүруі мен дамуын оның ұйымдық формалары зерттемейінше түсіну өте қиын.

Ұйым ұғымы әлеуметтік объектілерде үш мағынада қолданылады:

1. Қоғамда белгілі бір орны бар және шектелген қызмет түрлерін атқаруға арналған институттық сипатта қолдан жасалған ұйымдар. Бұл тұрғыдан алғанда «ұйым» белгілі статусы бар әлеуметтік институт ретінде көрінеді және автономды объект ретінде қарастырылады, яғни кәсіпорындар, өкімет билігіне ие болған органдар, ерікті одақтар және т.б. ұйым мағынасында жеке атауларға ие болады.

2. «Ұйым» ұғымы белгілі бір ұйымдастыру қызметін білдіруі де мүмкін, мұндайда қызмет түрлерін бөлу, тұрақты байланыстар орнату, үйлестіру және т.б. жұмыстар ұйымдастырылып, қолға алынады. Мұндай ұйым белгілі бір объектіге мақсатты түрде ықпал етеді. Демек, ұйымдастырушы адам мен ұйымдастырылатын контингент бола алатынар процесс ретінде байқалады. Осыған орай «ұйым» термині «басқару» ұғымына сәйкес келеді.

3. «Ұйым» ұғымы сонымен бірге қайсыбір объектінің реттелу деңгейін сипаттайды. Осы ұғым арқылы әр объектіге қажетті ерекшелік болып саналатын бөлімдерді бір тұтас орталыққа шоғырландыратын тәсіл ретіндегі белгілі бір құрылым, құрылыс және байланыс типі белгіленеді.

Удальцева М. В. Социология управления. Новосибирск, 1998. С. 7-8.

309

Бұл тұрғыдан алғанда объектіні ұйымдастыру — сол объектінің қасиеті, атрибуты. Мәселен, ұйымдасқан және ұйымдаспаған жүйелер, қоғамның саяси ұйымдары, тиімді және тиімсіз ұйымдар және т.с.с. жөнінде әңгіме қозғалғанда осы мазмұндағы терминдер қолданылады. «Формальды» және «формальды емес» ұйымдар ұғымдары тек осы мағынада ғана айтылады.

Әлеуметтік объект ретінде ұйым қандай жағдайда пайда болады?

Әлеуметтік қауымдастықтың формасы ретіндегі ұйымдардың құрылуы-

ның екі механизмі бар: олар қайсыбір ортақ мақсаттарға көп жағдайда тек индивидуалдық мүдделер арқылы жетудің мүмкін екендігін мойындағанда немесе индивидуалдық мақсаттарға тек ортақ мақсаттарды алға тартып, ұсыну мен соған жетудің мүмкіндігі анықталғанда ғана нақты белгілі болады, қалыптасады. Бірінші жағдайда еңбек ұйымдары (кәсіпорындар, мекемелер), екінші жағдайда акционерлік қоғам және бұқаралық одақтық ұйымдар деп аталатындар құрылады. Сөйтіп, мақсаттың ортақтығы әлеуметтік ұйымдардың анықтаушы белгісі ретінде қалыптасып, пайда болады.

Иерархия мен басқару қажеттігін ұжымдық мақсатқа жетушілік қана тудыра алады.

Ұйымдардың әлеуметтік қасиеттері мыналар;

- ұйымдар қоғамдық міндеттерді шешу, мақсатқа жету құралы ретінде құрылады, сондықтан оларды зерттегенде мынандай проблемалар бірінші қатарға қойылып, баса назар аударылуы тиіс. Атап айтқанда, олардың мақсаттары мен қызмет түрлері, жұмыс нәтижелерінің тиімділікке жеткізуі, қызмет көрсетушілердің дәлелді себептері мен ынталандырылуы анықталуы керек;

- ұйымдар адамдар қауымдастығы, ерекше әлеуметгілік құрылым ретінде, яғни әлеуметтік топтардың, статустардың, нормалардың, лидерлік қатынастардың, топтасу мен шиеленістердің жиынтығы ретінде қалыптасады;

- әкімшілік және мәдени факторлармен детерминдендірілген ерекшелігі болмайтын байланыстар мен нормалардың құрылымы ретінде объектіленеді. Бұл тұрғыдан алғанда иерархиялық жолмен құрылған және сыртқы ортамен өзара әрекеттегі агрегирленген тұтастық ұйымдардың талдау тақырыбына айналады. Ал мұндағы негізгі мәселелер- тепе-теңдік, өзін-өзі басқару, еңбек бөлінісі, ұйымның басқарылуы.

Бүкіл осы сапалардың салыстырмалы түрдегі өз бетінше дара көрінісі болады. Олардың арасына қатаң шек қойылмаған, олар бірінен екіншісіне жиі ауысып өтіп отырады. Сонымен бірге ұйымның кез келген элементтері, процестері және проблемалары осы үш өлшемнің әрқайсысында болуы тиіс, өйткені олар әр түрлі сипаттар арқылы көрінеді. Мысалы, индивид ұйымда бір мезгілде қызметкер, тұлға және элемент жүйесі бола

алады. Ұйымның бөлімдері функционалдық бірлік, шағын топ және жүйеше болып бір-бірінен ажыратылады.

Ұйымдық формалардың тиімділігі синергия (гректің *συνεργία* - ынтымақтастық) тиімділігінің пайда болуы арқылы түсіндіріледі. Әлеуметтік ұйымдарда оған қатысушы индивидуалдық күштерінің жиынтығынан артық энергия байқалса, онда бұл қосымша энергияның артық жұмсалғанын білдіреді. Және де бұл құбылыс ұйымдардың өзінде басқарылады және оны күшейтуге, түрін өзгертуге де болады.

Әлеуметтік ұйымдар энергиясының арту процесі бірнеше сатыдан тұрады. Қалың бұқараның, яғни аса көп күштің бір мезгілде, бір бағытта жұмыс істеуі елеулі тиімділікке жеткізеді. Бұл дегеніміз - адамдардың

жұмыста бірлесіп күш жұмсауының тиімді екендігінің айғағы. Осы жерде адамдар бірлесуінің екінші тиімдісі деп аталатын - қатысушылардың психологиялық өзара әрекеті, «бізді» сезінуі, өзара салыстыру, жарысу, топтық бақылау пайда болады.

Ортақ жұмысты қарапайым түрде бөлшектеу формасының өзі тиімділікті арттырады, мысалы, қарбызды жағадан баржыға тиеу жұмысын сол затты қолдан қолға беру арқылы жүргізу әркімнің жағадан баржыға дейін өзі тасығанынан әлдеқидатиімді. Ынтымақтастықтың мұндай түрін К. Маркс аралас еңбек деп атаған. Алайда, бұл жерде де алдыңғы жағдайдағы секілді бүкіл қызметкерлер бір ғана операцияны жүзеге асырады.

Тиімділіктің жаңа, биік деңгейін мамандық бойынша ұйымдастырылатын еңбек бөлінісі арттырады. Қызметкер мамандану арқылы өзінің дағдыларын жетілдіріп, қайсыбір өндірістік операцияны орынауда аса зор нәтижелерге қол жеткізеді. Еңбек бөлінісі еңбектің бөлшектенуіне жол ашады, мәселен, ине жасауға арналған сым өндірісте бірнеше жұмысшылардың қолынан өтеді. Техниканың дамуына байланысты мамандану одан әрі тереңдеп, операцияларды орындау қысқарады, яғни бір операция үшін бір ғана қозғалыс жасалынады, мысалы, басқару пультіңде оператор тек кнопканы ғана басумен айналысады. Сөйтіп, барлық жұмыспен машинаның айналысуы арқылы процесс те, жұмыс та аяқалады. Бұл, түптеп келгенде, техникалық және технологиялық бірліктің сенімділігі мен өзіндік құнының төмендеуін және дайын тауардың арзандығын қамтамасыз етеді. Алайда, осы тораптағы жұмыс аяқталып, тиімділікке қол жеткенімен, енді жаңа торап құрылыш, өмірге жолдама алады (тейлоризм, мейоизм және т.б.). Сонымен, ұйымдық тиімділік құпиясының түп-төркіні индивидуалдық және топтық күшті біріктіру принципіне жатыр: мақсаттың ортақтығы, еңбек бөлінісі және т.б.

Ұымдар сонымен бірге көп өлшемдегі жоғары дәрежелі жұмыс деңгейі және құрылысының әлі де жеке-дара анықталмауы және қаншалықғы
311

өміршенді екендігі арқылы ерекшеленеді. Бұлар өте күрделі жүйелер қатарына жатады. Олардың күрделілігі соншалық, тіпті ол ұйымдық процестерге бақылауды басқару мүмкіндігінен де асып түсуі ықтимал. Мәселені оңтайлы шешу жөніндегі ұсыныстар басқару көлемін қысқартуға, ұйымның құрылысын оңайлатуға немесе басқару жүйесінің шешім қабылдау қабілеттерін арттыруға бағыпталуы мүмкін.

Жүйенің күрделілігі абсолютті (объективтік, объектіге салынған) және салыстырмалы (субъективтік, басқару қабілетін сипаттайтын) болып екіге бөлінеді. Күрделіліктің бұл түрлері әр кезде бір-біріне сәйкес келе бермейді.

Ұйымдық күрделілік көптеген элементгердің артуы арқылы басталады. Мұндай жағдайда салыстырмалы күрделіліктің күшеюі абсолютті күрделіліктің өзгеруінсіз-ақ іске асады. Алайда, абсолюттік күрделіліктің әрбір артуы салыстырмалы күрделіліктің өсуін тудырады, соңғысы біріншісінің ықпалынсыз-ақ, мысалы, жүйе туралы білімнің дамуы арқылы өзгере алады.

Күрделіліктің келесі деңгейі алуан түрлі элементтер пайда болған сатыда, әсіресе алуан түрлілік тек функцияларға ғана (техникалық, биологиялық жүйелерге) қатысты болмай, элементтердің (элеуметтік-техникалық жүйе) табиғи сапасына қатысты сатыда басталады. Бұдан әрі егер жүйеде бөлімдер мен деңгейлер анықталып табылатын болса, онда элементтер арасындағы көп түрлі байланыстар жүзеге асады. Бұл сатыда күрделіліктің көрінісі жүйенің элементтері, бөлімдері мен деңгейлері арасындағы қарама-қайшылықтардан (функциялардың қарама-қарсылығы, сәйкессіздігі) көрінеді. Жүйе күрделілігінің ең жоғарғы дәрежесі оны құрайтын деңгейлердің, бөлімдердің, элементтердің автономдығын, жекедара екендігін білдіреді. Элеуметтік ұйымдарда бұл - олардың негізгі «материалдарының» субъективтілігі, яғни адамдарда жеке мақсаттардың, жүріс-тұрыс бостандығының болуы.

Ұйымдарда күрделіліктің бүкіл дәрежелері -көптүрлілігі мен анық еместігі қамтылған. Абсолюттік күрделіліктің жоғарғы сатысында салыстырмалы, субъективтік күрделілік аса үлкен болмайды. Басқару ұйымындағы күрделіліктен әр түрлі тәсілдер арқылы шығып кетеді, мысалы, ынталандыру әдісінде: орталық буын өз бетіншелікті бөлімнің, филиалдың өмір сүрулерінің немесе қызметкердің дәлелдемелерінің ерекшеліктеріне көңіл аудармайды, ынталандыру арқылы ықпал жасайды.

Күрделіліктен аластау мақсатында басқа да әдістер қолданылады: жүйелендіру, декомпозиция, т.б. Элеуметтік ұйымдарда күрделілікті жоюда, жеңілдетуде көбінесе элеуметтік формалдандыру, яғни ұйымдық байланыстар мен нормаларды стандарттау әдісі жиі қолданылады. Ұйымдастыру тәсілі ретіндегі элеуметтік формалдандыру - стандартты, құқықтық, ұйымдық және социомәдени формада бір-бірінен ерекшелігі жоқ

жүріс-тұрыс үлгілерін қалыптастыру. Элеуметтік ұйымдарда формалдандыру бақылауға алынған байланыстарды, статустарды және нормаларды қамтиды. Ұйымдарды формалдандырудың арқасында абсолюттік және салыстырмалы күрделіліктің деңгейі төмендейді.

Ұйымдықтың осы тәсілінің маңызды белгісі - элементтерінің әр түрлі жағдайларда, яғни келісім, шарттарды, олардың құқықтық, технологиялық, экономикалық; құжаттары және басқа да нормалары бекітулері барысында қызмет атқару арқылы көрінеді.

Формалдандырудың тиімді нәтижесі – ұйымдық қызметті дұрыс құрып, ұтымдылыққа жеткізетін бағыпта шоғырландырудан және оны каналдандырудан, ұйымның тұрақты өмір сүруінен, функционалдық процестерге өміршең болжамдар жасау мүмкіндігінен, әрбір нақты жағдайдан шығудың жолдарын таба білу арқылы ұйымдастыру күшін үнемдеуден көрінеді. Осы негізде формальды ұйымдар - кәсіпорындар, мекемелер құрылады.

Элеуметтік жүйені формалдаудың екі жолы бар. Біріншісі - өткендегі тәжірибелерді пайымдап, табиғи түрде қалыптасқан жай-күйін тұжырымдап, бекіту арқасы жүзеге асады. Формальды ұйымдар бұл жерде жинақталған тәжірибеден туынайды. Формалдаудың бұл түрін «рефлексивті»

деп те атауға болады. Мәселен, кәсіпорынның бір бөлімінде қызмет түрлерін ұзақ уақыт бойы бір-бірінен стихиялы жағдайда ажырату ережесі қалыптасса, қайсыбір бөлімдерін сол функцияларды әкімшіліктің қалыптасқан арнайы тәртібі ретінде белгілейді және бекітеді. Осы бөлімнің тышыс-тіршілігі ұйымның негізгі және жаңа бөлімдер құруға қажетті эталон қызметін атқарады. Формалдаудың екінші жолы - әлеуметтік ұйымды «конструкциялау». Бұл жағдайда ұйымның бүкіл тыныс-тіршілігінің түп-төркіні бағдарлама жасаудан басталады. Мысалы, жаңа кәсіпорынды құру алдын ала арнайы дайындалған жобаны, жұмыс жоспарып және т.б. қажет етеді, осыларға сәйкес кәсіпорынның техникалық және әлеуметтік құрылымдары ұйымдастырылады. Мұнда бұдан бұрын жинақталған тәжірибелер де ескеріледі, бірақ ол тек тағылым, сабақ ретінде ғана қолданылады.

Формалдау бүкіл ұйымдық қатынастарды қамти алмайды. Сондықтан формальдымен қатар формальды емес ұйымдар да тіршілік етеді, дәлірек айтқанда, ұйымшылдықтың басқа типі әрекетке қосылады, ол қызметкерлердің тұлғалар ретіндегі өзара әрекетіне негізделген ұзақ мерзімді қарым-қатынас барысында сөзсіз пайда болатын тұлғааралық қатынастардың спонтанды жүйесі ретіндегі әлеуметтік-психологиялық ұйым болып табылады. Мұндай ұйым индивидтердің әлеуметтік қажеттіліктерін (қарым-қатынастағы, т.б.) қанағаттандыру мақсатына жетуге бағытталған ұжымдағы тандау қатынастарының гикелей нәтижесі болып саналады. Әлеуметтік-психологиялық ұйым негізінен алғанда топтар құру арқылы

313

сипатталады. Әлеуметтік-психологиялық топтар өз құрамына адамдардың көптеген контингентін енгізеді және сол адамдардың арасындағы байланыстар стихиялы түрде орнығады, бірақ ол байланыстар өз арасында ұзақ сақталады. Мұндай топтардағы адамдар ортақ мүдде арқылы бір орталыққа бірігеді. Топтағы адамдардың ең жоғарғы саны жеке үйлесімділік, ұштаса қызмет атқару көріністерін орнату мүмкіндігі арқылы анықталады, көптеген зерттеушілердің пайымдауларына қарағанда ондай топ, әдетте, 3-10 адамнан тұрады. Мұндай топтың бітім-болмысын белгілі бір әлеуметтік-психологиялық қауымдастық, ынтымақтастық сезімі, өзара сенім, ортақ тағдыр сипаттайды.

Жеке адам топ шеңберінде өзінің әлеуметтік қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында топтың тәуелділігіне ұшырайды; топ болса оның жүріс-тұрысын бақылауға алуға құқылы, өйткені топтың қолында бірнеше ықпал жасау құралдары бар: айыптау, моральдың тұрғыда тұлғаны дара қалдыру және т.б. Топ өзінің мүшелері орындауға тиісті жүріс-тұрыс нормаларын стихиялы түрде қалыптастырады. Осылайша топ ішіндегі бақылаудың әлеуметтік-психологиялық механизмі жасалады. Топ ішінде әркімнің мәртебесін белгілейтін шкала бойынша оның мүшелері жік-жікке бөлінеді. Мұндай бөліну көбінесе дәрежелік, рангтік құрылымға сәйкес келе бермейді. Топта лидерлік қатынастар пайда болады. Басқаша сөзбен айтқанда, ұжым құрылымы формальды және әлеуметтік психологиялық (бөлім-топ, басшы-лидер, қызмет-мәртебе) болып қосарланады. Осылай-

ша қосарлану дезұйымдық құбылысқа әкеліп соқтырады. Ұйымның қосарлануы осымен ғана біте қоймайды. Формальды ұйымдастыру құрылымына әлеуметтік-психологиялық әсер етумен қатар қызмет істеушілердің формальдықтан тыс тұрған ұйымдастырушылықтары да бұған қарсы бой көтереді. Сонда бұл не болғаны?

Қызметтік қатынастардың таза формальды байланыстар мен нормаларға сыймайтын түрлері мен сипаттары да жиі кездеседі. Кейбір мәселелерді шешу үшін кейде қызметшілер алдын ала жазылған құжаттарда, ережелер мен нұсқаларда көрсетілмеген жағдайларға кезігіп, өзара қарым-қатынасқа түсуге мәжбүр болады, бұл табиғи нәрсе, өйткені формальды құрылымның бәрін қамту мүмкін емес және бұлай жасауға тырысудың да қажеті жоқ. Мысалы, кәсіпорын директоры объективті себептерге байланысты бір бөлімді, оның бастығының қызметін өз бақылауына алады. Немесе екі бөлімнің бастықтары бүкіл мәселелерді «жоғарыдағы басшылар» арқылы шеше бермейді, мұндайда ол екеуінің арасында бұрыннан қалыптасып, орнықпаған қарым-қатынас орнайды. Сөйтіп, қайсыбір кәсіпорының, мекеменің әлеуметтік-психологиялық ұйымы тұлға ретінде қарастырылатын қызметкерлердің қарым-қатынасқа түсуін реттеу және

314 қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында байланыстар мен нормалар жасаса, ал формальдылықтан тыс ұйым болса, бұл қатынастарды қызметкерлер ретіндегі адамдардың өзі атқаратын қызметін жақсы шешуге, бұл ретте өз тәсілдерін қолдану арқылы шешуге тырысуының арқасында қалыптастырады. Бұл - қызмет бабындағы істі, жұмысты ұйымдастырудағы, бірақ нұсқамалар мен ережелерде көрсетілмеген, ресми түрде бекітілмеген іскер қатынастар. Сондықтан ұйымда әдетте байланыстар мен нормалардың параллельді (қос қабат) жүйесі қалыптасады. Ол жүйе ұйым үшін өте пайдалы немесе зиянды болуы да мүмкін. Алайда, бұл жүйе бүкіл қатынастарды ресми қалыпқа салуға жағдайлар жасау мен тұлғалық ерекшеліктер арқылы қамтудың мүмкіндігі табыллмаған кезде пайда болады.

Қалай дегенмен де, ұйымның ең басты элементі- мақсат. Сол үшін ғана адамдар ұйымға кіреді, дәл сол үшін қол жеткен табыстар төменгі буынның жоғарыдағыларға бағынуы арқылы бағаланады және басқару жүйесі де соған орай енгізіледі.

Ұйымның мақсаттары үш түрлі болады:

1) жоғары тұрған ұйымдық жүйеге төменгі буынның толық бағындырылуы бойынша ұйымға жүктелетін және әлеуметтік құрал ретіндегі ұйымның сыртқы міндетін көрсететін мақсаттар-тапсырмалар түрі. Бұған жоспарларды, тапсырмаларды жатқызуға болады;

2) алға қойылған мақсаттар бағыт-бағдарлар түрінде ұйым арқылы жүзеге асады. Адамзат қауымдастығы ретіндегі ұйымның құрылымы мен қасиеттеріне сәйкес келетін оның мүшелерінің алдарындағы ортақ мүдделері осыған жатады; бұлардан ұйымдағы адам факторының мақсатқа жетушілік қасиеттері көрінеді;

3) жүйенің мақсаттарына басқару жүйесі орнықтырып, орнатқан және

құрылымға қажетті тепе-тендік, тұрақтылық, біртұтастық секілді көріністер жатады. Жалпы бұл мақсаттарды орындауда ұйым бір тұлғаны басқарлардан жоғары қоюды көздемейді өрі ол алғышарт емес, мұнда жүйелілік тек генетикалық сипат та болады; ұйым өзінің құрылымы мен мақсаттар тапсырмалар қоя білу негізінде құрылады, ал қызметкерлердің мүдделері содан кейін барып оны толықтыра түседі.

Ұйымның алдында тұрған мақсаттарды орындаудың белгілі бір тұтастығын сақтау барысында олардың арасында кейбір сәйкессіздіктің, қарама-қайшылықтың болуы да мүмкін. Айталық, егер құбыр өндіретін зауыттың мақсат-жоспары бір кезде тоннамен өлшеніп, белгіленетін болса, онда ұжымның ақсат-бағыт-бағдары қалың қабатты құбырлар шығаруға, өнімнің салмағын арттыруға қарай икемделіп, сол ғана өлшемге алынады, бұл тұтынушының көзқарасы тұрғысынан қарағанда ұтымсыз өлшем. Өндіріске жаңалық енгізу ұйымдардың ішкі байланыстарының тепе-тендігін

315
бұзуға итермелеп, соның негізінде жүйенің өз мақсатын орындау жөніндегі проблемасын шешілетін және енгізілетін жаңалықтарға ұйымдар тарапынан қарсылықтың туындап, оны арттыруы мүмкін. Сондықтан ұйымдардың мақсатты құрылымдарының бүкіл компоненттерін сәйкестендіру басқарудың маңызды міндеті болып саналады, ал оларды сәйкестендірмеу ұйымдық қатынастардағы дисфункция мен патологияның қайнар көзі. Жоғарыда аталған мақсаттар базалық болып табылады, оларға жету екінші сатыдағы міндеттер қатарына жатады, мәселен, ол өнімнің сапасын арттыруға, еңбек жағдайын жақсартуға, тәртіпті нығайтуға және т.б. мақсаттарға байланысты болуы ықтимал.

Ортақ мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырылған адамдар иерархиялық сатыдан аттап кете алмайды. Біріншіден, бұл әлеуметтік иерархиялық-бағындыру негізінде құрылған әлеуметтік жүйелердің (мемлекет, ұйымдар, қоныстар, отбасы) әмбебап формасы, «төменгі» деңгейлерді «жоғарғы» деңгейлер бақылайды. Мұндайда «жоғарғы» деңгей неғұрлым биіктеген сайын оның әлеуметтік құрамы да соғұрлым тарылады, содан барып иерархиялық құрылым пирамида түріне ұқсас болып қалыптасады. Екіншіден, иерархияда басқарудың орталықтануы, жеке басшылық, лидерлік көріністер де байқалады. Иерархияның бұл қызметі адамдардың белгілі бір бөлігінің тікелей өзара әрекет етуіне мүмкіндік туғыза алмайды және ол делдалдық қызмет көрсету, оны орындау, органдарды белгілеу секілді табиғи қажеттіліктердің салдарынан пайда болады.

Иерархияға келсек, ол біріншіден, үйлестіру, ортақ процестің бастамасы, индивидуалдық әрекеттердің тұтастыққа интеграциялануы түрінде біріне-бірі біріккен қызметтің қорытындылаушы функциясы ретінде байқалады. Бұл тұрғыдан алғанда иерархия горизонтальды еңбек бөлінісі болумен қатар, жалпы және жеке функциялары, шешім қабылдауы мен оны орындауға мүмкіндігі бар вертикальды еңбек бөлінісі де бола алады. Кез келген еңбек бөлінісі секілді иерархия да тиімділікті арттыру мақсатында енгізіледі, орталықтанудың пайдасын көру үшін қолданылады.

Екіншіден, иерархия бір индивидтің екінші индивидке, біржақты болғанымен, жеке тұрғыдан алғанда тәуелділігі ретінде де байқалады. Бұл, сайын келгенде, қызметкерлердің бірінің екіншісінің жағдайына және жүріс-тұрысына ықпал жасауы. Иерархиялық қатынастардағы мұндай тәуелділік статустар арқылы бекітіледі және әлеуметтік теңсіздіктің бір жағын тұтастай құрайды. Әлеуметтік теңсіздіктің осы жағының мәні мынаған саяды: субординациялық байланыс толық мәнді реттілікке түспейді, жоғарғы деңгейдегі қызметкерге іс-қимыл сол мақсатта әсер ету әрекеті барысында өзінен төмен деңгейдегі қызметкерлерге тапсырылған жұмысты атқаруына ықпал етудің сипаты мен тәсілін тандау арқылы жүктеледі.

316

әсіресе бұл басқарма қызметкерлеріне, басшыға «өзінің қалауы бойынша» бірнеше мәселені шешу тапсырылған кезде пайда болады. Осыдан келіп ұйымда жеке тәртіп (режим) деп аталатын ұғым пайда болады, яғни бір қызметкердің екінші бір қызметкерге қатысты субординация кезінде әрқайсысының субъективтік сапаларының заңды түрде көрінуі қалыптасады.

Үшіншіден, иерархия билік жүргізудің құралы ретінде де өмір сүреді, яғни бұл кез келген ұйымдық жүйе мүшелерінің ережелер мен нұсқауларға бағындырылуы. Иерархиялық қатынастардың осы жағының ерекшелігі сонда, бұл кезде қызметкердің еркіне өзіндік талаптар қойып, бақылау жасау, оның индивидуалдығын қажет кезінде ұйымдық функцияларға бейімдеу жүзеге асырылады. Билік индивидтің жүріс-тұрыс еркіндігін шектеу арқылы іске асады, яғни индивидке жүріс-тұрысының пайда болуы жөнінде және қызметтік сипатта бұйрықтар беріледі. Сондықтан билік басқаны өзіне еріксіз бағындырады, өйткені осындай талаптар қою қызметкердің кейбір жеке мүдделеріне, ойына қарама-қайшы келуі мүмкін. Осыдан барып биліктің міндетті атрибуты белгіленген тәртіптен ауытқығаны үшін бағыныштыларға қойылатын санкция пайда болады. Иерархияның бұлардан басқа да формалары бар. Жалпы алғанда ұйымның құрылымы сол ұжымның тыныс-тіршілігінің бірден-бір негізі бола отырып, ұйымның типтерін де анықтайды.

2. Ұйымның тыныс-тіршілігі мен типтері

Еңбек ұйымдарының тыныс-тіршілігінің ең басты, әрі өзекті мәселелерінің бірі басқару. Басқаруға әлеуметтану тұрғысынан қарасақ, онда мән-мағынасы жөнінен оның үш компоненттерін бір-бірінен ажырата бөліп көрсетуге болады. Олардың біріншісі мақсатқа бағытталған басқару ықпалы, бұл басқарудың негізін, яғни өзегін құрайды. Мұндай ықпал жасау сырттан (басқару органдарының объектілерден тыс жерде болуы) әсер ету, сондай-ақ өзін-өзі басқару (объектінің құрамына енген бөлімнің немесе субъектінің ықпалымен іске асады) арқылы жүзеге асырылады. Басқарудың екінші компоненті әлеуметтік өзін-өзі ұйымдастыру, яғни ұжым ішіндегі реттеудің спонтанды процестері (лидерлік, «мәртебе шкаласы», әлеуметтік нормалар, формальды емес топтар құру). Аталған екі компонент

үшінші компонентті ұйымдық тәртіпті құрайды. Бұл «өткен» басқару еңбегінің жемісін (шешім, әкімшілік тәртіп) және ұжымда стихиялы қалыптасқан жүйені өз құзырына алады. Индивид, топ, ұйым, басқа да әлеуметтік түзілімдер мен процестер басқарудың объектісі болып табылады.

Басқарудың өзіндік әдістері бар. Басқару әдістері бұл қызметкерлерге, топтарға және ұжымдарға мақсатты ықпал жасаудың әлеуметтік кешені.

317

Көрсетілген деңгейдің әрқайсысында басқару бір-біріне ұқсамайтын, өзіндік ерекшеліктері бар проблемаларға кезігеді, демек, соған сәйкес әдістер жасалады; олардың кейбіреулері аталған үш жағдайдың әрқайсысында да қолданылады, басқаларының қолданылуы бір ғана оқиға барысымен шектеледі. Жеке қызметкерге қатысты сөз етер болсақ, сол адамның жүріс-тұрысына ықпал етудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданады:

а) тікелей (бұйрық, тапсырма);

б) мотивтер мен қажеттіліктер арқылы (ынталандыру);

в) құндылықтар жүйесі арқылы (тәрбие, білім, т.б.);

г) қоршаған әлеуметтік орта арқылы (еңбек жағдайының өзгеруі, әкімшілік және формальды емес ұйымдар статустарының өзгеруі, т.б.).

Кәсіпорынның өндірістік ұжымына кіретін топқа қолданатын әлеуметтік басқарудың әдістері төмендегідей болып бөлінеді:

а) алдағы мақсатқа қарай бағыттап отырып, топтың құрамын қалыптастыру (біліктілігі, демографиялық, психологиялық белгілері, жұмыс орындарының саны, орналасуы және т.б. бойынша);

б) топтарды ұйымдастыру (жарыс ұйымдастыру, басшылық стилін жетілдіру, әлеуметтік-психологиялық факторларды қолдану арқылы және т.б. тәсілдермен ұйымдастыру).

Әлеуметтік ұйым деңгейінде кәсіпорын мынандай әдістерді қолданады:

а) формальды және формальды емес құрылымдардың ұйғарымы (жоспарланған және нақты айқын байланыстар мен нормалар арасындағы карама-қайшылықтарды жою);

б) басқаруды демократияландыру (қоғамдық ұйымдардың рөлін арттыру, қызметкерлерді ортақ шешімдер дайындауға кеңінен қатыстыру, өндірісте кейбір басшыларды сайлау, еңбек белсенділігін дамыту арқылы жәнет.с.с);

в) әлеуметтік жоспарлау (қызметкерлердің біліктіліктерін көтеру, ұжымның әлеуметтік құрылымын жетілдіру, хал-ахуалын жақсарту және басқа да шаралар).

«Басшылық» ұғымы «басқару» ұғымына жақын болғандықтан, ол ұйымдық қатынастардың ерекше типінің ара-жігін бөліп көрсету үшін қолданылады, атап айтқанда, басшылық дегеніміз өзінің қол астындағылармен қызмет міндеттерін шешу барысында атқаратын тікелей жұмыстарын білдіреді.

Осылай жүйелейтін болсақ, онда әлеуметтану ұйымдағы адамдардың арасындағы бір-бірімен біте қайнасқан үш қатынасты ерекше басшылық ретінде талдауды көздейді. Біріншіден, басшылық - бұл құқықтық негізі бар

және бір қызметкердің екіншісіне бір жақты болса да тәуелділігі түрінде көрінетін, әр түрлі статустардағы адамдардың, әкімшілік құрылымының 318

деңгейлері арасындағы қатынастар. Екіншіден, басшылық бұл ортақ еңбек процесінде жекелеген жұмысшы атқаратын қызмет түрлерінің арасындағы қатынастар: бірінде «ортақтық», екіншісінде «жекелік» басым болады. Еңбек процесінде бір жағынан ұйымдастыру функциясы, екінші жағынан атқару функциясы өзара байланысады. Үшіншіден, басшылық - бұл тұлғалар арасындағы қарым-қатынас, оның ерекше түрі, яғни типі. Соңғы жағдайда оның әлеуметтік-психологиялық мазмұны бірін-бірі мойындау, ықпал, стиль, мүдделер қарастырылып, байытыла түсті.

Аталмыш «басшылық-бағыну» қатынастарының осы аталған қатынастары бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайды, олардың салыстырмалы түрдегі өз ерекшеліктері, даралығы болғанымен, олар тор секілді бір-бірімен айқын-ұйқыш айқасып жатыр. Әлеуметтану «басшылық-бағыну» қатынасын тұлға аралық деңгейде басқарудағы жалпы қатынастардың көрінісі ретінде зерттейді. Ұйымның талаптарына сәйкес және өзінің түсінігіне орай басшының қол астындағылардың бойына белгілі бір еңбек тәртібін сіңіріп, қалыптастыруды мақсат етеді.

Ықпал етудің мүмкін болатын екі тәсілі бар: олар тікелей (бұйрық, тапсырма) және жанама (ынталандыру арқылы) деп бөлінеді. Бірінші жағдайда басшылық қол астындағылардың қызметтеріне тікелей ықпал етеді және тәртіптен ауытқыған көріністер байқалса, онда тиісті тәртіп санкциясын қолданады. Қойылған жалпы талапты орындамағаны үшін қызметкерлерге қолданылуы мүмкін санкциядан қызметкердің «жоғалтатыны» талапты орындауға кетуге жұмсалатын оның «шығынынан» асып түседі. Мұндай формадағы «басшылық-бағыну» қатынасы күш қолдану ретінде жүзеге асады, яғни басшылықтың мақсаты қызмет атқарушының, орындаушының мүддесімен байланыспайды, оған қарама-қарсы әрекет түрінде қолданылады. Екінші тәсіл қызметкердің дәлелді сылтаулары мен қажеттіліктеріне ықпал етуді көздейді. Еңбекке деген көзқарас тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыру арқылы қалыптасын, жүзеге асады, ол сіңірген еңбегіне өтем ақы төлеу ретінде байқалады. Басшылық процесінде басшының жеке тұлғасы, ерекшеліктері мен іскерлік қасиеті көрінеді, сондықтан басшылық етудің әр түрлі стильдері қалыптасады, басшылықтың тиімділігі соларға байланысты. Басшылық стилін басшының қол астындағыларға жайлы немесе жайсыз болуына, жұмыс проблемаларын шешу тәсілдеріне қатысты қайсыбір жеке сапаларының жүйелі көрінуі ретінде белгілеуге, бағалауға болады. Формальды ұйым шеңбері қол астындағы

1. Русолинова А. А. Некоторые характеристики руководителя как субъекта управления трудовым коллективом // Трудовой коллектив как объект и субъект управления. Л., 1980. С. 101.

319

қызметкерлерге және қызмет міндеттеріне қатысты қызмет тәртібін бас-

шының өзі тандап алу үшін оған бірқатар басшылық ауқымын береді. Бұл шеңберде саналы таңдау немесе одан спонтанды түрде ауытқу көріністері сөзсіз орын алады және ол басшының жеке басына да — оның мәдениетіне, ұстанымы мен ұстамдылығына, мінез-құлқына, тәжірибесіне, біліміне байланысты болады, яғни басшыға да, ұжымға да, мамандыққа да, аймаққа да, әлеуметтік категорияға да тән психологиялық және социомәдени факторлар арқылы детерминдендіріледі. Басшылық стилінің негізгі түрлері мыналар:

— авторитарлық, мұндай стильде басшы қол астындағылардың пікірімен санаспайды, оларға өз еркін таңып үстемдік етеді;

— демократиялық, мұндайда басшы қол астындағыларды ортақ шешімдер дайындауға тартады;

— әлсіз, мұнда басшы басшылықтан өзінен-өзі аластайды, оның ұжымға әсері онша болмайды.

Басшылық стилі басқару мәдениетімен тығыз байланыста қалыптасып, жүзеге асады. Басшылық стилі еңбекті ынталандырудан да көрінеді. Ынталандыру дегеніміз қызметкердің еңбек тәртібіне жанама түрде ықпал ету әдісі, адамның дәлелді, дәлелсіз сылтауы тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыру арқылы жүзеге асады, ол еңбек барысында болған шығынның орнын толтыру ретінде көрінеді. Қызметкерге бұйрық арқылы ықпал етуге қарағанда, сол адамның еңбек нәтижесі арқылы өзін қанағаттандыруға бағыт ұстауы оны белгілі бір тәртіпті сақтауға итермелей түседі. Алайда, ынталандыруды ұйымдастыру — адамға тікелей ықпал етуден елдеқайда күрделі. Ынталандыру жүйесіне дәлелдер келтіру мен қажеттіліктер жүйесі сәйкес келмейді. Олар бір-біріне қарсылық жасайды. Егер де осы екі жүйе органикалық тұрғыда бір-бірімен үйлесім табатын болса, ынталандыру сол уақытта тиімділікке қол жеткізеді.

Ынталандырудың «материалдық» пен «моральдыққа» белінуі шартты ұғым ғана. Мысалы, сыйлық тек ақшалай сияпат керсетудің сипаты болумен қатар, бұл — адамның еңбегін мойындау, құрметтеу де. Әлеуметтік басқаруда қолданылатын ынталандыру жүйесін кеңейту тиімді басқарудың міндеттеріне жатады. Еңбек жағдайы, жұмыс уақытының икемді жүйесі, ұжымдағы қатынастар және т.б. ынталандырудың бірден-бір керіністері, алайда материалдық ең негізгі ынталандыру түрі болып қала береді, еңбекке және оның нәтижесіне қарай жалақы телеу принципі осы арқылы толық жүзеге асырылады.

Басқарудың басты өнімі не деген сұраққа келетін болсақ, бұл басқару жүйесінің қабылдайтын шешімі екені даусыз. Басқару жүйесінің шешімі ұйымдағы әр алуан өзгерістің формальды түрде жазылған жобасы десек, оны жүзеге асыруға шешімді орындайтын ұйымның субъектісімен қатар,

320

оның басқа мүшелері де қатысады. Мұндай шешім басшылық-бағыну қатынасының элементі, яғни «басқалар үшін» қабылданады және ұйымдағы билік факторы ретінде қалыптасады. Басқару шешімін қабылдау өндірісте жасалатын өзгерістің қажеттілігін және мақсатын анықтауды, сонымен

қатар оның ұйымдық қатынастар жүйесіне қосылуын білдіреді; басқару шешімін жүзеге асыру үшін оның өз жоспары, бұдан соң мақсатқа жету жолында атқаратын нақты қызмет түрі болуы керек. Басқару еңбегінің мазмұны ең алдымен оның негізгі өнімі — шешімді дұрыс қабылдауы арқылы түсіндіріледі. Соңдықтан да әлеуметтану шешімнің типтерін де қарастырады.

Әлеуметтануда басқару шешімдерін типтеудің негізіне шешімнің терең мазмұнды болуы, субъектінің қаншалықты жеке үлес қосқандығының дәрежесі мен оны жүзеге асырудағы мүмкіндігі алынады. Бұл басшының жалпы ұйымға ықпал жасау дәрежесін көрсетеді. Басқару шешімдерінің мән-мағынасына басқа тұрғыдан қарайтын болсақ, онда типтеудің негізіне қайсыбір ұйымдық жағдай мен осы шешімнің мазмұнын алдын ала анықтау дәрежесі алынуы мүмкін. Бұл басшының ұйымға ықпал етуінің кейбір басқару шеңбері мен шекаралары туралы түсінік береді.

Осы негізде басқару шешімдерінің келесі түрлері ерекшеленеді:

1. Қатаң детерминдірілген шешімдер, мұның мазмұнына басшының басшылық етудегі жеке ерекшеліктері жалпы ықпал етпейді немесе болар-болмас қана әсер етеді. Мұндай жағдайда шешімнің субъекті тұлғасы шешімнің қабылдану процесіне қатыстырылмайды, өйткені шешімнің мазмұны ұйымдық жағдайлармен (заңмен, нұсқаулармен, жоғарғы органдардың шешімдерімен және т.б.) алдын ала анықталған. Осындай шешімдер, өз кезегінде, екі түрлі болуы мүмкін: а) стандартталған, талаптар ауқымына негізделген (мысалы, кезекті жалақыны беру туралы шешім, қызметкерді өз өтінішінен кейін жұмыстан босату, кәсіби сырқатына байланысты қосымша ақы төлеу және т.с.с. шешімдер); б) туынды шешімдер, бұл - екінші рет қабылданған шешімдер, яғни оны орындау, басқа шешімдерді дамыту үшін олардан туындайтын шешімдер (бұрын қабылданған, «сырттан» түсірілген және т.с.с. шешімдер) қабылдау.

2. «Инициативалық» шешімдер (яғни қатаң детерминдірілмеген), олардың мазмұны шешім субъектісінің жеке үлес қосуын қажет етеді. Мұнда ауытқу ауқымы аса үлкен болуы мүмкін, ұйым үшін оның маңызды салдары болады. Инициативалық шешімнің екі түрі бар:

а) жағдайға орай қабылданатын шешімдер, бұлар ауық-ауық қабылданады немесе жергілікті сипатта болады (мадақтау, жазалау, жекелеген тағайындаулар және т.б.);

б) қайта ұйымдастыру шешімдері, яғни ұйымның қайсыбір элементін өзгертуге бағытталған шешімдер (ресурстарды қайта бөлу, жаңа міндетгерді

321 дайындау, әкімшілік құрылымды өзгерту және т.б.). Мұндай шешімдердің де сыртқы және алдын ала келісіліп, анықталған ұйымдық жағдайлармен, мысалы, технологияның, экономиканың талаптарымен белгілі деңгейде детерминдірілетіні түсінікті.

Басқаруды зерттеу кезінде анықталғандай, басқару шешімдерінің соңғы тобы — шешімдердің 26 типінен тұратын қайта ұйымдастыру шешімдері үлкен қызығушық тудырады, өйткені бұл шешімдер ұйымдастыру жобаларын қамтиды және көп жағдайда басшының істі ілгері бастыруға

қосқан жеке үлесімен тікелей байланысты болады. Жалпы басқару шешімдерінің көлемінде мұндай шешімдердің үлес салмағы онша үлкен емес, кейбір деректерге қарағанда бұған қатысты бұйрықтар жалпы бұйрықтардың 5 %-тен 30 %-ке дейінгі көлемін қамтиды. Олардың санына салалық ерекшеліктер (машина жасауда химия өнеркәсібіне қарағанда олардың саны көп), басшылық стилі, ұйымның тұрақтылығы, өндірістің ырығатылығы, т.б. жағдайлар әсер етеді.

Шешімдердің ұйымдық тәртіпті қолдауға немесе оны дамытуға, өзгертуге бағытталуы шешімдерді типтеуде аса зор маңызға ие болады және соның негізіне айналады.

Шешімдерді бөлуде олардың ұйымдық кеңістікті қамту көлемі де аса маңызды болып есептеледі: шешім бір адамға, бригадаларға, учаскокке, бөлімге, цехқа немесе бүкіл кәсіпорынға қатысты; әрекет ету уақыты бойынша: бір реттік, ұзақ мерзімді, тұрақты әрекет етуші, бұлар уақытша бақылау деңгейін, басқарудың жоспарлау қабілетін көрсетеді. Сондай-ақ кейбір шешімдерді жүзеге асырудың ұзақ кезеңді және ол үшін белгілі бір жағдайды талап ететінін; өзге шешімдерді жүзеге асыру оларды қабылдау актісінің тікелей салдары (мысалы, қызметке тағайындау, алғыс жариялау) болып табылатынын есте ұстау қажет.

Шешімдерді қабылдауға әр түрлі қызметкерлер категорияларының қатысу факторын оларды жіктеу өлшемі ретінде ұсынуға болады. Осы тұрғыдан алғанда екі «полюс» ерекшеленіп, жеке-дара көрініске ие болады. Өзінің жеке шешімі және топтардың шешімдері, ал олардың ортасында жеке шешім мен топтар шешімдерінің, атап айтқанда, маманның пікірін ескеру, орындауының, жеке қызметкерге ақпарат пен шешім құқын беруді ескеру секілді әр түрлі үйлесулер болады.

Кәсіпорынды басқару механизмдерін және тиімділігін зерттеу тұрғысынан алғанда басқару шешімдерін сараптаудың ақпараттық мәліметтері аса көп болады. Мұндай сараптау әр түрлі ішкі ұйымды мәселелер бойынша басқаруды жұмылдыратын күш-жігердің бөлінуі, ұжымды басқару стилі және т.с.с. жөнінде бірқатар түсініктер береді. Басқару шешімдерінде ұйымның тіршілік әрекетіне, оның ішкі әлеуметтік қаты-

настарына тән негізгі мақсаттар, мүдделер, қарама-қайшылықтар шоғырланады.

Бұл жерде зерттеу әдістерінің ішінен құжаттарды талдауға (бұйрықтар, жарлықтар, ұйымдық-техникалық шаралар жоспарларының, мәжіліс хаттамаларының мәтіндері), бақылауға (басшының жұмыс уақытындағы, мәжілістегі фотографиясы), эксперттік бағалауға (шешімнің тиімділігін, олардың сапасын арттыру жолдарын анықтау және т.с.с.) баса көңіл аударылады.

Басқару қызметі вертикальды «басқару-бағыну» қатынастарымен ғана шектеліп қалмайды. Сонымен қатар, өзін-өзі басқару ұйымдарға да тән қасиет. «Өзін-өзі басқару» ұғымының әдетте кең және тар екі мағынасы бар. Кең мағынада «өзін-өзі басқару» кез келген ұйымдық жүйенің (жүйешенің) автономды өмір сүруін, сол жүйенің ішкі мәселелері тура-

лы шешім алуға құқылы екенін білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда өзін-өзі басқарудың қайсыбір дәрежесі кез келген кәсіпорындарға, мекемелерге және т.с.с. тән. Бірақ әлеуметтану көзқарасы бойынша, яғни тар мағынада айтқанда, өзін-өзі басқару ұжымдық басқару, яғни оның бүкіл мүшелерінің, халықтың басқару органының жұмысына қатысуы, атқарушылардың ортақ шешімдерді дайындау процесіне қатыстырылуы ретінде көрінеді.

Өзін-өзі басқару жекелеген басқару органдарының қажеттілігін және жалпы кәсіби басқару қызметінің керек екендігін жоққа шығармайды. Қазіргі кездегі басқару технологиясы кәсіби-техникалық, құқықтық, ұйымдастырушылық; негіздегі шешімдерді, оларды ұтымды үйлестірудің реттерін, орындау барысына бақылау қоюды талап етеді.

Сонымен қатар, өзін-өзі басқару демократияны мамандандыру ұғымымен ұштастыруды қажет етеді, бұл оның өндірістік жағдайымен қатар әлеуметтік тиімділігін де анықтайды. Мұндайда басқарушы мен басқарылушы жүйешелердің арасындағы айырмашылық жойылады, өйткені басқару объектісі белгілі бір дәрежеде оның субъектісі де болады. Орталықтандырылған басқару мен өзін-өзі басқарудың біртұтастығы қоғам алдында тұрған мақсатқа бағытталған басқаруға ықпал етудің негізін құрайды.

Басқаруға қатысы бар тағы бір ұғым — «әлеуметтік тұрғыда өзінен-өзі ұйымдасу ұғымы». Бұл ұғым қоғамдағы, ұжымдардағы, топтардағы кездейсоқ, ойламаған жерде пайда болатын процестердің, яғни әлеуметтік реттеудің өзінен-өзі қозғалысқа түсіп кететін процестерінің байқалып қалатын кездері болатынын білдіреді. Әлеуметтік өзінен-өзі ұйымдасудың айрықша белгісі — спонтандық, өздігінен пайда болушылық, субъективті түрдегі негізгі бір басталу процесінің болмауы. Көп жағдайда мақсатқа бағындырылған жеке әрекеттер үлкен әлеуметтік жүйелер мен процестер шеңберінде спонтанды процестерді құрайды. Демографиялық салада өзінен-өзі ұйымдасу — халықтың ұдайы өсуі, некеге отыруы, көші-қон

323

түрінде, экономикада тұтынушылар сұранысының ауытқуы, нарықтық механизм түрінде байқалады. Өзінен-өзі ұйымдасудың әлеуметтік-психологиялық элементтеріне салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, қоғамдық пікірді жатқызуға болады. Еңбек ұйымдарында өзінен-өзі ұйымдасу формальды емес ұйымдар (лидерлік, мәртебелік шкаласы, топтасу-шиеленіс) ретінде қалыптасады. Сонымен, өзінен-өзі ұйымдасу бұқаралық, ұжымдық немесе топтық ауқымдағы әлеуметтік өзара әрекеттің жемісі болып саналады. Басқару жүйесінде өзінен-өзі ұйымдасуды пайдалану басқарудың тиімділігін біршама арттырады және еңбек ұйымдарын дамытудың маңызды факторын құрайды. Өзінен-өзі ұйымдасу процесі конструктивтік рөл атқаруымен қатар, деструктивтік рөл де орындайды, яғни істі бүлдіруші ретіндегі сипатқа ие болады.

Басқару циклына қатысты қалыптасқан «әлеуметтік реттеу» ұғымы да бар. Ол белгілі бір мақсатқа бағытталған басқару ықпалын білдіреді, ол басқару объектісінің тепе-теңдігін қолдауға және оған реттеушілерді (нормалар, ережелер, мақсаттар, байланыстар) енгізу арқылы оның да-

муын жеделдетуге бағытталған. Әлеуметтік реттеулер «жанама» басқару іспетті және объектіге тапсырма беру арқылы іске асады. Әлеуметтік реттеу әдістерін қолдану басқарылатын объектілер дербестігінің жоғарғы деңгейін, өзін-өзі басқарудың және ондағы өзінен-өзі ұйымдасудың дамуын қарастырып, ойластырады.

Ұйымдардың басқарылуы басқару тиімділігінің интегральды сипаттамасы болып табылады. «Басқарылу», бір жағынан, қайсыбір ұйымдық тұтастықтағы басқару жүйешесінің басқарылатынға қатысты бақылау орнату дәрежесі, ал екінші жағынан, бұл басқарылатын жүйешенің басқарушыға қатысты автономды дәрежесін сақтауы. Бұл шектеу мен шекара жылжымалы түрде болады, ұйымның типіне, басқару ықпалының сапасына, объект ерекшеліктеріне байланысты қайсыбір сәттерде соған қарай түрленеді. Бірақ, ол мүлде жоғалып кетпейді. Бұл - техникалық және биологиялық жүйелерге тән құбылыс, ол әлеуметтік жүйелерге аса қатысты.

Басқарылу шекарасы басқару объектісінің күрделілігімен, формальды және формальды емес құрылымдары арасындағы заңды түрдегі алшақтықпен, ақпараттың толықсыздығымен немесе дұрыс еместігімен, шешім сапасымен анықталады. Басқару шешімдерінің жүзеге асырылатындығы басқарылудың біркелкі өлшемі болып табылады. Басқарылудың артуы басқарушылық ықпалдардың сапасын жақсартудың, қызметкерлерді ортақ мақсаттардың төңірегіне біріктірудің және дәлелді сылтаулар жүйесінің дамуы есебінен қамтамасыз етіледі.

Әр түрлі ұйымдық түзілімдер - кез келген қоғамда жан-жақты дамып тараған құбылыс. Мысалы, ұйымның кейбір белгілерін өз иелігіне алған

324 әлеуметтік қауымдастықтар жиі кездеседі (функциялардың бөлінуі, иерархия, шешім қабылдау, бекітілген мүшелерінің болуы). Ұйымның өзіндік белгілерінің болуына қарамастан таптар, ұлттар соларға ұқсас әлеуметтік қауымдастықтардан өзгешеленіп, ерекшеленеді.

Қоғамда келесі ұйымдық формалар қалыптасады:

1. Искерлік ұйымдар — коммерциялық мақсаттар үшін өз беттерінше ұжымдасатын және жекелеген міндеттерді шешу мақсатында кең көлемді ұйымдық жүйелер арқылы құрылатын фирмалар мен мекемелер. Жалдамалы қызметкерлердің мақсаттары қожайындардың немесе мемлекеттің мақсаттарымен кез-келген уақытта ұштаса бермейді. Оларта мүше болудың мақсаты қызметкерлерді өмір сүрулеріне қажетті қаражаттармен қамтамасыз етуі. Бұл ұйымдардың ішкі реттеушілік негізі - әкімшілік тәртіп ережелері, дара басшылық принциптері, тағайындау, коммерциялық мақсатқа сәйкестіктерден тұрады.

2. Қоғамдық одақтар, бұқаралық ұйымдар. Бұлардың мақсаттары өз «ішінен» дайындалады және оған қатысушылардың әрқайсысының жеке мақсаттары бір жерге, орталыққа жинақталады. Реттеу қабылданған жағдайы, сайлау принциптерімен қамтамасыз етіледі, яғни басшы қол астындағыларға тәуелді болады. Бұларға мүше болу саяси, экономикалық, әуесқой қажеттіліктерді қанағаттандырады.

3. Ұйымдардың аралық формалары да бар, мысалы, кооперативтер (ауыл шаруашылық, балықшы колхоздары, т.б.). Кооперативтер өздеріне одақтастардың, мүдделілердің негізгі белгілерін қосын алғанымен, түптеп келгенде, кәсіпкерлік функцияларды орындайды. Оларды тұтынушылардың кооперативтік ұйымдарынан ажырата білу керек (тұтынушылар одағы, баспана кооперативтері және т.с.с).

Қоғамда басқа да ұйымдық түзілімдер пайда болады, ұйымдардың кейбір белгілерін басқалар иемденгенімен, олар өз бетінше ұйым бола алмайды.

4. Тағы бір ұйымдың форманы ассоциативтік ұйымдар отбасы, ғылыми мектеп, биресми топ құрайды. Бұларда әлеуметтік ортаға қарағанда бірсыпыра автономдылығы, құрамының салыстырмалы түрде тұрақтылығы, иерархия (лидерлік), салыстырмалы түрде қатысушылардың тұрақты бөлінуі (рөлдер, мәртебелер бойынша), ортақ шешімдер қабылдауы жөніндегі ерекшеліктері анық байқалады. Реттеу қызметтерін оларды кездейсоқ қалыптасқан нормалар мен құндылықтар атқарады. Бірақ олардың формалану дәрежесі аса көлемді емес. Бұдан бұрын айтылған ұйымдардың екі типінен маңызды түрдегі өзгешелігі сонда, бұлардың мақсаты түрде алға қойылған өзіндік ерекшелігі болады. Олар мүдделерді өзара қанағаттандыру арқылы құрылады, мұнда ортақ мақсат біріктірудің

325

факторы болмайды, оған қатысушы бір адамның мақсаты сол адамның мақсатқа жетуінің құралы қызметін атқарады.

5. Ұқсас ұйымдық белгілер ел болып, қауымдасу іспетгі қауымдас-тықтың ішінде де болады. Бастапқыда адамдар көршілерімен байланысу арқылы бір-бірінің іскер қабілеттерін пайдалану үшін бірлесіп қоныстанады. Мұндайда қайсыбір тұтастықтың қажеттілігіне бағынады (көшені жоспарлау, баспананың формалары мен көлемі, мамандандыру құрылымы және т.б.), бұлар жеке-дара тұрғанда әркімге керек емес. Урбанизациялану деңгейіне орай осы жолмен тұтастық фактор да арта түседі.

Жоғарыда көрсетілген ұйымдардың формалары өзара байланысады және бір-бірімен өзара қиысады. Көптеген елді мекендердің аумақтарында әкімшілік ұйымдар орналасқан (полиция, т. б.), көбінің өз аппараты және кәсіпорындары бар. Кейде оларды біріктіру тиімді болады, мәселен, ғылыми мектеп негізінде зерттеу институты құрылады немесе жеке ауа райы станциясының қызметкерлері бір отбасының мүшелерінен құралады. Қайсыбір басқа жағдайларда мұндай үйлесулер зиянды деп те саналады.

Ұйымның типтері әлеуметтік басқарудың мазмұнымен, заңдары және принциптерімен тығыз байланысты. Бұл мәселені қарастырғанда негізінен келесі жағдайларға көңіл аудару қажет.

3. Әлеуметтік басқарудың мазмұны, заңдары мен принциптері

Кез келген қоғамда әлеуметтік басқару жүйесі құрылады. Әлеуметтік басқару ұғымы нені білдіреді? Оның анықтамасы қандай? Жалпы басқа-

ру дегеніміз не? Бұл жөнінде ғылыми әдебиеттерде көптеген анықтамалар берілген. Жүйеге келтіріп қарасақ, бұл анықтамалардың мәні - басқару бір жүйенің екінші бір жүйеге мақсатты түрде бағытталған ықпалы, сөйтіп, ол мақсат пен қызметтің белгілерін қанағаттандыру үшін екінші жүйенің бағытын өзгертеді.

Қоғамды басқарудың мазмұны, мақсаты мен мүмкіндіктері ең алдымен қоғамдық құрылысқа байланысты болып келеді. Қоғамды басқару дегеніміз - қоғамды реттеу, тәртіптеу, жетілдіру мен дамыту мақсатында қоғамға жасалған ықпал.

«Әлеуметтік басқару» ұғымы мазмұны жағынан көп жақты болып келеді. Әлеуметтік басқару теориясын кең мағынада алып қарасақ, онда ол өзінің пәніне қоғамдық өмірдің барлық салаларын: экономикалық, мәдени, білім беру және т. б. басқару мәселесін сыйғызған. Қоғам өмірінің

1. Омарова А. М. Социальное управление: некоторые вопросы теории и практики. М.: Мысль, 1980. С. 27.

326

негізгі салаларына сәйкес әлеуметтік басқару объектілерін сұрыптауды үлкен төрт топқа бөлуге болады:

- материалдық-өндірістік дамытуды басқару;
— әлеуметтік процестерді басқару;
- саяси саланы басқару;
- қоғамның рухани өмірін басқару;

Сонымен қатар, әлеуметтану шеңберінде әлеуметтік басқарудың жеке теориясы да даму үстінде. Ол әлеуметтік басқарудың жалпы теориясының принциптерінен шыққанымен, оны әлеуметтік басқарудың жалпы теориясының қолданбалы жағы деп қарауға болмайды, өйткені ол - әлеуметтанудың өз алдына тұрған жеке бір саласы.

Әлеуметтік басқару қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік процестерді саналы түрде (бағдарламалы), ғылыми тұрғыда реттеу болып табылады. Басқару екі деңгейде жүзеге асады. Оның біріншісі қоғамдық-тарихи процестерді басқаруды қамтамасыз етеді, жалпы әлеуметтік заңдылықтарды көрсетеді және өзі мемлекеттің әлеуметтік саясатынан көрініп отырады. Ал екінші деңгейі - әлеуметтік процестерге басшылық ету: жұрттың көшіп-қонуына, кәсіптік құрылымына өзгерістер енгізу мен кадрлардың тұрақсыздығын реттеу, оны жою, еңбек жағдайын жақсату, әлеуметтік-психологиялық ахуалды оңалту және т.б., яғни нақты әлеуметтік процестерге басшылық жасайды. Басқарудың екінші деңгейіндегі проблемалар әлеуметтік процестердің жекелеген тенденцияларын көрсетеді және көп жағдайда бұл проблемалар кәсіпорындардың күші арқылы шешіледі. Осыған орай екінші деңгей «кәсіпорындардағы әлеуметтік басқару» деген атқа ие болды және әлеуметтануда өз алдына басқарудың жеке бағыты ретінде қалыптасты.

Басқару әлеуметтануы - жалпы әлеуметтану ғылымының қоғам мен ұйымдарда орын алған әлеуметтік құрылымдар мен процестерге мақсатты түрде ықпал жасайтын формалар мен әдістерді, заңдылықтарды зерт-

тейтін саласы. Басқару әлеуметтануының басты назар аударатыны — экономикалық және ғылыми-техникалық саясаттың әлеуметтік проблемаларды басқару шешімдерін дайындауы, оны қабылдауы, іске асыруы, өзін-өзі басқаруы, басшылар мен қол астындағы адамдардың қатынастары, басқарудағы ақпараттың рөлі мен орны туралы мәселелер, т.б. Басқару әлеуметтануы ғылыми пән ретінде әлеуметтану ғылымының, атап айтқанда, ұйымдар әлеуметтануы, еңбек әлеуметтануы, саясат әлеуметтануы, экономикалық әлеуметтану, әлеуметтік жоспарлау секілді тарауларымен өзара ұштасып, қиысқан. Өйткені ол тарауларда да басқарудың проблематикалары қарастырылады.

Сонымен, басқару әлеуметтануы әлеуметтану ғылымының бірден-бір жетекші саласы болып саналады, оның мәні — қоғамды, еңбек ұйымдарын

327
басқару барысында болатын заңдылықтар мен тенденцияларды зерттеу. Өйткені басқарудың көмегінсіз еңбекті, материалдық және рухани өндірісті, бөлу мен тұтынуды, тәртіпті, еңбек бөлінісін ұйымдастыруды, адамның ұжымдағы орны мен атқаратын міндеттерін анықтауды іске асыру мүмкін емес.

Басқарудың мәні - кез келген объектінің жақсы әрі максималды жұмысын қамтамасыз ету, оған жұмыс істеу қабілетін толық жұмылдыра алатындай дәрежеде жағдай жасау.

Басқарудың мазмұны, формасы, мақсаты мен принциптері — қоғамдағы үстемдік етуші экономикалық қатынастарға, саяси-әлеуметтік құрылыстың сипатына байланысты. Осыған орай әлеуметтанушылар қоғамдағы басқару механизмінің екі типі — стихиялы және саналық типтері қалыптасуда деген пікір айтады.

Стихиялық механизм — автоматты түрде ықпал ету адамдардан басқару жүйесіне араласпауды талап ететін, көп жағдайда қарама-қарсы күштердің қосылуынан, кездейсоқ туындайтын біртекті актілерден тұрады. Стихиялы басқару оған қатысушылардың еркі мен санасынан тыс әлеуметтік іс-әрекет ету үстінде, адамдардың жеке өз басының мүддесіне жету жолында басқалардың мүддесімен санаспауы, кейде тіптен оларды мойындамауы, жоққа шығаруы арқылы жүзеге асады. Сөйтіп, бұл әлеуметтік өзара байланыстардың кері байланысынсыз қалыптасады және адамдардың атқаратын қызметі оған қажетті түзетулер енгізбейді. Солай десек те, қоғамды стихиялы басқару кіршіксіз таза жүйе деуге болмайды. К. Маркстің пайымдауынша, капиталистік кәсіпорын көлемінде басқару ісі әр кезде жоспарлы болды және басқару осы капиталистің тұтас алғандағы мүддесіне бағындырылды, яғни басқару саналы түрде жүрді. Ал капиталистік экономиканы алатын болсақ, онда тұрақты және сенімді кері байланыстардың болмауынан экономика тұтас жоспарлар арқылы тұтастай қамтылмайды; сөйтіп бұл жағдай өндіріс анархиясына әкеліп соқтырады. Сондықтан да капиталистік экономиканы басқарудың стихиялы болуы табиғи қажеттілік деп қарастырылды. Әрине, К. Маркстің бұл пікірі ХІХ ғасырдың орта тұсында айтылған еді, содан бері капиталистік эконо-

мика, оны басқару әлдеқайда жетілдірілді. Мемлекеттік аграрлық шаруашылықпен фермерлік шаруашылықтың арасында жасалған жоспар осыған мысал бола алады. Мемлекет оны реттеп басқарып отыр. Ал ТМД елдерінде объективтік және субъективтік себептерге байланысты экономиканы басқаруда анархияның бірқатар белгілері бой көрсетуде.

Граждан В. Д. Деятельность и управление (социологический аспект). М., 1990. С. 43,44.

328

Саналы басқару жоспарланған, тұрақты және сенімді байланыстардың негізінде қалыптасады. Саналы басқаруда адамдар өз қызметінің нәтижесі жөнінде жиі әрі анық мағлұматтар алады, оның қайсысын түзету немесе жақсарту керектігін біледі, сөйтіп жана нәтижелер арқылы әлем халықтарының нақты жағдайын барынша ескеруге мүмкіндік туады, соған орай шаралар қолданылады. Мұндай жағдайда кездейсоқтық адамдарға өзі жіберген қолайсыздықтарды жоюға жағдай жасайды, келеңсіз ықпал етпейді және оқиғалардың барысына соншалықты әсер ете қоймайды.

Сайын келгенде, саналы механизм жүйеге өзіндік қоғамдық институттардың басқару субъектілерінің көмегімен мақсатты түрде ықпал жасайды.

Қоғамды басқарудың субъектісін тар мағынада қарастыратын болсақ, ол белгілі нәтижелерге жету мақсатында әлеуметтік жүйеге саналы түрде ықпал етуді қамтамасыз ететін арнайы мемлекеттік және қоғамдық органдар, қызметтер.

Әлеуметтік басқарудың объектісін кең мағынада алсақ, ол халықтың өмір деңгейін арттыру; қоғамда әлеуметтік әділеттілікті бекіту; мәдени деңгейді көтеру; адамдардың еңбек жағдайларын жақсарту т. б. болып есептелінеді.

Әлеуметтануда басқару процесі барысында қалыптасатын қатынастар субъектінің басқару объектісіне тиімді ықпал етуін қамтамасыз ететін, басқарушы мен басқарылушы жүйелер арасындағы қатынастар ретінде қарастырылады. Бұл қатынастар әлеуметтік реттеуші рөлін де қоса атқарып, ол қатынастар ерекше қызметтерін жүзеге асыру процесінде, яғни басқару қызметінде пайда болады.

Көптеген мамандар атқарылатын қызметтерді басқару процесінің сатысы (кезеңі, фазасы) ретінде қарастырады. Көптеген шығармаларда сәл өзгерістер арқылы қызметтің жалпы немесе негізгі модельдері, атап айтқанда, жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу, есеп пен бақылау, мәдени-тәрбиелік сипаттар қайталанылып берілген. Бұлар тек өзара байланысқан жағдайда ғана басқару процесін құрайды.

Егерде біз әлеуметтік басқарудың функциясын кең мағынада алып қарастыратын болсақ, онда әлеуметтік басқару функциясының классификациясына тоқталуымыз қажет. Мұндай классификациялау қоғам өмірінің негізгі салалары саяси, экономикалық, рухани, әлеуметтік салалардан туындайды.

Басқару процесі бірнеше кезеңнен тұрады және әр кезең өзіне сәйкес операцияларды жүзеге асырады. Проблеманы қою мен алдағы мақсатты анықтау кез келген басқару циклінің басқару кезеңіне жатады. Басқару шешімін іздестіру қажеттілігінің өзі басқару субъектісін қанағаттандыр

329
майтын белгілі бір проблемалық жағдайдың пайда болуынан туындайды. Мұндай жағдайда ең алдымен кезек күттірмейтін проблеманы анықтаудың маңызы ерекше. Өйткені қарама-қайшылық одан әрі тереңдеп, проблеманы шешу бұрынғыдан бетер күрделене түседі. Мәселен, 70—80 жылдары КСРО-дағы дағдарысқа ұшырау жағдайының неден болғандығының басты себептері дер кезінде және толық келемде бағаланбады, оған өзгеріс енгізудің қажеттілігі ескерілмеді, қоғамдағы тоқыраушылық құбылыстарының етек алу қаупі күшейгенімен, оларды жою үшін нақты бағыт ұсталмады, оған баға берілмеді, сөйтіп тоқырау үрдісі басталды.

Проблеманы анықтау алдағы мақсатты белгілеуге мүмкіндік береді, ал оны жүзеге асыру қалыптасқан қолайсыз жағдайды түзетуге жол ашады. Мақсатқа жету көптеген жағдайларға байланысты болады, оларды анықтап алмайынша басқару субъектісі дәлелді шешім қабылдай алмайды. Бұл жағдайларды зерттеу міндеті басқару циклінің екінші сатысында ақпарат жинау мен талдау кезеңінде шешіледі.

Ақпарат сенімді, объективті, толық және дер кезінде алынған ақпарат болуы шарт. Осыған орай басқару жүйесін ақпараттарға талдау жасайтын және өндейтін қазіргі таңдағы техникалық құралдармен қамтамасыз етудің маңыздылығы артып отыр.

Алынған әлеуметтік ақпарат басқару үшін шешімге келу мен оны қабылдаудың бастапқы базасы болып табылады.

Басқарушы шешімі төмендегідей сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- белгіленген мақсаттарға жету үшін қандай міндеттерді шешу қажет?
- оларды қандай әдістермен, айдалармен, тәсілдердің көмегімен шешуге болады?

- қойылған міндеттерді кім жүзеге асырады?

- оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуі үшін қандай материалдық және техникалық жағдайлар қажет?

- жалпы міндеттерді орындаудың және әрбір нақты тапсырманы орындаудың мерзімі қандай?

- қойылған міндеттердің орындалу барысына кім бақылау жасайды?

Басшылық шешімі басқару бағдарламасын қолдану кезеңінде қабылданып, жүзеге асады. Бұл кезеңде басқару субъектісі басқару объектісін ұйымдастыруды жүзеге асырады, алдыңғысы соңғысымен тікелей және кері байланыс орнатады, атқарушыларды іріктейді, олардың атқаратын міндеттерін бөледі, яғни бағдарламаны орындау үшін әлеуметтік механизмді

* Керженцев Л.М., Принципы организации. М., 1968. С. 34-35; Чукевич С.А. Диалектика управления. Роль научных знаний в управлении общественными процессами. Минск, 1989. С. 44.

жасайды. Бұл ретте реттеудің, есеп пен бақылаудың әр түрлі формалары қолданылады. Бұл күрделі процесс бір-біріне қарама-қарсы екі тенденцияның: ұйымдастыру тенденциясы мен тәртіп бұзу тенденциясының әрекет ету жағдайында жүреді.

Басқару бағдарламасын жүзеге асыру оны қорытындылау, нәтижелерін талдау арқылы жүргізіледі және оларға баға беру кезеңінде тәмамдалады. Сонымен, басқару қызметі процесс ретінде бірнеше кезеңнен тұрады:

- а) проблемаларды алға қою және мақсаттарды анықтау;
- б) басқару объектісі жөнінде ақпарат жинау және зерттеу;
- в) басқару шешімін жасау және қабылдау;
- г) басқару бағдарламасын жүзеге асыру (ұйымдастыру, реттеу, есепке алу, бақылау);

д) нәтижесін талдау және оларға интерпретация (түсінік беру) жасау.

Әлеуметтану әлеуметтік басқарудың принциптерін де зерттейді. Принциптер басқару механизмінің маңызды буыны ретінде әлеуметтік заңдарды өзіне синтездейді және оларды іс жүзінде қолданудың нақты жолдарын белгілейді. Әлеуметтік қатынастар жүйесін реттеу мен әлеуметтік процестерді басқару жөніндегі қызметтің бастапқы, негізгі ережелеріне басшылық жасаудың нақты тапсырмасы мен нормалары да әлеуметтік басқару принциптеріне жатады. Ғалымдар бұл анықтаманы өздерінің көптеген ғылыми еңбектерінің түпнұсқаларында тұжырымдады. Жалпы басқарудың принциптеріне: демократиялық централизм, объективтілік, іскерлік, ұйымшылдық, лездемелік, нақтылық, заңдылық, дара басшылық, аймақтық және салалық басқарудың ұштасуы, кешендік, жүйелік, жариялылық, т.б. жатады.

Субъектінің белгілері бойынша мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың қызметін басқару принциптерін айрықша атауға болады.

Алайда, біз әлеуметтік басқарудың ең негізгі принциптеріне қысқаша сипаттама берумен шектелеміз.

Қоғамдағы әлеуметтік басқару процесі сияқты мақсаттар мен міндеттерді анықтаудың астарында саяси мән жатыр. Сондықтан негізгі принциптердің бірі оған саяси тұрғыдан қарау принципі. Қазіргі біздің қоғамымызда жүріп жатқан процестер заңды түрде басшылыққа саяси тұрғыдан қарау принципін тереңдету арқылы жүзеге асырылуда. Басшы кадрлар үшін еңбекшілерді болашаққа сендіре білу және олардың белсенділігін арттыру, қызметін жеке бас пайдасы үшін асыра пайдалануды жою, басқаруда әкімшілік әдісті қолданғанда асыра сілтемеу аса маңызды талап болып табылады. Объективтік принципі басқарудың түпкілікті мақсатына жету үшін басқару жүйесінің объективті заңдарын қолдану. Бұл принцип бойынша басқару дегеніміз сенімді, ғылыми талдаудан өткен

331
ақпаратқа сүйену. Бұл принципті іске асырудың маңызды шарты нақтылы әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін қолдану.

Мұның кешенділік және жүйелілік принциптері де бар. Кешендік

принципте әрбір әлеуметтік құбылыс кезінде оның экономикалық, идеологиялық, психологиялық, ұйымдық секілді бүкіл аспектілерін есте ұстау қажет.

Жүйелілік принципінің мәні — нақты мақсатты жүзеге асыруға қажетті жекелеген, өзара бірін-бірі толықтыратын қызметтің түрлерін біріктіру.

Демократиялық централизм принципі - әлеуметтік басқарудың ең маңыздысы, ол бүкіл басқарушы органдардың, басшылардың және басқару жүйесінің барлық деңгейіндегі атқарушылар қызметтерінің мазмұны мен әдістерін анықтайды. Демократизм еңбекшілердің толық билігі, олардың инициативасын басып-жаншымай, қолдау, басқарушы органдардың басшыларын сайлау, олардың есеп беріп отыруы болса, ал централизм, яғни орталықтан басқару дара басшылықты көпшілік мүддесінің басым болуы, қатаң тәртіптің орнауы секілді көріністермен ұштастырады. Алайда, централизм жағдайында да еңбекшілердің басқару ісіне белгілі бір дәрежеде қатыспауынсыз міндеттерді тиімді шешу мүмкін емес. Демократизм централизмге қарағанда оны жүзеге асыру тәсілі ретінде әрекет етеді. Демократияны кеңінен қолдану централизмнің негізін, тұғырын ұлғайтады және сонымен бірге еңбекшілерді қоғам ісін басқаруға тартуды қамтамасыз етеді. Екіншіден, орталық органдар өздері атқаратын міндеттер ауқымынан асып кетпейді, жергілікті органдардың қызметіне қол сұқпауды қағида тұтады. Сонда ғана централизм дұрыс, қажетті деңгейде жүзеге асатын болады.

Жариялылық принципінің әлеуметтік басқарудағы қазіргі өтпелі кезеңдегі маңызы өте зор. Жариялылық принципі - еңбекшілердің басқару шешімдерін қабылдау кезінде қоғамдық пікірлерден кең көлемді ақпараттар алуы, оларды игеріп, есепке алу негізінде шешімдер қабылдауға қатысу. Жариялылық — бұл адамдарға сенім арту мен құрмет көрсету, олардың оқиғаларға баға беру қабілетін ескеру, дұрыс шешім қабылдауына, сол шешімді жүзеге асыруына адамдардың саналы түрде қатысуына мүмкіндік жасау, бағалау.

Басқару процесін ұйымдастырудың басқа да принциптері бар. Бұған ең алдымен негізгі буын принципі жатады. Әлеуметтік процестерді басқару - өзара байланысқан кешенді міндеттерді шешу деген сөз. Бұл міндеттер өздерінің маңыздылығы жағынан біркелкі емес. Әлеуметтік процестердің дамуы барысындағы түпкілікті, басшы міндетті немесе негізгі буынды ғылыми негізде анықтау — басқару өнеріне жатады. Әлеуметтік басқарудың практикалық мәселелерін шешу барысында қоғамдық өмірдің басты проблемаларын шешуге ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл жерде

332

проблемалық бағдарлау принципін орындаудың маңызы зор. Ол негізгі буын принципін жүзеге асырудың тәсілі ретінде қолданылады. Бұл принцип жұмыстың негізгі бағыттарын анықтауға, таяу арадағы міндеттерді болашақтағы міндеттерден бөліп алуға көмектеседі.

Адрестік принцип нақты атқарушылардың қызметін реттейді, олардың нақты міндеттерін анықтайды, қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін

олардың шешімдері қажет етіледі. Сайыш келгенде, принциптер жүйесін қолдану әлеуметтік басқарудың міндеттерін жақсы шешуге, қоғамдық дамудың мақсаттарына жетуге ықпал жасайды.

Басқару жүйесінде маңызды орын алатын мәселе — әлеуметтік болжам (прогнозирование). Ол әлеуметтік процестер мен құбылыстардың ғылыми тұрғыдағы негізділігін анықтайды және оның тиімділігін арттыру мақсатында, яғни зерттеудің динамикасын, дамудың болашағын анықтауда әлеуметтану ғылымы қолданылады.

Ғылыми тұрғыдағы болашақты болжау принципі әлеуметтік болжам жасаудың методологиялық базасы болып табылады. Қоғамның болашақ күйін алдын ала көре білу оның даму заңдарын зерттеудің нәтижесінен, оның өткені мен бүгінгі күйіне талдау жасаудың қорытындысынан туындайды. Қоғамдағы саны мол факторлардың әрекеттерінің негізінде қоғамның даму заңдары тенденциялық сипат алады. Осыған орай алдын ала көре білудің ауқымы шектеулі болады, ол істің барысы мен болашағын шамалап, белгілі дәрежеде ғана қорытындылайды, бұл жағдайда нақтылық, бір-бірлеп талдау іс барысын асыра бағалау болып табылады. Қоғамдық заңдылықтардың ықтималдық сипаты дамудың балама варианты түрінде ғылыми болжам жасауды талап етеді. Сөйтіп, ол процестердің мүмкін формалары мен көріністерін, қарқынын суреттейді. Әлеуметтік болжамның екі: 1) ізденіс; 2) нормативтік типін атап айтуға болады. Оның біріншісі қоғамның мүмкін болады-ау деген жай-күйін әрекет етуші тенденцияда басқарудың ықпалын ескеру негізінде суреттелуі тиіс; екіншісі, қойылған мақсатқа байланысты осы болса екен деген жай-күйді суреттейді, оған жетудің жолдары мен құралдарын белгілейді. Болжам статистикалық талдаудың және көре білудің динамикалық ретін, қатарын құрудың, дамудың негізгі тенденциясын сараптап бағалау әдісінің, тікелей математикалық модельдеудің, т.б. көмегімен жүзеге асады. Болжамның аса маңызды міндеттерінің бірі - қоғам өмірінің әр түрлі жақтарын өзгертуге бағытталған, таяу және алысқа апаратын әлеуметтік салдары бар шешімдерді қабылдауға талдау жасау.

Жалпы қоғамды зерттеудің әлеуметтанулық методологиясы мен әдістемесі қалыптасқан. Олар қоғамдық өмірдің барлық салаларын қарастыруда аса зор тиімділікке қол жеткізеді.

333

ОН ТӨРТІНШІ ТАҚЫРЫП

БІЛІМ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Бүгінгі күні білім әлеуметтік институттардың арасында алдыңғы қатардағы орындардың бірінде тұр. Қоғамдағы технологияның, экономиканың, саяси прогрестің қарқыны, мәдениеттің жағдайы, адамның жай-күйі білімнің сапасына шешуші тұрғыда тәуелді болып келеді.

Білім әлеуметтануы келеңсіз тенденцияларды жоюға көмек көрсететін және қазіргі адамның мәдениетіне ықпал ететін жаңа күштерді

іздіретін ілімдердің бірі. Білім әлеуметтануы нені зерттейді? Оны қызықтыратын саланы қысқаша түйіндеп айтар болсақ, онда оның білімді әлеуметтік-мәдени институт ретінде, оның генезисін, өмір сүруін, құрылымын, ұйымдастыру тәсілдерін, білім беру саласының әлеуметтік құрылымы динамикасын, осы саланың басқа қоғамдық институттармен және адам өмірінің өзге де салаларымен өзара әрекеттерін зерттейді. Білім әлеуметтануы тар көлемдегі дидактикалық мәселелерді зерттеумен тұйықталмайды, бұл саланы педагогиканың еншісіне қалдырып, адамның тіршілік әрекетін және әлеуметтік білім саласындағы процестерді кеңінен қамтуды, олардың өзара ықпалын танып білуді қарастырады. Оқу қызметінің өзін ол оқушылар мен білім алушылардың өмірлік жоспарлары, бағыт-бағдарлары, өмір салтының ерекшеліктері, ғылымның, қоғамның бүкіл мәдени қажеттіліктері тұрғысынан қарастырады.

1. Білім әлеуметтануының категориялары, объектісі мен пәні

Білім саласы бірқатар бір-біріне жақын тұрған ғылыми пәндердің зерттеу объектісі болып табылады. Олардың білімді әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеуде пайдалануға келмейтін өзіндік әртүрлі ұғымдары бар. Мұндағы ала-құлалық көбіне-көп теориялық педагогиканың ұзақ уақыт бойы әлеуметтік ғылымдар жүйесінің тізіміне кірмеген категориялық аппараты мен тұжырымдамаларының ықпалымен байланысты болды. Бұл әсіресе ең алдымен дәстүрлі педагогикалық «білім» және «тәрбие» ұғымдарын түсіндіруге қатысты мәселе.

Әлеуметтануда мейлінше толығырақ қарастырылған «әлеуметтендіру» категориясы «білім» ұғымымен салыстырғанда бірінші орындағы ұғым болып табылады. Әлеуметтендіру үрдісі кездейсоқ және мақсатты бағытталған екі негізгі формада жүзеге асады. Білім бұл әлеуметтану тұрғысынан жалпылама түрде алғанда тұлғаның мақсатты даму саласы ретінде айқындалған, ондағы әлеуметтендіру үрдістері тәртіпке келгірілген форманы, 334

қоғамдық маңызы бар стандартпен бағыт-бағдарды иеленеді. Бұл формалар білім үрдістерінің институттық табиғатын және әлеуметтік ұғымдығын көрсетеді. Білімдерде, құндылықтарда, нормаларда және қызмет тәсілдерінде жүзеге асатын стандарттар білім мазмұнына айналады. Білімнің болашаққағы нәтижелері оның нысаналары болып шығады, олар нақты әлеуметтік рөлдерден көрініс табады. Онда адам мақсатты әлеуметтендіру үрдісіне дайындалады, сонымен қатар, мысалы, кәсіби білім құрылымында мамандар дайындалып шығарылады.

Бір мезгілде алуан түрлі әлеуметтік институттар - мектеп, отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары және басқалары әрекет ететін білім саласы шартты түрде екі салаға - формальды білімге және формальды емес білімге бөлінеді. Бұдан әрі білім беруді әлеуметтанулық талдау оның институттану, әлеуметтік мазмұны, ұйымдастырылуы және функциялары мәселелеріне назар аударуды талап етеді.

Жалпы шетел әлеуметтануында қабылданған білім беруге берілген мұндай түсініктемелер «тәрбие» категориясы оқу категориясына тәуелді жағдайда қалары сөзсіз, оны анықтау әлі де пікір сайыстық тақырыпқа жататыны анық. Оның пікірсайыстық сипаты педагогтар тарапынан болған қатты сыннан көрінді, олар «... академиялық жалпы педагогика қазірде тәрбиенің қандай жеке үрдістерден тұратынын білмейді... және тәрбиеге ғылыми анықтама бермеді»* - деп атап көрсетуде. Оның бұрынғы түсіндіріліп келген «рухани бейнені қалыптастыру» акценті тұлғаның дамуы үшін жағдай жасау» акцентіне өзгереді. Отандық теориялық жұмыстардың басым көпшілігінен көрінген «білім» және тәрбие» категорияларын дайындаудағы педагогикалық амалдың қарама-қайшылықты болуы мынаған саяды:

Педагогикалық амал әлеуметтендіру феноменінің тұтастығының мазмұнын шектеп қабылдайды. Құндылық саласын ғана таңдап көңіл қояды. Педагогикалық тұрғыда бұл феномен мен «әлеуметтендіру» категориясын қарастырғанда әрекеттің нормалары мен үлгілері жүйесіне қосылды, оларсыз тұлғаның тұтас әлеміндегі құндылықтарды беру мен меңгеру үрдісін елестету тіптен мүмкін емес.

Ішкі мәндік қарама-қайшылықтар «тәрбие» және «оқыту» категорияларының бөлініп кетуінде және осындай негізде тәрбие теориясын және оқыту теориясын өз бетінше құрудағы талпыныста жатыр. Мұндай бөлінушілікті қабылдамай-ақ «мәдениет» категориясының мәні мен құрылымы, В. Я. Нечаев дәл атап көрсеткеніндей, тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың мазмұнына саяды.

1. Легеньский ГЖ Цель и способы воспитания. М., 1990. С. 4.

2 Нечаев В.Я. Социология образования. М. С. 15.

335

Педагогиканың әлеуметтік нормалар мен әрекет тәсілдерін зерттеуде көбіне көп не тұжырымдамалық, не категориялық, не ғылыми-әдістемелік құралдары болған емес. Соңғы уақытта онда білім әрекеті үрдісіндегі әлеуметтікті тұтас түсінуді және өлшеуді зерттеуге қызығушылықтың белгілері байқалады.

Тұлғаны қалыптастырудың мақсаттары, мазмұны және технологиясының өзіндік әлеуметтік мәнін негіздеуге тырысып, педагогика өзінің зерттеу объектісін тек педагогикалық тәжірибеге және формальды білім жүйесіндегі жағдайларға әкеп тірейді, педагог пен тәрбиеленушінің қайсыбір стандарттан айырылған, «таза күйіндегі» қабылданған өзара әрекет пен тәжірибенің тазартылған үлгілеріне басымырақ көңіл аударған.

Білім мен тәрбиенің жоғарыда аталған қасиеттері педагогикалық амалдар тұрғысынан келгенде әлеуметтік-жүйелік түсінуді жояды. Бұл түсінік үрдіспен ғана шектеледі, ол индивидуальдық деңгейдегі нәтижені де сирек қосады, қоғамның күрделі жүйешесін қамти алмайды. Бұл жүйенің өмір сүруінің нәтижесі тек адамның рухани әлеміне ғана сыйып қоймайды, керісінше қоғам өмірінің әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси салаларына объективті түрде тарайды.

Қорыта айтқанда «педагогикаға, басқа саламен салыстырғанда, жақсы ниет туралы сөз қолданылады». Осы қарама-қайшылықтарды жоюдың жолындағы тұлғаны қалыптастыру үрдісі мен мәселесін зерттеуге талаптанушы теория, толық мағынасында әлеуметтік теория болуы тиіс, ол әлеуметтік-ғылыми категориялардың, әдістер мен методологияның бүкіл кешеніне сүйенуі қажет.

Педагогикалық тәрбие теориясын әлеуметтік ғылымдар жүйесінен бөліп алып дамытуға талпыныс жасау, сонымен бірге мектептің мәселесін шешудегі және көшбасшылыққа талаптану аз ғана елдерге тән құбылыс. Басқа елдерде мұндай талпыныстар ХХ ғасырдың ортасында білім беру әлеуметтануының ықпалымен жойылған болатын. Кеңестік педагогика өз алдына жеке категория етіп берген «тәрбие» ұғымы өзге елдерде сіңіп кете алмады. Өз кезегінде «білім» құрылымында оқушылардың адамгершілік нормалары мен құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған «құндылықты білім» ерекшеленді және тәрбиемен салыстырғанда оның жақсы операциялдығы бар, олардың құрылымы мен әлеуметтік себептері педагогика ғылымында әлі күнге дейін зерттелмеген қалпында қалып отыр.

Білім әлеуметтануы объектісінің қызметін білім жүйесі және ол туралы ақпарат атқарады. Мұндай анықтама жалпылама болып саналады

1. Кусжанова ЛЖ К теории образования: философские и социологические проблемы. М., 2001. С. 11-12.

336

және ешқандай да қарсылық тудырмайды. Алайда, оны өрістеткенде объектінің өзінің құрылымын ашып көрсетуде проблема туындайды, бұл отандық әлеуметтануда аз зерттелген, күрделі құбылыс екен.

Ал осы саланың пәні жөніндегі анықтама белгілі бір пікір тартыстарыш туғызды. Шетелдерде бұл мәселені талқылау білім әлеуметтануы пайда болғаннан кейін жарты ғасыр еткен соң басталды. Бұған пәннің шекараларын нақты белгілей алмаған, ғылыми саласының құрылысын және басымдығын дәл анықтай алмаған, сонымен қатар білім әлеуметтануы тұрғысынан тар түсініктеме берген бұрыннан келе жатқан жалпылама анықтама себеп болды. Саланың пәні формальды білім жүйесінің қоғамдық мойындамауына саяды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін шетелдерде Ф. Знанецки, Н. Гросс сияқты ғалымдар пәнді әлеуметтану білімін, әдістемесін және әдісін білім жүйесі мен процестердің әлеуметтік-топтық ішкі өзара қарым-қатынастарға қолданылуы ретінде «табиғи» түсінуді таратты.

М. Мид және басқалар мәдениетке, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді алып жүрушілерге, білімде өзара әрекетке түсетін әлеуметтік топтар арасындағы қатынастарға көңіл қойды. Білім беру жүйесі мен үрдісіне ықпал ететін әлеуметтік топтардың құрылымы мен функцияларының маңызы атап көрсетілді.

Әлеуметтік стратификация тұжырымдамасы негізінде білім функцияларының әлеуметтік құрылымға қатысы және оның басқа әлеуметтік ин-

ституттармен өзара әрекетіне акцент берілді (Р. Будон, С. Боуез, Р. Мак-Джи).

Неомарксизм бұл саланы буржуазиялық қоғамның барлық қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік қайшылықтарын баянды етудегі, билеуші таптың қатерлі саясатына халықтың қарсылығын мәдениетті дайындау үшін білім жүйесін қолдану мүмкіндігін (А. Грамши, Л. Альтюсер), мектептің рөлін анықтауға бағыттады.

Білім беру әлеуметтануының пәні туралы мәселені шешуде КСРО-да ұзақ уақыт бойы үстем болған саяси-идеологиялық ұстанымдар, білім институтының әлеуметтік рөлін баяу мойындау, білімнің жалпылық мәселелерінде академиялық педагогиканың басым болуы, әлеуметтануды тәрбие үрдістерін зерттеумен шектеуге жеткізуге деген талпыныс және оны теориялық дамуы құқынан айыру қиыншылықтар туғызды.

Отандық және шетелдік ғылымда өткен пікірсайыстарды ескере отырып, саланың пәні мәселесін шешу білім берудің әлеуметтанымды екі негізгі аспектісіне көңіл аударудан тұрады, оның әлеуметтік-жүйелік және институттық сипаттамасына.

Білім, біріншіден, ішкі құрылымы әлеуметтік қатынастарға толы аса күрделі жиынтықтан тұратын, қоғамның салыстырмалы түрдегі өз алдына

337 жеке жүйешесі. Екіншіден, ол қоғамға қатысты бірқатар функциясы бар әлеуметтік институт ретінде, оның барлық жүйешелері және әлеуметтік ұйымдық деңгейі ретінде қарастырылады.

Бұл әлеуметтік ғылымда сабақтастықты және әлеуметтанудың шектеулі дамуын, әлеуметтанудың жақын салаларымен және басқа да әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен нақты өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

Білім әлеуметтануы саласының пәнін осылайша түсіну білімнің кез келген жекелеген әлеуметтік мәселелерін органикалық байланыстырады, олар кейде әлеуметтану ғылымының осы саласының ішінде салыстырмалы түрде өз алдына жеке бағыттарын жалпы білім беретін мектеп әлеуметтануы, жоғары білім әлеуметтануы, мұғалімдер әлеуметтануы, білім жүйесінде әлеуметтік-рөлдік моделдерді және т.б. туындатады. Ол осы ғылым саласындағы тұтас мәселелер аясындағы әрбір проблеманың орнын анықтауға және нақты проблема өзекті немесе шеткі салаға жата ма немесе методологиялық, тұжырымдамалық және әдістемелік негізде әлеуметтік білімнің жақын салаларымен өзара әрекеті туындайтын пән-аралық шеңберде жатыр ма деген сұраққа жауап қайтаруға мүмкіндік береді.

Жекелеген бағыттардың теориялық және әлеуметтік-практикалық қайтарымы жалпы білім тұжырымдамасынан тыс толық бола алмайды. Бұл тұжырымдама, бір жағынан, салалар ішіндегі бағыттардың өзара әрекетінің қажеттігі үшін методологиялық және теориялық платформа жасайды, екінші жағынан, білім әлеуметтануының тұтастығын қамтамасыз етеді және оның әлеуметтану білімі құрылымындағы салалық мәртебесін анықтайды.

Саланың пәні туралы пікірсайыс үшін маңызды сылтау болған нәрсе

білім үрдісінің мазмұнын және әдістемелік ұйымдастырылуын зерттеуге тиісті ме деген мәселе болды. Оған берілген теріс жауапта, оқу үрдіс ретінде, оның құрылымы, мазмұны және әдістері әлеуметтануға емес, педагогика мен психологияның құзырына жататындығы атап көрсетілген.

Бұған қарама-қарсы тұрғыда айтылған пікірде егер оқу салалық пәніне кірмесе, онда білім беруді әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеу тиімді болмайды.

Осы пікірталасты шетелдегі саланың даму тәжірибесімен ұштастыра келіп, онда білім стратификациясы бірден-бір басты тақырыптардың бірі болғаны кездейсоқ нәрсе емес екендігін атап айту керек. Салалық оқулықтарда білімнің әлеуметтік мазмұнын сараптайтын «Оқу бағдарламасы әлеуметтануы» тараулары енгізілген.

Формальды білім жүйесіндегі білім стратификациясы саланың орталық мәселесіне айналған тұста оқу үрдісінің мәселелері алғаш рет 1960-1970 жылдары шетел әлеуметтанушыларының назарына ілікті.

338

Оқу бағдарламаларына көңіл аудару, әсіресе АҚШ-та, білім берудің нәсілдік десегрегациясына байланысты шиеленісті, бүгінде көбіне-көп көпшілікке арналған және жеке меншік (ақылы) мектептермен байланысты.

Көпшілікке арналған мектептер федералдық білім органдарының ұсынғанына арқа сүйеген бәріне ортақ оқу бағдарламаларымен әрекет етеді. Жеке меншік мектептер оқу жоспарларын құруда, оқу материалдарын таңдауда, мұғалімдерге және оқушыларға талаптар қоюда тәуелсіз.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық жіктелуі жағдайында оның ауқатты бөлігінде өздерінің балаларын оқыту үшін қаржыландыру мүмкіндігі мен тілегі пайда болады, ол болашақта аса пайдалы, ықпалды және қоғамда әлеуметтік тұрғыдан мәртебелі білім барынша тереңдетіп оқытылатын интеллектуалдық дайындығымен және ерекше құндылыққа бағытталуымен ерекшеленген.

Нәтижесінде, элиталық мектептерде жағымды жағдай қалыптасып, оған қолдау көрсетіліп отырады, аса жоғары техникалық жабдықтау және балаларды тамақтандыру мен оларға қызмет керсету мәселесі толық шешілген, ата-аналардың мүддесіне сәйкес келетін ерекше өнегелік-психологиялық ахуал қалыптасады. Оқу үрдісі балалардың ерекше әлеуметтік-таптық дүниетанымына, көшбасшылық, пікір таластық және ұйымдастырушылық дағдыларын дамытуға, болашақ әлеуметтік элитаның кең көлемді гуманитарлық және саяси білімдерді қалыптастыруға бағытталған.

Мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасы оқушылардың әлеуметтік жағдайының қарапайым еместігін мойындауға құрылған: балалармен міндетті түрде «сэр» немесе «мисс» және «сіз» деп сөйлеседі.

Көпшілік және жеке меншік мектептерде нені және қалай оқытатыны тіпті де бірдей емес.

Жеке меншік мектептің әлеуметтік ұйымдық құрылымы зерттеуші-

лердің айтысына қарағанда аса қатаң, оқу үрдісінің білімдік құнды мазмұнына да бақылау қатаң қойылған. Онда жұмысқа қабылдау катал өлшемдермен жүзеге асырылды, ал оқу бағдарламалары интеллектуал ретіндегі мұғалімдер үшін әлеуметтік бақылаудың құралына айналған. Тіптен көпшілікке арналған мектептердің арасында да олардың орналасқан жеріне байланысты (бай немесе кедей аудан) әлеуметтік жіктеліс байқалады. Бұл әсіресе АҚШ-та орын алған, оның себебі мектептер округтарының бюджеттерінің сүйенген қайнар көзі бірдей - жеке меншікке салынған жергілікті салықтар және штаттың қорлары. Бай мектеп округтары көбіне көп білімдік бағдарламаларды қамтамасыз етеді, жұмысқа жақсы мұғалімдер мен әкімшіліктерді тартады.

339

Мұндай мәртебелі, көпшілікке арналған мектептерге керісінше қарама-қарсы тұрған қаланың төменгі тұрғындары тұратын және негізінен иммигрант қауымдары тұратын ықшам аудандарда орналасқан қатардағы мектептердің жағдайы тіптен қарама-қайшы.

Бұларда, салыстырмалы тұрғыдан айтқанда, эстетикалық және экологиялық орта нашар, оқу үлгерімі және колледждерге түсіп кету рейтингісі әлде қайда төмен, қылмыстың деңгейі жоғары. Басқаша сөзбен айтқанда, оқу үрдісін ұйымдастыру, оның мазмұны мен технологиясы мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары үшін белгілі бір әлеуметтік функциялар атқарады, әлеуметтік бақылаудың бірден-бір қуатты құралы қызметін атқарады, қоғамның әлеуметтік құрылымына ықпал етеді. Сондықтан олар әлеуметтанудың, зерттеуі мәселесі болып табылады.

Мектептерді және алуан типті оқу топтарын көптеген салыстырмалы зерттеулердің негізінде әлеуметтанушылар мынандай қорытындыға келді, формальды білімде (тіптен мемлекеттік мектептерде) қандай да бір жасырып жүйе әрекет етеді, соның арқасында жастардың әртүрлі әлеуметтік топтарына әлдеқайда біркелкі емес білім көлемі мен құндылықтар беріледі. Демек, олар тең емес «мәдени капитал» жинайды, әлеуметтік қозғалыстағы мүмкіндіктері де тең емес.

Білім жүйесі арқылы әлеуметтік жіктелуде тіл маңызды рөл атқарады (белгілі бір лексикалық жіктің тілін және сөйлеу мәдениетін қолдану), соның негізінде оқу материалдары және мектептегі қарым-қатынас құрылған.

Осындай қарама-қайшылықтардың негізінде шетелдердің салалық оқулықтарында білім стратификациясына арналған жеке тараулар бар. Сондай бір толыққанды оқулықтардың бір тарауы «Мектептерде нені оқытады: оқу бағдарламасы және білім стратификациясы» деп аталған. Онда білім әлеуметтануының негіздері, оқу бағдарламаларының әлеуметтік типологиясы, әлеуметтік рөлдері және білімді игерудің формальды және жасырын формалары, әлеуметтік тапсырыстың көздері, мектептегі оқушылардың әлеуметтік жіктелуі тәсілдері қарастырылған. Солардың бірі ретінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы жіктелісті жақын бейнелейтін индивидуальдық үлгерімі негізінде оқушыларды топтарға бөлу практикасын айтуға болады. Сөйтіп мәртебелі әлеу-

меттік топтарды әлеуметтік-экономикалық құрылымның төменгі топтарынан шыққандардан бөліп тастаған.

2. Оқу социомәдени әрекет ретінде

Оқу адам өмірінің үлкен кезеңінен тұрады, оның жемісті, шығармашылық жылдарын қамтиды. Орта деңгейлі кәсіби мамандыққа талпынған 340

жас адам он үш жыл оқуы тиіс, ал жоғары білікті мамандық алу үшін оның оқуының мерзімі жиырма жылға жетеді. Баланың білім беру жүйесіне ену шекарасы жас мөлшері бойынша ең төменгі деңгейге жеткен, осыдан туындайтын психофизикалық салдарлары туралы оқушылардың нақты түсінігі болмағанына қарамастан білім беру ерте балалық шақты қамтиды. Оқудың ең жауапты фазасы адамның кәсібилік, отбасылық, азаматтық сияқты әлеуметтік өзін-өзі орнықтыру кезеңіне тиесілі болады. Ұзаққа созылған оқудан жас адамдар көбіне көп титықтайтын (стресстік) жағдайларға түседі, қылмыскерлердің ортасын толтырады.

Білім әлеуметтануының негізгі мәселесі - оқудың мәні не - оның ең жақсы жай-күйіне қалай жетуге болоды?

Оқу - адамның білім саласындағы негізгі әрекетінің түрі. Оқушының бүгінгісі мен ертеңі, білім саласындағы әрекеттердің барлық факторлары, түптеп келгенде, оқу қызметінің мазмұнымен анықталады.

Әдебиеттерде оқу процесін белгілеу үшін мынандай терминдер қолданылады: оқу, білім беру, ғылыми, білім және т.б.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде көрсетілген терминдер мен ұғымдарға белгілі бір түсініктеме беру қалыптасқан, олардың әрқайсысының өз мазмұны бар. Бәріне ортақ ұғым ретінде «оқу» түсінігі алынған. Оқу термині басқа да мазмұнда да айтылып, тек білімді меңгеруді білдіріп қана қоймай, белгілі бір білім жүйесін (ғылыми, теория, тұжырымдама) игеруді білдіреді. Қалыптасқан оқу тұжырымдамасының бағыттарын бөліп көрсетер болсақ, онда олар: білімді меңгеру ретіндегі, мәдениетті меңгеру ретіндегі бағыттар болыпша табылады.

Ресей ғылымында оқуды «білімді меңгеру ретіндегі» түсінудің теориялық негізін көрнекті психолог С. Л. Рубинштейн қалыптастырған еді. Ол оқу мен ғылыми танымды әртүрлі деп есептеді. Оқу, түптеп келгенде, ерекше жағдайда оқушыларға білім беру мен олардың танымын басқарудағы танымның түрлерінің бірі. Соған сәйкес оқудың негізгі компоненттеріне: талдау, синтез, абстракциялау, «бүкіл таным үрдісінің жалпы бөлгіш» ретіндегі қорытындылау қызмет атқарады.

Оқытуды тек білімді меңгеру ретіндегі түсінікті тәжірибені игеру түсінігі толықтырады. Ж. Пиаже оқытудағы тәжірибені меңгерудің формаларына терең эксперименттік талдау жасады. Олардың ішінен ол негізгілерін бөліп көрсетті: сiңiсу - жаңа объектінің ескі схемаларға кіруі және үйрену - бастапқы схемалардың жаңа объектілерге, соңғының құрылымын өзгерту жолымен бейімделуі.

Бірінші жағдайда қайсыбір міндет осыған ұқсас міндеттерді шешудің белгілі алгоритмдері негізінде шешіледі. Екінші жағдайда адам түбірінен жаңа міндеттермен кездескенде өзінің дағдыларын және ептілігін бейімдейді.

341

Организмнің ортаға бейімделуін ол субъекті мен объектінің салмақтылығы сияқты қарастырады. Психикалық функциялардың генезисі әртүрлі салмақты сатыларды: үйренуді, сіңісу мен табанды алмастырушы ретінде көрінеді де, білімге организм мен орта арасында тұрақты тепе-тендік формасын береді.

Зерттеушілердің алдында оқу барысында қандай тәжірибе игерілуі тиіс деген міндетті шешу мәселесі тұрды. Оқуға мұғалімнен оқушыға білім мен тәжірибені беруді жеңіл-желпі түсінік ретінде қарауды орыс психологы А. Н. Леонтьев сынаған еді.

Тұлға мұғалімнен ақпаратты қабылдайды, бірақ оны өзінің іс-әрекетінің барысында пайымдайды және өндеуден өткізеді, солайша оған өзінше қарайтын болады. Осы үрдісте білім тұлғалық форманы иеленеді, сөйтіп тұлғаның өзіндік дамуы іске асады. Бұл идеялар оқуға мәдениетті меңгеру қызметі ретінде қараудың негізіне алынған.

Адамның мәдениетті меңгеруі тарихи қалыптасқан алуан түрлі қызмет формаларында жүреді. Адам құндылықтарды мынандай: еңбек, тұрмыс, таным, қарым-қатынас, оқу, ойын сияқты қызмет формаларында меңгеріп игереді..

Мәдениетті алып жүруші ретіндегі тұлғаның қалыптасу фазаларында алуан түрлі қызмет формалары әртүрлі рөл атқарады. Адамның, тұлғаның қалыптасуы қарапайым қарым-қатынастан ойынға, ойыннан оқуға, оқудан еңбекке өрлеу үрдісі кезінде жүзеге асады. Бұлардың арасында оқу мәдениетті алып жүруші ретіндегі субъектінің қалыптасуының дайындық фазасы іспетті көрініп, оның векторлары тәрбиеге бағытталған, қызметтің қажетті механизмдерін жасауға, оны жаңадан өндіруге және шығармашылық формаларын қалыптастыруға бағытталған.

Сайып келгенде, әлеуметтік өмірде оқу 1) адамның мәдениетті меңгеруіне, қоғамдық практикаға, еңбек қызметіне кіруіне қажетті дайындық кезеңі; 2) оқудың функциялары субъектіде қызметтің мәдени механизмдерін жасауға, яғни қайсыбір социумның мәдени жетістіктеріне негізделген қызмет болып табылады; 3) оқудың танымдық-бағдарламалық жағы жетекші маңыздылыққа ие болса да оқу тек таныммен ғана шектелмейді; 4) оқу тәжірибені меңгеруді ұйымдастырады, бірақ оның бәрін емес, тек үлгілік, нормалық маңызға ие болғандарын яғни мәдени жетістіктерді ғана меңгертеді; 5) бұл тікелей тарату формасында іске асып қоймайды, ол оқытушы мен оқушының белсенді біріккен қызметінде жүзеге асады.

Олардың әрқайсысының белсенділік мөлшерімен, әрекет мазмұнымен оқу үрдісінің сапасы анықталады; 6) оқу барысында оқушылар біреудің тәжірибесін жай ғана қабылдап қоймайды, мәдени қызметтің өзіне лайықты тәжірибесін қабылдайды. Оқытушы осы тәжірибені оқу құралдарының

342

көмегімен ұйымдастырады, бағыттайды; 7) құндылықтарды меңгеріп кету

үрдісі осы құндылықтар өмір сүретін сол қоғамдық форманы, қоғамдық байланыстарды меңгеруді де ұйғартады. Соған сәйкес оқыту жекелеген құндылықтарды игерумен және іс-әрекеттердің бағыт-бағдарлары мен дағдыларын қалыптастырумен байланысты шектеліп қалмайды, одан да кең үрдіске шығады. Әлеуметтендіру, әлеуметтік байланыстардың осы жүйесіндегі субъект ретінде тұлғаның қалыптасуы үрдісіне ұласады, сондықтан да ол тәрбиенің бір формасы болып табылады. Тәрбие қоғамның технологиялық, экономикалық, саяси, экологиялық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет ететін оқудың әлеуметтік жүйесінің күшеюінен көрініс табады. Тек осындай оқу жүйесі ғана білімді құрайды.

Оқу білімнің негізгі мазмұнын қалыптастырады. Өз кезегінде білімді белгілі бір оқу жүйесінің қызмет формасы ретінде қарастыруға да болады. Ол оқу қызметінің алуан түрлерін, оның мазмұнын, субъектілерді әлеуметтік тапсырысқа, қоғамның социомәдени қажеттіліктеріне бағыттап біртұтас әлеуметтік жүйеге кіріктендіреді.

Оқу жүйесіндегі оқытушы мен оқушының өзара қарым-қатынастары әлеуметтік институттық форманы иеленеді. Білім институттарының өмір сүруі қоғамдық өмірдің арнайы саласын - білім саласын өрістеуге әкеледі. Білім саласына кірудің сипаты мен формасы оның өмірдің басқа салаларындағы әлеуметтік жағдайына, оның ауыспалық мүмкіндігіне, мәдени өсуіне айтарлықтай ықпал етеді.

3. Орта оқу орнының қалыптасуы

Оқу, білім - әлеуметтенудің құрамды бөлімдері. Қоғамдық пікірде, нормативтік құжаттарда білім институттарына білім беру функциясымен қатар әлеуметтендіру, тәрбие беру міндеттерін атқарудың орнығуы көпшіліктің мойындаған нәрсесі. Бұл мемлекеттің заңдарында анық айтылған. Білім мазмұны индивидтің әлеуметтенуіне ғана ықпал етіп қоймайды. Тұрақты қызмет ететін «мектеп» институтының пайда болуы мәдениетке, қоғамдағы топтық қатынастар психологиясына айтарлықтай түзетулер енгізді, тіптен жаңа өркениетті дүниеге әкелді.

Әлеуметтену адами индивидтің әлеуметтік өмірдегі тіршілігін сақтап қалуы, оның бірлескен қоғамдық қызметке енуі қажеттілігі ретінде көрінеді. Ол өзін-өзі көрсетудің қолайлы жолын табуға мүмкіндік беретін адами мәдениеттің үлкен құрылымын қамтиды. Ол адамның өзін-өзі көрсетуі ретінде оның дамуының белгілі бір кезеңдерінде іске асуы мүмкін. Қалыптасу үстіндегі индивидтің өзін-өзі көрсетуі қажеттілігімен қоса өзіне басқаша адамды жалғастырушы ретіндегі талаптану қажеттілігі

343

артады, бұл оның өмір мағынасын түсінуден шыққан қорытындысынан туындайды.

Өзін басқаша адамды жалғастырушы қажеттігі тәрбиеші қызметінің моральдық психологиялық факторы ретінде көрінеді. Алайда бұл фактор әлеуметтік мақсатқа сәйкес болғандықтан орныққан. Адамның қасына

онымен бір мәдениеттің «тілінде» сөйлейтін, оның бастамаларына қатысуға қабілетті, оның ісін қабылдай алатын және жалғастыра алатын адам қажет. Бұл түптеп келгенде отбасындағы, мектептегі, жалпы қоғамдағы тәрбие үрдісін қозғалысқа келтіреді.

Қалыптасушы «өзінше» адамның өзін-өзі керсететігі және өзін басқаша адамды жалғастырушы ретіндегі өзін-өзі керсететін осы екі қажеттіліктің, екі үрдістің бір-біріне қарсы қозғалысы жаңа үрдіс-ағым тәрбиені қалыптастырады. Ол өз алдына жеке сала болып қалыптасады, сол уақытта «әлеуметтендіруші субъект» - тәрбиешінің пайда болатыны белгілі. Алайда бұл үшін алуан түрлі мәдениетте «тұлғаны қалыптастырудың» қоғамдық идеясы пісіп жетілуі тиіс. Ол бірте-бірте «әлеуметтенушімен» қатынасты қамтиды. Қалыптастыру мақсатына негізделген осы нормативтік мазмұн тәрбиешінің іс-әрекетінің мағынасын толықғырады.

Білім берудің әлеуметтендірусіз, тәрбиесіз пайда болуы, өмір сүруі тіптен мүмкін емес. Бұл белімнің және тұтастықтың ара қатынасы. Алайда білімнің генезисі қандай?

Білім берудің қарапайым түсінігі «мұғалім — оқушы» сияқты келесі бір жәй қалып болып саналатын «ата-ана — бала» қатынасынан алынған. Бұлардың бірі отбасы институтынан өсіп шықса, екіншісі мектепті негіздеуші болды. Мәдениетте ұрпақтың және басқа да отбасылық әдет-ғұрыптардан ерекшеленетін өзара қарым-қатынас үлгілерінің жаңа тармағын не нәрсе тудырады? Бұл құпияның сыры әлеуметтануда ертеден-ақ шешілген. «Мұғалім - оқушы» формасындағы өзара қарым-қатынастың жаңа тармағы еңбек бөлінісінің нәтижесінде пайда болған. Кәсіби рөлдердің кеп түрлілігі, жинақталған тәжірибенің көлемі бастапқыда алғашқы рулық ұйымның, кейін отбасы мүшелері арасында функцияларды белу құрылымына жатқызылмады. Отбасылықтан тыс, қандас-туыстықтан тыс тұрған қоғамдық ұйымдардың және ұрпақтың өзгеше құрылымы әлеуметтендіруші факторларға айналды.

Ертедегі өркениеттерде білім әлеуметтендірумен біріккен, ол білімнің жекелеген элементтеріне тарап, әдет-ғұрыптармен және жоралғышармен бекітілген. М. Мид этнографиялық зерттеуінде Самоа аралындағы қауымның өмірін бақылап, мұғалімнің рөлдік міндеттері іс жүзінде қауымдстық бүкіл мүшелердің, әртүрлі ұрпақ өкілдерінің арасында тең белінгенін анықтаған. Кіші балалар өздеріненде кіші тайпаластарын күтіп бағады, 344

жасөспірімдер теңізде жұмыс істеп, жұмысқа «жаңа алынған» балықшыларды еңбекке үйретеді. Жаңа туған әрбір балаға өз тайпаласынан қамқоршы болатын бір отбасы бекітілген «тәрбиешіліктің» формасы бар, бала осы отбасынан керек кезінде көмек, ақыл-кеңес алады. Самоада бұл жәй ғана формальды институт емес. Балалар өз ата-аналарының ашу-ызасынан қорғауда қамқоршыларынан көмекті жиі алатын болған. Осындай формадағы оқу қауымдағы ұрпақтар аралық қатынас құрылымымен сіңіп кеткен. Солардың көмегімен көптеген мыңжылдықтар бойы алғашқы рулар мен отбасылары тәжірибені жинақтауды және оны ұрпаққа беру

міндеттерін дұрыс атқара білген.

«Шебердің жәрдемшісі» институтында ұрпақтар сабақтастығы қатынастарына орай білімнің бөлініп шығуына алғашқы шешуші қадам жасалып, әлеуметтік тәжірибені беруде әлеуметтенудің жаңа тармағы белгіленді. Ол шебердің ерекшелікті қоғамдық мәртебесін анықтап, оның кәсіби қызметтегі беделін мойындатты. «Шебердің жәрдемшісіне» «отбасылық» емес басқа мамандықты алу үшін ғана емес, сонымен қатар кәсіби шеберліктің құпияларын меңгеру үшін де баратын. Білімнің одан кейінде өз алдына жеке өмір саласы болып ерекшеленуіне оқушылық кезеңде балалардың отбасынан жиі кетуі ықпал етті. Өздерінің бейімделу механизмдерімен өмірдің және әлеуметтенудің өз алдына жеке ерекшелікті формасы пайда болды, онда оқуға, отбасылық, тұмыстық байланыстар мен міндеттерден босауға басым бағыт ұстанды.

Кез келген әлеуметтік институт сияқты білім беру институтының қалыптасуы мен өмір сүруі оқшауланбай, ол жалпы социомәдени факторлардың шеңберінде бола отырып, басқа институттармен өзара әрекетке түседі. Білімінің институттендірілуіне діни-мәдени, әскери, сауда, саяси институттар, кәсіптер, мамандықтар, өнер өз ықпалдарын тигізді. Қазіргі білім институты саналатын мектептің пайда болуына шешуші ықпал еткен ғылымның шығуы мен дамуы еді. Мәдениетте білім институтының қалыптасуына объективті түрдегі адамның маңызды тәжірибесін кешендік таратушылыққа жазбаша мәтіндердің шығуы себепші болған еді. Оларды меңгеру үшін, пайымдау үшін әлеуметтенудің, тәрбиенің ерекшелікті формасы талап етілді. Мәтіндерді игеру үшін мәтіндерге бататын, олардың синтаксисі мен семантикасына бататын мәтіндер мен саналы жаттығуларды қалыптастыратын ассоциациялардың үлкен қоры қажет. Білімді институттендіруде өзінің тұрақты қолдану объектісі пайда болады.

Мәтінмен оқыту еңбек және отбасы саласындағы әдеттегі қатынас жағдайларына ілесе алмайтын еді, мұндай оқуға өз аурасы қажет. Білім саласы отбасылық тәрбиемен де және тәрбиешілік институтымен де

345
«ашылады». «Мұғалім — оқушы» институты осы саланың өзегіне айналады, онда мұғалім тек шебер ғана емес, сонымен қатар ол рухани оқытушы.

Егер де адами практиканың өзге де формаларын игеру үшін тәрбие әлеуметтендірудің әртүрлі формаларынсыз жүзеге асыруға болатын болса, ғылыми әлеуметтік тәжірибені берудің жаңа тәсілі ретінде арнайы мектеп институтынсыз өмір сүруі мүмкін емес еді. Оның мәтіні басқа әлеуметтік тәжірибенің мәтінінен принципті ерекшелігі бар және өзінің жеткізу арнасының, өз «оқу шеберханасының» болуып қажетсінеді. Мектеп ғылымның генетикалық бастапқы зертханасы.

Мектеп «таза» тәжірибе алаңында жасалған жоқ, ол сынақтан өткен әлеуметтену қалпының тәсілдерін қабылдаған еді. Болашақтағы мектеп үшін әрбір салада әлеуметтік тәжірибені игеруде табылғандар, жинақталғандар құндылық ретінде алынып, келе-келе олар педагогикалық ар-

сеналды құрады. Қазіргі оқу технологияларында бұрынғы қалыптардың іздерін табу қиын емес. Осы орайда оқу және жаттығу қажетті салт жораларының элеменгі ретінде, лекция уағыз ретінде сақталған, оларда үйреншікті қолдау көрсету, ұялту санкциясы бар. Білім сатылары әдет-ғұрыптарды және соларға жалғасқан сынауды мұрагерліктен қалпына келтірген.

Мектеп - қазіргі білімнің негізгі, базалық институты. Оның өзіне тән функциясы - оқыту. Мектепті ұйымдастыру оқытушылар мен оқушылардың арасында белгілі бір өзара қарым-қатынасты бекіткен және солардан туындайтын басқа адамдармен өзара қарым-қатынастарды бекіткен. Әрбір мектепте оқытудың стандарты бар, оның міндеті оқушыларға белгілі бір деңгейде нақты міндеттерді, функцияларды атқаруға дайындау. «Тәрбиешіліктің» тәжірибелік оқу сабақтарының формасының орнына мектепте «дәрісханалық» топтық оқыту және «пәндік» оқыту жалпы толассыз оқуды жеке құрамды бөлімдерге бөлу келіп шықты.

Оқытудың басқа формаларынан мектепті әмбебаптық, көп тәртіптілік дайындық ерекшелейді. Оның өзіндік ерекшелікті педагогикалық технологиялары бар. Оның өмір сүруі, мәртебесі, қаржылық құралдармен жабдықталуын мемлекет, діни және т.б. ұйымдардың көмегімен қолдау табады. Қазіргі білім беруде мектептерді адамның жасына, функцияларына, мәртебелеріне және өзге де бөлімдеріне қарай жіктеу қалыптасқан. Оқытудың әртүрлі формаларын басқа да әлеуметтік институттар: отбасы, мәдениет мекемелері, бұқаралық коммуникация құралдары, өндірісгік-шаруашылық және өзге де қоғамдық ұйымдар жүзеге асырады. Олар мектеппен біріге отырып білім институттары жүйесін құрайды, бірақ мектеп оның базисі болып саналады.

Ұтымдылық тұрғысынан алып қарағанда тәжірибеде, мәдениетте мақсатты оқытудың формалары білім институттары орнығуы тиіс. Алайда

346
үйреншікті практикадағы сабақтар үшін пайымдауға, сендіруге, көз жеткізушілікке не жеткізеді? Бір кезеңде осы құпия белгілерге әріптерге сенген бала тұтас кейіпкерлер (образдар) әлеміне, әсерленушілік дүниесіне енетін еді.

Осы «құпия» іске асу үшін мындаған ұрпақтың рухани ізденуі, рухани практикасы қажет болды. Оқытуда технологияның тұрақтанған сыртқы әрекетін белгілеп қана қоймай, жүріп жатқан әрекеттерді жандандыру, оқуға қайсыбір қажет әрекет мәртебесін беру, идеологиялық тұрғыдан түсіндіру мәселелері тұр. Индивидуалдық «меннің» болмыстық жағдайдың мөлшерінен көбіне көп күмән тудыруға жатпайтын қасиетті бірдеме сияқты қабылдап, қауымдастықтың мәдениет болмысы кеңістігіне, оның құндылықтарына, нормаларына өту қажет. Тарихи кездейсоқтық емес, мәдениеттің табиғи даму барысы тұңғыш жазба мәтіндер сияқты алғашқы мектептерді, храмдарды дүниеге әкелді. Бұл екеуі де ерекше сенімді қажетсінеді. Сондықтан оқытушының беделіне, мұғалімге сену, ғылыми білімге, оны жасаушыларға күмән келтірмеу оқытудың міндетті элементтеріне айналған. Нені білу керектігіне әлі де болса жете салмаққауға қабі-

летсіз жас адамды оқыту үрдісінің белгісіз иррациональды, қажетті арқа сүйері - оқытушының тәжірибесіне сенім арту, оның пайдалыға үйрететін қабілетіне сену. Мұнсыз оқу жоқ.

Әрине мұндай сенімнің өзіндік әлеуметтік іргетасы болуы тиіс — бұл қоғамның білімнің маңыздылығын мойындауы деген сөз. Қоғам білімнің мәртебесін анықтайды. Мұғалімнің беделі түсе бастаған жағдайда білімнің мәртебесі және оқытудың тиімділігі «жөкқа шығарылады». Алайда мәртебе өзінен-өзі оқытушыға қажетті сенім элементтерінсіз және т.б. оқудың, ақпаратты қабылдаудың тиімділігін қамтамасыз ете алмайды.

Қазіргі білім беру білім институттарын рухани мазмұнымен толықтыруға жол салды. Оған біріншіден, оқу іс-әрекеті барысында тарихи іріктелген қатынас үлгілерін көрсетегін нормалар жатады. Олар этностың бұрынғы қол жеткен салттарының, әдет-ғұрыптарының, өнегесінің өзіндік қосындысы сияқты.

Екіншіден, нормалар ретіндегі тірі, жақын, оңай адам бейнесіндегі мұғалімнің жеке басының, тұлғалық сапаларының ықпалы жатады. Мұғалімнің бейнесінің қалыптасуы жүреді және соған сәйкес тәрбиеші, жетекші ретінде мұғалімді дайындаудың жолдары туралы түсініктер қалыптасады. Дәстүр бойынша оған оркулдан бастап ықыласты әңгімелесушіге дейінгі алуан түрлі рөлдер дайындалған. Оның қандай көзқарас ұстағанына орай оқушыда қандай «Меннің» оянуы, бөтен адамның еркін тыңдауға немесе өзінің іс-әрекет сеніміне талаптануға, өзін-өзі көрсету құмарлығы қандай құндылықтарға бағындырылуына көп байланысты болады.

347

Үшіншіден, тұлғаның нормалық үлгісі, білім институты өз мақсаттарын өз іс-әрекеттерінің жемісін байланыстыруға дайын болуы жатады. Ол адамға қандай білім беруге өзiр? Кез келген оқыту оқушының алдына руханилықты өнерден, діннен, тарихтан, философиядан, ғылымнан іздеуді ашып, гуманитарлық жағдаймен қоса жүреді, оқушының еркіндігінің көкжиегін белгілейді. Сонымен бірге бұл нормалық үлгі болашақты мәңгі елестегіп шарқ ұрғызбай, ол адамның балалық, жасөспірім, есейген шағында өз проблемаларын шешуге көмектесіп, әлеуметтенудің әр кезеңдеріне сәйкес өтуі тиіс.

Соңында айтарымыз, білімдегі рухани ахуал, идеялық тәрбие, оқу үрдісіне тән рухани әлем жасап қана қоймайды, сонымен қатар оның ағыстары басқа да рухани өмір салаларымен қосылады, тұрақты білімге - мәдени жаңарудың эскалаторы ретінде өз бетінше білімін көтеруге деген қажеттілікті қалыптастырады.

Білімнің руханилық даңғыл жолы — интеллектуалдық, өнегелік, эстетикалық ізденістерге кеңістік ашу арқылы, адами мәдениеттің руханиаттылығына «Менге» жету арқылы индивидуалдыққа тәрбиелеу. Бұл адамның тікелей ішкі өлеміне бағытталған. Ол мәдениеттің ережелеріне арқа сүйейді, олар, сайып келгенде адамның, қоғамның рухани қалпы үшін жауапты. Бұл — дін, өнер, ғылым. Сонымен қатар, олардың әрқайсысының ықпал етуі шектеулі, адам өмірінің мейлінше тар кеңістігі өзіне тиесіліні

камтиды, өр кезде жан сырластығын қанағаттандыра бермейді, ал басқа жағдайларда адами рух үшін тек клеткалар жасайды. Бұл кеңістіктің шеңбері жақын отбасылықтан сословиелікке, этникалық құндылықтарға, жалпы адамзаттық құндылықтарға өтіп отырады.

4. Білім жүйесінің құрылымы

Білім жүйесінің құрылымы тұрақты элементтердің жиынтығын көрсетіп, олардың өзара өрекеті бүкіл қоғамдағы білім берудің институттық өмір сүруін қамтамасыз етеді. Бұл жүйенің құрылымы білімнің әлеуметтік зерттеу объектісі ретінде қарастыруға толық мүмкіндік береді. Мұндай толық суретті қалпына келтіру үшін білім саласының тұрақты түрде алуан түрлі элементтердің топтарын қамтитынын мойындау қажет. Әрбір осындай топ өзіндік құрылымды құрайды, олар бірігіп сол қоғамның тұтас білім жүйесін қалыптастырады.

Білім жүйесіне құрылымдық талдау жасауды бастағанда әдетте оның мекемелерінің жиынтығын, мекемелік құрылымын бөліп көрсетеді. Алайда білім беру мекемелері білім жүйесінің ұйымдық құрылымының бірін ғана құрайды, талдауды олардан бастаудан гөрі оның формальды ұйымдық құрылымына қатысты бірінші болып саналатын жүйешелердің жиынтығынан бастаған жөн. Солардың бірі функционалды жүйешелер. Егер де қазіргі мектептің немесе университеттің құрылымына жүгінетін болсақ мұның өмір сүруі және білім институттарының өрекегіндегі маңызды рөлі ешбір дау тудырмайды, таза оқу бөлімдерімен қатар (сыныптар, дәрісханалар мен зертханалар) жекелеген мекемелерде және жалпы білім жүйесінде міндетті түрде басқа да бөлімшелері болады. Олар өздерінің маңыздылығы жағынан соңғы қатарда тұрған жоқ, оларға оқу үрдісінен де тіптен жиірек үлкен маңыздылық беріледі.

Білім беруде келесі функционалды жүйешелерді бөліп көрсетуге болады:

- әр деңгейдегі басқару және үйлестіру (мектеп дирекциясы, білім берудің аумақтық органдары, жоғары оқу орындарының ректораты, министрлік және т.б.);
- қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесі (күрделі құбылыс, оқу жабдықтарымен қамтамасыз ету және т.б.);
- қызметтің ғылыми негіздерін жасауға, соның ішінде білім негіздерін дайындауға жауапты жүйе (салалық ғылыми-зерттеу институттары, кафедралар, әдістемелік бірлестіктер және т.б.);
- мамандар дайындау және олардың білімін көтеру жүйесі (педагогикалық колледждер, факультеттер және жоғары оқу орындары, педагогикалық шеберлікті көтеру орталықтары және т.б.);
- оқу-тәрбие қызметінің жүйесі (білім беру үрдісі және оның тікелей жабдықталуы - оқу сыныптары, зертханалар, кітапханалар және т.б.);
- әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету, рекреация жүйесі (мекеме ішіндегі рекреативтік зоналар, балалардың денсаулығын жақсарту

лагерьлері, профилакторийлер және т.б.);

- әлеуметтік-мәдени даму жүйесі (балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталықтары, студенттік клубтар, сабақтан тыс жұмыс бөлімі, ведомстволық мұражайлар және т.б.);

- білім жүйесін дамытуға қатысатын қоғамдық бірлестіктер (кәсіп-одақтар, студенттік одақтар, ата-аналар комитеттері және т.б.);

Бұл жүйешелерде көбіне көп білім (оқу-тәрбие) қызметі үшін нормативтер жасалынады және соңғыға бақылау орнату функциясы шоғырланады. Осы аталған жүйешелердің көпшілігі оқу үрдісін сыртқы институттармен және қоғам салаларымен (экономика, техносала, мемлекеттік идеология, саяси мәдениет, қоғамның басым мәдениеті және оның

1. Современная социология образования. Отв. ред. А. М. Осипов, В. В. Тумалев. Ростов на Дону, 2005. С. 85.

349

субмәдениеті және т.б.) өзіндік ерекшелікпен байланыстырады, сыртқы институттар құндылықтары мен қатынастарының оқу үрдісіне қажетті енулерін қамтамасыз етеді. Сондықтан оқу үрдістері мен қатынастары сыртқы күштердің және стереотиптердің күшті ықпалына түседі, мысалға, бюрократия стереотиптерінің, тұрмыс, еңбек тазалығы мен демалыс мәдениетінің, техникалық мәдениеттің ықпалын айтса да жеткілікті.

Жоғарыда келтірілген жүйешелер көпшілігінде формальды ұйымдар сипатында болады. Олардың ішкі тік және көлденең байланыстары бар, олардың жиынтығы ведомстволар мен мекемелердің кең жүйесін құрайды.

Білім мекемелері білім жүйесіндегі салыстырмалы түрдегі өз алдына жеке құрылымды көрсетеді. Алайда олар өз кезегінде бірнеше негіздер бойынша құрылымдарды құрайды:

- білім беру деңгейі бойынша (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, жоғары, дипломнан кейінгі және т.б.);

- стандарттаудың және біліми табыстарды құжаттандырудың сипаты бойынша (еркін тыңдаушылар үшін мекемелер, алған сертификатына қарай білім беру және т.б.);

- меншіктік формасы мен мекемелердің жататын ведомстволары бойынша (жеке меншік, мемлекеттік, муниципальдық, қоғамдық бірлестіктер);

- мекемелердің азаматтық ұйымдастырылуы сипаты бойынша (ашық, жабық және т.б.);

- білімдік дайындықтағы жетекші пәндердің бағыты бойынша (жалпы білім беретін, арнайы, кәсіби және т.б.);

- білім беру үрдісін ұйымдастыру формасы бойынша (күндізгі, сырттай, дистанциялық және т.б.);

- білім дамуының типі бойынша (коррекциялық, мүгедектер үшін, көпшілікке арналған, элиталық, интенсивті);

- «нормальды» және балама (жетекші мәдени тұжырымдамалар

мен педагогикалық технологиялардың сипаты бойынша)

Әлеуметтанушылардың әдеттегі көңіл аударатын білім беру мекемелерінің алуан типтілігі салалықпен және деңгейлікпен ғана шектеліп қалмайды. Жоғарыда айтылғандардың бәрі нақты білімдік қауымдастықтардың және олардың өкілдерінің әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық қоғамдық жүйедегі жағдайын сипаттап қана қоймай.

1. Современная социология образования. Отв. ред. А. М. Осипов, В. В. Тумалев. Ростов на Дону, 2005. С. 86-87.

350

сонымен бірге білім беру үрдісінің бүкіл ішкі әлеуметтік ұйымдасуына әсер береді. Сондықтан мекемелердің объективті әлеуметтік типтелуі білім жүйесі құрылымының маңызды элементі болып есептеледі.

Формальды ұйымдармен немесе мекемелер күйінде беріліп жоғарыда келтірілген құрылымның екі түрінен ерекшеленетін білім жүйесінде қалыптасқан қызметтік және процессуальді (іс жүргізу) сипатындағы айрықша құбылыстар бар, олар көбіне көп бір-бірімен синтезден байқалады, бірін-бірі толықтырады. Сондықтан оларды функционалдық салаларға жатқызуға болады.

Бұл салалардың дербестігі көп жағдайда салыстырмалы түрде ғана. Олардың мекеме мәртебесін иеленбеуі де немесе қайсыбір ерекше формаларының болмауы да мүмкін (мысалы, сабақ формалары). Алайда, мақсатты қызметте олар қисынды ерекшеленген және білім берудің жүзеге асыратын мақсаттарына сәйкес немесе жағдайға байланысты бір-бірімен үйлесуі ескеріледі, қолданылады.

Білім берудің негізгі функционалдық салаларына мыналарды жатқызуға болады:

- өз бетінше білімін көтеру (индивидтің көбіне-көп өзі жасайтын және ұйымдастыратын) және білім беру (мекеме, сыртқы жүйе ұйымдастыратын);
- көпшілікке, топқа және жеке адамға арналған білім беру;
- интеллектуалдық, гуманитарлық (адамгершілік, саяси, эстетикалық), политехникалық (еңбек, кәсіби), жаратылыстану ғылымдары, физикалық білім);
- іргелі-ғылыми және қолданбалы білім.

Білім әлеуметтануының міндеттеріне осы салалардың әлеуметтік себептерін және олардың қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуін, бұл салалардың оқу үрдісін ұйымдастырудағы рөлі мен орнын, олардың алдыңғы қатарлы білім технологиясының мақсаттары мен құралдарына сәйкестігін, олардың оқыту практикасындағы нақты арақатынасын зерттеуді енгізуге болады. Сөйтіп жеке адам мен көпшілікті оқыту формасының нақты арақатынасы, жас мөлшерімен және әсіресе көпшілікпен элитарлық білім арасындағы айырмашылықтарды сараптауға қатысты жалпы білім берудің ішкі мамандануының әлеуметтік негізділігі, білімнің көлемі өзекжарды мәселе болуы мүмкін.

Білім беру жүйесінде индивидтердің және топтардың жіктелуіне сол

қоғамда орныққан кешенді әлеуметтік (экономикалық, демографиялық, мәдени және құқықтық) өзгерістер себепші болып отыр. Мұндай жікте-

1. Современная социология образования. Отв. ред. А. М. Осипов, В. В. Тумалев. Ростов на Дону, 2005. С. 87-88.

351

лудің негізделуін шетелдік әлеуметтанушылар көбіне-көп жекелеген топтардан: орта мектепті бітірушілерден, студенттерден, мұғалімдерден іздестіруде. Шындығында жіктелу аса күрделі сипатта жүреді және оның негізделуі сол қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік теңсіздік жүйесімен ғана емес, сонымен қатар білім жүйесінің өзіндік құрылымының ерекшеліктерімен де байланысты болады.

Білімдік қауымдастықтарды қалыптастыру үшін және қисынды ерекшелік үшін жетекші өлшем болып білім қызметінің түрлері және соған сәйкес білім жүйесіндегі әлеуметтік мәртебелері саналады. Осы өлшем тұрғысынан алғанда жалпы оқушылар мен оқытушылар топтары ерекшеленеді. Алайда бұл бөліну әркезде созылмалы болған және соңғы уақытта біржақты болудан қалып барады.

Қазіргі қоғамда мұғалімнің өзі, көп жағдайда, бүкіл кәсіби ғұмыры барысында оқушыға айналып кеткен.

Білім беру үрдісінде негізінен әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-кәсіби қауымдастықтар өзара әрекет етеді.

Тұрақталған мәртебелік құрылымды кәсіби қауымдастықтар қалыптастырады. Қоғамдық білім беру жүйесіндегі индивидтердің формальды функционалдық қызметі кез келген бюрократиялық ұйымдағы сияқты, көбіне көп индивидтердің ұстанымдарының иерархиялық ұйымдастырылуына байланысты болады.

Кәсіби қауымдастықтар өзара байланысқан бірқатар негіздер бойынша жіктеледі:

- қызмет лауазымы бойынша (басқарушы-бағынушы, негізгі-қосалқы және т.б.);

- арнайы кәсіби бағыттары бойынша (физиктер, гуманитарлар, биологтар және т.б. пәндік мамандану);

- біліктілік деңгейі бойынша (академиктер, профессорлар, доценттер, ассистенттер және т.б.);

- олардың білім беру жүйесінің салалық және деңгейлік құрылымында алатын орыны бойынша (әртүрлі типтегі мекемелерінің кіруі).

Әлеуметтік-демографиялық белгілер де білімдік қауымдастықтарды қалыптастырудың маңызды негізі қызмегін атқарады. Оған мына фактілерді айтуға болады:

- қалаларда жоғары деңгейлердегі формальды білім берудің әлемдік көлемде шоғырлануы;

- формальды білімге жастардың жаппай тартылуы;

1. Современная социология образования. Отв. ред. А. М. Осипов, В. В.

Тумалев. Ростов на Дону, 2005. С. 90.

352

- білім жүйесіндегі кәсіби-лауазым мәртебесінің адамның жасына және жынысына тәуелді болуы;

- педагогикалық кадрларда феминизация ағымының тұрақтылығы

Білімнің құнды-мазмұнды құрылымы білім жүйесіндегі дамыған кәсіби және әлеуметтік, нақты интеллектуалдық құндылықтардың мазмұны туралы түсінік береді. Оның элементтері стандартты кешендер мен академиялық пәндерден, оқу жоспарларынан ғана тұрып қоймайды, стандарттан шығып кететін оқытушының кәсіби қызметінің индивидуалдық сипатына байланысты болатын оқу үрдісінің нақтылы құнды мазмұнынан да тұрады.

Білімнің құндылық мазмұнын талдау білім жүйесінде қабылданған әлеуметтік-мәдени типтерді ұқсастыруға мүмкіндік береді.

Білімнің технологиялық құрылымы қолданылатын білімдік технологиялардың жиынтығын қамтиды. Ол алуан түрлі нақты әдістемелерден, арнайы әдістерден, техникалық құрамдардан және әлеуметтік-ұйымдық технологиялардан тұрады.

Сайып келгенде, білім жүйесінің құрылымын функционалдық жүйешелер мен білім салаларының арақатынасы, әлеуметтік-білімдік қауымдастықтардың сипаты мен өзара әрекеті, сондай-ақ білімдік қызметтің құндылықты мазмұндары мен тәсілдері анықтайды.

5. Білімнің әлеуметтік мақсаттары мен атқаратын міндеттері

Өзінің жалпы міндеттері тұрғысынан білім саласы адамға мәдениеттің табыстарын тарату функциясын атқара отырып, сонымен қатар қазіргі оқу жүйесі басқа да алуан түрлі функцияларды жүзеге асырады, солардың ішінде адамның және қоғамның көптеген өмірлік міндеттерін шешудің әмбебап механизмі қызметін атқаруы аса маңызды.

Білімге тарту, оның қайсыбір формасына қатыстыру негізінде адамда, әлеуметтік топта индивидуалдық пен әлеуметтік мобильдік үшін алғы шарттарды қалыптастырады. Білім өзінің әлеуметтік мобильдік функциясын жүзеге асыра отырып, өзінің көптеген құралдарына арқа сүйейді. Оның адамды селекциялау, таңдау мүмкіндіктері бар және ол адамды қайсыбір мамандық пен әлеуметтік қызмет формаларына ұмтылдырады, себебі білім осындай ұмтылуды қалыптастыруды мақсат етіп қызмет атқарады. Адамның оқудағы қол жеткен табысы оның еңбектегі, әртүрлі әлеуметтік іс-әрекеттегі тиімділігін әркезде алдын ала анықтай алмайды, алайда қоғам білім институттарына, олардың дайындау сапасының сертификатына сенуге үйренген. Айталық, қайсыбір бос орындағы лауа-

1. Современная социология образования. Отв. ред. А. М. Осипов, В. В. Тумалев. Ростов на Дону, 2005. С. 90.

353

зымды қызметке алуда оқу орнын бітірген дипломдардың, аттестаттар-

дың салмағы айтарлықтай.

Білім жүйесі өзінің оқушылар контингентін таңдайды, селекция жасайды. Бұрындары тіптен бастауыш білім формаларында оқу ашық емес еді, осымен байланысты білім алуға қоғамның кейбір әлеуметтік жіктерінің ғана қолы жеткен. Алайда қазір де білімнің көптеген түрлері әлі де қол жетерлік нәрсе емес. Оқу орнына қабылдау кезіндегі таңдау әртүрлі әлеуметтік топтар үшін әр кезде тең мүмкіндіктер жасай бермейді. Протекционизм саясаты мемлекеттік дейгейде (мысалы, жұмысшы және шаруалар), сословиелік оқу орындары арқылы жүзеге асырылады.

Кейде протекционизм элементтері әдейі істелген әрекеттер арқылы да көрініп қалады. Осы тұрғыдан алғанда ағылшын және американдық әлеуметтанушыларының бақылаулары айтуға тұрарлықтай, олар кәсіптік бағдар беруде тестілерді қолданудың кей уақытта қателікке соқтыратынын дәлелдеді. Әйтсе де олар адамның қабілеттерін белгілі бір түрде бейнелеудің көшірмесін берді, - бірақ олардың әдістемелері айтарлықтай дәрежеде зерттеушілердің тілдік мәдени қалпын көрсетіп берді, әсіресе белгілі бір тіл лексикасының (мысалы, ағылшын) жағдайын айқындап шығу мүмкіндігі зор. Өз кезегінде адамның тіл мәдениетінің қалпы әдетте оның өмірінің әлеуметтік жағдайына байланысты да болады: мүлкі аздардың арасында тіл мәдениетінің даму мүмкіндігі халықтың қамтамасыз етілген жіктеріне қарағанда әлдеқайда шектеулі. Басқа мәдениеттің, этникалық қауымдастықтың өкілдері үшін мәтінде қолданылмайтын лексиканы нақты меңгеру көптеген қиыншылықтарды туғызады. Сонымен қатар тіл мәдениетінің қалпы адамның интеллектуалды қызметке, жекелеген кәсіби істерге қабілеттілігін толық дәрежеде сипаттай алмайды.

Оқу орындары бағдары бойынша да және оқу сапасы бойынша да ерекшеленеді, бұл жағдай олардың көбіне-көп қаржысына, материалдық-техникалық базасына, оқытушылардың құрамына тәуелді болып келеді. Оқу орнының мәртебесіне оның тарихы, дәстүрлері көп рөл атқарады. Барлық елдерде аса мәртебелі білім орталықтары бар, олардағы білім жоғары бағаланады және бітірушілердің мансабындағы пұрсатты әлеуметтік мәртебесінің кепілі қызметін атқарады. Бастауыш білім беретіннен бастап жоғары білім беретін осындай мәртебелі оқу орындарының сатылары тұтас элитарлық білім жүйесі болып саналады. Жаңа және қазіргі замандағы таптың, әлеуметтік теңсіздіктің сақталуындағы (немесе, керісінше жоюда) білімнің рөлі саяси қозғалыстардың бағдарламалық ережелеріне енген, мемлекет саясатының маңызды бөлімін құраған.

Мемлекеттің білім саласындағы көздеген мүддесі оның әлеуметтік мобильдік үрдісіне ықпал етуімен, қоғамның қайсыбір әлеуметтік-таптық

354 құрылымын қолдауымен байланысты ғана емес. Білім институттары жауапкершілігі зор әлеуметтік бақылау функциясын атқарады. Мектеп негізінен құқық, азаматтық қоғам институттарының нормаларын түсінуге және құрметтеуге қабілегі бар заңды тындайтын азаматтарды тәрбиелейді.

Қазіргі уақытта функционалдық сауаттылықтың белгілі бір деңгейі тек өндіріс үшін ғана қажет емес, сонымен бірге қазіргі көлік, коммуникация, тұрмыс құралдарының инфрақұрылымын пайдалануда аса қажет. Функционалдық сауаттылықтың болмауы (электр, химия және басқа да қатерлі құралдардың қауіпсіздік ережелерін білмеу, қозғалыс ережелерін, ақпарат жүйелерін қолданудың ережелерін, тазалық ережелерін және т.б. білмеу) қазіргі замандағы адамның денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіреді, апатқа әкеп соғады.

Мектеп өзінің ерекшелікті педагогикалық құралдары мен өскелең ұрпақтың мінез-құлқына және тәрбиесіне тікелей әлеуметтік бақылау орнатуды жүзеге асырады. Білім тарихына үңіле отырып, ежелгі грекия мектебі қадағалау функциясына, уақытты өткізуге бақылау жасау міндегіне, балалардың даму барысына бақылау орнату функцияларына жетекші рөл бергеніне көз жеткізуге болады.

Қазіргі білім жүйесі мәдениеттің үлгілерін бір ұрпақтан екінші ұрпаққа, бір саладан екінші салаға жеткізіп қана қоймайды. Ол қоғамның мәдени қазынасын сақтаушы және генератор функцияларын да атқарады. Білімнің негізінде ғылым дамуда, әсіресе оның іргелі бағытты дамып отыр. Білім мен өнер айтарлықтай бір-біріне ыспал етеді, олардың қызметінің басым бөлігі үйлесімді дамыған адамды тәрбиелеуге бағытталған. Оқу үрдісіне бұқаралық ақпарат құралдары да кеңінен тартылған.

Оқытушылардың интеллектуалдық қуаты, оқыту практикасы, бүкіл білім жүйесі мәдениеттің маңызды қорып құраушы іспетті. Алайда, кейінгі жылдары білім саласының ресурстарына деген сұраныстың тым азайғаны байқалады, бұл білім саласы қызметкерлерінің табыс деңгейлерінің төмендеуінен, оқу орындарының материалдық-техникалық, ақпараттық базаларының өндіріс саласы мен халыққа қызмет көрсету саласы базаларынан артта қалуынан көрініп отыр. Білімнің мақсаттары туралы қоғамдық пікірдегі әртүрлі түсініктердің арасынан көп жағдайда тұрақтылығын сақтаған үш моделді (міндетті) бөліп айтуға болады. Оларды қолда бар мемлекеттік нұсқаулардан, педагогикалық әдебиеттерден көру ешқандай қиындық туғызбайды.

Бірінші модельге оқушыларға жинақталған мол тәжірибені, мәдениет табыстарын барынша толық жеткізуге, беруге, осы мәдени базисте оқушылардың өз тағдырын белгілеуге көмек көрсетуге, олардың бойындағы күшқуатты соған жұмылдыруға бағытталған экстенсивтік модель жатады.

355

Екінші үлгіге оқушыларды әлеуметтік қауымдастықтың дамуына және өздерінің жеке бастарының дамуына қолдау көрсететін қызмет түрлеріне дайындауға бағытталған өнімді үлгіні жатқызуға болады.

Үшінші модельді оқушылардың әмбебап сапаларын дамыту негізінде олардың белгілі бір жұмысты меңгеруге дайыш болуды қалыптастырумен қатар, оларды тұрақты жетілдіруге, өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға дайын болуды машықтандыруға негізделген интенсивгі үлгі бар.

Бұл үлгілердің өрқайсысы білімнің маңызды мақсаты болуға ұмтыла

тыны дау тудырмайды. Әлбетте олардың үйлесімділігі мен білімнің жалпы функцияларын жүзеге асыру мүмкін болады. Шындығында мәдени мұраларды меңгермейінше қоғамдық прогресті қолдау, әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыру мүмкін емес. Алайда адамзаттың бүкіл тәжірибесін, мәдениеттің тіптен аса маңызды қол жеткен табыстарын меңгеру жүзеге асатын міндет пе?

Бұл білімнің ғана міндеті емес, ол мәдени әрекеттің барлық формаларының міндеті екенін айтқан жөн. Сонымен бірге мәдениетте адамзаттың көптүрлі әрекеті, алуан түрлі ерекшеліктері және адамның жеке табыстары көрініс береді. Әрбір жеке адам әмбебап қабілеттерді меңгерсе де ол осы алуан түрлілікті қамти алмайды, мұндай байлықты сіңіріп кетуге қабілетсіз. Алайда осындай бірегей мүмкіндік болған күннің өзінде де оқу мерзімі шамадан тыс артқан болар еді. Біз осындай негізсіз оқу мерзімдерін ұлғайту тенденциясын жиі байқап жүрміз. Егер де біз осындай міндетті әлеуметтік қауымдастық, оның ұрпақтарының шеңберінде шешуді қарастыратын болсақ, осы міндетті шешуді жеке-жеке әлеуметтік топтарға бөлетін болсақ, онда мәдени құндылықтарды осылайша беру олардың артуына немесе тек сақталып қалуына соқтыра ма деген мәселе белгісіз болып қалады. Субъектінің мәдени әрекет құрылымының формалары мен түрлерін тарихи мұра етеді және білім жүйесі субъектінің өмірлік маңызды әрекетке қосылуына дайындау функциясын өзіне алады.

Білімнің интенсивтік үлгісін, өздерінің әрекеттерін, білім беру жүйесінің тиімділігін салыстыратын ең жоғарғы міндет ретінде және жетекші бағыт-бағдар ретінде қарастыруға болады.

Әрекеттің нақты түріне субъектіні дайындаудың мақсаты, оның анық нұсқасын жасап, соған жетуді көрсетеді. Дайындау бұл дегеніміз: белгілі бір әрекетке әзірлікті тандау, қалыптастыру, бағып-бағдар, бейімделу, талаптану, коммуникация, қайсыбір әрекет формаларының, оның салаларының құндылықтарының өнімділігін арттыру механизмдерін дамыту, жәнге салу.

Сайып келгенде, білім әлеуметтануының ғылымның жеке саласы болып бөлініп шығуы, білімді әлеуметтік тұрғыдан қарастыруда шешуші рөл атқарып отыр.

ОН БЕСІНШІ ТАҚЫРЫП

ӘЛЕУМЕТТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Әрбір маңызды іс ұқыпты да терең ойластырылған дайындықты талап етеді. Бұл ешбір күмән тудырмайтын шындық. Әлеуметтанулық зерттеу де дәл сондай. Зерттеу нәтижесінде алынған ақпараттың сенімділігі, құндылығы оған жан-жақты дайындалуға күш салумен тікелей байланысты. Соңдықтан әртүрлі әлеуметтік құбылыстар мен процестерді әлеуметтанулық сараптаудың әдістеме және практикалық тәсілдерін меңгеру күнделікті әлеуметтанулық жұмысқа жоғарғы деңгейдегі дайындықты қамтамасыз етегін ғылыми ережелерді игеруді қажетсінеді.

Әлеуметтанулық зерттеуге дайындық - әртүрлі жұмыстардан, ғылыми процедуралар мен операциялардан тұратын процесс. Зерттеудің сенімді теориялық негіздерін қамтамасыз ету қажет, оның жалпы логикасын ойластыру керек, ақпарат жинау үшін әдістемелік құжаттар әзірлеу керек, әлеуметтік құбылыстар мен процестерді пайындауға қабілетті және әлеуметтанулық мәліметтерді сараптауға қабілетті зерттеу тобын құру қажет. Зерттеуді ұйымдық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді қарастыру керек, зерттеу барысында пайда болатын мәселелерді жедел шешуге дайын болу қажет. Бір сөзбен айтқанда әлеуметтанулық зерттеуге дайындық жұмысының бүкіл көлемі соған қойылатын талаптарға сәйкес орындалғанына сенімді болған кезде ғана кірісу керек.

Осыны ескере отырып, бұл тақырыпта әлеуметтану зерттеуінің дайындық кезеңінің маңызды мәселелерін қарастырудан бастаймыз.

1. Әлеуметтік зерттеудің құрылымы, кезеңдері мен элементтері. Әлеуметтану зерттеулерінің бағдарламасы

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік процестер мен құбылыстарды жете білу және оларды жан-жақты зерттеу үшін методология мен әдіс (метод), әдістеме (методика) міндетті түрде қажет. Әлеуметтанудың методологиясын әркім әрқалай түсінеді. Методология ұғымы гректің «метедос», яғни таным тәсілі және «логос», яғни ілім деген мағына беретін сөздерінен тұрады. Бір сөзбен айтқанда, методология ғылыми зерттеулер принциптерінің жүйесі. Эмпириктер методология туралы айтқанда оны техниканың

1. Ядов В. А. Стратегия социологического исследования. Описание, объяснение, понимание социальной реальности. М.: Добросвет, 2000. С. 53.

357

жиынтығы және әлеуметтікті талдаудың жәні ретінде пайымдайды. Теоретиктер методологиды әлеуметтікке жету үшін арнайы әдіс, әдістеме және техниканы дайындау мен тандауды қажетсінетін әлеуметтік шындық туралы белгілі бір пікірлер жүйесі ретінде қарастырады. Әлеуметтанушы эмпириктердің методология жөніндегі түсіндірмесі олардың әлеуметтану зерттеулерінде теорияның орны мен рөлін белгілі бір деңгейде жете бағаламауынан немесе олардың қолдануға жарамайтын теориялық тұжырымдамалардан бас тартуға тырысуынан туындағанын көрсетеді. Теоретиктердің методология туралы түсінігі теориялық зерттеулерді эмпирикалық ізденістермен тығыз байланыс орнатуға бағыттайды. Бірақ осы байланыс жөнінде тіс жарып ештеңе айтпайды. Сондай-ақ методология туралы әлеуметтану зерттеулерін теориялық және тәжірибелік деңгейлерде ұйымдастыру мен жүзеге асырудың алғышарттары мен принциптерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Әлеуметтік зерттеудің теориялық және эмпириялық («эмпирия» - грек сөзі, «тәжірибе» деген мағына береді. Бұдан әрі тәжірибелік деп жазылады) типтері бар. Тәжірибелік зерттеу іргелі және қолданбалы болып

екіге бөлінеді. Іргелі әлеуметтік зерттеудің басты мақсаттарының бірі зерттеліп қаралатын пән жөніндегі ғылыми түсінікті жетілдіру мен дамыту болып саналады. Қолданбалы зерттеу нақты бір әлеуметтік проблеманы шешуге арналады.

Қолданбалы зерттеудің социоинженерлік сипатта болуы оның теориялық зерттеуден айырмашылығы бар екендігін де ашып көрсетеді. Өйткені соның нәтижесінде әрекет етудің нақты бағдарламасы жасалады.

Оны жүзеге асыру зерттелген проблеманы практикада шешуге бағытталады. Саясаттанушылар мен саясаткерлер, заңгерлер мен басқарушылар, экономистер мен бизнесмендер және басқа да социогуманитарлық бағдардағы мамандар эмпириялық әлеуметтану зерттеулерінің нәтижесінде алынатын ақпараттарды белсенді тұтынушылар болып саналады. Сол ақпараттарды қолданып отырып, олар өздерінің практикалық және теориялық сипаттағы кәсіби мәселелерін шешеді.

Нақты әлеуметтік зерттеулер жалпы ғылымдағы зерттеулерге тән кейбір элементтерді қамтады. Бұл элементтерге, біріншіден, объект жатады, ол әлеуметтік шындықты (ақиқатты) бейнелейтін құбылыстар мен процестерден тұрады; екіншіден, субъект жатады, бұл әлеуметтанушы немесе әлеуметтанушылар тобынан тұрады; үшіншіден, нақты міндеттерді шешуге бағытталған зерттеудің мақсаты жатады; төртіншіден, ғылыми, техникалық, ұйымдық құралдар саяды; бесіншіден, зерттеу қорытындылары жатады.

Бүгінгі күннің назар аударарлық әлеуметтік құбылыстар тұрғысында жаңа білім алуға бағытталған қызмет түрін әлеуметтану ғылымының 358

зерттеуі деп атайды. Әлеуметтік құбылысқа өндірістегі жағдай, қайсыбір мәселелер жөніндегі қоғамдық пікір, т.б. жатады. Мұндай құбылыстарды зерттеу нәтижесінде олардың пайда болу себептері жөнінде жаңа ақпараттар алынады. Ғылыми ізденіске кіріспестен бұрын нені зерттейміз, кімдерден ақпарат аламыз, зерттеуді қай жерде өткіземіз, т.б. сауалдарға жауап қайтаруымыз керек. Осыған орай зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде оның бағдарламасы мен әдістері дайындалады, ғылыми ізденістің бүкіл процесін ұйымдастыру мұқият ойластырынады, сұрыптау (кімдер зерттеледі) белгіленеді. Екінші кезеңінде адамдардың сол мәселе жөніндегі пікірлерін анықтайтын ақпарат жинақталады. Үшінші кезеңде алынған ақпарат қолмен немесе машинамен өңдеуден өткізіледі. Төртінші кезеңде алынған ақпаратқа ғылыми талдау жасалады. Бесінші кезеңде алынған ақпарат қорытындыланып, оның нәтижесіне орай шешім қабылданады. Зерттеу жұмысының барлық кезеңдері зерттелетін процестер мен құбылыстар жөнінде ақиқатты анықтайтын мәліметтер алу мақсатына бағындырылғандықтан, олар бір-бірімен өте тығыз байланыста

Әлеуметтану зерттеуі ғылыми ізденістің күрделілігіне қарай: барлаушылық, суреттемелік, талдаушылық болып үшке бөлінген.

Бұлардың арасында талдаушылық (аналитикалық) зерттеу әдісі күрделісі болып есептеледі. Ол терең ойластырылған бағдарламаны және тексерістен өтіп сыналған құралдарды (анкета, т.б.) қажет етеді. Талдаушы-

лық зерттеу әдісі кезінде зерттелетін құбылыс суреттелумен қатар оны тудырған басты-басты себептер де анықталуы керек.

Суреттемелік зерттеу ізденістің өте қарапайым түрі болып есептеледі. Мұның басты мақсаты — зерттелетін құбылыс пен оның құрылымдық элементтері жөнінде мағлұмат алу.

Зерттеудің кеңінен тараған түріне барлаушылық зерттеу жатады. Ол күрделі бағдарлама дайындауды талап етеді, алайда шамалы көлемдегі зерттеу құралдарын қолданып, шағын топтарда сауалнама жүргізу мүмкіндігін сақтайды. Зерттеудің бұл түрі жедел ақпарат алуға бағытталған. Оның артықшылығы да осында. Мұндай зерттеуде қайсыбір терең процестер және олардың пайда болу себептері қарастырылмайды, керісінше, көзге көрініп тұрған ақпараттар жинақталатын болады.

Зерттеу жұмысын бастау үшін оның бірінші кезеңінде дайындық жұмыстары қолға алынады, әлеуметтік зерттеу бағдарламасын әзірлеу басталады.

1. Здравомыслов А. Г. Методика и процедура социологических исследований. М., 1989. С. 44.

359

Ғылыми ізденістің жолдарын көрсететін және әдістеме шарттарын қамтитын құжаттарды зерттеу бағдарламасы деп атайды. Бағдарлама методологиялық, әдістеме, зерттеуді ұйымдастыру тарауларынан тұрады:

- методологиялық тарауда проблема және оның тұжырымы, зерттеу мақсаттары анықталып, міндеттері белгіленеді, объектісі мен пәні айқындалады, зерттеуде қолданылған негізгі ұғымдары анықталады, көз емел (гипотеза) құрылады;

- әдістеме тарауында зерттеуге түсетін адамдарды сұрыптау негізделеді, мәліметгерді жинақтау және оларды өңдеу және талдау әдістері белгіленуі тиіс;

- зерттеуді ұйымдастыру тарауында зерттеушілердің жалпы саны және олардың арасындағы еңбек бөлінісі, зерттеудің мерзімі, реті, т.б. көрсетіледі. Бағдарламаның атқаратын міндетін оның үш тарауы қамтыған мәселелер анықтайтын болады.

Бағдарламаны әзірлеу жұмысы зерттеу проблемасын анықтаудан басталады. Шешім дайындау мақсатында жедел талдауды талап ететін жағдайды әлеуметтік проблема деп атайды.

Жалған проблема жасаудан аулақ болу керек. Нақты жағдайды көрсете алмайтын немесе бұрын шешімін тапқан мәселелерді жалған проблема деп атайды. Мұндай қателіктерге жол бермеу үшін зерттеушінің ғылыми ой-өрісі кең, өмірден түйгендері терең әрі мазмұнды болуы керек.

Әлеуметтануда әлеуметтік проблемалар бес белгіге: 1) зерттеудің мақсатына орай; 2) проблеманы алға қарай алып жүрушілерге сәйкес; 3) проблеманың таралу көлеміне орай; 4) қарама-қайшылықтың әрекет ету уақытына қарай; 5) оның тереңдік деңгейіне байланысты топтасады.

1. Зерттеудің мақсатына сәйкес проблемалар гнесологиялық (таным-

логикалық) және пәндік сипаттағы деп ажыратынады: а) гнесологиялық проблемалар әлеуметтік құбылыстар мен процестердің жай-күйі туралы, олардың өзгеріске ұшырау тенденциялары жөнінде ақпараттың жеткіліксіздігінен туындаған мәселелер. Бұл жердегі проблемалар білімнің жеткіліксіздігінен туындайды; б) халықтық белгілі бір топтарының, әлеуметтік институттардың мүдделерінің өзара қақтығысуы салдарынан пайда болуын, оларды түрлі әрекеттерге итеретін және олардың өмірін тұрақсыздандыратын қарама-қайшылықтарды пәндік проблемалар деп атайды.

2. Өзін «алып жүрушісіне» орай проблемалар әлеуметтік-демографиялық, ұлттық, кәсіптік, саяси және басқа да топтардың, әлеуметтік институттардың, өнеркәсіп орындарының, мемлекеттік мекемелердің, т.б. мүдделеріне қатысты қарама-қайшылықтарды айқындайды.

3. Таралу көлеміне қарай әлеуметтік проблемалар: аудандық, қалалық, ауылдық, ұжымдық, жергілікті, аймақтық, қоғамдық, т.с.с. болады.

360

4. Қарама-қайшылықтың әрекет ету уақытына сәйкес проблемалар қысқа, орта және ұзақ мерзімді болуы ықтимал. Мысалы, студенттердің немесе оқушының оқу кестесіне қанағаттанбауы қысқа уақытта шешілетін проблема. Жас маманның еңбек ұжымына бейімделу проблемасы орта уақытта шешілетін мәселе десек, баспанамен қамтамасыз ету, қылмысты, нашақорлықты, т.б. проблемаларды тудыратын қарама-қайшылықтарды жою ұзақ уақытты қамтитыны анық.

5. Терендік деңгейіне орай қарама-қайшылықтар үшке бөлінген: оған, біріншіден, бір мезеттік проблемаларды жатқызуға болады. Мұндай проблемалар әлеуметтік процестер мен құбылыстардың тек бір ғана жағын қамтиды. Мәселен, депутаттар сайлауында бір адамның балама кандидаттарының болуы немесе болмауы, т.б. Екіншісіне жүйелік проблемалар жатады. Олар тұтас құбылыстар мен процестердің бүкіл элементтер жүйесінің дисбалансын көрсетеді. Үшіншісі функционалдық сипаттағы қарама-қайшылықтар тудырған проблемалар. Бұл құбылыстар мен процестердің себеп-салдар байланысының бұзылуынан болатын мәселелер. Айталық, қоғамдағы бөлістік қатынастардың ыдырап, күйреуіне орай меншік формаларының көбеюіне байланысты адамдардың ескі идеологиялық түсінігінің бұзылуы.

Әлеуметтік тапсырыс болғанда зерттеуші проблемалық жағдайды өзі тұжырымдаған проблемаға айналдырады. Бұл төменгідей міндеттерді шешетін арнайы талдуды іске асыру болып табылды. 1) проблеманың ең мәнді деген элементтері мен факторлары бөлініп алынады. Проблема экономист немесе технолог қана шешетін құзырға жатпай, тек әлеуметтанушының еншісіне тиесілі болуы шарт; 2) проблемалық жағдайдың басты және жанама компоненттері бөлініп алынады, бұл зерттеудің негізгі бағытын анықтау үшін керек; 3) осыған ұқсас, бірақ шешімін тапқан проблемаларға талдау жасау, әдебиеттермен, әріптестер тәжірибесімен танысу. Бұл негізгі проблеманы нақтылай түсуге көмектеседі.

Әдетте кейбір әлеуметтік проблемалар ұжымдардың өз ішінде

(топтық, жергілікгі), локальды (мәселе) ретінде туындайды, оның екінші біреулері үлкен әлеуметтік топтардың, ірі аймақтардың көптеген мүддесіне орай қалыптасады, ал үшіншілері жалпы қоғамның мүддесі мен қажетінен пайда болады.

Проблеманы дәл анықтау үшін ол туралы нені біліп, нені білмейтінімізді саралап алғанымыз жөн. Сондай-ақ проблемада бізді нендей жағдайдың ойландырып отырғанын білу, соған орай мәселені белгілеу басты шарттардың бірі.

1. Как провести социологическое исследование / Под. ред. М. К. Горшкова, Ф. Э. Шереги. М.: Политиздат, 1990. С. 25-26.

361

Зерттеу жұмысына орай жасалатын келесі талап сол - оның мақсаттарын анықтау қажет. Зерттеудің жалпы бағыттын, әрекет етудің жобасын және ғылыми нәтижеге қол жеткізуге талаптануды мақсат деп атайды. Мақсат — әлеуметтік зерттеуді қолданбалы және теориялық салаларға бөліп қарастыруды көздейді. Теориялық зерттеу зерттелетін объектінің құрылымы мен даму үрдісі жөнінде жаңа білім алуға бағытталған. Қолданбалы зерттеу болса, нақты жағдайдан, тығырықтан шығар жолын табу үшін керекті ақпарат алуға бағытталған ізденістің түрі болып саналады.

Ал нені өзгерту керектігін білу үшін нақты зерттеу жұмысы жүргізіледі. Бұдан кейін не істеу керектігін анықтаған жөн, дәлірек айтқанда, алға нақты міндеттер қоюға тиістіміз. Осыдан соң зерттеу міндеттері белгіленеді. Олар негізгі, жеке (негізгінің детальдарға бөлінуі) және негізгі емес немесе қосымша міндеттер болып ажырайды. Міндеттер бірнеше сұрақтарды жинаққап тұжырымдайды. Бұл сұрақтарға қайтарылатын жауаптар зерттеудің алға тартқан мақсатына жету үшін өте қажет. Негізгі міндеттер тікелей зерттеу пәнінен келіп шығады. Егерде мақсат қолданбалы болса, онда міндетте қолданбалы сипатта болады. Зерттеудің негізгі міндеттері қойылған мақсатқа үйлеседі, ал қосымша міндеттер болашақ зерттеуге дайындық үшін, бұл проблемаға қатысы жоқ жанама гипотезаны (көземелді) тексеруге, кейбір әдістемелік мәселелерді, т.б. шешу үшін қойылады. Дегенмен, қойылған міндеттердің қызметі ең басты сауалға жауап қайтаруға бағындырылуы тиіс. Сондықтан да негізгі міндеттерді шешуге қатысы жоқтың бәрі аяусыз түрде, алғашқы сәттен бастап-ақ ысырылып, алынып тасталынады. Негізгі міндеттерді шешуге қатысты ақпараттардың мейлінше дәлелділігін, сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет.

Бұдан сол зерттеудің объектісі мен пәнін анықтау жүзеге асырылады. Әлеуметтік проблема өзінен-өзі туындап, өз бетінше өмір сүрмейді, оны қалыптастыратын белгілі бір адам топтары мен қауымдастықтар болады. Басқаша тұжырым жасап, сөз қозғасақ, әлеуметтік қарама-қайшылықтардан тұратын, проблемалы жағдайды жасайтындар зерттеу объектісіне жатады. Ғылыми ізденіс процесінің нендей де болмасын бір нәрсеге бағытталуын әлеуметтанудың зерттеу объектісі деп атайды.

Объектіге қойылатын талаптар да баршылық. Ол кәсіптік-салалық немесе аймақтық орналасуы және мерзімдік шегі сияқты көрсеткіштер арқылы белгіленген.

Объектінің қасиеттері мен қырларын өз бойына сіңірген зерттеу пәнінде анықтау қажет. Өйткені ол зерттелетін әлеуметтік құбылысты толық түрде көрсетеді. Зерттеу проблемасы тұжырымдалып, ізденістің мақсаттары мен міндеттері анықталады, оның объектісі мен пәні белгіленгеннен

кейін бағдарламада қолданылатын негізгі ұғымдарға теориялық түсініктеме беріледі. Зерттеушілердің ұғымдар жөніндегі әр түрлі түсініктері болады, бұл зерттеу нәтижесіне кері ықпал жасайды. Сондықтан ұғымдар төңірегіндегі олардың ортақ пікірлері болуы шарт.

Нені зерттеу керектігін анықтаған соң, зерттеу жұмысын қалай жүргізу керек деген орынды сұрақ туындайды. Ол үшін зерттелетін проблеманы элементтерге бөліп, бұдан соң сол элементтердің құрамды бөлімдерін анықтаған жөн. Сөйтіп, оны схемаға түсіру керек. Схема зерттеу пәніне қатысты элементтерді көрсетеді және олардың бір-біріне қатынасы мен байланысын толығырақ бейнелейтін болады. Схема дайын болғаннан кейін көземел құралады.

Қайсыбір фактілерді, құбылыстар мен процестерді түсіндіру үшін жасалып, олардың дұрыстығын зерттеу нәтижесінде дәлелдеуді немесе жоққа шығаруды көземел (гипотеза) деп атайды. Дәлірек айтқанда, көземел схеманың жекелеген элементтерінің қалпын немесе олардың арасындағы байланыстарын көрсетуі керек.

Көземел зерттеу жұмысының қорытындысын алдын ала анықтауы тиіс. Көземелсіз-ақ бәрі түсінікті болатын болса, зерттеу жүргізудің қажеті болмас еді. Көземелге қойылатын талаптар бар: анық, тексерістен өтетін, қарама-қайшылықсыз болуы шарт. Көземелді бастапқы және екіншілік деп те бөледі. Өйткені бастапқы көземел ақпарат жиналғанға дейін тұжырымдалады. Егер де ол зерттеу барысында жоққа шығарылатын болса, онда оның орнына екінші көземел ұсынылады.

Көземелде қолданылған ұғымдарға эмпириялық түсініктеме берілуі қажет. Ұғымдарға эмпириялық түсініктеме берудің өзі де жеке-дара процесс болып саналады, өйткені оның көмегімен әзірленген көземелден анкета немесе сұхбатнамада қойылған сұрақтарға көшу жүзеге асады және ол сауалдарға респонденттер (жауапшы, жауапкер) жауап қайтарады.

Жоғарыда қарастырылғандардың бәрі бағдарламаға қатысты мәселелер болғандықтан, бағдарлама не үшін қажет деген орынды сұрақ қойылады. Егер зерттеу жұмысын бірден сұрақтарды дайындаудан бастасақ, онда, біріншіден, өте көп артық сұрақтар және керек еместері де туындар еді; екіншіден, алынған материалдарды қалай өңдеуді білмегендіктен жиналған материалдардан бас көтере алмай қалар едік. Бағдарламаның маңыздылығы, міне, осыларға байланысты. Ол жұмысқа бағыт-бағдар береді, зерттеу пәні туралы белгілі ақпаратты қорытындылауға немесе ол

жөнінде әлі де белгісіздерін анықтауға мүмкіндік жасайды. Демек, бағдарлама терең ойластырылған, нақты, логикалық жүйені сақтаған, икемді болуы тиіс. Бұл жағдай бағдарламаның барлық элементтеріне керек кезінде

363

өзгерістер жасап отыруға мүмкіндік береді (көземел схема құрудан немесе жүйелі-функционалдық талдаудан бұрын құрылмауы керек).

Бағдарлама мен анкетаның дайын болуы әлеуметтану зерттеуін жүргізуге толық жеткілікті дей алмаймыз, ендігі әңгіме кімдермен сауалнама жүргізілетінін анықтауға келіп тіреледі. Ол үшін сұрыптау мәселесі шешіледі. Өйткені зерттеудің объектісі көп жағдайда адамдардың үлкен жиынтығын құрайды. Ал олар әлеуметтік-демографиялық белгілеріне қарай жіктеледі және үлкен аймаққа орналасады. Сондықтан олардың бәрімен сауалнама жүргізуді ұйымдастыру бірқатар қиындықтарға ұрындырады. Сонымен қатар қойылған сауалға 5000 адамнан немесе 250 адамнан алынған жауап бірдей ақпарат беруі мүмкін. Мәселе бұл жерде 5000 адамнан 250 адамды қалай сұрыптап алу жайында болып отыр.

Сұрыптау жұмысын жүргізу жиынтыққа байланысты болады. Жиынтықтың екі түрі бар: бас жиынтық және іріктелген жиынтық. Бас жиынтық деп проблемаға қатысты бақылауға алынған бүкіл бөліктің тұтастай жиынтығын айтады. Бас жиынтық аймақтық, мерзімдік, өндірістік салаларды немесе кәсіптік, қызметтік шеңберді қамтумен шектелген.

Іріктелген жиынтық бас жиынтықтың бір бөлігі бола отырып, әзірленген әдістемеге немесе іріктеліп, тандап алу бағдарламасына сәйкес зерттелетін объектінің есебіне жатқызылады.

Әлеуметтануда бас жиынтықтан сауалнамаға қатынасатын адамдарды тандап алудың әр түрлі әдістерін сұрыптау қалыптасқан. Ол әдістер бір ғана мақсатты көздейді: іріктелген жиынтық бас жиынтықты ұдайы дамытып, жетілдірумен, дәлірек айтсақ, репрезентативтілікпен (өкілдік) сипатталуы тиіс. Айталық, педагогикалық колледждің 20 топтан тұратын курсында сауалнама жүргізу қажет болды делік. Сол 20 топтан біз бәріне ортақ белгісі бар 3—4 топты ғана бөліп алып сауалнама жүргіземіз. Себебі бұларды зерттегеннен алынған ақпарат қалған топтарға да қатысты, жарамды болып шығады.

Кейде зерттеудің жаппай жүргізілуі де ықтимал, бұл зерттеу объектісіне кіргендердің бәрімен сауалнама жүргізіледі деген сөз. Бұл әсіресе бас жиынтықтың көлемі шағын болғанда толыққанды тұрғыда жүзеге асады. Мәселен, педколледждің курсында небары 3 топ бар екен делік, бұдан олардан жауап алудың оншалық қиыншылық туғызбайтынын кере аламыз. Сондықтан да 20 топтан сауалнамаға жауап алуға тура келеді. Қалай дегенмен де, сауалнамаға қатысушылардың саны 100 адамнан кем болмауын естен шығармаған жөн. Бұлай болмаған жағдайда анкетаға анық жауап алу, жауаптарды топтастырып белу және алынған ақпаратты талдау мүмкіндігі жойылады. Сондай-ақ бас жиынтық тым әркелкі болған жағдайда жаппай зерттеу жүргізудің қажеті жоқ. Оған нақты мысал етіп

364

студенттердің әлгі аталмыш топтарын алалық. Түрлі мамандықтың болғандықтан 20 топтан 3-4 топты іріктеп ала аламыз.

Енді сұрыптаудың типтеріне тоқталатын болсақ, оның да саны болмайды. Сұрыптаудың негізгі типтеріне: 1) қарапайым -кездейсоқ; 2) жүйелілік; 3) ұялы; 4) стратификациялық; (жіктелген); 5) көп ет б) ықтимал; 7) мақсатты түрлері жатады.

Қарапайым-кездейсоқ сұрыптау бас жиынтық жөнінде толық ақпарат алғанда қолданылады. Қарапайым-кездейсоқ сұрыптауды жүзеге ас үшін әр түрлі әдістер пайдаланылады, соның ішінде «кездейсоқ сандар кестесі, туған күніне қарап таңдау, шыққан тегіне орай, белгілі бір әріпке сәйкес іріктеп алу сияқты әдістер бар.

Бас жиынтықтан әрбір 10-шы немесе 20-шы адамды іріктеп алу жүйелік сұрыптаудың мәнін ашып көрсетеді.

Ұялы сұрыптауда кейбір статистикалық топтар (ұялар), дәлірек айтсақ, бригадалар, отбасылар, сыныптар, студенттік топтар, т.б. бөлініп алынады да, олар толық немесе іріктелген зерттеулерге түседі.

Стратификациялық сұрыптауда бас жиынтық алдын ала бірнеше жіктерге бөлінетін болды. Мұның басқа сұрыптаудан ерекшелігі де міне осында. Мысалы, облыс көлемінде колледждер проблемасын зерттеу қажет болды делік, онда бүкіл колледждер қалалық және селолық, базалық кәсіпорыны бар және базалық кәсіпорыны жоқ, т.б. болып, бірнеше жіктерге бөлінеді.

Көп сатылы сұрыптауды іске асыру бірнеше кезенді қамтитындығымен сипатталады, сондай-ақ әр кезеңде іріктеудің бірлігі алмасып тұрады. Мысалы, бірінші кезеңде колледждерді іріктеу олардың орналасқан мекен-жайына (қала, село, т.б.) қарап жүргізіледі, екінші кезеңде сол қаланың аудандары нақты бөлінеді. Үшінші сатыда қала аудандарында зерттеу жүретін колледждер іріктеледі, бұдан кейін олардағы топтар, ең ақырында студенттер іріктелетін болады.

Ықтимал сұрыптауды қолданған кезде мынандай әдістер пайдаланылады: 1) стихиялық сұрыптау әдісі, бұл әдіс бойынша зерттелетін объектімен алғаш рет кездескен кезде сұрақ қойып, жауап алынады; 2) механикалық сұрыптау әдісі, бұл жалпы адамдардың тізімінен белгілі бір интервалды сақтай отырып респонденттердің қажетгі санын бөліп алу; 3) сериялық сұрыптау, мұнда басты жиынтық белгілі бір белгілері бойынша біртектес бөліктерге бөлініп, бұдан соң әрбір бөліктен респонденттердің нақты саны бөлініп алынады; 4) ұялы сұрыптау әдісі жеке адамдарды іріктеу үшін емес топтарды немесе ұжымдарды бөліп алу мақсатында қолданылады.

Мақсатты сұрыптау мынандай әдістердің көмегімен жүзеге асады. 1) стихиялық сұрыптау әдісі (мысалы, газет оқырмандарынан почта арқылы

365 сұрақ-жауап алу; 2) бұқаралық сұрыптау әдісі, бұл бақылауға алынған бір мәселені барлап-білу үшін қолданылады, осыған орай халықтың 60-70 пайызынан сұрақ-жауап алынады; 3) үлестік сұрыптау, бұл бүкіл зерттеу объектісінің қатаң сақталған процесін анықтайды. 5 пайыз, 10 пайыз. Сұрыптаудың екі-үш түрін бір мезгілде қолданғанда сұрыптаудың аралас

та болуы мүмкін.

Ізденіс өрісіне орай бұл процестің қанша адамды қамтитынын білу аса маңызды мәселе болғандықтан, сұрыптаудың мөлшері де соған орай анықталады. Іріктелген жиынтық құрамында болатын бақылау бірлігінің жалпы санын сұрыптаудың көлемі деп атайды. Сұрыптаудың мөлшері ең алдымен: 1) бас жиынтықтың біркелкілік деңгейіне (ол неғұрлым біркелкі болса, сұрыптаудың көлемі соғұрлым шағын болады); 2) қажетті деңгейдегі нәтиженің дәлме-дәл келуіне; 3) сұрыптау белгілерінің санына тәуелді болады.

Ойымызды түйіндер болсақ, сұрыптау жиынтығының көлем-мөлшері бас жиынтық көлемінің 5 пайызынан кем болмауы қажет. Мүмкіндігінше сауалдама алынатын адамдар санын 100-ден кемітпеген жөн. Сонымен қатар, бас жиынтықтың көлемі үлкен болғанда (сан жағынан жүздеген немесе мындаған адамды қамтыса) іріктелген жиынтық көлемі бас жиынтықтың мөлшерінен 5 пайызға аз болуы шарт.

Біз жоғарыда келтірген мысалға байланысты сұрыптаудың бірнеше типтерін пайдалануға әбден болады. Тиімді типті таңдап алмастан бұрын, жиынтықтағы ең маңызды белгіні анықтау қажет. Ғылыми ізденіс міндетінен туындау арқылы жиынтықтың ең басты белгісі ретінде айқын әрі нақты аңғарылатын көрініс те қылаң беріп қалады. Оған педагогикалық практика сабақтарына қатынаспау жатады. Осы жағдайға сәйкес сұрыптаудың ұялы типін қолданған дұрыс, ол барынша ұтымды әсер етеді.

Демек, курстың 20 тобынан педпрактикаға бармағандардың орташа сандық көрсеткішін құрайтын 3-4 топты таңдап алуға болады, немесе іріктелген жиынтықтың тобы етіп сабаққа сирек және жиі қатынаспаған оқушы топтары зерделенеді. Егер де 20 топтың 10 тобы сабаққа көп қатынаспаса, 5 тобы орташа және 5 тобы сабаққа аз қатынасқан болып шығады, мұндайда, әрине, сабаққа көп қатынаспағандар топтарынан 2 топ, ал сабаққа орташа қатынаспаған және сирек қатынасқандар тобынан бір-бір топтан тандалып алынады. Тіптен бүкіл топтар (сабаққа көп қатынаспағандар мен оған сирек және аз барғандар) тұтастай алынатын болса, мысалға екі топтан дейік, онда аралас ақпарат алынады. Өйткені бас жиынтыққа (яғни бүкіл курста) мұндай топтардың арақатынасы 2:1:1. Сұрыптау қатесі деп аталатын кемшілік (өкілдің жеткіліксіздігі) әрдайым болатын құбылыс десек те, зерттеушінің міндеті сол ол мұндай қателікті мейлінше аз жіберуге тырысуы керек.

366

Қысқасы, әлеуметтану зерттеуінің қажеттілігі туындай қалса, онда оған ең алдымен мұқият дайындық жасалады. Ол үшін нақты нені білу керектігі анықталады; қарастырылатын мәселе төңірегінде әлі де нендей жағдайлардың белгісіз екені шешіледі; зерттеу ісін ұйымдастырып, жүргізу жан-жақты ойластырылады. Бір сөзбен айтқанда, кімдерден, қалай, қай жерде зерттеу алу керек деген сұрақтарға жауап іздеген жөн және ең бастысы зерттеу не үшін қажет деген өзекті сұрауға жауаптар қайтарылуы шарт.

Осы айтылғандарды түйіндеп, одан пікір-байлам жасайтын болсақ, бағдарлама дайындау мен сұрыптауды анықтау әлеуметтік зерттеу жүргі-

зудің барысына және оның нәтижелі болуына елеулі түрде ықпал етеді. Бағдарлама әзірленгеннен соң зерттеу жұмысына қажетті құралдарды дайындауға болады.

2. Әлеуметтік ақпарат жинақтаудан әдістемесі мен техникасы

Әлеуметтану басқа ғылымдар сияқты белгілі бір әдістеме жүйесіне арқа сүйейді, яғни ақпараттарды жинау мен өңдеуде және талдаудан өткізуде әр түрлі тәсілдер мен ережелерге бағынып, оларды басшылыққа алады.

Әлеуметтік ақпарат алудың бірден-бір ұтымды тәсіліне құжатты сараптау әдісі жатады. Бұл зерттеу жұмысында кеңінен тараған және жан-жақты қолданылады. Демек, ақпаратты сақтау мен жеткізу үшін адамның арнайы жасаған дүниесін әлеуметтануда құжат деп атайды. Құжаттарда жеке адамның, ұжымның, халықтың үлкен тобының және жалпы қоғамның қызмет процестері мен нәтижелері жөнінде мағлұматтар жинақталады. Сондықтан олар әлеуметтанушылар үшін аса маңызды.

Әлеуметтану ақпараттарының қайнар көзі болып есептелетін құжаттардың алуан түрлі топтамалары бар. Сонымен, құжаттар мынандай топтарға бөлінеді: 1). ақпараттың техникалық құралдарда белгіленуіне орай ерекшеленетін құжаттар. Бұның өзі үш түрді қамтиды: а) жазба түріндегі құжаттар, оған қолжазба мен баспасөз басылымдары жатады; б) секенграфиялық құжаттар, бұған кино, фото, бейнелеу, сурет түріндегі құжаттар саяды. в) фонетикалық құжаттар яғни дыбыспен берілетін магнитофон, күйтабақ жазбалары жатады. Айта кететін бір жай, құжаттық ақпаратты сақтайтындардың жаңа түрлері мыналар: микрофильмдер, ЭВМ дискісі, т.б. Жазба құжаттардың кең тарағаны архив материалдары, статистикалық есептемелер, ғылыми жарияланымдар, баспасөз басылымдары, т.б.;

2) құжаттың түпнұсқасының статусына жатқызылғандар немесе авторына бөлініп берілгендер ресми және ресми емес құжаттарға ажыратылады.

1. Осипов Г. В. и др. Рабочая книга социолога. М.: Наука, 1976. С. 299. 367

Ресми құжаттар деп лауазымды адамдардың, қызметкерлердің арнайы дайындаған құжаттарын айтады. Бұған мемлекеттік статистика мен мемлекеттік архив мәліметтері, жиналыс хаттамалары, т.б. жатады. Ал ресми емес құжаттарды жеке адамдар жасайды, яғни хаттар, күнделіктер, т.б. ресми емес деп атауға болады: 3) ақпараттың сақталу көзіне орай ол бастапқы және екінші рет жасалған құжаттар болып екіге бөлінеді. Бастапқы құжаттар — тікелей бақылаудың немесе сауалнама өткізудің негізінде алынған мәліметтер, ал екінші қатардағы құжаттар бастапқы құжаттарды сипаттаушы немесе қорытындылаушы болып саналады; 4) мақсат-міндетке қарай ажыраған құжаттар, бұған зерттеу бағдарламасына сәйкес ғалымдардың күшімен алынған материалдар, басқа да мақсаттар үшін жасалған қолдағы құжаттар жатады; 5) мазмұнына қарай бөлінген құжаттар. Бұл

экономикалық, құқықтық, тарихи, техникалық, т.б. болып топтасқан. Зерттеуші өз қызметінде көбіне-көп жазба құжаттармен, әсіресе әдебиеттермен, баспасөз басылымдарымен және машинкаға басылған материалдармен жұмыс істейді. Ол тұрақты түрде статистикалық түпнұсқалар, есеп беру баяндамалары, мақалалар, сондай-ақ қоғамдық пікірді білдіретін баспасөз және теледидар мәліметтеріне арқа сүйейді.

Құжаттармен жұмыс істегенде зерттеуші олардың сенімділігіне назар аударуы қажет. Осыған орай құжаттан алынар ақпараттың сенімділігін тексерістен өткізетін ережені білу шарт. Мұндай ережеге мыналар жатады:

1) Оқиғаларды суреттеуден оларға берілген бағаны ажырата білген дұрыс. Оқиғаларға берілген бағадан фактілер әлдеқайда сенімді болады. Кейде құжаттарға берілген баға болады, бірақ оларды суреттейтін жағдай толық берілмеген болып шығады. Әдетте мұндай құжаттарға күмәндана қарау керек;

2) Құжатты құраушының оны дайындаудағы ниетін, мотивін анықтаған жөн. Өз жұмысы жөнінде есеп беріп отырған автор өзінің еңбегін асыра көрсетуге тырысады. Ал бақылаушы органдар, керісінше, жұмыстағы кемшіліктер мен қателіктерді теріп жазады;

3) Құжатты әзірлеуші адамның фактілерді, т.б. іріктеп алу әдісін де білген жөн. Бастапқы құжат екінші рет жасалған құжатқа қарағанда әлдеқайда сенімді болады;

4) Құжатты дайындау кезіндегі елдің, ұжымның, т.б. жағдайын білу шарт. Сонда ғана құжаттың сол уақыттағы жағдайды объективті беруі немесе бұрмалап отырғандығы анықталады.

Құжаттарды талдау дәстүрлі жолмен және формальды түрде жүреді. Барлық құжаттар түрлерін оқып-пайымдау сын тұрғысынан қарауды талап етеді.

368

Құжаттарды дәстүрлі жолмен талдаудың (кейде сапалы талдау деп те атайды) мәні мен сыры – құжаттардың мазмұны сұңғыла түрде зерттеу, негізге алынған ой-пікірді игеру, негізгі идеяларын беліп алу, логикалық жағынан терең зерттеу, олардың авторларының саяси, азаматтық бағытын қадағалау, кейбір «айта алмағандарын», бүркеме пікірлерін іздеп табу, автордың құжатты жазудағы тілі мен стиліне аса көңіл аудару болып табылады. Осындай сараптау жасағанда зерттеуші өзіне-өзі сұрақ қойып, айталық, құжаттың құндылығы неде, оны дайындаудағы мақсат не, ондағы фактілердің сенімділігі қандай деген сауалдарға жауап беруі керек.

Дәстүрлі әдіспен саралауда көбіне-көп зерттеуші интуицияға (көкейкөз) бой ұрып, құжатты өзі ұғымы төңірегінде ғана түсініп, елге түсіндіруде субъективтік бұрмалаушылыққа жол беруі мүмкін. Құжаттың мазмұнын түсіну мен талдауға субъективтікпен қатар психологиялық алғышарттар да әсер етуі ықтимал, атап айтқанда, ес пен зер салудың тұрақтылығы, шаршап-шалдығу, т.б. Неғұрлым жан-жақты талдаудан өткен құжаттардың саны мен көлемі көп болса, соғұрлым олардың субъективтік бұрма-

лаушылығы кемиді. Баспасөз ақпараттары деректерінің саны мен оның көлемінің артуы, ақпарат процесінің «бұқаралық» сипат алуы контент-талдаудың пайда болып, қалыптасуының объективті алғышарттарына айналды.

Әдетте жүйеге келтірілмеген көп материалды сараптау қажеттігі туындағанда, талдауды іске асырғанда нақты жоғары дәлдік пен объективтілік талап етілгенде, зерттеуші үшін құжаттың тілі маңызды болғанда ғана контентталдау әдістемесі қолданылады.

Құжаттарды формальды немесе контент-талдау кезінде зерттеу текстпен жүргізіледі, бірақ мұнда құжаттың мазмұнын ашатын мәнді белгілері анықталады, сонда ғана ол түсінуге, есептеу операциясын жүргізуге қолайлы болады және мәтінге кірмей тыс қалған ақиқат іздестіріледі. Мәтінде көрсетілмеген шындықты оқиғалар мен фактілерден, адамдар арасындағы қатынастардан іздеу жеткіліксіз, сондықтан ақиқатты мәтінді дайындау кезіндегі материалдарды іріктеу принципінен де іздестіру шарт. Басқаша айтар болсақ, зерттеуші үшін мәтіннің мазмұнына енген ой-пікірдің бәрі өте құнды, маңызды болып саналады.

Контент-талдаудың келесі маңызды принципі ретінде құжаттың мағынасын ашатын бірліктерді анықтау қажет. Мәтіндегі ұғымдар, терминдер құнды әлеуметтік ақпарат береді. Мысалы, 1989—1991 жылдардағы баспасөз беттерінде жиі қолданылған егемендік, нарық, нарықтық қатынастар, т.б. ұғымдар елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайының өзгергенін көрсетеді, осыларды ескере отырып, зерттеуші әлеуметтік талдау жасауы қажет.

369

Арнайы тақырыпқа арналып жазылған мақала болмаса, онда керекті тақырыпты мәтіннің мағыналы абзацтарынан іздестірген жөн. Іздеп отырған тақырып мәтінде көп жағдайда әр түрлі көріністерде кездеседі, айталық, сөз түрінде, сөз тізбегі, айдар түрінде беріледі. Мысалы, 1990—1991 жылдардағы баспасөз беттерінде нарықтық экономикаға көшу, оған өтудің жолдары, оның әлеуметтік салдарын сараптау басымырақ орын алады. Сондай-ақ зерттеуші сол тақырыптарды қолдаушыларды және оған қарсынастарды да анықтағаны дұрыс.

Тарихи тұлғалардың, саясаткерлердің, ғалымдардың есіміне де ерекше көңіл бөлген жөн. Олар баспасөз беттерінде, т.б. жиі кездесетін болса, онда олардың қоғамдық пікірге ықпалын анықтауға болады. Бұлардан кейін қоғамдық оқиғалар, фактілер де назардаң тыс қалмауы тиіс.

Мақаланың, т.б. мән-мазмұнын ашатын мағыналық бірліктер тандап алынғаннан кейін, зерттеуші сандық көрсеткішке арқа болатын есепшот бірлігін анықтайды. Есепшот бірлігі дегеніміз — мағыналы бірлікті мақалада, т.б. қолданудағы жиілікті есептеу. Шығарманың жолдары, абзацтары, тыныс белгілері, таспа ұзындығы, тақырыптың аты немесе айдар көлемі, жұмсалған уақыт, сол немесе өзге хабарға бөлінген сағат есепшот бірлігі болып табылады.

Сонымен бірге контент-талдау әдістемесінің қолдану аясының шек-

теулігін де есте ұстау керек. Проблеманың ізденіс қырлары сан қатпарлы болғандықтан, ол формальды түрде талдап-саралауға көне бермейді. Бұл әсіресе құжатты жартылай немесе толық аша алмаудан, сөз мағынасының рең бермеуінен, т.б. көрінеді,

Ақпарат жинаудың маңызды көзі және әдістемесі бақылау. Бақылау микроәлеуметтік зерттеулер жүргізгенде шағын топтарды, ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалық, басшылық етудің тәсілдерін зерттегенде, қақгығыс, шиеленіс жағдайын саралауда жақсы нәтиже беретін тиімді әдіс болып есептелінеді.

Әлеуметтану ғылымында түйсіну арқылы ақпаратты жинау және объект жөнінде барлық фактілерді тіркеу әдісін бақылау деп атайды. Ол қарапайым бақылаудан мынандай белгілері арқылы ерекшеленеді: 1) нақты зерттеу мақсатына бағындырылады; 2) белгілі бір әдістеме арқылы жүргізіледі; 3) бақылаудың мәліметтері белгілі бір әдістемемен хаттамаларға, күнделіктерге көшіріледі; 4) бақылау жолымен алынған ақпараттың сенімділігі және негізділігі тексерістен өтеді.

Бақылаудың сенімділігі субъекті мен объектінің арақатынасындағы жағдайдың біркелкілігі, процедураның құрылысы, ақпараттың репрезентативтілігі арқылы қамтамасыз етіледі. Солай дегенмен де, бақылау көбінесе зерттеушінің психологиялық көңіл-күйіне, оның талғамына, мәдениетіне, т.б. 370

қасиеттеріне тәуелді болып келеді. Бұл талаптардың зерттеушінің бақылау жүргізу кезінде өз сөзіне, пікіріне және қимыл әрекетіне барынша сақ, байыпты болуын талап ететінін естен шығармаған жөн, сонда ғана оқиғаның табиғи желісі бұрмаланбайды. Ал бұған кері жағдайда зерттеуші анық емес, шүбә келтіретін сенімсіз ақпарат алуы мүмкін, сөйтіп оның байлам-қорытындысы толық дәлелденбеген, ал ұсыныстары үстірт, келте болады, бұл проблеманы шешудің тиімді жолын айқындай алмауға әкеліп соқтырады

Бақылаудың бірнеше түрлері бар. Оны жүргізу техникасына, кімді бақылау қажеттігіне орай бақылау- бақылаулық және бақылаусыздық, яғни спонтандық түрлерге бөлінеді. Бақылаулық түрі зерттеудің тиянақты жоспарына және реттілігіне сәйкес жүргізіледі.

Тұрақтылығына қарай бақылау жүйелі және кездейсоқ болып белінеді. Жүйелі бақылауда, айталық, айдың әр күніндегі қимыл-әрекет ұқыпты түрде күнделікке түсіріліп отырады, кездейсоқ бақылауда ақпарат жоспарсыз жүргізіледі.

Бақылаушының қолданатын әдісіне орай бақылауды іштен және сырттан бақылау деп те ажыратады. Бұлардың біріншісінде зерттеуші әлеуметтік ортаға енеді, соған бейімделеді, сөйтіп оқиғаны іштен талдайтын болады, соның негізінде объектінің сырт көзге түсе бермейтін көптеген құпияларын білуге, ерекше ақпарат алуға мүмкіндік жасалады. Екінші жағдайда зерттеуші топтың арасына мүше болып енбейді, бақылау топтың сыртынан жүргізіледі. Сондықтан да бұдан алынған ақпарат түсті, жеңіл-желпі болып шығады.

Іштен және сырттан бақылауды ашық түрде немесе жасырын (бұр-

кеніш) атпен жүргізуге де болды.

Жасырын атпен іштен бақылау (бақылауға алынбаған топ мүшелері әріптестерінің бірінің зерттеуші екенін білмейді) әдетте «жабық» ұжымдарды зерттегенде қолданылады. Ашық ұжымдарда топ мүшелері өздерін ғалымның бақылап жүргенін білуіне болады. Сөйтіп, шамалы уақыт өткеннен кейін ұжым мүшелерінің зерттеушіге бойы үйреніп алады да, өздерінің дағдылы іс-әрекетіне, кәнігі мінез-құлқына қайта енеді.

Бүркеніш атты жамылып іштен бақылау жасау ең тиімді тәсіл екен деп ұшқары ой қорытуға болмайды. Ашық бақылаудың өзіндік артықшылықтарын ұмытпаған жөн. Әсіресе оның еркін сұрақтар беру мүмкіндігі, кейбір сәтте жағдайға тікелей қатысып, килігіп кетуі, зерттеушінің топ ішінде өзін өмін-еркін ұстап жүре алу мүмкіндігі арта түседі.

1. Методы сбора информации в социологических исследованиях. Книга 2. М.: Наука, 1990. С. 151; Социологический справочник. Киев, 1990. С. 230-231;

Ядов А.В. Социологическое исследование. М., 1987. С. 113-115.
371

Бақылау әдістемесінің көптеген артықшылығы бар. Оның болып жатқан құбылысты нақты байланыстармен анықтауға қабілеті зор. Бұлай бақылаудың оқиға жөнінде пікір-пайымдау жасаудан гөрі білім беру жағы басым болады. Бақылау жүргізуші респонденттердің (жауапшы) зерттеу сауалдарына жауап қайтаруға дайын екендігіне немесе қабілетіне бағынышты болмайды. Сондай-ақ бұл әдістің мейлінше қарапайым екендігін, оны қолдануға аса көп мөлшерде ақша-қаражаттың керек болмайтынын айта кеткен жөн.

Жалпы бақылау әдісі арқылы алынған ақпараттың сенімділігі міндетті түрде тексерістен өткізіледі. Ол үшін бақыланған алғашқы объект дәл сондай жағдайда екінші рет бақылаудан өтеді. Екі бақылаудың нәтижесі бірдей болса, онда ақпараттың сенімді болғаны. Ақпараттың сенімділігін арттыруға қажетті бақылау жүргізудің қалыптасқан негізгі ережелері бар, оларды міндетті түрде білу керек. Ол ережелер: 1) зерттеуші бақылау бірлігін таңдап алуы керек. Мысалы, ұжымның психологиялық ахуалын зерттеу керек болса, шиеленіс соның бірлігі етіліп алынады, еңбек тәртібінің бірлігіне жұмысқа кешігіп келу, басшылар нұсқауын орындамау, т.б. алуға болады; 2) фактіні, оқиғаны, құбылысты, процесті бағалаудан бұрын оны содан ажырата білу шарт. Айталық, мектептің педагогикалық кеңесін бақылаған зерттеуші оның 2 сағатқа созылғанына (бұл факті болады) көңіл аударса, кеңестің уақытты тиімсіз пайдалануы, оның солғын өтуі де (бұлар бағаға жатады) назардан тыс қалмайды; 3) бақылаудың нәтижесін қолма-қол жазып отыру қажет. Ол кейін жазылған болса, кейбір «майда-шүйдесі» ұмыт қалады; 4) зерттеуші өзі жүргізген бақылауды өзімен параллель бақылау жүргізуші әріптесінің жұмысымен салыстырғаны дұрыс; 5) бір объектіні бірнеше жағдайда бақылаған жөн. Мысалы, басшының күнделікті әрекетіне назар аударылады және төтенше жағдайда оның шешім қабыл-

дауына ден қойылады; б) бақылаудан алынған мәліметті өзге әдіспен алынған мәліметпен (айталық, құжаттар) салыстырған орынды.

Ақпараттың сенімділігі мен анықтығы субъективтік кедергі жойылмайынша қамтамасыз етілмейді. Дегенмен де, мұны жүзеге асыру оңай нәрсе емес. Себебі бақылаушы әрдайым өз тәжірибесіне, пайым-түсінігіне арқа сүйейді және өз көңіл-күйіне тәуелді болады. Бақылауға алынуға тиісті оқиғалар мәнді және мәнсіз оқиғалар ретінде жәй ғана топтастырылады. Бұл қарапайым топтасу бойынша мәнді оқиға міндетті түрде жазылып алынады, ал мәнсіз оқиғаны жазбаса да болады. Сөйтіп, бақылаушы тәжірибесінің деңгейіне сәйкес талдау жасайды. Мұндайда бұрмалаушылыққа жол бермеу үшін екінші рет қайталап тексеріс-бақылау жасау керек немесе дерек жинаудың басқа да әдістерін қолдану қажет.

372

Солай дегенмен де, бақылау әдістемесінің қолданылу аясының мүмкіндігі шектеулі. Оған мына жайларды дәлел ретінде келтіре кетуге болады. Бақылауды сезген адамдар өздерінің табиғи қалыптасқан мінез-құлқын көбіне-көп бірден өзгертуге тырысады. Зерттеушінің әлеуметтік ортаға (ұжым, топ) шектен тыс бейімделуі де қауіпті, ондай жағдайда ол объективтік баға беру қабілетінен айырылып қалады. Бұл көбінесе іштен бақылау кезінде орын алады, зерттеуші бақылауға алынған адамдарға толық сіңіп, олардың ұстанымына көшіп кетеді. Көптеген әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеуде бақылау әдісінің қабілет-мүмкіндігі өзінің дәрменсіз екендігін көрсетеді. Ол әсіресе әлеуметтік құрылымды, бұқаралық процесті, өткен оқиғаны, себептерді, нормаларды зерттеуден байқалады, бақылау бұларды тек аз көлемде ғана түсініп, білуге жақындата түседі.

Сауалнама әдістемесі. Әлеуметтанушыға бақылау жүргізу арқылы алуға болмайтын немесе құжаттарда жазылмаған құбылыстар мен процестер (респондент пікірі, себептері, т.б.) жөнінде ақпараттар өте жиі қажет болады. Мұндай ақпаратты сауалнама әдісін қолдану арқылы алуға болады. Бұл әдіс ғылымда кеңінен тараған және барынша жиі қолданылатын әдістеме болып саналады. Оның мұндай дәрежеге көтерілуі әмбебаптығымен де түсіндіріледі. Бақылау барысында зерттеуші объектінің тек қана нақты мінез-құлқын белгілейтін болса, сауалнаманың көмегімен ол адамдардың бүгінгі қылықтары туралы кең көлемді мағлұмат ала алады, сонымен қатар олардың өткен уақыттағы тыныс-тіршілігімен бірге болашақ жоспары, ниеттері жөнінде де ақпарат алады. Сауалнама, әсіресе, индивидтердің субъективті жай-күйі жөнінде мәлімет алу қажет болғанда таптырмайтын ерекше құнды әдіс болып есептеледі. Сұрақтардың жиынтығы бұл әдістің түп негізін қалайды. Сұраулардың көмегімен ақпарат алынып жиналады. Ғылымда сауалнаманы жүргізуші адамдар — анкетерлер (сауалшылар) және сұрақтарға жауап қайтарушылар — респонденттер (жауап берушілер, жауапкерлер) деп аталады. Алынған ақпараттың сипатына және оны алу тәсіліне қарап, сауалнама бірнеше түрге бөлінеді.

Сауалнама әдісінің екі түрі бар: олар — анкеталық және сұхбат немесе сұхбатнама (интервью). Сауалға жауап алу ұжымдардың және жеке адамдардың кез-келген проблема бойынша пікірін білуге мүмкіндік жасайды. Әсіресе бұл әдіс құжаттар арқылы зерттеу, бақылау, т.б. әдістерді қолдану үлкен қиыншылықтар туғызғанда пайдаланылады. Анкеталық сауалнама көп жағдайда алдын ала дайындалған анкетамен жүргізіледі, респонденттің аты-жөні көрсетілмей (анонимді) өткізіледі. Әдетте анкета үш бөлімнен құралады: үндеулік, негізгі, төлқұжаттық. Үндеулік бөлімде қысқаша зерттеудің мақсаты туралы айтылып, оның мәні мен маңыздылығы

373 атап өтіледі және зерттеу нәтижесі қалайша қолданылатыны жазылады, анкетаны толтыру ережесі керсетіледі, қайтарылған жауаптардың құпиялығы сақталатынына кепілдік беріледі. Анкетаның (сауалхат) негізгі бөлімінде қажетгі ақпарат алуға бағытталған сұрақтар орналасады. Алғашқы сұрақтар барынша түсінікті, қызықты болуы керек. Осылай жауап берушілердің қызығушылығын арттырып, ынтымақтастыққа жетуге болады.

Бұлардан кейінгі сұрақтар олардың пікірін, оқиғалар мен қазіргі жағдайға беретін бағаларын білуге бағытталуы әрі күрделі болуы шарт. Ал төлқұжаттық бөлімде респонденттердің (жауапкер) демографиялық мәліметтері (жасы, жынысы, т.б.) жөніндегі сұрақтар қойылады. Анкетаны құрастыруда сұрақтардың тұжырымдылығына баса назар аударылады. Анкетаны дайындау үшін зерттеуші сауалнаманың мақсаты мен міндеттерін анықтап біліп алады, содан соң логикалық жүйеде сұрақтар қарастырылып, оның жауаптарының түрлері көрсетіледі.

Анкетаның сұрақтары үш негізгі топқа бөлінеді: 1) ашық түрдегі сұраулар, мұның жауаптары анкетада жазылмайды, оны жауапкерлер өз қолдарымен жазып қайтарады; 2) жабық сұрақтар, мұның жауаптары мен варианттары анкетада жазылады. Жауап беруші жауаптың астын сызып немесе дөңгелекшеге алып қайтарады; 3) аралас сауалдар, бұл бірінші және екінші топтағы сұрақтардың элементтерінен құралып, белгілі мөлшерде жауаптары да жазылады, бұлармен қатар «Басқасы не екенін көрсетіңіз?» - деген сұрауларға жауап алу да белгіленеді.

Анкеталы сұрақтардың түрлері түсінікті болуы үшін мысалдар келтірейік: 1) Ашық сұрақ: «Қазақстандық газеттердің қайсысы халықаралық жағдайлар туралы сауаттырақ жазады?» Мұнда алдын ала сұрақ жауабының тізімі берілмеген, сондықтан жауап беруші жауапты өзі әзірлеуге міндетті болады; 2) Жабық сұрақ: «Сіздің болашақ мамандығыңызды таңдауға ықпал жасаған кім?» - ата-анам, мектептегі ұстаздарым, жолдастарым, болашақ мамандықты өзім таңдадым; 3) Аралас сұрақ: «Сіздің пікіріңізше нарықтық экономикаға кешу жастарға не береді?» - материалдық жағдайды жақсартады, материалдық жағдайды нашарлатады, жұмыссыздықты көбейтеді, жұмыс орнын кеңейтеді. «Сізді қазір қандай әлеуметтік проблема қатты толғандырады? Қалған жауаптарды өзіңіз жазыңыз.

Анкета (сауалхат) құрастыру мен дайындаудың ережесі мен әдістемесі

жасалып, қалыптасқан. Оларда:

1) Релятивтік, яғни ақпарат жинаудың осы формасының қаншалықты дұрыс екендігін анықтаған жөн;

1. Тәжин М., Аяганов Б. Социология негіздері. Алматы: Ана тілі, 1993. 6-6. 374

2) Анкетаның кімдерге арналғандығы, яғни оның белгілі бір жауап берушіге арналып жазылғаны. Мысалы, интеллигенцияға арналған анкетаны пайдалану арқылы жұмысшылардан сауалнама алуға болмайды;

3) Анкетаның объективтілігі, яғни қойылған сауалдарға қайтарылар жауаптардың өзге факторларға тәуелділік деңгейі;

4) Түсінуге оңай болуы, яғни анкетаның сұрақтары мейлінше ұғымға жеңіл тұжырымдалып, жауапкер адам мазмұнын өзі түсіне алатын болуы керек;

5) Қойылған сұрақтар бір-біріне үйлесімді, сыпайыгершілікпен ерекшеленуі қажет. Күрделі сауалдарды мағынасын ашатындай етіп қоя білген жөн, яғни олар көптеген сұрақтар деп аталатындарға ұрынудан сақтайды.

Демек, ашық және жабық сұрақтардың қайсысы «жақсы» немесе «нашар» деп олардың аражігін аша, бөліп салыстырудың қажеттілігі шамалы. Осы екі сұрақтардың өзіндік ұстанымы, қолдану аясы бар. Пікір жинау барысында өтетін сынақ (пилотаж) зерттеу кезінде ашық сұрақтар қолданылады, далалық зерттеуде жабық сұрауларды пайдалану басымырақ орын алады. Сұрақтарды «жабық» етуге мүмкіндігі жоқ сауалдар да бар. Мысалы, «Соңғы кезде көрген фильмдердің қайсысын сіз сәтті деп ойлайсыз?» «Иә» немесе «жоқ» тектес жауаптар беріледі-ау деген сауалдарды ашық сұрақтар қатарына жатқызу қажет.

Жартылай жабық сұрақтар деп аталатын сауалдар да өте жиі кездеседі. Мұндайда балама сұрақтардан соң ашық типтегі сұраулардың варианттары жазылады. Айталық, «Бұл сұраққа орай сіз не айтар едіңіз?», «Сіздің өз пікіріңіз болса, жазыңыз», т.б. Сөйтіп, жауап берушінің өз бетінше жауап жазуға мүмкіндігі пайда болады, ал зерттеуші үшін варианттар жиынтығы кеңейеді.

Тіке сұрақтар нақты жауап берушіге бағытталады. Айталық, «Сіз... білесіз бе?», «Сіз... туралы не ойлайсыз?», «Сіз... қанағаттандыңыз ба?», «Сіздің... жөнінде пікіріңіз қандай?», т.б. Кейде тіке сұрақтардың орнына бір немесе бірнеше жанама сауалдар қойылады. Мысалы, жалақыға қанағаттық ету туралы сұрақ қою дұрыс емес, сондықтан оның орнына «Сіз бос уақыттыңызды табыс табуға жұмсайсыз ба?», «Отбасыңыздың әр мүшесіне шаққанда неше теңгеден келеді?», т.б. қолдануға болады.

Қызмет аясына, яғни атқаратын міндетіне қарай сұрақтар: негізгі, тексеруші, сүзгіш, буферлік (аралық), тор құрушы сұраулар болып жіктеледі.

Тексеруші сұрақтар негізгі немесе бағдарлама сұрауларына қайтарылған жауаптардың шындығын тексерістен өткізуге бағытталған. Шындығында бұл қайталанып қойылған сауалдар, тек басқаша өңмен берілген. Мәселен, анкетаның мақсаты жауап берушінің жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау еді делік. Осыған орай негізгі сұрақ: «Сіз жұмысыңызға

қаншалықты қанағаттанасыз?» деп қойылса, онда тәуелді сауал: «Сіздің жұмыс орныңызды ауыстырғыңыз келе ме?» деп тұжырымдалады.

Сүзгіш сұрақтардың атқарар міндеті ~ сұрауларға жауап бере алатын немесе жауап беруге тиісті жауап берушілер тобын жауап бере алмайтын немесе жауап беруге тиісті емес адамдардан бөліп алуға келіп тіреледі. Мысалы, «Сіз спорттың қандай түрімен айналысасыз?» деп сұрамастан бұрын жауап берушінің жалпы спортпен шұғылданатынын немесе айналыспайтынын білу қажет. Соңғы қойылған сауал - сүзгіш сұрақ болады. Егер жауап беруші оған жағымсыз жауап қайтарса, онда оныш; спортпен айналысу жөнінде басқа сұрақтарға жауап қайтаруының ешбір қажеті жоқ.

Буферлік (аралық) немесе аландатқыш сұрақтар жауап берушінің назарын жаңа тақырыпқа аудару үшін, алғашқы қойылған сұраулардың соңғыларына тигізген ықпал бейтараптандыру мақсатында, оны қайтадан бағдарлау мен бірқалыптылықты жою үшін қолданылады. Мәселен, жастардың ауылдық жерден көшіп-қону проблемасын зерттегенде жауап берушіге ең алдымен ауылдық жерлердегі әлеуметтік қызмет көрсету төңірегіндегі проблемалар жөнінде сұрақтар қойылады. Олардың көпшілігі тұрмыстық қызмет көрсету саласының дамымай қалғандығын, клуб, кітапхана, т.б. жоқтығын өз жауаптарында атап көрсетеді. Бұдан соң қалаға қоныс аударудың себептері туралы сауалдар қойылады. Оларға жауап қайтарғанда, жауап беруші қалаға қоныс аударудың себебі ретінде әлеуметтік саладағы қызмет көрсетудегі аталмыш кемшіліктерді атап көрсетеді. Жауаптардың осындай болуы қойылған сұрақтар блогінің басқалардан бөлінбегендігінен, дәлірек айтқанда, аландатқыш сұраулардың болмауынан туындайды.

Адалдықты анықтайтын сұрауларды тор құрушы сұрақтарға мысал етіп алуға болады. Оқырман қауымды зерттегенде зерттеуші жауап берушілерге бірнеше көркем әдебиетке сын пікірін білдіруді ұсынады. Алайда, көркем туындылардың тізіміне ойдан шығарылған автордың да аты енгізіледі. Егер де жауап беруші ойдан шығарылған автордың шығармасын оқыдым, ол ұнады немесе ұнамады деп жауап қайтарса, онда өзі қайтарған жауаптарына оның адал еместігі әшкереленеді.

Тор құрушы сұрауларға өтіріктің детекторы деп аталатындар да жатады. Ол үшін жауап берушіге қат-қабат сұрақтар қойылады, айталық, «Сіздің әлденені басқадан жасырғыңыз келетін ойыңыз бола ма?», «Өзіңіз білмейтін заттар жөнінде айта аласыз ба?», «Ашуланып, теріңізге сыймай кету сізде кездесе ме?» Егер де жауап беруші осы сұрақтарға «жоқ» деп жауап берсе, онда оның адалдығына күмән келтіруге әбден болады.

Анкета мен сұхбаттың сұрақтарын сауатты дайындау үшін көп жыл бойы жинақталған тәжірибе қажет. Бұл істі бастап жатқан зерттеуші.

әдетте, осы мәселеде көптеген қателіктер жібереді, соның салдарынан объективті емес, сенімсіз ақпарат жинақталады. Мұндай ақпаратты жұмыста пайдалануға болмайды.

Осыған байланысты практикада жиі кездесетін қателіктер мен кемшіліктерге тоқталар болсақ, онда оларға, біріншіден, «көп сөзділік» жатады. Яғни анкетаны кеп сөзбен кепірте жазып оның келемін ұлғайтуға болмайды. Тәжірибе керсетіп отырғандай, анкетаның келемі неғұрлым үлкен болса, ол соғұрлым нашар толтырылатын болады. Тиімдісі — келемі орта анкета, ол 30-40 сұрақтан аспайды. Олай дейтініміз, адам 40 минуттан артық уақыттын анкета толтыруға жұмсайтын болса, қателіктер жібере бастайды, оның соған беріле ден қоюына орай сұрақтар да жауапсыз қалады. Бұған жүргізілген тәжірибенің қорытындысы дәлел бола алады. Ғалымдар мазмұны жағынан бірдей екі анкетамен тәжірибе жүргізді. Оның біріншісінің сұрақтары нақты етіліп қойылды, ал екіншісінің сауалдары көп сөзден құрастырылды. Соның салдарынан бірінші анкетаға қайтарылмай қалған жауап небәрі 3 пайызды ғана құраса, ал екіншісінде 20 пайыз көлемінде жауап берілмей қалды.

Қателіктердің бір тобы — анкетаның және сұхбаттың (сұхбатнаманың) сауалдарын дұрыс тұжырымдай алмауға келіп тіреледі. Кез келген сұрақты қоя салу орынсыз. Мысалы, оқушылардың кәсіптік бағдарын сараптау кезінде «Неге сен бұл мамандықты таңдап алдың?» деп сұрауға болмайды. Былай қарағанда, осы қойылған сұрақ зерттеудің негізгі міндетін жүзеге асыруға бағытталған сияқты. Бірақ ол оқушының тікелей «маңдайына» ұрғандай етіп қойылып отыр және нақты емес. Дұрысы ол сұрақты бірнеше шағын сұрауларға бөліп, нақты етіп қойған жөн, айталық, «Сені бұл мамандықтың несі қызықтырады?», «Сен өзің қаладың ба, әлде басқалар кеңес берді ме?» т.б.

Мазмұны әрқилы түсінік беретін сұрақтарды да қоюға болмайды. Мәселен, «Сіз өз уақытыңызды қалай өткізесіз?» деген сұрауға түрліше жауап беріледі: жақсы, жаман, киноға барам, саяхатқа шығам, жалғыз өткіземін, достарыммен боламын, т.с.с.

Жетекші сұрақтар жауап берушіні белгілі бір жауапқа бағыттайды. Осы орайда мынандай сұрақтарды шындығында да «Сіз... қаламайсыз ба?» немесе «Сіз ... болады деп ойлайсыз ба?» деп қоюға болмайды, өйткені олар қажетті жауапты өздері сыбырлап айтыш тұр.

«Сіз... тілейсіз бе?», «Сізге... ұнай ма?», «Сіз... құмартасыз ба?» іспетті сұрақтар жауап берушіні жағымды жауап қайтаруға итермелейді. «Иә білмеймін, иә құмартамын» сияқты жауаптар қайтару, айталық, білмейтін, құмар еместігін мойындамаудан гөрі әлдеқайда жеңіл. Сондықтан екі ұстанымға бейтарап сұрақтарды тұжырымдаған дұрыс. Мысалы, «Сіз «Асар» бағдарламасын ұнатасыз ба?» деген сауалдың орнына «Сіз «Асар»

377
бағдарламасына қалай қарайсыз?» деген сұрақ қою дұрыс секілді.

Анкетаның сұрақтарына қайтарылатын жауаптарды немесе сұхбатнаманы стандарттаудың варианттарын дұрыс тұжырымдай білу де маңызды. Бұл жерде де аса нақтылық, дәлдік және анықтық қажет. Айталық, «Сіздің газет оқуға қанша уақытыңыз кетеді?» деген сауалдарға «көп, аз» секілді қайтарылған жауаптардың варианты жарамайды, себебі жауап берушінің

біріне «аз» деген бір сағатты білдірсе, екінші біреуіне 3 сағатты түсіндіруі мүмкін.

Жауап берушіге ұсынылған жауаптардың баламасы толық, ойластырылған, тұтас логикалық жүйеге негізделіп құрылған болуы керек. Егер сұрақ жауап берушіге жауаптың көптеген вариантын ұсынатын болса, онда оны нұсқаумен қамтамасыз ету қажет. Нұсқау неше вариантты белгілеудің (бір, үш немесе бәрін) қажеттілігін түсіндіреді.

Әлеуметтану зерттеулерінің барысында алынған мәліметтерге талдау жасау құралдарды толтыру сапасына бақылау жасаудан, қателерді түзетумен және сапасыз толтырылған жарамсыз анкеталар, бланкілер, карточкалар және т.б. бөліп алудан басталады.

Қойылған әрбір сұраққа қайтарылған жауаптың дұрыстығы анықталады, қажетті жағдайда жауап түзетіледі. Бұдан кейін дұрыс емес жауаптар есепке алынады.

Алғашқы ақпаратта өңдеудің мәні оны қорытындылау болып саналады. Қорытындылаудың нәтижесін әлеуметтану ақпараты деп атайды. Құралдарды (анкета, т.б.) өңдеудің тәсілі жөнінде алдын ала шешім қабылданады. 60—70 адамнан алынған сауалнама жауаптарын өңдеу қолмен, микрокалькулятормен жүзеге асырылады. Егерде анкета айтарлықтай үлкен болмаса (20 сұраққа дейін болса), онда 200-350 анкета қолмен өңделеді. Егерде құралдарда 20-дан көп сұрақтар болса, онда қолмен өңдеу мүмкіндігі 100-200 анкетаны құрайды. Электронды есептеу машинасымен өңделгендердің нәтижесі табуляграммалар түрінде көрсетіледі.

Анкетадағы немесе сұхбатнаманың бланкісіндегі әрбір сұрақ белгілі бір дәрежеде өлшем шкаласы болып табылады. Өлшем бірлігі болып соларға сәйкес жауаптардың балама варианттары саналады. Осы позициялар (жауаптардың варианттары) бойынша респонденттер топтастырылады. Сонымен қатар, белгілі бір өлшем шкаласына жауап берушілердің объективтік сипаттары, олардың субъективтік бағалары, т.б. топтастырылады.

Өлшеу әр түрлі шкалалардың көмегімен іске асырылады, оған мағлұматтарды математикалық талдаудың әр түрлі ережелері сәйкес келеді. Әлеуметтану зерттеулерінде әдетте шкалалардың үш негізгі типтері: номиналды, рангтік (реттілік), интервалды қолданылады.

378

Алғашқы әлеуметтанулық ақпараттарды қорытындылаудың ең қарапайым формасы топтастыру болып табылады. Осы кезеңде мәнді белгілері немесе бір ғана белгісі (мысалы, жынысы, жасы, білімі) ерекшеленеді және респондент анықталған белгіге сәйкес топтың біріне қосылады. Респонденттердің жауаптарын, айталық, жыныстық белгісін ескеріп жинақтанда қарапайым топтастыру іске асады. Дәл осындай жұмысты маңызды белгі ретінде білім деңгейін анықтағанда да атқаруға болады. Бұл жерде топ екеу емес, кем дегенде үшеу немесе төртеу болуы тиіс.

Бөлініп алынған топтарды салыстыруға, теңестіруге болады, осыған байланысты қайсыбір әлеуметтік құбылыстарды, мотивтерді, жауап берушілердің мүдделерін терең әрі жан-жақты талдауға қол жеткізіледі.

Әлеуметтану ақпараты төмендегідей белгілеріне орай топтастырылуы мүмкін: номиальды белгісіне сәйкес (кәсібі, ұлты, т.б.); рангтік шкалаға сәйкес белгілер бойынша (мысалы, еңбектің сипатына орай: қол еңбегі, механизмдермен жұмыс, интеллектуалды еңбек); сандық белгілері бойынша (топтар сандық белгілермен сипатталады, оларды өзара сапалы салыстыруға болады, мысалы, жас мөлшері интервалы бойынша топтастыру: 18-20 жас, 21-25 жас, 26-30 жас, т.б.).

Әлеуметтану зерттеуінің нәтижесін өңдеу, талдау және қорыту бірнеше кезеңді қамтиды.

Бірінші кезеңде эмпирикалық міндеттерді жүйеге келтіру, диаграммалар, схемалар, кестелер, т. б. құрастыру жүзеге асырылады. Екінші кезеңде алынған ақпараттарды топтастыру, яғни оларды белгілі бір белгілеріне, проблемаларына, сұрақтарына, т. б. қарап жинақтау орындалады. Үшінші кезеңде құбылыстарды суреттеу негізінде алынған ақпараттарды топтастыру жүргізіледі. Төртінші кезеңде теориялық типологиялау ісі атқарылады.

Жиналған ақпараттарды талдап, қорытындылаудың нәтижесінде зерттеуге ғылыми баға беріліп, проблеманы шешуге ұсыныстар жасалынады, ғылыми есеп беріледі. Зерттеудің қорытындысы бойынша жасалатын есеп берудің құрылымы көбіне-көп негізгі ұғымдардың әрекетіне сәйкес келеді. Алайда, зерттеуші бұл құжатты дайындау кезінде индукцияға бой алдырады. Есептің тарауларының саны әдетте зерттеу бағдарламасында керсегілген көземелдің санына дәл келеді, жауап ең алдымен басты көземелге беріледі.

Әдетте есеп берудің бірінші тарауында зерттелетін әлеуметтік мәселенің өзектілігі, зерттеу параметрлерінің (сұрыптау, ақпарат жинау әдістері, зерттеуге қатысушылар саны, жұмысты жүргізу мерзімі және т. б.) сипаттамасы қысқаша баяндалады. Екінші тарауда зерттеу объектісіне әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша (жынысы, жасы, білімі, т. б.)

379 сипаттама беріледі. Бұдан кейінгі тараулар бағдарламада ұсынылған көземелдерге жауаптар іздестіруді қамтиды. Есеп беру тараулары қажет болған жағдайда параграфтарға бөлінуі мүмкін. Әрбір тарау немесе тіптен әрбір параграфты түйінмен (қорытындымен) аяқтау өте орынды саналады.

Жалпы қорытындыларға негізделген есептің қорытындысын практикалық, ұсыныстар түрінде жазған дұрыс. Есеп беру 30-40 немесе 200-300 бетке жазылуы мүмкін. Ол материалдың көлеміне, зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты. Есеп берудің қосымшасы зерттеудің бүкіл методологиялық және әдістемелік құжаттарынан тұрады: бағдарлама, жоспар, құралдар, нұсқаулар және т.б. Сонымен қатар, қосымшаға көбіне-көп таблицалар, графиктер, жеке өз пікірлері, есепке кірмеген ашық сұрақтарға қайтарылған жауаптар енгізіледі. Себебі бұл құжаттың мәліметтері, жауаптары жаңа зерттеу бағдарламасын дайындауда пайдаланылуы мүмкін.

Содан кейін әлеуметтану зерттеуінің қорытындысын практикаға енгізу процесі басталады. Зерттеу нәтижелерін практикаға енгізудің әр түрлі

формалары мен әдістері бар, оларға: практикалық ұсыныстар жасау, зерттеудің қорытындысын жариялау, ғалымдардың радио мен теледидардан сөйлеуі, зерттеушілердің басшылық органдары үшін құжаттар мен материалдардың жобаларын дайындауға қатысуы, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, симпозиумдар өткізу жатады.

Әлеуметтану курсы бойынша дайындалған осы оқу құралында қарастырылған мәселелерді қысқаша қорытындылайтын болсақ, онда оның ең маңыздысы мыналар: әлеуметтанудың ғылым болып қалыптасу тарихы, оның жалпы теориясының дамуы. Бұл - әлеуметтанудың маңызды теориясы. Бұл теория ғылымда аса күрделі объекті саналатын қоғамды танып-білуде ілімдік негізге айналды. Осы теорияны қолдану қоғамның өмір сүруі мен дамуының заңдарын, әлеуметтік прогрестің механизмдерін, жолдарын анықтап, қоғамның даму болашағына терең үңіле білуге үйретті. Демек, жалпы әлеуметтанулық теорияны адамзат дамуын жеделдетудің тетігі десек те болады.

Әлеуметтану теорияларын қалыптастыруда әр түрлі пікірлер айтылды, тіптен бір-біріне қарама-қайшы келген көзқарастар да болды. Бұл жағдайлар оқу құралында көрініс тапты. Көп пікірлік және пікір сайысы қазіргі әлеуметтануда орын алуда, олар осы ғылымның аса маңызды екендігін білдіреді. Өйткені олар әлеуметтану ойлары мен теорияларының толығып-жетілуінің жолдарын көрсетеді.

Әлеуметтанудың арнайы теориялары бұл ғылымның өз алдына жеке саласына айналған қоғамның күрделі мәселелерін танып-білуде ерекше

380
рөл атқарады. Олар әлеуметтанудың жеке салаларының дамуына ықпал еткен объективті жағдайларды, бұларда орын алған құбылыстар мен процестердің өзгеріске түсуінің заңдылықтарын, ғалымдардың ұстаным-шешімдерін және т.б. қоғамдық өмірдің әр саласындағы қалыптасқан проблемаларды дер кезінде оңтайлы шешуге мүмкіндік беретініне көз жеткізеді. Соның ішінде ұлтаралық қарым-қатынастарды нығайту, саяси тұрақтылықты сақтап, баянды ету, мәдениетті өркендету, қоғамның әлеуметтік құрылымын жетілдіру, отбасының бірлігін сақтау жолдары мен тәсілдерін меңгеру қоғам үшін аса қымбат. Тұлғаны қалыптастырмайынша, оны жетілдірмейінше, қоғам да ілгерілемейді. Сол сияқты өркениетті қоғамнан тыс, оған тәуелсіз тұрғыда тұлғаның еркін және жан-жақты дамуы мүмкін емес.

Әлеуметтану зерттеуі теориялық пен эмпирикалық ізденістерді бір-бірімен органикалық байланыста қарастырады. Себебі олар зерттеу процесін құрып, әрқайсысы өзіндік ерекше рөл атқарады. Эмпириялық зерттеу - мәселенің нақты өмірмен байланысын қамтамасыз етіп, бір жақты абстрактілі пайымдаудан сақтандырады және практикалық мәні бар ұсыныстар жасауға негіз болады. Теориялық зерттеулер әлеуметтік фактілерді методологиялық тұрғыдан дұрыс жинақтау мен сараптауды қамтамасыз етеді. Олардың мәніне, даму бағыттарына және заңдылықтарына бойлай енуді, әлеуметтік көрегендік пен болжам жасауды қалыптасты-

рады. Десек те, осы оқу құралына енбей қалған тақырыптар, мәселелер мен тұжырымдамалар да жоқ емес. Мысалы дін, құқық, экономика, т.б. әлеуметтануларын айтсақ жеткілікті. Бұлар алдағы уақытта шығатын оқу құралдарында жалғасын табады деп ойлаймыз.

ОҚЫРМАНДАРҒА ЕСКЕРТПЕ

Айта кететін бір жағдай, «Әлеуметтану» пәнінің мағынасын әркім өзінше түсіндіріп, бұрмалай беретіндігі болып отыр. Мәселен, Н. Р. Күнхожаев пен Е. К. Найзағараева өздері жазған қазақ тіліндегі оқу құралын «Социология» деп атағандығымен қоймай, онда профессор И. Шамшатов бастаған авторлар ұжымы (құрамында Н. Р. Күнхожаев та бар) шығарған «Әлеуметтану» атты оқу құралындағы пәннің қазақша «әлеуметтану» деп аталуын дұрыс емес дей отырып, бұл ғылымға берілген анықтама деп қате түсіндірме берген.

Н. Р. Күнхожаев пен Е. К. Найзағараева сонымен бірге 2003 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Әлеуметтану» деп аталатын көлемді оқу құралына да сын айтқан болыпты. Олардың ойынша, әлеуметтануға қоғам жөніндегі ғылым деп түсіндірме беру дұрыс емес көрінеді. Ал, әлеуметтану қоғам жөніндегі ғылым екені бүкіл әлем мойындаған аксиома. Бұдан кейін олар осы оқу құралындағы басқа автордың ойына сілтеме жасалған пікірлерді көрер көзге авторлардыкі деп контекстен жұлып алып көрсеткен. Біздің ойымызша, мұндай бұрмалау, жансақ пікірлер мен көзқарастар, қателіктер алдағы шығатын еңбектерде қайталанбауы тиіс, себебі бұл студенттердің дұрыс білім алуы мен тәрбиесіне кері әсер етеді.

381

ӘБСАТТАРОВ РАУШАНБЕК, ДӘКЕНОВ МҰХСЫН
ӘЛЕУМЕТТАНУ

(Оқу құралы)

*Баспаға А бай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған*

*Редакторы Р.Б. Асанбай
Көркемдеуші редактор А. Телюк
Техникалық редакторы Х. Ишимова
Компьютерлік түзетулерін салып, беттеген Д. Қалқабекова*

Басуға 19.09.07 қол қойылды. Пішімі 60x84/16-
Қаріп түрі «Таймс». Шартты баспа табағы 24,6.
Есептік баспа табағы 26,7. Қосымша таралымы 700.
Тапсырыс № 26.

«Қарасай» баспасы
Алматы қ., Мұратбаев көшесі, 127/33

Директор Б. Ө. Асанбаев
ЖШС «Самара-Принт» баспаханасында басылды